

АЙДЫНОВ Ғ., ҚҰРЫШЖАНОВ Ә., ТОМАНОВ М.

1 2007
458к

Жоңғарлық
жазба
ескертулік-
мерікілік
кітабы



J. C. Adams,

АЙДАРОВ Ғ., ҚҰРЫШЖАНОВ Ә., ТОМАНОВ М.

КӨНЕ ТҮРКІ ЖАЗБА ЕСКЕРТКІШТЕРІНІҢ ТІЛІ

Университет пен педагогтық институттардың
филология факультеттеріне арналған оқу
құралы



«МЕКТЕП» БАСПАСЫ
АЛМАТЫ — 1971

МАЗМҰНЫ

Алғы сөз			3
I БӨЛІМ			
Көне түркі жазба ескерткіштері	5	Қараханид түріктерінің тілінде жазылған ескерткіштер	17
I тарау. Ескі заман ескерткіштері	12	Орта Азия түріктерінің тілінде жазылған ескерткіштер	28
Орхон-енисей жазу ескерткіштері	12	Көне қыпшақ тілінде жазылған ескерткіштер	44
Енисей жазу ескерткіштері	13	Шағатай тілінде жазылған ескерткіштер	66
Орхон жазу ескерткіштері	14		
Талас жазу ескерткіштері	15		
II тарау. Орта ғасыр ескерткіштері	16		
II БӨЛІМ			
Көне түркі жазба ескерткіштерінің тілі	77	III тарау. М. Қашқари заманындағы түркі халықтарының тілі	149
I тарау. Орхон-енисей жазу ескерткіштерінің тілі	77	Түркі ділдерінің фонетикалық жүйесі	149
Фонетика	77	Түркі тілдерінің фонетологиялық құрылысы	156
Морфология	97	М. Қашқари еңбегінің сөздік қоры жайлы	182
Синтаксис	111	IV тарау. Көне қыпшақ тілінде жазылған ескерткіштердің тілі	191
Лексика	121	Фонетика	191
II тарау. Көне ұйғыр жазу ескерткіштерінің тілі	124	Морфология	212
Фонетика	124	Лексика	262
Морфология	140		
Лексика	145		
Синтаксис	146		

Айдаров Г., Курышжанов А., Томанов М.

ДРЕВНЕТЮРКСКАЯ ПИСЬМЕННОСТЬ

(на казахском языке)

Учебное пособие

для филологических факультетов университета
и педагогических институтов

Редактор Асылов Л. Худ. редактор Логинов В.
Техн. редактор Кашкарова Р. Корректор Сыздыкова К.

Сдано в набор 30/III-71 г. Подписано к печати 27/X-71 г.
Формат 60×90^{1/16}. Объем 17,0 п. л. Уч.-изд. л. 17,039. Тираж 2000 экз. Цена 71 коп.
УГ03390. г. Алма-Ата, издательство «Мектеп», ул. Карла Маркса, 99а. Изд. № 28.

Заказ № 352. Типография № 2 Главполиграфпрома Госкомитета Совета Министров
КазССР по печати, г. Алма-Ата, ул. Карла Маркса, 63.

АЛҒЫ СӨЗ

«Көне түркі жазба ескерткіштерінің тілі» деп аталатын бұл еңбек республикадағы жоғары оқу орындарында пайдаланылып жүрген оқу программаларының негізінде жазылды. Сонымен бірге түркі тілдес республикалар мен Москва, Ленинградтың жоғары оқу орындарында қолданылып жүрген оқу программалары да ескерілді.

Кітаптың бірінші бөліміне байланысты мынадай бір мәселені айрықша ескеру қажет: көне түркі тілінде жазылған ескерткіштерді туған топырағына қарай топтастырып берудің теориялық негізі мен практикалық мәселелері тюркологияда осы уақытқа дейін шешілген емес. Жазуда болсын, оқытуда болсын бұл мәселеде бір ізділік жоқ.

Бұл ретте көне түркі тілдерінде жазылған ескерткіштерді топ-топқа бөліп беру үшін біз әр жерде, әр кезде айтылып жүрген, әр қилы болжамдардың ішінен біреуін-ақ, бүкіл дүние жүзілік шығыстанушылардың XXII конгресі шешіміне сәйкес (1951 ж.) барлық елдердің тюрколог ғалымдары бірігіп жазған «Түрік филологиясының негіздері» деген кітапта берілген классификацияны, негізге алдық (I бөлім, неміс тілінде, Виесбаден, 1959 ж.).

Кітаптың екінші, грамматикалық, бөлімінде Қараханид түріктерінің тілінде жазылған ескерткіштер екі топқа бөлініп берілді. Соның ішінде көне ұйғыр жазуымен жазылған діни әдебиеттер мен іс қағаздарының тілі «Көне ұйғыр жазуы ескерткіштерінің тілі» деп аталды да, екінші топ М. Қашқаридің «Диван лугат ит-Түрк» деген еңбегіне арналды, үйткені М. Қашқари тек Шығыс түріктерінің немесе ұйғырлардың (дәлірек айтқанда, Хан Ордасын жайлаған Қараханид түріктерінің) тілі ғана емес, сол дәуірдегі бүкіл түркі тайпаларының тілі туралы жазғандықтан, оның еңбегінде келтірілген материалдарға айрықша тоқталу қажет деп табылды.

Орта Азия түріктерінің тілі мен шағатай тіліне жататын жазба нұсқалардың күні бүгінге дейін басы ашылып, бағыты белгілі болып отырған жоқ. Осы топтарға жататын ескерткіштердің басын қосып, бір арнаға түсіріп, грамматикалық суреттеме беру өз алдына айрықша зерттеуді қажет етеді. Осыған орай олардың тілі туралы материалдар грамматикалық бөлімде берілген жоқ.

Еліміздің жоғары оқу орындарының филология факультеттерінде түркі тілдерінің тарихы бірнеше жүйеде оқытылады. Мысалы, «Алтай тілдерінің салыстырмалы-тарихи грамматикасы», «Түркі тілдерінің салыстырмалы-тарихи грамматикасы», соның ішінде «Қыпшақ тілдерінің салыстырмалы-тарихи грамматикасы» т. б. Республика көлемінде «Қазақ тілінің тарихы», «Қазақ тілінің тарихи грамматикасы» деген курстар оқытылып жүр. Бұлардың барлығы да «Көне түркі жазу ескерткіштері» деген курспен тығыз байланысты. Бірақ ол айтылмыш курстардың орнына жүрмейді, сол курстарды оқуға материал ғана береді. Сондықтан бұл еңбекті басқа курстардың (салыстырмалы-тарихи немесе қазақ тілінің тарихы) мақсатына қарай бейімдеп пайдалану тиісті мұғалімдердің өз міндеттері болып саналады.

Курстың міндеті — көне түркі жазу ескерткіштері туралы толық мәлімет беру және сол ескерткіштердің тіліне лексика-грамматикалық талдау жасау

болғандықтан, әрбір топқа жататын ескерткіштердің лексикалық, грамматикалық өзгешеліктері өз алдына жеке қаралды да, қазіргі тіл материалдарымен жүйелі түрде салыстырылып отырылмады.

Ескі түркі тілінің грамматикалық ерекшеліктерін оқушыларға жан-жақты түсіндіру мақсатымен фактілік мысалдар мол алынды.

Көне түркі жазба нұсқаларының тарихы мен тіліне байланысты шетел әдебиеттері мен совет тюркологиясының ең соңғы табыстары ескерілді.

Әр тақырыпқа орай негізгі және көмекші әдебиеттерді көрсету, көне түркі жазба нұсқаларының материалдарын қазіргі түркі және қазақ тілінің мысалдарымен салыстырып отыру, көне алфавиттердің оқылу ережелері мен ерекшеліктерін үйрету, ескерткіштер тілінен үзінділер аударып, оларды талдау т. б.— осы пәнді оқыту үстінде мұғалімдер үлесіне тиетін тікелей практикалық жұмыстар.

Еңбек жазылу жүйесі жағынан қазақ тілінің ғылыми грамматикасына бейімделіп беріліп отыр. Кітапта жеке ескерткіштердің талдану дәрежесі біркелкі емес. Бір ескерткіш туралы көбірек айтылса, екінші ескерткіш жөнінде келтірілген материалдар одан гөрі аздау. Бұл сол ескерткіштердің дүние жүзілік тюркологиядағы зерттелу дәрежесіне байланысты болды. Сонымен бірге кейбір грамматикалық категориялар толығырақ баяндалса, басқа бір категориялар қысқа айтылған. Бұл да сөз болып отырған ескерткіштерде жазылып қалған нақтылы мысалдардың өзіндік ара салмағына (олардың бірде көп, бірде аз кездесетіндігіне) байланысты.

Еңбектің «Орхон-енисей жазу ескерткіштерінің тілі», «Көне ұйғыр жазу ескерткіштерінің тілі» деген бөлімдерін Ғ. Айдаров, «М. Қашқари заманындағы түркі халықтарының тілі» бөлімін — М. Томанов, бірінші бөлім мен «Көне қыпшақ тілінде жазылған ескерткіштердің тілі» бөлімін — Ә. Құрышжанов жазды.

Көне түркі ескерткіштері жайында бұл кітап бірінші рет ұсынылып отыр. Пікір айтып, көмек көрсеткен, талқыдауға қатысып, ой салған жолдастарға авторлар үлкен алғыс айтады.

Авторлар

КӨНЕ ТҮРКІ ЖАЗБА ЕСКЕРТКІШТЕРІ

Жалпы түсінік

Осы күнгі түркі тілдерінің тарихын өте ертеден басталған деп жүрміз. Бірақ ертерек кездерде, біздің жыл санау дәуірімізден әлденеше ғасыр бұрын өмір сүрген тайпалар мен тайпалар одақтары туралы, олардың құрамы хақында бізге келіп жеткен тарихи мәліметтер өте аз. Мысалы, біздің заманымызға дейінгі VII—IV ғасырларда жасаған сақтар Орта Азия мен қазіргі Қазақстан даласын жайлаған. Бірақ сол сак тайпаларының тілі жайында біздің білетініміз мардымсыз.

Тек қана «бізге жеткен жалқы есімдерді, грек, қытай тарихшылары қалдырған кейбір тайпа аттары мен жер аттарын талдау» арқылы «Қазақстан территориясын мекендеген сак тайпаларының солтүстік тобы түрік тілдес болған да, оңтүстік тобы иран тілдес болған» деп есептеуге болады. (Қаз. ССР тарихы, 1-кітап, 1957, 45 б.) «Солтүстік топқа» жататын сақтар ол кезде Қаратау мен Арал теңізінің аралығын, Яксарт (Сырдария) өзенінің көбінесе төменгі ағысын мекендеген.

Сақтардан кейін жасаған ірі тайпалық одақтардың бірі — үйсіндер мен қаңлылар. Үйсін тайпаларының одағы Балқаштан Ыстықкөлге дейін, Таластан Шуға дейін, қазіргі Жетісу өлкесін жайлаған да, қаңлылар тайпаларының одағы Қаратау өңірі мен Сырдарияның орта саласында болған. Бұлар түркі тілінде сөйлеген. Бірақ көне қытай хроникаларында жазылып қалған бірен-саран жеке сөздер болмаса, ол дәуірден сақталып қалған ешқандай жазу ескерткіштері әзірге мәлім емес. Сондықтан үйсіндер мен қаңлылардың тілі туралы тюркологияда күні бүгінге дейін ауыз тұшырлық ештеңе айтылмай келеді.

Түркі тілдерінің жалпы даму кезендерін Н. А. Баскаков өзінің университеттер үшін арнайы жазған оқулық кітабында (1962 ж., 1970 ж. қайта басылып шыққан) алты дәуірге бөледі: 1) Алтай дәуірі; 2) Хун дәуірі (біздің заманымыздың V ғасырына дейін); 3) Түркі тілдерінің көне дәуірі (V—X ғ.); 4) Түркі тілдерінің орта дәуірі (X—XV ғ.) 5) Түркі тілдерінің жаңа дәуірі (XV—

XX ғ.); 6) Түркі тілдерінің соңғы дәуірі (Октябрь революциясынан кейінгі дәуір). Бұл айтылған дәуірлерге қатысты қысқаша мыналарды айтуға болады.

1. Алтай дәуірі туралы ғылымда жөнді мәлімет жоқ. Ол дәуірдің қашан басталып, қай кезде аяқталғаны әзірге белгісіз. Бірен-саран жорамалдарға қарағанда, орал-алтай тілдері деп аталып жүрген тілдер тобы міне осы кезде орал тілдері (фин-угор, самодий тілдері) мен алтай тілдеріне (түркі, монғол, тунгус-маньчжур, корей және корей-жапон тілдері) бөлінген тәрізді. Кейбір зерттеушілер мысалы, Н. А. Баскаков бұл кезеңді алтай тілдерінің өзі де түркі-монғол тілдері мен тунгус-маньчжур тілдері болып, өз ара екі жарылып, бөліне бастаған дәуір еді деп таниды.

Дегенмен, алтай тілдерінің, соның ішінде түркі-монғол тілдерінің де, ара қатынасы, шығу тегі мен таралу шегі сияқты толық жатқан тарихи-теориялық мәселелердің басы ашылмай келеді.

Сондықтан да осы орайда бұл мәселенің зерттелу тарихына көз жүгіртін өтудің артықтығы болмайды.

«Орал-алтай тілдері» туралы теорияның о баста негізін салушы — XVIII ғасырда өмір сүрген Ф. Страленберг. Оның жолын қуушы XIX ғасырдың зерттеушілері В. Шотт, М. Кастрен, одан беріде О. Бетлинг, В. Томсен, И. Гомбоц, Г. Винклер, О. Доннер, В. Прело болды. Алтай тілдерінің өз ара туыс тілдер екендігін теріске шығаратын, яғни Ф. Страленберг теориясына қарсы келетін зерттеушілер де бар. Олар — Дж. Клоусон, А. М. Щербак, т. б. Венгер ғалымдары Ю. Немет угор тілдері мен түркі тілдері өз ара туыс тілдер болу керек деп қараса (мұны «угро-түркі тілдері туралы теория» деп атайды), Л. Лигети алтай тілдерін тұтас алып, олардың туыс тілдер екендігін дәлелдеу керек деп есептейді. А. Қононов, Н. Баскаков, Г. Санжеев, Е. Убрятова сияқты совет мамандары алтай тілдерінің өз ара туыстығын мойындаса да, олардың орал тілдерімен тарихи тамырлас екендігіне күман келтіреді. Алтай тілдерінің туысқандық қатынасы жайындағы теорияның негізін қалаушы — Р. Рамстедт. Ол алтай тілдерін угро-фин тілдері ғана емес, индоевропа тілдерімен де тарихи байланысты деп қарайды. Бұл пікір угро-фин тілдері индоевропа тілдерімен бір тектес деп қарайтын Виклунд, Андерсен, Мункачи, Педерсен, Коллендер, Итконен тәрізді зерттеушілердің ойына дәл келеді. Орал-алтай тілдерінің туысқандығы туралы мәселе осындай толғаныстар үстінде. Башқұрдың мемлекеттік университетінде оқылып жүрген «Орал-алтай тіл біліміне кіріспе» деп аталатын курстың программасында да бұл мәселе осылайша баяндалады.

2. Хун дәуірі біздің жыл санауымызға дейінгі III ғасырдан бастап, біздің заманымыздағы V ғасырға дейінгі уақыты қамтиды. Ол кезде Хун империясы Орталық Азиядан Шығыс Еуропаға дейін созылған кең атрапты түгел алып жатқан да,

ондағы түркі, монғол, тунгус, маньчжур тайпаларын өз ара біріктіріп, бірге билеген. Біздің заманымыздың басында (I ғасырда) Хун одағы екі топқа жарылып, бірі Шығыс Хун мемлекеті, екіншісі Батыс Хун мемлекеті болып аталған. Батыс Хун мемлекетінің батыс жақ шекарасы Сыр бойына дейін жеткен. Екі топтың екеуінде де түркі тайпалары билеп отырған бірнеше тайпалық одақтар болған. Демек олар түрікше сөйлеген.

3. Көне түркі дәуірі (V—X ғ.). Түркі тайпаларының арасында феодалдық қатынастар біздің заманымыздың VI ғасырынан бастап қалыптаса бастайды. Олардың ерте феодалдық мемлекет түріндегі үлкен бірлестігі — Түрік қағанаты VI ғасырдың орта кезінде (552 ж.) құрылған. Ол қазіргі Алтай мен Монғолияның ұлан байтақ атрабын түгел қамтиды. VI ғасырдың аяғында (581 ж.) құрылған Батыс Түрік қағанаты Жетісу жерін билейді де (орталығы Шу өзенінің бойындағы Суяб қаласы болады), оның құрамына жоғарыда көрсетілген үйсіндер мен қаңлылар, қарлуқтар мен түргештер, чығылдар мен яғмалар кіреді. Көшпелі тайпалардың бір шеті Тарбағатай тауларын мекендесе, енді бір шеті Сырдария бойында отырған.

Шығыс Түрік қағандығының орталығы — қазіргі Монғолия жері, дәлірек айтқанда, Орхон өзенінің бойы. VII ғасырдың ортасында ол Қытай империясының ықпалына түскен. Батыс Түрік қағандығының шығыс жақ аймағы да кейінірек (VII ғ.) Қытай империясына қарап қалған, ал батыс жақ бөлігі араб жаулаушыларына бағынып кеткен (VIII ғ.).

Шырғалаң заман үстінде түркі тайпаларының тараған жері кеңейіп, сан жағынан арта берген: Шығыс Түркістан өлкесінен Қарақұм төңірегіне дейін барған, Монғолиядан Жетісу асып Балх пен Индияға дейін жеткен. Ұйғырлар мен қырғыздар билікке таласып, оғыздар мен қыпшақтар тарих сахынасының алдыңғы шебіне шыққан.

Ол кездегі түріктердің тілін қолданылу барысына қарай әдетте тіл мамандары үш кезеңге бөліп қарайды: а) тукю тілі қолданылған дәуір (V—VIII ғ.); ә) көне ұйғыр тілі қолданылған дәуір (VIII—IX ғ.) және б) көне қырғыз тілі қолданылған дәуір (IX—X ғ.). Осы кезеңдер ішінде орхон-енисей жазу ескерткіштері жазылған, ежелгі ұйғыр жазуының үлгілері пайда болып, оғыздар мен қыпшақтардың аралас әдеби тілі жасала бастаған. Осы күнгі көптеген өлі тілдер (оғыз, қыпшақ, көне ұйғыр т. б.), міне, сол уақыттарда өмір сүрген.

4. Түркі тілдерінің орта дәуірі (X—XV ғ.) — осы күнге дейін өмір сүріп келе жатқан түркі тілдерінің басым көпшілігі өзінше тұлғаланып, қалыптаса бастаған дәуір. А. Н. Самойловичтің сөзімен айтқанда, бұл кездегі Орта Азиялық мұсылман түріктерінің барлығына бірдей ортақ болып келетін жалғыз арналы және жаппай қолданылатын бір ғана әдеби тіл өмір сүрген. Ол әдеби тіл өз басынан үш түрлі кезең өткізген: а) Қараха-

нидтер династиясына бағынып тұрған түріктердің әдеби тілі (орталығы — Қашқар қаласы, IX—XII ғ.); ә) Оғыз-қыпшақ тайпаларының тілінде қолданылған әдеби тіл (орталығы — Сырдарияның төменгі ағысы мен Хорезм өлкесі, XII—XIV ғ.); б) Шағатай (Шыңғыс ханның екінші ұлы) ұлысында (Хорезм, Батыс және Шығыс Түркістан, Мауреннаһр) тұратын түріктердің әдеби тілі (орталығы — Құлжа қаласы, XV—XVI ғ.).

Қараханидтер династиясының орталық өңірінде өмір сүрген түріктердің тілі ұйғыр-қарлук тайпаларының тілі негізінде дамыған да, оғыз тілдерінің азын-аулақ әсеріне ұшыраған. Оғыз-қыпшақ тайпаларының тілінде аралас отырған оғыз-қыпшақ рулары мен тайпалары сөйлеген. Олар Сырдарияның төменгі ағысынан бастап Алтын Орда арқылы Кіші Азия мен Мысыр еліне дейінгі кең алқапты қамтыған.

Алтын Орда мен Мысыр мамлюктерінің тілінде жазылған шығармалар туралы өз алдына жекелей әңгіме болады да, Кіші Азия жерінде туған нұсқалар жайында, әдетте жартымды ештеңе айтыла қоймайды. Шынында, Кіші Азияда XIV ғасырда осы өлкені мекендеген түріктердің әдеби тілінде көптеген көркем әдебиет туындылары дүниеге келген. Мысалға «Мантық аттайыр» (Аттар еңбегінің Гүлшехри аударған нұсқасы), Ахмеди ақынның өлеңдер жинағы (8 мың бәйіт), «Искендернама» (тарихи-эпикалық поэма), «Жам шид-у Хуршид» (лирикалық дастан), «Асрарнама» (Аттардың осы аттас лирикалық дастанының аудармасы) т. б. айтса да болады. Осылар тектес еңбектердің барлығы да қазіргі оғыз тілдерінің тарихи желісіне байланысты зерттелуге тиіс те, қазіргі қазақ тілі мен басқа қыпшақ тілдері үшін ең алдымен көне қыпшақ тілінде жазылған нұсқалар мен Орта Азия түріктерінің (Хорезм, Шығыс Түркістанды қоса) тілінде жарық көрген еңбектерге баса назар аударған жөн. Осыдан да шығар, Кіші Азия топырағында туған шығармалар көбінесе қазақ тіл білімінде осы күнге дейін беймәлім болып жүр.

Шағатай ұлысын мекендеген түріктердің тілін А. Н. Самойлович «шағатай тілі» (1928 ж.) деп атайды да, А. Науаи бастаған ақын-жазушылардың шығармалары дәл осы тілде жазылған деп таниды. Ал осы күнгі өзбек тілі мен өзбек әдебиеті тарихының мәселелерін зерттеуші мамандардың біразы «шағатай тілі» деудің орнына «ескі өзбек тілі» деген атау қолданып жүр. Сөйтіп жоғарыда көрсетілгендей үш топқа жататын, үш түрлі кезеңде, үш түрлі аймақта жасалған үш түрлі әдеби тілдің барлығын да бұл авторлар бір ғана «ескі өзбек тілі» деген атаудың аясына сыйғызғысы келеді. Біз, әрине, сөз жоқ, А. Н. Самойловичтің пікірін қолдауға тиістіміз (осы еңбектің «Шағатай тілі» деген арнаулы бөлімін қараңыз).

X—XV ғ. мынадай тайпалық тілдердің группалары пайда болған: 1) қыпшақ тілдері; 2) оғыз тілдері; 3) қар-

лук тілдері; 4) қырғыз-қыпшақ тілдері; 5) хақас, якут, тува, алтай т. б. тілдердің топтары.

5. Түркі тілдерінің жаңа даму дәуірінде (XV—XX ғ.) қазіргі түркі тілдері халықтық тіл болып қалыптасқан. Олар мыналар: татар, башқұр, қазақ, ноғай, қарақалпақ, қарайым, құмық, қарачай, балқар, қырым татарларының тілі, түрікмен, гагауыз, балқан түріктерінің тілі, азербайжан, түрік, өзбек, ұйғыр, тува, қарағас, якут, хақас, шор, камасин, кюзрик, сары ұйғыр, алтай т. б.

6. Октябрь революциясынан кейінгі дәуірде (1917 жылдан бастап) бұл тілдер түгелдей дерлік ұлттық әдеби тіл болып қалыптасты. Олар социалистік ұлт тілдері есебінде тез дамып, жан-жақты жетіле түсуде.

Түрік тілдерінің осы кітапта біз әңгіме етпекші болып отырған көне дәуіріне (V—XV ғ.) жататын ескерткіштер сонымен, үлкен екі топқа бөлінеді: 1) Көне түркі немесе ежелгі ескі түркі (орысша «древнетюркский» деп аталады) тілінде жазылған нұсқалар және 2) Орта түркі немесе ескі түркі (орысша «среднетюркский» немесе «старотюркский») тілінде жазылған нұсқалар. Көне түркі тілінің жазба нұсқалары деп біз орхон-енисей ескерткіштерін айтамыз. Орта түркі тілінің ескерткіштерін өз ішінен мынадай төрт топқа бөліп қараймыз: 1) Қараханид түріктерінің тілінде жазылған ескерткіштер; 2) Орта Азия түріктерінің тілінде жазылған ескерткіштер; 3) көне қыпшақ тілінде жазылған ескерткіштер; және 4) шағатай тілінде жазылған ескерткіштер. Орта түркі дәуірінің тіл ескерткіштерін дәл осылай төрт топқа бөлу әр топқа жататын ескерткіштердің жазылған орны мен қолданылған ортасына, сол ескерткіштер тілінде сөйлеген түркі тайпаларының әлеуметтік ролі мен сол ру тайпалардың аттарына байланысты. Ол туралы төменде, қысқаша болса да, жеке-жеке тоқталып өтеміз.

Шамамен айтқанда, V—X ғасырларда өмір сүрген түркі тілдері X—XV ғасырларда халық тілдерінің негізгі ұйтқысын түзіп, жеке-жеке тіл болып қалыптасқан. XV—XVII ғасырлардағы жаңа түркі тілдері белгілі бір ұлт тілдерінің дәрежесіне көтеріліп, әдеби тілдің негізін қалаған да, ол XVIII—XIX ғасырларда түбегейлі түрде қалыптасып, өз дамуының жоғарғы сатысына көтерілген. XIX—XX ғасырлар — көптеген түркі тілдерінің жаңа сапалы әдеби тіл ретінде қызмет атқарған дәуірі. Қазіргі қазақ, өзбек, қырғыз, татар, башқұр т. б. тілдерінің тарихи тағдыры осы тәріздес.

Көптеген түркі тілдері Ұлы Октябрь социалистік революциясынан кейін қалыптасқан социалистік ұлттардың мемлекеттік жазба әдеби тілі дәрежесіне дейін өсіп жетілді.

Көне түркі тілдері мен жаңа түркі тілдерінің өз ара тарихи байланысы мен туыскандық қарым-қатынасы, өз ара жіктелуі

(классификациясы) жөнінде жазылған әдебиеттер өте мол. Солардың ішінен М. Қашқари (XI ғ.), Н. Ильминский (1861 ж.), А. Ремюза (1881 ж.) А. Мюллер (1896 ж.), Н. Аристов (1896 ж.), Н. Қатанов (1903 ж.), Ф. Корш (1910 ж.), А. Самойлович (1922, 1926 ж.), П. Иванов (1928 ж.), А. Е. Крымский (1930 ж.), В. А. Богородицкий (1934, 1953 ж. ж.), И. Бенцинг (1953 ж.), И. Батманов (1947 ж.), С. Малов (1952 ж.), Н. Баскаков (1952, 1960 ж.), М. Рясенен (1955 ж.), Ф. Зейналов (1959 ж.), К. Сартбаев (1961 ж.) т. б. жасаған түркі тілдерінің өз ара жіктелу кестесін арнап атап өткен жөн. Ол әдебиеттерді пайдалану көпшілік оқушылар үшін оншалықты қиындыққа түспейтін болғандықтан, біз арнайы тоқталып жатпадық. Жоғарыда көрсетілген «Түрік филологиясының негіздері» деген еңбекте (неміс тілінде, 1959 ж.) көне түркі тілдері мен жаңа түркі тілдерін өз ара топтастыру мәселесі осыған дейін жүргізілген зерттеу жұмыстардың бәрін де есепке алып жасалған. Бұның өзі түркі тілдерінің ең соңғы классификациясы болғандықтан, біз оны оқушылардың назарына ұсынуға лайық көрдік:

I. Ескі түркі тілі (орхон-енисей жазу ескерткіштерінің тілі).

II. Орта түркі тілдері. Батыс түріктерінің тілі — 1) «Кодекс куманикус» тілі; 2) қыпшақ тілі: а) мамлюк қыпшақтарының тілі; ә) армян қыпшақтарының тілі.

Шығыс түріктерінің тілі — 1) Қараханид түріктерінің тілі (осыған қосымша Жетісу жерінен табылған эпиграфиялық ескерткіштер тілі де келтіріледі); 2) Хорезм түріктерінің тілі; 3) шағатай тілі.

III. Жаңа түркі тілдері. Оңтүстік түркі тілдері — 1) ескі осман тілі; 2) жаңа осман тілі және қазіргі түрік тілі; 3) осман тілінің диалектілері: а) анатоли және рум диалектісі; ә) гагауыз диалектісі; б) қырым османдарының диалектісі; 4) азербайжан тілі; 5) түрікмен тілі.

Батыс түркі тілдері — 1) каспий группасы: а) жаңа куман тілдері (қарайым тілі, қарачай-балқар тілі); ә) қырым татарларының тілі; б) құмық тілі; 2) орал группасы: а) Қазан татарлары мен Батыс Сібір өлкесіндегі татарлардың тілі; ә) башқұр тілі.

Орталық түркі тілдері — арал-каспий группасы: а) қазақ тілі; ә) қарақалпақ тілі; б) ноғай тілі; в) өзбек тілінің қыпшақ диалектісі; г) қырғыз тілі.

Шығыс түркі тілдері — 1) өзбек тілі; 2) жаңа ұйғыр тілі; 3) сары ұйғырлар мен салар тілі.

Терістік түркі тілдері — 1) алтай тілі; 2) абақан, чулум, шор тілдері: а) абақан (хақас) тілі; ә) чулум татарларының тілі (камасин тілі де осы топқа жатады); б) шор тілі; 3) сойон және қарағас тілдері; 4) якут тілі (долған тілі де осы топқа кіреді).

IV. Булғар тілдері — 1) гундер тілі, Дунай булғарларының тілі, Еділ булғарларының тілі; 2) чуваш тілі.

Бұл арада ескерте кететін бір жайт — бұл келтірілген классификация мен осы кітаптағы түркі тілдерін жіктеу арасында айырмашылық жоқ та емес. Мысалы «Орта түркі тілдері» дегенді біз «Орта ғасыр ескерткіштері», «Батыс түркі тілі» дегенді «Көне қыпшақ тілінде жазылған ескерткіштер», «Хорезм түріктерінің тілі» дегенді «Орта Азия түріктерінің тілінде жазылған ескерткіштер» деп алдық. Мұның өзінше себептері бар. Ол жайында аталған тарауларда арнайы түсінік берілді.

І т а р а у

ЕСК ЗАМАН ЕСКЕРТКІШТЕРІ

Орхон-енисей жазу ескерткіштері

Орхон-енисей жазу ескерткіштері жазылған уақыт түркі тілдерінің даму тарихында «Көне түркі дәуіріне» сай келеді. Шығыс Түрік қағандығының құрамында өмір сүрген түріктер осы орхон-енисей жазуын қолданып, сол жазудың тілінде сөйлеген. Орхон-енисей жазу ескерткіштерінің ең көп табылған жері — Орхон, Енисей, Селенга және Талас өзендерінің бойы. Басқа жерлерден кездесті дегеннің өзінде де олар осы аталған өзендердің бірінің болмаса да екіншісінің маңынан онша алыстап кете қоймаған. Сондықтан бір топ ескерткіштер әуелі өздері бойынан табылған көрнекті өзендердің атымен «Орхон-енисей ескерткіштері» деп аталған да, кейінірек ол атау сол тектес өзге ескерткіштерге де берілген. Сөйтіп «Орхон-енисей жазуы» деген сөз «рунь жазуы» деген терминнің орнына қолданылатын болып қалыптасқан.

«Рунь» деген сөз Скандинавия халықтарының тілінде «құпия», «сыры ашылмаған», «тылсым» деген ұғым береді. Сібірде 13 жыл айдауда болған швед офицері Ф. И. Табберт-Страленберг (тіл біліміндегі «орал-алтай» теориясының негізін салушы) 1730 ж. орхон-енисей жазуының бірнеше үлгілерін тауып, бұрынсоңды тарихта белгісіз, ешкім түсінбейтін жат жазуды өз елінің тілінде осылай деп атаған (Батыс елдерінде де «рунь жазуының ескерткіштері» деген сөз орамы бар, бірақ олардың жазуы орхон-енисей жазуынан бөтен). Орхон-енисей жазуы туралы мәліметтер одан бұрын да белгілі болатын. Бірақ бұл жазудың өзіндік сыры екі ғасыр бойы құпия болып келген: XVII ғасырдың аяғынан (1692 ж.) бастап XIX ғасырдың соңына дейін (1893 ж.) оны ешкім оқи алмаған.

Орхон-енисей жазуының ең алғаш сырын ашқан дания ғалымы В. Томсен болды. Ол 1893 ж. 15 декабрьде Дания Ғылым академиясының мәжілісінде Орхон өзенінің бойынан табылған ескерткіштерді оқудың кілтін ашқандығын хабарлаған. Ғалым орхон-енисей жазуының ескерткіштері түрік халықтарының тілінде жазылған деп мәлімдеді. В. Томсонның ізімен 1894 ж. 19 ян-

варьда В. Радлов Күл-Тегін ескерткішін аударып шықты. Одан соң Могилян ханның ескерткіші аударылды. 1895 ж. В. Радлов енисей жазуының ескерткіштерін аударып басты. Бұдан кейін де ол толып жатқан нұсқаларды аударып, жариялады. 1896 ж. В. Томсен өз аудармаларын бастырып шығарды да, оған қытай жазуының аудармасын да енгізді (М. Паркер аударған). П. Мелиоранский 1899 ж. Күл-Тегін ескерткішін қайта аударып шықты. Осылардан кейін-ақ орхон-енисей жазуы ескерткіштерін оқу, аудару және зерттеу жұмыстарына ат салысушы ғалымдар саны молая берді. Оның материалдарын пайдаланып жазылған ғылыми, тарихи, лингвистикалық т. б. еңбектер де жарық көре бастады.

Осы күнгі түркі халықтарының ішінде енисей жазуының нұсқалары қырғыз, хақас, тува, алтай тілдеріне жақын деген пікірлер айтылып жүр. Ал қазіргі қазақ тілі фактілерімен салыстыра қарастырушы кейбір зерттеушілер орхон-енисей жазуы дулат диалектісінде (С. Аманжолов, 1959 ж.), талас жазуының ескерткіштері үйсін диалектісінде (Ғ. Мұсабаев, 1952 ж.) жазылған деп топшылайды. Бірақ мұндай жорамалдарды әлі де болса зерттей, анықтай түсу керек. Көпшілік зерттеушілер орхон-енисей жазу ескерткіштерін бір емес, бірнеше түркі тілдерінің тарихи ортақ мұрасы деп қарайды.

Орхон-енисей жазуы Қытай іргесінен бастап Орта Азия, одан әрі Венгрия жеріне дейін тарап, кең жайылған. Оның қолданылу тарихы V және X—XI ғасырлар аралығын қамтиды. Тек IX—X ғасырдан бастан орхон-енисей жазуының орнына біртіндеп ұйғыр жазуы, кейінірек (X—XI ғ.) түгелдей араб жазуы қолданылатын болады.

Орхон-енисей жазуы өзінің жазылу (графикалық) ерекшеліктері мен қолдану өрісіне (табылған жеріне) қарай талас жазуы, енисей жазуы және орхон жазуы делініп үш топқа бөлінеді.

Енисей жазу ескерткіштері

Енисей жазу ескерткіштері деп Енисей өзенінің бойы мен Тува автономиялы облысынан табылған ескерткіштер тобы аталады. Бұл алқаптан табылған ескерткіштердің ұзын-ырығасы сексеннің үстінде. Соңғы жылдары енисей жазу үлгілері Алтай аймағы мен Тува автономиялы облысынан, Хакас автономиялы облысы мен Краснояр өлкесінің территориясынан да табылып отыр. Енисей ескерткіштері көлемі жағынан көбінесе шағын болып келеді. Ең үлкені 10—15 жолдан тұрады да, ең кішісі 1—2 жолдан ғана құралған. Қолданылу мерзімі жағынан Енисей ескерткіштері ескі түркі жазуының ең көнесі, ол шамамен V—VII ғасырларға жатады деп шамаланады. Зерттеушілердің ескі түркі жазуының алғашқы тараған, қалыптасқан отаны деп Енисей өзенінің аңғарын айтады. Осы жерден ол жазу түркі тай-

палары мекен еткен Орхон өзенінің бойына, Талас өңіріне тараған. Бұл көзқарастың шындыққа жанасымдылығы жеке таңбалардың жазылу тәсілі мен шеберлігінен де байқалады.

Орхон жазу ескерткіштері

Орхон жазу ескерткіштері деп Орхон, Селенга, Толы өзендерінің аңғарынан, Минусинск ойпатынан табылған ескерткіштер тобы аталып жүр. Орхон ескерткіштері тілі, баяндайтын тарихи оқиғаларының мерзімі, жазу стилі жағынан, ескі түркі жазуының соңғы, жаңа дәуірін танытады. Енисей ескерткіштерінің таңбаларынан гөрі орхон ескерткіштері таңбаларының әлдеқайда жетілгендігі, әрі олардың жақсы сақталуы да Орхон өзенінің бойына, сондай-ақ оған жалғас аймаққа ескі түркі жазуы Енисей өзені бойындағы түріктерден тараған болу керек дейтін пікірді растай түсетін тәрізді. Оның бер жағында, орхон жазуы, сірә, халық арасына кеңінен таралған болу керек. Күл-Тегін ескерткішінде мынадай сөйлем кездеседі: *аңар көрү білің, түрк амты будун беглері* («мынаны оқып біліңдер, түріктің ендігі халқы мен бектері»). Сол сияқты, Тоныюкук ескерткішінде де: *Түрк білге қаған еліне бітігдім бен білге Тоныюкук* («Түріктің Білге қаған еліне арнап жаздырдым мен, данышпан Тоныюкук») деген сөйлем бар. Бұларға қарағанда, ескерткіш қойғызып, өсиет айтып отырған кісілер өз заманындағы көпшілік түріктердің бұл жазуды оқи алатынын ескерген сияқты.

Орхон жазуының ескерткіштері сан жағынан көп, әрі көлемді болып келеді. Олардың ішіндегі ең көрнектілері мыналар:

Білге қаған (Могилян) ескерткіші Қошо-Қайдам алқабындағы Орхон өзенінің бойынан табылған (қазіргі Монғол халық республикасының жерінде). Ол 735 ж. мәрмәр тасқа түркіше және қытайша екі тілде жазылған. Жазудың көлемі 80 жол.

Күл-Тегін ескерткіші де сол жерден табылған. Мұндағы жазу да екі тілде келтірілген. Ол 1732 ж. жазылған. Жазудың көлемі 79 жол.

Тоныюкук ескерткіші Улан-Батор қаласынан 60 шақырым жердегі Байн-Цокто аңғарынан табылған. Жазуының көлемі 62 жол, 712 ж. немесе 716 ж. жазылған.

Онгин ескерткішін Онгин өзенінің аңғарындағы Сайын Ноян шіркеуінен 1891 жылы Н. Ядринцев тапқан. Ескерткіш Ильтерес (кейде Елтерес, Гудулу, Кутлуғ) хан мен оның әйелі Илбилге хатунға, яғни Могилян мен оның інісі Күл-Тегіннің ата-аналарына қойылған. 731 ж. жазылған. Көлемі 20 жол. Қытай мәліметтері бойынша, Ильтерес 690 не 693 жылдары қайтыс болса керек.

Суджа ескерткіші Суджин-Даван (Монғолияда) төбесінен табылған. Ескерткіштегі жазудың көлемі 11 жол.

Кули-Чуру ескерткіші Улан-Батор аймағындағы Ихе-Хушоту жерінен табылған, 721 ж. жазылған. Жазу көлемі 29 жол.

Моюн-Чуру ескерткіші (немесе Селенга тасы) Селенга өзенінің бойынан табылған, 759 жылдары жазылған, көлемі 39 жол.

Орхон жазуының бұлардан баска да ұсақ-түйек бірсыпыра ескерткіштері бар. Олардың кейбіреуінде орхон таңбалары ұйғыр, араб жазуларымен аралас та келіп отырады.

Талас жазу ескерткіштері

Талас өзенінің аңғарынан табылған ескерткіштер «Талас ескерткіштері» деп аталып жүр. Талас бойының Айыртам-Ой деген жерінен бірінші рет 1896 жылы сол кездегі Әулие-Ата (қазіргі Жамбыл) үйезінің бастығы болған В. А. Қаллаур жазулы тас тапқан. Сол уақыттан бері Талас өзенінің бойынан, Қырғызстан жерінен талас жазуымен жазылған 13 ескерткіш табылды. И. А. Батманов бастаған бір топ қырғыз ғалымдары ол ескерткіштерді түгелдей зерттеп, толық бастырып шығарды. Жазылу ерекшелігі мен мазмұны жағынан талас жазуы орхон жазуынан гөрі енисей жазуына көп жақын. Зерттеушілердің шамалауынша, талас ескерткіштері V ғасырда қойылған.

Орхон-енисей жазу ескерткіштердің тілі мен зерттелу тарихы жайында, қазақ тілі, қазақ әдебиетінің ескерткіш тілімен туысқандық байланысы жөнінде бірнеше мақалалар мен зерттеулер, оқу құралдары мен хрестоматиялар басылып шықты. Соңғы уақыттарда олар қазақ филологиясында кеңірек әңгіме болып жүр. Сондықтан біз орхон-енисей жазу ескерткіштері туралы келтірілген мәліметтерді бұл жерде әдейі шағындап беріп отырмыз.

II тарау

ОРТА ҒАСЫР ЕСКЕРТКІШТЕРІ

Жалпы түсінік

Орта ғасырда өмір сүрген түркі тайпалары, жоғарыда біз атап өткендей, үлкен бір қозғалыс үстінде болған. Оны әдетте орыс тарихшылары «великое продвижение народов» деп атайды. Қазіргі Қазақстан территориясы ол кезде әркімде түркі тайпаларының көшіп-қонып өтетін, барып-келіп жүретін зор «қақпасы» іспетті қызмет атқарған. Түріктер Қытай іргесінен Шығыс Еуропа, славян елдеріне дейінгі аралықты түгел жайлаған. Балқаш көлінен Византияға дейін тарап, Шам мен Мысыр елдерін де қамтып отырған. Түркі тайпалары мекендеген ұлан-ғайыр алқаптың әр өлке, әрбір аймағында түрлі-түрлі мәдениет орталықтары мен бірнеше әкімшілік-басқару орындары үстемдік етіп тұрған, қалалар өсіп, сауда дамыған, жаңа тайпалық одақтар құрылып, әр топта әр түрлі тайпалар билік құрған. Мысалы, Шығыс Түркістан аймағын ұйғырлар мен қарлуқтар билеп, басқа бөтен руларды Қараханид төңірегіне топтастырса, Батыс Түркістан, Хорезм өлкесінде оғыздар мен қыпшақтар әйгілі болған. Алтын Орда мен Мысыр өңірі көбінесе қыпшақтарға бағынып тұрды. Әрине, бұлар — бір-бірімен қатыспайтын, бөлініп қалған томағатұйық мемлекеттер емес, қайта бір-бірімен құрдай қатынасып, тынымсыз араласып жатқан қатар елдер. Қай топта, қай орталықта отырса да түркі тайпаларының арасындағы алуан түрлі байланыстар (саяси, әскери, шаруашылық, мәдени т. б.) ешуақытта толастап көрген емес. Міне, осындай әр түрлі географиялық орталықтарға байланысты әр жерде туған мәдени туындылар, әдеби шығармалар, жазу ескерткіштері кейде сол орталықта үстемдік етіп отырған ру-тайпалардың атымен де аталып отырған.

Орта ғасырда өмір сүріп, өзіне лайық жазу ескерткіштерін жасап кеткен осындай орталықтар туралы біз төменде азын-аулақ болса да тағы да айтып өтеміз. Бұл жерде ескерте кететін қажетті нәрсе мынада: орта ғасырда жазылған ескерткіштерді жалпы атап, шетінен тізіп бергеннен гөрі, біз оны сол замандағы әрбір ғылыми-мәдени орталықтарға сәйкес белгілі бір территориялық аймақ көлемінде алып қарастыруды мақұл көрдік. Сонда дәл сол аймақта үстемдік етіп отырған тайпалар тілінің әңгіме болып отырған ескерткіштер тіліне тигізген әсері де айқынрақ танылады.

Қараханид түріктерінің тілінде жазылған ескерткіштер

Қараханидтер мемлекеті X—XII ғасырларда Қашқар мен Испиджаб (қазіргі Сайрам маңайы) аралығын билеп тұрған. Ең басты орталықтары Баласағұн (Жетісу, Ыстықкөл жағасында) және Қашқар (Шығыс Түркістанда) қалаларында болған. Кейінірек ол Мауреннаһр өлкесін қосып алып, мемлекет орталығын Бұхар қаласына көшірген. XII ғасырдың аяғы мен XIII ғасырдың басында Қараханидтер мемлекеті наймандар мен монғолдар шапқыншылығына ұшырап, бара-бара шағатай ұлысына қарап кеткен.

Тарихта Қараханидтер әулеті яғма тайпасынан шыққан болу керек деген жорамал бар. Басқа түркі тайпаларынан гөрі белділеу тайпалар ол жезде чығылдар, қарлұқтар және ұйғырлар болған.

Қараханидтер династиясының кезінде жазу-сызу өнері (18-беттегі сурет) қатты дамыған, ел мәдениеті көтеріліп, әдеби туындылар көбейген, ғылыми шығармалар жазыла бастаған. Сол кезде жарыққа шыққан әдеби, ғылыми және діни шығармалардың басты-бастылары деп мыналарды атап өтуге болады.

Құтадғу біліг («Құтаю білімі») шығармасы 1069—1070 ж. жазылған. Қолжазбаның авторы Юсуф жайында қолжазба кіріспесінің 3-бетінде былай делінген: «Бұл кітап, бұл өлеңді жазған кісі Баласағұнда туған. Ол бұл кітапты Қашқар елінде жазып, атышулы Құншығыс иесінің сарайына әкелді. Тығбағч Бұғра Хан әмір оны мактап жазушыға «Хас-Хаджиб» («құпия министр») деген атақ берді. Осыдан барып жазушының «Юсуф Хас-Хаджиб» деген атағы жер жүзіне тарап кетті». Тарихи деректерге қарағанда, 1069—1070 жылдары Қашқарияны Қараханидтер династиясынан шыққан Бұғра Хан деген қағанның (тамғашы ханның) билеп тұрғаны рас еді.

Қолжазбаның түпнұсқасы белгісіз де, бізге жеткен оның үш көшірмесі бар. Біріншісі 1439 ж. Герат қаласында ұйғыр жазуымен (қазір ол Венада), екіншісі XIV ғасырдың бірінші жартысында Мысырда араб жазуымен (қазір Қайрдің Кедивен кітапханасында), үшіншісі XII ғасырдың аяғында араб жазуымен көшірілген. Наманган қаласынан 1914 ж. табылған бұл соңғы көшірме қазір Ташкент қаласында сақталады, соған байланысты ол кейде «Ташкент нұсқасы» деп те аталады.

1870 жылы Инсбрук қаласында А. Вамбери бастырып шығарған еңбекте Вена нұсқасынан үзінділер (915 өлең) келтірілген. Сондай-ақ өлең жолдары транскрипцияланып, неміс тіліне аударылған. Түркіше-немісше сөздік жасалып, түпнұсқаның литографиялық көшірмесі қоса тіркелген.

«Құтадғу білігтің» Вена нұсқасын В. Радлов та 1890 ж. бастырып шығарған. Қолжазбаның көлемі 200 бет, ол 11 дәптерден

השנה, וכל שנה וכל שנה יתקדש
בשם ה' אלהינו ה' אלהינו
ה' אלהינו ה' אלהינו ה' אלהינו

ה' אלהינו ה' אלהינו ה' אלהינו
ה' אלהינו ה' אלהינו ה' אלהינו
ה' אלהינו ה' אלהינו ה' אלהינו

ה' אלהינו ה' אלהינו ה' אלהינו
ה' אלהינו ה' אלהינו ה' אלהינו
ה' אלהינו ה' אלהינו ה' אלהינו

ה' אלהינו ה' אלהינו ה' אלהינו

ה' אלהינו ה' אלהינו ה' אלהינו
ה' אלהינו ה' אלהינו ה' אלהינו
ה' אלהינו ה' אלהינו ה' אלהינו

ה' אלהינו ה' אלהינו ה' אלהינו
ה' אלהינו ה' אלהינו ה' אלהינו
ה' אלהינו ה' אלהינו ה' אלהינו

ה' אלהינו ה' אלהינו ה' אלהינו
ה' אלהינו ה' אלהינו ה' אלהינו
ה' אלהינו ה' אלהינו ה' אלהינו

ה' אלהינו ה' אלהינו ה' אלהינו
ה' אלהינו ה' אלהינו ה' אלהינו
ה' אלהינו ה' אלהינו ה' אלהינו

кұралған, әр дәптер 10 парақтан тұрады. Бір ғана кісінің қолымен жазылған. Тексте көп жерде түзетілген және өшіріліп тасалған да жолдар бар. Жаңадан (үстінен) қосылған жолдар мен қосымша сөздер де кездеседі. В. Радлов пен К. Г. Залеманн бұл қолжазбаны бастапқы нұсқа (черновик) болар деп жорамалдайды.

«Құтадғу біліг» тексінің кіріспе сөзінен басқасы ұйқас-үйлесімі жарасқан екі жолды өлең болып келеді. Ара-тұра 4 жолды өлеңдер тобы да кездеседі. Кейінгі жағдайда өлеңнің бірінші, екінші және төртінші жолдары ұйқасып отырады. Кітаптың өлең ұйқасы туралы В. Томсен үлкен зерттеу жұмыстарын жүргізіп, 1897 ж. шығыс зерттеушілерінің Парижде болған XI халықаралық съезінде сол жайында баяндама жасады. Өз тұжырымдарын ол 1901 ж. венгер журналының бетінде жариялады.

Венадағы нұсқа мен Каирдегі нұсқаны біріктіріп екі том етіп В. Радлов кейінірек тағы да бастырып шығарған болатын. Бірінші томда Вена нұсқасының тексі транскрипция арқылы беріліп, неміс тіліне аударылған (1891 ж.). Екінші томда Каир нұсқасының транскрипция арқылы берілген тексі мен немісше аудармасы бар (1910 ж.). Екі томның екеуінде де транскрипциялық жүйе орыс алфавитінің негізінде жасалған. Ол ғылымда белгілі «академиялық» немесе «Радлов жүйесі» деп аталатын принцип бойынша түзілген.

Стамбулдың «Түрік Діл Куруму» деген ұйымы үш көшірменің үшеуін бірдей жеке-жеке кітап етіп жариялады: Вена нұсқасын 1942 ж., Каир нұсқасын 1943 ж. және Ташкент нұсқасын 1943 ж. Үш көшірменің басын қосып, Р. Арат 1947 (I бөлім) және 1959 (II бөлім) жылдары Стамбул қаласында қайта бастырып шығарды.

«Құтадғу білігтің» кейбір үлгілері мен үзінділері көптеген баспалар мен жинақтардың бетінен орын алып келеді. Олардың ішінен көне ұйғыр алфавитімен жазылған барлық ескерткіштерді жинап, төрт том етіп бастырған В. Радловтың еңбегін, С. Малов пен И. Березиннің көне түркі жазу ескерткіштеріне арналған баспаларын айтуға болады. Осы басылып шыққан еңбектердің негізінде соңғы уақыттарда Москва мен Ленинградта, Ташкент пен Бакуде, шетелдерде көптеген зерттеулер мен ғылыми жұмыстар жүргізіліп келеді.

«Құтадғу білігтің» негізгі мазмұны — дидактикалық сарында жазылған өлеңдер. Әр көшірменің көлемі мен ондағы өлеңдер саны әрқилы. Олар туралы мәліметтер де ала-кұла. Мысалы, Вена нұсқасында 1439 өлең, Каир нұсқасында 4361 өлең, ал Наманган нұсқасында 6095 өлең бар делініп жүр. Кейбір мәліметтерге қарағанда соңғы аталған нұсқада 6645 өлең бар деп айтылады. Мұндағы біздің өлең деп отырғанымыз, әрине, жоғарыда айтылғандай, екі жолдан құралады.

Диван луғат ит-түрк («Түркі тілдерінің сөздігі») 1072 жылдың 25 январынан бастап 1074 жылдың 10 февралына дейінгі аралықта жазылған. Еңбектің түпнұсқасы бізге жетпеген. Оның жалғыз көшірмесі 1266 жылы (1 августа) жасалған. Ол туралы осы көшірменің соңында «Әуелі Саве, кейінірек Шам, яғни Дамаск қаласының тұрғыны Мухаммед ибн Ебибекир ибни Ебил-фетих (оны тәңрі жарылқасын!) осы кітапты түпнұсқасынан көшіріп бітірді»— деген ескерту бар.

«Диванның» авторы — Махмуд ибн ул-Хусайн ибн Мухаммад ал-Қашқари. Ол Қашқарда туып, өмірінің жастық, жігіттік шағын Баласағұнда өткізген. Араб тілі мен араб әдебиетін, парсы мәдениетін М. Қашқари өте жақсы білген. Грамматика жазудың классикалық әдісін жете меңгерген. Бұл салада ол Бағдад оқымыстыларымен әріптес болған. «Диван» авторының өзі бұл жөнінде: «Кітапты жазу үстінде Халил бин Ахмедтің «Китабул айни» деген шығармасында қолданылған тәртіпті ұстандым» деп жазады. Ол айтып отырған Абу Абдур-Рахман ал-Халил бин Ахмед бин Аир бин Тамим ал-Азди ал-Фарағиди ал-Яхмади ал-Басри (717—791 немесе 702—776 немесе 712—786 ж.) әрі ақын, әрі тіл өнері мен өлең құрылысы жайында бірнеше кітап жазған, «Китабул айни» деген атақты еңбектің авторы, үлкен ғалым болған.

М. Қашқаридың «Диваннан» басқа «Китабу джевахир ан-Нахви фил-луғат ит-түрк» («Түркі тілдері синтаксисінің қымбат қасиеттері туралы кітап») деген бір еңбегі болған. Бірақ оның қолжазбасы біздің заманымызға дейін жетпей жоғалып кеткен. Ол шығарма «Диваннан» бұрын жазылса керек, үйткені автор «Диванның» соңында: «Бұл кітап өмірімнің ақырына дейін жеткізді» деп жазады.

М. Қашқаридың еңбегі туралы алғашқы деректер XIV ғасырдан басталады. Мысалы, Андалузиядан шыққан көрнекті ғалым Абу Хайяның белгілі еңбегінде кездесетін бағзы бір үзінділер осы М. Қашқари шығармасынан алынған. Мысыр елінің әйгілі тарихшысы Б. Айни өзінің Европа, Сирия және Индия тарихына арналып жазылған бір еңбегінің «Түрік қауымдарының тарихы» деген бөлімінде қашқарлық ғалым ибни Мұқаммедтің кітабынан алынған үзінділерден ондағы оғыз руларының таңбалары жөнінде, түрік тілдері мен ұйғыр жазуы жайында және түрікмен тілінің кейбір сөздері туралы бірсыпыра мәліметтер жариялайды. М. Қашқаридың еңбегі туралы азды-көпті деректер шығыс елдеріндегі басқа да зерттеушілердің кітаптарында кездеседі.

Европаға тараған М. Қашқари еңбегі жайындағы алғашқы хабарлардың бірі — 1904 жылы Венгер академиясы жариялаған «Лингвистикалық жинақтағы» мәлімет. Онда түркі тілдері жайында XI—XV ғасырларда жазылған еңбектерге шолу жасалатын бір мақаланың авторы араб-түрік тілдерінде жазылған еңбектердің ең бір ескісі деп осы «Диван луғат ит-түркігі» атап

көрсетеді. Бұл өзі мамлюк сұлтандарының түркі тілдерін оқып үйренуі үшін негізгі оқу құралы болып танылғанға ұқсайды.

М. Қашқари еңбегінің шын мәнісіндегі зерттеу объектісіне айналуы оның үш томдық түпнұсқасының 1915—1917 жылдары Стамбулдағы Ахмет Рифат баспасынан шығу кезеңінен басталады («Диванның» 1915 жылғы Стамбулдағы басылымының мұқабасы 22-бетте көрсетілген). Көлемі жағынан I том 436 бет, II том 294 бет, III том 333 бет, барлығы 1063 беттен тұрады. Осыдан кейін-ақ аталмыш еңбек қақында бірқыдыру рецензия, хабарлар жарияланып, ол батыс, шығыс елдеріне түгелдей мәлім болды. Мысалы, I том туралы М. Хартманн, II—III томдары жөнінде Ф. Көпрүлүзаде т. б. зерттеушілер жазған жеке сын-мақалалар осы мақсатқа арналған. Неміс профессоры М. Хартманн «Диван луғат ит-түрк» кітабын халық әдебиетінің нұсқасы деп түйеді де, одан бес-ақ жыл бұрын жазылған әйгілі «Құтад-ғу біліг» шығармасын сол замандағы сарай әдебиетінің үлгісі болған еді дейді.

К. Броккельманн Махмуд Қашқари еңбегіндегі жеке сөйлемдердің барлығын алфавит тәртібіне келтіріп, неміс тіліне аударып берген болса (Будапешт-Лейпциг, 1928 ж.), одан кейін сөз тізімі С. Муталлибов шығарған IV томында (индексінде) келтіріледі (Ташкент, 1967 ж.). Өзбек тіліндегі аударманың I томы 1960 ж., II томы 1961, III томы 1963 ж. жарық көрді.

Түріктің көрнекті білімпазы Б. Аталай «Диван луғат ит-түркінің» үш томдық аудармасын (1939—1941 ж.), бір томдық түпкі нұсқасын (1914 ж.) және осындағы сөздердің бір томдық тізімін (индексін) жасап шығарды.

«Диван луғат ит-түрк» материалдарының әркілы зерттеу жұмыстарына пайдалануына бұл аталған аудармалар кең жол ашып берді. Содан барып оның ішкі дүниесі ашылып, сыры сарапқа түсе бастады. Әсіресе «Диван луғат ит-түрк» шығармасының зерттелу тарихындағы екінші бір елеулі кезең — оның түрік тіліне аударылып бітуі деп есептеуіміз керек.

«Диван луғат ит-түрк» кітабының жаңадан басылып шығуына байланысты оны зерттеу жұмыстарының аумағы да кеңейе түсті. Жер-жерде жазылып, бұрынды-сонды жарияланған материалдар бұл еңбектің ғалымдардың қызу талқысына түсіп, жан-жақты сөз болып келе жатқанын көрсетеді.

Әңгіме болып отырған еңбек, негізінен алғанда, М. Қашқари заманындағы түркі тілдес халықтардың қоғамдық өмірі мен рухани дүниесінің алуан саласын қамтитын материалдарға толы. Онда тарихи-әлеуметтік жағдайларға, этнография мен әдеби мұраларға, мәдениет пен тіл ерекшеліктеріне, халық медицинасы мен материалдық ескерткіштерге, географиялық суреттеулер мен астрономиялық атауларға, ғылыми зерттеулерге, тағы басқа толып жатқан мәселелерге байланысты аса бай мәліметтер мен нақтылы мысал-фактілер келтірілген. Еңбектен грамматикалық

کتاب


دیوان لغات الترک

مؤلفی :

محمد بن الحسین بن محمد الکاشغری

تاریخ التالی

۴۶۶ سنه هجره



بریکانه کتب مسارف نظارت جلیله سنک تقدیریله
طب و فکروار لیبتی دیار بکرلی علی امیری افندیکن
کتبخانه سندن استعاره اوله رق طبع و نیشیل ایدلشدر

جسد اول

برنجی طبیی

دارالمخلافه العلیه — مطبعه ناصره

۱۳۳۳

ережелерді, халық ауыз әдебиетінің үлгілерін, өлеңдер мен жырларды (төрт жолдан тұратын 300 шумақ шамасындай), термелер мен жұмбақтарды, мақалдар мен мәтелдерді (бұл да 300-дей) т. б. толып жатқан тарихи құнды материалдарды кездестіреміз. Бұл жағынан «Диван луғат ит-түрк» өзі әңгімелеп отырған лингвистикалық зерттеулердің әдейі құрастырылған хрестоматиясы тәрізді. Мұндай сипат осы тектес өзге еңбектердің бойынан табыла бермейді.

Ал енді «Диван луғат ит-түрк» кітабының осы күнгі түркі тілдеріне қандай қатынасы бар деген мәселеге келсек, онда біз көпшілік зерттеушілер пікірін қуаттай отырып, оны тірі түркі тілдерінің бәріне бірдей тән қазына, ортақ мұра деп қараймыз. Шынында да, бұл өзі — осы күнгі көптеген түркі халықтарының өз алдына бөлініп, халық сипатына жетіп қалыптаспаған кезінде жазылған еңбек. Онда талай-талай тайпалар мен рулардың ауызекі сөйлеу тілінен алынған материалдар жинақталған. Сондықтан да Н. А. Баскаков М. Қашқариді «түркі тілдерін өз ара салыстыра зерттеудің пионері болған еді» десе, А. Н. Самойлович оны «ХІ ғасырдың Радловы» деп атады.

М. Қашқаридің өз айтуы бойынша, ол бүкіл түркі халықтарын түгелдей аралап шыққан да, сол кездегі Қараханидтер мемлекетінің астанасы болған Қашқар қаласына барып, түркі тілдерінің салыстырмалы грамматикалық оқулығын жазуға кіріскен. М. Қашқари еңбегінде өз заманындағы түркі тілдері сол тілдерде сөйлейтін халықтардың географиялық орналасу тәртібі бойынша Румнан (Византиядан) шығысқа қарай рет-ретімен атап өтіледі. Олар: *печенег, қыпшақ, оғыз, йемек, башқұр, басмыл, қай, йабақу, татар, қырғыз, чығыл, тухси, яғма, ығрақ, ярук, жумул, ұйғыр, қытай, табғач*. Автордың түсіндіруінше, мұндағы қытай тілі — Чин (Қытай) мемлекетінің, ал табғач — Мочин елінің тілі болып саналады да, түркі тілдеріне жатпайды (қазіргі қазақ тілінде бұлар «Шын, Машын» деп аталады). Сонымен бірге автор печенег тілінде сөйлейтін түріктер Рум мемлекетімен, қырғыз тілінде сөйлейтін тайпалар Чин мемлекетімен көрші отырған деп жазады.

Бүкіл түркі тілдерін (Румнан Чинға, яғни батыстан шығысқа дейін) автор «терістік» және «түстік» деп екі топқа бөледі де, алғашқы он тілді (печенег, қыпшақ, оғыз, йемек, башқұр, басмыл, қай, йабақу, татар, қырғыз) терістік топтағы тілдердің қатарына, соңғы жеті тілді (чығыл, тухси, яғма, ығрақ, ярук, жумул, ұйғыр) оңтүстік тілдердің тобына жатқызады.

Сұғдақ, кенжек, арғу, хотандықтар тілі, түбүт, жабаркалықтардың тілі, бұлғар, сувар тілдерін және қоқандықтар мен баласағұндықтардың т. б. аймақтарды мекендейтін халықтардың тілдерін автор бұған қосымша тілдер есебінде көрсетеді.

Тілдердің тазалығы мен қолданылу ерекшелігі жағынан М. Қашқари сұғдақ, кенжек, арғу, түбүт тілдерін бір топқа, ұй-

ғыр тілін өз алдына, қай, ябақу, татар, басмыл тілдерін үшінші топқа бөліп қарайды да, қырғыз, қыпшақ, оғыз, тухси, яғма, чығыл, ығрақ, ярук тілдерін таза түркі еді деген пікір айтады. Одан әрі йемек, башқұр тілдері мен булғар, сувар, печенег тілдерін де осы таза түркі тілдерімен бір ынғайлас еді деп жазады автор.

М. Қашқаридің ойынша, түркі тілдерінің ең жеңілі — оғыз тілі де, ең жақсысы, қолдануға қолайлы келетіні — яғма, тухси тілдері мен қазіргі Қазақстан территориясын, яғни Іле, Ертіс Ямар, Еділ өзендерінің бойын жайлаған халықтардың тілі. Бұл аталған жерлердің ішінен автор Қокан, Тараз (яғни қазіргі Талас) қалалары мен Испиджабтан Баласағұн өлкесіне дейінгі кең атрапта тұратын халықтардың тіліне тоқталып өтеді.

Әр топтағы тілдердің өзіндік қасиеттерін сипаттай келіп, автор қыпшақтар й дыбысының орнына ж, м дыбысының орнына б, з дыбысының орнына й дыбысын қолданады және кейбір сөздердің құрамындағы ч, ғ дыбыстарын түсіріп айтады деп жазады. Мысалы, *жүғду* (йугду емес) — «шуда», *бен бардум* (мен бардум емес) — «мен бардым», *қайың* (қазың емес) — «қайың», *чумуқ* (чумчук емес) — «шымшық», *тамақ* (тамғақ емес) — «тамақ (бұғақ)» т. т.

Күні бүгін қолданылып жүрген тілдер деп бұл аталған тілдердің ішінен башқұр, татар, қырғыз, ұйғыр тілдерін айтуға болады. Ал печенег, қыпшақ, оғыз, булғар тілдері осы күнгі өлі тілдердің қатарына жатады да, йемек, басмыл, қай, ябақу, чығыл, тухси, яғма, ығрақ, жумул т. б. тілдердің тарихи тағдыры туралы тюркологияда әзірге жөнді мәлімет жоқ.

Сонымен, түркі тілдерінің М. Қашқари жасаған ең алғашқы классификациясы екі түрлі негізге сүйенген: біріншіден, түркі халықтарының орналасу тәртібіне қарай, яғни географиялық мәліметтерге сүйенген де, екіншіден, әрбір топтағы түркі тілдерінің өзіндік фонетикалық және морфологиялық қасиеттеріне, яғни лингвистикалық сипаттарға негізделген. Одан бері тоғыз ғасыр өтсе де түркі тілдері туралы бертінде жасалған басқа түрлі классификациялар көбінесе осы М. Қашқари айтқан себептер негізінде жазылып келеді. Демек, «Диван» өз заманындағы көптеген түркі тілдерінің материалдары негізінде жазылғандықтан, оның сол кездегі жалпы түркі тілдерінің көрсеткіші деп танылуы заңды.

Қазақ ғалымдары Н. Т. Сауранбаев, С. А. Аманжолов, А. М. Ысқаков, І. Кеңесбаев, Х. Әділгереев, Ғ. Ғ. Мұсабаев т. б. «Диван луғат ит-түрк» жөнінде азды-көпті пікір айтып, оның материалдарын қазақ тілі тарихын зерттеу үшін пайдалану қажеттігін атап көрсетуі де осы еңбектің жоғарыдағыдай ерекшелігінен туған. Түркі тілдерін зерттейтін көптеген қалаларда (Москвада, Ленинградта, Бакуде, Ташкентте, Самарқандта, Фрунзеде) «Диван» материалдарының негізінде жазылып жатқан еңбектердің

сан-салалығы да оның ішкі мазмұнының бай, ғылымдық мәнінің жоғарылығынан.

Ғибатул хақайық («Ақиқаттың сыйлығы»). Кейде мұны «Атибатул-хақайық» деп те атайды. Авторы — Адиб Ахмед Йүгнеки. «Ғибатул хақайықты» 1444 ж. ұйғыр жазуымен көшіртікен жергілікті билеуші Арслан Ходжа-Тархан ол туралы: «Қашқар тілінде жазылған, кім қашқар тілін білетін болса, сол Адиб сөзін түгел түсінеді», — деп жазған. Қолжазбаның үш түрлі варианты да соңғы уақыттарға тән көшірме. Үйткені оның материалдары көшірме жасалды дейтін кездің емес, ілгерірек уақыттың, X—XII ғасырлардың, туындыларына ұқсайды. Сондықтан С. Е. Малов оны XII ғасырдың, ал Ә. Наджип XII—XIII ғасырдың ескерткіші деп қарайды.

Текст 4 жолдық өлең сөздерден құралған. Түрік ғалымы М. Мансуроглы тексте 121 өлең (4 жолдық) бар десе, С. Е. Малов 506 жол өлең, ал А. М. Щербак 253 бәйіт бар дейді. Еңбек дидактикалық мазмұнда жазылып, өз ішінен бірнеше бөлімдерге бөлінген. Мысалы, 1-бөлім (79—124 жолдар) білгеннің пайдасы мен білмегеннің зияны жөнінде, 2-бөлім (125—172 жолдар) тіл өнерін сақтап қалу үшін істелетін іс-әрекеттер туралы ақыл-кеңес, 3-бөлім (173—220 жолдар) дүниенің өзгеріп, жаңарып және құбылып отыратындығы жөнінде, 4-бөлім (221—260 жолдар) жомарттық пен сараңдық жайлы, 5-бөлім (261—288 жолдар) тәкаппарлық пен кішіпейілдік, 6-бөлім (289—316 жолдар) дүниеқорлық, 7-бөлім (317—352 жолдар) ер көңілділік т. б. жайында болып келеді. Сол кездегі барлық жазба нұсқалар сияқты бұл да ең әуелі алла мен оның жердегі өкілі — Мұхаммед пайғамбарды мадақтаудан басталады. Содан алғашқы төрт халифаға (пайғамбардың серіктері Әубәкірге, Омарға, Оспанға және Әліге) табынады. Жазбаның ең соңында автордың өзі туралы мәлімет беріледі (ол өзі суқаранғы соқыр адам болған, Йүгнек қаласында туған). Араб тарихшыларының айтуы бойынша, «Югнек» атты қыстақ Самарқанд қаласының маңайында болған (В. В. Бартольд, С. Е. Малов). Осы күнгі Түркістан қаласының жанында «Жүйнек» деген ескі елді мекеннің орны бар (қазақ тіліндегі ғ/г дыбыстарының тұрақсыздығы — тіл білімінде белгілі заңдылық). Йүгнекидің дәл қай ауылдан (қыстақтан, қаладан) шыққандығы толық мәлім емес. Әдебиет зерттеушісі Р. Бердібаев Ахмедті Түркістан түбіндегі Жүйнек қаласында туған деп есептейді.

Ұйғыр әрпімен жазылып, жолма-жол араб жазуымен қайталанып отырған қолжазбаның аталған варианты Стамбулда сақтаулы. Ол 1480 ж. көшірілген.

Стамбулдағы екінші вариант тек қана араб алфавитімен жазылған (жылы белгісіз). Ал Самарқанд варианты ұйғыр жазуымен берілген, 1444 ж. көшіріліп жазылған. Бұл аталған

үш варианттың үшеуін де транскрипцияланған тексі және индексiмен қосып 1951 ж. Р. Р. Арат Стамбулда бастырып шығарды. Одан бұрынырақ «Ғибатул хақайықтың» кейбір үзінділерін өзбек әдебиетінің тарихына байланысты Е. Э. Бертельс бастырып шығарған болатын. Түрік ғалымы Наджип Асим бастырып шығарған еңбек екі бөлімнен құралған. Оның 1-бөлімінде (1915 ж.) текст және оның түрікше аудармасы, грамматикалық очерк, сөздік бар, 2-бөлімі (1918 ж.) араб, ұйғыр жазуының түпнұсқасына арналған, бастырушы жазған алғы сөз бар.

Тефсир («Түсініктеме»). Еңбекті жазған автор мен оның көшірушісі, жазылған, көшірілген уақыты мен жері қолжазбада көрсетілмеген. В. Бартольд, С. Малов, А. Боровков, К. Фуад, А. Эрдоган, А. Инан сияқты ғалымдар қолжазбаның түпнұсқасы XII—XIII ғасырларда жасалған да, ол XV ғасырда қайта көшірілген деп есептейді. Көшірме 1914 ж. Өзбекстан өңіріндегі Қаршы қаласынан табылған.

«Тефсир» құран сүрелерінің (XVIII сүре) жолма-жол аудармасы мен сол аудармаларға арналған түсініктемелерден (комментарийлерден) құралған. Әр сүренің соңында сол сүренің мағынасына үйлестіріп берілген әңгімелер мен өлеңдер бар.

Құранның түркі тілдеріне аударылған бірнеше варианттары бар. Олардың әңгімелері мен тіл ерекшеліктері, құрылысы мен берілген комментарийлері өз ара ұқсастық тауып отырады. Мысалы, осындай 9 түрлі қолжазба Түркияның «Ислам мен түрік шығармаларының музейінде» сақтаулы тұр. 1333 ж. Мухаммед бин ал-Хадж Девлетшах аш-Ширази көшіріп жазған аударманың тілі «Тефсирдің» тілімен өте ұқсас. Мұндағы кейбір әңгімелер Рабғұзының шығармасында да кездеседі. «Тефсирдің» кейбір әңгімелері, сол сияқты, «Асхабул Қаһф» (әдетте осылай аталады, толық аты «Тазкира-и-хизрат сұлтан асхабал-қаһф») шығармасында өлең түрінде берілген (1910 ж. Шығыс Түркістан өлкесінен табылған).

Аудармалардың бәрі де әдеби тілде жазылған. Осы күні олар өзбек әдеби тілінің тарихымен байланысты қарастырылып жүр.

Көне ұйғыр жазуымен берілген кейбір ескерткіштерді де осы топқа жатқызуымыз керек. Олар — манихей, христиан және будда діндеріне байланысты бөтен тілдерден (әсіресе қытай, сирия, санскрит, монғол тілдерінен) жасалған аудармалар (IX—XI және VII—XIII ғ.). Сондай-ақ көп реттерде кейінірек (XV—XVII ғ.) көшіріп жазылған еңбектер мен іс қағаздары т. б. үлкенді-кішілі жазу үлгілері. Мысалы, біз соның бір-екеуіне ғана тоқтала жетейік.

Алтын йарук («Алтын жарык») — X ғасыр шамасында будда дінін уағыздау үшін қытай тілінде жазылған кітаптың XVII ғасырдың аяғында (1678 ж.) жасалған аудармасы.

Бұл туралы қолжазбаның көшірмесінде *тавғаш тілінің ікі-*

лейу түрк тілінче ағтармыш («Қытай тілінен екінші рет түрік тіліне аударды») және тағы бір жерде *тохары тілінтін түрк тілінче ағтармыш* («Тохар тілінен түрік тіліне аударды») деген ескертүлер бар.

Шығарманың аты оның «Мемлекетті әділ басқару жолдарын түсіндіру» деп аталатын тарауындағы «барша дүниеден биік тұрған білім патшасы алтындай жарқырайды» деген сөзден шықса керек. Аудармашы — Биш-Балық қаласының тұрғыны Сыңқу Сели Тудун деген кісі. Бұл аударманың бірнеше көшірмесі бар. Олардың мазмұны қытай, санскрит және монғол тілдерінде жазылған кейбір еңбектерде баяндалған. Көшірмелері таза да ұқыпты жазылған.

С. Малов 1910—1911 жылдары сары ұйғырлар тұратын Ганьсу провинциясына барып, көптеген ұйғыр жазуының текстерін, соның ішінде осы «Алтун йарукты» да тауып қайтады. В. Радлов пен С. Малов шетелдер экспедицияларының ұзақ жылдар бойы жинаған материалдарының (ішінде «Алтун йарук» та бар) басын құрап, бір ізге түсіріп, тұтас тұлғалы жинақ етіп бастырып шығарды. Грамматикалық формалардың көрсеткішін, кейбір үзінділері мен орысша аудармасын және ұйғыр жазуының ескерткіштері туралы, олардың зерттелу тарихы мен үлгілері жайында толық мәлімет жариялаған С. Е. Малов болды (1951 ж.). «Алтун йарукты» көрнекті неміс ғалымдары В. Банг (1930 ж.), Ф. Мюллер (1908 ж.) т. б. өз тілдеріне аударған.

Хуастуанифг («Кешірім сұрап дұға оқу») — түркі халықтарының арасына манихей дінін тарату үшін жасалған аударма. Аударылған (көшірілген) жері мен жылы белгісіз. Радлов V ғасырда жазылған болу керек деп шамалайды, Малов оны Орта Азияда (Өзбекстан не Қазақстан жерінде) жазылған деген болжам айтады.

Бұл еңбектің үш түрлі көшірмесі бар: а) 1907 ж. Турфаннан табылған (қазір Берлинде), 1911 ж. Берлинде басылып шыққан нұсқа (текст, транскрипция, немісше аударма, ескертпелер); ә) 1907 ж. Духуанда табылған варианты (осы күнде Лондонда) 1911 ж. басылды (текст, транскрипция, ағылшын тіліндегі аудармасы, ескертпелер). Екі көшірменің екеуі де манихей жазуымен берілген, екеуін де бастырып шығарған — венгердің көрнекті тюркологы А. В. Лекок; б) 1908 ж. Турфанда табылған ұйғыр жазуымен берілген нұсқасын 1909 ж. В. Радлов бастырып шығарды (түпкі басым, немісше аудармасы, ескертпелер). Ол қазіргі уақытта Ленинград қаласында сақтаулы тұр. «Хуастуанифгтің» кейбір үзінділерін орыс тіліне аударып 1951 ж. жариялаған С. Е. Малов болатын. Оның барлық варианттарын топтап, бір ізге салып Л. В. Дмитриева 1963 ж. орыс тіліне аударып шықты. Сөз болып отырған еңбектің тілі жатық, айқын да дәл, әрі әдеби тілмен жазылған. Ол орхон-енисей жазу ескерткіштерінің тіліне жақын. Грамматикалық тұрғыдан зерттелген емес.

Қараханид түріктерінің тілі туралы бұрын-соңды толық жазылған еңбек — К. Броккельманның грамматикасы («Орта Азия мұсылмандары әдеби тілінің шығыс түріктеріне байланысты грамматикасы», неміс тілінде, Лейден, 1951 ж. және 1954 ж.). Енді бірі М. Мансуроғлының «Қараханид түріктерінің тілі» деген еңбегі (неміс тілінде, Виесбаден, 1959).

Қараханид түріктерінің тілінде жазылған бұдан басқа да бір-неше ескерткіштердің аты белгілі. Солардың бірі — «Қазақ ССР тарихының» I-томында аталып өтетін, 1436 ж. жазылған «**Мираж-наме**». Ол — Мұхаммед пайғамбардың «көк жүзін шарлаған саяхаты» туралы әңгімелейтін «Наһжул ферадистін» аудармасы.

Шығарманың бізге мәлім көшірмесі 1442 ж. жасалып 1823 ж. Парижде жарияланады. Жобердің «Түрік тілінің грамматикасы» деген еңбегінде оның литографиялық үлгімен берілген үзінділері келтірілген.

«**Бахтияр-наме**» шығармасының екі түрлі көшірмесі бар. Бірі ұйғыр жазуымен 1435 ж. жазылған. Қазір ол Оксфорд университетінің кітапханасында сақтаулы тұр. Екіншісі одан көп кейін көшірілген. Бұл еңбек те «Мираж-наме» сияқты діни әңгімелерден тұрады.

Орта Азия түріктерінің тілінде жазылған ескерткіштер

Орта ғасыр заманында Батыс Түркістан (Жетісу, Сырдария), Алтын Орда (Еділ өзені, Қырым) және Орта Азия (Хорезм, Самарқанд, Бұхара, Хиуа, Қоқан) аймағын жайлаған түріктердің тілінде XII—XVI ғасырларда жазылып қалған ескерткіштер деп мынадай жазба мұраларды атауға болады:

Хикмет («Парасаттылық»). Мұны кейде «Диуан» («Жинақ») деп те атайды. Оның «Диуани Хикмет» деген де аты бар. Авторы — Қожа Ахмет Ясауи — XI ғасырдың аяғында туып, 1167 ж. қайтыс болған. Осы күнгі Түркістан қаласын (бұл термин XVI ғасырдан бастап қолданылған) бұрын «Иеси» (кейде «Иаса», «Иасы», «Иасу», «Исы») деп атаған. Осыдан барып автордың атына оның шыққан қаласының атауы қосылып Ахмет Ясауи (Иасауи, Иессуй, Есеви, Ясави, Ясеуй) болып аталып кеткен. Бағзы бір тарихи деректерге қарағанда, Иеси дәл қазіргі Түркістан қаласының орнында емес, одан гөрі түстіктеу, Отырар қаласына (қазіргі Темір станциясында) жақындау жерге орналасқан болу керек.

Қожа Ахметтің әкесі Ибрагим бин Махмуд бин Ифтихар жергілікті түрік тұқымдас халықтардың ішінен шыққан қарапайым диқан болған. Ахметтің өзі қазіргі Сайрам қаласының маңайында туып, сол кездегі атакты Арыстан Баб пен Жүсіп Хамадани шайықтардан тәрбие алған. Ол әуелі өз елінде (Арыс-

тан Бабтан), сонан соң Бұхарада (Жүсіп Хамаданидан) оқыған. Оқуға жетік, білімге зерек болған. Иршад хұқығын (сопылық оқуын үйрететін право) алған. Көпшілік оқушыларға шарифат (шындыққа жету жолын) үйреткен. Бұхара сопыларының (нақи-бандилердің) қоғамын басқарған. Онда біраз жыл істеген соң, Ясы қаласына келіп орналасқан. Сопылық дін жолына қатты берілген. Діни уағыздамаларды жеңіл тілмен, барынша түсінікті етіп айтатын, маслихат-кеңестерін түйдек-түйдегімен ағызып отыратын шешен адам болған. Өзінің мінез-кұлқымен де, жүріс-тұрысымен де көпшілікті өзіне тарта білген. Бірте-бірте атағы көпке жайылып, бүкіл «Қыпшақ даласын» («Дешт-и Қыпшақты») аузына қаратқан. Орта Азия мен Еділ жағалауларының көшпелі тайпалары (түріктер) мен отырықшы мұсылмандарының ұлттық «әулиесі» болып саналған. Қара халықтан шығып «Хазіреті Сұлтан Шейх-ул-Ислам Қожа Ахмет Ясауи шайық» атанған (қазақтар оны көбінесе «Әзіреті Сұлтан Қожа Ахмет Ясауи» немесе тек «Әзіреті сұлтан» деп атайды).

Кең аймаққа жайылып, Сыр өңірін жағалап жаңа тарай бастаған ислам дінінің «рухани атасы» (нақтылы таратушысы және оның бұл дүниелік көзі) болып саналған. Ясауи өзінің сопылық оқуының негізгі мазмұны етіп мыналарды алған: жақсылық істеу, дүниеқор болмау, көнбістік көрсету, ұстаз сөзін ықыласпен тыңдау. Ахметтің бұл сияқты өсиеттері мен діни уағыздарын ұйып тыңдаушылар мен бас ұрып, аяғын құшушылар, муридтері (шәкірттері) де аз болмаған.

Сопылық жолын уағыздап, Ясауи бірталай өлең шығарған. Мазмұны — мистика, қияли дүние, дінге арналған соқыр сенім. Бірақ оның бұл шығармалары да көпке тараған, суфизм жолындағы мұсылмандардың гимніне айналып кеткен: олар (қоджоғон ұйымындағылар) зікір салғанда Ясауидің өлеңдерін айтады екен. «Хиқмет» — осындай өлеңдердің жинағы. Қолжазба күйінде кең тарап кеткендіктен, оның көшірмелері де өте көп. Түпнұсқасы, әрине, XII ғасырдың бірінші жартысында жазылған. Дәл қай жылы жазылғаны белгісіз. Түпнұсқаның өзі де бимәлім. Әр кезде, әр жерде жазылған оның көптеген көшірмелері бар. Әзірге белгілі ең бір ескі варианты деп XV ғасырдың ортасында жасалған көшірме нұсқасын айтуымыз керек (ол туралы «Сираж ал-Кулубтың» екінші вариантына байланысты айтылады). Басқалары XVIII—XIX ғасырларда көшіріліп, олардың біразы XX ғасырдың алғашқы жартысында табылған. Мысалы, Өзбек ССР Ғылым академиясының «Шығыс халықтарының қолжазбалар жинағы» деген бөлімінде Қожа Ахмет Ясауи шығармасының 11 түрлі көшірмесі, Москвадағы Азия халықтарының институтында 16 көшірмесі бар. Іздей берсе, оның басқа жерлерден де кездесуі мүмкін.

«Хиқметтің» әр түрлі қолжазбалары әр жерде бірнеше рет басылып шықты. Мысалы, оның бір нұсқасы 1887 ж. Қазанда,

екінші бір көшірмесі 1900 ж. Константинопольде, үшінші варианты 1911 ж. Ташкентте және Бұхарада (жылы көрсетілмеген) жарық көрді. Ол мазмұны жағынан — бүгінгі күннің ұғымына жат, түсінігі қиын, окшау дүние. Бірақ оның тілі, грамматикалық құрылысы мен сөздік қоры, синтаксистік тәсілдері мен фонетикалық жүйесі сол дәуір түріктерінің тілін зерттеп білу үшін қажет-ақ. Еңбек белгілі бір нормаға түсіп, екселген әдеби тілде емес, халықтың қарапайым сөйлеу тілінде жазылған. Алайда осы уақытқа дейін «Хикмет» тілі жайында жартымды ештеңе жазылып, жарық көрген емес. Жоғарыда көрсетілген қолжазбаларға, тіпті, қол да тиген жоқ. Кейбір ғалымдар «Хикметті» өзбек тілінің тарихымен байланысты зерттеу керектігін айтып жүр. «Қожа Ахмет Ясауи — түріктің суфистік әдебиетінің негізін салушы» деген де пікір бар. Осы пікір Ясауидің түрікмен әдебиетінің тарихындағы өзіндік ролі туралы да айтылады.

Хикмет. Авторы Сүлеймен Бақырғани (1186 ж. қайтыс болған). Оның «Хакім ата» деген лақап аты да бар. Кейде оны «Бақырған ата» деп те атайды. Хорезм өлкесіндегі Бақырған деген жерде туып өмір сүрген. Ясауидің көп шәкірттері мен муридтерінің ішінде атағы шыққан төртеудің бірі — осы Бақырғани. Заманында Ясауи бастаған поэтикалық шығармалардың үлгісі бойынша Сүлеймен Бақырғани да бірнеше өлеңдер жазған. Мақсаты — сол арқылы сопылық діннің уағыздамаларын халық санасына шым-шымдап ұялата беру еді.

Оның қолжазбалары Ясауи өлеңдерінің көшірмесімен аралас жүреді. Халық арасына көп тараған. Зікір салып, ел кезген дәруіштер Сүлеймен өлеңдерін мақамдап айтып жүретін болған. Мұның өзі Бақырғани шығармалары мен оның есімінің тарала түсуіне ықпал еткен. Кейінірек уақыттарда жазылған кейбір поэтикалық еңбектерде (мысалы, «Рашахат», «Самарат ал-машайх», «Ламахат» т. б.) Сүлеймен Бақырғани есімі жоғары бағаланады, ол туралы «әз қабар машайық түрік» («түріктер ішіндегі барынша бір қадірлі шайық») еді деп жазысады. Бақырғани өзі жайында кіші пейілдікпен:

Барча — йахшы, біз — йаман (Барша — жақсы, біз — жаман).

Барча — буғдай, біз — саман (Барша — бидай, біз — сабан), — деп жазған.

Сүлейменнің қолжазбалары «Бақырғани кітабы» деген атпен Қазанда бірнеше рет басылып шықты.

«Ясевизм» бағытын ұстаған осындай ақындар XII—XIII ғасырларда көп болған.

Мұқаддимат ал-адаб («Әдебиетке кіріспе») — лексикографиялық шығарма. Оның авторы Абулкасым Махмуд ибн Омар 1075 ж. Хорезм өлкесіндегі Замахшар аулында туып, 1144 ж. Үргеніш қаласында қайтыс болған. Сондықтан автордың атына оның туған жерінің атауын қосып аз-Замахшари деп атайды.

Хат танып, оқу оқи бастауды Замахшари имам болып істейтін өз әкесінен үйренген. Денсаулығының кемдігіне қарамай (оның бір аяғы жоқ болған) ол Үргеніштегі бір медреседе көшірмеші болып, жастайынан-ақ өз бетімен күн көріп өскен. Заманындағы атакты ұстаздардан оқи жүріп, Замахшари өз дәуірінің дарынды ғалымы, атакты ақыны, беделді мәдениет қайраткері болып жетіледі. Араб грамматикасы мен лексикографиясы, стилистикасы мен риторикасы, поэзиясы мен философиясы жайында көптеген туындылар жазады.

XII ғасырдың басында (1115—1120 ж.) Замахшари қажыға барып келеді де, «Мұқаддимат ал-адаб» деген еңбегін жазуға кіріседі. Ол еңбегін Хорезм мемлекетінің әйгілі билеушісі Атсыздың (1127—1156 жылдары тақта отырған) кітапханасына арнап жазған.

«Мұқаддимат ал-адаб», Н. А. Баскаковтың анықтауынша, XII ғасырдың ортасында жазылған. Бірақ оның бізге жетіп отырған көшірмесі 1305 және 1492 жылдары ғана жасалған. Қолжазбаның өзі сақталмаған. Мазмұны: арабша-түркіше және монғолша жазылған сөздік. Түркіше келтірілген сөздер В. В. Бартольдтың айтуына қарағанда, Орта Азия түріктерінің XII—XIII ғасырларда қолданылып жүрген әдеби тіліне тән. Еңбектің түркіше бөлімі 1938 ж. орыс тіліне аударылып, Москвада басылып шықты. Оның тілі туралы жарыққа шыққан зерттеу жұмыстары әзір жоқ.

Кітаб тарджуман фарси уа түрки уа моғоли («Парсы, түркі және монғол тілдерінің тәржімасы»). Авторы — Джамал эд-Дин Ибн Муханна. Қолжазба әрі грамматикалық оқу құралы, әрі сөздік есебінде жасалған. Осыған орай ол екі бөлімнен тұрады: а) грамматика бөлімі (дыбыс жүйесі, есімдіктер, септеу және қосымшалар); ә) сөздік бөлімі (арабша-түркіше).

Бұл еңбектің 6 түрлі қолжазбасы бар: үшеуі Оксфордта (Англия, Бодлея кітапханасында), біреуі Берлинде, енді біреуі Парижде (Ұлт кітапханасында), соңғысы Константинопольде (Мемлекеттік музейде) сақтаулы. Алдыңғы үшеуін академик-арабист В. Р. Розен (1875 ж.), кейінгі екеуін тюрколог П. М. Мелиоранский (1893 ж.) тапқан. Қолжазбаның осы бес түрін жинақтап, П. М. Мелиоранский монографиялық зерттеу жұмысын жазды (докторлық диссертация), оны өз алдына жеке кітап етіп бастырып та шығарды. П. М. Мелиоранский жазған кітап алты бөлімнен тұрады: 1) Кіріспе. Онда арабша-түркіше жазылған сөздіктер мен жеке көне түркі тілдері жөнінде жазылған грамматикалық зерттеулерге шолу жасалған және «Парсы, түркі және монғол тілдерінің тәржімасы» деген қолжазбаға байланысты мәліметтер келтірілген. 2) Грамматика: фонетика, зат есім, есімдік, сан есім, етістік, қосымшалар, шылаулар, сөз жасау тәсілдері. 3) Түпнұсқаның орысша аудармасы. 4) Түркі-

ше-орысша сөздік. 5) Сөздікке қосымша. 6) Түпнұсқаның қолжазба көшірмесі.

Қолжазбаның «Тіл шеберлігі және соны баяндау» деген алтыншы бір нұсқасын түрік ғалымы Кіліслі Рифат Константинопольдегі Мемлекеттік Музей кітапханасынан алып, 1921 ж. бастырады (түріктің белгілі зерттеушісі Бесім Аталай К. Рифат баспасын 1919., А. Баттал 1922 ж. жарияланып еді дегенді айтады. Біз С. Е. Малов көрсеткен жылды есепке алып отырмыз). Барлық нұсқаның ішіндегі ең бір ескісі де, барынша толығы да осы вариант. Ғылым дүниесінде ХІХ ғасырдың аяғына дейін белгісіз болып келгендіктен, ол П. М. Мелиоранский баспасына енбей қалған. Кейінірек осы қолжазба туралы С. Е. Малов арнаулы мақала да жазды. Осы нұсқаның түркіше бөлімін қазіргі түрік тіліне аударып, екі тілдік сөздік есебінде Түркия ғалымы Аптуллаһ Баттал 1934 жылы тағы да бір кітап жазып шығарды. Оның ерекшелігі мынада: Ибн Муханна сөздігінің материалдарын көптеген көне түркі жазбаларымен бірге қазіргі тірі тілдерден тек қазақ пен Қазан татарларының тілін ғана алып салыстырады. Олардың арасында өз ара сәйкес келетін мысалдар толып жатыр.

Біз айтып өткен 6 түрлі қолжазбаның алтауы да — нағыз түпнұсқа емес, белгілі бір түпнұсқаның (архетиптің) әрқилы көшірмесі ғана. Олардың арасында айырмашылықтары да бар. Мысалы, Рифат баспасындағы жалпы сөздердің саны П. М. Мелиоранский нұсқасындағы сөздерге қарағанда он проценттей көп. Константинополь нұсқасында харакелер түгел қойылған болса, басқа варианттарда олай емес. Осы нұсқада еңбектің авторы көрсетілген де, басқа көшірмелерде ол аталмаған. Бұл вариант «Нилйат-ул-инсан ва һалбат ул-лисан» деп аталады да, Мелиоранский бастырып шығарған нұсқалар «Китаб тарджуман фарси уа турки ва моғоли» делінген. Түркиядан табылған нұсқа — алғашқы көшірме де, Батыс Европада табылғандары кейініректе (ХV—ХVІ ғ.) жасалған, онда да кем-кетігі мол, толық емес көшірмелер (біреуі монғолша және түркіше тәржіма, екіншісі парсыша және түркіше тәржіма, үшіншісі тек түркіше ғана тәржіма т. с.).

Қолжазбаның жазылған жері мен уақыты анық мәлім емес. Әр алуан болжамдарға сүйеніп, осы күнгі зерттеушілер оның алғашқы көшірмесі ХІІІ ғасырдың аяғы мен ХІV ғасырдың басында (мүмкін ХІV ғасырдың өзінде ғана) жасалған деп жүр. Қалай болған күнде де түпнұсқаның ХІІІ ғасырда өмір сүрген белгілі бір түркі халықтарының тілінде жазылғандығы күмән тудырмайды.

Өз айтуына қарағанда, автор қолжазбаға тиісті материалдарды ел аузынан да, жазба нұсқалардан да жинаған. Ауызекі сөйлеу тілі фактілерін, ол, көбінесе, үш түрлі диалектіге бөліп қарайды: түркістан диалектісі, түрікмен диалектісі және автор-

дың «өз аулының» диалектісі, яғни автор өзі тұрған жердегі түріктердің тіліне тән ерекшеліктері.¹

Әсіресе көбірек аталатындары — түркістан диалектісі мен жергілікті диалектілер. Кейде автор «өз аулы» диалектісінің ішінде болып тұратын говорлық айырмашылықтарға да назар аударып отырады.

«Біздің түріктердің тілінде» дегенде автордың қай түріктерді және қай жерде тұратын түріктерді айтып отырғаны белгісіз. Кейбір зерттеушілер (мысалы, П. М. Мелиоранский) еңбек солтүстік-батыс Персияда (қазіргі Азербайжан) және Хулагидтер заманында (XII—XIV ғ.) жазылған болу керек деген оймен қолжазба тілі «көне азербайжан тілі» болуы мүмкін деп жорамалдайды.

С. Е. Малов қолжазбаның жазылған уақыты мен жері туралы мәселеге таласпайды. Бірақ Шыңғыс тұқымдарының әскери ісін қыпшақтар басқарғанмен, жазу-сызу жұмыстары мен кеңсе қызметтерін Шығыс Түркістан атырабынан шыққандар (мысалы, ұйғырлар) жүргізген еді ғой деген пікірге сүйеніп, қолжазба Шығыс Түркістан (Қашкар, ұйғыр) түріктерінің тілінде жазылған болу керек деп қарайды. Демек, қолжазба авторының (не оны алғашқы көшірушінің) өзі де осы тілде сөйлейтін болған. Оңтүстік (оғыз) тілдері мен Шығыс түрік тілдеріне тән кейбір элементтердің қолжазба тілінде қалай болса солай аралас келіп отыратыны да, С. Е. Маловтың пікіріне қарағанда, осы себептерден болса керек. Қалай болғанда да, қолжазбаны неше түрлі көшірмешілер бізге жеткенше сан саққа жүгірткені байқалады. Әрбір адам өзіне түсініксіз сөздердің орнына өзі білетін сөздер мен формаларды жазып, өзгертіп отырған. Жалпы алғанда, ескерткіш тілінің ала-кұла болып келетіні де сондықтан. Бір ғана сөздің өзі бір нұсқада бір түрлі, екінші нұсқада екінші түрлі, үшінші бір нұсқада тіпті жоқ т. с. болып жүргені — осындай ұзақ уақыт бойына жасалған өзгерістер мен ауытқулардың жемісі.

Хулагидтер заманында түрікше сөйлейтіндер жауынгерлер мен әскери басшылар, әкімшілік басқару аппаратындағылар мен сарай айналасындағы шонжарлар, кеңесшілер мен кеңсешілдер болған. Жалпы алып қарағанда, монғолдар жорығында

¹ «Түркістан диалектісі» деп автор Түркістан өлкесінде тұратын түріктердің тілін айтатын болу керек. Бірақ осы өлкенің ол шегі мен бұл шегін XIII—XV ғасырлардағы араб зерттеушілерінің сөзіне қарап дәл анықтай қою қиын-ақ. Сырдария өзенінің солтүстік-шығыс өңірін ала Қытай еліндегі Шыңжаң аймағына дейінгі аумақты әдетте «Түркістан» («түркі елі») деп жүр. Сонда біздің Түркістан «Батыс Түркістан», түрік халықтары мекендеген Қытай өлкесі «Шығыс Түркістан» болып аталады. Түрікмен тайпалары ол кезде көше барып орналасқан түркі халықтары (әсіресе оғыздар мен қыпшақтар) жүрген жердің бәрінде де болған: Мысырда, Сирияда, Кіші Азияда т. б. Негізгі отаны — Каспий теңізінің мұнайы (оңтүстік-шығыс алабы).

түріктер басты күш саналған. Олар сан жағынан көп те, мәдени дәрежесі жағынан басым түсіп отырған. Ең жоғарғы болмаса да бергі жердегі биліктің барлығын түріктер өз қолында ұстаған. Сондықтан да Хулагидтер өкіметі көп ұзамай түріктердің қолына көшкен. Сан жағынан алғанда онсыз да мардымсыз монғолдар бірте-бірте сіңісіп, ақыр соңында түрік болып кеткен. Басты-басты орталықтардың бәрінде де (мысалы, Алтын Орда) монғол үстемдігінің тарихи тағдыры осылай шешілген.

Монғол жаугершілігінің алдында болсын, не монғолдар шабуылы кезінде болсын Еділ мен Қырымда, Таяу Шығыс пен Кіші Азияда түрік халықтарының алдыңғы сапында қыпшақтар мен оғыздар жүрді. Сондықтан ел атауы болсын, тіл атауы болсын, тағы басқа да толып жатқан ресми атаулар көбіне-көп көш бастаған үстем топтың атына қарап қойылуға тиісті деп есептесек, онда «Парсы, түркі және монғол тәржімасы» авторының айтып отырған «өз аулы» диалектісі де осы кездегі түрік қауымдарының арасында көбірек көзге түсіп жүрген қыпшақтар (не оғыздар) тілі болу керек.

Қиссасул анбия («Әулиелер тарихы»), қысқаша «Қиссас-и Рабғузы» деп те атай береді. Авторы — Насыр ед-Дин бин Бурхан ед-Дин ар-Рабғузы (қысқаша Насыр Рабғузы). Ол 1310 ж. жазылып, Насыреддин Ток Буға князге тарту етілген. Парсы тілінен түркі тіліне аударылған көшірме еңбек. Қолжазбаның бірнеше көшірмелері бар. Ленинград архивіндегі жазбалар XVI ғасырда жасалған.

Ең ескі түрі — Лондондағы қолжазба. Ол XV ғасырда жазылған делініп жүр. Түпнұсқасын К. Гренбек бастырып шығарған (Копенгаген, 1948 ж.). Толық тексін Н. И. Ильминский бастырды (Қазан, 1859 ж.). Кейбір үзінділерін М. Мелиоранский (1897 ж.), С. Малов (1930 ж.) жариялаған болатын. Яков Шинкевич «Рабғузы еңбегінің синтаксисі» (неміс тілінде, 1926—1927 ж.) деген көлемді зерттеу жұмысын жазды. Басқа да бірнеше баспалары бар: Шемсуддин Хусаинов Н. И. Ильминский баспасын қайталаған (Қазан, 1881 ж.); Гулям Хасан Арифджанов — литографиялық баспа «Қиссасул анбия» (Ташкент, 1917 ж.); «Өзбек әдебиетінің үлгілері» (Ташкент — Самарқанд, 1928 ж.) деген жинақта үзінділер келтірілген. Л. Будагов пен В. Радловтың белгілі сөздіктерінде де «Қиссасул анбияның» лексикалық материалдары бар. Еңбек жақсы төселген, ұтымды да ширақ тілмен жазылған. Оның тілі, С. Е. Маловтың айтуына қарағанда, шығыс түріктерінің XI ғасырдағы Қараханидтер дәуірінде қолданған тіліне, оның Қашқар диалектісіне ұқсас келетін сияқты.

Му'инул мурид — ислам дінін уағыздайтын, өлең ырғағымен Хорезм өлкесінде тұратын түріктердің тілінде жазылған еңбек. Ол 1313 ж. декабрь айында жазылып біткен. Не бәрі жалғыз дана. Бірінші рет тауып жариялаған, транскрипциясы мен аудар-

масын жасап, зерттеген кісі — Ахмед Зеки Велиди Тоған (1926 ж.).

Хұсрау уа Шырын («Хұсрау мен Шырын»). Авторы — Кутб. Ол XIV ғасырдың алғашқы жартысында өмір сүрген. Қолжазба жалғыз дана, Париждің ұлттық кітапханасында сақтаулы. Еңбек 1342 ж. Өзбек ханның үлкен баласы Тыныбек пен Хан Малик-Хатун ханшаға арналып жазылған. Қазіргі әңгіме болып жүрген «Хұсрау уа Шырын»—1383 ж. Берке Факих (қыпшақ жұртынан, Алтын Орда аймағында туып, Мысыр еліне барып тұрған) жасаған осы түпнұсқаның көшірмесі. Түпнұсқаның тағыры қазірге дейін белгісіз.

Қолжазба — әйгілі Низамидің «Хосров и Ширин» шығармасының аудармасы (көшірмешінің өз жанынан шығарған 52 бәйітін қоспағанда), яғни соның түркіше жазылған бір версиясы. Поэтикалық ерекшелігі жағынан «Құтадғу білікке» ұқсайды. Мазмұны мынадай: а) Кіріспе (еңбектің жазылу себебі, арнау өлеңдер), ә) Хұсрау мен Шырын, б) Фархад пен Шырын. Негізгі бөлімде (соңғы екі бөлімде) екі жас арасындағы сүйіспеншілік пен махаббат жырланады. Поляктың көрнекті ғалымы А. Зайончковский 1958 ж. көшірменің түпнұсқасын және тексін (латын әрпімен транскрипцияланған), 1961 ж. сөздігін бастырып шығарды. Поляк, неміс тілдерінде бірнеше мақалалар жариялап, оның лексика-морфологиялық ерекшеліктерін зерттеді. Сюжет желісін Низами жазған парсы тіліндегі архетипімен салыстырды. Түрік (Ф. Көпрүлү, А. Инан т. б.), француз тілдерінде де бірсыпыра зерттеулер жарық көрді.

«Хұсрау уа Шырын» өзбек әдебиетінің тарихымен тығыз байланыстыра қаралып жүр. Ол жөнінде А. Тагирджановтың, Ә. Наджиптің еңбектерін атауға болады. «Хұсрау уа Шырын» Орта Азия түріктерінің (қыпшақ пен шығыс түріктерінің) тілінде, Жошы ұлысы мен Алтын Орда уәләйатының әдеби тілінде жазылған (А. Н. Самойлович).

Мухаббатнама («Махаббат жыры») 1353 ж. жазылған (Хижра есебі бойынша 754 ж.). Еңбекте былай делінген:

Бу дафтар ким болуп тур Мыср қанды,
Иеті йүз еллі төрт ичра түгенді.

Аудармасы: Бұ дәптер болып тұрған Мысыр қанты,
Жеті жүз елу төртінші жылы бітті.

Авторы — Хорезм Раванди. Бұл — оның лақап аты, тахаллусы (псевдонимі). Шын аты да, өмірі де анық емес. С. А. Аманжолов Хорезмидің руы қоңырат еді деп жазады.

Еңбектің жазылған жері туралы автор былай дейді:

«Мухаббатнама» сөзін мұнда біттім,
Қамуғын Сыр йкасында біттім.

Аудармасы:

«Мухаббатнама» сөзін мұнда жаздым,
Барлығын Сыр жағасында біттім.

Сыр бойы, ондағы әйгілі қала Сығнақ (осы күнгі Сунақ ата) ол кезде Ақ орданың құрамына кіретін де, өз алдына дербес өңір саналса да, сол арқылы Алтын Ордаға бағынып тұратын.

«Мухаббатнама» қоңырат руынан шыққан Қожабектің өтініші бойынша жазылған. Мұқамбет Қожабектің аты кітапта 1342—1357 жылдары Алтын Орданы билеп тұрған Жәнібек ханмен (Өзбек ханның баласы) байланысты айтылады.

«Мухаббатнама» жазбасының екі түрлі көшірмесі бар. Біреуі араб жазуымен, екіншісі ұйғыр жазуымен жазылған. Біріншісі — XVI ғасырда (1509 ж.) жасалған көшірме (толық түрі), екіншісі — XV ғасырда (1432 ж.) көшірілген (толық емес). Араб жазуымен берілген вариантын ең алғаш зерттеген ғалым — А. Н. Самойлович. Бірен-саран үзінділер өзбек әдебиетінің тарихына байланысты жарияланып жүр. Көлемі 24 парақ, 48 бет (474 бәйіт өлең, 948 жол). Мазмұны: жігіттің қызға жазған сүйіспендік хаттары (небәрі 11 хат). Ұйғыр әрпімен жазылған вариантын алғаш кездестірген ғалым — В. В. Бартольд. Көшірмені жасаушы — Бақыр Мансур бақсы. Ол Шахрух ханның Гераттағы әскери қолбасшысы (1407—1444 жылдары) Мир Джалаладдин мырзаға арнап, әдейі көшірген. Көлемі 14 парақ, 28 бет. Осы варианты жөнінде А. М. Щербак арнаулы ғылыми зерттеу жұмыстарын жүргізген (1959 ж.). Көшірменің түпнұсқасы, транскрипцияланған тексі және түсініктемелері 1957 ж. Неапольде басылып шықты (бастырушы — Турхан Ганджей).

Қолжазбаның екеуі де Лондонның Британ музейінде сақтаулы. Ол екеуін өз ара салыстырып, орыс алфавитімен транскрипциялап және орыс тіліне аударып, Э. Н. Наджип қайта бастырып шығарды (1961 ж.). Онда арабша жазылған текст, оған берілген түсініктеме және сөздік бөлімі бар.

«Мухаббатнама» — ел арасына көп тараған, әсіресе Орта Азияда аса мәлім шығарма. Әлішер Науаи өзінің «Мұхақамат ал-луғатайн» деген шығармасында осы «Мухаббатнамадан» екі жол өлең келтіреді. Демек, бұл оның «Мухаббатнаманы» жоғары бағалағанын көрсетсе керек. «Мухаббатнамаға» еліктеп бірсыпыра шығармалар да жазылған. Мысалы, «Ташшукнама» (ол туралы төменде айтылады), «Латафатнама» т. б.

«Мухаббатнаманың» ұйғыр жазуымен жазылған варианты үлкен бір қолжазбаның ішінен табылған. Қолжазба әр алуан шығармалардың жинағы іспетті. Бәрі де ұйғыр жазуымен 1432 ж. жазылған. Тұтас жинақ етіп, көшіріп шыққан адам — Бақыр Мансур. Жазбаның жалпы көлемі — 182 парақ (әр бетте 16 жол жазу бар). Енді осы жинақта келтірілген еңбектерге шолу жасай кетейік.

Сираж ал-кулуб («Жүрек шырағы»). Бұл шығарманың әзірге белгілі екі данасы бар. Біріншісі — 1432 ж. Йезде қаласында көшіріліп алынған варианты. Көлемі 128 парақ (256 бет.). То-

лық емес; басынан, ортасынан түсіп қалған жерлері бар. «Сираж»—аударма еңбек. Араб, парсы әдебиетінде «Сираж ал-кулубтың» бірнеше нұсқалары бар. Түркі тіліне дәл қай нұсқадан аударылғаны белгісіз. Жазба сұрақ-жауаптардан тұрады. Қойылған сұрақтар әулие-әнбиелердің «өмір болмысы» жайлы. Демек, «Сираж»— діни кітап. Осы мазмұндас бір текст 1875 ж. Қазанда басылған. Бұдан басқа «Сираж» не басылып, не зерттеліп көрген емес.

«Сираждың» араб әрпімен жазылған екінші нұсқасы—СССР-дің Орталық мемлекеттік архивіндегі қолжазба. Ол діни мазмұнда жазылған шығармалар жинағының ішінен табылған. Көлемі 224 парақ (448 бет), әр парақта 11 жол жазу бар. Араб тілінен 1553 ж. Доснақ қаласында аударылған. Аударушы (не көшірмеші)— Аднаш Хафиз бин Мухаммад Аднаш Хафиз. Тіл материалдарына қарағанда, қолжазбаның негізгі варианты XI—XIV ғасырларда жасалған болу керек. Мазмұны: бір еврейдің қойған сұрақтары мен оған Мұхаммед пайғамбардың берген жауаптары (дүниенің жаралуы мен ақырзаман туралы, жұмақ пен тозақ жөнінде, пайғамбарлар өмірі т. б. табиғат пен өмір-тіршілік харақеттері жайлы әңгімелер).

Араб алфавитімен жазылған осы жинақтың ішінде XII ғасырдың ақыны Қожа Ахмет Ясауидің «Хикметтері» мен шешендік сөздері бар. XV ғасырдың ортасында жасалған бұл қолжазба Ясауи шығармаларының ең бір ескі нұсқасы (басқа нұсқалары XVI ғасырдан әлдеқайда кейін және көп өзгертіліп жазылған). Қожа Ахметтің шәкірті Құл-Сүлеймен (лақап аты — Хақім ата) шайықтың да осында бірсыпыра өлеңдері сақталған (жоғарыда ол «Хикмет» деген тақырыппен байланысты аталды).

«Сираждың» екінші варианты да, ондаған Ясауи мен Бақырғани өлеңдері де өз алдына арнайы зерттелген емес.

Рахат ал-кулуб («Жүрек рахаты») — белгісіз бір қолжазбаның үзіндісі. Көлемі 22 парақ (44 бет). Әр түрлі әңгімелерден құралған. В. Бартольдтың айтуына қарағанда, Ферид ад-Дин Шақар Генжа шайықтың Индиядағы мұрагері Низам ад-Дин Бадауни шайықпен әңгімелескен сөздерін баяндайтын «Рахат ал-кулуб» деген бір қолжазба болғанға ұқсайды (1257—1258 жылдары жазылып алынған). А. М. Щербак Нығметхан Ғалидің де (1710 ж. қайтыс болған) осы аттас бір еңбегі болғандығын атап өтеді. Әңгіме болып отырған «Рахат» осы еңбектің бірінен алынған үзінді болса керек. Шетел әдебиеттерінде андасанда бір аталып жүргені болмаса, бұл жазба да өз алдына жеке алынып әзірге зерттеле қойған жоқ.

Неһжүл Ферадис («Жұмаққа баратын жол»). Авторы — Махмуд бин Али (С. А. Аманжоловтың айтуынша, кердері руынан шыққан). 1358 ж. Хорезм қаласында жазылған. Тілі жеңіл, карапайым халыққа арналған көлемді прозалық шығарма. Төрт тараудан тұрады: 1) Мұхаммед пайғамбардың өмірі мен қызме-

ті туралы; 2) басқа діни адамдардың (Рашиди, Али, Фатима т. б.) өмірі мен тіршілігі; 3) адамдардың жақсы істері және 4) олардың жаман істері жайындағы әңгімелер.

Қолжазбаның бірнеше варианты бар. Біз айтып отырған көшірмені 1360 ж. Мухаммед бин Мухаммед Хусров ал-Хорезми жасаған. Көшірме Стамбулдағы Сүлеймен кітапханасында сақтаулы. Түпнұсқасын 1956 ж. Я. Экман бастырып шығарды (қолжазба туралы жазылған алғы сөз бар). Қолжазбаға қатысты кейбір мәліметтер француз (1933 ж.), неміс (1959 ж.), поляк, түрік тілдерінде басылды. Бірлі-жарым зерттеулер мен қолжазбадан алынған үзінділері түрік тілінде жарияланды (1926, 1934, 1943, 1950, 1953, 1954, 1955 ж.). Кейбір үлгілері өзбек әдебиетінің тарихымен байланысты жарыққа шығып жүр. Жалпы алғанда еңбек кыпшақтар мен оғыздардың аралас тілінде жазылған ескерткіш болып есептеледі.

Басқа варианттары жайлы Якуб Кемал (1930 ж.), Шихабуддин Маржани (1885 ж.), Янаш Экман (1963 ж.) сияқты ғалымдар пікір айтқан болатын. Бірақ ол варианттар әлі толық айқындалып, ғылым дүниесіне мәлім болған жоқ.

Гүлистан бит-түрки («Гүлстанның түркішесі»). Қолжазба — 372 бет. Әр бетте 13 жолдан жазу бар. Өте сұлу каллиграфиялық жазумен, сириялық қаракөк жібек қағазға жазылған. Қолтаңба автордың өзінікі болса керек. Ол қазір Лейден (Голландия) кітапханасында сақтаулы. Авторы — Сейф Сарайи.

«Гүлистан» жазбасы туралы алғаш хабарлаған — венгер ғалымы Тори Йозеф (1915 ж.). Жазбаның ең алғаш фотокөшірмесі мен оның түрікше аудармасын басып шығарған дәрігер проф. Ф. Н. Узлук (1945 ж.).

Еңбек — Шығыстың атышулы жеті ақынының бірі Саадидің қаламынан туып, парсы тілінде жазылған «Гүлистан» поэмасының еркін аудармасы. Аударма өлеңдер арагидік автордың қолтума шығармаларымен аралас келіп отырады. Мысалы, шығарманың басында (3-бет) қолжазбаны Сарай қаласынан шыққан Сейф ақынның Египет өңірін билеп тұрған Тейхасбек Әмірге арнап жазғандығы туралы әңгіме болады. Сонан соң аударма басталады. Бірақ көп ұзамай аудармашы өзінің көктем көріністерін суреттейтін лирикалық өлеңдерін келтіріп өтеді. Одан әрі бір қыдыру аудармадан соң, автор тағы да өзінің «Гүлистанды» аудару себебі жайында 87 түрлі бәйіт жазып түсіндіреді. Сонымен, еңбектің аударма жағы 355-бетпен аяқталады. Қалған беттері автордың өз өлеңдеріне арналған. Автор өлеңдерінің негізгі мазмұны (мотиві) — ақыл айту мен кеңес беру, өмір жайлы өзінің ойларын жырлау.

«Гүлистанның» еркін аударма екендігін мынадан да көруге болады: аудармашы кейде өлеңмен аударса, кейде оны желдірме қара сөзбен берген; кейде қысқартып аударса, енді бірде жанынан сөз қосып, ұзартып отырған; кейде бір үзінділердің маз-

мұнын ғана теріп айтса, іле-шала бұлжытпай жолма-жол аударған. Түпнұсқаның қол тимеген, қалып қойған жерлері тағы бар. Осындай ерекшеліктеріне байланысты «Гүлистан» бір жағынан еркін аударма болса, екінші жағынан ол Алтын Орда жұртшылығынан шыққан ақынның қолтума шығармалары жазылған еңбек ретінде де қаралуға тиісті.

«Гүлистан» жазбасында тек Сейф Сарайи ақынның ғана емес, оның үстіне сол кездегі Египет өңірін жайлаған көптеген басқа ақын-шайырлардың да ғазалдары бар. Мысалы, жазбаның 1-бетінде түркі мен парсы тілінде жазылған жеті ауыз өлең бар (оларды бірнеше ақын жазған, қолтаңбалары да әр түрлі). Олардың біреуі «Гүлистан» аудармасының авторыныкі. Жазбаның соңындағы 8 ғазалды түркі халықтарының сол кездегі белгілі 8 ақыны жазған. Оның бірі — әйгілі «Мухаббатнаманың» авторы Хорезми. Ғазалдардың бәріне де С. Сарайи өзінше жауап жазып қалдырған. Одан әрі автордың бірнеше басқа ғазалдары мен рубаяттары келтірілген.

Сонымен, «Гүлистанды» мынандай негізгі бөлімдерге жіктеуге болады: аудармаға арналған сөз (2—6 парақ), аударма (7—178 парақ), лирикалық өлеңдер (179—185 парақ), халық өлеңі (185 бет), сөздік (186—187 беттер).

Қолжазба толық зерттелген емес. Азын-аулақ үзінділері ғана әр жерде жарияланып жүр (Мысалы, «Узбек адабиеті», I том, 1959; «Алтын ордалық халық» өлеңі, «Акта Ориенталия» журналы, Будапешт, 1962, 1963 ж.; «Совет әдебиаты», 1967, татар тілінде, Қазан т. б.). «Гүлистан» туралы венгер, неміс, түрік және ағылшын тілдерінде жазылған бірді-екілі зерттеу жұмыстары мен информациялық хабарлар басылды.

Қолжазба XIV ғасырдың аяғында біткен. Жазбаның соңғы бетіне «793 жылдың шаввал айы» деп қол қойылған (біздің есебіміз бойынша 1391 жылдың август айы). Аударманың тілі барынша қарапайым, жеңіл де түсінікті. Ұғымы қиын сөздер мен тіркестерден автор әдейі бойын аулақ салып отырған. Араб-иран тілдерінің элементтерін де ол өте үлкен сақтықпен пайдаланған, сирек қолданған. Дегенмен, заман ағысы «Гүлистан» аудармасының тіліне де әсерін тигізбей қала алмаған. Түрік галымы А. Баттал-Таймас еңбек қыпшақ тілінде жазылған деген қорытындыға келеді. Бірақ ол кездегі қыпшақтар оғыз руларымен, әсіресе түрікмен тайпаларымен мидай араласып, қатар өмір сүргендіктен, ол заманғы қыпшақ тіліне оғыз тілдерінің әсері тимей қалуы мүмкін емес еді.

Мамлюк түріктерінің негізгі ұйтқысы қыпшақтар болғанымен, олардың қарамағындағы тайпалар «қырық қылаудан құралған», ала-құла халық болатын. Алтын Орда мемлекетінің этникалық құрамы да осы іспеттес еді. Аударма тіліндегі кейбір сөздердің фонетикалық жағынан бір емес, бірнеше вариантқа жазылып қалғаны да осыдан. «Гүлистан» шығармасын жан-жан-

ты толық зерттеген проф. Ә. Наджип оны қыпшақша да, оғызша да қолданыла беретін, немесе осы екі тілдің элементтері қосылып қолданылатын әдеби тілде (екі тіл негізінде жасалған әдеби тілде) жазылған деп ұйғарады. Ол әдеби тіл, Ә. Наджиптің ойынша, Алтын Орда хандығы мен Египет мемлекетіне де ортақ болған.

Қолжазбаның жазылып біткен кезінде Сейф Сарайи 70 жаста екен. Сонда ол 1321 ж. туған. Алтын Орданы Өзбек хан билеп тұрған кезде (1312—1342 жылдары) ол Мысыр еліне өтіп кеткен де, өмірінің соңғы жылдарын сонда өткізген. Ол шебер жазатын дарынды ақын, көп оқыған білімдар, әйгілі де атақты адам болған.

Оғызнама («Оғыз тарихы»). «Оғызнаманың» түпнұсқасы, шамамен алғанда, IX—X ғасырларда жасалған болу керек. Бірақ олар біздің уақытымызға дейін сақталмаған. «Оғызнаманың» кейінірек шығарылған (немесе қайтадан жазылып алынған) екі түрлі нұсқасы бар. Бірі ұйғыр алфавитімен, екіншісі араб әрпімен жазылған. Оғыз — түркі халықтарының аты аңызға айналып кеткен батыры, қол бастаушысы. Оғыз хан (немесе Оғыз қаған) — оғыз тайпалары мен руларының атасы. Бізге мәлім варианттардың бәрінде де Оғыздың өмірі мен әскери жорықтары, халық игілігі үшін сіңірген еңбектері мен қоғам қайраткері ретіндегі істері әңгімеленеді.

Ұйғыр жазуымен берілген нұсқа 21 парақтан (42 беттен) тұрады. Әр бетке 9 жолдан жазылған. Жазылған жері жөнінде Жетісу өңірін жайлаған ж дыбысымен сөйлейтін тайпалардың ортасы болу керек деген пікір бар. «Оғызнаманың» транскрипцияланған тексі мен орысша аудармасын жасап, грамматикалық ерекшеліктерін сипаттап, түсініктемелерін жазған А. М. Щербак мұны XIII ғасырдың аяғы, XIV ғасырдың басында, Турфан аймағында, қарлуқ-ұйғыр тілінің ортаазиялық диалектісінде жазылған дейді (1959 ж.).

Араб алфавитімен жазылған нұсқасының авторы — атақты Абулғазы бин Араб Мухаммедхан (1603—1664 жылы). Ол — Шыңғыс тұқымынан тараған, Шейбанидің (Жошының баласы) ұрпағы. Ш. Уәлихановтың пікіріне сүйеніп, С. А. Аманжолов оны қазақ еді деп жазады (1959 ж.). Ол өзі — тарихта Хиуаның ханы, атақты әскери қолбасшы, әрі үлкен тарихшы ретінде мәлім болған адам. Абулғазының жазған екі еңбегі бар: а) **Шежере-й терекіме** («Түрікмен шежіресі», 1661 ж.), ә) **Шежере-й түрік** («Түріктер шежіресі»). Екінші кітабы аяқталмай қалған. Екеуінің де мазмұны Оғыз хан жайында: Оғыз бен оның ұрпақтары туралы әңгіме шертетін эпостық сюжеттер, оғыз тайпаларының шығу тегі, олардың елі мен жері, өмірі мен тұрмысы, таңбасы мен тамғасы, күресі мен тартысы, құрылысы мен құрамы, әдеті мен ғұрпы, көрші-қолаңы т. т. қакындағы шежіре әңгіме.

Бірінші аталған шығарманың әр уақытта, әр жерде көшіріл-

ген 7 варианты бар. А. Н. Кононов соның бәрін жинақтап, өз ара салыстырып, араб алфавитінде жазылып, бір ізге түскен текст жасады да; оны орыс тіліне аударды, грамматикалық зерттеулер мен сан салалы (тарихи, лингвистикалық, географиялық, этнографиялық т. б.) түсініктемелер жасады (1958 ж.).

Орта Азия халықтарының мәдени тарихын зерттеу үшін «Оғызнаманың» маңызы өте зор. Еліміздің атақты тарихшылары бұл ескерткішті өте жоғары бағалайды. Ол тек оғыз тілдері ғана емес, жалпы ортаазиялық түркі тілдері үшін, соның ішінде қыпшақ тілдері үшін де үлкен тарихи, ғылыми мәнге ие.

Орта Азия мен Қазақстан жерінде әрдайым айтылып жүретін «Қорқыт ата» туралы әңгімелер көп ретте-ақ осы «Оғызнамамен» іліктес, сюжеттес келеді. Сондықтан оларды өз ара тығыз, тарихи байланыста алып қарау керек.

Ташшукнама («Ғашық жыры») 1435 ж. жазылған. Авторы — Сиди Ахмед. Еңбек «Мухаббатнамаға» еліктеп жазылған. Көлемі 16 парақ (32 бет). Осы күні Британ музейінде сақтаулы. Өзі жалғыз дана. Шығарма қолжазбалардан құрастырылған үлкен бір жинақтың ішінен табылған (соның 273—289 парақтары). Жинақ ұйғыр жазуымен жазылған. «Мухаббатнаманың» бір көшірмесі де осы жинақтың ішінде. «Ташшукнаманың» мазмұны мынадай: кіріспе бөлім, негізгі бөлім (ғашықтық сезімді жырлаған 10 хат), бірнеше арнау сөз және соңғы бөлім. Еңбек Орта Азия түріктерінің тілінде жазылған. Арнайы зерттеу объектісі болған емес.

Саянама. Мавреннаһр жерінде (Сыр мен Амударияларының арасында), Хорезм өлкесінде XIV—XV ғасырларда жазылған. Оның 1819 ж. Бұхарада жасалған бір көшірмесі «Шежере-й түрк» көшірмесімен бірге тігілген. Екі көшірме де бір кісінің қолынан шыққан.

Қолжазба екі бөлімнен құралған: а) мүшелі жыл жайында және соған байланысты табиғат құбылыстары мен олардың белгілері туралы; ә) наурыздың аптадағы қай күнге тап келуіне байланысты жаңа жылдың қалай болып өтетіндігі жөніндегі болжамдар мен ырымдар, толғам-тұжырымдар. Еңбек сол кездегі Орта Азияны мекендейтін түріктердің тілінде баяндалған. Қолжазбаның тілі жатық, сөз орамы ширақ, әдеби тілдің ауқымында жазылған.

Тарджума шаһнама («Шаһнаманың тәржімесі») — Түркияның Топқапы сарайында сақтаулы тұрған қолжазба. Бұл — Фердоуси Туси шығармасының түркіше аудармасы. Аударған — Хусейн Хасан Мухаммед ал-Хорезми. Ол сұлтан Чемнің жұмсауымен Мысырға барып, «Шаһнаманы» аударып, оны сондағы Қансух Гури сұлтанға тарту еткен. Қолжазба 1511 жылдың март айында, Каирде жазылып біткен. Польшаның көрнекті тюркологы А. Зайончковский «Шаһнама тәржімасын» 1965 жылы Варшавада бастырып шығарды. Онда араб алфавитімен жазылған

«Шаһнама» түпнұсқасының фотокошірмесі және тексттің латын әрпімен транскрипцияланған варианты бар. Қолжазбаның зерттелу тарихы мен өзіндік ерекшеліктері туралы деректер осы басылымның «Кіріспе» бөлімінде келтірілген. Әр кезде, әр тілде жазылған ұзынды-қысқалы хабарлар ғана болмаса, бұл еңбек бұрын-соңды тиянақты түрде зерттелген емес. Бірлі-жарым үзінділері тек түрік тілінде ғана басылып жүр. Ескерткіш ескі осман тілінің тарихы үшін аса бір бағалы мұра бола тұра, көне қыпшақ тілі мен Алтын Орда, Хорезм халықтарының мәдени тарихы үшін де маңызы аз емес.

Эпиграфикалық ескерткіштер. Әр алуан заттардың бетіне жазылған сөздерді әдетте «эпиграфикалық ескерткіштер» қатарына жатқызамыз. Түркі тілдерінің тарихында ондай заттардың түрі өте көп. Мысалы, ыдыс-аяқ, ағаш таяқ, қолсандық, белдік, құмыра, үйдің қабырғасы т. б. Мұндай ескерткіштер әсіресе мола басына қойылатын құлпы тастардың (балбал тастар мен сынтастардың) бетінен жиі ұшырайды. Олар түркі тайпалары жайлаған өңірдің қай тарапынан болса да кездесе береді. Құлпытас жазуының ең ескі түрі — орхон-енисей жазуы. Орта ғасырда пайда болған эпиграфикалық ескерткіштер сирия, араб және ұйғыр әріптерімен жазылған.

Жетісу ескерткіштерінің ең көне түрі — Талас бойынан табылған жазбалар. Жартастар мен құлпытастарға жазылған, ыдыс-аяқтар мен т. б. нәрселерге оюланып салынған ескі жазу элементтері Жетісу жерінен там-тұмдап күні бүгінге дейін табылып жүр. Бірақ олар бір жерге жинақталып, түгел зерттеле қойған жоқ.

Жетісу бойының осы күнгі тюркологияда көбірек сөз болып жүрген ескерткіші — сирия жазуының нұсқалары. Олар сирия тілінің бір диалектісінде жазылған, ішінара болса да, түркі тілдеріне тән кейбір лексикалық элементтерді де қамтиды. Нұсқалар тілі сирия тіліне, ескерткіштердің өзі несториан христиандарына жатады. Бірақ олар (ескерткіштер) түркі топырағында туып, түріктердің арасында жазылғандықтан, түркі халықтарының мәдениеті мен тілінің күшті әсері болған. Мысалы, түркі халықтарына тән болып саналатын жылдың мүшел аттары онда сирия тілінде және сирия мен түркі тілдерінде қатар келтірілген.

Бұл тәрізді ескерткіштердің Жетісу өлкесінде жазылып тараған уақыты — XIII ғасырдың соңы мен XIV ғасырдың бірінші жартысы. Осындай 610 бөлек жазуды (ескерткіш нұсқаларын) Д. Кволсон неміс тіліне аударып, комментарийсымен бастырып шығарды (1890 ж.). Ал олардың ішінде кездесетін түркі тілдерінің элементтерін В. Радлов жинап жариялаған болатын (1890, 1897 ж.). Монғолия жерінен табылған осы іспеттес жазу ескерткіштерін жапон ғалымы Саеки (1939 ж.) мен Дания оқымыстысы К. Гренбек те (1939, 1940 ж.) зерттеген. Осы ескерткіштердегі

түркілік материалдардың несің ол кезде «өнгүт түріктері» деп атаған.

Сирия алфавитімен жазылған Жетісу ескерткіштерінің ең маңызды жері — олар түркі антропонимикасы жөнінен көптеген нақтылы материалдар бере алады. Бұл Батыс Түркістан өлкесіне жататын Жетісу тұрғындарының тарихы үшін әсіресе қатысты мәселе.

Алтын шоқы жазуы әдетте «Темірдің жазуы» деп аталады. Ол Қарсақпай кенінің қасындағы Алтын шоқы (Ұлытау бойында) деген жерде тасқа 1391 ж. ойылып жазылған. Текст екі түрлі жазу үлгісімен (үстінгі үш жолы араб, астыңғы сегіз жолы ұйғыр жазуымен) жазылған. Жазуды 1940 жылдары ақ. Қ. И. Сәтбаев тапқан. Ол тас қазір Эрмитажда сақтаулы тұр. Қ. И. Сәтбаевтың жастық шағы туралы жазылған журналист-жазушы А. Брагиннің «Сокровища медного купола» (1970 ж.) деген кітабында жазу тексті былай аударылған: «В лето семьсот девяносто третье, в год овцы, в серединно-весенний месяц Султан Турана Тимурбек шел с двумя стами тысяч войск, имени своего ради, по кровь хана Золотой Орды Токтамыш-Хана. Достигнув этой местности, он воздвиг этот курган, дабы он был знаком». Сөз арасында айта кету керек, Темір сол жорығында Токтамысты құл-талқан етіп жеңіп қайтады.

Терновка жазуын әдетте «Алтын Орда ескерткіштерінің» қатарына жатқызады. Ол Еділ бойындағы Терновка селосынаи табылған (1930 ж.). XIV ғасырдың басында жазылған болу керек деген жорамал бар. Текст екі тілде — түркі (қыпшақ) және монғол тілдерінде — көне ұйғыр жазуымен ағаш қабығына жазылған.

«**Сарай**» ескерткіштері. Алтын Орданың астанасы Сарай (кейінірек Жаңа Сарай, Сарайшық) қаласынан да бірнеше жазу ескерткіштері табылған. Олар құмыра беттеріне, сүйектен жасалған әр түрлі заттарға жазылған. Ескерткіштер саны бірсыпыра болғанмен, жазу жолдары барынша мардымсыз. Осы іспеттес ескерткіштердің тілін А. Н. Самойлович Орта Азия түріктерінің тілінде жазылған деп есептейді. Орта Азия түріктерінің ішінде ол, әрине, қыпшақ тіліне жатады, өйткені Алтын Орда құрамында айбынды тайпалардың ең бастысы қыпшақтар болған.

Жарлықтар. Әр өңірде және әр уақытта жазылып қалған іс қағаздары мен кеңсе документтері, хан жарлықтары мен ресми хат қағаздары да бар. Олардың толық жинағын 1940 ж. түрік ғалымы А. Курат бастырып шығарған (Стамбулдың Топкапы сарайы музейінен алынған материалдар). Хан жарлықтарының басты-бастылары деп мыналарды атауға болады.

Абусайд (Бабурдың атасы) жарлығы 1469 ж. қазіргі азербайжан жерінде жазылған. Араб және ұйғыр жазуымен берілген.

Омар Шейхтің (Бабурдың әкесінің) жарлығы да сол уақытта хатқа түскен болу керек (дәл жазылған уақыты көрсетілмеген,

ұйғыр жазуымен жазылған). Бұл жарлықты 1904 ж. П. М. Мелиоранский жариялаған.

Темір-Құтлұқтың жарлығы 1397 ж. Днепр өзенінің бойында ұйғыр алфавитімен жазылған да, араб жазуымен қайта таңбаланған (транслитерациялық әдіспен). Ең алғаш оны В. В. Радлов зерттеген (1888 ж.).

Алтын Орданың ханы болған **Тоқтамыс ханның** поляк королі Ягайлоға жолдаған **жарлығы** 1393 ж. ұйғыр жазуымен жазылған. Оны 1850 ж. Қазембек пен Березин жариялайды.

Шаһрух ханның жарлығы 1422 ж. ұйғыр жазуымен жазылған. Алтын Орда ханы ұлуғ **Мұхаммед ханның Мұрадқа жазған хаты** (1428 ж.), Алтын Орда ханы Ахмед ибни Мұхаммед ибни **Темүр ханнан Фатих Сұлтан Мехмедке жіберілген хат** (1477 ж.) т. б.

Хан жарлықтары жайында тарихи мәліметтер келтіріп, тілдік ерекшеліктерін зерттеген ғалым — А. М. Щербак.

Орта Азия түркілерінің тілінде жазылған ескерткіштердің әр түрлі тобын атап өту барысында мынадай бір жағдайды да еске ала кеткеніміз жөн. Осы күні ел арасында, әсіресе қазақ ішінде, айтылып жүрген ауыз әдебиетінің кейбір үлгілері о баста тарихи уақиғаларға байланысты пайда болып, ертерек кезде қолданылған тілде шығарылған көрінеді. Мысалы, Шыңғысханға Жошының өлімі туралы хабарлайтын Ұлуғ жыршы естірткен толғауды (көлемі 20 жол), В. Бартольдтың жазғанына қарағанда, араб тарихшысы Ибн ал-Асир ел аузынан XIII ғасырда жазып алған. Абулғазының «Шежере-и түрк» деген шығармасына ол XVII ғасырда барып іліккен. Сол сияқты әйгілі «Едіге» жыры да ертерек шыққан. Шоқан былай деп жазады: «Джир Идере по событиям относится к концу XIV века, но должен быть составлен в начале XV в.» Демек, бұл эпос та біз әңгіме қылып отырған дәуірдің (X—XV ғасырлардың) ішінде жазылған ескерткіштердің қатарында қаралуға тиісті.

Көне қыпшақ тілінде жазылған ескерткіштер

Орта ғасыр заманында қыпшақтар ұлан байтақ территорияны мекендеген: Солтүстік Кавказ таулары мен Қырым қырқаларынан бастап Балқаш көлінің маңайындағы иен даланы түгел қамтыған. Осынша жердің барлығы Дешт-и Қыпшақ («Қыпшақ даласы») деген жалпы атпен аталатын. Қыпшақтар бұдан басқа да жерлерде, Египет пен Сирияда, Батыс Украина аймағы мен Шығыс Европа елдерінде де өмір сүрген.

Қоныс тебуі жағынан географиялық біртұтастығы жоқтығына байланысты әр өңірдегі қыпшақтар әр түрлі аттармен аталып кеткен. Мысалы, Қыпшақ даласының оңтүстік батыс аймағын жайлаған қыпшақтарды «куман (коман)», оңтүстік орыс даласын мекендеген қыпшақтарды «половецтер», Египет пен Сирия

қалаларын билеген қыпшақтарды «мамлюктер» деп атаған. Сонымен бірге әр алуан саяси-әлеуметтік, ғылыми және мәдени орталықтарға байланысты тиісті әдебиеттерде «Орта Азия қыпшақтары» (олардың әр кездегі орталығы әр жерде болған, басты бір орталығы — Хорезм), «Алтын Орда қыпшақтары», «Қырым қыпшақтары», «Қазақстан қыпшақтары» деген атаулар да кездеседі. Әрине, бұл атаулар көп реттерде-ақ шартты түрде қолданылады. Олардың ғылыми дәлдігі мен тарихи тамырлары туралы мәселе осы уақытқа дейін айқындалған емес. Дегенмен, ескерткіштер белгілі бір саяси-әкімшілік орталықтарда туып, солардың талап-тілектеріне сай жазылып отырғандықтан, біз төменде көне қыпшақ тілінде жазылған ескерткіштерді, шартты түрде болса да, жоғарыда баяндалған атаулардың негізінде бір-неше басты-басты топтарға бөліп қараймыз.

Көне қыпшақ тілінде жазылған ескерткіштер, жалпы алғанда, XI—XVII ғасырлар аралығын қамтиды. Оларды қайсы жазумен жазылғанына қарай бес топқа бөлуге болады:

1) Готикалық көне шрифтімен жазылған ескерткіш (XIII—XIV ғасырлар).

2) Араб әрпімен жазылған мұралар (XI—XIV ғасырлар).

3) Армян жазуымен берілген материалдар (XV—XVI ғасырлар).

4) Орыс алфавитімен жазылып қалған деректер (XI—XIII ғасырлар).

5) Шығыс Еуропа аймағын мекендейтін кейбір халықтардың тілінде сақталып қалған және сол елдердің өзіндік жазу үлгілерімен берілетін сөздер (адам аттары мен жер-су аттары т. б.).

Көне қыпшақ тіліндегі материалдардың ішінде көне неміс, итальян тілдеріне (1-топтағы ескерткіштер), классикалық араб тіліне (2-топтағы ескерткіштер), армян, поляк тілдеріне (3-топтағы ескерткіштер), ескі орыс тіліне (4-топтағы ескерткіштер) аударылып берілгендері бар. Бесінші топтағы материалдар көбіне-көп орыс, украин, белорус, венгер, поляк, грек, грузин, армян тілдерінен табылады.

Қай топтағы ескерткіштер болса да, олар басқа халықтардан шыққан авторлардың қолынан туған еңбектер. Тек араб тілінде жазылған кейбір шығармалардың ғана несі түріктер (мүмкін, қыпшақтар) болған.

Нуман қыпшақтарының тілінде жазылған ескерткіштер

Көне қыпшақ тілі туралы ең алғаш мәлімет берген автор — М. Қашқари. Ол өзінің белгілі еңбегінде қыпшақ тілінің кейбір грамматикалық ерекшеліктерін талдап, көптеген лексикалық

мысалдар келтіріп отырады. Қыпшақ тілін ол әрдайым атай отырып, заманындағы көп тараған көрнекті тілдердің қатарына жатқызады. Ол туралы жоғарыда М. Қашқари еңбегі сөз болғанда айтылды.

Кодекс Куманикус («Кумандардың кітабы»). Қолжазба осы күні Венециядағы Марк әулиенің шіркеуінде сақтаулы. Сырты бұлғарымен қапталған (XVIII ғасырда).

Түпнұсқа бір-ақ дана. Ол 82 парақтан (164 беттен) тұрады. «Кодекстің» алғашқы бетінде «1303 жылы 11 июль» деген жазу бар. Бұл, шамасы, қолжазбаның барлық парақтары түгел жиналып, бір жерге қосып тігілген уақыты болу керек. Сонда ол XIII ғасырдың екінші жартысында құрастырыла бастап, XIV ғасырдың басында ғана аяқталған болып шығады. Қолжазбаның жазылған жері мен жазылу мақсаты туралы мәселенің тюркология ғылымында күні бүгінге дейін басы ашылған емес.

Қолжазба екі бөлімнен тұрады. Бірінші бөлімінде келтірілген материалдар: 1) Латынша-парсыша және куманша сөздік. Сөз тізімі латын алфавитінің тәртібімен берілген (46-беттегі суретте «Кодекстің» бір беті). Әр тілдің сөзі жеке-жеке колонкалар арқылы жоғарыдан төмен қарай тізіліп келеді. 2) Куман тіліндегі үстеу сөздер және олардың латын тіліндегі баламалары. 3) Куман тіліндегі есімдер мен есімдіктердің септелу үлгісі және ондағы куман сөздерінің латынша аудармалары. 4) Лексикалық мағыналарына қарай 40 топқа бөлініп берілген латынша-парсыша және куманша сөздік.

Екінші бөлімде келтірілген материалдар: 1) Куманша-немісше және латынша сөздік. 2) Куманша жазылған текстер. 3) Латын тілінде жазылған куман тілінің қысқаша грамматикалық очеркі. 4) Италия тілінде жазылған өлеңдер. Әдетте, мұны Петрарканың өз қолымен жазылған шығармасы деп есептейді. 5) Латын тіліндегі бір етістіктің жіктелу үлгісі және латын тілінде жазылған текстер. 6) Жазылмай бос қалған беттер.

Құрылысына қарағанда, «Кодекстің» бірінші бөлімі таза практикалық мақсат көздеп жазылған. Ол — тіл үйрену, сол үшін жарамды оқу құралын жасау. Екінші бөлім кумандар арасында христиан дінін уағыздау үшін жазылған да, діни кітаптардан әр түрлі үзінділер әдейі куман тіліне аударылып берілген. Мұнан басқа бұл бөлімде жеке сөздер, сөз тіркестері мен сөйлемдер, 50-ге тарта жұмбақ, дін басыларының өмірі мен істері жайында хикаялар бар. Аударманың сөз құрау тәсілі мен грамматикалық құрылысы кумандардың байырғы тіл ерекшелігінен әлдеқайда алшақ жатыр. Сондықтан да сөйлемдері барынша икемсіз де орашолақ жасалған.

Бірінші бөлім бес түрлі қолтаңбамен (почеркпен) жазылған. Оны жазған итальяндықтар болса керек. Екінші бөлім (он төрт түрлі қолтаңбамен жазылған) немістердің қолынан шыққан. Осыдан барып, әдетте, бірінші бөлімді «итальяндық кодекс»

Қатар саны	Фрактурлық түрі	Готикалық түрі	Швадық түрі	Қыпшақ тіліндегі мәні	Қосымша әріптер		
					Қолжазбадағы түрі	Қыпшақша мәні	Ескерту
1	Aa	Aa	Aa	a	o ö	ө ц	Готика
2	Bb	Bb	Bb	o	ng	ң	Готика
3	Cc	Cc	Cc	c	a	a	Грек,
4	Dd	Dd	Dd	d	v	у	Латын,
5	Ee	Ee	Ee	e	w	ув	Латын,
6	Ff	Ff	Ff	f	y	й	Латын,
7	Gg	Gg	Gg	g			
8	Hh	Hh	Hh	h			
9	Ii	Ii	Ii	i			
10	Kk	Kk	Kk	k			
11	Ll	Ll	Ll	l			
12	Mm	Mm	Mm	m			
13	Nn	Nn	Nn	n			
14	Oo	Oo	Oo	o			
15	Pp	Pp	Pp	p			
16	Qq	Qq	Qq	q			
17	Rr	Rr	Rr	r			
18	Ss	Ss	Ss	s			
19	Tt	Tt	Tt	t			
20	Uu	Uu	Uu	u			
21	Vv	Vv	Vv	v			
22	Ww	Ww	Ww	w			
23	Xx	Xx	Xx	x			
24	Yy	Yy	Yy	y			
25	Zz	Zz	Zz	z			

Ескерту : асты сызылған әріптер «кодекс куманикус» нәзбасында жиірек ұшырайды.

(немесе «итальян бөлімі»), екінші бөлімді «неміс бөлімі» деп атайды. Екі бөлім де готикалық көне шрифтпен (48-беттегі суретті қараңыз) жазылып, бірде қара, бірде қара қошқыл бояулы сиялармен өрнектелген.

Қолжазба өте нашар жазылған да, орфографиялық қателерден аяқ алып жүргісіз. Готикалық алфавит түркі тілі дыбыстарын таңбалауға желгенде өте бір дәрменсіз алфавит екендігін осы «Кодекс» бетінде барынша айқын танытты. Оның үстіне қолжазбаны жазушылардың да сауаты төмен болса керек — оп-оңай сөздің өзін бұрмалап, барынша былықтырып жіберген. Сондықтан да П. М. Мелиоранский кезінде «Осы «Кодекстің» сөзін оқығаннан бірнәрсе шыға қоятынына менің күмәнім бар» деп жазған еді. Әрине, «Кодекстің» бұл міндері оны оқып-үйрену үшін көпке дейін залалын тигізіп келді.

Европа білімпаздары (әсіресе Италия жеріндегі кітапқұмар адамдар) «Кодекс» туралы ертеден бері-ақ хабардар болған. Томазиус деген кісінің жазып кеткен мәліметіне қарағанда, 1362 ж. Италияның атақты ақыны Ф. Петрарка бұл жазбаны басқа кітаптармен қоса Венеция республикасына сыйға тартқан. Ұлы ақынның шығыс елдерін көп аралап, елшілік қызметтер атқарғаны мәлім. Бірақ «Кодексті» оның қайдан қолға түсіріп алғаны осы уақытқа дейін белгісіз болып келеді.

Неміс халқының әйгілі математик ғалымы, философ, ойшылы Г. В. Лейбниц — тарих мәселелерімен де көп шұғылданған адам. Ол тарихи қолжазбаларды жинап, жариялауға зор мән беріп, көңіл аударып отырған. Сол В. Лейбниц «Кодекс» туралы былай деп жазған: «Мен Петрарка кітаптарының каталогын көрдім. Ондағы кітаптардың ішінде көбірек көңіл аударғаным «Куман тілінің сөздігі» болды. Бірақ мен қанша әуреленсем де, оны оқып, ештеңе шығара алмадым».

«Кодекстің» бірінші бөлімін ең алғаш француз тіліне аударып бастырып шығарған көрнекті ориенталист, синолог, академик Генрих Юлий Клапрот (1783—1835) болды. Ол өзінің «Азия туралы зерттеулер» деген диссертациялық жұмысына қоса әңгіме болып отырған қолжазбаны «Ф. Петрарка кітапханасынан алынған латынша-парсыша-куманша сөздік» деген атпен жариялады (Париж, 1828 ж.).

«Кодекс Куманикусті» екінші рет түгелдей (екі бөлімін де) латын тіліне аударып, 1880 ж. Г. Кун Будапешт қаласында бастырды. Баспа үш бөлімнен тұрады. Бірінші бөлімде «Алғы сөз» бен үлкен «Кіріспе» бар. Кіріспеде кумандардың тарихы, олардың басқа түрлі халықтармен (хазарлармен, печенегтермен, массагеттермен, Туран ойпатын жайлаған тағы басқа тайпалармен, орыстармен) қарым-қатынасы, ру-тайпалық құрылысы, тілдік (аномастика мен топонимика бойынша) ерекшеліктері, діні, саяси-әлеуметтік құрылысы сияқты мәселелер сөз болады. Екінші бөлімде «Кодекстің» текстері мен олардың латын тілін-

дегі аудармалары келтірілген. Үшінші бөлім куманша-латынша (2838 сөз), парсыша-латынша және немісше-латынша сөздіктерге арналған. Оның үстіне, баспада қосымшалар, түзетулер және әдебиет көрсеткіштері де бар.

Г. Кун баспасы түпнұсқаның әрі дәл, әрі толық көшірмесі тәрізді. Онда әр сөз латын алфавитімен қайта таңбаланып, латын тіліне аударылып берілген. Көптеген сөздер басқа түркі тілдеріндегі (әсіресе шағатай, ұйғыр, татар тілдеріндегі) өзі тектес сөздермен салыстырыла қаралып отырады. Г. Кун баспасының маңызы — бұрын жарық көрмеген «Кодекстің» екінші бөлімін басып шығарып, «Кодекстің» Ю. Клопрот айтқандай сөздіктен ғана емес, екі бөлімнен тұратын қолжазба екендігін әйгілі еткендігі, сондай-ақ ол «Кодексті» халықаралық ғылым тілі болып саналатын латын тіліне аударып, оның даңқын барлық әлемге жаюы. Латын тілі мен неміс тілін жақсы білетін болғандықтан Г. Кун көптеген куман сөздерінің өзіндік қиын аудармаларын анықтап берді. «Кодекс» тілі туралы оның осы баспасы бойынша бірсыпыра пікірлер айтылып, еңбектер жазылды.

«Кодекс Куманикус» үшінші рет В. В. Радловтың аудармасымен Санкт-Петербургде басылып шықты (1887). Бірақ бұл толық аударма емес: Г. Кун баспасының әр жерінен бір үзінді алған да, оны орыс алфавитінің үлгісімен транскрипциялап, неміс тіліне аударып берген. Бұл басылымның мазмұны мынадай: 1) Алғы сөз. Онда куман тілінде келтірілген 15 жұмбақ талданады. 2) Куманша-немісше сөздік (2217 сөз). 3) Жеке сөйлемдер мен сөз тіркестері. 4) Куман текстері мен олардың аудармалары. 5) Сөз тізімі (3024 сөз). 6) Түзетулер (33 сөз).

Орыс жазуының негізінде жасалғандықтан, В. Радлов транскрипциясы қазіргі оқушылар пайдалану үшін қолайлы-ақ. Бірақ біраз сөздердің грамматикалық тұлғасы мен семантикалық аудармалары көп жерде-ақ көңілден шықпай жатады. Әсіресе, В. Радловтың куман тілінде **ц** дыбысы бар деп тануы және барлық жерде **ч** дыбысының орнына **ц** жазып қолдануы дұрыс емес еді.

1936 ж. Дания ғалымы К. Гренбек қолжазбаның түпнұсқасын (факсимилесін) басып шығарды. Бұл «Кодекстің» 4-рет басылуы еді. Мұның өзі ескерткіштің кейінгі зерттеушілеріне түпнұсқамен жұмыс істеуге мүмкіндік туғызып, кейбір сөздің дұрыс-бұрыстығы туралы осыған дейін болып отырған айтыстартыстан құтқарды.

«Кодекс Куманикустың» соңғы, бесінші баспасы да К. Гренбектің қолынан жарық көрді. Ол куманша-немісше сөздік есебінде арнаулы алғы сөзімен қоса жарияланды (1942 ж., Копенгаген, 2728 сөз). Онда алғы сөзден басқа куман сөздерінің орфографиясы мен орфограммасы, куман тіліндегі дыбыстардың айтылу ерекшеліктері, сөз жасау тәсілдері жайында бірқыдыру әңгіме болады. Мұндағы куман сөздері латын әріптерінің негізін-

де жасалған ғылыми транскрипциялық жүйемен берілген. Әр сөздің түпнұсқасы қолжазба бойынша дәл көрсетіліп отырылды. Сөйтіп, Қ. Гренбек баспасының арқасында куман сөздерінің оқылу принциптері бір ізге түсіп, көп жеңілдік тапты. Аударма жағы да ойдағыдай жақсартыла түсті.

Куман тілін зерттеу жұмыстарының ішіндегі аса бір бағалы еңбек — В. Радловтың «Куман тілі туралы» деген кітабы (1884 ж. орыс тілінде Санкт-Петербургте, неміс тілінде Лейпцигте басылып шыққан). Ол «Кодекстің» Г. Кун басып шығарған материалдарына негізделіп жазылған. Куман тілінің фонетикалық құрылымын зерттеп, «Кодекстің» орфография ережелерінен ауытқи жазылған жерлерін анықтау — осы еңбектің өз алдына қойған негізгі міндеті болып табылады. Куман тілінің фонетика жүйесін саралай отырып, автор ондағы дыбыстардың, атап айтқанда ц дыбысының, қолданылу ерекшелігіне қарай куман тілі қазіргі татар тілінің мишяр диалектісіне жақын екен деп түйеді. Бірақ бұл болжам зерттеуші ғалымдар тарапынан қолдау тапқан жоқ, қайта, күні бүгін ол қате деп танылып жүр.

Половец қыпшақтарының тілінде жазылған ескерткіштер

Орыс алфавитімен жазылып қалған бірқыдыру дүниелерде куман тілінің элементтері, адам аттары мен географиялық атаулар өте жиі ұшырайды. Әйгілі «Игорь полкі туралы сөз» (XI ғ.) сияқты эпостық дастандар мен А. Никитиннің «Үш теңізді көктей өтіп» (XIII ғ.) тәрізді жол жазбаларынан, әр алуан шежірелері (летопистері) мен документалды-хроникалық мәліметтерінен, куман тілін оқып үйрену үшін әдейі түзілген сөздіктер мен тарихи еңбектерден көне қыпшақ тілінің сан килы сөздерін ұшыратуға болады. Мысалы, XVI ғасырда көшіріліп жазылған «Половцылар тілінің түсіндірме сөздігі» деген қолжазба 1850 ж., «Половцылар мен татар тілдерінің қысқаша сөздігі» деген жазба 1908 ж. жарияланды т. т. «Игорь полкі туралы сөзде» кездесетін қыпшақ сөздері жайында Ф. Корш пен П. Мелиоранский екі-екіден үлкен-үлкен мақалалар жариялап, А. Зайончковский жеке кітап бастырып шығарды. Орыс филологтары арасында бұл тақырыпқа арнайы көңіл аударып, қалам тартпаған мамандар кемде-кем.

Куман тілі Шығыс Еуропа халықтары тілінің аномастика мен топонимикасына да үлкен әсер еткен. Ю. Немет, Рашони, Дубинский, Лигети сияқты зерттеушілердің еңбектері осыған айғақ. Олар венгер, болгар, поляк, чех, албан, украин тілдеріндегі көптеген жалқы есімдердің негізгі түбірін көне қыпшақ тілінде қолданылған сөздерге әкеліп тірейді. Дәйекті түрде дәлелдеп береді.

Орта Азия қыпшақтарының тілінде жазылған ескерткіштер

Жоғарыда сөз болған «Орта Азия түріктерінің тілінде жазылған» делінетін ескерткіштердің қай-қайсысында болса да бірінде аз, бірінде көп дегендей көне қыпшақ тілінің өзіндік қатысы бар. Әсіресе Ясаудің «Хикметі», «Мұқаддимат ал-адаб», «Китаби тарджуман фарси уа түрки уа моголи» сияқты еңбектер — сондай ескерткіштер. Бірақ бұлар таза қыпшақ тілінде емес, қыпшақ ру-тайпаларымен қатар отырған оғыз, ұйғыр, қарлук тәрізді көптеген түркі тілдерінің негізінде жазылғандықтан, осы күні Орта Азия түріктерінің тарихымен байланысты қарастырылып жүр. Оның үстіне бұл сынды жазба нұсқалар жете зерттелінбегендіктен, оларға қыпшақ тілінің қатысы жөнінде де түбегейлі ешнәрсе айтылған емес. Осының бәрі еске алынып, Орта Азия қыпшақтарының тілінде (яғни Батыс Түркістан, Мауреннаһр, Арал мен Каспий, Үргеніш пен Бұхара өңірлерін жайлаған қыпшақтардың тілінде) жазылған ескерткіштер басқа түркі тілдерімен ортақ болып келетін жазбалармен бірге «Орта Азия түріктерінің тілінде жазылған ескерткіштер» деген бөлімде қарастырылды. Жоғарыда көрсетілген «Түрік филологиясының негіздері» деген еңбекте бұл аталған ескерткіштер «Хорезм түріктерінің тілінде» жазылған делінеді.

Алтын Орда қыпшақтарының тілінде жазылған ескерткіштер

Алтын Орда мемлекетіндегі түркі тайпаларының басым көпшілігі қыпшақтар болғанмен, ол мемлекеттің құрамына кірмеген басқа да түркі-монғол тайпалары кемде-кем. Сол заманда және сол маңайда жасалған ескерткіштерді осы күні әр саққа жүгіртіп «ана тілде жазылып еді, мына тілде жазылып еді» деп топшылаушылар көп-ақ. Алайда «Таза қыпшақ тілінде жазылып еді» деп танылатын ескерткіш жоқтың қасы.

Алтын Орда мен Хорезм тұрғындары өз ара тығыз араласып, жиі қарым-қатынас жасап тұрған. Тегі солардың бәріне бірдей, бүкіл Орта Азия, Алтын Орда және Мамлюк елдері үшін ортақ, түсінікті болып келетін бір-ақ әдеби тіл қолданылған тәрізді. Әйгілі «Хұсрау уа Шырын», «Мұхаббатнама», «Гүлистан бит-Түрки», «Оғызнама», «Тарджума Шаһнама» сияқты шығармалар осы аталған аймақтардың бірінде туып, таралған, көпшілік түркі халықтарының ортақ рухани азығы болып, олардың мәдени тарихымен бір өсіп, біте қайнаған. Сондықтан олардың «бірін анаған, бірін мынаған жатасың» деп топ-топқа бөліп жіктеу тюркология ғылымының осы күнгі даму деңгейінде, әсіресе мүмкін емес. Сондықтан советтік тюркологияда айтылып жүрген

пікірлерге және «Түркі филологиясының негіздері» деген кітапқа сүйене отырып, біз Алтын Орда қыпшақтарының тіліне қатысты ескерткіштерді де жоғарыда, Орта Азия түріктерінің тілімен ұштастыра қарадық. Тіпті Ақ Орда мен Көк Орда әкімдерінің іс қағаздарын да осылай Орта Азия түріктерінің тілімен бір ыңғайда баяндадық. Түркі тілдерінің осы күнгі көптеген зерттеушілері Алтын Орда дәуірінде жазылған кейбір туындыларды «оғыз-қыпшақ тілінде» (немесе «қыпшақ-оғыз тілінде»), «ұйғыр тілінде», «оғыз-қарлұқ тілінде» т. б. жазылып еді деп жүр. Бұл өзі әлі басы ашық мәселе болмағандықтан, әзірге осы келтірілген тәртіпті ұсынып отырмыз.

Мамлюк қыпшақтарының тілінде жазылған ескерткіштер

XIII—XIV ғасырларда Сирия мен Египет жерін мекендеп билік жүргізген қыпшақтар (мамлюктер) мен оғыздар жергілікті халықтардың саяси-әлеуметтік және ғылыми-мәдениеттік өміріне, ондағы әрқилы ағымдарға қатты ықпал жасады.

Түрік сұлтандарының үкіметі айбынды еді: олар өз ана тілінде сөйлейтін, басқару биліктерін де осы тілде жүргізетін. Түркі тілі туған тілге лайықты құрметке ие болатын.

Мемлекет басшылары мен түркі халықтарының ұйтқысы негізінен қыпшақтар болғандықтан, сұлтан сарайының маңындағылар қыпшақ тілінде жазып, қыпшақ тілінде сөйлеген. Қыпшақ тілі мамлюктер мемлекетінде түркі тайпаларының әрі ауызекі сөйлеу тілі, әрі жазба тілі (іс қағаздары, ғылыми еңбектер, әдеби шығармалар жазылатын тіл) болып тұрды. Ол дәуірде бұл тілде қолтума көркем әдебиет шығармалары мен аударма әдебиеттер де туындай бастады. Олардың ішінде қара сөзбен де, өлеңмен де жазылғандары болды. Әдеби тіл, әсіресе, поэзияда биік сапаға жетті.

Араб тіл білімпаздары өз елінің мүддесі тұрғысынан қыпшақ тілін оқып үйрену мақсатымен бұл тілге қатысты алуан түрлі сөздіктер, грамматикалық оқулықтар, үлкенді-кішілі анықтамалар (справочники) және талдаулар жазды. Бұл, әрине, сол кездегі өмір талабынан туған игілікті іс еді. Қыпшақ тілі туралы араб оқымыстылары жазып, араб халықтарының топырағында туған мұралар жөнінде айтпай тұрып, ескерте жететін мынадай екі түрлі жәйт бар: а) қыпшақ тілі туралы араб тілінде еңбек жазған ғалымдардың барлығы бірдей таза қанды арабтар емес еді. Ислам дінімен бірге араб мәдениетін де түгелдей қабылдаған түркі халықтарының кейбір өкілдері араб тілін өте жетік меңгерумен бірге өз ана тілі жайында құнарлы-құнарлы еңбектер жазып отырған. Бірақ араб тілінде жазғандықтан, бір кездегі қалыптасып кеткен әдет бойынша, олар кейінгі кездегі біраз зерттеу еңбектерде бұрынғыша «араб авторлары» деп аталып келеді.

ә) Орта ғасыр түріктерінің тілі туралы жазылған еңбектер классикалық араб тілінің ізімен түзілген. Грамматика туралы осы күнгі біздің түсінігімізге ол әдіс жат көрінеді. Сондықтан біз олардың материалдарын қазіргі ғылым талаптарына қарай бейімдеп, өзімізше баяндап беруге тиістіміз.

Мамлюк мемлекетіне бағынатын түркі тайпалары өздерінің рулық құрамына қарай ала-құла болатын. Қыпшақтардан кейінгі басты бөлегі оғыздар еді. Төменде әңгіме болатын еңбектерде «оғыз» атауының жиі кездесетіні және осы тіл материалдарының ұдайы жанамалап, әрдайым кездесіп отыратыны да осыдан.

Сүйтіп, көне қыпшақ тілінде жазылып қалған XII—XIV ғасыр мұралары ертедегі классикалық араб тілінде жазылған. Олар ежелгі Мысыр еліндегі мамлюктер тілінің үлгісін көрсетеді.

Енді осы мамлюк қыпшақтарының тіліндегі жазба нұсқаларға тоқталып өтелік:

Терджуман түрки уа араби («Түркіше-арабша тәржіма»). Қолжазба 1245 жылы Египетте жазылып біткен. Авторы белгісіз. Небәрі жалғыз дана. Осы күні Лейден қаласында сақтаулы тұр. Қолжазба 76 беттен тұрады. Әр бетте 13 жолдан жазу бар. Онда 2,5 мыңдай түркі сөздері жинақталған. 62 беті түркіше-арабша сөздік те, қалғаны — монғолша-парсыша және арабша-монғолша сөздіктер. Қолжазба өз ішінен төрт бөлімге бөлінеді: а) лексикалық мағыналарына қарай топ-топқа бөлініп жіктелген есім сөздері (бұл жазбаның негізгі бөлімі); ә) етістіктер; б) етістіктердің жіктелуі (мысалдар саны өте аз); в) қосымшалар (олар да мардымсыз). Демек, қолжазба әрі лексикографиялық (алдыңғы екі бөлім), әрі грамматикалық (соңғы екі бөлім) анықтама (справочник) есебінде дайындалған. Қолжазбада әуелі араб сөздері, сонан соң түркі сөздері келіп отырады. Сөзбе-сөз аудармалар көп ретте дәл берілген, түсінікті де жатық тілмен жазылған. Әр сөздің қандай орындарда қолданылатындығын айқындап отыруға сөздікті жасаушы баса назар аударған. Ол кездегі қыпшақ тілін автор «түркі тілі» деп атаған. Түркі, яғни қыпшақ тіліндегі кейбір сөздердің тұсында ол «бұл сөз — «лұғат» («диалектизм» деген мағынада) немесе бұл сөз түрікмен тілінде қолданылады» (болмаса бұл сөздің «түрікмен тілінде мынадай варианты бар») деген ескертпелер жасап отырады.

Қолжазба 1894 жылы алғаш рет Лейден қаласында басымып шықты. Зерттеу жұмыстарын жүргізіп, оны бастырып шығарушы — М. Т. Хоутсма (неміс тілінде). Баспа үш бөлімнен тұрады: а) Зерттеушінің қыпшақ тілі мен оның ерекшеліктері туралы жазған мәліметтері; ә) Түркіше-немісше сөздік; б) Қосымша бөлімі — түпнұсқасының қолдан жасалған (графикалық) көшірмесі.

Китаб ал-идрак ли-Лисан ал-атрак («Түркі тілі туралы жазылған түсіндірме кітап»). Авторы — араб халифатының

Испаниядағы (Андалузиядағы) мәдени-әкімшілік орталығы — Гренада қаласында туған Асир ад-дин Абу Хайян Мухаммед ибн Али ибн Юсуф ал-Гарнати (Андалузский). Ол шыққан тегі жағынан африкалық бербер жұртынан (1256—1344 ж.).

Абу Хайян бірнеше шығыс қалаларын аралап, әр түрлі тілдер мен құран сабақтарын үйренген. 1298 жылдан бастап Каир қаласында бірнеше жоғары оқу орындарында филология мен құран оқытудан сабақ берген. Ол осы пәндерді өте жетік білетін, барынша білімдар адам болғандықтан, «заманымыздың дүние-жүзілік имамы (тіл білгіші)» деген құрметті атаққа ие болған. Қыпшақ тілінің мысыр елінде аса маңызды екендігіне көзі жеткен Абу Хайян қыпшақ тілі туралы бірнеше кітаптар жазуға бекінеді. Ол мынандай төрт еңбек жазған: а) «Түркі тілі грамматикасының гүлін жинаған кітап», ә) «Түркі тіліндегі етістіктер», б) «Түркі тілі грамматикасының жайнаған інжу-маржаны», в) «Түркі тілі туралы жазылған түсіндірме кітап». Біздің заманға дейін осы аталған еңбектердің тек соңғысы ғана жеткен. Ол 1312 жылы Каир қаласында жазылып біткен.

Еңбектің мазмұны: фонетика, морфология және сөздік. Онда алфавит, дауысты, дауыссыз дыбыстар және олардың қолданылу заңдылықтары айтылады; түбір мен қосымшалар, есімдер мен етістіктер, сөздердің мағыналары мен жасалу тәсілдері енгіме болады. Еңбекте ұзын ырғасы 3500-ге тарта қыпшақ сөздері араб тіліне аударылып берілген. Бағзы бір материалдар түркі, қыпшақ, түрікмен, татар, ұйғыр, бұлғар және Түркістан түріктерінің тілі мен тоқсаба тілі бойынша салыстырмалы түрде зерттелген.

Бұл еңбектің түркі тілдерінің зерттелу тарихында алатын орны өте жоғары. Түрік оқымыстысы Джафароғлы бұл жайында былай деп жазды: «Абу Хайяның бір еңбегінің өзі-ақ — тюркология ғылымының даму тарихындағы келелі кезең, өз алдына жеке жасалған дәуір, дара дүние».

Абу Хайян еңбегінің екі түрлі көшірмесі бар. Оның біреуі 1335 ж. көшірілген. Көшірушінің аты-жөні белгісіз. Көлемі 132 бет. Екінші көшірмесін 1402 ж. Ахмет ибн ал-Шафиғ жасаған (Лазикие қаласында). Көлемі 194 бет. Көшірменің екеуі де нашар жазылған, өз ара аздаған айырмашылықтары да бар. Екі қолжазба да Түркияда сақтаулы.

Қолжазба алғаш рет 1891 ж. Стамбулда жарияланды. Бастырып шығарушы — Мұстафа-бей. Одан кейін Ахмет Джафароғлы қолжазбаны 1931 ж. Стамбулда екінші рет бастырып шығарды. Бұл басылымы алғашқысына қарағанда әлдеқайда жақсартылған, түзетілген және қолдануға да оңтайлы болып шыққан. Ол екі бөлімнен тұрады: а) Сөздік бөлімі: қыпшақша-арабша сөздік (есімдер мен етістіктер); ә) Грамматика бөлімі: фонетика мен морфология (78 тараудан тұрады).

Қолжазбаның оқушысы да, тұтынушысы да, оны қызықтап

қараушылар мен толықтырушылары да өте көп болғанға ұқсайды. Сондықтан оның беттерінде о бастағы жазылымында жоқ жаңа (кейінірек үстінен жазылған) сөздер көп-ақ: шет-шеттері мен жол-жолдарының аралары жазылған сөздер мен қойылған белгілерге толы. Олардың бәрін жинақтап 1936 ж. В. Избудақ жеке бір кітап етіп бастырып шығарды (Стамбулда).

Абу Хайян еңбегінің тілі жайында Қазақстанда М. Маженова, Өзбекстанда Н. Расулова диссертациялық (кандидаттық) еңбектер жазып шықты.

Китаб булғат ал-муштақ фи луғат ат-түрк вал-қыпшақ («Түрік пен қыпшақ тілдерін жақсы оқып үйренушілер үшін жазылған кітап»). Бұл еңбекті Жамал ад-Дин Мухаммет Абдуллах ат-Түрки XIV ғасырда Сирия жерінде жазып қалдырған. Осы күні қолжазба Францияның Ұлттық кітапханасында (Парижде) сақтаулы тұр. Көлемі 71 бет. Еңбек екі бөлімнен құралған. Бірінші бөлімде есім сөздеріне арналған үш тарау бар: а) аспан әлеміне байланысты сөздер, ә) жермен байланысты сөздер және б) үстеу сөздер. Екінші бөлім етістік сөздерін қамтиды. Екі бөлімнің екеуі де арабша-қыпшақша сөздік есебінде жасалған. Бірінші бөлімдегі сөздер өз ара мағыналық ерекшеліктеріне қарай топталып, іріктеліп берілген де, екінші бөлімдегі етістік сөздері араб алфавитінің тәртібімен келтірілген.

Сөздікке жазған қысқаша кіріспе сөзінде автор сөздік жасау үстінде өзі пайдаланған еңбектердің тізімін келтіреді, бірақ онда көрсетілген жазбалардың бәрі де біздің уақытымызға жетпей жоғалып кеткен, әлі күнге дейін табылмай келеді. Солардың бірі — «**Ал-Анвар ал-мудиа**» («Жарық нұры») деген еңбек. Оны қыпшақ руынан шыққан Ала ад-Дин Бейлік ал-Қыпшаки деген кісі жазған. Өз еңбегін жазу барысында осы қолжазбаны Абу Хайян да пайдаланған. Содан барып «**Китаб ал-идрак**» пен «**Булғат ал-муштақтың**» бірсыпыра материалдары өз ара ұқсас шығып отырады. Сөздік қыпшақ сөздерінің арабша аудармаларына арналған. Дегенмен арагідік болса да онда түрікмен тілінің элементтері кездеседі. Автор оқта-текте белгілі бір қыпшақ сөздерінің түрікменше қалай айтылатынын көрсетіп, оларды қыпшақ сөздерін түсіндіру барысында қосымша материал есебінде пайдаланады.

Қолжазбаның екі бөлімін де поляктің көрнекті ғалымы А. Зайончковский бастырып шығарды: бірінші бөлімін 1938 ж. Варшавада, екінші бөлімін 1954 ж. (ол да Варшавада). Екі баспаның екеуінде де қолжазбаның түпкі нұсқасы қоса берілген. Ал, 1958 ж. еңбектің бірінші бөлімі қайта басылып шықты.

Бірінші кітап (1938 ж. басылым) үш бөлімнен тұрады: бірінші бөлім (француз тілінде жазылған) «кіріспеге» арналған, екінші бөлімде сөздік келтірілген де, үшінші бөлімде қолжазбаның түпкі нұсқасы терілген. Бірінші бөлімде ескі қыпшақ ескерткіштері жөнінде, мамлюк мемлекеті және қолжазба туралы мәлімет-

тер берілген. Сөздік бөлім қыпшақша-полякша және французша жазылған да, қыпшақ сөздері осы екі тілге аударылып берілген. Екінші кітап та (1954 ж. басылым) үш бөлімнен құралған: кіріспе (поляк тілінде жазылған) сөздік (қыпшақша-полякша, арабша-қыпшақша) және түпнұсқа. А. Зайончковский баспасы түркі тілдерін зерттеуші мамандар тарапынан жоғары бағаланады.

Қолжазбада барлығы 1500-дей жеке сөз бар. Олардың морфологиялық сипаттамасы мен грамматикалық құрылысы жайында азды-көпті мағлұматтар А. Зайончковскийдің жоғарыда келтірілген еңбегінде көрсетілген. Соңғы кезде (1969 ж.) «Булғат ал-муштақтың» тілі жайында Файзуллаева (Өзбекстан) диссертациялық (кандидаттық) еңбек жазды.

Қолжазба өте жақсы сақталған. Аудармалары да барынша жатық, тындырымды. «Булғат ал-муштақ» туралы бірен-саран хабарлар орыс, қазақ тілдерінде де жарияланып жүр.

Китаб ат-туһфа аз-закия фи луғат ат-түркия («Түркі тілі туралы жазылған ерекше сыйлық»). Қолжазба бір-ақ дана. Ол Стамбулдағы Баязит мешітінің Валиддин Ефенді кітапханасында сақтаулы. Көлемі 91 парақ (182 бет). Әр бетте 13 жол, әр жолда 7 сөз бар. Арабша аудармалары қара сиямен, қыпшақ сөздері қызыл сиямен жазылған. Қолжазбаның ұқыпты қолдан шыққаны, үлкен ыждаһаттылықпен жазылғаны көрініп тұр. Оның авторы, жазылған орны мен уақыты белгісіз. Зерттеушілер оны XIV ғасырда Мысырда жазылған деп жүр. Қалай болған күнде де ол өзінің тарихтық, ғылымдық мәні дағынан тюркология әлемінде атышулы Махмуд Қашқари мен Абу Хайян еңбектерінен кейінгі үшінші орынға ие болып отыр.

Аталмыш еңбек, қысқаша кіріспесін қоспағанда, негізгі екі бөлімнен, сөздік және грамматика бөлімдерінен тұрады. Онда 3 мың сөз берілген. Дегенмен, қолжазбаның кейбір тұстарында түрікмен тілі мен татар тілінің үлгілері де әңгіме болып отырады. Еңбекте XIV ғасырдың атақты филологы Шарафудин Абу Хайяның аты аталғанына қарағанда, автор оның шығармаларымен де таныс болса керек. Сонымен бірге, ол түркі (қыпшақ, түрікмен, татар, т. б.) тілдері мен араб тілін өте жақсы білген.

Қолжазбаның түпнұсқасын 1942 ж. Венгрияда жариялаған Анкара университетінің оқытушысы мадьяр Т. Х. Кун осы қолжазба жөнінде 1940 ж. арнаулы мақала да жазған. Жалпы алғанда, қолжазба Батыс Еуропаға 1922 жылдан бері мәлім. Түріктің атақты ғалымы Бесім Аталай қолжазбаны 1945 ж. түрік тіліне аударып бастырды да, 1948 ж. «Ат-туһфат аудармасының жайы» деген тақырыпта үлкен мақала жариялады. Осы мәліметтерге сүйене отырып, поляк ғалымы Александр Дубинский 1967 жылы ескерткіштің тілі жайында арнайы зерттеу жүргізді. Әңгіме болып отырған нұсқаны 1968 ж. проф. С. Муталлибов өзбек тіліне аударып бастырды. Еңбектің бұл жаңа басылымы

бес тараудан тұрады: а) аудармашының алғы сөзі, ә) қолжазбаның кіріспесі, б) қолжазбаның сөздік бөлімі, в) қолжазбаның грамматика бөлімі, г) ескерткіштегі сөздердің көрсеткіші (мұны да аудармашы жасаған). Демек, кітаптың негізгі бөлімі — қолжазбаның тікелей аудармасы.

Бірінші бөлімнің аудармасы былай берілген: а) араб сөзі, ә) қыпшақ сөзі, б) қыпшақ сөзінің транскрипциясы, в) қыпшақ сөзінің өзбекше аудармасы. Бірақ бұл аударма барлық сөздерге байланысты емес, аудармашының қалауына қарай біраз ғана сөзге байланысты берілген. Бағзы бір сөздерге байланысты топшылауларын аудармашы сілтемелерде айтады да, көбінесе өзбек тілімен сәйкес келетін мысалдар келтіріп отырады.

Түпнұсқаның көптеген ерекшеліктерінің бірі — кейбір сөздердің негізгі текке қосымша ретінде жол-жолдың арасына, астыңғы-үстіңгі бос орындарға және текстің оңды-солды шетіне жазылуы болса, проф. С. Муталлибов солардың бәрін келтіріп, сілтемелерде түсініктер береді. Қолжазбаның екінші бір ерекшелігі — мағыналас сөздер ылғи атап көрсетіліп отырылады. Бірақ автор осы сөздердің екінші сыңарын дәл орнында аударып, тұрған жеріне қоймай, кітаптың сілтемесі ретінде береді. Демек, жігі ажырамай қатар тұрған кейбір мағыналық жағынан болсын, тұлғалық жағынан болсын өз ара жақын сөздердің түпнұсқадағы тізбегі бұзылады.

Проф. С. Муталлибов аудармасымен салыстырғанда жоғарыда көрсетілген Б. Аталай баспасы әлдеқайда толық. Онда Ташкент баспасында кездеспейтін қыруар сөз бар. Сондықтан да жоғарыда көрсетілген осы ескерткіш жайындағы мақалалар мен зерттеулерді ескере отырып, екі баспаның екеуін де Т. Х. Кун бастырған түпнұсқамен (фоторепродукциямен) салыстыра тексеру осы салада істелетін игілікті жұмыстардың басы болмақ.

Ал-Каванин ал-куллия ли-дабт ал-луғат ат-түркия («Түркі тілдерін үйрену үшін жазылған толық құрал»). Авторы белгісіз. XIV ғасырдың аяғы мен XV ғасырдың басында Мысыр елінде жазылған еңбек. Қолжазба екі бөлімнен құралған: а) грамматика бөлімі (ең көлемді бөлігі де осы), ә) шағын сөздік (500-дей сөздің тізімі). Еңбектің екі бөлімі де 1928 жылы Стамбул қаласында түрік тіліне аударылып басылды. Аудармашы — Қилисли муаллим Рифат Білге де, алғы сөзін жазған — Мехмуд Фуад Көпрүлузаде. Грамматика бөлімін С. Телегди неміс тіліне аударып 1937 ж. бастырып шығарды (Будапешт қаласында). Басқа жерде «Ал-каванин» тілі әлі күнге дейін зерттеліп көрген емес.

Китаб ад-дурра ал-мудия фил-луғат ат-түркия алат-тамам вал-камал («Түркі тілі туралы жан-жақты және толық аяқталған інжу-маржан кітабы») — авторы белгісіз, арабша-қыпшақша сөздік. Көлемі 24 парақ (48 бет). Лоренцо Медичидің Флоренция кітапханасында сақтаулы тұр (Италияда). Алғашқы

(арабша) сөздері қара сиямен, соңғы қыпшақ сөздері қызыл сиямен жазылған. Сөздердің харакелері де түгел қойылған. Әр бетте 15—16 жол жазу бар. Олар жоғарыдан төмен қарай бағанамен тізілген: үстіңгі жазу арабша да, астыңғы жазу — қыпшақша.

Қолжазба өз ішінен 24 тарауға бөлінеді. Лексикалық мағынасына қарай іріктеліп берілген алуан түрлі сөздер бар. Бірінші тарауда, мысалы, құдай мен пайғамбар, әулиелер мен әнбилер сияқты діни ұғымға байланысты, ал басқа тарауларда өсімдік пен жануарлар, ас-ауқат пен мамандықтар т. б. турасындағы сөздер берілген. Материалдардың берілу тәртібі жағынан бұл еңбек «Терджуман түрки уа араби» ескерткішімен біртектес болып келеді. Кіріспе сөзінде бұл да «Терджуман ал-луғат ат-түркия» («Түркі тілінің аудармасы») немесе «Ат-Терджуман ат-түрки» («Түркі тәржімасы») деп аталады.

«Китаб ад-дурра» соңғы кезде ғана (1963 жылдың октябрь айында) табылды. Ол жайында алғаш сөз қозғап, жан-жақты мәлімет берген ғалым — А. Зайончковский. Оның айтуына қарағанда еңбек XIV ғасырдың аяғында, не болмаса XV ғасырдың басында Мысыр елінде, мамлюк қыпшақтарының арасында жазылған болу керек. Әңгіме болып отырған нұсқаның Сирияда көшіріліп жазылуы да мүмкін. Қолжазба әлі жарияланған жоқ. Сондықтан да ол бөтен тілдерге аударылып, тілдік ерекшеліктері жағынан зерттелген де емес.

Аш-Шудур ад-даһабия вал-қита ал-ахмадия фил-луғат ат-түркия («Түркі тілі туралы жазылған алтын тізбе»). Авторы — Молла ибн Мухаммед Салих. Түпнұсқа XVII ғасырдың басында (1619 жылдар шамасында) Мысырда жазылған, қазір Стамбул қаласында сақтаулы, 1949 ж. оның түпкі нұсқасын Б. Аталай бастырып шығарды. (Анкарада). Түпнұсқа бес бөлімнен тұрады: а) етістіктер (грамматикалық тұлғаларына қарай олар сегіз тарауға бөлінген); ә) есімдер; б) морфология (есімдіктер мен сан есімдердің жасалу тәсілдері); в) қыпшақ пен араб тілдеріне ортақ сөздер, яғни қыпшақ тіліне араб пен парсы тілінен ауысқан сөздер; г) Стамбул (осман) түріктерінің тілінен алынған сөйлемдер мен сөз тіркестері.

Қолжазбаның жазылып біткен заманы қыпшақ тілінің біртіндеп барып жойылып, оның есесіне осман түріктерінің тілі бел алып тұрған кез еді. Сондықтан «Аш-Шудур ад-даһабия» Мысыр елінде жазылып қалған қыпшақ тіліндегі ескерткіштердің ең соңғысы болды. Осыдан былай бұл өңірде дүниеге келген аздықөпті жазба ескерткіштердің бәрі де осман түріктерінің мұрасына жатады.

Сонымен, Египет пен Сирия өлкесін мекендеген қыпшақтардың тілінде ең алғаш жазылған бізге мәлім шығармасы «Терджуман түрки уа араби» болса (1245 ж.), ең соңғысы — осыдан 374 жыл кейін жазылған осы «Аш-Шудур ад-даһабия» (1619 ж.).

Бұл айтылғандардан басқа да мамлюк қыпшақтарының тілінде жазылған еңбектер бар (олардың жалпы саны 7—8 шамалы). Мазмұны жағынан олар діни шығармалар мен заман, тіршілік туралы толғаулардың қатарына жатады. Бұлар — жоғарыда айтылған ғылыми-грамматикалық не лексикографиялық сөздіктер сияқты зерттеулер емес, трактаттар. Соның бірі — авторы белгісіз «Хуласа» («Мазмұндама»). Ол XIV ғасырда жазылған. Көлемі 65 бет. Бұл — әскери өнер туралы жазылған еңбек. 1956 ж. оны Зайончковский «Мамлюк түріктерінің оқ ату туралы арабша жазылған трактаты» деген атпен бастырып шығарды (Варшава қаласында). Баспада кіріспе сөз (поляк тілінде), тексттің транскрипциясы және қыпшақша-полякша сөздік бар. Зерттеуші О. Притцак, проф. Ә. Наджип оны көне түрікмен тілінде жазылған деп есептейді. Өз алдына арнайы зерттеу жүргізу және оны басқа ескерткіштер тілімен салыстыру арқылы бұл мәселенің басын ашу — алда тұрған міндеттердің бірі.

Осы тәрізді трактат ескерткіштердің енді бірі — «**Маниа ал-Ғузат**» («Мамлюктердің сыйлығы») деген еңбек. Оны түрік ғалымы А. Ынан 1953 ж. түрік тіліне аударып бастырып шығарған.

Абул-Лайт ас-Самарканди жазып қалдырған «**Китаб Мукаддима**» («Түсіндірме кітап») қазір Стамбулдың Ая-София кітапханасында. Авторы — көрнекті юрист, теолог, 983 жылы қайтыс болған. Ол бірнеше еңбектер жазған. Солардың бірі — араб пен Мамлюк қыпшақтарының тілінде жазылған осы трактат. Ол — түпнұсқаның XVIII ғасырда жасалған көшірмесі. Оның кейбір үзінділері Парижде сақталған, олар 1410 жылы жазылған. Еңбектің мазмұны — намаз сөздерінің мағынасын түсіндіру. Қолжазба А. Зайончковскийдің француз тілінде берілген түсініктемелерімен әуелі Будапешт (1959 ж.), сонан соң Варшава (1962 ж.) қалаларында жарияланды.

Стамбулдың Ұлттық кітапханасында сақтаулы тұрған **Китаб ад-Дағва** («Іс кітабы») XIX ғасырдың аяғында көшіріліп алынған. Ол мұсылман дінінің әр алуан ережелері мен қағидаларын түсіндіруге арналған. Сол кездегі жазба нұсқалар сияқты мұнда да негізгі материал оғыз тілінің элементтері аралас қыпшақ тілінде жазылған. Қолжазба о баста Мысыр елінің билеушісі Татардың (1421 ж. қайтыс болған) кітапханасында пайда болған. Соған қарағанда оның жазылған жері де Мысыр болса керек. Қолжазба басқа тілге аударылған не баспа бетін көрген емес.

Осы мазмұндас мұсылман дінінің заңын, ережелерін уағыздайтын тағы бір жазба Стамбулдың Ая-София кітапханасында сақтаулы тұрған — **Иршад-ул-Мулук уа ас-Салатин** («Әмірлер мен сұлтандардың айтқан насихаты»). Көшіріп жазушы — Берке Факих. Қолжазба туралы басқа ешқандай мәлімет те жоқ, еш жерде басылып шыққан да емес.

Жүсіп пен Зылиха. Авторы — Әли. Ол 1212 жылы (өзбектің әдебиетші ғалымдарының анықтауынша 1233 ж.) жазылып біткен, сюжеті құран әңгімелерінен алынған поэтикалық шығарма. Ә. Наджиптің айтуына қарағанда, К. Броккельман оны оғыз тілдерінің негізінде жазылған ескерткіш деп танытын көрінеді. Татар зерттеушілері ескі булғар тілінде, ал А. К. Боровков Орта Азия түріктерінің тілінде жазылған деп есептейді. Ә. Наджиптің өзі қолжазба қыпшақ тілінде жазылып, бертінірек келе оғыз тілдерінің әсеріне ұшыраған болса керек деп біледі. Шығарма 1917 ж. Берлинде басылып шыққан. Бастырушы және неміс тіліне аударушы — К. Броккельман. Одан кейін 1956 жылы Қазанда татар поэзиясының антологиясында жарияланды. Тілдік, стильдік, поэтикалық ерекшелігі және грамматикалық құрылысы жағынан жете тексерілген емес.

Жүсіп пен Зылиха. Авторы — Дүрбек. Ол өзі Орта Азия түріктерінің әдебиет тарихында осы бір ғана еңбегімен-ақ белгілі болған адам. Шығарма 1409 жылы жазылып біткен. Шығыс халықтарының арасында көп жырланып жүретін дастандардың сюжет-құрылысы мұнда да қайталанып отырады. Шығарманың авторын бірсыпыра мамандар XV ғасырда жасаған өзбек ақыны деп есептеп, «Жүсіп пен Зылиха» дастанын ескі өзбек тілінде жазылған шығармалар қатарына жатқызып жүр. 1959 жылы дастан өзбек тіліне аударылып басылып шықты. Рабғузидің «Қисасул-анбия» дастанынан да осы Жүсіп пен Зылиха туралы хикаяның кейбір үзінділерін оқуға болады. Мұндай ұқсастық бұл секілді шығармалар сюжетінің бір негізден — құран сүрелерінен алынғандығынан болса да, бұлардың көбі бертінде о бастағы діни мағынасынан алыстап, әдеттегі көркем әдебиет туындылары қатарына қосылып кеткен.

Өзбек әдебиетін зерттеуші ғалымдар Әли шығармасы оғыз тілінде, Дүрбек туындысы ескі өзбек тілінде жазылған деп таныса да, бұл екеуінің көне қыпшақ тілімен тығыз байланысты екендігін жоққа шығару қиын. Оның үстіне «Жүсіп пен Зылиха» дастандарының қазақ тілінде де көптен бері-ақ жырланып келе жатқандары бар.

Жоғарыда аталып өткендердің бәрі де — қолда бар еңбектер. Біздің дәуірімізге олардың өзі (түпнұсқасы) болмаса да, көшірмелері келіп жеткен. Бұлардан басқа да бірсыпыра еңбектер бар. Олардың бізге аты ғана белгілі де, өздері жоғалып кеткен (не табылмай келеді). Осы уақытқа дейін табылмай жүрген еңбектердің ішінде қыпшақ руынан шыққан білімпаз Ала ад-Дин Бейлік ал-Қыпшақидың «**Ал-анвар ал-мудия**» деп аталатын («Інжу нұры») зерттеу жұмысы бар. Кейбір ғалымдардың, мысалы, О. Притцақтың айтуына қарағанда, кейінірек пайда болған үш шығармада кездесетін бағзы бір материалдар осы қолжазбадан алынса керек. Олар: жоғарыда сөз болған Абу Хайян еңбегі, «Ал-туһфа аз-закия» және «Булғат ал-муштақ».

Ала ад-Дин Бейлік 1250—1282 жылдар шамасында Каир қаласында қызмет істеген. Тюркологияда күні бүгінге дейін ол туралы осыдан өзге мәлімет жоқ.

Күні бүгінге дейін белгісіз еңбектердің қатарына **Ад-дурра ал-мудия-фил-луғат ат-туркия** («Түрік тілін оқып үйренушілер үшін жазылған інжу нұры») да жатады. «Аш-Шудур ад-даһабияның» авторы Молла Салих татар тілінде жазылған осындай бір қолжазбаның бар екендігін атап өтеді. Автор өзі зерттеп отырған тілдің татар тілінен бөтен тіл екендігін де ескертеді. Сондықтан да өз жұмысын жазу барысында ол еңбекті пайдаланбағанын айтады. Бұл өзі тақырыбы жағынан алып қарағанда Абу Хайян еңбектерінің бірімен (жоғарыда аталған «Түркі тіліндегі етістіктер» деген еңбегімен) аттас келеді. Стамбулдың Топ-Қапы сарайында дәл осы аттас екі қолжазба бар көрінеді. А. Зайончковскийдің айтуына қарағанда, оның бірі Абу Хайян ан-Нахви деген кісінің еңбегі де, екіншісінің авторы белгісіз. Бірақ оның екеуі қыпшақ тілі туралы емес, қазіргі түрік (осман) тілі туралы жазылған. Тағы да бір ескерте кететін жәй мынау: Абу Хайян ал-Гарнати мен Абу Хайян ан-Нахви бір адам ба, не болмаса екеуі екі түрлі зерттеуші ме деген мәселенің де күні бүгінге дейін басы ашылған жоқ.

Табылмай жүрген жазбалардың қатарында қаңлылар тілі туралы жазылған еңбек те бар. Ол — **Тибиян ал-луғат ат-турки ал-лисан ал-қаңлы**. Авторы — Мухаммед ибн Қайс. Қолжазба XIII ғасырдың басында жазылып біткен. Ол туралы ибн Муханна өз шығармасында атап көрсетеді.

Бұл аталғандардан басқа тюркологиялық әдебиеттерде тек қана аты аталып, одан басқа ешқандай мәлімет келтірілмейтін еңбектер де бар. Олардың тағдырын анықтау — келешектің ісі.

Армян колониясының тілінде жазылған ескерткіштер

XI ғасырдың екінші жартысында (1064 ж.) Багратидтер мемлекеті құлап, оны сельджуктер басып алғаннан кейін, қоныс аударған армяндар бірте-бірте жылыса отырып Қырымға жеткен де, осы өлкені жайлайтын қыпшақтармен етене боп аралас өмір сүре бастаған. Бұл өңірге көшіп келген армяндардың күнделікті сөйлеу практикасында қыпшақ тілі екінші ана тілі болып саналған. Бертін келе, XIII ғасырда монғол шапқыншылығынан ығысқан армяндар (300 үй шамасында) Кавказ бен Қырым өңірін жайлаған қыпшақтармен бірге король Лео Біріншінің шақыруымен Батыс Украинаға, Галицияға, Подольеге, оның ішінде Каменецке ауысып, көшіп келген (1280 ж.). Онда армяндардың магдебурлық (ешкім қол сұға алмайтын) правомен пайдаланатын колониясы құрылып, ол колонияның өз ішінде жүргізілетін іс қағаздары үш тілде — армян, қыпшақ және поляк тілінде —

жүргізілетін болып қалыптасқан. XV ғасырда (1496 жылдан бастап) Украина армяндарының орталығы Каменец-Подольскі қаласы болған.

Ереван қаласының көне дүние ескерткіштеріне өте бай Матенадаран кітапханасында осы сөз болып отырған кезеңге қатысты армян алфавиті мен көне қыпшақ тілінде, не болмаса көне қыпшақ тілі туралы армян тілінде жазылған алуан түрлі материалдар бар. Бірен-саран болмаса, олардың бәрі де әлі басылып шыққан жоқ, сонымен бірге басқа тілдерге де аударылған емес. Болашақ зерттеушілерін күтіп тұрған бай мұралардың басты бір көзі осында.

Каменец-Подольскі колониясында тұратын армяндардың XVI—XVII ғасырлардағы іс қағаздарынан құрастырылып тігіліп Киев университетінің кітапханасында сақталған 32 кітап шегініп бара жатқан неміс фашистері университет үшін өртеп жібергенде, ондағы өзге кітап қоймаларымен бірге жойылып кеткен. Бірен-саран зерттеушілердің қолында қалған азын-аулақ документтер осы күні баспа беттерінде жарияланып жүр.

Белгілі француз тюркологы Жан Дени Париждің мемлекеттік кітапханасында сақтаулы тұрған осындай документтердің бірқатарын француз тіліне аударып бастырып шығарды. Ж. Дени баспасы «Армян колониясы және Каменецтегі оқиғалар жазбалары» деп аталады (Виесбаденде жарияланған, 1957 ж.) Онда 1611—1613 жылдары армян колониясында болған оқиғалардың шежіресі жазылған. Баспа 6 бөлімнен тұрады: бірінші бөлім «Кіріспе» деп аталады. Армян колониясының тарихын оқып зерттеу үшін бұл бөлімнің маңызы аса зор. Онда мынадай мәселелер қамтылады: 1) армяндар мен қыпшақтардың ара қатынасы және қыпшақ тілі; 2) Каменец-Подольскідегі армяндар колониясы; 3) Каменец армяндарының Магдебурлық (айрықша) правосы; 4) армян жазбаларының жинақтары; 5) іс қағаздарындағы армян-қыпшақ тілдерінің аудармалары қалай жасалған? 6) Каменецтегі армян колониясының архиві; 7) дін мәселесі; 8) армян-қыпшақ тілдеріндегі жазба документтердің текстері; 9) текстердің грамматикалық ерекшеліктері: а) транскрипция, ә) фонетика, б) етістіктер, г) синтаксис; 10) сөздік; 11) Каменецтегі армяндар колониясының армянша-қыпшақша жазбалары: а) жазбалардың хронологиясы, ә) жазбалардың авторы, б) жазбаларға қосымша.

Екінші бөлім «Каменец жазбаларының текстері» деп аталады. Үшінші бөлім — «Жазбалар қосымшаларының текстері». Төртінші бөлім — «Қыпшақша-французша сөздік». Бесінші бөлімде жалқы есімдердің (аномастика мен топонимика) тізімі келтіріледі де, соңғы, алтыншы, бөлімде пайдаланылған әдебиеттер көрсеткіші беріледі.

Армян колониясының тілінде жазылған документтер, негізінен алғанда, іс қағаздары, яғни олар кеңсе тілінде жазылған

дедік. Сонымен бірге армян колониясының тілінде көркем әдебиет шығармалары да дүниеге келсе керек. Мазмұны жағынан олар діни және дидактикалық сарында жазылған (армян колониясының әдеби тілі туралы мәселені «Түркі филологиясының негіздері» деген еңбектен қарау керек, 2-том, Виесбаден, 1964, неміс тілінде). Дегенмен, армян колониясының тілінде туып, сақталған жазбалардың басым көпшілігі — сот істерін жүргізуге арналған протоколдар. Олардың бәрін жинақтап Т. И. Грунин 1967 ж. бастырып шығарды («Документы на половецком языке XVI в.»). Бұл басылым мынадай тараулардан тұрады: редактор Э. В. Севортян жазған алғы сөз; бастырушы Т. И. Грунин жазған алғы сөз; XVI ғасырдың 50—60-жылдарында Каменец-Подольскіде өмір сүрген армян колониясы жайындағы тарихи мәлімет (Я. Р. Дашкевич жазған), кіріспе, текстердің транскрипцияланған варианттары, аудармалар, грамматикалық түсініктемелер, сөздік (қыпшақша-орысша), адам аттары мен географиялық атаулардың тізімі және резюме (ағылшын тілінде). «Кіріспеден» бастап барлық материалдарды құрастырған аудармашы Т. И. Грунин.

Армян колониясының тілінде жазылған шығармаларды дүние жүзінің көптеген кітапханаларында кездестіруге болады. Мысалы, Ж. Дени бастырған жазбалар Париждің ұлттық кітапханасында сақтаулы болса, Польша, Венгрия т. б. мемлекеттер мен қалаларда да сол тектес толып жатқан документтер бар. Олар бірте-бірте жарияланып та, әр алуан тілдерге аударылып та жатыр. Бұл ретте еңбек сіңіріп жүрген көрнекті зерттеушілер деп М. Левицкий, Р. Кохнова, Е. Триарский, Е. Шутц, О. Прицак т. б. айтуға болады. Олардың еңбектері поляк, француз, ағылшын тілдерінде жарық көрді.

Бүгінде белгілі болып отырған армян колониясының тіліндегі қолжазбалардың саны отыз шақты: Венада — 17, Парижде — 5, Венецияда — 1, Браславде — 7, Краковта — 2, жеке адамдардың қолында (Польшада) — 2 т. б. Мазмұны жағынан олар мынадай жіктерге бөлінеді: 1) тіл зерттеу саласында — грамматикалық очерктер (Венада), армян-қыпшақ сөздігі (Венада). Бұлар — әлі де болса жарияланып үлгермеген жазбалар. 2) 1568 жылы қыпшақ тіліне аударылған армяндардың уставы (түпнұсқасы 1519 жылы жазылған). Ол бір данадан Венада, Парижде және Браславде сақтаулы. Браславде қаласындағы вариантын 1957 ж. М. Левицкий мен Р. Кохнова жариялады (Варшавада). 3) Каменец-Подольскідегі армяндар колониясының шежіресі (Венецияда және Парижде). Мұның Париждегі нұсқасын Ж. Дени бастырып шығарғанын жоғарыда айттық. 4) Әр алуан документтер, мысалы 1636—1680 жылдары жазылған Лембергедегі армян шіркеуінің қыпшақ тіліне аударылған матрикулі (Польшада). Бұл да әлі жарияланған жоқ. 5) XVIII ғасырдың ортасында жазылған армян жазбаларының

календары (Краковта сақталған). Бұл да жарияланбаған. 6) 1654—1674 жылдары жазылған «Пашалнакон» да Парижде сақтаулы, баспа бетін көрген жоқ. 7) Діни тақырыпта жазылған еңбектер: а) 1590 ж. диакон Лусик аударған «дұғалар кітабы» (Венада сақтаулы). Оның 51 дұғасын Ф. Крэлиц-Грайфенхорст неміс тіліне «Польшадағы армян татарлары тілінің үлгісі» деген атпен аударып бастырды (1912 ж.). Осындай дұғалар Париж қаласынан да табылады. ә) Тәңірге табыну дұғаларының текстері Вена мен Париж қалаларында сақталған. 8) Жоғарыда айтылған Матенадаран кітапханасында армянша-қыпшақша екі тілде жазылған 8 түрлі текст сақтаулы. Олар мыналар: 1) Грамматика, 2) Лусик түсіндіріп жазған армян тілі мен армян-қыпшақ тілдерінің тарихы (псалтырь тіліндегі кейбір қиын оқылатын сөздер мен түсініксіз сөз тіркестері туралы жасалған сөздік). 3) Христтің тууы туралы хикая. 4) Інжілге арнап жазылған кіріспе. 5) Христтің қайта айналып келуі туралы жыр. 6) Көп жыл өмір сүрудің әдіс-тәсілдері. 7) Вардапет Ванаканның ойлары. 8) Христтің қайта тірілуі туралы жыр. Әр тақырып көлемі жағынан көп болғанда 30 бет те, аз болғанда 1 бет мөлшерінде. Бәрінің де авторы бір адам — Лусик Саркаваг. Ол 1581 жылы Львов қаласында жазған болу керек. Кейінгі бір қолжазба қайтадан түптелген кезеңде оған 1598 ж. (армяндардың жыл санау есебі бойынша 1047 ж.) деген белгі қойылған. Бұлардан басқа Львовта Лусик армянша-қыпшақша жазылған тағы бір еңбекті көшіріп алған: ол — Венециядағы мхитаристер конгрегациясының кітапханасындағы псалтырь. Алғашқы біраз беттері жоғалып кеткендіктен, «Грамматика» бөлімінің аты-жөні мәлімсіз болып қалған. Қолжазбаның соңында да бірнеше бет жоқ. Текст бағана арқылы курсивпен толтырылған да, әр бетте 28—34 жолдан жазу бар. Ол — небәрі 13 парақ. Қолжазба грамматикалық оқулықтың бір үзіндісі ғана. Дәлірек айтқанда — армян-қыпшақ тілдеріндегі етістіктің шақ категориясын білдіретін жалғаулардың тізімі. 184 етістік шақ (келер шақ, өткен шақ, қалау райлы келер шақ, бұрынғы өткен шақ), жақ (жекеше, көпше) категорияларына жіктелген. Бес жүздей есім сөздері әр алуан грамматикалық тұлғаларда (көбінесе, атау тұлғасында) берілген.

1618 жылы Львовта жазылып, армян тілінен аударылып берілген «Алғыш бітік» («Алғыс кітабы») тілі жағынан «Кодекс Куманикус» тілімен біртектес және бүгінгі қазақтар үшін де түсінуге онша қиын емес.

Христиан дінін уағыздау үшін жазылған трактаттарды кезінде қыпшақ тіліне аударып таратушылар көп болған. Бұл еңбек те сондай аудармалардың біреуі. Аударылған тілдің әсерінен болуы керек, қыпшақ сөйлемдерінің синтаксистік құрылымында оның әдеттегі жүйесінен ауытқушылық байқалады.

Шағатай тілінде жазылған ескерткіштер

«Шағатай», «шағатай тілі» деген сөздің өзіндік (семантикалық) мағынасы күні бүгінге дейін дәл айқындалған емес. «Шағатай» деген сөздің өзі Шыңғыс ханның (1227 ж. қайтыс болған) екінші баласының атынан шығып, тарихи әдебиет беттерінде термин есебінде қалыптасып кеткен. Шағатай хандық құрған өлке XIII—XV ғасырларда «шағатай ұлысы» деп аталған. Сол өлкенің тұрғын түріктерін «шағатайлар», олардың тілінде жазылған көркем әдебиет (негізінде, поэзиялық) шығармаларын «шағатай әдебиеті», ал тілін «шағатай тілі» деп атап кеткен.

Шағатай қайтыс болған соң (1242 ж.), XIII ғасырдың екінші жартысында Шағатайдың немересі Қара нүлегү құрған империя да «шағатай ұлысы» болып аталады. Шағатай тұқымынан шыққан Дувахан XIV ғасырдың басында (1306—1307 ж.) бұл ұлысты қайта құрады. «Шағатай ұлысы» (қысқаша «шағатай») деген термин ресми түрде осы уақыттан бастап қолданылады. Шағатай ұлысына ол кезде мынадай географиялық аймақтар қараған: Амудария мен Сырдарияның арасы («Трансоксания» немесе «Мауреннаһр», дәлірек айтқанда, «Маур ан-наһр»—«екі өзен аралығы»), Жетісу өлкесі, Памир тауларынан Кабул мен Газнеге дейін, Шығыс Түркістан мен Жонғария. Міне, осы аталған территорияны мекендеген түріктер мен түрік болып кеткен басқа да көшпелі халықтар (олар монғол хандықтарының тірегі болған) осылай аталған да, бұл аймақтан шығыс жақ облыстарға қарай орналасқан түріктер «монғол» деп саналған. Осыған орай хан айналасындағы зиялылар да сипаһи, рағиат, моғол және шағатай болып бөлек-бөлек аталып отырған. Көшпелі түріктер «шағатай» деген атын XV ғасырға дейін (Шағатай ұрпағының билігі аяқталғанша) сақтап келген. XVI ғасырда, Темір нәсілдерінің мемлекеті жойылған соң, олар (Мауреннаһр шағатайлары) көшпелі өзбек тайпаларымен тоғысып, араласып кеткен еді. «Шағатай» атымен аталатын кейбір рулар мен тайпалар XX ғасырға дейін өмір сүрген. Олар Хиуа мен Зеревшан өзбектеріне бағынып тұрған. «Шағатай» сөзі жер-су (топонимикалық объектілер) атаулары болып күні бүгінге дейін сақталып келеді. Мысалы, «Шағатай қапқасы» («Шағатай қақпасы»), «Шағатай тепе» («Шағатай төбе»), «Шағатай йаны шаһар» («Шағатай жаңа шаһары») дегендермен бірге, Ташкентте «Шағатай» сөзі қатыстырылып қойылған көше аттары да бар.

Шағатай тілі туралы совет тюркологиясында айтылып жүрген пікірлер кейде біріне-бірі қайшы да келіп отырады. Осы жағдайларды ескере отырып, Шағатай тілінің қолданылу, зерттелу тарихы туралы қысқаша шолу жасағанмыз орынды.

Темір империясына бағынатын түрік халықтарын да әдетте «шағатай елі» деп атайды (XIV ғасырдың екінші жартысы мен XV ғасырда). Темір әулетінен өзбектерге өтіп кеткен Мухаммед

Салих деген ақын өзінің «Шейбанинама» деген шығармасында Шейбани ханның өзбектер шабуылына ұшыраған Самарқанд қаласының (Темір мемлекетінің орталығы) елшісімен сөйлескен кезін суреттейді. Сонда Шейбани хан айтады:

*Біл, кі мин барчаға мушафиқ дурмын,
Барча ил бирле мувафиқ дурмын,
Чағатай ил міні өзбек димесүн.
Бихуда фикр қылып ғам йимесүн.*

Аудармасы:

Біл: мен баршаға қайырымдымын,
Барша елдермен татумын,
Шағатай елі мені өзбек демесін,
Бос қиялдап қам жемесін.

Одан әрі Шейбани хан өзін шағатайлықтардың «өзбектерге сатылдың» деп орынсыз кінәлайтынын айтып кетеді:

*Диділер: син чағатай илісін,
Ушбу йирде чағатай хайлысын.
Ни дил өзбек біле йавер болдуң,
Ханға бу йаңлығ чакер болдуң?*

Аудармасы:

Олар айтты: сен шағатай еліненсің,
Бұл жерде шағатай тобына жатасың.
Не деп өзбекпенен ауыз жаласып,
Оның ханына жалынып малай болдың?

Бұл үзінділерге қарағанда, «шағатай» мен «өзбек» деген сөздер екі рулы елдің, ол кезде біріне-бірі өш, өз ара жауласушы халықтардың жеке-жеке аттары болып танылады.

А. Науаи шағатай тілін бүкіл түрік тілінен бөліп алып қарайды. Оның «Мизану лафзан» («Өлең өлшемі») деген еңбегінде «түрк улусу, бетахсыс чағатай халқы арасында шайы афзан» («түрік ұлысы, әсіресе шағатай халқы арасына тараған өлең өлшемі») туралы жазады. Мұндағы шағатай — ақсақ Темірдің өміріндегі түріктер. Науаи айтып отырған өлшемдегі өлең құрылысын одан басқа түріктер де қолданатын болған.

«Шағатай тілі» немесе «Шағатай түркісі» әуелі шағатай мемлекетіне бағынатын түріктердің тіліне байланысты, келе-келе Темір үстемдігі тұсындағы бүкіл Орта Азия территориясында жасаған түріктердің әдеби тіліне байланысты айтылып кеткен. XV—XVI ғ. ақырында «шағатай» деген сөзден гөрі «түркі», «түрікше», «түрік тілі», «түркі тілі» деген атауды көп айтады және жаппай қолданады. Тек Науаи ғана өзінің «Мизану лафзан» деген еңбегінде «чағатай лафзы» («шағатай тілі») деген сөз орамын ұстанады: «Парсы ақындары мен парсының сөз өнері шеберлері әр сөзді қалыңдықтай қадірлеп, барынша нұр жайнатты да, әсемдікке бөлеп берді. Мен болсам түрік тілінің күді-

ретіне сүйендім, олар сүйікті қыздай қып аялаған ойларын жеткізіп берген сөздерді мен шағатай лафзымен жаздым. Бұл тіл — ешқандай акын пайдаланып, ешбір жазушының қолы жете қоймаған әдеби тілдің негізі!», — деп жазды ол.

Абулғазы шағатай тілі туралы мынадай анықтама береді: «Шағатай түркісі — Теміридтер хандығының дәуіріндегі әдеби тіл. Ол араб-парсы тілінің әсеріне қатты ұшыраған». Одан әрі ол өзінің «түркі тілінде» жазып отырғанын, «шағатай түркісінен» (сол сияқты араб, парсы тілдерінде де) әдейі бірде-бір сөз алып пайдаланбағандығы туралы айтады.

Грамматикалық зерттеулер жазып, шағатай тілінің көрнекті сөздігін жасаған XVIII ғасырдың ғалымы Мирза Мехди («Мабанил-луғат» («Тіл жазбалары») деген еңбегінде өзінің әңгіме етіп отырған тілін бірде «түрік тілі» немесе «түркі тілі» («луғат-и түрк» немесе «луғат ит-түрки») деп атаса, енді бірде «шағатай тілі» («луғат-и чағатай») деп жазды. Бұл жерде бір айта кететін нәрсе: М. Мехди әңгіме қылып отырған тілі — Лутфи, Науаи, Хусейн Байқара шығармаларының тілі және «Калили и Димна» әңгімесінің шағатай тілінде жазылған аудармасы.

Сөйтіп, көптеген шығыс жұртының зерттеушілері Науаи мен сол тұстас акын-жазушылардың тілін «шағатай тілі» деп атаған. Сол сияқты, XVI—XVII ғасырда жазған кейбір әдебиет қайраткерінің тілін де «Науаи тілі» («луғат-и Науаи ыйа») не «Науаи тілдес» деп тану әдетке айналып кеткен.

«Шағатай тілі» деген атау Шығыс елдерінде Орта Азия түріктерінің әдеби тілі тарихындағы белгілі бір дәуірдің өзіндік ерекшеліктерін белгілеу үшін жұмсалған.

Бұл мәселеге Европа елдерінің зерттеушілері қалай қарайды? Бірер сөз енді сол туралы болмақ. Европада «шағатай тілі» деген сөз XIX ғасырда өте кең ұғымда тараған. Орыс ғалымы Е. Березин «Шағатай тілі — түркі тілдерінің ертедегі бір диалектісі» деп біледі. («Мұсылман диалектілері жөнінде зерттеулер», 1848 ж., француз тілінде). Россияның басқа тюркологтары да негізінен осы пікірді жақтайды. Оларша шағатай тілі — көне ұйғыр тілінің тарихи жалғасы.

Венгриялық зерттеуші А. Вамбери Орта Азия түріктерінің XII—XIX ғасырларда жасалған әдеби тілі мен Шығыс Түркістан және Батыс Түркістанда тұратын халықтардың күнделікті сөйлеп жүрген ауызекі тілін «шағатай тілі» деп атап, оның қатарына қазіргі өзбек тілін де жатқызады, өзінің «Шағатай тілінің грамматикасы» (Лейпцигте 1867 ж. неміс тілінде басылған) деген еңбегі арқылы А. Вамбери «шағатай тілі» деген терминді Батыс Европа ғалымдарының арасына жайып жіберді де, оның пікірін И. Тури, М. Хартманн сияқты зерттеушілер қолдап еңбектер жазды. Тек француз ғалымдары ғана (Кватремере, Паве де Куртейль, Ценкер) «шығыс түркі тілі» деген тіркесті қолданып, оны «шағатай тілі» деген терминнің синонимі ретінде қарады.

Орыс ғалымдарының В. Радлов, Ф. Корш бастаған бір тобы «шағатай тілі» деген атаудың қолданылу аясын біраз тарылтып тастады: ұйғыр жазуының ескерткіштерінен кейін пайда болған нұсқаларды ғана олар шағатай тілінде жазылған деп таныды.

Белгілі ғалым А. Крымский болса, Радлов сияқты, шағатай тілінің үлесіне XIII—XVIII ғасырларда жазылған Орта Азия түріктерінің әдеби туындыларын ғана жатқызады.

Бұл айтылғандардың бәрі де уақыт жағынан XIX ғ. айтылған ой-пікірлер еді. Ал енді бергі заман (XX ғ.) зерттеушілерінің пікіріне келсек, мысалы Самойлович, «шағатай тілін» Орта Азия түріктерінің тілінде XV—XX ғасырда ғана жасалған жазба мұралар тілі ыңғайында түсінеді.

Түріктің әйгілі әдебиетшісі және тарихшысы Ф. Көпрүлү шағатай тілінің тарихын мынадай кезеңдерге бөліп қарайды: 1) шағатай тілінің алғашқы дәуірі (XIII—XIV ғ.), 2) классикалық дәуірінің басы (XV ғасырдың алғашқы жартысы), 3) классикалық дәуірі немесе Науаи дәуірі (XV ғасырдың екінші жартысы), 4) классикалық дәуірдің жалғасы немесе Бабур мен Шейбани дәуірі (XVI ғ.), 5) құлдырау дәуірі (XVII—XIX ғ.).

Соңғы уақыттарда (Отан соғысынан кейінгі кездерде) «шағатай тілі» деген термин советтік тюркологияда «ескі өзбек тілі» деген тіркеспен алмастырылып жүр. Мысалы, шағатай тілін ең алғаш К. Боровков осылай атады (1948 ж.). Орта Азия түріктерінің тілінде туған әдеби шығармалардың бәрін де А. М. Щербак ескі өзбек тілінде жазылған деп есептейді (1953 ж.). Ол мынадай схема ұсынады: 1) ескі өзбек тілінің алғашқы дәуірі (X—XIII ғ.). Бұл дәуірде ескі өзбек тілі қыпшақ тілдері мен оғыз тілдерінің әсеріне ұшырап, олардың бірсыпыра ерекшеліктерін (лексикалық, фонетика-морфологиялық) қабылдап отырған, бірақ монғол үстемдігіне байланысты олардың арасындағы тікелей байланыс үзіліп қалған. 2) екінші дәуір (XIV—XVII ғ.). Бұл дәуірде қолданылған тілі — әдейі қолдан тұрғызылған жасанды тіл. 3) үшінші дәуір (XVII—XVIII ғ.). Бұл кездегі әдеби тілге жергілікті халықтар тілінің элементтері көптеп ене бастайды да, олар жазба тілді барынша байыта түседі. Шетел ғалымдарынан Эжман т. б. мұндай тұжырымдарды («шағатай тілін» «ескі өзбек тілі» деп атағанды) барынша өрескел көреді.

Эжман Самойлович дәуірлеуінің негізінде шағатай тілі тарихының кезеңдерін төмендегіше жіктейді: 1. Шағатай тілінің алғашқы дәуірі немесе Науаиға дейінгі дәуір (XV ғасырдың бірінші жартысы). Бұл тілде Сакаки, Хайдар, Хорезми, Лутфи, Юсуф Амири, Сайид Ахмет Мирза, Гадаи, Яқини, Атаи жазған.

2. Шағатай тілінің классикалық дәуірі (XV ғасырдың екінші жартысы мен XIV ғасырдың бірінші жартысы). Бұл тілде жазған ақындар: Науаи, Хусейн Байқара, Хамиди, Мухаммед Салих, Шейбани, Убайди т. б.

3. Соңғы дәуір, яғни классикалық, шағатай тілінен кейін қолданылған әдеби тілдің дәуірі (XVI ғасырдың екінші жартысынан XIX ғасырдың аяғына дейін).

Сонымен, жоғарыда айтылған пікірлердің барлығынан мынадай қорытынды шығады:

а) шағатай тілі — басқа түркі тілдерінен (соның ішінде өзбек тіліне де) басқа бөлек тіл. (Науаи, Абулғазы т. б. пікірі). Демек, «шағатай тілі» мен «түркі әдеби тілі» дегеніміз екі түрлі нәрсе, олар екі нұсқадағы әдеби тілдер саласы.

ә) шағатай тілі мен түрік (түркі) тілі бір тіл (Мирза Мехди, Вамбери т. б. пікірі).

б) шағатай тілі тек шығыс түріктерінің тілімен ғана жақындасады, ал басқа түркі тілдерінен оқшау қолданылады (француз ғалымдары, Радлов, Корш, Крымский).

Енді шағатай тілінің таралған аймағы туралы айтылған пікірлер мынандай:

1. Орта Азия және соған іргелес жатқан жерлер (Самойлович т. б.)

2. Темір империясының жері (Науаи).

3. Шығыс Түркістан өлкесі (француз зерттеушілері, Радлов, Корш, Крымский, Березин).

4. Шығыс Түркістан мен Батыс Түркістан және солардың айналасы.

Шағатай тілінің қолданылған дәуірі жөнінде айтылған пікір де жоғарғылар секілді ала-құла:

1. X—XVIII ғ. (Щербак)

2. XII—XIX ғ. (Вамбери)

3. XIII—XVIII ғ. (Крымский), XIII—XIX ғ. (Көпрүлү)

4. XV—XX ғ. (Самойлович), XV—XIX ғ. (Экман)

5. Ұйғыр ескерткіштерінен кейінгі дәуір (Радлов, Корш)

Бұлардан басқа шағатай тілінің тарихи кезеңдерін белгілеуге арналған бірнеше схемалар бар. Олардың ішіндегі негізгілері мыналар:

1. Шағатай тілінің тарихы 5 дәуірге бөлінеді

(Көпрүлүзадениң схемасы):

а) XIII—XIV ғ.

ә) XV ғасырдың алғашқы жартысы

б) XV ғасырдың екінші жартысы (Науаи)

в) XVI ғ. (Бабур, Шейбани)

г) XVII—XIX ғ. Мұндағы XV—XVI ғасырлар шағатай тілінің классикалық дәуірі болып есептеледі.

2. Шағатай тілінің тарихы 3 дәуірге бөлінеді (Щербак):

а) X—XIII ғ.

ә) XIV—XVII ғ.

б) XVII—XVIII ғ.

3. А. Н. Самойловичтің ізімен Я. Экман да шағатай тілінің

тарихын үш кезеңге бөліп қарайды. Бірақ оның бөлуі Щербактікінен өзгеше:

а) XV ғасырдың бірінші жартысы

ә) XV ғасырдың екінші жартысы — XVI ғасырдың бірінші жартысы

б) XVI ғасырдың екінші жартысы — XIX ғасырдың аяғы.

Басқа біралуан зерттеушілердің (Ильминский, Мелиоранский, Броккельман т. б.) топшылаулары осы айтылғандардың бірі болмаса біріне ұқсас келеді.

Шағатай тілінің тарихи тағдыры туралы:

шағатай тілі — ескі (өлі) әдеби тіл (көпшілік зерттеушілер);

шағатай тілі ескі (өлі) әдеби тілмен қатар жаңа (тірі) түркі тілдерін де қамтиды (Вамбери) деген көзқарастар бар. Осыған орай:

шағатай тілі — әдеби тіл (барлық зерттеушілер);

шағатай тілі әдеби тілмен бірге ауызекі сөйлеу тілінде де қолданылады (Вамбери) дейтін тұжырымдар жасалады.

Шағатай тілінің қазіргі тілдермен тарихи байланысы жайында мынадай екі түрлі ұйғарым бар:

1. Шағатай тілі мен ескі өзбек тілі, тарихи тұрғыдан алып қарағанда, бір тіл, ол — қазіргі өзбек тілінің негізі (Боровков, Щербак, т. б. совет зерттеушілері).

2. Шағатай тілі — қазіргі Орта Азияда тұратын түркі тілдес халықтар мен соған көршілес (Қазақстан территориясында, Шыңжаңда, Еділ мен Жайық бойында, Арал мен Каспий жағасында) отырған түркі халықтарының бәріне бірдей ортақ болып келетін үлгіде — орта азиялық әдеби тілде жазылып қалған мұралардың тілі (шетел ғалымдары, кейбір совет оқымыстылары, А. Н. Самойлович т. б.).

Бұл жерде мынадай жағдай есте болу керек: Орта Азия халықтарына ортақ тіл деп немесе, дәлірек айтқанда, «Орта Азия мұсылмандарының жазба әдеби тілі» деп А. Н. Самойлович X—XV ғасырларда жазылып қалған ескерткіштердің тілін айтады. XV—XIX ғасырларда туған шығармалардың тілін ол «таза шағатай тілінде» жазылған деп таниды.

Осы топқа жататын тарихи-әдеби туындылардың тілін «ескі өзбек тілі» деп атауға болатын сияқты, ал X—XV ғасырларда қолданылған тілді «шағатай тілі» емес, «Орта Азия халықтарының жазба әдеби тілі» деп таныған орынды. Орта Азия территориясындағы орта ғасырда жасалған туындыларды жоғарыда «Орта Азия түріктерінің тілінде жазылған ескерткіштер» деп атауымыздың себебі де осы.

Шағатай тілі туралы мәселенің қойылуы мен зерттелу тарихына шолу жасай отырып, біз мынадай бір фактінің бетін ашамыз: Орта Азияда орта ғасырда жазған ақын-жазушылар мен мемлекет қайраткерлері, тарихшылар мен зерттеушілер өздерінің әдеби тілін «шағатай» деген сөзден басқа «түрік», «түркі», «тү-

рікше», «түркіше», «түрік тілі» («түрік» деген сөз «түрк» болып та айтылады) тәрізді етіп атайды екен.

Мысалы, Лутфи былай деп жазады:

*Гүл ва наврузның афсанасын сал,
Айт ол қиссаны түркі тілінде.*

Аудармасы:

Гүл мен наурыз әңгімесінің желісін сал,
Айт ол қиссаны түркі тілінде («Гүл и Навруз»—

«Гүл мен наурыз» деген шығармасында). Сөйтіп, бұдан шығатын қорытынды — жоғарыдағы бірнеше атаулар бірінің орнына бірі жүре беретін, өз ара мағыналық айырмашылығы жоқ синоним сөздер.

XV ғасырдың бірінші жартысында (Науаидың алдында, яғни шағатай тілінің алғашқы дәуірінде жасалған Орта Азия ақындарының тілі бір жағынан Қараханид заманында жасалған классикалық ұйғыр әдебиетінің тілімен тамырлас болса, екінші жағынан, XIII—XIV ғасырларда Алтын Орда мен Хорезм төңірегінде өмір сүрген оғыз-қыпшақ тіліне жақын келетін еді. Ол тілде әдеби үлгілермен қатар Мауреннаһр (Аму мен Сыр дарияларының орталық өңірі) мен Хорасанды жайлаған түрік халықтарының сөйлеу тіл ерекшеліктері көрініс тауып отырған.

Әр кездерде құрылып, әр аудандарда өмір сүрген түркі тайпаларының қай одағы болса да біртектес рулардың таза өзінен ғана құралған жоқ. Әдетте ондай одақтардың басым көпшілігі белгілі бір тайпа болып келеді де, басқа түркі рулары сол тайпаға бағынып, аралас отырады. Шығыс Түркістан өлкесі мен екі дария аралығын билеген Қарахан әулетінің мемлекеті де ру-тайпалық құрылымы жағынан дәл осындай ала-күла болатын: ондағы бірнеше рулар — ұйғыр, қарлук, аргу, түргеш, йағма, т. б. түркі тайпалары мен рулары да бір мемлекет қол астында аралас өмір сүрген. Ең үлкен топ оғыздар мен қыпшақтар болған.

X ғасырда оғыздар Сырдария жағасына дейін жеткен. Осы дария ол кезде оғыз бен ұйғыр тайпаларын өз ара бөліп тұратын шекара іспетті болып ағатын. Кейінірек, XIII ғасырда Қараханидтер мемлекеті ыдырап, біреуі—Моғолстан (Шығыс Түркістан мен Жетісу), екіншісі—Мауреннаһр болып екіге бөлінеді. Екі дария аралығын XVI ғасырда жаулап алған көшпелі өзбектер бұрыннан қалыптасып, өскелең мәдени табыстарға қолы жеткен тұрғылықты түркі тайпаларының арасына сіңісіп, араласып кеткен. «Өзбек» деген атынан басқа ол жердегі халықтың тұрмыс-тіршілігіне ықпал жасай алмаған, яғни қазіргі өзбектер көптеген түркі халықтарынан құралған. Ортаазиялық әдеби тілдің өзіндік өзгешелігін айқындаудың қиындығы да осында: ол әр алуан тайпалардан (ең бастылары ұйғыр, оғыз, қыпшақ, өзбек т. б.) құралған одақтардың тілінде қолданылған. Оның үстіне оған

Кіші Азия әдебиетінің ролін былай қойғанда, Хорезм мен Алтын Орда түріктерінің әдеби тілі де әсерін тигізбей қалған жоқ. Сондықтан, осы жағдайды ескере отырып, XV—XVI ғасырларда жазылған нұсқалар тілі — шағатай тілі жалпы ортаазиялық әдеби тілдің даму тарихындағы белгілі бір кезеңі болды деп қараған жөн.

Енді біз шағатай тілінде жазылған негізгі еңбектерге қысқаша шолу жасаймыз.

Лутфи (1393—1492 ж.). Лутфидің ақындық дарынын өте жоғары бағалаған Науаи оны өз заманында «мүлк ал-калами» («сөз патшасы») болған адам деп таныған. Лутфи өлеңдер (ғазалдар, қасыда) мен поэмалар жазып («Гүл и нарыз»), аудармалар жасаған. Төрт ғазалы XV ғасырда (ұйғыр жазуымен), бір топ өлеңдері XVI ғасырда, қалғандары XIX ғасырда көшіріліп алынған. Олардың түпнұсқалары сақталмаған. Еңбектер Британ музейінде, Ленинград., Стамбул, Ташкент қалаларының қолжазба қорларында сақтаулы. Лутфи шығармаларының тілінде қыпшақ пен оғыз тілдерінің әсері күшті. Лутфидің өз айтуы бойынша, ол «түркі тілінде» жазған. Қазіргі атауымыз бойынша, ол, жоғарыда көрсетілгендей, «шағатай тілі» болып аталады.

Атайи (XV ғасырдың алғашқы жартысында өмір сүрген) Балх қаласында тұрған, Қожа Ахмед Ясаудің орнын басқан Сайд атаның немересі (Исмаил Атаның баласы). Науаи оны «дәуруиш еді» деп жазады. Өлеңдерін түркі тілінде жазған (Науаидың сөзімен айтқанда «түркі күй ерді»). 260 өлеңі бар бір диванға жинақталған, Ленинградта сақтаулы.

Саккаки өз отаны туралы былай деп жырлайды:

*Мәуреннаһр ичре қалдым чунку ікі йаньма
Көзлерімнің бірі Сайхун бірі Жайхун айлады.*

Аудармасы:

Мәуреннаһр ішінде қалдым,

үйткені екі жағымда:

Көздерімнің бірі — Сыр, бірі — Амудария.

Саккаки XIV ғасырдың аяғы мен XV ғасырдың басында Самарқанд қаласында өмір сүрген. Ақынның Британ музейінде сақталып тұрған бір диван (жинақ) қолжазбасы бар. Бірнеше өлеңі Ая-София (Стамбул) музейінде.

Иақыми — түркі тілі мен парсы тілінде қатар жазған ақын. Ол XV ғасырдың алғашқы жартысында Герат қаласында өмір сүрген, өлең де, қарасөз де жазған. «Оқ пен жайдың айтысы» деген атақты шығармасы Британ музейінде сақталған. Ол XVI ғасырдың аяғында көшіріліп жазылған. Түпнұсқасы белгісіз.

Ахмеди — «Музыкалық аспаптардың айтысы» деген өлеңнің авторы. Онда ғұд, чан, қобыз, жетіген (йатуған), рубаб, ғыж-жак, қоңра сияқты аспаптардың өз ара айтысы баяндалады.

Қолжазба XVI ғасырда көшірілген. Қазір Британ музейінде сақтаулы.

Әміри — Шахрух ханың баласы Байсұңқар Мырзаның сарай ақыны. XV ғасырдың ортасында қайтыс болған. Оның төрт жолдан тұратын (туяғ) 24 өлеңі Стамбул университетінде сақталған. «Мухаббатнамаға» еліктеп жазған «Дахнама» поэмасы Британ музейінде.

Мир Хайдар — XIV ғасырдың аяғы мен XV ғасырдың басында өмір сүрген, еңбектерін түркі және парсы тілдерінде жазған адам. Оның Низамиге еліктеп шығарған «Махзан ал-асрар» деген поэмасы бар. Мазмұны — діни уағыздама. Осы поэманың бес түрлі көшірмесі бар (Лондонда, Венада, Тегеранда және Берлинде). Ең ескі көшірмесі XV ғасырда ұйғыр алфавитімен жазылған (Тегеранда сақталған нұсқасы).

Ходженди. Бұл — шын есімі әлі белгісіз бір автордың лақап аты (тахаллусы). Ходженди «Мухаббатнамаға» еліктеп «Латафатнама» деген он түрлі арнау өлеңдерінен құралған поэма жазған. Ол «Ташшукнама», «Дахнамалармен» әуендес болып келеді. Шығарманың жалғыз данасы Британ музейінде.

Хусейни. Оның толық аты-жөні — Абул-Ғазы Хусейн Байқара, өзі Темір тұқымынан шыққан, Науаидың замандас, сухбаттас адамы болған. 1438 ж. туып 1469—1506 жылдары Хорасанда хандық құрған. Сол кездегі әдет бойынша екі тілде (түркі, парсы) көптеген ғазал-өлеңдер шығарған. Хусейн Байқара шығармаларының XVI—XVII ғасырларда көшірілген бірнеше данасы Лондон, Ленинград, Париж, Хельсинки кітапханаларында сақталып қалған.

Бұл аталғандардан басқа сөз болып отырған дәуірде азды-көпті шығарма жазып, көзге түскен аты мәлім біраз адамдар бар. Мысалы:

Жауһари XV ғасырдың бірінші жартысында қайтыс болған. Оның ұйғыр әрпімен жазылған бір өлеңі белгілі (Британ музейінде). «Калила и Димнаны» да аударып, өлең еткен сол.

Қамбароғлы — XV ғасырдың бірінші жартысында жасаған ақын. Үш-ақ өлеңі сақталып қалған.

Қасым XV ғасырдың ортасында (30-жылдары) қайтыс болған. Бір өлеңдер жинағы мен философиялық шығармасы (парсы тілінде) сақталған.

Мансур бахшының атағы оның көшірмешілік өміріне байланысты шыққан. Ол — Иезде қаласындағы каллиграфиялық ұйғыр жазуына байланысты қоғамның өкілі және мистикалық бірнеше өлеңдер жазған, XIV ғасырдың аяғы мен XV ғасырдың басында өмір сүрген адам.

Бұларға қоса айналасындағы ақындарға еліктеп, қолына қалам ұстап, бірді-екілі туынды қалдырған кейбір есімдерді атай кететін болсақ, олар: **Мир Сайид** (Науаидың ағасы), **Мукими**, **Губайди** (Шейбани ханның жақыны Махмуд сұлтанның

баласы), **Амани, Гариби** (Хусейн Байқараның баласы), **Хайдар Хорезми, Юсуф Амири**, т. б.

XV ғасырдың екінші жартысы мен XVI ғасырдың бірінші жартысында жазған ақындар.

Науаи (1441—1501 ж.)—соңына аса мол мұра қалдырған ақын. Ол шығармаларын өлеңмен де, қара сөзбен де жазған. Ұлы ақынның көркем туындыларымен бірге ғылыми еңбектері де, өміртіршілік жайындағы терең философиялық толғаулары да бар.

Науаидың өмірі мен творчествосы қақында жазылған көлемді зерттеу еңбектері баршылық. Сондықтан біз бұл мәселеге арнайы тоқталып жатпай, ақынның басты-басты еңбектерін атап өтеміз. Олар мыналар: **Чар диванда** («Төрт жинақ») — өлеңдер жинағы. **Хамса** («Бестік») поэмалар жинағына арналған (1482—1485 жылдары жазылған). Ол поэмалар мыналар: **Хайрат ал-абрар** («Мұсылмандар ғажайыбы»), **Фархад ва Ширин** («Фархад пен Шырын»), **Лайле ва Мажнун** («Ләйлі мен Мәжнүн»), **Саба-и сайяра** («Жеті жұлдыз») және **Садд-и Сикандари** («Іс-кендір дуалы»). **Лисан ат-тайр** («Құстар тілі») — Аттардың суфистік мазмұнда жазған шығармасының аудармасы (1499 ж. жазылып біткен). **Тарихи мулюк ғаджам** («Парсы патшаларының тарихы») 1499 ж.. **Махбуб ал-кулуб** («Сүйінген жүрек») 1501 ж. жазылған. **Маджалис ал-нафаис** («Сирек кездесетіндердің мәжілісі») — өзінен бұрын жасаған ақын-жазушылар туралы мәліметтер жинағы (1492 ж.). **Мухакамат ал-луғатайн** («Екі тілдің айтысы») өз заманында қолданылып жүрген тілдердің маңызы жөнінде әңгіме қозғайды (араб, парсы, шағатай, түркі). 1499 ж. жазып шығарған. Науаи өз шығармаларында араб-парсы сөздерін көп қолданған. Оның еңбектерінде түркі тілдерінің ерекшеліктеріне жатпайтын сөйлем құрылыстары мен сөз орамдары да кездесіп отырады. Дегенмен, ол шағатай тілінде қалай жазудың керемет үлгісін көрсетті. Кейінгі жазба тіл мен жазба әдебиеттің негізін қалады, өзбек әдебиетінің атасы болды.

Бабур (1483—1530 ж.). Захир эд-Дин Бабур — Темірідтер династиясының ақырғы өкілі. Бірнеше поэтикалық шығармалармен бірге «Бабурнама» деген мемуарлық еңбек жазған. Еңбектің тілі бай, әрі жеңіл. Онда Мауреннаһр мен Ферғананың мәдени өмірі, әдебиет пен искусствоның дамуы, Орта Азияның табиғат дүниесі мен географиясы, түркі халықтарының этнографиялық құралы сияқты толып жатқан мәселелер сөз болады.

Мухаммед Салих — XV ғасырдың екінші жартысы мен XVI ғасырдың басында өмір сүрген, Шейбани ханның сарай ақыны. Ең негізгі шығармасы — «Шейбанинама» (1510 ж.). Ол — Шейбани ханның жорықтары мен әскери ерлігін суреттеуге арналып, өлеңмен жазылған шығарма. 76 бөлімнен тұрады (бір-ақ түрлі көшірмесі бар, Венада, 1885 және 1908 жылдары ол сол қаланың өзінде екі рет басылып шыққан).

Сөздіктер. Шағатай тілінде жазылған әдеби шығармаларды

оқып үйренушілерге арнап жасалған бірнеше сөздіктер бар. Олардың ең бастылары мыналар:

Мухакмат ал-луғатайн («Екі тілдің айтысы») шағатай тілінің грамматикалық ерекшеліктерін талдауға арналған. Оны Науаи 1499 ж. жазған.

Бадаи ал-луғат («Шағатайша-парсыша сөздік») — XV ғасырдың аяғында Науаи шығармаларының тілін түсіндіру үшін жазылған еңбек. Авторы — Талиғ Хереви (Герат қаласынан, Науаидың тұстасы, бір жағынан ақын да болған).

Абушқа — Науаи шығармаларында қолданылған сөздерді түсіндіріп беруге арналған екі мың сөзі бар шағатайша-түркіше сөздік. Ол қолжазба бетіндегі бірінші сөзіне қарап осылай аталған. Екі көшірмесі бар (1552 ж., Венада, 1554 ж. Лондонда).

Луғати түркиді («Түркі сөздігі») XVII ғасырда Фазуллахан жазған. Британ музейіндегі қолжазба 1825 ж. Калькуттада басылып шықты. Онда етістіктен жасалған есімдер, етістіктің категориялары және есім сөздерінің парсы тіліндегі аудармалары келтірілген.

Келурнама («Кіріс кітабы») — XVII ғасырда Мухаммед Якуб Чинги жазған шағатайша-парсыша сөздік.

Мантахаб ал-луғат («Тандамалы сөздер жинағы») — XVIII ғасырда Мухаммед Риза жазған еңбек. Онда Науаи шығармаларында кездесетін араб, тәжік, шағатай тілдерінің элементтері талданады.

Мабанил луғат — Науаи шығармалары туралы жазылған грамматикалық очерк пен шағатайша-парсыша сөздік. 1760 ж. жасалған.

Фатх Алихан Қаджаридің сөздігі де шағатайша-парсыша екі тілде жасалған.

Шағатайша-түркіше, шағатайша-түрікше (османша) жасалған бұдан басқа да бірсыпыра сөздіктер бар.

XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап шағатай тілі туралы жазылған әдебиеттер көптеген тілдерде кездеседі. Мысалы, орыс тілінде (Ильминский, Вельяминов-Зернов, Ромаскевич, Березин, Юдахин, Мелиоранский, Самойлович, Боровков), неміс тілінде (Зенкер, Вамбери, Хартман, Броккельман, Экман, Менгес), ағылшын тілінде (Денисон, Давид, Веверидж), француз тілінде (Куртейль, Кватреме, Демайсон, Денисон), венгер тілінде (Кунош, Тури), түрік тілінде (Аталай, Ынан, Жафароглы, Ерен, Вевик, Паша, Жевжет, Фуад, Асым, Хикмет, Фитрет, Ертайлан, Арат), латын тілінде (Фраен) т. б. Соңғы жылдары өзбек тілінде біраз еңбектер жарияланып, диссертациялық жұмыстар жазылды.

КӨНЕ ТҮРКІ ЖАЗБА ЕСКЕРТКІШТЕРІНІҢ ТІЛІ

I тарау

ОРХОН-ЕНИСЕЙ ЖАЗБА ЕСКЕРТКІШТЕРІНІҢ ТІЛІ

Фонетика

Ерте заман жазба ескерткіштерінің тілін зерттегенде оның жазуының ерекшеліктері мен тарихын назардан сырт қалдыруға болмайды. Бұл ретте, алдымен, жазу қолтума немесе өзге жұрттық па, белгілі бір тілдің дыбыстық жүйесін дәл өрнектей алды ма, өз басынан қандай өзгерістерді өткерді т. б. мәселелерге айрықша көңіл бөлінеді.

Сондықтан да орхон-енисей ескерткіштерінің тілі туралы сөз қозғаудан бұрын, онда қолданылған алфавит жайында айта кеткен жөн.

Орхон-енисей алфавитінің шығу төркіні жөнінде ғалымдар арасында толып жатқан талас пікірлер бар. Г. И. Спасский, М. А. Кастрен және Г. Вамбери секілді тюркологтар енисей шатқалдарынан табылған құпия жазуларды Сібір татарларының ру таңбаларымен сәйкес алып қарады.

Бұл пікірді Н. А. Аристов пен Н. Г. Малницкий де қостайды.

Көне түркі жазуын оқуға алғаш жол салған Г. Томсен орхон-енисей таңбаларының бірқатарын Семит-пехлеви әріптерімен ұқсас қарады. Кейінірек ондағы негізгі 38 таңбаның 23-і арамей алфавитінде кездесетіндігін, түркі тілінің дыбыстық ерекшеліктеріне сәйкес, оның кейбір арамей емес таңбалармен толықтырылғанын ескертті. В. Томсеннің пікірін жақтаушы О. Доннер де орхон-енисей жазуының II—III ғасырдағы аршакид (парфян) жармақтарындағы таңбалармен ұқсас екенін айтады. В. Радлов, С. В. Киселев және И. А. Батманов жазуды шығыстан емес, батыстан келген болуы керек деп топшыласа, С. Г. Кляшторный орхон алфавиті Орта Азияға арамей алфавитін қолданған иран тілді батыс көршілерден ауысуы ықтимал, әсіресе, Дуньхуандық «көне соғды» алфавиті негізінде пайда болған болар деген пікірді айтады.

П. М. Мелиоранский орхон-енисей жазулары таңбалар негізінде пайда болды деген пікірді сынап отыра, көне түркі таңбалары орхон жазу үлгілерінің негізі болуы мүмкін деген пікірді мүлде негізсіз санамайды.

Алфавит

Орхон-енисей жазба ескерткіштерінде қолданылған
алфавит төмендегідей таңбалардан құралады

Орхон-енисей таңбалары	әріптік мәні	Орхон-енисей таңбалары	әріптік мәні
𐰇 𐰈 𐰉	Аа, Ее	𐰏 𐰐 𐰑	Иь
𐰒 𐰓 𐰔 𐰕	Бб	𐰖 𐰗	НТ, НТ
𐰘 𐰙 𐰚 𐰛 𐰜	Бь, Бь	𐰝 𐰞	Иь
𐰟 𐰠 𐰡 𐰢 𐰣 𐰤	Ғғ	𐰥 𐰦 𐰧 𐰨 𐰩	НТ, НТ
𐰪 𐰫	Гг	𐰬 𐰭 𐰮 𐰯	НЧ, нч
𐰰 𐰱 𐰲 𐰳 𐰴	Дд	𐰵 𐰶 𐰷	Оо, Уу
𐰸	Дь, дь	𐰹 𐰺 𐰻	Өө, Үү
𐰽 𐰾 𐰿 𐱀 𐱁	Зз	𐱂	Пп
𐱃 𐱄	Ыы, Іі	𐱅 𐱆 𐱇	Рр
𐱈 𐱉	Ий	𐱊 𐱋	Рь, рь
𐱌	Иь, йь	𐱍	Сс
𐱎 𐱏 𐱐 𐱑 𐱒 𐱓	Кк	𐱔	Сь, сь
𐱕 𐱖 𐱗 𐱘 𐱙 𐱚 𐱛	Кк	𐱜 𐱝 𐱞 𐱟 𐱠	Тт
𐱡	Лл	𐱢	ТЬ, ть
𐱣	Ль, ль	𐱤 𐱥	Чч
𐱦	ЛТ, лт	𐱧 𐱨 𐱩 𐱪 𐱫 𐱬 𐱭	Шш
𐱮 𐱯 𐱰 𐱱 𐱲	Мм	𐱳 𐱴	Баш
𐱵	Нн	•	бөлу белгісі

Бұған қарағанда орхон-енисей алфавиті көне түркі тайпаларының таңбалары негізінде пайда болған деген көзқарас шындыққа келетін сияқты (79-беттегі суретті қараңыз).

Г. Вамбери орхон-енисей алфавитінің ерекшеліктері жөнінде айта келе: бұл алфавит дәл, икемді емес, сондықтан V—VIII ғасырлардағы түркі тілдерінің дыбыстық жағын зерттеу де мүмкін емес деп қарады.

П. Мелиоранский болса, керісінше, орхон алфавитін сол дәуірдегі түркі тайпаларының талабы мен қажетін өтей білген, түркі тайпалары тілінің дыбыстық ерекшеліктерін дәл бере алған деп есептейді.

Түркі халықтары қолданған ұйғыр, араб жазуларымен салыстыра отырып, В. В. Бартольд те түркі тайпаларының орхон-енисей алфавитін кең түрде пайдаланғанын, үндестік жағынан оның орнына келген ұйғыр, араб алфавитінен тиімділігін айтады.

Әрине, бұл айтылған пікір-болжамдар әлі де болса зерттей, анықтай түсуді керек етеді. Дегенмен орхон жазуының сол кездегі түркі тілінің дыбыстарын бейнелеуге қолайлы жазу болғаны күмәнсіз.

Орхон-енисей жазба ескерткіштері тіліндегі дыбыстар да жасалуы мен айтылуына және естілуіне қарай алдымен дауысты және дауыссыз дыбыстар болып, екі үлкен топқа бөлінеді.

Дауысты дыбыстар

Орхон-енисей жазуларының бірқатар өзіндік ерекшеліктері бары байқалады. Тексте дауысты дыбыстардың екі дауыссыз дыбыс ортасында өте сирек кездесуі және елеулі ролі болмауы осындай өзгешеліктерге жатады. Сөздердің жуан не жіңішке екендігін де қатар келген дауыссыз дыбыстардың жуан, жіңішкелігіне қарай ажыратамыз. Сөз мағынасын ажыратуда дауыссыз дыбыстар ерекше роль атқарады.

Бұған үлгі ретінде ескерткіштен төмендегідей үзінді келтірейік:

Жазу үлгісі:

𐰽𐰺: 𐰽𐰾𐰼 𐰽𐰾𐰼: 𐰽𐰾𐰼𐰽: 𐰽𐰾𐰼𐰽𐰾: 𐰽𐰾𐰼𐰽𐰾𐰼: 𐰽𐰾𐰼𐰽𐰾𐰼: 𐰽𐰾𐰼𐰽𐰾𐰼
 𐰽𐰾𐰼: 𐰽𐰾𐰼𐰽𐰾: 𐰽𐰾𐰼: 𐰽𐰾𐰼𐰽𐰾𐰼: 𐰽𐰾𐰼𐰽𐰾𐰼: 𐰽𐰾𐰼𐰽𐰾𐰼: 𐰽𐰾𐰼𐰽𐰾𐰼
 : 𐰽𐰾𐰼𐰽𐰾𐰼: 𐰽𐰾𐰼𐰽𐰾𐰼: 𐰽𐰾𐰼𐰽𐰾𐰼: 𐰽𐰾𐰼𐰽𐰾𐰼: 𐰽𐰾𐰼𐰽𐰾𐰼: 𐰽𐰾𐰼𐰽𐰾𐰼: 𐰽𐰾𐰼𐰽𐰾𐰼
 : 𐰽𐰾𐰼𐰽𐰾𐰼: 𐰽𐰾𐰼𐰽𐰾𐰼: 𐰽𐰾𐰼𐰽𐰾𐰼: 𐰽𐰾𐰼𐰽𐰾𐰼: 𐰽𐰾𐰼𐰽𐰾𐰼: 𐰽𐰾𐰼𐰽𐰾𐰼: 𐰽𐰾𐰼𐰽𐰾𐰼
 : 𐰽𐰾𐰼𐰽𐰾𐰼: 𐰽𐰾𐰼𐰽𐰾𐰼: 𐰽𐰾𐰼𐰽𐰾𐰼: 𐰽𐰾𐰼𐰽𐰾𐰼

Транслитерациясы: ТҮРК БУДУН ҚАНЫН БОЛМАЙЫН
 ТаБҒаЧДА аДыРЛТЫ ҚаНЛАНТЫ ҚаНЫН ТаБҒаЧКА
 ЯаНА ІЧІКДІ. ТеңРІ аНЧА ТеМіС ҚаН БеРТіМ
 ҚаНЫНЫН ҚОДЫП ІЧІКДІҢ ІЧІКДҮК ҮЧҮН ТеҢРІ
 ӨЛТМіС еРНЧ. ТҮРК БуДун ӨЛТІ, алҚЫНТЫ ЙоҚ
 БОЛТЫ. ТҮРК еСІР БУДУН ЙеРІНТЕ БОД ҚалМаДЫ.
 ЫДА ТаШДА ҚалМЫСЫ ҚУБРаНЫП, ЙеТІ ЙҮЗ БОЛТЫ.
 еКІ ҮЛҮГІ еРТІ, БІР ҮЛҮГІ ЙаДаҒ еРТІ. ЙеТІ ЙҮЗ ҚІСІГ
 УДЫЗЫҒМА УЛУҒЫ ШАД еРТІ (Тон. 2, 3, 4)

Транскрипциясы (оқылуы).

Түрк будун қанын болмайын табғачда адырылты, қанланты. Қанын қодып табғачқа яана ічікді, Теңрі анча теміс қан бертім.




Қанын қодып, ічікдің, ічікдүк үчүн теңрі өлтміс еринч. Түрк будун өлті, қалқынты, йоқ болты. Түрк есір будун йерінте бод қалмады. Ыда ташда қалмысы қубранып, йеті йүз болты. Екі үлүгі атлығ ерті, бір үлүгі йадағ ерті. Йеті йүз кісіг ұдызығма улуғы шад ерті.

(Тон. 2, 3, 4, 5)

Аудармасы.

Түрік халқы ханы болмай табғаштан бөлінді, ханы болды. Ханын қойып, табғашқа және бағынды. Тәңрі дегендей хан берді.

Ханынды қойып бағындың, бағынғаның үшін тәңрі өлмеші етті, бәлкі. Түрік халқы өлді, әлсіреді, жоқ болды. Түріктің есір халқы жерінде ештеңе қалмады. Ойда-қырда

Таңбалар	Олардың әріптік мәні
	А а, Е е Ы ы, І і
	О о, У у
	Ө ө, Ү ү

қалғаны жиналып жеті жүз болды. Екі бөлегі атты еді, бір бөлегі жаяу еді. Жеті жүз кісіні бастаушы үлкені шад еді.

(Тон. 2, 3, 4, 5)

Дауысты дыбыстардың таңбалары. Ескерткіштердегі төрт таңба сегіз дауысты дыбысты өрнектеуге қолданылады. Мұны төмендегі кестеден көруге болады.

Дауысты дыбыстардың қолданылуы

↯

② P ① Y
 ② Г ②
 ② ↯
 L ②
 M ① C

T Y E X
 J Y U T
 T H Y F
 T
 M X

↑

> H Y U T P
 T Y D
 J X Y C D
 T P J S T
 3 C T D

қазақ тіліндегі екі дауысты — езулік тіл арты «а» және тіл алды «е» дыбыстарының орнына жұмсалады.

а орнына қолданылуы:

қаған — қаған

апам — менің апам

анта — онда, сонда, сол жерде

атлат — атандар, атқа мінгіз

табғач — табғаш, қытай

е орнына қолданылуы:

беглер — бектер

іліне — сенің еліне

келті — ол келді

ер — ер, батыр

бен — мен

қысаң езулік жуан тіл арты «ы» және тіл алды «і» дыбыстарының орнына жұмсалады.

ы орнына қолданылуы:

йысғару — тоғайға, ағаштыққа қарай

йағы — жау

йатығма — жататын орын

дуқ йер — қасиетті жер

қытай — қытай

ГХЭЛГ
N9Г9
4Г8
ГKУЭ
ГINI

^

ГЧ?>J
J>>
J>D
ГЧ>D
Г?>J

J?>Ч>
>ЧJ>D
Ч>ЧJ>
)Ч>
>)8>8

М

JTTN
*4N
KTN
ГНВН
*KНН

і орнына қолданылуы:

іікді — бағынды
іійү — жеп
біз — біз
келті — келді
сүсі — оның, олардың әс-
кері

жуан тіл арты ашық ерін-
дік «о» және қысаң ерін-
дік «д» дыбыстарының
орнына жұмсалады:

о орнына қолданылуы:

боғзы — оның тамағы
он оқ — он оқ түркі тай-
палары
йоқ — жоқ
йоры — жүр, көш
оғлы — оның ұлы

у орнына қолданылуы:

тутуну — ұстап, ұстай
урғыл — ұр, сок
йоқару — жоғары
олуруп — отырар
узун — ұзын
жіңішке тіл алды ашық
еріндік «ө» және жіңішке
тіл алды қысаң еріндік
«ү» орнына жұмсалады.
Мысалы:

ө орнына қолданылуы:

өңре — алға
өзүм — менің өзім
өрт — өрт
төкті — төкті
өтүнтүм — мен өтіндім

Ү орнына қолданылуы:

ГХҮЕНҢ
 ГҢН
 ХХКҮНІ
 ГХІҢНІ
 ЧКННВ

йүгүрті — жүгірді
 үзе — үстіне
 сүлетдім — сүлеттім, со-
 ҒЫСТЫМ
 сүңүсді — сүңгілесті, со-
 ҒЫСТЫ
 күнтіз — күндіз

Дауыссыз дыбыстар

Дауыссыз дыбыстар үш топқа бөлінеді:

- а) жалаң дауыссыздар,
- б) қос дауыссыздар,
- в) дыбыс тіркестері.

Жалаң дауыссыздар. Ескерткіштерде жалаң дауыссыздардың қатарына жуан буынды сөздерде де, жінішке буынды сөздерде де бірдей кездесе беретін төмендегідей алты дыбыс жатады:

Орхон-енисей танбалары	Әріптік мәні
Ч Ң Ч ы ь	Зз
Х 3 < 1 ь	Мм
ҮҮ	ң
1	Пп
ЛҮ	Чч
ҮҮ ҮҮ ʌ □	Шш

1. Жалаң дауыссыздардың қолданылуы:

З — ұяң дыбыс. Сөздің басында кездеспейді де, сөздің ортасында және аяғында жиі қолданылады:

Г О J Ч X Y J
 X Ч N
 Ч X X I Y N I
 Ч X X E H
 J J Ч E N

боғұзланды — бауыздалды
өзүм — менің өзім
сүңүсдіміз — соғыстық
тегдіміз — біз жеттік
үгүзке — өзенге

М — мұрын жолды сонор дыбыс. Бұл да көбінесе, сөздің арасында және аяғында кездеседі:

Ч X I
 I X Ч J
 X Ч X Y
 J X Y
 Ч X Y J X

семіз — семіз
бармыс — барған
оғұзым — менің оғызым
йеме — және, тағы
білмес — білмес

П — шұғыл қатаң дыбыс. Сөздің ортасында және аяғында кездеседі:

J J
 J J
 J J J
 J X I
 J X J X

апа — апа, үлкен туыс
алп — алып, ер батыр
қоп — көп
есідіп — естіп
тұтып — тұтып, ұстап

Ш — қатаң спирант дыбыс. Ескерткіште өте жиі кездеседі:

Ч E N J X D
 J Ч X X
 J X X X
 X X X
 X D J X J

Йашыл үгүз — жасыл өзен
ташра — сыртқа
Шантуң — Шандун
шад — шад, уәзір
башлайу — бастап

Ч — қатаң аффрикаттық дыбыс. Орын талғамайды. Сөздің барлық шенінде кездесе береді:

ҮНҮ
 ҒАГ
 ННЛН
 ҮГҮЛН
 Л

чөл — шөл
 ічік — бағын
 үчүн — үшін
 ач — аш
 үчбің — үш мың

Ң — мұрын жолды сонор дыбыс. Ол сөз басында кездеспейді де, сөздің ортасында және аяғында ғана қолданылады:

ГҮҢ
 ҮҮН
 ҮҢС
 ҮН
 ҮГҮ

теңрі — тәңрі
 өрң — ақ, боз
 барың — барың
 өң — алғашқы
 бің — мың

2. Қос дауыссыздар. Орхон-енисей ескерткіштері тілінің қазіргі қазақ тілінен бір ерекшелігі — мұнда бір дыбыс екі, кейде одан көп таңбамен беріледі. Олардың бірі жуан сөздерде кездессе, екіншісі тек жіңішке сөздерде кездеседі. Төмендегі кестеде дауыссыздардың жуан және жіңішке варианттары келтірілген.

Жуан дауыссыздар		Жіңішке дауыссыздар	
Орхон-енисей таңбалары	әріптік мәні	Орхон-енисей таңбалары	әріптік мәні
ᠰᠰᠰᠶᠶ	Бб (1)	ᠰᠰ ᠶᠶ ᠰᠰ	Бб, бь (2)
ᠶᠶ ᠶᠶ ᠶᠶ ᠶᠶ	Ғғ (3)	ᠶᠶ	Гг (4)
ᠶᠶ ᠶᠶ ᠶᠶ ᠶᠶ ᠶᠶ	Дд (5)	ᠶ	Дь, дь (6)
ᠶ ᠶ	йй (7)	ᠶ	йь, йь (8)
ᠶᠶ ᠶᠶ ᠶᠶ ᠶᠶ	Кк (9)	ᠶᠶ ᠶᠶ ᠶᠶ ᠶᠶ	Кк (10)

Жуан дауыссыздар		Жіңішке дауыссыздар	
Орхон-енисей таңбалары	әріптік мәні	Орхон-енисей таңбалары	әріптік мәні
↓	Лл (11)	Υ	Ль, ль (12)
)	Нн (13)	𐰪 𐰫 𐰬	Нь, нь (14)
47U	Рр (15)	Υ 𐰭	Рь, рь (16)
У	Сс (17)	l	Сь, сь (18)
δ ^ ≈ ˆ ˆ ˆ	Тт (19)	к h h	ТЬ, ть (20)

Қос дауыссыздардың қолданылуы: **Бб** — шұғыл ұяң дыбыс. Жуан (1) және жіңішке (2) түрлерінде кездеседі. Орын талғамайды, сөздің барлық шенінде бірдей кездесе береді. Жуан түрі тек жуан буынды сөздерде қолданылады. Мысалы:

↓ 𐰪) 𐰬 𐰭 𐰮
 𐰭 𐰮 𐰯
 𐰮 𐰯
 𐰮 𐰯 𐰮 𐰯
 𐰮 𐰯 𐰮 𐰯

будунқа — халыққа
чаб есі — сөз йесі
суб — су
табғачығ — табғашты
бардымыз — біз бардық

Жіңішке түрі тек жіңішке буынды сөздерде қолданылады. Орын талғамайды, сөздің барлық шенінде келе береді. Мысалы:

𐰮 𐰯 𐰮 𐰯 𐰮 𐰯
 𐰮 𐰯
 𐰮 𐰯 𐰮 𐰯
 𐰮 𐰯 𐰮 𐰯
 𐰮 𐰯 𐰮 𐰯

бігидім — мен жаздым
еб — ұй
ебірү — айнала
білге — білгіш, дана
біліг есі — білік иесі

Ғғ — ұяң, ызың дыбыс (3). Сөз басында кездеспейді, тек жуан буынды сөздердің ортасында не соңында қолданылады:

ҰҒҒҒҒҒҒ

табғачғару — табғашқа қарай

ҒҒҒҒ

оғуз — оғыз (түркі тайпасы)

ҒҒҒҒ

тағыт — тауды

ҒҒҒҒҒҒ

айғучы — кенесші

ҒҒҒҒҒҒ

Тоғлада — Тоғлада, жер аты

Гг — ұяң шұғыл дыбыс (4). Жіңішке сөздердің ортасында не соңында кездеседі:

ГГҒҒҒҒ

білге — білгіш, дана

ГГҒҒ

біліг — білік

ГГҒҒҒ

көрүг — хабаршы, тыңшы

ГГҒҒҒҒ

Беңлігек (тау аты)

ГГҒҒҒҒ

келіме — келетін орын

Дд — шұғыл ұяң дыбыс. Жуан (5) және жіңішке (6) түрлерінде кездеседі. Жуан түрі тек жуан буынды сөздердің ортасында және аяғында кездеседі де, сөз басында қолданылмайды:

ДДҒҒҒ

будун — халық

ДДҒҒ

айды — айтты

ДДҒҒҒҒ

ачдымыз — біз аштық

ДДҒҒҒҒ

қалмады — қалмады

ДДҒҒ

шад — шад, уәзір

Жіңішке түрі сөз басында кездеспейді. Сөздің ортасында және аяғында ұшырайды:

ГҒҒҒҒ

сүңүсді — сүңгілесті, кескілесті

ГҒҒ

іді — ие, қожа

ГҒҒ

тегді — жетті, тиді

ГҒҒҒҒ

йердекі — жердегі

ГҒҒҒҒ

сүледіміз — сүлеттіміз, соғыстық

Й — ауыз жолды сонор дыбыс. Жуан (7) және жіңішке (8) түрлерінде кездеседі. Бұл дыбыстың жуан түрі орын талғамайды, сөздің барлық шенінде айтыла береді:

ГҮД
ГҮД
ГҮД
ГҮД
ГҮД

йағы — жау, дұшпан
йолы — оның жолы
йұйқа — жұқа
йырайа — шығысқа
йағычысы — оның қолбасшысы

Жіңішке түрі де орын талғамайды, сөздің барлық жерінде қолданыла береді:

ГҮД
ГҮД
ГҮД
ГҮД
ГҮД

йеме — және, тағы да
йерке — жерге
йүз — жүз
йеті — жеті
йііу — жей, жеп'

Ққ — шұғыл қатаң дыбыс (9). Жуан сөздерде сөздің барлық шенінде кездеседі:

ҚҚ
ҚҚ
ҚҚ
ҚҚ
ҚҚ

йоқ — жоқ
қыз — қыз
қаған — хан, қаған
йаблақ — жаман, теріс
қырқ аз — халық

Ққ — шұғыл қатаң дыбыс (10). Жіңішке сөздің барлық шенінде келе береді:

ГГ
ЕПГГ
ЕТНВ
ЕТНН
ГГТЧН
ГЕНННХ

екі — екі
кісіг — кісіні
көрүр — көрер
түрк — түрік
өңрекі — алдағы, алдың-
ғы
бүнтүгі — қамқоршысы

Л — ауыз жолды сонор дыбыс. Жуан түрі (11) де, жіңішке түрі (12) де сөздің басында бірен-саран сөздерде болмаса, кездеспейді. Жуан түрі жуан буынды сөздердің ортасында және аяғында келеді:

ЛЧЛ
ЛЧЛ
ЛЧ
ЛЧЛ
ЛНХЛЛ

лағзын — шошқа, доңыз
олур — отыр
ол — ол
алл ер — алып ер
балықдақы — қаладағы

Жіңішке түрі жіңішке сөздердің ортасында және аяғында келеді:

ҮГ
ЕҮЛНГ
ІТНҮГ
ГНҮГ
ГЕҮГХ

іл — ел
күчліг — күшті
Ілтеріс — қаған
келті — келді
білге — білгіш, дана

Н — мұрын жолды сонор дыбыс. Жуан (13) және жіңішке (14) түрлерінде кездеседі. Жуан түрі орын талғамайды, сөздің барлық шенінде келе береді:

↓>>
Г)
)ЖН
*JDD
)>>J

он оқ — түркі тайпасы

Аны — жер аты

қаған — хан, қаған

йаналым — қайтайық

будун — халық

Жінішке түрі де орын талғамайды, сөздің барлық шенінде келе береді:

↓ЖН
ЖАН
ЖНЖ
ГНЧГЖ

неке — неге

үчүн. — үшін

түн — түн

бізні — бізді

Р — ауыз жолды сонор дыбыс. Жуан (15) және жінішке (16) түрлерінде кездеседі. Жуан түрі жуан буынды сөздердің ортасында және аяғында ұшырайды. Сөздің басында ешуақытта кездеспейді:

4СГЧ>D
↓Ч>D
ГЧН
Ч↓D
ГJГЧJ>

йорысар — жүрсе, көшсе

туруқ — тұрақ, аялдама

қары — қары, кәрі

тоқар — тоқар, халық

олурғалы — отырғалы

Жінішке түрі де сөз басында келмей, сөздің тек ортасында және аяғында қолданылады:

↑ЖН
↑Ж
↑↑ЧН
↓↑↑ЧН
↑

темір — темір

йір — жер

теңрі — тәңрі

өңре — алға

ер — ер, батыр

С — қатаң дыбыс. Жуан (12) және жіңішке (18) түрлерінде кездеседі. Жуан түрі жуан сөздердің барлық шенінде кездеседі:

ГУУ
 УГД
 *ОНУ
 І*ДУ*
 ЧИУУ

сабы — оның сөзі
 йыс — орман, тоғай
 сақынтым — ойландым
 тасықмыс — жиналған
 буңсыз — мұңсыз, тоңай

Жіңішке түрі де орын талғамай, сөздің барлық шенінде келе береді:

ІЕУНН
 ІУН
 ЕУНІ
 Ч*НІ
 УУІУ

түргес — түргеш
 үкүс — көп
 сүңүс — сүңгі
 сүміз — біздің әскеріміз
 кісре — соң, кейін

Т — қатаң дыбыс. Жуан (19) және жіңішке (20) түрлерінде кездеседі. Оның жуан түрі жуан буынды сөздердің барлық шенінде кездесе береді:

ЧНУ*
 АУУ*
 Э*ГД
 *ОНУ
 І




тоқуз — тоғыз
 табғач — табғаш
 қытан — қытан
 сақынтым — ойландым
 атлат — аттан.

Жіңішке түрі де орын талғамайды. Жіңішке буынды сөздердің барлық буындарында жазыла береді:

ННН
 ІЕУНН
 НУН
 ГНУ


түн — түн
 түргес — түргеш
 өрт — өрт
 келті — келді

3. **Дыбыс тіркестері.** Кейбір сонор дыбыстар қатаң дыбыстармен тіркесіп тұрады да, жазуда бір ғана таңбамен беріледі. Оларды мына төмендегі кестеден байқауға болады.

Орхон-енисей таңбалары	Әріптік мәні
	нт
	нч
	лт

С. Е. Малов якут және чуваш тілдеріне арналған зерттеулерінде бұл құбылысты тілдің көне ерекшеліктеріне жатқыза, И. А. Батманов та мұндай тіркестерді қазіргі бірқатар түркі тілдерінде кездесетін көне заман тілінің қалдығы деп қарайды.

Орхон-енисей ескерткіштерінен сөз болып отырған дыбыс тіркестерімен келетін сөздерді кездестіре беруге болады. Мысалы:



болтым — болдым

бунча — мұнша

санч — шаныш

антағ — сондай

анча — сонша

Дыбыстардың алмасуы

Дыбыстардың алмасуы — өте ерте заманнан келе жатқан тарихи құбылыс. Мұны орхон-енисей жазу нұсқаларынан да кездестіреміз.

а) Дауысты дыбыстардың алмасуы:

а//о: текстегі а дыбысы о дыбысымен алмасады: *аны* (оны) — *аны біл* (оны біл). *Анта* (онда) — *анта айғучы* (онда кеңесші).

ы//а: текстегі қысаң ы орнына кейде ашық а дыбысы қолданылады:

Ығаш — ағаш: *Ығаш тутуну ағтурдум* (ағаш ұстай жоғары көтердім, аудардым).

у//ұ: текстегі у дыбысы ұ дыбысымен алмасады:

Қуз — құз, дала: *Чуғай құзын қара құмығ олуруп ертіміз* (Чығай құзын Қара құмды мекендеуші едік.)

Улуғ — ұлық: *өзүм болтым, улуғ болтым* (Өзім қары болдым, ұлық үлкен болдым).

Бу — бұ, бұл: *Табғаш, оғуз, қытан бу учегү қабысыр* (Табғаш, оғыз, қытан бұ үшеуі қабысар, бірігер).

ү//і: **Өтүн** — өтін: *Анча өтүнтүм* (Сонша өтіндім).

Үчүн — үшін: *Теңрі йарылқадуқ үчүн* (Тәңрі жарылқағаны үшін).

Йүкүн — жүгін: *Он оқ белгері будуны коп келті, йүкүнті* (Он оқ бектері халқы көп келді, жүгінді).

Күнтүз — күндіз: *Қапаған қаған ...күнтүз олурматы* (Қапаған күндіз отырмады, тыным таппады).

у//ы: текстегі у дыбысы ы дыбысымен алмасады.

Алтун — алтын: *Алтун йыста олурың* (Алтынды тауда отырың!)

Туруқ — тұрық: *Туруқ буқа* (арық бұқа).

Улуғ — ұлық: *Өзүм улуғ болтым* (Өзім ұлық, үлкен болдым).

Оғуз — оғыз: *Білге қаған түрк есір будунг оғузығ будунығ ігіду олурур* (Білге қаған түрік езілген халқын, оғыз халқын жоғарылатты).

і//е: кейбір сөздерде кездесетін і дыбысымен қазақ тіліндегі е дыбысы алмасады.

Іл — ел: *Іл йеме ілі болты* (ел және ел болды).

Йір — жер: *Йірчі шір йанылып, боғузланты*

(Жершіл кісі жер жаңылып, бауыздалды).

Біс — бес: *Оғузқа біс сүңүсті* (оғызға қарсы бес рет соғысты).

е//ә: **теңрі** — тәңрі: *Теңрі йарылқадуқ үчүн* (Тәңрі жарылқағаны үшін).

Бірен-саран сөздерде е дыбысы ү дыбысымен алмасады:

Еб — үй: *Бен ебгерү түсейін* (Мен үйге қарай қайтайын).

б) Дауыссыз дыбыстардың алмасуы. Бұған төмендегідей алмасулар жатады:

б//м: тексте кездесетін ұяң б дыбысы үнді м дыбысымен алмасады.

Бен — мен: *Бен ебгерү түсейін* (Мен үйге қарай қайтайын).

Бана — маған: *Баңа айды* (маған айтты).

Бың — мың: *Біз екі бың ертіміз* (Біз екі мың едік).

Бүң — мұң: *Не буны бар?* (не мұңы бар?)

й//ж: текстерде сөз басында кездесетін й дыбысы ж дыбысымен алмасады.

Йол — жол: *Йантуқ йолта* (қиын жолда)

Йір — жер: *Нең йердекі* (қай жердегі?)

Йоқ — жоқ: *Түрк будун өлті, алқынты, йоқ болты*

(Түрк халқы өлді, алкынды, жоқ болды).

йағы — жауы: *Табғач қаған йағымыз ерті* (Табғаш қаған жауымыз еді).

Йүз — жүз: *Йеті йүз кісіг удузығма шад ерті* (Жет жүз кісіні бастаушы үлкені шад еді).

д//й: текстерде кейбір **д** арқылы келетін сөздер **й** дыбысымен алмасады:

Бод — бой: *Түрк есір будун йерінте бод қалматы*

(Түрік езілген халқы жерінде ештеңе қалмады).

Адырылты — айрылды, бөлінді, өлді, жоқ болды:

Түрк будун табғачта адырылты (Түрк халқы табғаштан бөлінді).

Бұңадып — мұнайып: *Бұңадып қаған, йелу көр тіміс* (Мұнайып қаған, желе көр, — деді).

Қодып — қойып: *Қаныңын қодып іікдің* (Ханыңды қойып, бағыңдын).

л//д: кейбір сөздердегі үнді **л** дыбысы ұяң **д** дыбысымен алмасады.

Боғузланты — бауыздалды: *Йірчі йір йаңылып боғузланты* (Жершіл жер жаңылып, бауыздалды).

з//с: текстегі кейбір сөз аяғы мен сөз ортасындағы **з** дыбысы **с** дыбысымен алмасады:

Келмез — келмес

Барзун — барсын: *Сү басы Инел қаған Тардус шад барзун!* (Әскер басы Инел қаған тардуш шады барсын!)

ғ//у: текстерде **ғ** дыбысымен **у** дыбысы алмасады.

Тағ — тау: *Тінесі оғлы йатығма Бенлігек тағығ* (Тінесі ұлы тұратын Бенлігек тауын...)

Йағ — жау: *Артқы қырғыз күчліг қаған йағымыз болты* (Артқы қырғыз күшті қағаны жауымыз болды).

г//у: *Үчегу* — үшеу: *Бу үчегу қабысыр* (Бұл үшеуі қабысар).

Еліг — елу: *Елігче ер тутдымыз* (Елудей ер тұттық, ұстадық).

г//и: сөз соңында келетін **г** дыбысы кейде **й** дыбысымен алмасады.

Тегті — жетті: *Ол күнде тегті* (Ол күнде тиді, жетті).

т//ш: кейбір қосымшада келетін **т** дыбысы қатаң **ш** дыбысымен алмасады.

Екінті — екінші: *Екінті күн келті* (Екінші күн келді).

л//т: текстердегі **л** сонор дыбысы қатаң **т** дыбысымен алмасады.

Олур — отыр: *Олурур ертіміз* (Отыратын едік).

Беглер — бектер: *Он оқ беглері келті* (он оқ бектері келді).

ч//ш: текстердегі **ч** дыбысының орнына **ш** қолданылады.

Ач — аш: *Сүңүгін ачдымыз* (Сүңгімен аштық).

Чөл — шөл: *Чөлгі аз ері болдым* (Шөлдік аз ері болдым).

Үч — үш: *Екі-үч бың сүмүз* (Екі-үш мың әскеріміз).

ң//ғ: текстердегі кейбір сонор **ң** дыбысы **ғ** дыбысымен алмасады.

аңар — оған
саңа — саған
баңа — маған

Буын. Орхон-енисей ескерткіштерінде бір буынды да, көп буынды да сөздер бар. Көбінесе мынадай буындар кездеседі:

1. Ашық буын. Мысалы:

ы — ағаш (өсімдік), *кі-сі* — кісі, *е-кі* — екі, *қа-ра* — қара, *қа-ры* — қары, көрі.

2. Тұйық буын: *еб* — үй, *ер* — ер, *өрт* — өрт, *оқ* — оқ.

3. Бітеу буын: *қод* — қой, *тағ* — тау, *қыз* — қыз, *қар* — қар.

Дыбыстардың түсіп қалуы. Ескерткіштерде бірен-саран сөздерде кейбір дыбыстардың түсіп қалатындығы байқалады. Мысалы: *бады* — барды, *ай* — айт.

Сингармонизм

Көне түркі жазу ескерткіштеріндегі дыбыстардың жасалуы мен айтылуына байланысты қалыптасқан дыбыстық заңдары болған. Олар төмендегідей:

1. **Лингвальдық сингармонизм.** Қосымшалар (жалғау, жұрнақтар) соңғы буынмен үндесіп, не жуан, не жіңішке болып жалғанады.

Жуан сөздерде: *қапығқа* — қақпаға, *йолта* — жолда, *атлығ* — атты, *қанланты* — қанданды, *алқынты* — алқынды.

Жіңішке сөздерде: *беглер* — бектер, *екінті* — екінші, *үлүгі* — үлесі (бөлегі), *йерчі* — жершіл.

2. **Лабияльдық (ерін) сингармонизм.** Текстердегі көзге түсетін дауысты дыбыстардың үндесуінің бірі — ерін үндестігі, яғни лабиальдық сингармонизм.

Ескерткіштердегі ерін үндестігі де, қазіргі түркі тілдеріндегідей, біркелкі емес: а) Сөздің басқы буынында еріндік дыбыстар болса, соңғы буында езулік дыбыстар кездеседі: *буқалы* — бұқалы, *айғушысы* — кеңсешісі, *улуғы* — ұлығы, *үлүгі* — үлесі (бөлегі), *сүсі* — әскері, *учы* — ұшы, *тұтдымыз* — тұттық (ұстадық).

б) Кейде алғашқы буында еріндік дыбыстар болса, кейінгі буындарда да еріндік дыбыстар кездеседі: *көрүг* — көруші (тыңшы), *өтүнтүм* — өтіндім, *күнтүз* — күндіз, *үшегу* — үшеуі, *олурур* — отыратын.

Ассимиляция. Тексте кездесетін түбір сөздердің аяғы қатаң, ұяң, не сонор дыбыстар болса, оған жалғанатын қосымшаның басқы дыбысы ұяң, кейде қатаң бола береді. Бұл — көне түркі тілдеріне тән құбылыс. Мысалы: *болты* — болды, *сақынтым* — ойландым, *іікдүк* — бағынған, *топла* — топта, *йолта* — жолда, *йуртда* — жұртта, *үгүзке* — өзенге, *атлығ* — атты.

Морфология

Сөз тұлғасы. Орхон-енисей ескерткіштеріндегі сөздерді құрамына қарай түбір сөздер, туынды сөздер, қос сөздер, біріккен сөздер және күрделі сөздер деп бес топқа бөлуге болады.

1. Түбір сөздер. Ескерткіштерде одан әрі бөлшектеуге келмейтін, тек жалаң түбірден құралған сөздер де кездеседі. Олардың түрлері төмендегідей:

I. Жалғыз ғана дауысты дыбыстан тұрады. Бірақ ондай түбірлер текстерде жоқтың қасы.

Мысалы: *Ы* — бұта (өсімдік): *Ы бар бас асдымыз* (бұтасы бар шыннан астық).

II. Дауысты-дауыссыз дыбыс (у, с)¹: *аз* — аз (көп емес), *аи* — аш, *аң* — аң (түсінік), *еб* — үй, *иш* — іш.

III. **С-У**: *бу* (бұ, бұл), *те* (де, айт), *не* (не) *ку* (дыбыс) т. б.

IV. **С-У-С**: *бар* (бар), *бас* (бас), *бес* (бес), *біл* (біл), *бен* (мен), *бың* (мың), *иат* (жат), *иел* (жел).

V. **У-С-С**: *алп* — алып (батыр), *арт* (арт), *өрт* (өрт), *елт* (жүрміз), *унч* (мүмкін), т. б.

VI. **У-С-У**: *апа* (апа), *ара* (ара), *екі* (екі), *үзе* (үсті), *уқы* (ұйқы), *уна* (ұнау) т. б.

VII. **С-У-С-С**: *йурт* (жұрт), *түрк* (түрк), *қорқ* (қорық), *санч* (шаныш).

VIII. **У-С-У-С**: *арығ* (таза), *есір* (тұтқын), *обут* (ұят), *оғұл* (ұл), *оғыз* (оғыз), *узун* (ұзын) т. б.

IX. **У-С-С-У**: *арқа* (арқа), *едгү* (әйгі), *алты* (алты).

X. **С-У-С-У**: *буқа* (бұқа), *қары* (қары), *кіші* (кісі), *қара* (қара), *йеті* (жеті) т. б.

XI. **У-С-С-У-С**: *інгек* (сиыр), *алтун* (алтын), т. б.

XII. **С-У-С-У-С**: *боғуз* (тамақ), *будун* (халық), *қаған* (қаған), *түкен* (он мың), *чуғай*, *чығай* (кедей, саран).

2. Туынды сөз. Ескерткіштегі сөздердің бәрі тек жалаң түбірлер ғана емес. Қазіргі тіліміздегідей онда да жұрнақ жалғану арқылы көптеген жаңа сөздер жасалады. Мысалы:

Айғушы (кеңесші), *қағанлығ* (қағандық), *атлығ* (атты), *күчліг* (күшті), *йерчі* (жершіл), *букалы* (бұқалы), *йердекі* (жердегі).

3. Қос сөздер. Қарастырылып отырған ескерткіш тілінде қос сөздер де кездеседі. Бірақ олардың саны көп емес:

іші-тысы (іші-тысы), *екі-үч* (екі-үш), *куз-құдуз* (қыз-қырқын), *йер-суб* (отан), т. б.

4. Біріккен сөздер. Ескерткіште бірнеше түбірлерден бірігіп, бір ғана ұғымды білдіретін біріккен сөздер де бар:

Тонуқуқ (Тонуқуқ), *Ілтеріс* (Ілтеріс), *Қапаған* (Қапаған)

¹ У — дауысты, С — дауыссыз дыбыс дегенді білдіреді.

егрітебі (кілем), *йоқару* (жоғары), *Өтүкен* (Өтукен), *күнтүз* (күндіз).

5. Күрделі сөздер. Бұған, көбіне, кісі аттары мен жер-су аттары жатады:

Қара құм (Қара құм), *Чугай куз* (сараң дала, бетпак дала); *Темір қапығ* (темір қақпа), *Йарыс йазы* (Йарыс жазығы), *Білге қаған* (Білге Қаған), *Инел Қаған* (Инел Қаған), *Алтын йыш* (Алтай), *Ана тарқан* (атақ, дәреже), *Бөгү қаған* (Бөгі қаған).

Сөз таптары

Ескерткіштердегі зат есімдердің мағыналық (семантикалық) жағы лексика мәселесі сөз болғанда азды-көпті әңгімеленді.

Ал зат есімдер тұлға жағынан бір буынды, көп буынды, негізгі және туынды болып келеді.

Бір буынды зат есімдер ескерткіште аз емес. Олар: *ат* (ат), *ер* (ер), *йер* (жер), *күн* (күн), *қар* (қар), *оқ* (оқ), *сү* (әскер), *түй* (түй) т. б.

Бір буынды зат есімдердің барлығы, тюркологтардың топшылауынша, алғашқы кезде көп мағыналы болған. Бірақ бұл мәселе әлі де арнайы зерттей түсуді керек етеді. Үйткені көп мағыналылықты барлық бір буынды зат есімдерге тән құбылыс ретінде қарауға болмайды.

Көп буынды зат есімдер. Орхон-енисей ескерткіштеріндегі зат есімдер бір буынды ғана емес, сонымен қатар көп буынды да болып келеді: *алтун* (алтын), *інгек* (сиыр), *күнүс* (күміс), *қаған* (қаған), *қызыл* (кызыл), *темір* (темір), т. б.

Туынды зат есімдер. Ескерткіштердегі зат есімнің бәрі бірдей түбір сөз бола бермейді, туынды болып та келеді. Олар жұрнақ арқылы бір-бірінен я басқа сөз таптарынан жасалады. Ескерткіштегі зат есімдер жасайтын жұрнақтардың бастылары төмендегідей:

-чы//чі: *айғучы* (кенесші), *йерші* (жершіл), *йағычы* (қолбасшы, жетекші), *бедізчі* (оюшы, өрнекші).

-ынч, -інч//-унч, -унч, -үнч, -нч: *булғанч* (былғанып), *тарқанч* (тарқасу), *отунч* (өтініш).

-лығ//-ліг: *қағанлығ* (қағандық), *күчліг* (күшті), *йарықлығ* (жаракты), *төгүнліг* (құралдық), *тонлығ* (тонды) т. б.

-ма//ме: *йелме* (атты, желме-разведка).

-іг: *біліг* (білік), *кечіг* (өткіл), *бітіг* (жазу, хат).

-уг: *көрүг* (тыншы, хабаршы), *өлүг* (өлік).

-ук: *туруқ* (тұрақ).

Көптік жалғау

Көптік жалғаудың морфологиялық тұлғасы көне түркі тілінде **-лар**, **-лер** түрінде кездеседі. *Он оқ беглері будуны көп келті*

(Он оқ бектері халқы көп келді). *Келігме беглерін бұдунын ітін, йығып азча бұдун тезміс ерті* (Келген бектерін, халқын көргенде азғана халық жиылып қашқан).

Көптік жалғауы жалғанбай-ақ көптік ұғымды беретін сөздерді де біз ескерткіштерден кездестіреміз:

1. Ру, тайпа, халық аттарын білдіретін кейбір жинақты ұғымы бар сөздер. Мысалы: *Табғач, оғуз, қытан бу үчегу қабысыр* (Табғач, оғыз, қытан бұл үшеуі қабысар, бірігер).

2. Лексикалық мағынасының өзінде көптік ұғымы бар сөздер: *Інгек* — сиыр: *Інгек күлүкін оғуз келті* (Сиыр көлігімен оғыз келді). *Қар* — қар: *Қарығ сөкдім* (қарды тазаладым, аршыдым). *Тер* — тер: *Қара терім йүгүрті* (қара терім ақты, жүгірді).

3. Зат есімнің алдында оның қанша екендігін көрсететін сан есімдер болса, оларға көптік жалғауы жалғанбайды: *Іеті йүз кісіг удызығма улұғы шад ерті* — Жеті жүз кісіні бастаушы ұлығы (үлкені) шад еді. *Сүсі алты биң ерміс* (Әскері алты мың еді). *Йарыс йазыда он түмен сү тірілті* — Йарыс жазығында он түмен (он мың) әскер жиналды.

4. Зат есімдердің алдында *қоп* (көп), *үкүл* (бүкіл) сияқты анықтауыш сөздер айтылғанда, көптік жалғауы жалғанбайды. *Қоп соғды бұдун келті* (Көп соғды халқы келді), *үкүл ер* (көп ер).

5. Кейбір қос сөздер де ешбір көптік жалғауынсыз-ақ көптік ұғымды білдіреді: *Қыз-қудуз буңсыз келүрті* — Қыз-қырқын қайғысыз (тегін) келетін.

-лар, -лер көптік жалғауынан өзге жалғанған сөзіне көптік мән үстейтін қосымшалардың бірі — **-т**.

-т қосымшасы, көне түркі жазуларында атақ-дәрежені көрсететін аздаған сөздердің құрамында кездеседі.

Тарқан — тарқат (тарқандар), *Шад апыт* (шад апалар).

С. Е. Малов көне түркі тілінде көптік мағына туғызатын қосымшаның бірі деп *біз* есімдігінің құрамындағы — **з-ны** көрсетеді.

Зат есімдердің тәуелденуі. Көне түркі тіліндегі тәуелдік жалғаулар да үш жаққа және жекеше, көпше болып бөлінеді. Ескерткіштерде кездесетін зат есімнің тәуелдік жалғаулары мыналар:

Жақ	Жекеше	Көпше
1 жақ	-м, -ым, -ім, -ум, -үм	-мыз, -ымыз, -іміз
2 жақ	-ң, -ың, -ің, -уң, -үң	-қыз, -ықыз, -іңіз
3 жақ	-ы, -і, -сы, -сі	-ы, -і, -сы, -сі

Тәуелдік жалғаулы сөз ілік жалғаулы сөздермен байланысты айтылады. Бұған текстерден мысалдар келтірейік:

I жақ: *бенің будуным* — менің халқым, *қағаным* — менің қағаным, *қаным* — менің қызыл қаным, *йағымыз* — біздің жауымыз (көпше), *сүмүз* — біздің әскеріміз (көпше).

II жақ: *ілің* — сенің елің, *қағаның* — сенің қағаның.

III жақ: *будуны* — оның халқы, *беглері* — олардың бектері (көпше), *қағаны* — оның қағаны, *сүсі* — оның әскері, *сабы* — оның сөзі, *үлүгі* — оның үлесі, бөлегі, *улұғы* — оның үлкені.

Септік жалғаулары

Орхон-енисей ескерткіштері тілінде жеті түрлі септік бар. Қазіргі кездегі түркі тілдерімен салыстырғанда, көне түркі жазбаларының тіліндегі септік жалғаулардың тұлғалық және мағыналық кейбір айырмашылықтары бар екені байқалады.

Атау. Атау септігінде тұрған сөздерге жалғау жалғанбайды. Үйткені қазіргі түркі тілдері секілді, сөз болып отырған ескерткіштер тілінде де атау септігінің арнайы көрсеткіші жоқ. Мысалы: *Кісі* (кісі), *бен* (мен), *түн* (түн), *Ертіс* (Ертіс), *үгүз* (өзен), *тағ* (тау) т. б.

Атауда тұрған сөздер, негізінде, төмендегідей синтаксистік қызмет атқарады:

а) Сөз атау септігінде тұрып б а с т а у ы ш болады: *Біз екі бың ертміз* (Біз екі мың едік).

б) Жеке тұрып та, немесе көмекші сөздермен тіркесіп келіп те баяндауыш болады: *Біз шег ертміз* (Біз шет едік).

в) Толықтауыш та бола алады: *Қарығ сөкдім* (Қарды таза-ладым).

г) Мезгілдік ұғымды білдіретін атау тұлғалы сөздер кейде пысықтауыш қызметінде жұмсалады. *Қапаған қаған... түн удыматы* (Қапаған қаған... түн ұйықтамады).

д) Изафеттік тіркесте анықтауыш болады: *Будун боғзы оқ ерті* (Халық тамағы тоқ еді). *Қырқ аз будуны іікді* (Қырқ аз халқы бағынды).

Ілік септік. Ілік септік заттың, қимылдың не белгінің біреуге не бірденеге тән екендігін көрсетіп, **-ың, -ің** жалғаулары арқылы жасалады. Мысалы: *будуның* (халықтың), *чорың* (чордың) т. б.

Ілік септік ешуақытта жеке айтылмайды. Ілік септіктегі сөздер үнемі тәуелді жалғаулы сөздермен тіркесіп келеді. Мұндай тіркес изафет делінеді. Мысалы: *Табғач қағаны* (Табғач қағаны), *Оның қағаны* (оның қағаны), *Өзүм аз йірім* (Өзімнің аз жерім) т. б.

Барыс септік. Барыс септігі белгілі бір істің, қимылдың бет алысын, бағытын көрсетеді. Ескі түркі ескерткіштерінде мынадай барыс септігінің жалғаулары кездеседі:

1) **-қа, -ке:** *үгүзке* (өзенге), *түнке* (түнге), *йерге* (жерге), *қанығқа* (қақпаға, есікке), *тағқа* (тауға), *неке* (неге) т. б.

Барыс септіктің жалғауы, жоғарыда көрсеткендей, үндестік заңына қарай, жуан (**-қа**) және жіңішке (**-ке**) болып жалғанғанымен, зат есімнің аяғы қатаң дыбысқа бітсе де, дауысты немесе ұяндарға бітсе де тек **-қа, -ке** түрлерінде жалғанады. Бұл — ескерткіштердің өзіне тән құбылыс.

2) **-ғару, -геру:** *Табғачғару* (табғашқа қарай), *қағанғару* (қағанға қарай), *ебгеру* (үйге қарай) т. б.

Кейбір ғалымдар барыс септіктің бұл тұлғасын құранды және **ру** аффиксінен тараған деп біледі де, **-ру** қосымшасына кейбір сөздердің құрамында ертеден келе жатқан өлі тұлға ретінде қарайды. Шынында да **-ру, -рү** қосымшалары жалғанып, істің бағытын, бет алысын көрсететін кейбір сөздер де кездеседі. Мысалы: *баңару* (маған қарай), *аңару* (оған қарай) т. б.

3) **-а, -е.** Барыс септігінің бұл көрсеткіштері жіктеу есімдіктері мен тәуелдік жалғаулы сөздерге жалғанады: *саңа* (саған), *еліңе* (еліне) т. б.

4) **-ре:** *өңре* (алға), *іңре* (ішке).

5) **-йа, -йе:** *йырмайа* (алысқа, солтүстікке), *қурийа* (батысқа).

Барыс септікте тұрған сөздердің мағыналары бет алысты ғана емес, мекен мен мезгілді де көрсетеді: *Бен ебгеру түсейін* (Мен үйге қарай қайтайын), *Табғачғару Қуны сеңүнүг ыдмыс* (Табғашқа қарай құны сенүнді жіберді) т. б.

Табыс септік. Табыс септіктегі сөз амалмен, іспен тікелей байланысты болып, төмендегідей аффикстер арқылы жасалады:

1) **-ны, -ні:** *бені* (мені), *сені* (сені), *бізні* (бізді), *аны* (оны).

2) **-ығ, -іг, -ғ, -г:** *кісіг* (кісіні), *құмы* (құмды), *оғузығ* (оғызды), *йеріг* (жерді), *қарығ* (қарды), *атығ* (атты), *йағығ* (жауды), *сүг* (секерді) т. б.

Осындағы **-ығ, -іг** жалғаулары қазіргі түркі тілдерінде кездеспейді, ол тек монғол тілінде қолданылады.

3) **-ын, -ін.** Тәуелді жалғаулы сөздерден кейін жалғанады. Мысалы: *қанын* (қаның), *йабғысын* (жабғусын), *садын* — шадын (уәзірін), *будунын* (халқын), *беглерін* (бектерін) т. б.

Табыс септікте тұрған сөздер ашық түрде де, жасырын түрде де келе береді.

а) Табыс септігінің ашық түрі нақтылы, белгілі нәрсені көрсеткенде қолданылады: *Қарығ сөкдім* (Қарды тазаладым), *Қырқ азы уқа басдық* (Қырқ азды ұйқыда бастық).

ә) Табыстың ж а с ы р ы н түрі. Мұнда табыс септіктің жалғауы айқын көрсетілмей, көмескіленіледі: *Йерчі тіледім* (Жершіл кісіні сұрадым), *Су йорытдым* (Әскер жүргіздім), *Бу су елт* (Бұл әскерді жүргіз).

Табыс жалғаулы сөз сөйлем ішінде, негізінен, толықтауыш болады.

Жатыс септік. Жатыс септігі заттын мекенін, мезгілін білді-

ріп, **-та, -те, -да, -де** жалғауларының жалғануы арқылы жасалады: *Табғачда* (табғашта), *ташда* (таста), *Тағлада* (Тоғлада), *йолта* (жолда), *күнте* (күнде).

Тәуелдіктің үшінші жағынан кейін **-нда, -нде, -нта, -нте** түрінде жалғанады: *йерінде* (жерінде).

Жатыс септікте тұрған сөздер сөйлемде, көбінесе, жанама толықтауыш не пысықтауыш болып келеді.

Алтун йысда олурың (Алтайда отырын), *Ол күнте тегті түрк будун Темір қанығқа* (Ол күнде түрк халқы Темір қақпаға жетті). т. б.

Шығыс септік. Көне түркі жазу нұсқаларында шығыс септік басқа септіктерге қарағанда өте аз қолданылады. Бірақ кейбір тюркологтар айтқандай, мүлде жоқ та емес. Текстерде шығыс септік қимылдың шығу орнын білдіріп, **-тан, -тен, -дан, -ден** қосымшалары арқылы беріледі: *оғуздандан* (оғыздан), *өңден* (алдымен), *беріден* (беріден), *йырдан* (алыстан, солтүстіктен).

Дегенмен орхон-енисей ескерткіштерінде кейде шығыс септіктің орнына жатыс септіктің жұмсалғаны да байқалады. Мысалы, *қырқ азда йантымыз* (қырқ аздан қайттық). *Түргес қағанға көрүг келті* (Түргеш қағаннан хабаршы келді). *Түрк будун қанын болмайын табғачда адырылты, қанланты* — Түрк халқы хан болмағандықтан табғаштан айрылды (бөлінді), ханданды.

Көмектес септік. Көне түркі ескерткіштерінде құралдық септіктің тұлғалық көрсеткіштері: **-н, -ын, -ін** немесе *бірле* сөзі. Мысалы: *сұңгін ачдымыз* (жолды сұңгімен аштық), *Аның бармыс* (Аны өзенімен бардық). *Білге Тониқуқ бірле Ілтеріс қаған болайын* (Білгіш Тониқуқ уәзірімен бірге Ілтеріс қаған болайын).

Ескерткіштердің орнатылғанына мың жылдан астам уақыт өткеніне қарамай, ондағы септіктер осы заманғы түркі тілдеріндегі септіктерден көп ерекшеленбейді.

Сын есім

Ескерткіште кездесетін сын есімдерді мағынасына қарай екі топқа бөлуге болады: 1) Сапалық сын есімдер, 2) Қатыстық сын есімдер.

1. Сапалық сын есімдер. Ескерткіштерде ешбір жалғаусыз түбір күйінде тұрып-ақ заттың түр-түсін, сыр-сипатын, сапасын көрсететін сапалық сын есімдер де кездеседі. Сындық-мағыналық өзгешеліктеріне қарай олардың өзі іштей тағы да жіктеледі:

а) Заттың түр-түсін білдіретін сын есімдер: *ақ, көк, қара, қызыл, өрүң* (ақ, ақ түсті), *сарығ* (сары).

ә) Заттың көлемі мен аумағын білдіретін сын есімдер: *йуу-қа* (жұқа), *йінчке* (жіңішке), *қалын* (қалын), *узун* (ұзын), *улуғ* (ұлы, үлкен).

б) Заттың сапасын, сыр-сипатын білдіретін сын есімдер:

арығ (таза), *едгү* (эйгі, белгілі), *қары* (қары, кәрі), *йіг* (жақсы), *семіз* (семіз), *тұрық* (тұрық), *тоқ* (тоқ), *учуз* (арзан) т. б.

2. Қатыстық сын есімдер. Қатыстық сын есімдер жұрнақ жалғану арқылы басқа сөз таптарынан жасалады. Қатыстық сын есімдер жасайтын жұрнақтардың бастылары төмендегідей:

1) **-лы, -лі.** Зат есімдерге жалғанып сын есім тудырады: *буқалы* (бұқалы).

2) **-лығ, -ліг.** Зат есімдерге де, сын есімдерге де жалғанады. Мысалы: *күчліг* (күшті), *атлығ* (атты), *йарықлығ* (жарақты).

3) **-сыз, -сіз.** Бұл жұрнақтың беретін мағынасы сын есімнің **-лы, -лі** жұрнақтарының беретін мағынасына қарама-қарсы, яғни затта белгілі сапаның жоқ екендігін көрсетеді. Мысалы: *йолсыз* (жолсыз), *тоқсыз* (киімсіз), *буңсыз* (мұңсыз, қайғысыз).

4) **-қы, -кі** жұрнақтары мезгілдік, мекендік ұғымдарды білдіретін сын есімдер тудырады: *йердекі* (жердегі), *құрйақы* (бастағы), *йырыақы* (алыстағы), *өңрекі* (алдыңғы).

5) **-тег.** Зат есімге жалғанып, салыстырма мәнді сын есімдер тудырады: *теңрітег* (тәңрідей), *бөрітег* (бөрідей). Бұл жұрнақтың қызметі қазіргі қазақ тіліндегі қатыстық сын есімдер жасайтын **-дай, -дей** аффикстерінің қызметімен сәйкес келеді.

6) **-ге** жұрнағы етістіктерге жалғанып сын есім жасайды: *білге* (білгіш, дана).

Сын есімнің шырайлары. Көне түркі ескерткіштерінде сын есім шырайларының үш түрі кездеседі. Олар мыналар:

1. Жай шырай: *ақ* (ақ), *қара* (қара), *сарығ* (сары), *көк* (көк), *йашыл* (жасыл).

2. Салыстырмалы шырай мынадай қосымшалар арқылы жасалады:

-рак, -рек: *ақсырақ* (ағырақ). **-тег:** *теңрітег* (тәңрідей).

3. Күшейтпелі шырай. Тексте күшейтпелі шырай ең күшейткіш үстеуі арқылы жасалады: *ең ілкі* (ең ілкі).

Сын есім сөйлемде, негізінде, анықтауыш болады. Мысалы: *Чуғай құзын, қара құмығ олурур ертіміз* (Чуғай құзы мен қара құмды мекендеуші едік).

Сын есімдер етістіктен болған мүшенің алдында тұрып, пысықтауыш та болады.

Кейбір сын есімдер көмекші етістіктермен тіркесіп келіп, күрделі баяндауыш құрамына енеді. Мысалы: *Екі үлгі атлығ ерті* (Екі бөлегі атты еді). *Будун боғзы тоқ ерті* (Халықтың тамағы тоқ еді). *Қағаны алп ерміс, айғучысы білге ерміс* (Қағаны батыр еді, кеңесшісі білгіш еді).

Сын есімдер субстантивтеніп сөйлемнің бастауыш, толықтауыш мүшелері бола береді. *Ұлұғы шад ерті* (Үлкені шад еді) т. б.

Сан есім

Көне түркі (орхон-енисей) ескерткіштерінен сан есімдерге жататын көптеген сөздерді табуға болады. Олар мағынасына қарай төмендегідей топтарға бөлінеді:

1. Есептік сан есімдер: *бір* (бір), *екі* (екі), *үч* (үш), *төрт* (төрт), *бес* (бес), *алты* (алты), *жеті* (жеті), *секіз* (сегіз), *тоғыз* (тоғыз), *он* (он), *йегірмі* (жиырма), *отуз* (отыз), *қырқ* (қырқ), *еліг* (елу), *йүз* (жүз), *бің* (мың), *түмен* (он мың).

2. Реттік сан есім. Реттік сан есімдер есептік сандарға **-нті, -ынч, -інч** жұрнақтарының жалғануы арқылы жасалады: *екінті* (екінші), *үчинч* (үшінші), *бісінч* (бесінші), *онынч* (оныншы).

3. Жинақтау сан есімі есептік сандарға **-егү** жұрнағы жалғану арқылы жасалады: *Табғач, оғуз, қытан бу үчегү қабысар* (Табғаш, оғыз, қатан бұл үшеуі қабысар). *Үчегүн қабысын, сүлелім* (Үшеуін біріктіріп, соғысайық).

4. Болжалды сан есім. Тексте кездесетін болжалды сан есімдердің саны азғантай. Олар есептік сан есімдерге **-ча, -че** жұрнағы жалғану арқылы жасалады. Мұндағы **-ча, -че** жұрнағының орнына қазақ тілінде **-дай, -дей** жұрнақтары сәйкес келеді. Мысалы: *Елігче ер тұтдымыз* — Елудей (елуге тарта) ер тұттық (ұстадық, тұтқын еттік).

5. Аралас сан есім. Көне түркі ескерткіштерінде оннан әрі санау тәртібі қазіргі кездегі түркі тілдеріндегіден өзгеше. Мысалы: *жеті иегірмі* (он жеті), *үш отыз* (жиырма үш) т. б.

В. В. Бартольд аралас сан есімдер XI ғасырдағы «Қутадғу білігтен» кейінгі кездегі түркі тілдерінде кездеспейді деп тұжырымдаса, орхон-енисей жазуларына ерекше мән берген С. Е. Малов мұндай санау тәртібінің сары ұйғырлар тілінде әлі де қолданылатындығын айтады.

Сан есімдер әдетте сөйлем ішінде анықтауыш болады. Бірақ сан есімдер кейде сөйлемнің басқа мүшелері де бола береді.

Есімдік

Ескерткіштерде есімдіктердің төмендегідей топтары кездеседі:

1. Жіктеу есімдігі: *бен, мен* (мен).

Білге Тониқуқ бен өзүм табғач іліңе қылыңтым (Білгіш Тониқуқ менің өзім табғаш елінде тәрбиелендім).

Бен ебгерү түсейін (Мен үйге қарай түсейін, қайтайын).

Сен, сін — сен: *Сіні табғаш өлүртечі* (Сені табғаш өлтірер).

Ол — ол: *Ол сабығ есідін, түн удысықым келмеді* (Ол сөзді естіп, түн ұйқым келмеді). *Ол екі кісі бар ерсер* (ол екі кісі бар

болса). *Біз* (біз): *Біз екі бың ертіміз* (біз екі мың едік). *Бізінте екі учы сыңарча артуқ ерті* — Бізден екі ұшы (жағы) сыңарша (жартыдай) артық еді.

Жіктеу есімдігінің септелу үлгісі:

Атау: *бен, мен* (мен)

Ілік: *бениң, менің* (менің)

Барыс: *баңа, маңа* (маған), *саңа* (саған)

Табыс: *бени* (мені), *бізні* (бізді), *сені* (сені)

Жатыс: *анга* (онда), *бізінте* (бізде)

2. Сұрау есімдігі: *Қаң?* (қанша?), *не?* (не?), *Не буңы бар?* (не мұны бар?). *Неке тезербіз* (неге қашамыз). *Сабы антег* (сөзі қандай?)

3. Сілтеу есімдігі:

Бу — бұ, бұл: *Бу су елт* (бұл әскерді жүргіз). *Бу үчегі қабысар* (Бұл үшеуі қабысар).

Ол — ол, сол: *Ол сабығ есідін беглер қопан йаналым.. тіді* (Сол сөзді естіп, бектердің көпшілігі қайтайық ідеді). *Ол күнте теггі түрк будун Темір қапағқа* (Сол күнде-ақ жетті түрк халқы Темір қақпаға).

4. Өздік есімдігі текстерде өз, өзүм түрлерінде кездеседі. Мысалы: *Өз ол аңлар* (ол өзі аңғарар). *Бен өзүм* (менің өзім). *Өзүм аз йерім* (Өзімнің аз жерім). *Өзүм қары болтым* (өзім кәрі болдым, қартайдым).

5. Болымсыздық есімдігі: *нең* (ештене),

6. Жалпылау есімдігі: *бары* (бары, бәрі), *үкүл* (бүкіл, бәрі).

Есімдіктер сөйлемде қай сөз табының орнына жұмсалуына қарай сөйлемнің кез келген мүшесі бола береді.

Етістік

Лексикалық мағынасы мен морфологиялық тұлғасы және сөйлемдегі синтаксистік қызметі жағынан ерекше де, күрделі сөз таптарының бірі — етістік.

Етістіктер құрамына қарай төмендегідей топтарға бөлінеді.

1. Негізгі (түбір) етістіктер: *адыр* (айыр), *алқын* (алқыну, әлсіреу), *ас* (ас), *айд* (айт), *ач* (аш), *елт* (жүргіз), *есід* (есіт), *қорқ* (қорық), *тут* (тұт, ұста), *тег* (ти), *ті* (де, айт), *сақын* (ойлан) т. б.

2. Туынды етістіктер негізгі түбір етістіктен, не басқа сөз таптарынан арнаулы жұрнақтар жалғану арқылы жасалады.

Туынды етістіктер етістік негізді және есім негізді болып екіге бөлінеді:

а) Есім негізді етістіктер төмендегідей жұрнақтар арқылы есім сөздерден жасалады:

-а, -е: *саң* — *сана* (сана), *тіл* — *тіле* (тіле). -ла, -ле: *ат* — *атла* (аттан), *боғуз* — *боғузла* (бауызда), *топ* — *топла* (топта), *қан* —

қанлан (қандан), сү — сүле (соғыс) **-ік (-ық, -қ): іч — ічік** (бағын). **-л (-ыл, -іл): тіріл** (тіріл, жинал).

ә) Етістік негізді туынды түбірлер төмендегідей жұрнақтар жалғану арқылы жасалады:

-н (-ын, -ін, -ун, -үн): қылын (қылын), **боғузлан** (бауыздан), **тутун** (тұтын), **өтүн** (өтін, сұран). **-л (-ыл, -іл): адыр — адырыл** (айырыл), **йағ — йағыл** (жақында). **-т, (-ыт, -іт): бас — басыт** (бастыр), **йүгүр — йүгүрт** (жүгірт). **-з (-ыз, -із): удыз** (жіберт). **-к (-ық, -ік): тасық** (тасы), **ічік** (бағын).

Етістіктің болымды және болымсыз түрлері

Болымсыз етістіктер іс-әрекеттің жүзеге асу мүмкіндігін жоққа шығарады. Болымсыздық мағына етістікке **-ма, -ме** жұрнақтарының жалғануы арқылы жасалады. Мысалы: **болма** (болма), **қалма** (қалма), **сүлеме** (соғыспа), **келме** (келме), **йелме** (желме), **йорыма** (жүрме).

Болымсыз етістіктер **жоқ** сөзінің тіркесуі арқылы да жасалады: **йоқ болты** (жоқ болды). **Қатун йоқ болмыс** (Қатын жоқ болды, болмады). **Йоқ ерті** (жоқ еді).

Етістіктің жіктелуі. Көне жазу ескерткіштерінде де жіктік жалғаулары үш жақта және жекеше, көпше болып жалғанады.

Жақ	Жекеше	Көпше
I жақ	-мын, -мін -дым, -дім -тым, -тім	-мыз, -міз -быз, -біз
II жақ	-сың, -сің -дың, -дің (-дығ, -діг) -тың, -тің, (-тығ, -тіг)	-сыз, -сіз
III жақ	-ды, -ді -ты, -ті	-ды, -ді -ты, -ті

Етістіктің жіктелуіне мысалдар:

Тірмен (дермін, айтармын), **бертім** (бердім), **болтым** (болдым), **астымыз** (астық), **ашдымыз** (аштық), **бардымыз** (бардық), **келтіміз** (келдік), **тұтдымыз** (тұттық, ұстадық), **берті** (берді), **болты** (болды), **йарылқады** (жарылқады), **келмеді** (келмеді)
т. б.

Көсемше

Көсемшелер негізгі етістіктегі істің амалын, мезгілін, мақсатын т. б. білдіреді. Мынандай жұрнақтар жалғану арқылы жасалады:

1) **-п, -ып, -іп** жұрнақтары жалғану арқылы жасалады: *йатып* (жатып), *қодып* (қойып), *йаңылып* (жаңылып), *құбранып* (бірігіп), *өглесіп* (талқылап, келісіп), *қабысып* (қабысып, бірігіп), *есідіп* (естіп), *тегеруіп* (тигізіп), *ітіп* (етіп).

2) **-у, -ү, -ы, -і** жұрнақтары жалғану арқылы жасалады. Бұл жұрнақтар қазақ тіліндегі **-а, -е, -й** жұрнақтарының орнына жұмсалады. Мысалдар:

алы (ала), *йету* (жата), *тутуну* (ұстай), *ігіду* (көтере), *есіду* (ести), *ййіу* (жей), *йелу* (желе).

3) **-а, -е, -д, -й** жұрнақтары жалғану арқылы: *аса* (аса, өте), *біртүре* (міндіре), *кече* (кеше), *буңад* (мұңай) т. б.

4) **-ғалы, -гелі** жұрнақтары арқылы: *олурғалы* (отырғалы), *топтағалы* (топтағалы), *санағалы* (санағалы), *үзгелі* (үзгелі).

Көсемшелер етістіктен болған баяндауыштың алдында тұрып пысықтауыш болады. Құрмалас сөйлемдерде көсемшелер, көбінесе, бағыныңқы сөйлемнің баяндауышы болып келеді. Мысалы:

Ол сабығ есідіп, түн удысықым келмеді (ол сөзді естіп, түн ұйқым келмеді). *Түрк будун олурғалы, түрк қаған олурғалы Сантуң балыққа талуй үзуге тегміс йоқ ерміс* (Түрк халқы болғалы, түрк қағаны болғалы, Шандун қаласы мен теңіз өзендеріне дейін жетпеген еді):

Есімше

Есімшелер де көсемшелер сияқты етістік түбірден жасалады. Есімше болған сөздер қимыл-қозғалыс, іс-әрекет түрінде ұғынылмай, сапа, белгі, қасиет түрінде ұғынылады. Сондықтан текстерде кездесетін есімшелерде екі белгі: етістік пен есімдердің белгілері бар. Есімшелер есім сөздердей септеледі, тәуелденеді, көптеледі және етістіктер тәрізді үш шаққа бөлінеді.

1. Осы шақ есімше. Осы шақ есімше **-чы, -чі** жұрнақтары арқылы жасалады: *өлүртечі* (өлуші), *келтечі* (келуші), *йарамачы* (жарамайтын).

2. Келер шақ есімше **-ур, -үр, -ар, -ер, -р** жұрнақтары жалғану арқылы жасалады: *келур* (келер), *көрур* (көрер), *олурр* (отыар), *тір* (дер, айтар), *йорыйур* (жүрер, көшер), *қабысар* (қабысар), *қалур* (қалар), *укүлүр* (көбейер), *қорқыр* (қорқар), *тезёр* (қашар).

3. Өткен шақ есімше көне түркі жазбаларында төмендегідей жұрнақтар арқылы жасалады:

а) **-мыс, -міс, -мыш, -міш:** *айыдымыс* (айтқан), *келміс* (келген), *қалмыс* (қалмыс, қалған), *теміс* (деген, айтқан), *тұтмыс* (тұтқан).

ә) **-дук, -дүк, -тук, -түк:** *қазғантук үчүн* (пайдаланған үшін), *йорыдук* (жүрген, шаршаған), *іікдүк үчүн* (бағынған үшін), *бертүн үчүн* (берген үшін), *өтүнтүк* (өтінген),

б) **-ған, -ген:** *қазған* (пайдаланған), *табысған* (табысқан).

Етістер

Сөз болып отырған ескерткіштерде кездесетін етістер мағынасы мен морфологиялық тұлғасына қарай өздік етіс, өзгелік етіс, ырықсыз етіс және ортақ етіс болып төртке бөлінеді.

1. Өздік етіс. Істі, қимылды істеушінің басқа біреу арқылы емес, тіке өзі істейтіндігін, я істегендігін көрсететін етістіктің түрі өздік етіс деп аталады. Мысалы:

Қағанға қырқ аз будуны іікді (Қағанға қырқ аз халқы бағынды). *Қатун йоқ болмыс ерті* (Қатын жоқ болды, әйелі өлді). *Түн удысықым келмеді* (Түн ұйқым келмеді). т. б.

2. Өзгелік етіс. Іс-әрекеттің істеушінің тікелей өзі емес басқа біреу арқылы жүзеге асырылатынын көрсететін етістіктің түрі өзгелік етіс деп аталады.

Текстегі өзгелік етіс жасайтын жұрнақтар:

а) **-т, -ыт, -іт:** *оғрақлат* (кідірт), *атлат* (аттандыр), *йүгүрт* (жүгірт), *йоғлат* (жоқтат), *басыт* (бастыр), *сүлет* (сүлет).

ә) **-тур, -түр:** *йантур* (қайтар), *бінтур* (міндір), *ағтур* (аудар, көтер), *келтур* (келтір) т. б.

3. Ортақ етіс істің бір ғана субъект арқылы істелмей, бірнеше субъект арқылы істелгенін көрсетеді: **-с, -ыс, -іс (-ус, -үс)** жұрнақтарының жалғануы арқылы жасалады:

сүңүс (соғыс), *сүңүсдіміз* (сүңгілестік).

4. Ырықсыз етіс. Ескерткіште істі істеуші арнайы айтылмай, не істелгендігі (нәтиже) көрсетілетін ырықсыз етістер де кездеседі. Мысалы:

Адырылгы (айырылды), *өтүн* (өтін), *боғузлан* (бауыздал), *қанлан* (қандан) т. б.

Етістіктің райлары

Аталмыш ескерткіштер тілінде етістіктің 4 түрлі райы бар:

1. Ашық райда істелетін істің субъектісі көрсетіліп, істің істелгендігін, істеліп жатқандығын, не алдағы кезде істелетіндігін көрсетеді. Ашық райдың үш шағы бар. Олар:

а) Осы шақ. Ашық райдың осы шақ түрі істің дәл осы кезде істеліп жатқандығын көрсетеді. Мысалы:

Табғачығ өлүртегі (табғашты өлтіреді), *Өтүнчүмін есідү берді*. (Өтінішімді ести берді). *Алы олу* (Ала отыр).

ә) **Келер шақ**. Ашық райдың келер шақ түрі істің әлі басталмағандығын, тек алдағы уақытта болатындығын көрсетеді.

Келур (келер), *көрүр* (көрер), *қабысар* (қабысар), *тезер* (қашар), *қорқыр* (қорқар), *тегүр* (жеткізер), *олурур* (отырар).

б) **Өткен шақ**. Ашық райдың өткен шақ түрі белгілі бір істің осыған дейін болып өткендігін көрсетеді.

Іл йеме іл болты, будун йеме будун болты, өзүм қары болтым, улуғ болтым — Ел және ел болды, халық және халық болды, өзім кәрі болдым (қартайдым), үлкен болдым (үлкейдім): *Білге қаған... түн удыматы* (Білге қаған... түн ұйықтамады). *Екінті күн келті* (Екінші күн келді).

2. **Шартты рай** іс-әрекеттің істелу, істелмеуінің шартын білдіреді. Ол **-сар, -сер** жұрнақтарының жалғануы арқылы беріледі.

Бар ерсер (бар болса), *сүлемесер* (соғыспаса), *йорысар* (жүрсе, кешсе), *нең ерсер* (қандай болса).

Текстерде **-сар, -сер** жұрнағы жалғанған сөздер үнемі іс-әрекеттің шартын білдіре бермейді. Ол сонымен қатар кейде мезгілдік мағынаны да көрсетеді. Бірақ ескерткіште мұндай мысалдар өте сирек кездеседі.

3. **Бұйрық рай**. Тексте бұйрық рай II және III жақта айтылады. Бұйрық райдың II жақ жекеше түрі етістіктің түбірі болып есептеледі. Мұны төмендегі мысалдардан анық көруге болады.

II жақ: *тез* (қаш), *бер* (бер), *кел* (кел), *олур* (отыр), *барың* (барың), *олурың* (отырың).

III жақ: *йорымазун* (жүрмесін), *барзун* (барсын).

Бұйрық райдың болымсыз түрі **-ма, -ме** жұрнақтары арқылы жасалады: *Йелме* (желме), *басылма* (бастырма), *олурма* (отырма), *туйма* (түсінбе).

4. **Қалау рай**. Қалау рай істеушінің іске деген белгілі ықылас-ынтасын, ниетін көрсетеді. Оның жекеше түрі **-айын, -ейін, -йын, -йін** жұрнақтары жалғану арқылы жасалады:

Айайын (айтайын), *қысайын* (қысайын), *тегейін* (тиейін), *тейін* (дейін, айтайын), *түсейін* (түсейін), *йоғлатайын* (жоқтайын).

Қалау райдың көпше түрі **-алым, -елім, -лым, -лім** жұрнақтары жалғану арқылы жасалады:

Йоққсалым (құрталық), *қабысалым* (қабысалық), *сүлелім* (сүлетейік), *баралым* (баралық), *йаналым* (қайталық).

С. Е. Малов ескерткіштерде кездесетін **-йын, -йін** (*болмайын, тийін*) және **-ты** (*удыматы, олурматы*) қосымшаларын көсемшелердің жұрнағы есебінде қарайды. Бұл мәселе әлі де зерттей түсуді қажет етеді.

Күрделі етістіктер

Іс-әрекет, қимыл-қозғалысты бірнеше етістіктер өз ара тіркесіп барып жасалған бір мүше ретінде бейнелейді. Олар ылғи етістіктерден ғана болмайды, есім сөз бен етістіктен де аралас құралады.

Текстерде төмендегідей күрделі етістіктер кездеседі: *Атлығ ерті* (атты еді), *есіду берті* (ести берді), *йдағ ерті* (жаяу еді), *йоқ болты* (жоқ болды), *көрүр ерті* (бағынатын еді), *келмес ерті* (келмейтін еді), *бар ерміс* (бар еді), *тоқ ерті* (тоқ еді) т. б.

Үстеу

Үстеулер тексте, басқа сөз таптарымен салыстырғанда, көп емес. Сөйтсе де біршама үстеулер кездеседі. Бұл үстеулер өзінің тұлғасына қарай алдымен негізгі және туынды үстеу болып екіге бөлінеді. Негізгі үстеулерге *тег* (ұқсас), *өк* (тек), *өң* (ерте) секілді сөздер, туынды үстеулерге *ебгеру* (үйге қарай), *күнтүз* (күндіз), *өртче* (өрттей), *ічре* (ішке) тәрізді құрамы күрделі сөздер жатады.

Ескерткіштегі үстеулер де қазіргі қазақ тіліндегідей, мағынасына қарай үшке бөлінеді: 1. Мекен үстеуі: *арқада* (кейінде), *қоды* (төмен), *йоқары* (жоғары), *ебгеру* (үйге қарай), 2. Мезгіл үстеуі: *күн түз* (күндіз) 3. А мал үстеуі: *ебру* (кері), *тегіре* (айнала).

Шылаулар

Орхон-енисей ескерткіштері тілінде өздігінен сөйлем мүшесі бола алмайтын, өз алдына дербес мағынасы жоқ, тек басқа сөздермен жанаса айтылатын шылаулар да кездеседі. Олар төмендегідей:

1) **Тегі** (дейін, шейін). Мысалы:

Он оқ оғлыңа, татыңа тегі бұны көрү білің (Он оқ ұлына, татыңа дейін мұны көре біліңдер). *Иінчү үгүзіг кече, Темір қапығқа тегі сүледім* (Сырдария өзенін өтіп, Темір қақпаға дейін соғыстым).

2) **Үчүн** (үшін). *Теңрі күч бертүк үчүн* (Тәңрі күш бергені үшін). *Түрк будун үчүн түн удыматым* (Түрк халқы үшін түн ұйықтамадым).

3) **Өтрү** (соң, үшін, сондықтан). *Анта өтрү қағаныма өтүнтүм* (Содан соң қағанымнан өтіндім).

4) **Бірле**: *Інім Күлтегін бірле сөзлешдіміз* (Інім Күлтегінмен сөйлестім).

5) **Кісре** (соң). *Анта кісре біліг бертүк үчүн* (Одан соң білік бергені үшін).

6) **Сайу** (сайын). *Йір сайу* (жер сайын), *Будун сайу* (халык сайын).

7) **Йеме** (және). *Іл йеме іл болты, будун йеме будун болты* (Ел және ел болды, халык және халык болды).

8) **Да, де, та, те:** *Оғлы да қаған болмыс ерінч* (Ұлы да қаған болған еді).

Одағай

Одағай сөздер текстерде кездеспейді. Одағайлар қатарына жатқызылып жүрген енисей нұсқаларындағы екі-үш сөздің де (одағай ма, басқа сөз бе) басы даулы. Бұдан көне түркі тілінде адамның көңіл-күйін білдіретін одағай сөздер болмаған екен деп кесіп айтуға болмайды. Үйткені ескерткішті жазушылар тек өздеріне керекті сөздерді ғана пайдалануы, тілдің өзге көп элементтерінің ескерткіштерге енбей қалуы әбден мүмкін нәрсе.

Синтаксис

Сөздердің өзгеру, бірімен-бірінің байланысу жолдарын, сөйлем жасау тәсілдері мен сөйлем түрлерін тарихи тұрғыдан қарастырудың мәні зор.

Орхон-енисей жазба нұсқаларында қазіргі түркі тілдерінде бар сөйлемдердің барлық түрі де кездеседі. Олар мағынасына және айтылу ерекшеліктеріне қарай х а б а р л ы, л е п т і, с ұ р а у л ы сөйлемдер болып бөлінеді.

Хабарлы сөйлем. Сұрау не бұйыру мағынасында болмай, бір нәрсе жайында хабарлау мақсатында айтылған сөйлемді хабарлы сөйлем дейміз. Мысалы: *артқы күчліг қырқ аз қаған йағымыз болты* (Артқы күшті қырқ аз ханы біздің жауымыз болды). *Екінті күн келті* (Екінші күн келді). *Түрк будун алқынты* (Түрк халқы әлсіреді).

Хабарлы сөйлемдердің мазмұны біркелкі бола бермейді. Мағыналық және тұлғалық ерекшеліктеріне сәйкес хабарлы сөйлемдер б о л ы м д ы және б о л ы м с ы з болып екіге бөлінеді. Көне түркі тілдерінде де болымсыздық мағынасы -ма, -ме және түгіл (емес) сөздері арқылы жасалады.

Мысалы: *Қапаған қаған түн... удыматы* (Қапаған қаған түн ұйықтамады). *Күнтүз олуурматы* (Күндіз отырмады). *Бу түрк будунқа йарықлығ йағығ келтүрмедім* (Бұл түрк халқына жаракты жауды келтірмедім). *Он оқ беглері будуны көп келті* (Он оқ бектері, халқы көп келді). *Түргес қағанта көрүг келті* (Түргеш қағаннан хабаршы келді).

Бұл келтірілген сөйлемдердің алдыңғы үшеуі болымсыз, соңғы екеуі болымды.

Сұраулы сөйлем. Сұраулы сөйлем текстерде сұрау есімдіктері мен кейбір сұраулық шылаулар арқылы жасалады.

Не буңы бар? (Не мұңы бар?). Неке тезербіз? (Біз неге каша-мыз?). Бен саңа не айайын? (Мен саған не айтайын?). Қаған му? (Қағанды ма?).

Мұнда алдыңғы үш сөйлем сұраулық есімдіктер арқылы, соңғы сөйлем **му** сұраулық шылауы арқылы жасалып тұр.

Лепті сөйлем. Текстен кісінің әр түрлі сезімін, көңіл күйін білдіретін лепті сөйлемдер де кездеседі. Бірақ бұлардың саны сөйлемдердің өзге түрлерімен салыстырғанда аз. Мысалы:

Көңлүңче удыз! (Көңілше жүргіз!). Арығ обуты итг! (Таза ұят — игі!) Аны біл! (Оны біл!). Бу сү елт! (Бұл әскерді жүргіз!). Ианалым! (Қайталық!). Түрк есір будуы йеринте іді йорымазуы! (Түрктің езілген, тұтқын болған халқы жерінде ағалық етуші болмасын!). Атлат! (Аттандыр!).

Сөйлемдегі сөздердің байланысы

Ескерткіштердегі бір-бірімен мағына жағынан байланысқа түскен сөздер өз ара екі түрлі жолмен (с а л а л а с а және с а б а қ т а с а) тіркеседі.

Салаласа тіркесу. Сөздердің бір-бірімен салаласа тіркесуі өте ерте пайда болған. Бұған ескерткіштерден бірсыпыра мысалдарды кездестіруге болады:

Табгач, оғуз, қытан бу үчегү қабысыр (Табгач, оғыз, қытан — бұл үшеуі бірігер). Түрк будун өлті, алқынты, йоқ болты (Түрк халқы өлді, алқынды, жоқ болды).

Сабақтаса тіркесу. Текстерде ерекше ден қойып, мән берерлік тіркестің бірі — сөздердің өз ара сабақтаса тіркесуі.

Сабақтаса байланысқан тіркестің құрамындағы сөздердің байланысы қазіргі кездегі түркі тектес тілдердегіден көп ерекшеленбейді. Көне түркі тілдерінде де сөздер **киысу**, **менгеру**, **матасу**, **қабысу**, **жанасу** жолдарымен тіркеседі.

Біз төменде осылардың әрқайсысына жеке-жеке тоқтап, олардың қандай синтаксистік тәсіл мен морфологиялық тұлғалар арқылы байланысатынын қарастыралық:

1. **Қиысу** — бастауыш пен баяндауыштың арасында болатын байланыс. Қиысуда бастауыш қандай тұлғада тұрса, баяндауыш та сол тұлғада тұрады. Қиысу әр тілде әр түрлі болғанымен, ескерткіште кездесетін бұл байланыс қазақ тіліндегі қиысу тәсілінен көп ерекшеленбейді. Мұны төмендегі мысалдардан анық көруге болады:

Бен ертім (Мен едім). Өзүм қылынтым (Өзім тәрбиелендім). Өзүм қыстым (Өзім қыстым). Оғуз келті (Оғыз келді). Екі бың

ертіміз (Біз екі мың едік). *Қағанын өлүртіміз* (Біз қағанын өлтірдік). *Неге қорқыр біз?* (Біз неге қорқамыз?).

2. Менгеру — сөз тіркестерінің өте ертеден келе жатқан және жиі қолданылатын түрі. Менгеруде бағыныңқы мүшенің іліктен басқа белгілі бір септік жалғауда тұруы шарт. Сөйлем мүшесі жағынан менгеруші сөз баяндауыш болады да, менгерілуші сөз тура не жанама толықтауыш болады. Бұдан менгерудің баяндауыш пен толықтауыштардың арасында болатын байланыс екені анық аңғарылады.

Менгеріле байланысатын етістікті сөз тіркестері бағыныңқы сөздің тұлғасына қарай төмендегіше жасалады:

а) Табыс жалғаулы сөз тіркестері. Табыс жалғаулы сөз сабақты етістікпен тығыз байланысты болады. Бұған ескерткіштерден мысалдар:

Чуғай құзын, Қара құмығ олурур ертіміз (Чуғай құзын, Қара құмды мекендеуші едік). *Қарығ сөкдім* (Қарды тазаладым). *Қырқ азығ уда басдымыз* (Қырқ азды ұйқыда бастық). *Алтун йысығ аса келтіміз, Ертіс үгүзүг кече келтіміз* (Алтай тауын аса келдік, Ертіс өзенін өте келдік).

Табыс жалғаулы сөздер кейде ашық түрінде, кейде жасырын түрінде келе береді: *Өзүм қаған қысдым* (Өзім қағанды қыстым). *Кейік ййү, табаған ййү олурур өртіміз* (Киікті жеп, қоянды жеп отыратын едік).

ә) Барыс жалғаулы сөз тіркестері: *Табғашка йана іікді* (Табғашқа және бағынды).

Қағанғару ол сабығ ыттым (Қағанға қарай ол сөзді жеткіздім). *Болчука таң үнтүру тегдіміз* (Болчуққа таң ата жеттік). *Неге тезер біз?* (Неге кашамыз?).

б) Жатыс жалғаулы сөз тіркестері: *Йантуқ йолта йеме өлті күк* (Қиын жолда және көп өлуі мүмкін). *Йуртда йату қалур ерті* (Жұртта жатып қалғысы келді). *Ол күнте тегді* (Ол күнде жетті). *Түрк есір будун йерінте бод қалматы* (Түріктің есір халқы жерінде ештеңе қалмады).

в) Шығыс жалғаулы сөз тіркестері. Шығыс септіктегі сөздер басқа септіктегі сөздерге қарағанда ескерткіштерде сирек кездеседі: *Оғыздантан көрүг келті* (Оғыздан хабаршы келді). *Өңдён қағанғару су йорылым* (Алдынан қағанға орай әскер жүргізелік).

Біздің байқауымызша шығыс септік ол дәуірде жаңа қалыптаса бастаса керек. Өйткені, шығыс септіктің орнына көп жерде жатыс септіктің жұмсалатыны байқалады. Мысалы:

Қырқ азда йантымыз (Қырық аздан қайттық.) *Түргес қағанта көрүг келті* (Түргеш қағаннан хабаршы келді).

г) Көмектес жалғаулы сөз тіркестері: *Баға тарқан бірле Ілтеріс қаған болайын* (Уәзірмен бірге Ілтеріс қаған болайын).

Бірле көмектес жалғауымен қатар құралды септік арқылы да сөз тіркестері жасалған. Мысалы: *Інгек көлүкін Тоғлада оғуз*

келті (Сыыр көлігімен Тоғлада оғыз келді). *Сүңүгін ачдымыз* (Сүңгімен аштық).

д) Ш ы л а у с ь з д і т і р к е с т е р: *Бен ебгеру түсейін* (Мен үйге қарай қайтайын). *Анта кісре теңрі біліг бертук үчүн* (Содан соң тәңрі білік бергені үшін). *Алтун йыс үзе қабысалым* (Алтай тауы үстінде бірігейік). *Іл йеме іл болты; будун йеме будун болты* (Ел және ел болды, халық және халық болды). *Ат үзе бінтүре* (Ат үстіне міндіре) т. б.

3. М а т а с у. Мұндай тіркеске енетін сөздер бірімен-бірі матастырушы грамматикалық тұлғалар — ілік септігі мен тәуелдік жалғаулары арқылы байланысады. Бірақ ілік жалғаулы сөзбен тәуелді жалғаулы сөздің өз ара байланысу тәсілдері біркелкі емес, әр түрлі. Олар үш топқа бөлінеді:

Б і р і н ш і т о п т а ғ ы с ь з т і р к е с т е р і н і ң е к і ж а ғ ы д а — ілік септігіндегі сөз де, тәуелдіктегі сөз де — жалғаулы болады: *Бенің будуным* (Менің халқым).

Е к і н ш і т о п т а ғ ы с ь з т і р к е с т е р і н і ң б і р і н ш і (бағыныңқы) сыңары жалғаусыз, екінші (басыңқы) сыңары жалғаулы болып келеді:

Бен өзүм (мен өзім), *будун боғзы* (халық тамағы), *бу үчегү* (бұл үшеуі), *он оқ қағаны* (оң оқ қағаны), *он оқ сүсі* (он оқ әскері), *он оқ беглері* (он оқ бектері), *Көгмен йолы* (Көгмен жолы), *Түргес қағаны* (Түргеш ханы), *су басы* (әскер басы) т. б.

Ү ш і н ш і т о п т а т ә у е л д і ж а л ғ а у л ы с ь з і л і к ж а л ғ а у л ы с ь з с і з - а қ л о г и к а л ы қ б а й л а н ы с т а т ұ р а д ы. Мысалы:

Қалмысн (қалғаны), *йағымыз* (жаумыз), *қағаны* (қағаны), *айғучысы* (кенесшісі), *сүмүз* (әскеріміз), *қара терім* (қара терім), *қызыл қаным* (қызыл қаным), *екі учы* (екі үші), *өзүм* (өзім) т. б.

Ілік септікте тұрған сөздер сөйлемде, негізінде, анықтауыш болады.

4. Қ а б ы с у. Ескерткіште сөздер кейде бірімен-бірі ешбір жалғаусыз тұрып та байланысады. Сөздердің мұндай тек орын тәртібі арқылы байланысуын қабысу десек, қабыса байланысқан сөз тіркестерінің ескерткіште кездесетін құрамы төмендегідей болып келеді.

З а т е с і м д і т і р к е с т е р: *Түрк будун* (Түрк халқы), *Ілтеріс қаған* (Ілтеріс қаған), *Чуғай күз* (Чуғай күз), *Түрк қаған* (Түрк қаған), *Алтун йыс* (Алтай тауы), *Темір қапығ* (Темір қақпа), *Інел қаған* (Інел қаған), *Қапаған қаған* (Қапаған қаған).

Бұл келтірілген тіркестердің құрамындағы сөздер ешбір жалғаусыз-ақ өз ара мағыналық байланыста тұр.

Мұндай тіркестер жоғарыдағы мысалдардағыдай кейде екі сөзден, кейде үше не одан да көп сөздерден құрала береді.

Түрк есір будун (Түрк жесір халық), *азғына түрк будун* (аз ғана түрк халық), *ол екі кісі* (ол екі кісі) т. б.

Сын есімді сөз тіркестері. Ескерткіштерде сын есімдер зат есімдермен қатар келуі арқылы өз ара қабыса байланысады. Мысалы:

Білге Тоникук (білгіш Тоникук), *турук буқа* (арық бұқа), *семіз буқа* (семіз бұқа), *Қара құм*, (Қара құм), *күчлүг қаған* (күшті қаған), *сарығ алтун* (сары алтын), *өрүң күмүс* (ақ күміс), *өңрекі будун* (алдыңғы халық), *өңрекі ер* (алдыңғы ер) т. б.

Келтірілген мысалдардағы тіркестің алдыңғы сынары сын есімдер де, олар зат есімдерге орын тәртібі және мағынасы жағынан қатысты болып, сөз тіркестерін жасап тұр. Мұндай сын есімді сөз тіркестері ескерткіштерде өте жиі қолданылды.

Сан есімді сөз тіркестері. Сын есімдер сияқты сан есімдер де зат есімдермен қатар тұру арқылы қабыса байланысады. Мысалы:

Он оқ (он оқ), *екі сү* (екі отряд), *бір йадағ* (бір жаяу), *йети йүз кісі* (жеті жүз кісі), *тоқуз оғуз* (тоғыз оғыз), *он түмен сү* (жүз мың әскер), *үч отыз балық* (жиырма үш қала) т. б.

Есімдікті тіркестер. Қөне түркі жазбаларында кездесетін есімдіктердің бәрі бірдей зат есімдермен тіркес жасай бермейді. Кейбір с і л т е у, с ұ р а у есімдіктері ғана зат есімдермен тіркесіп, қабыса байланысады. Бұған ескерткіштерден мысалдар:

Ол сабығ (ол сөз), *ол сүб* (ол су), *бу сү* (бұл әскер), *не бұңы* (не мұңы), *нең йер* (қай жер).

Есімшелі тіркестер. Ескерткіштердегі зат есімдермен қабыса байланысатын сөздердің біртобы — есімшелер. Мысалы: *Өтүнтүк өтүнч* (өтінген өтініш), *йатығма тағ* (жатқан тау), *келігме беглер* (келген бектер).

Бұлармен қатар текстерден қабыса байланысқан кейбір етістікті тіркестерді де кездестіреміз. Олар төмендегідей:

Іл болты (Ел болды), *будун болты* (Халық болды), *улуғ болтым* (Үлкен болдым), *таң үнтүрү тегдім* (Таң ата жеттік), *түн қатдымыз* (Түн қаттық), *Оғуз келті* (Оғыз келді), т. б.

5. Ж а н а с у. Кейбір пысықтауыштар етістіктен болған баяндауыштармен ешбір орын талғамай байланысады. Мысалы:

Ебірү түсейін (Айнала түсейін), *қоды бардымыз* (Төмен бардық), *күнтүз олурматы* (Күндіз отырмады), *түн удыматы* (Түн ұйықтамады).

Қабысудағыдай емес, жанасуда кей кездері тіркескен сөздер бір-бірінен қашықтап, араға сөз салып та тұра береді.

Сөйлем мүшелері

Атрқты қырқ аз күчлүг қаған йағымыз болты (Артқы қырқ аз күшті қаған жауымыз болды) деген сөйлемдегі *қаған* — бастауыш, *жауымыз* — баяндауыш, *артқы күшті қырқ аз* — күрделі

анықтауыш. Ол сөздердің бәрі де белгілі бір сұрауға жауап беріп, сөйлем мүшесі болып тұр.

Сөйлем мүшелері ең алдымен тұрлаулы және тұрлаусыз болып, екі топқа бөлінеді.

Сөйлемнің тұрлаулы мүшелері

1. **Бастауыш.** Бастауыш болатын сөздер, негізінде, атау тұлғада тұрады.

а) Бастауыш атау тұлғадағы зат есімдерден жасалады. *Тоғлада оғуз келті* (Тоғлада оғыз келді). *Түргес қағанға көрүг келті* (Түргеш қағаннан хабаршы келді). *Білге Тоникук баға айды.* (Білгіш Тоникук маған айтты).

ә) Бастауыш атау тұлғалы есімдіктерден жасалады. *Бен ебгерү түсейін* (Мен үйге қарай қайтайын). *Біз екі бың ертіміз* (Біз екі мың едік).

б) Атау күйіндегі тәуелді жалғаулы сөздер бастауыш бола алады. *Өзүм табғач іліңе қылынтып* (Менің өзім табғаш елінде тәрбиелендім). *Ыды ташда қалмысы құбранып, йеті йүз болты* (Тау мен тас арасында қалғаны жиналып, жеті жүз болды). *Екі үлүгі атлығ ерті, бір үлүгі йадағ ерті* — Екі үлесі (бөлегі) атты еді де бір бөлегі жаяу еді. *Түн удысықым келмеді* (Түн ұйқым келмеді). *Күнтүз олурсықым келмеді* (Күндіз отырғым келмеді). *Бұ үчегү қабысар* (Бұл үшеуі бірігер).

Баяндауыш. Баяндауыш іс-әрекеттің иесін көрсетіп, жіктік жалғаулардың жекеше, көпше түрлерінде тұрады.

Түрк будун табғачда адырнылыт (Түрк халқы табғаштан бөлінді). *Оғыздантан көрүг келті* (Оғыздан хабаршы келді). *Анта өтрү қағанымға өтүнтүм* (Содан соң қағанымға өтіндім). *Аны біл* (Оны біл).

Баяндауыш болатын сөздер кейде атау, не тәуелдік тұлғада тұрып, барлық сөз табынан бола береді. Мысалы:

Екі үлүгі атлығ ерті (Екі бөлегі атты еді). *Улығы шад ерті* (Үлкені — шад еді). *Қағаны — алп ерміс, айғучысы — білге ерміс* (Қағаны — алып еді, кеңесшісі — білгіш еді).

Толықтауыш. Барыс, табыс, жатыс, шығыс және құралды септікте тұрған кейбір сөздер толықтауыш болады.

Толықтауыштар мағынасына, синтаксистік қызметі мен тұлғасына қарай тұра және жанама толықтауыш болып, екіге бөлінеді.

Табыс септігінде тұрған сөйлем мүшесі әр уақыт тура толықтауыш болады. *Аны біл* (оны біл). *Қарығ сөкдім* (Қарды тазаладым). *Атығ ықа байур ертіміз.* (Атты бұтаға байладық). *Бу сү елт* (Бұл әскерді жүргіз). *Алтуын йысығ аса келтіміз, Ертіс үгүзг кече келтіміз* (Алтай тауын аса келдік, Ертіс өзенін өте келдік).

Көне түркі ескерткіштеріндегі тура толықтауыштар да жалғаулы, жалғаусыз болып келе береді.

Ілік және табыс септіктен басқа септіктерде тұрған сөйлем мүшелерінің көпшілігі жанама толықтауыш болады. Мысалы:

Түрк будун табачқа көрүр ерті (Түрк халқы табғашқа бағынатын еді). *Түрк будун табгачда адырылты* (Түрк халқы табғаштан бөлінді). *Сүңүгін ачдымыз* (Сүңгімен аштық). *Бен саңа не айайын* (Мен саған не айтайын).

Анықтауыш: а) Анықтауыштар зат есімнен жасалады:

Темір қапығ (Темір қақпа). **Түрік будун** (Түрік халық). **Түргес қаған** (Түргеш қаған).

ә) Анықтауыштар негізгі және туынды сын есімдерден болады:

Сарығ алтун (сары алтын), **өрүң күмүс** (ақ күміс), **күчлүг қаған** (күшті қаған), **Білге Тоникук** (білгіш Тоникук), **қара тер** (қара тер), **қызыл қан** (қызыл қан). **Қара құм** (қара құм).

Анықтауыштар сан есімнен жасалады. Мысалы:

Екі үлүгі (екі бөлегі). **Иеті йүз кісі** (Жеті жүз кісі). **Екі кісі** (екі кісі). **Екі үш бың сүмүз** (Екі-үш мың әскеріміз).

в) анықтауыштар сілтеу есімдіктерінен жасалады. Мысалы:

Бу сү (Бұл әскер), **Ол сабығ** (Ол сөз), **Ол екі кісі** (Ол екі кісі).

г) Анықтауыштар есімшелерден де жасалады. Мысалы:

Өтүнтүк өтүнч (өтінген өтініш), **Иатығма тағ** (жатқан тау).

Пысықтауыш. Тексттердегі кейбір мекен, мезгіл мағынасында келетін үстеулер сөйлемнің пысықтауыш мүшесі болады:

Анта кісре теңрі біліг бертүк үчүн (Содан соң тәңрі білік бергені үшін). **Табғачғару Қуны сеңүнүг ыдымыс** (Табғашқа қарай Қуны сеңүнді жіберді). **Ол суб қоды бардымыз** (Ол сумен төмен бардық). **Қапаған қаған түн удыматы** (Қапаған түн ұйықтамады).

Пысықтауыштар мағынасына қарай мезгіл, мекен, ама л және мақсат пысықтауыш болып бөлінеді.

а) Мезгіл пысықтауыш: **Күнтүз олу рматы** (Күндіз отырмады). **Таң үнтүрү тегдімз** (Таң ата жеттік). **Екінті күн келті** (Екінші күні келді).

ә) Мекен пысықтауыш: **Біз қоды бардымыз** (Біз төмен бардық). **Алтун йыста олурың** (Алтай тауында отыр).

б) Ама л пысықтауыш: **Қыйынығ көңлүнче ай** (Қиындықты көңліңше шеш). **Өртче қызып келті** (Өрттей қызып келді). **Ебіру келтіміз** (Айнала желдік).

в) Мақсат пысықтауыш: **Ічікдүк үчүн теңрі өлүтміс ерінч** (Бағынғанымыз үшін тәңрі бәлкі бізді өлтірмес), **Санағалы түсүртіміз** (Санағалы кідірдік).

Сөйлем мүшелерінің орын тәртібі

Сөйлемдегі атқаратын қызметіне қарай сөйлем мүшелерінің орналасуында белгілі бір жүйе болады. Ондай тәртіп-жүйе көне түркі жазба нұсқалары тіліне де жат емес. Мысалы:

Онда да бағыныңқы сөз басыңқы сөзден бұрын келеді. Сондай-ақ бастауыш баяндауыштан бұрын тұрады да, баяндауыш ойды тиянақтап сөйлемнің соңында тұрады:

Ингек көлүкін Тоғлада оғұз келті (Сиыр көлікті Тоғлада оғыз келді). *Түргес қағаната көрүг келті* (Түргеш қағаннан хабаршы келді).

Кей жағдайда бастауыш пен баяндауыштың орындары ауысып та келеді. Бірақ бұл сөз стиліне, сөйлемдегі логикалық екпінге байланысты болады.

Анықтауыштар өзі анықтайтын сөзінің алдында тұрады: *Қызыл қаным төкті, қара терімді ағызды.*

Толықтауыштар өзін меңгеретін етістіктен бұрын келеді:

Қағанқа қырқ аз будуны іікді (Қағанға қырқ аз халқы бағынды).

Мұнда қағанға сөзі толықтауыш та, оны меңгеріп тұрған **бағынды** етістігінен бұрын айтылып тұр. Бірақ олардың біріне бірі тақау, қатар тұруы шартты емес: олардың арасында басқа сөздер келе береді.

Сөйлемнің **пысықтауыш** мүшесі де өзі пысықтайтын етістіктің алдында келіп, пысықтайтын сөзіне тақау тұрып та, араға сөз салып алыс тұрып та пысықтай береді:

Болчуқа таң үнтүрү тегдіміз (Болчуққа таң ата жеттік). **Күн йеме, түн йеме йелу бардымыз** (Күн демей, түн демей желіп бардық).

Келтірілген мысалдар сөйлемдегі сөздердің орын тәртібі қазіргі түркі тілдеріндегі сөздердің орын тәртібімен сәйкестігін көрсетеді. Дегенмен ескерткіштерде дағдылы орын тәртібін сақтамайтын сөйлем мүшелері де кездеседі. Мысалы, Тоникук ескерткішінде мынадай бір сөйлем бар:

Сақынтым: *туруқ бұқалы, семіз бұқалы арқада*

(**Ойландым:** арық бұқалы, семіз бұқалы кейінде) деген сөйлемде «Сақынтым» деген баяндауыш басқа тұрлаусыз мүшелердің бәрінен бұрын келіп, дағдылы орын тәртібі сақталмай тұр.

Сөйлемнің бірыңғай мүшелері

Ескерткіштерде бір мүшеге бағынып, белгілі бір сұрауға жауап беретін бірыңғай мүшелер де кездеседі. Олар төмендегідей:

Түрк будун табғачда адырылты, қанланты (Түрк халқы табғаштан бөлінді, ханданды). *Табғач, оғұз, қытан бу үчүгү қабысыр* (Табғаш, оғыз, қытан бұл үшеуі бірігер). **Күн йеме, түн йеме йелу бардымыз** (Күн демей, түн демей желіп бардық). **Тенрі**

Умай, ыдуқ йер-суб баса берді ерінч (Тәңірі, Умай, қасиетті жер-су жеңіс берді). **Он оқ беглері көп келті, йүкүңті** (Он оқ бектері көп келді, жүгінді). **Сарығ алтун, өрүң күмүс, қыз-қудыз, егрітебі, ағы буңсыз келүрті** (Сары алтын, ақ күміс, қыз-қырқын, кілем, асыл дүние ешбір мұңсыз келетін).

Құрмалас сөйлем

Ескерткіштерде де жай сөйлемдер мағыналық және тұлғалық жағынан бірімен-бірі байланысып, аяқталған күрделі ойды білдіретін құрмалас сөйлем жасайды.

Құрмалас сөйлемдердің шығу, қалыптасу тарихы, олардың жасалу тәсілдері күрделі де қиын мәселе. Мұның өзі алдына арнайы зерттеуді керек етеді. Өйткені, ол замандағы құрмалас сөйлемдердің мағына жақтарынан, тұлға жақтарынан байланысу тәсілдері де қазіргі кездегіден өзгешелеу болған. Тіл де дамып отыратын категория болғандықтан, құрмалас сөйлем жүйелері де тілмен бірге дамып, өзгеріп отырған. Солай бола тұрса да, орхон ескерткіштері орнатылғалы мың жылдан аса уақыт өткеніне қарамай, ескерткіштерден қазақ тіліне жақын я ұқсас келетін көптеген құрмалас сөйлемдерді кездестіреміз.

Екі үлүгі атлығ ерті, бір үлүгі йадағ ерті (Екі бөлегі атты еді, бір бөлегі жаяу еді). *Будуың боғзы тоқ ерті, йағымыз тегіре учуқ тег ерті* (Халықтың тамағы тоқ еді, жауымыз айнала жыртқыш құстай еді). *Қаның қодып, табғачқа йана ічікді* (Ханын қойып, табғашқа қайта бағынды).

Келтірілген мысалдардағы үш сөйлемнің әрқайсысы ұласып айтылған екі түрлі бір-біріне байланысты күрделі ойды білдіріп тұр. Бірақ олардың арасындағы байланысу тәсілдері бәрінде бірдей емес. Алдыңғы екі сөйлемнің компоненттері өз ара тең дәрежеде, кейінгі құрмалас сөйлемнің компоненттері бір-бірімен бағыныпқы, басыңқылық қатынаста айтылып тұр.

Ескерткіштерде кездесетін құрмалас сөйлемдер құрмаласу тәсілдеріне қарай *с а л а л а с* және *с а б а қ т а с* құрмалас сөйлемдер болып, екіге бөлінеді.

Салалас құрмалас сөйлемдер

Салалас құрмаласқа енген жай сөйлемдер біріне-бірі бағынбай, тең дәрежеде байланысады: *Қағаны алп ерті, айғуысы білге ерті* (Қағаны батыр еді, кеңесшісі білгіш еді). *Түн удысықым келмеді, күнтүз олурсықым қелмеді* (Түн ұйқым келмеді, күндіз отырғым келмеді). *Ертіс үгүзүг кеігсізіп кечдіміз, түн қатдымыз* (Ертіс өзенінен өттік, түн қаттық). *Екінті күн келті, өртче қызып келті*. (Екінші күні келді, өрттей қызып келді). *Іл*

йеме іл болты, будун йеме будун болты (Ел енді ел болды, халық енді халық болды). *Өзүм қары болтым, улұғ болтым* (Өзім қары болдым, үлкен болдым). Келтірілген салалас құрмалас сөйлемдердің бір тобы тек дауыс ырғағы арқылы байланысса, қалғандары ж а л ғ а у л ы қ т а р арқылы құрмаласып тұр.

Сабақтас құрмалас сөйлемдер

Сабақтас құрмалас сөйлемдердің байланысу тәсілдері салалас сөйлемдердің құрмаласу тәсілдерінен өзгеше. Сабақтас құрмаластың құрамындағы жай сөйлемдердің бірі басыңқы, екіншісі бағыныңқы болады. Басыңқы сөйлем негізгі ойды білдіреді, ал бағыныңқы сөйлем сол басыңқыдағы ойды айқындап тұрады. Осыған орай бағыныңқы сөйлемнің баяндауышы тиянақты болмайды. Сабақтас құрмалас сөйлемдердің бағыныңқы сыңарының баяндауыш тұлғасына қарай бірі көсемшелі бағыныңқы болса, екіншісі есімшелі, үшінші біреуі шартты бағыныңқы болып келеді. Оны төмендегі мысалдардан анық байқауға болады:

Қанын қодып, табғашқа йана ічкіді (Ханын қойып, табғашқа және бағынды). *Кийіг ййіу, табыстан ййіу олурур ертіміз* (Киік етін жеп, қоян етін жеп отыратын едік). *Ол екі кісі бар ерсер сені табғачығ өлүртечі* (Ол екі кісі бар болса, сені, табғашты өлтірді). *Түрк будун олуғғалы, түрк қаған олуғғалы Шантун балықа, талуй үғүзке теузіз йоқ ерміс* (Түрк халқы болғалы, түрк қағаны болғалы, Шантун қаласы мен Теңіз өзендеріне дейін жетпеген еді). *Йірчі йір йаңылып, боғузланты* (Жер сілтеуші жерден адасып, бауыздалды). *Ілтеріс қаған қазғанмасар, уды бен қазғанмасар, іл йеме, будун йеме йоқ ертечі ерті* (Ілтеріс қаған мұны етпесе, ақыры менің өзім де осындай етпесем, ел тағы да, халық тағы да болмаған болар еді). *Бүтүгі бар ерсер, не буңы бар ертечі ерміс* (Қамқоршысы болса, не мұны бар болар) т. б.

Төл және төлеу сөз

Орхон-енисей ескерткіштерінен толып жатқан төл және төлеу сөздерді кездестіреміз. Олардың бірқатары цитат түрінде, енді біреулері диалог түрінде кездеседі.

— *Йағыл,— тіді. Йағмысы бен ертім, білге Тоникук.*— Жақында,— деді.— Жақында дегені мен едім, білгіш Тоникук.— *Қаған му қысайын,— тідім.*— Қағанды ма қысайын,— дедім.

Анча сақынтым: «Білге Тоникук бойла баға тарқан бірле Ілтеріс қаған болайын» (Сонша ойландым: «Білгіш Тоникук уәзірмен бірге Ілтеріс қаған болайын»).

— *Сүлелім,— тідім.*— Соғысамыз,— дедім.— *Ол йолын йорысар, унч,— тідім.*— Ол жолмен жүруге мүмкін,— дедім.

5. Әскери лексика:

сү — әскер, *сүңүс* — соғыс, *уруш* — ұрыс, *қылыч* — қылыш, *сүнүг* — сүңгі т. б.

6. Жан-жануардың аттары:

ат — ат, *айғыр* — айғыр, *тай* — тай, *інгек* — сиыр, *буқа* — бұқа, *барс* — барыс, *бөрі* — бөрі, *қасқыр*, *қой* — кой, *учуқ* — құс, *қаз* — қаз, *тақығ* — тауық т. б.

7. Анатомиялық атаулар:

баш — бас, *адағ* — аяқ, *көз* — көз, *боғуз* — тамақ, *құлғақ* — құлақ, *йүрек* — жүрек, *сач* — шаш, *тыл* — тіл, *өд* — өт т. б.

8. Белгілі бір кеңістік ұғымымен байланысты сөздер:

ара — ара, *арт* — арт, *шег* — шек, *узе* — үстіне, *қоды* — төмен т. б.

9. Ескі діни нанымдармен байланысты сөздер:

теңрі — тәңрі, *умай* — әйелдердің құдайы, *ыдуқ* — қасиетті т. б.

10. Этникалық атаулар:

басмыл (Балық қаласы маңын мекендеген халық), *аз* (Енисей өзені маңын жайлаған халық), *оғуз* — оғыздар, *қарлуқ* — қарлықтар, *қыбчақ* — қыпшақтар, *соғдақ* — соғдылар, *тардуш* — тардұш, *табғач* — табғаш, *татар* — татар, *татабы* — татабы, *төліс* — төліс, *түрк* — түріктер, *түргес* — түргештер, *үйгур* — ұйғыр, *чигіл* — чигілдер, *чик* — чиктер, *тезік* — тәжіктер, *тоқры* — тоқарлар, *усун* — үйсін т. б.

11. Топонимикалық атаулар:

Байбалық — қала аты, *Болчу* — өзеннің аты, *Ертіс* — Ертіс, *Кем* — Енисей өзені, *Қөгмен* — Саян таулары, *Қара құм* — Қара құм, *Орқун* — Орхон өзені, *Селеңе* — Селенга өзені, *Тоғла* — өзеннің аты, *Алгун йыс* — Алтай таулары, *Йенчу* — Сырдария өзені, *Өтүкен* — жер аты, *Темір қапығ* — Темір қақпа т. б.

Синоним сөздер. Ескерткіштерде дыбысталуы жағынан әр түрлі, мағына жағынан бір-біріне жақын синонимдік сөздер де кездеседі.

Алп — *алып ер* — ер батыр; *йурд* — жұрт, *іл*, *ел* — ел; *бедүк* — биік, *улуғ* — үлкен.

Антонимдер: *ұлуғ* — *кішіг* (үлкен — кіші), *ақ* — *қара* (ақ — қара), *ілгеру* — *кідін* (ілгері — кейін), *аш* — *тоқ* (аш — тоқ), *йоған* — *иінчге* (жуан — жіңішке), *қалун* — *йуйқа* (қалың — жұқа).

Омонимдер: *ат*:

а) жылқыны білдіреді:

ә) кісінің атын (есімін) білдіреді:

б) мылтықты ат дегендегі етістікті көрсетеді.

Тұрақты сөз тіркестері. Ескі жазу нұсқаларында тұрақты сөз тіркестері де кездеседі. Бірақ олар көп емес. Мысалы: *Түн қатдымыз* (түн қаттық). *Анта өтрү* (содан соң). *Арығ обуты йіг* (таза ұят игі).

II тарау

КӨНЕ ҰЙҒЫР ЖАЗУ ЕСКЕРТКІШТЕРІНІҢ ТІЛІ



















ФОНЕТИКА

Алфавит

Көне ұйғыр жазуы жоғарыдан төмен қарай (вертикаль бойынша) жазылады (123-беттегі суретті қараңыз). Онда не бәрі 23 таңба бар. Мұнда әрбір таңба сөз ішінде келетін орнына қарай сөз басында бір түрлі болса, сөз ортасында екінші және сөз соңында үшінші түрлі болып өзгереді. Көне ұйғыр жазуының 23 таңбасы 28 әріптің орнына жүреді.

Дауысты дыбыстар

Көне ұйғыр жазуы ескерткіштерінде 8 дауысты дыбыс бар да, ол дауыстылар 5 таңбамен беріледі. Мұны төмендегі кестеден анық байқауға болады.

Сөз басында	Сөз ортасында	Сөз соңында	Әріптік мәні
			Aa,
			Ee, Ээ
			By, Ii
			Oo, Yu
			Oo, Yu
			Oo, Yu


Дауысты дыбыстардың қолданылуы

Көне ұйғыр жазбалары тіліндегі дауысты дыбыстардың қолданылуында өзіндік ерекшеліктері бар. Олар төмендегідей:




А — ашық езулік тіл арты дауысты дыбысы. Сөздің барлық шенінде келе береді. Мысалы:

а сөз басында:




ай — ай,
ака — ақа,
алды — алды,
атты — алты,
алқыс — алғыс.

а сөз ортасында:



бай — бай,
бағ — бак,
йарым — жарты,
йағаш — ағаш,
қары — кары.

а сөз аяғында:



анта — онда,
тамға — таңба,
буқа — бұқа,
йана — және,
маңа — маған.



Е — тіл алды езулік ашық дауысты. Орын талғамайды.

е сөз басында:

عەر
عەر
عەر
عەر
عەر

екін — егін,

ескі — ескі,

еліг — елу,

емті — енді,

ет — ет.

е сөз ортасында:

عەر
عەر
عەر
عەر
عەر

төгел — түгел,

секіз — сегіз,

тең — тең

ікегу — екеуі,

түмен — он мың.

е сөз соңында:

عەر
عەر
عەر
عەر
عەر
عەر

нече — неше, қанша,

біле — бірге, мен,

бірле — бірге,

үзе — үстіне,

йере — жерге

іске — іске.

Ы — тіл арты, қысаң езулік дыбыс, **і** — тіл алды, қысаң езулік дыбыс. Көне ұйғыр жазуында бұл екі дыбыс бір таңбамен беріледі, орын талғамай, сөздің барлық шенінде келе береді.

Handwritten examples of the letter 'Ы' in various styles.

ы, і дыбыстары сөз басында:

ыт йыл — ит жыл

ікі — екі,

іл — ел,

інім — менің інім,

іс — іс.

Handwritten examples of the letter 'Й' in various styles.

ы, і дыбыстары сөз ортасында:

йыл — жыл,

біз — біз,

кім — кім,

бічін — мешін,

йарым — жарты.

Handwritten examples of the letter 'А' in various styles.

ы, і дыбыстары сөз соңында:

алды — алды,

йолы — оның жолы,

ілчі — елші

інім — інім

міні — мені.

Handwritten examples of the letter 'О' in various styles.

О және у дыбыстары да

бір түрлі таңбамен жазылады. **О** сөздің соңында кездеспейді, ал **у** дыбысы орын талғамайды, сөздің барлық шенінде келе береді.

Handwritten examples of the letter 'У' in various styles.

о, у дыбыстары сөз басында

оғлум — ұлым,

отуз — отыз,

улуғ — ұлық, үлкен,

усун — ұзын,

ол — ол.

о, у дыбыстары сөз ортасында:

وقد
وقد
وقد
وقد
وقد

буқа — бұқа,
бор — вино,
қул — құл,
муң — мұң,
тоқуз — тоғыз.

у сөз соңында:

وقد
وقد
وقد

бу — бұ, бұл,
йараду — жаратып,
йорыйу — жүре.

وقد
وقد
وقد
وقد

ө және ү дыбыстары да бір ғана әріппен таңбаланып, алдыңғысы сөз басында және сөз ортасында, кейінгісі сөздің барлық шенінде кездеседі.

ө және ү дыбыстары сөз басында:

وقد
وقد
وقد
وقد
وقد


өз — өз,
үч — үш,
үчүн — үшін,
үлеш — үлес
үзе — үстіне.

ө және ү сөз ортасында:

وقد
وقد
وقد
وقد
وقد

көңүл — көңіл,
сөз — сөз,
төрт — төрт,
күз — күз,
күн — күн.

Ү сөз соңында:



кү — хабар,
керү — кері,
едлү — ете, жасай.

Дауыссыз дыбыстар

Ескерткіштердегі дауыссыз дыбыстар мынандай 18 таңба арқылы өрнектелген:

Сөз басында	Сөз ортасында	Сөз соңында	Әріптік мәні
Б	Б	Б	Бб
В	В	В	Вв
Ғ	Ғ	Ғ	Ғғ
Қ	Қ	Қ	Ққ
Х	Х	Х	Хх
К	К	К	Кк, Гг
Д	Д	Д	Дд, Тт
Ж	Ж	Ж	Ж
З	З	З	Зз
Й	Й	Й	Йй
Л	Л	Л	Лл
М	М	М	Мм
Н	Н	Н	Нн
Р	Р	Р	Рр
С	С	С	Сс
Ш	Ш	Ш	Шш
Ч	Ч	Ч	Чч
И	И	И	И

Дауыссыз дыбыстардың қолданылуы

Қ Қ Қ

Л — ауыз жолды сонор дыбыс. Сөздің басында өте сирек, сөз ортасында және соңында жиі ұшырайды.

л сөз ортасында:

қалың
қалың
қалың
қалың
қалың

бірле — бірге,
үлүш — үлес,
беглер — бектер,
сөзлері — сөздері,
борлық — үзім.

л сөз соңында:

қалың
қалың
қалың
қалың
қалың

іл — ел,
йыл — жыл,
құл — құл,
йашыл — көк, жасыл,
ол — ол.

М М М

М — мұрын жолды сонор дыбыс. Сөздің барлық шенінде кездесе береді.

м сөз басында:

маңа
мұң
мың
мен
мұнта

маңа — маған,
мұң — мұң,
мың — мың,
мен — мен,
мұнта — мұнда.

عطر صند
عطر صند
عطر صند
عطر صند
عطر صند

عطر صند
عطر صند

عطر صند
عطر صند
عطر صند
عطر صند
عطر صند

عطر صند
عطر صند
عطر صند
عطر صند
عطر صند

عطر صند
عطر صند
عطر صند
عطر صند
عطر صند

М сөз ортасында:

күмүш — күміс,
йігірмінч — жиырманшы,
йаман — жаман,
тамқа — таңба,
алмады — алмады.

Н — мұрын жолды сонор
дыбыс. Орын талғамайды:
сөздің барлық шенінде
кездесе береді.

Н сөз басында:

негү — неге,
нече — неше,
нысан — белгі,
ном — кітап
нетіг — қалай.

Н сөз ортасында:

анта — онда,
еркінче — еркінше,
йонт — жылқы,
тонанты — тон киді,
санап — санап.

Н сөз соңында:

он — он,
қан — қан,
екін — егін,
бічін — мешін,
күн — күн.

Й Й Й

Й — ауыз жолды спирант сонор дыбыс. Бұл да сөздің барлық шенінде жазыла береді.

Й сөз басында:

Йағаш
Йана
Йер
Йарым
Йоқ

йағаш — ағаш,
йана — және,
йер — жер,
йарым — жарты,
йоқ — жоқ.

Й сөз ортасында:

Алайын
Йорыйу
Қайу
Тайчы
Айдып

алайын — алайын,
йорыйу — жүре,
қайу — қайта,
тайчы — кісі аты,
айдып — айтып.

Й сөз соңында:

Ай
Бай
Қыдай

ай — ай,
бай — сай,
қыдай — қытай.

Р Р Р

Р — ауыз жолды сонор дыбыс. Сөздің басында кездеспейді. Сөз ортасында және сөз соңында келе береді.

Р сөз ортасында:

Ерті
Орду
Төрт
Бердім
Көр

ерті — еді,
орду — орда,
төрт — төрт,
бердім — бердім,
көр — көз.

р сөз соңында:

سەر
بەر
بىر
يەر
تەۋار

ер — ер, батыр,

бар — бар,

бир — бер,

йір — жер,

тавар — товар.

Б — үнсіз ерін дыбысы. Сөздің барлық шенінде кездесе береді.

ب
ب
ب

б сөз басында:

بىز
بۇقا
بوز
بۇ

бағ — бақ, бақша,

біз — біз,

буқа — бұқа,

боз — боз,

бу — бү, бұл.

б(п) сөз ортасында:

ابام
اپا

абам — егер,

апа — апа.

п сөз соңында:

ساناپ
الىپ
قويدۇپ
الىپ
تاپ

санап — санап,

алп — алып,

қодуп — қойып,

алып — алып,

тіп — деп.

В — үнсіз ұяң тіс пен ерін дыбысы. Сөздің ортасында және соңында кездеседі.

в
в
в

в сөз ортасында:

ياۋوز
ئاللاۋات

йавуз — жауыз,

йалавач — елші.

в сөз соңында:

ئەۋ
سۈۋ

ев — үй,

сۈۋ — су.

ت
تاغ
تاس
تاڭ
تۈمەن
تۈس

Т — үнсіз қатан тіс дыбысы. Сөздің барлық шенінде кездесе береді.

т сөз басында:

تاغ
تاس
تاڭ
تۈمەن
تۈس

тағ — тау,

тас, таш — тас,

таң — таң,

түмен — он мың,

түс — түс.

т сөз ортасында:

ئالتە
ئانتا
ئەرتى
بىتىپ
ئوتۇز

алты — алты,

анта — онда,

ерті — еді,

бітіп — бітіп,

отуз — отыз,

т сөз соңында:

ات
ەت
يونت
تۇت
ۇستا
يىد

ат — ат,

ет — ет,

йонт — жылқы,

тут — тұт, ұста,

ыд — жібер.

Д — үнсіз ұяң тіс дыбысы. Сөздің ортасында және соңында жазылады.

д сөз ортасында:

кідін — кейін,
орду — орда,
алмады — алмады.

д сөз соңында:

күнчід — күнжі,
уд — бұқа.

С — үнсіз қатаң тіс дыбысы. Сөздің барлық шенінде кездесе береді.

с сөз басында:

санап — санап,
секіз — сегіз,
сен — сен,
сөз — сөз,
сув — су.

с сөз ортасында:

ескі — ескі,
кісі — кісі.

с сөз соңында:

бас — бас,
бос — бос,
тас, таш — тас.



Ш — үнсіз қатаң тіл алды дыбысы. Сөздің барлық шенінде кездесе береді.

ш сөз басында:

بىلاش
شەتەر

шерік — шерік,
шатраш — шахмат.

ш сөз ортасында:

аша
башым
кіші
жашыл

аша — аса,
башым — менің басым,
кіші — кісі,
жашыл — жасыл.

ш сөз соңында:

күш
күміш
түш

күш — күш,
күміш — күміс,
түш — түс.

Ч — үнсіз қатаң шұғыл тіл алды дыбысы. Сөздің барлық шенінде кездесе береді.

ч сөз басында:

чөл
чағ

чөл — шөл,
чағ — уақыт.

ч сөз ортасында:

бічін
елші
үчүн

бічін — мешін,
елші — елші,
үчүн — үшін.

ч сөз соңында:

چىغداق
چىغداق
چىغداق

алтынч — алтыншы,

йағач — ағаш,

үч — үш.

Қ — үнсіз қатаң тіл арты дыбысы. Сөздің барлық шенінде кездесе береді.

ق : ق : ق

к сөз басында:

قالىن
قان
قودۇپ
قۇل
قۇتلۇغ

қалын — қалың,

қан — қан,

қодуп — қойып,

құл — құл,

қутлуғ — құтты.

к сөз ортасында:

تاقى
تامقا
باقسى

тақы — тағы,

тамқа — таңба,

бақсы — бақсы.

ғ сөз аяғында:

оқ
онлуқ
тануқ

оқ — оқ,

онлуқ — ондық,

тануқ — куа.

Ғ — үнсіз ұяң тіл арты дыбысы. Сөздің ортасында және соңында кездеседі.

ق : ق : ق : ق


ғ сөз ортасында:

йағач
йадағ
тоғмыш

йағач — ағаш,

йадағ — жаяу

тоғмыш — туған.



Ғ СӨЗ СОҢЫНДА:

атлығ — аты,


йыллығ — жылдык,

тағ — тау.



К — үнсіз қатаң тіл ортасы дыбысы. Сөздің барлық шенінде бірдей келе береді.

к сөз басында:



керу — кері,

кеш — кеш, өт,

кел — кел.

күз — күз,

кім — кім.

к сөз ортасында:



екін — егін,

ескі — ескі,

ікі — өкі.

к сөз соңында:



өрдек — үйрек,

өк — так,

шерік — шерік.

Г (К) — үнсіз тіл ортасы дыбысы. Сөздің ортасында және соңында кездеседі.

بىگىلەر
يىگىرملەر
تەگى

г сөз ортасында:

беглерім — бектерім,
йегірмі — жиырма,
тегі — дейін.

بىلەر
بىلەر
بىلەر

г сөз соңында:

еліг — елу,
бег — бек,
тег — тек.

З — үнсіз ұяң тіс дыбысы. Сөздің ортасында және соңында кездеседі.

۲

з сөз ортасында:

өзүм — өзім,
үзе — үстіне,
сөзлері — сөздері.

بىز
بىز
بىز

з сөз соңында:

тоңуз — доңыз, шошқа,
күз — күз,
өз — өз.

بىز
بىز
بىز

Ң — мұрын жолды сонор дыбыс.

ң сөз ортасында:

басыңа — басына,
йаңы — жаңа,
көңүл — көңіл.

بىنىڭ
بىنىڭ
بىنىڭ

ң сөз соңында:

мың — мың,
мұң — мұң, кайғы,
соң — соң,
тең — тең.

بىنىڭ
بىنىڭ
بىنىڭ
بىنىڭ

Сингармонизм. Тілдегі дыбыстар өз ара қалай болса солай тіркесіп айтыла бермейді: сөз ішінде, не сөз аралығында болсын олардың тіркесуінде белгілі заңдылық болады. Көне ұйғыр жазу ескерткіштері тіліндегі дауысты дыбыстар екі түрлі жолмен — не тілдің, не еріннің қатысы жағынан бір-бірімен үндесіп айтылады.

а) Ескерткіштегі әрбір сөз құрамындағы буындар үндестік заңына бағынып, не біркелкі жуан, не бірыңғай жіңішке айтылады.

Жуан буынды сөздерде:

атлығ — атты, *адақлығ* — аяқты, *башла* — баста, *улушта* — ұлыста, *улуғқа* — ұлыққа (үлкенге), *алтынч* — алтыншы.

Жіңішке буынды сөздерде:

ікінгі — екінші, *біліг* — білік, *йірге* — жерге, *ебінтекі* — үйіндегі, *сөзле* — сөйле, *күчлүг* — күшті,

ә) **Ерін үндестігі.** Мұнда алғашқы буындағы ерін дауыстылары өзінен соңғы буындарға әсерін типізіп, үндеседі:

өңдүн — алдынан, *үлүшлүг* — үлестік, *үлүш* — үлес, *бүтүрү* — бітіре, *тутдум* — тұттым, *тонлуғ* — тонды.

Ассимиляция. Көне ұйғыр жазу ескерткіштерінің тілінде де қатар келген дыбыстардың бірінің екіншісіне ықпалы болады. Мұның өзі қатар келген дыбыстардың бірінің екіншісіне ықпал ету бағытына қарай ілгерінді және кейінді ықпал (ассимиляция) болып бөлінеді.

а) Ілгерінді ықпал: *улусқа* — ұлысқа. ә) Кейінді ықпал: *бүкүн* — бұл күн

Сонор **р, л, м, ң** дыбыстарының қатаң түрі болмағандықтан, оларға қосылатын қосымшалар қатаңнан да, ұяңнан да бастала береді: *келсер* — келсе, *болмыш* — болмыс (болған), *емті* — енді.

Буын. Ескерткіштерде қазіргі түркі тілдерінде бар буынның барлық түрлері де кездеседі.

а) Ашық буын:

а-қа — ата, *бі-ле* — бірге, *йа-на* — және, *та-қы* — тағы, *і-кі* — екі, *ба-ру* — бара.

ә) Тұйық буын:

йір — жер, *ол* — ол, *өз* — өз.

б) Бітеу буын: *бағ* — бақ (бақша), *бай* — бай, *таш* — тас, *тағ* — тау, *қуш* — құс.

МОРФОЛОГИЯ

Сөз тұлғасы

Көне ұйғыр жазуында сөздер құрамына қарай үш топқа бөлінеді. Енді осылардың әрқайсысына қысқаша тоқтап, жеке-жеке мысалдар келтірейік:

Түбір сөздер: *ев* (үй), *ай* (ай), *йір* (жер), *бағ* (бау, бак-

ша), *буқа* (бұқа), *тағ* (тау), *тас* (тас), *сув* (су), *мен* (мен), *бу* (бұ, бұл) т. б.

Туынды сөздер: *ілші* (елші), *баручы* (барушы), *бурунғы* (бұрынғы), *бүкүнкi* (бүгінгі), *йiрдеки* (жердегі), *атлығ* (атты), *адағлығ* (аяқты), *тонлығ* (тонды), *башла* (баста), *сөзле* (сөйле).

Біріккен сөздер: *бүкүн* — бүгін, *күнтүз* — күндіз.

Күрделі құрамды сөздер. Бұған көбінесе, кісі аттары, жер-су атаулары мен кейбір сөз тіркестері жатады: *Омар шейіх* (кісі аты), *Темір қапығ* (жер аты), *Қара құм* (жер аты), *йоқ ерті* (жоқ еді).

Сөз таптары

Зат есім

Сөз болып отырған ескерткіштер тіліндегі зат есімдерге де тән категориялар: көптелу, тәуелдену, септелу және жіктелу.

Көптік жалғау. Зат есімдер жеке түрде де, көпше түрде де келе береді. Көптік мән белгілі жалғаулар арқылы да, немесе, сөздің лексикалық мағынасы және сөз тіркестері арқылы да беріледі. Көне ұйғыр жазуларында көптік жалғау -лар, -лер түрінде келеді: *тағлар* (таулар), *беглер* (бектер), *урылар* (ұрықтар), *сөзлер* (сөздер).

Зат есімдердің тәуелденуі. Көне ұйғыр жазуы ескерткіштері тілінде зат есімдер арасындағы меншіктілік, иелік қатынастар да тәуелдік жалғаулары арқылы беріледі. Оны төмендегі мысалдардан анық байқауға болады. Мысалы: *інім* (менің інім), *ініміз* (біздің ініміз), *атым* (менің атым), *атымыз* (біздің атымыз), *улусуңуз* (сіздің ұлысыңыз), *көңлүңүз* (сіздің көңіліңіз), *өзі* (оның өзі).

Зат есімнің септелуі. Септік жалғаулар сөйлем ішінде бір сөз бен екінші сөзді байланыстырып тұрады. Көне ұйғыр жазуы тілінде төмендегідей септіктер бар.

Атау — сөздің ешбір жалғаусыз, негізгі түрі. Мысалы: *ай* (ай), *бағ* (бау, бақша), *буқа* (бұқа), *екін* (егін), *йір* (жер), *ілші* (елші).

Ілік септік заттың, қимылдың кімге тән екендігін көрсетіп, **-ның, -нің** жалғауларының жалғануы арқылы жасалады: *ақамның* (ағамның), *ішінің* (ісінің), *Мысырның* (Мысырдың).

Барыс септік бет алыс немесе мекендік бағытты білдіріп, төмендегідей жалғаулар жалғануы арқылы жасалады.

а) **-қа, -ке, -ға -ге:** *борлуққа* (үзімшіге), *йаңықа* (жаңаға) *улуғқа* (ұлыққа, үлкенге), *йірге* (жерге), *кісіке* (кісіге), *сөзке* (сөзге).

ә) **-ғару, -геру, -қару, -керу:** *йіркеру* (жерге қарай), *ыңару* (одан әрі), *біргееру* (бері қарай), *йоқару* (жоғары).

Табыс септікте тұрған сөз амалмен, белгілі іспен тікелей байланысты болып, төмендегідей жалғаулар жалғануы арқылы жасалады:

а) **-ны, -ні:** *атны* (атты), *ілні* (елді), *сувны* (суды), *кішіні* (кісіні).

ә) **-ығ, -іг, -ғ, -г:** *ісіг* (істі), *кісіг* (кісіні), *беглеріг* (бектерді), *теңріг* (тәңірді), *адағларығ* (аяқтарды).

б) **-н, -ын, -ін, -ун, -үн:** *білігін* (білігін), *боғузын* (тамағын, көмекейін), *борлуқын* (үзімшісін), *йірін* (жерін), *урунчақын* (ұрыншағын).

Жатыс септік заттың мекенін, мезгілін көрсетіп, **-да, -де, -та, -те** жалғаулары жалғануы арқылы жасалады: *йілте* (елде), *улуста* (ұлыста), *йазуқда* (жазықта), *теңріде* (тәңірде).

Шығыс септік қимылдың, істің шыққан орнын білдіріп, **-дын, -дін, -тын, -тін, -кін** кейде **-дан** жалғаулары арқылы жасалады: *күнтін* (күннен), *савтын* (даңықтан), *теңріден* (тәңірден), *улустын* (ұлыстан), *төпеден* (төбеден).

Көне ұйғыр жазуында жоғарыда көрсетілген септіктермен қатар, көмектес септік те кездеседі. Оның тұлғасы **-н, -ын, -ін** түрлерінде берілген: *күчлүгін* (күштісімен), *өдін* (өтумен), *қағанын* (қағанымен), *йазын* (жазымен), *қышын* (қысымен).

Сын есімдер

Сын есімдер екіге бөлінеді:

а) Негізгі сын есімдер: *ақ* (ақ), *сарығ* (сары), *улуғ* (ұлық, үлкен), *кішіг* (кіші, кішкене), *бедүк* (биік), *қара* (қара), *көк* (көк), *ағыр* (ауыр), *ескі* (ескі), *йаңы* (жаңа).

ә) Қатыстық сын есімдер. Ескерткіштер тілінде қатыстық сын есім жасайтын жұрнақтардың бастылары төмендегідей:

-лы, -лі:

Буқалы (бұқалы), *беглі* (бектік), *сувлы* (сулы).

-лығ, -ліг:

қорқунчлығ — қорқынышты, *меңіліг* — қуанышты, *атлығ* — атты,

-луғ, -лүг:

қутлуғ — құтты, *күчлүг* — күшті,

-суз, -сүз:

сувсуз — сусыз, *меңүсүз* — қайғысыз.

-қы, -кі, -ғы, -гі:

бурунғы — бұрынғы, *бүкүнкі* — бүгінгі, *ашнуқы* — алдыңғы.

Сын есімнің шырайлары қарастырылып отырған ескерткіштерде үш түрлі:

1. Ашық шырай: көк (көк), қара (қара), қызыл (қызыл), бедук (бийік), кішіг (жіші).

2. Салыстырмалы шырай: артуқрақ (артығырақ), өкшүрек (көбірек), бегрек (бегірек).

3. Күшейтпелі шырай: іңілкі (әуелгі).

Сан есімдер

Сан есімдер мағынасына қарай төмендегідей топтарға бөлінеді.

а) Есептік сан есімдер: бір (бір), ікі (екі), үч (үш), төрт (төрт), бес, биш (бес), алты (алты), йіті (жеті), секіз (сегіз), тоқуз (тоғыз), он (он), йегірмі, йігірмі (жиырма), отуз (отыз), қырқ (қырық), еліг (елу), алтмыш (алпыс), йетмиш (жетпіс), секзон (сексен), тоқузон (тоқсан), йүз (жүз), мін (мың), түмен (он мың).

ә) Реттік сан есімдер, үчүнч (үшінші), төртүнч (төртінші), бишінч (бесінші), алтынч (алтыншы), йітінч (жетінші), секізінч (сегізінші).

б) Аралас сан есімдер: бір йігірмінч (он бір), ікі йігірміге (он екіге), үч йігірмі (он үш), бес йігірміке (он беске), алты йігірмі (он алты), алты отузқа (жиырма алтыға), секіз отузқа (жиырма сегізге).

Есімдік

Есімдіктер мағынасына қарай өз ішінен бірнеше топқа бөлінеді:

а) жіктеу есімдігі: мен (мен), сен (сен), ол (ол), біз (біз), сіз (сіз), олар (олар).

Жіктеу есімдіктері септеледі.

Жекеше:

Атау	мен	сен	ол
Ілік	менің	сенің	оның
Барыс	маңа	саңа	аңа, аңар
Табыс	мені	сені	аны
Жатыс	менге	сенге	анта
Шығыс	минітен	синітен	анынтын

Көпше:

Атау	біз	сіз	олар
Ілік	бізнің	сізнің	оларның
Барыс	бізке	сізлеріңе	оларқа
Табыс	бізні	сізні, сізлерңі	оларны
Жатыс	бізге	сізлерте	оларда
Шығыс	бізніден	сізнідін	олардың

ә) Сілтеу есімдігі: *бу* (бұ, бұл), *булар* (бұлар), *ол* (ол), *олар* (олар).

Сілтеу есімдіктері де септеледі.

б) Сұрау есімдігі: *кім?* (кім?), *не?* (не?), *нече?* (неше?), *нечүк?* (қалай?).

в) Өздік есімдік: *кентү* (өзім, өзімдікі), *өз* (өз), *өзүм* (өзім).

д) Жалпылау есімдік: *бары* (бары, бәрі), *барча* (барша), *үкүш* (бүкіл).

Етістік

Көне ұйғыр жазуы ескерткіштері тілінде етістіктер түбір, туынды және күрделі болып үшке бөлінеді.

а) Түбір етістіктерге ешбір қосымшасыз бұйрық райдың екінші жағында айтылатын етістіктер жатады: *ал* (ал), *біл* (біл), *бол* (бол), *йоры* (жүр), *оқы* (сана), *кел* (кел), *қыл* (кыл), *код* (қой), *тут* (тұт, ұста), *унит* (ұмыт), *ыд* (жібер) т. б.

б) Туынды етістіктер жұрнақ жалғануы арқылы жасалады: *сөзле* (сөйле), *башла* (баста), *қышла* (қыста), *сана* (сана), *себін* (сүйсін), *йаңдыр* (қайтар) т. б.

в) Күрделі етістіктер, негізінде, көсемше тұлғалы негізгі етістік пен көмекші етістіктердің тіркесінен құралады. Мысалы: *Сөзлеп йатты* (сөйлеп жатты), *йорыу турзун* (жүре тұрсын), *сүчиг ерті* (тәтті еді) т. б.

Етістіктің болымсыз түрі **-ма**, **-ме** қосымшаларының жалғануы арқылы жасалады: *алмажы* (алмады), *йорыма* (жүрме), *қылма* (кылма), *келмеді* (келмеді).

Етістіктің райлары төртке бөлінеді:

а) Ашық рай: *білүр* (білер), *алмажы* (алмады), *олтур* (отыр).

ә) Бұйрық рай: *білің* (білің), *йорымаун* (жүрмесін), *бірзун* (берсін), *болзун* (болсын).

б) Қалау рай: *алғай* (алғай), *бірейін* (барайын), *ішіделелім* (естік), *алайын* (алайын), *білейін* (білейін), *болайын* (болайын), *тегмекей* (тимегей), *келмекей* (келмегей).

г) Шартты рай: *кечүрсер* (өткізсе), *келсер* (келсе), *барсар* (барса), *айтсар* (айтса).

Етістер

а) Өздік етіс сабақты етістіктерге **-ын**, **-ін** жұрнақтарының жалғануы арқылы жасалады: *бошан* (босан), *севін* (сүйсін), *ілін* (ілін), *өтүн* (өтін).

ә) Ырықсыз етіс **-ыл, -іл, -л** жұрнақтарының жалғануы арқылы жасалады: *адырылды* (айырылды), *тірілті* (жиналды).

б) Өзгелік етіс **-тур, -түр, -дүр, -дір, -ыт, -іт, -т** жұрнақтарының жалғануы арқылы жасалады: *йантур* (кайтарт), *қылтур* (қылғыз), *йидір* (жегіз), *оқыт* (санат), *білтүр* (білгіз) т. б.

в) Ортақ етіс **-ш, -ыш// -іш, -уш// -үш** қосымшаларының жалғануы арқылы жасалады: *сүңүш* (соғыс, ұрыс), *алыш* (алыс).

Есімшелер. Көне ұйғыр жазуында бірде етістік, бірде есімдер қызметін атқаратын есімшелер де кездеседі.

а) Есімшенің осы шағы **-тачы, -течі, -дачы, -дечі, -ығма, -ігме** қосымшаларының жалғануы арқылы жасалады: *Учуғма* (ұшатын), *йорығма* (жүретін), *қылтачы* (қылушы), *болтачы* (болушы), *тутдачы* (ұстаушы).

ә) Есімшенің келер шағы **-ар, -ер, -ур, -үр, -р** қосымшаларының жалғануы арқылы жасалады: *тоғур* (туар), *түшер* (түсер), *север* (сүйер), *билер* (білер), *борур* (барар), *себінүр* (сүйінер).

б) Есімшенің өткен шағы **-мыш// -міш, -дук// -дук** қосымшаларының жалғануы арқылы жасалады: *бармыш* (барған), *көрміш* (көрген), *айтмыш* (айтқан), *келмедук* (келмеген), *алқантук* (алынған), *болтук* (болған) т. б.

Көсемшелер. Көсемшелер төмендегідей жұрнақтар арқылы жасалады.

а) **-ып, -іп, -п:** *Алып* (алып), *айытып* (айтып), *башлап* (бастап), *болуп* (болып), *йорып* (жүріп), *қылып* (қылып).

ә) **-у, -ү, -ы, -і:** *Бару* (бара), *бошуну* (босана), *бүртүру* (бітіре), *едлу* (жасай), *йорыйу* (жүре), *ері* (ере) т. б.

Үстеу. Үстеулер онша көп емес. Көне ұйғыр жазуы ескерткіштерінде кездесетін үстеулер, негізінен, мыналар ғана:

емті (енді), *бурун* (бұрын), *соң* (соң), *керү* (кейін), *түкел* (түгел), *өтру* (содан кейін).

Шылаулар. Сөйлем ішінде өздігінен мүше бола алмайтын, бірақ басқа сөздерге көмекші болып келетін бірқатар шылаулар да кездеседі:

абам (егер), *бірле* (бірге), *бірақ* (бірақ), *йана* (және), *йеме* (тағы), *тақы* (тағы), *сайу* (сайын), *үчүн* (үшін) т. б.

Лексика

Лексика — тілдің даму дәрежесін аңғартатын басты белгілердің бірі десек, лексиканың негізі болып есептелетін негізгі сөздік қор әлденешелеген замандар бойы жасалып, қалыптасқан, тілдің ең көне белгілерін көрсетеді.

Көне ұйғыр жазуының қолданыла бастағанынан бері мың жылдан көбірек уақыт өтті, алайда жазу нұсқаларында кездесе-

тін сөздердің көпшілігі күні бүгін көптеген түркі тектес тілдерде кездеседі. Біз оларды төмендегі топтардан анық байқаймыз:

1. Адамға байланысты атаулар: *ақа* (ақа, үлкен ер туыс); *апа* (апа, шеше, үлкен туыс), *іні* (іні), *қыз* (қыз), *оғул* (ұл), *баш* (бас), *адағ* (аяк), *көңул* (көңіл, жүрек).

2. Табиғатқа байланысты атаулар: *йір* (жер), *темүр* (темір), *сув* (су), *таш* (тас), *тағ* (тау).

3. Қоғамдық өмірге байланысты атаулар: *бай* (бай), *бег* (бек, бастық), *іл* (ел, халық), *кул* (құл), *күн* (күн).

4. Мал және басқа айуанаттарға байланысты атаулар: *ат* (ат), *буқа* (бұқа), *йонт* (жылқы), *есек* (есек), *уд* (сиыр), *ыт* (ит).

5. Егіншілікке байланысты атаулар: *екін* (егін), *еңіз* (жыртылған жер), *бағ* (бақ, сад), *борлық* (үзім), *күнчід* (күнжі), *уруғ* (ұрық), *тарығ* (тары).

6. Заттардың сапасы мен сынын көрсететін атаулар: *ағыр* (ауыр), *йаңы* (жаңа), *қара* (кара), *кіші* (кіші), *улуғ* (үлкен).

7. Есімдіктер: *мен* (мен), *біз* (біз), *ол* (ол), *олур* (олар), *нече* (неше, қанша), *мунча* (мұнша), *барча* (барша), *бу* (бұ, бұл), *өзүм* (өзім).

8. Заттың саны және сан ретін көрсететін сөздер: *бір* (бір), *ікі* (екі), *үч* (үш), *йіті* (жеті), *секіз* (сегіз), *отуз* (отыз).

9. Әрекет пен қимылды көрсететін сөздер: *ал* (ал), *бір* (бер), *біті* (жаз), *кел* (кел), *тоғ* (ту), *йоры* (жүр), *сөк* (сөк).

10. Бұлармен қатар ерте заманнан келе жатқан төмендегідей сөздер де кездеседі: *імді* (енді), *тақы* (тағы), *йана* (және), *кідін* (кейін), *соң* (соң), *бурун* (бұрын).

Басқа тілден енген сөздер. Көне ұйғыр ескерткіштері тілінің орхон-енисей жазба нұсқаларының тіліне қарағанда, біраз жетілгені байқалады. Сондай-ақ мұнда басқа тілдерден енген сөздер де кездеседі:

Бақсы (будда тілінде монах), *нысан* (парсы тілінде белгі), *ном* (грек тілінде қасиетті кітап, зан), *үнер* (парсы тілінде шеберлік, өнер), *шатранч* (парсы тілінде шахмат) т. б.

Синтаксис

Орхон-енисей ескерткіштерінің сөйлем құрылысына қарағанда, көне ұйғыр жазулары тілінің синтаксисі күрделі де, бірқатар өзіндік ерекшеліктерге ие. Осындай ерекшеліктерді жете тексермейінше қазіргі ұйғыр және оған туыстас басқа тілдердің өз алдына жеке тіл болып қалыптасу тарихын шын мәнінде зерттеп түсіну мүмкін емес.

Ескерткіштер тілінде қазіргі кездегі түркі тілдерінде бар сөйлемдердің барлық түрі де кездеседі.

Хабарлы сөйлем: *Сіні алғалы ытды* (Сені алғалы жіберді). *Мен білмез ертім* (Мен оны білмейтін едім). *Теңрі йарылқады* (Тәңрі жарылқады). *Ол бітігні бегіме бердім* (Ол хатты, жазуды бегіме бердім).

Сұраулы сөйлем: оның жасалуы қазіргі тілдерден (түркі) ерекшеленбейді:

Бу барс негу ййүүр? (Бұл барыс не жейді?). *Ашадықы ашы негу ол?*— Жейтін асы (тамағы) не ол? (не еді?).

Лепті сөйлем: *Қорқмандар!* (Қорықпаңдар!); *Қылма!* (Оны қылма!). *Қутлуғ болсун бу бітіг ідісі!* (Бұл хаттың иесі құтты болсын!)

Сөйлем мүшелері

Бастауыш: а) Бастауыш болатын сөздер атау тұлғада тұрады. *Бу барс негу ййүүр?* (Бұл барыс не жейді?).

ә) Атау тұлғадағы тәуелдік жалғаулы сөздер бастауыш болады. *Ашадықы ашы негу ол?* (Жейтін асы не еді?). *Сөзлері йорымасун* (Сөздері кетпесін).

б) Атау тұлғадағы жіктеу есімдіктері де бастауыш болады.

Тәңрімнің бітігін біз ешіделім (Тәңірімнің жазған хатын біз естіік). *Мен емті сізлерге тірілміш* (Мен өнді сіздерге түсіндіремін).

в) Атау тұлғада тұрған басқа сөз таптары да бастауыш болады: *Бу ікігу келді* (Бұл екеуі келді).

Баяндауыш. Сөйлемде баяндауыш болатын сөз табы, негізінде, етістіктер де, ретіне қарай басқа сөз таптарынан да баяндауыш жасала береді.

Мән санап бердім (Мен санап бердім). *Йот йыл ерті* (Жылқы жылы еді). *Мысырының борлуқын алдым* (Мысырдың үзімін алдым).

Толықтауыш. Ескерткіштердегі барыс, табыс, жатыс, шығыс және көмектес септіктерінде тұрған кейбір сөздер толықтауыш болады. Жасалуы жағынан *тура және жанана* болып екіге бөлінеді. *Маған төрт кісі йақын келті* (Маған төрт кісі жақын келді). *Тәңрінің бітігін біз ішіделім* (Тәңірдің жазғанын біз естіік). *Ынчып, оларның арасынта ағлады* (Сөйтіп, олардың арасында жылады). *Іл қан төрүсін тутмыш* (Халық хан заңын ұстады). *Сізді бірле көрсүн* (Сізді бірге көрсін).

Анықтауыш. Анықтауыш сөз таптарының қай-қайсысынан да бола береді. *Ікі адағлығ кісі* (екі аяқты кісі). *Бу борлуққа* (бұл үзімге); *бүкүнкі күнте* (бүгінгі күнде); *үч туғлығ сү келті* (Үш тулы әскер келді).

Пысықтауыш. Пысықтауыш болатын, негізінде, үстеулер. Бірақ мекен-мезгіл мағынада келетін басқа сөздер де пысық-

тауыш бола береді. **Біргеру келді** (бері қарай келді). **Қатығлы тіңла** (Қатты тыңда).

Пысықтауыштар мағынасына қарай мезгіл, мекен, а мал және мақсат пысықтауыш болып бөлінеді.

а) Мезгіл пысықтауыш: **Ионт йылқа йорыдым** (Жылқы жылында аттандым).

ә) Мекен пысықтауыш: **Ол төбен бармыш** (Ол төмен кетті), **Ілгеру кетміш** (Ол ілгері қарай кетті).

б) А мал пысықтауыш: **Бару келді** (Бара келді). **Йорыйу келді** (Жүре келді).

в) Мақсат пысықтауыш: **Ічкдүк учун** (Бағынғанымыз үшін), **көргелі келді** (көргелі келді), **сіні алғалы ыдды** (сені алғалы жіберді).

Сөйлемнің бірыңғай мүшелері. Ескерткіш тілінде бір сұрауға жауап беретін біркелкі мүшелер де кездеседі:

Ол кіші білігін, өгін, көулін ууғынсар, қодсар (Ол кісі білгін, ойын, көңілін жоғалтса, қойса). **Ебін, барқын, йылқысын йулмадым** (Үйін, барағын, жылқысын алмадым).

Құрмалас сөйлемдер

Көне ұйғыр жазуы ескерткіштерінде бірнеше жай сөйлемдерден құралып, аяқталған күрделі ойды білдіретін құрмалас сөйлемдер де кездеседі. Олар алдымен салалас және сабақтас құрмалас сөйлемдер болып екі топқа бөлінсе, салалас құрмалас сөйлемдердің өзі жалғаулықсыз және жалғаулықты болып тағы екіге бөлінеді.

а) Жалғаулықсыз салалас сөйлем: **Аз ыңару бармыш, бір өкүш мұңғақ көрміш** (Аз әрі жүрді, бір үйір бұғы көрді). **Бу барс негү ййүр, ашадықы ашы негү ол** (Бұл барыс не жейді, асайтын асы не ол). **Түзүн билле кішілер тірілерім, теңрінің бітігін біз ішіделім, төрт іліг теңрілерке тапыналым, төрт улуғ емгекте құртулалым** (Ақылды білгіш кісілер жиналайық, тәңірімнің жазғанын естік, төрт елді тәңірілерге табынайық, төрт үлкен қайғыдан құтылайық).

б) Жалғаулықты салалас сөйлем: **Йабғы атады, анта өтрү қаған учты** (Жабғы деп атады, содан кейін қаған ұшты, өлді).

Сабақтас құрмалас сөйлемдер. Ескерткіштер тіліндегі құрмалас сөйлемдердің сыңарлары бір-біріне бағынып, сабақтасып та келеді, ондай жағдайда бірі басыңқы, қалғандары бағыныңқы болып келеді:

Мен ол беснің өзіңе тегдүкде, қойунынтын бір кегде бітіг үндүрүп, маңа оқыды (Мен ол бектің өзіне жақындағанда, қойнынан бір жазу алып, маған оқыды) т. б.

III тарау

М. ҚАШҚАРИ ЗАМАНЫНДАҒЫ ТҮРКІ ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ ТІЛІ

Махмуд Қашқаридың «Диван луғат ит-түрк» атты еңбегі өз заманындағы түркі тілдерінің, оның өзінде халықтық сөйлеу тілінің жүйеге түсіріліп, ғылымдық негізге салынған ескерткіші. Түркі халықтарының тарихында «Диван луғат ит-түрк» — оның өз өкілі жазған бірінші ғылыми грамматика, теңдесі жоқ лексикография үлгісі, XI ғасырдағы түркі тілдерінің салыстырмалы диалектологиясының негізі берілген алғашқы еңбек.

Түркі тілдерінің фонетикалық жүйесі

Махмуд Қашқаридың түркі тілдерінің фонетикалық жүйесі жайлы арнайы зерттеу жүргізуді мақсат етпегені байқалады. «Диванның» кіріспе бөлімінде ғана оның құрылысын, құрастыру үстінде алға қойған принциптерін түсіндіру мақсатымен бірсыпыра дыбыстар және сол дыбыстарды белгілейтін әріптерді атай кетеді. Сонымен қатар, еңбектің әр жерінде сөздердің фонетикалық дублеттерін аңарту мақсатында жекелеген дыбыс алмасулары мен сәйкестіктерін көрсетіп отырады. Редукция құбылысы, дыбыстардың үндесу заңдылықтары да негізгі мәселеге жанастырыла сөз етіледі. Осындай шашыранды мәліметтерді бір жүйеге түсіргенде Қашқари заманындағы түркі тілдерінің фонетикалық жүйесі жайлы біршама мағлұмат алуға болады.

Махмуд Қашқари түркі тілдерінің дыбыстық жүйесіне араб алфавитінің сай еместігін байқаған бірінші ғалым болды. Ол былай деп жазады: «Түркі тілдерінде қолданылатын негізгі 18 әріп бар,.. Бұлардан басқа ауызша айтылатын (жазуда емес) және 7 әріп бар, түркі сөзін оларсыз айту мүмкін емес». Қашқари айтып отырған әріпті қазіргі лингвистикалық ұғым бойынша дыбыс деп білсек, сонда әлгі цитатаның мазмұны былай болып шығады: араб алфавиті бойынша түркі тілдерінің 18 дыбысы ғана арнайы таңбалана алады, ал қалған жетеуінің ол алфавитте таңбасы жоқ. Бұдан әрі Қашқари ол жеті дыбыс араб әріптерінің

асты-үстінен қойылатын қосымша белгілері (харакелер) арқылы белгіленетінін айтады. Түркі тілдерінің өздеріне ғана тән дыбыстар деп Қашқари мыналарды атайды: п, ж, дж, ф, ғ, г, н.

Түркі тілдері арасындағы дыбыстық сәйкестіктер

М. Қашқаридың тілдер арасындағы дыбыс сәйкестіктерінің орнын (позициясын) айқындауы да назар аударады. Ол түбір сөзде өзгерістер аз кездесетіндігін айтады. Сөздердегі өзгеріс әріптерде (дыбыстарда), кейбір әріптердің (дыбыстардың) алмасуында, түсінілуінде дейді. Қашқари дыбыс сәйкестіктерін сөз басында, сөз ортасында, сол сияқты сөз аяғында ұшырасатын дыбыс сәйкестіктерін (көрші дыбыстың әсерінен болмайтын өзгерістерді) деп бөледі.

1. Сөз басында ұшырасатын дыбыс сәйкестіктері: **й//ы** — бұл түріктер мен оғыз тілдері арасында ұшырасады: *йылығ суғ* — *ылығ суғ* (бұл жерде әңгіме сөз басында **й** дыбысының айтылуы, не түсіп қалуы жайында). **И//дж** да — осы түрік пен оғыз тілдері арасында байқалатын құбылыс: *йінжу* (түрік) — *джінжу* (оғыз). Мұның қазақшасы маржан тас, немесе інжу-маржан, *йуғду* — *джуғду* (шуда, түйенін шудасы).

м//б түрік тілі мен оғыз, қыпшақ, суварын тілдері арасында ұшырасады: *мен бардым* — *бен бардум* (мен бардым); *мун* — *бун* (сорпа).

т//д сәйкестігі де оғыздар және олармен көршілес түркі халықтарының тілі мен түрік тілі арасында кездеседі: *деуей* — *теуей* (түйе). М. Қашқаридың айтуынша, оғыз тілінде басқа түркі тілдеріндегі **т** айтылатын орындарда **д** дыбысы жиі қолданылады.

ж//ш: *шар-шар* (сатыр-сатыр мәнінде) қос сөзінің **ж**-мен айтылатын варианты да кездеседі.

ш//ч алмасуы жайында М. Қашқари *шүбік* (мәуе бұтағы) сөзінің **ч**-дан басталатын варианты да бар деп ескертеді.

Сөз басында **ы//і**: *імір* — *ымыр* (ымырт).

2. Сөз ортасында ұшырасатын дыбыс сәйкестіктері: сөз ортасында айтылуға тиіс **й** — дыбысы арғу тілінде **н**-ға айналады. Түрікше *қайғу нең* (қайсы нәрсе), арғуша *қану*. Түркі тайпаларының көпшілігінде сөз ортасында айтылатын **д** дыбысы оғыз тайпасы тілінде **т** түрінде дыбысталған: түрікше *бүгде* (қанжар), оғызша *бүкте*. Мысалдардан көрініп тұрғандай нақ осы позицияда **г** дыбысы **к** дыбысымен алмасады. Бұл құбылыс **ғ//қ** кейінгі дыбыстың алдыңғы дыбыстың әсер-ықпалына еруден туғандығы айқын. Сол ізбен түрікше *йігде* (көйлек, жейде), оғызша *йікте*.

Яғма, тухсы, қыпшақ, йабаку, татар, қай, жұмұл, оғыз тілдерінде сөз ортасындағы **з** дыбысының орнына **й** дыбысын айтқан. Аталған тайпалар тілінде *қайын* (қайын аға) түрінде айтылса,

басқа тайпа тілдерінде осы сөз *қазын* болып дыбысталған. Сол сияқты, басқа тайпа тілдеріндегі *қазың* (ағаштың түрі) жаңағы тайпалар тілдерінде *қайың*.

Чығыл және оған жақын тайпалар тілдерінде сөз ортасында айтылатын дз дыбысы батысқа қарай орналасқан тайпалар тілдерінде, атап айтқанда қыпшақ, ймак, сувар, бұлғар және орыстармен көрші, одан әрі Румға қарай орналасқан тайпалар тілінде, з дыбысымен алмасқан. Мысалы, чығылша *адақ*, соңғы аталған тайпалар тілдерінде *азақ* (аяқ), чығылша *қарын тодзды*, батыс тайпа тілдерінде *қарын тозды* (қарын тойды). Ал, чығыл және оған жақын орналасқан тайпалар тілдерінде сөз ортасында айтылатын осы дз дыбысы яғма, тухсы, оғыз және Қытайға қарай орналасқан арғу тайпалары тілдерінде й түрінде дыбысталған көрінеді.

Сөз ортасында **в, у** дифтонгтары жарыса қолданылған. Сайрам тұрғындары *а: вун* деп **в** мен, *а: ун* деп **у**-мен қосарлап қолданатын болған.

Оғыздар сөз ортасында **б** дыбысымен *аба* (ана), *дебе* дейтін болса, қарлұқтар қатаң түрде *апа* деген. Яғни, бұл жерде **б//п** дыбыстарының сәйкестігі бар.

Осы позицияда **д, т** дыбыстары алмасып келетін *ердіні* (меруеттей таза, пәк) сөзінің **т** дыбысымен *ертіні* болып айтылатыны да бар.

Осы позицияда **х** (әлде **қ?**) мен **ғ** да алмасады: М. Қашқари *ахтарды* (аударды, ақтарды) сөзінің **ғ** мен айтылатын варианты бар, сол дұрыс деп ескертеді. Егер осы сөздің қазақ тіліндегі нұсқасын (аударды, ақтарды) еске алсақ, **ғ** мен сәйкес келетін дыбыс **х** емес, **қ** деп қарауға болатын тәрізді. **Қ** мен айтылған вариант қазақ тілінде сол күйінше сақталса, **ғ** мен айтылатын вариант *аударды* түрінде өзгерген (**ғ — у**).

л//н: *Ілдүрді* (түсіртті) — *Індүрді*.

ш//ч сәйкестігін **ш** мен **ч** дыбыстарының жасалу орны жағынан бір-бірімен жақындығынан деп түсіндіреді: *ыштонланды* — *ычтонланды* (кісі ыстанды болды). Бұған байланысты екінші бір назар аударарлық жәй — осы сөздің құрамы. Қазіргі тілде сөз ортасында ерін дауысты **о** емес, езу дауысты **а** айтылып, (*ы*) *штан* түрінде дыбысталады. Оның үстіне Қашқари заманында *іш* сөзі жуан дауыстымен *ыш* түрінде дыбысталған. Сол сияқты *тон* сөзінің қолданылу ерекшеліктерін еске алсақ *ыштон* (қазіргі қазақ тіліндегі дыбысталуында *ыштан*) ішкіім сөзінің синонимі екенін байқауға болады.

б//в//у: *қулабуз* — *қулавуз*: *Қалың қаз қулавузсуз болмас* (қаз қатары жолбасшысыз болмас).

ғ//к: *тағузмақ ер* — *тақузмақ ер* (тапал кісі).

3. Сөз соңындағы дыбыстар сәйкестігі: **н//й:** *қон* — *қой*. Бұл сәйкестік түрік пен арғу тілдері арасында ұшырасады. Түріктер сөз соңында **й** дыбысын айтатын жерде арғулар

сөз соңында **н** дыбысын айтады. Түріктер кемтар, жарлы адамды *чығай* десе, арғулар *чыған* деген. Қазақ фольклорындағы атышулы Шығайбай есімінің алдыңғы компоненті *шығай* да осы сөз болса керек.

т//д: **от** — **од**. Бұл да оғыз бен түрік тілдері арасында байқалады. Сөз соңында **д** айтатын — оғыздар.

в мен **у:** **еу** — **ев** (үй), **ау** — **ав** (ау, аулау). Сөз соңында **в** дыбысын айтатын — тағы да оғыздар.

н//м дыбыстары да сөз соңында сәйкес қолданылады: М. Қашқари «өкүм»: *бір өкүм йармақ* (буда, топ — бір буда ақша) сөзінің **н-ға** аяқталатын варианты да бар деп көрсетеді.

«Диванда» дауыстылардың айтылуы арнаулы графикалық тәсілмен белгіленіп отырған. Бұл факт XI ғасырдағы түркі тайпалары тілдерінде дауыстылардың әдеттегідей дыбысталуы, сонымен қатар шамадан тыс созылыққы айтылуы болған деп тұжырым жасауға мүмкіндік береді. Мәселе тек сол созылыққылықтың фонетикалық сипатын айқындауда. Ол жайында айқын мәлімет беру үшін «Диванда» берілген сондай фактілердің біразын келтіре кету қажет болады. Бірсыпыра сөздер (олар сан жағынан мол емес) созылыққы дауыстылармен айтылған да, бірақ екі түрлі лексикалық мағына берген. Мысалы, **а:дз** деп, біріншіден (жібек мата); кез келген тоқыма нәрсені де (жібек болмаса да) осылай атайды. Екіншіден, **а:дз** жақсы сөз, жақсы ниет деген ұғымды береді. **а:л** — сары түсті жібек мата, **а:л** — айла т. б. Бұл сөздер созылыққы дауыстылармен айтылып, бір фонетикалық сипатта дыбысталғанмен, мағыналары басқа-басқа. Сондықтан келтірілген мысалдардағы мағына басқалығын созылыққы дауыстыларға байланысты деп қарауға ешбір негіз жоқ.

Бірсыпыра сөздер «Диванда» екінші рет қайталап келтіріліп жана мағына береді делінгенмен, олар бір-бірімен байланысты болып, бірінің мағынасы екіншісінің мағынасынан туындап тұрады. Мысалы: **а:к** (ақ) — әр нәрсенің ақ түсі (оғызша). Сондай-ақ **а:к** — ақ сақалды, сақал-шашы ағарған кісі (оғызша) **а:т** — ат (есім), **а:т** — лақаб ат, т. б. Бұлардың алдыңғысы негізгі тура мағынаны білдірсе, соңғысы соның негізінде пайда болған келтірінді мағынаны білдіріп тұр. Тағы біраз сөздер бір ғана сипатта, яғни созылыққы дауыстымен айтылады да, ондай сөздердің әдеттегі дауыстымен келетін варианты болмайды. М. Қашқари көбінесе түбір сөздің бірінші буынындағы созылыққы дауыстыларды ғана көрсетіп отырған. Оның үстіне, ондай сөздер тек қана бір буынды болып келеді. Бұл ерекшелік «Дивандағы» созылыққы дауыстылар ежелгі түркілік құбылыс, тілдің кейінгі даму жолында әр түрлі фонетикалық өзгерістер арқылы пайда болмаған құбылыс деп тұжырым жасауға негіз береді.

М. Қашқари мәліметтеріне сүйеніп сол заманғы түркі тілдері сөздерінің **а б с о л ю т с о ң ы** жайлы бағдар жасауға да мүмкіндік бар.

V—VIII ғасыр жазбаларында ұшырасатын сөз соңындағы **г, ғ** дыбыстары **М.** Қашқари заманында да болғаны байқалады. Мысалы, *бағ* — бау, бауланған зат, *иіг* — доға, ұршық. Сонымен қатар, сөз соңындағы **ғ, г** дыбыстарының бірсыпыра жағдайларда қатаңдану процесі де байқалады. Кейбір сөздердің бірде **ғ, г** дыбыстарына, бірде **к, к** дыбыстарына аяқталуы соны көрсетеді. Мысалы: *бышығ* — *бышық* (піскен, дайындалған ас, немесе басқа бір нәрсе). Сөйтіп, түбір сөздер (кейде туынды сөздер де) ыңғайында **ғ, г** немесе **к, к** дыбыстарына аяқталу фонологиялық мән алды деп айтуға келмейді. Алайда, қосымшалар ыңғайында **ғ** не **к, г** не **к** дыбыстарына аяқталу белгілі дәрежеде сөздің грамматикалық мән-мағынасын жіктеудің, айқындаудың критерийі болғандығы байқалады. **М.** Қашқари **-лығ** және **-лық** аффикстерін, бір-біріне жақын болса да, бір ғана грамматикалық мән туғызушы қосымшалар деп қарамайды. Ол былай деп жазады: «*Ешүкілік барчын* — сыртқы көйлек тігілетін жібек мата. Соны жұмсақ **к** дыбысымен (яғни **г** — **Т. М.**) келсе, *ешүклүг* — көйлектің иесі мәнін береді». Сөйтіп, бұл жерде **к** мен **г** дыбыстарының айтылуы белгілі дәрежеде мағыналық дифференсатор секілді. Сонымен бірге, сөз соңы ол заманда **ж** дыбысына да аяқталған көрінеді. Қазіргі қазақ тілінде еліктеуіш сөздер болмаса (*баж-баж, шаж-шаж*), толық мағыналы сөздер **ж** дыбысына аяқталмайды. **М.** Қашқари да сөз соңындағы **ж** кейде **з**-мен алмасып отыратынын ескертеді. Мысалы: *ағуж* — ауыз.

«Диванда» сонымен қатар **б, д** дыбыстарына аяқталатын сөздер де бар. Мысалы: *көб, көб нең* — көп нәрсе, *көб сач* — көп шаш, шұбалған шаш. *Сыб* — екі жылдық тайша, *кед* — бұл сөз залмен де, далмен де айтылады. Бір нәрсені өсіріп мақтағанда қолданылады. Мысалы:

Кез ат (қандай жақсы ат). Қазақ тілінде **б, д** дыбыстарына сөз аяқталмайды. Бірақ кейбір сөздердің **о** баста **б** дыбысына бітіп, кейін оның қатаңға (**п-ға**) айналуы мүмкін.

«Диванда» түркі тілдеріндегі дыбыс, кейде буын түсіп қалу құбылысы да (редукция) ретіне қарай баяндалып отырылған.

О заманғы түркі тілдерінде болған редукция құбылысы кейінгі дәуірлерде бірсыпыра грамматикалық тұлғалар мен сөздердің өзгеше фонетикалық сипатта қалыптасуына әкеліп соққан. Бұл орайда **М.** Қашқаридың түркі тілдеріндегі редукция жайлы айтқан мына пікірін келтіре кетудің артықтығы жоқ: «Сөздерде әріп (дыбыс) заңдылықтарына келсек, оғыздар мен қыпшақтар есімдер мен істің көп қайталанғанын (дүркінділігін) білдіретін етістіктер құрамындағы (сөз ортасындағы) **ч** дыбысын барлық ыңғайда да түсіріп айтады. Мәселен, ала қарғаны түріктер *чум-чуқ* десе, олар (оғыздар мен қыпшақтар — **Т. М.**) бұл сөздегі **ч**-ні түсіріп *чумуқ* дейді. Түріктер тамақты *тамғақ* десе, олар *тамақ* дейді... Айтуға жеңіл болу үшін оғыздар есімдер құрамындағы **к (г)** дыбысын да түсіріп айтады», (Диван, I том, 69-бет).

Бұл жерде үш түрлі дыбыстың түсіріліп айтылуы көрсетілген. Олар: **ғ, г, ч**. Бұларды түсіріп айтатын тайпалар, Қашқаридың айтуынша, оғыздар мен қыпшақтар. Ал түсірмей, сол күйінше дыбыстайтындар — түріктер (және солардың айналасындағы тайпалар).

Осы жерде Қашқари келтірген мысал көңіл аударарлық. Оның айтуынша, қыпшақтар *чумуқ* түрінде сөйлеген. Соларға тікелей қатысты қазақ халқының тілінде бұл сөз әлгі түрік тіліндегі сипатында қалыптасып, шымшық (**ч**-ның **ш**-ға, еріндіктердің езулікке ауысуы) болып айтылады. Сірә, қазақ тілінің қыпшақтық субстраты әсте таза күйінде қалмаған, қазақ тілі құрамында қыпшақ тайпаларынан басқа да тілдік элементтердің енуі белгілі дәрежеде орын алған болса керек.

М. Қашқаридың айтуынша, **ғ, г** дыбыстары тек қана түбір сөздер құрамында емес, қосымшалар құрамында да түсіріліп айтылады. Бұл құбылыс, есімше тұлғасы құрамындағы **ғ, г** дыбыстарының редукциялануы, оғыз тайпалары тіліне тән болса керек. Мысалы: түріктер *Ол ерге бараған* деп, есімше тұлғасын **ғ** дыбысымен айтса, оғыздар түсіріп *Ол ерге баран* деп **ғ** дыбысын түсіріп айтқан. Бұл ерекшеліктің оғыздарды негіз етіп қалыптасқан қазіргі түркі халықтары тілдерінде сол күйінде сақталғандығы мәлім.

Сонымен, **ғ, г** дыбыстарының түсіріліп айтылуы — оғыз тілдерінде кең жайылған құбылыс. Оның өзі оғыз тілдерінде түбір сөздерді ғана емес, қосымшаларды да қамтыған. Ал қыпшақ тілінде тек қана, түбір құрамымен шектелген.

Сөз ортасында кейде **д** дыбысы да редукцияға ұшырайтынын аңғартып, М. Қашқари *елрі* сөзі *елдірі* болып та айтылады дейді.

Р дыбысының түсіріліп айтылатын орайлары да бар: *бірле* — бірге: *Ол менімен бірле ерді* (Ол менімен бірге еді). Женілдік үшін *бірле* сөзінің құрамындағы **р**-ді түсіріп, *біле* деп те айтады, дейді М. Қашқари. **Р** дыбысының түсіріліп айтылуы белгілі бір тайпа тіліне тән деп көрсетілмейді. Соған қарағанда, бұл жалпы түркі тілінің әрқайсысында ұшырасатын құбылыс болса керек.

М. Қашқари сөз құрамында (түбірде) дауыссыз дыбыстардың қосарланып, қабаттасып келетінін де сөз етеді. Мысалы: *ырра* (ыза). Бұл сөздің бір ғана **р**-мен айтылатын варианты да болған. Қазақ тіліндегі *ыза* сөзі соңғы, жалаң **р**-мен айтылған вариантынан қалыптасса керек. (**р** — **з**). **Т** дыбысының қабаттасып келуі *оттуз* (отыз), **л** дыбысының қабаттасуы *еллік* (елу): *еллік йармақ* (елу сом) т. б.

Бұл фактілерге қарағанда, түркі тілдерінде фонетикалық сипасы бірдей дауыссыз дыбыстар қосарланып та айтылған деп тұжырым жасауға болатын тәрізді.

Дегенмен, осы ретте М. Қашқаридың мына ескертпесіне де көңіл аударған жөн. Ол **р**-дың қосарлануы әсірелеу үшін қажет

дейді. Мысалы: *аррығ* — *аррығ нең* (өте таза нәрсе). Таза мәніндегі *аррығ* сөзі Қашқари заманынан бұрынғы дәуір мұралары тілінде де кездеседі, бірақ бір ғана р-мен жазылған «Диван» сөздерінің де сондай варианты бар (қазақ тілінде бұл сөз арылу — бір нәрседен тазару, ажырасу етістігінің құрамында сақталған). Бірақ Қашқаридың бұл ескертпесі қосарлы дауыссыздары бар сөздердің бәріне бірдей қатысты айтылмаған.

«Диванда» метатезалық құбылыстар жеке сөздер ыңғайында айтылып отырған. Мысалы:

Өрчук — өрілген шаш (оғызша). Бұл сөз — *өркуч*. сөзінің өзгерілген түрі... Ал *ағдук* — *ағдуқ кіші* (бейтаныс адам) деген сөздің әріптерін алмастырып *адғуқ* деп айту да бар. *Кошны* (көрші, қонсы) сөзіндегі *н* әрпін *ш*-дан бұрын айтып оғыздар *қоншы* дейді... *Жағмур* (жаңбыр) сөзін *жамғур* деп айту да бар. Соңғысында *ғ* мен *м* орын алмастырған.

Қарлығачты (қарлығаш) *қарғылач* түрінде айту да бар. *М.* Қашқари көрсететін метатезалық құбылыстар, қысқасы, түбір сөз құрамындағы *к* мен *ч*, *ғ* мен *д*, *ш* мен *н*, *ғ* мен *м*, *ғ* мен *л* тәрізді дыбыстардың орын ауыстырып айтылуы. Мұндай метатезалық ауысулар қазіргі тілдер құрамында да ұшырасатынын былай қойғанда, *М.* Қашқари келтіріп отырған сөздердің тарихи құрамын дұрыс түсіну үшін де мұндай фактілерге назар аударып отыру керек болады. Егер Қашқари келтірген фактілерді еске алсақ, тіліміздегі *қарлығаш*, *қоңсы*, *жаңбыр* сөздерінің осы тұлғасы оның метатезаға ұшыраған күйі болып табылады.

М. Қашқари арнайы мақсат етпесе де, қажетті жерінде дыбыстардың үндесу заңының әр түрлі көріністерін де атап отырады. Ол былай деп жазады «*ерітті*: *ол қозы ерітті* (ол қозыны мәйегінен арылтты)... *Оғлан ерітті* (бала есейді, ересектер қатарына қосылды). Дұрысында бұл сөз *ерезті* түрінде айтылуы тиіс еді. Сөздің соңғы дыбысы (дауыссыз дыбыс) алдыңғы дыбыстың ықпалына ұшыраудың нәтижесінде *ерітті* қалпына келген». (I т., 265-б). Қазіргі грамматикалық терминология бойынша бұл құбылысты кейінді ықпал (диссимиляция) деп атайтыны белгілі. Қосымшаның басқы дыбысы қатаң, соның әсерінен түбірдің соңғы дыбысы да қатаңдап, бірыңғайласып тұр. *Ұйазты* сөзі де кейінгі ықпал нәтижесінде *ұйатты* (ұйалды) түріне келген.

«Диванда» түркі тілдерінің фонетикалық сипаты жайлы берілген ескертпелердің ішінде айырықша бір назар аударарлық жәй — дыбыстардың тіркесу заңдылығы, ерекшелігі туралы ескертпе. Мәселе мынада: дыбыстардың тіркесу ерекшелігі — тілдің құрылымдық ерекшелігін танытатын заңдылықтардың бастысы. Тіл құрамындағы басқа фонетикалық заңдылықтар тіл-тілдің барлығында да кездесе беруі мүмкін. Ал, дыбыстардың тіркесу ерекшеліктері тіл атаулының барлығына ортақ болып келе бермейді. Түркі тілдеріндегі кейбір дауыссыз дыбыстардың буын сапасын айқындайтынын, екінші сөзбен айтқанда, кейбір

дауыссыз дыбыстардың өздеріне лайықты сападағы дауыстылармен ғана тіркесетінін қазір тюркологияда аксиома ретінде айтады. Түркі тілдері фонетикалық жүйесінің осы ерекшелігіне тіл білімі тарихында алғаш рет назар аударған Махмуд Қашқари болуы ғажап емес. Ол бұл мәселеге арнайы тоқтап, егжей-тегжейлі баяндап жатпайды. Бұған себеп, сірә, «Диванның» алдына қойған максатына байланысты болу керек. Қашқари бір жерде мынадай ескертпе береді. «*Ол ерні өк келдур* (Оның өзін ғана келтір): құрамында қ және ғ әріптері (дыбыстары) бар сөздерде (сөйлемдерде) өк деудің орнына оқ қолданылады». (I т., 101-б). Бұл жерде бір жағынан сөздің абсолют басындағы о//ө сәйкестігі де байқалып тұр. Екінші жағынан, мұнда дауыссыз дыбыстың өзгеруіне қарай (ғ, қ орнына к, г айтылуы) дауысты дыбыстың да өзгертетіні, сөйтіп буынның жуандайтыны да ескеріледі. Сөйтіп, буын құрамында жуан, не жіңішке дауысты дыбыстың айтылуы ондағы дауыссыз дыбысқа тәуелді, соған бағынышты жәй екені аңғартылады. қ, ғ дыбыстарының тек қана жуан дауыстылармен, ал к, г дыбыстарының тек қана жіңішке дауыстылармен тіркесіп келу заңдылығын ашып көрсету ол заманда аса құнды ой екенін былай қойғанда, қазіргі тюркология ғылымының канондары тұрғысынан да өз мәнін жоймаған мәселе екені белгілі.

Түркі тілдерінің морфологиялық құрылысы

М. Қашқари «Диванның» кіріспе бөлімінде-ақ сөз жасаудың морфологиялық тәсілдеріне алдын-ала арнайы шолу жасаған. Дегенмен, Махмуд Қашқаридың түркі тілдерінің морфологиялық құрылысы жайлы пікірі (зерттеуі) дегенде мына бір жайды еске алу керек. М. Қашқари XI ғасырдағы түркі тілдерінің негізгі морфологиялық тұлғалары дейтін мәселеге арнайы тоқталып отырған. Бірақ ондай пікірлер жеке сөздердің тұлғаларына байланысты ғана айтылады. Сол себептен болу керек, «Диваннан» кез келген морфологиялық тұлғалар туралы оның авторының байлам-тұжырымдарын кездестіре беру қиын. Бірсыпыра морфологиялық тұлғаларға қатысты автордың арнайы айтқан пікірі болмаса да, бірақ ондай тұлғалар «Диван» тексінде ұшырасып отырады. Сондықтан сол заманғы түркі тілдерінің морфологиялық құрылысын айқындай түсу үшін автор әдейілеп тоқталып, өз байлам-тұжырымын айтқан тұлғалармен қоса, тексте кездесетін, бірақ арнайы әңгіме болмайтын тұлғаларды да қамтып баяндау қажет.

«Диван» авторы, қазіргі заманғы грамматикалық канондармен айтқанда, негізінен, екі сөз табын (сөз кластарын) айқын ажыратып атайды. Олар — есімдер мен етістіктер. Еңбекте де автор айтатын осы екі түрлі сөз табының негізгі мор-

фологиялық белгілері мен ерекшеліктері баяндалып, адуан түрлі фактілер арқылы түсіндіріледі. Алайда, автор айтатын есімдер тобына, қазіргі тіл білімінің түсінігі бойынша, зат есімдермен қоса сын есім, сан есім, есімдік, үстеу, көмекші сөздер (көмекші есімдер, жалғаулықтар, жалғаулар, септеуліктер) жатады да, етістіктер тобына рай тұлғаларымен қатар қимыл есімдері жатады. Махмуд Қашқари түсіндірмелерін ескере отырып, «Диван» материалдары қазіргі тіл білімі көзқарасы тұрғысынан баяндалуының басты себебі, осы деп түсіну қажет болады.

Септік жалғаулары.

Септік жалғаулары негізінен зат есімге тән категория деп қаралса да, есім сөз таптарының қайсысы да, олармен қоса етістіктің есімше, қимыл есім тұлғалары да қолданылу ерекшелігіне қарай септелетіндігі мәлім. М. Қашқари материалдары да осы шектен асып кетпейді.

Ілік жалғауы зат есімдерге, негізінен, **-ның, -нің, -нун, -нүн** түрінде жалғанады: *Күн туннұң қаршысы ол* (күн түннің қаршысы ол). Сонымен қатар, М. Қашқари сөздігінде ілік жалғаудың **-ың -ің** түрі де ұшырасады. Алайда, ілік жалғаудың бұл тұлғасы көбінесе есімдіктерге ғана қосылып қолданылғандығы байқалады: *Ол менің бірле топуқ ылышды* (ол менімен тобыққа бәстесті). *Менің таба келді* (Менің жаныма келді). «Дивандағы» ілік септік жалғауы да, қазіргі біздің тіліміздегі тәрізді, заттар арасындағы қатынасты білдірудің негізгі тәсілі ретінде қолданылған. Бұл қызметте ілік жалғауы кейде түсіп қалып (жасырын қолданылып) та отырады: *Тағлар сувы ағышды* (Таулар суы ақты). *Ол бег қасығында қалды.* (Ол бек қасында қалды). Бірақ, фактілерге қарағанда, ілік жалғаудың жасырын қолданылуы әңгіме болып отырған заттың белгісіздігіне әсте байланысты емес. Соңғы мысал осыны дәлелдейді.

Табыс жалғауы мына түрде ұшырасып отырады: **-ғ, -г, -ны, -ні, -н.**

-ғ, -г жалғауы түбірдің соңғы дыбысы дауыссыз болған жағдайда бірде езу дауыстымен (**-ығ, -іг**), бірде ерін дауыстымен (**-ұғ, -үг**) қолданыла береді. *Ол итығ кейікке үшкүрді* (Ол итті киікке қосты). *Ол унутмуш сөзүг үшкүрді* (Ол ұмытқан сөзді еске салды).

Табыс септік тұлғаларының ішінде жиі қолданылатыны **-ны// -ні**. *Ол атын евге іккірді* (Ол атын ішке кіргізді). **-н** аффиксі көбінесе тәуелдік жалғаудың III жағында тұрған сөздерге жалғанады да, **-ы, -і** аффиксі I жақ тәуелдікте тұрған сөздерге қосылып қолданылады: *Ол меңе аның сөзін ұқтурды* (Ол маған оның сөзін түсіндірді). *Тегур менің сабымы білгеліге* (Жеткіз менің сөзімді біліктіге).

Табыс жалғауы жасырын (түсіп қалып та) да қолданылады;

Ол меңе сув ічтүрді (Ол маған су ішкізді). Келтірілген мысалдан көрініп тұрғанындай, табыс жалғауының ашық айтылмауы әңгіме болған заттың белгісіздігіне, таныс еместігіне байланысты болып тұрған жоқ.

Табыс жалғауы қашанда тура объектінің грамматикалық тәсілі болған.

Барыс септіктің жалғаулары да төрт түрлі: **-ға// -ге, -қа// -ке, -ру// -рү; -ғару// -герү; -ра// -ре**. Бұлардың ішіндегі ең жиі және барыс септігіне тиісті барлық мәнде (қызметте) қолданылатыны **-ға// -ге, -қа// -ке** жалғауы: *Су ічмесге сүт бер* (Су ішкізбейтіңге сүт бер). *Ол аны таққа ағытты* (Ол оны таққа шығарды). *Ол мені тумлығқа үшүтті* (Ол мені суыққа тоңдырды). *Ол йағықа аңунды* (Ол жауға даярланды). **-ғару** тұлғасы алдыңғы тұлғамен салыстырғанда едәуір сирек ұшырасады және бір ғана қызметте — іс-әрекеттің бағытталған орын-мекенін білдіру мәнінде ғана қолданылады: *йағықару кіріш қылдым* (Жауға тап болдым). «Диван» тілінде бірен-саран сөздер құрамында ғана ұшырасатын **-ру// -рү** жалғауы — осы күрделі қосымшаның екінші элементі де, алдыңғы **-ға** тұлғасы басқы элементі (**-ға// -ру**) болса керек. **-ру** қосымшасы кездесетін сөздер үстеулік мәнге ие болып, үстеу қызметінде қолданыла бастағаны байқалады: *Табду меңе ылынды, эмгек керү ұлынды* (Табду маған ілінді, бейнетке ұшырасты). «Диван» тексінде **-ғару** қосымшасының **-(н) -ар** түрі де ұшырасады. Бірақ бұл тек қана жіктеу есімдіктерінің (оның ішінде III жак) құрамында ғана кездеседі. Бұл варианттың пайда болуын ғ және у дыбыстарының редукциялануымен ғана түсіндіруге болады.

-ра// -ре аффиксі де бірен-саран сөздер құрамында ұшырасады: *асра, ічре, ташра* т. б. Бұл сөздер де септелген есімнен гөрі үстеуге көбірек ұқсайды. «Дивандағы» **-ра// -ре** аффиксінің V—VIII ғасыр жазбалары тіліндегі осы сипатты аффикспен жақындығы бар ма, жоқ па — ашып айту қиын. Бір ғана жәй V—VIII ғасыр тіліндегі **-ра** жатыс септік мәнін береді. Ал, «Дивандағы» *ічре* сөзі де барыс мәнінен гөрі жатыс жалғауына жақындау.

-а// -е жалғауы тәуелденген сөздерге жалғанады: *Ол мені атама охшатты* (Ол мені атама ұқсатты). **-а** жалғауын окшау пайда болған тұлға деп қарауға болмайды. Бұл алдыңғы **-ға** тұлғасының редукцияланған варианты екені талас туғызбайды (ғ дыбысының қосымшалар құрамындағы тұрақсыздығы түркі тілдеріне жат құбылыс емес).

Жатыс жалғауы, басқалармен салыстырғанда, бір ғана сипатта кездеседі: **-да// -де, -та// -те**. Жатыс жалғауының тарихи бір ерекшелігі мынада болса керек: ең ежелгі деп саналатын V—VIII ғасыр жазбалары тілінде де бұл жалғаудың ұяң (**-да**) және қатаң (**-та**) варианттары бар. *Аның азақы құмда үйұқты* (Оның аяғы құмда батты). «Диван» тілінде де жатыс жалғауы ретіне қарай шығыс септік мәнінде қолданылады: *Тылда чықар езгу сөз*

(Тілден шығар жақсы сөз). Алайда, «Диван» тіліндегі бұл ерекшелік орхон-енисей жазбалары дәуіріндегідей шығыс жалғауының қалыптасып болмағандығынан емес. Кейбір етістіктер әрі шығыс, әрі жатыс жалғауын да қатар меңгеруінен болса керек.

Шығыс септік жалғауы бірнеше вариантта ұшырасады: **-дан//ден, -тан//тен, -дын//дін, -дун//дүн, -тын//тін**. Сөйтіп, шығыс жалғауы ұян-қатаң, еріндік-езулік, ашық-қысаң варианттарына ажырайды. Бұл ерекшелік ең алдымен, сол заманғы (қазіргі де) түркі тілдерінің арасындағы сәйкестіктерді танытады: *Біштан қызғутланды* (Іштей қысылды). *Мен аны аттын түшірдім* (Мен оны аттан түсірдім). *Ер евдін чықды* (ер үйден шықты). *Көзден йаш саурукты* (көзден жас саулады).

Құралдық септік **-ын//ін, -ун//үн** қосымшаларымен берілген. М. Қашқари бұл туралы былай деп жазады: «*лықын — лікін*: бұлар бірге — бірлен мағынасындағы септіктердің екі түрлі варианты. Бұлар жоғарыдағыдай ұ мен де у мен де келуі мүмкін: *луқун, лүкүн... білкін улуғлуққа тегдім* (біліммен ұлықтыққа жеттім) дегендегі *лікін* (-ін) тәрізді. (II том, 974-бет).

Тәуелдік жалғауларының жекеше I жағының көрсеткіші **-м**. Түбірдің соңғы дыбысы дауыссыз болғанда, оның алдынан айтылатын дауысты дыбыс езулік те, еріндік те болады (**-ым, -ім, -ум, -үм**). II жақ: **-н** мұның да алдынан еріндік, не езулік дауысты дыбыс айтылады (**-уң, -үң, -ың, -ің**). III жақтағы тәуелдік жалғау: **-ы//і, -сы//сі**. Алдыңғылар дауыссызға аяқталған түбірлерге жалғанады да, соңғылар дауыстыға аяқталған түбірлерге жалғанады.

Тәуелділіктің көпше I жағы **-мыз, -міз**, II жағы **-ңыз, -ңіз** (**-ыңыз, -іңіз**).

Көптік жалғауының ең жиі және тұрақты қолданылатын тұлғасы **-лар, -лер**. Мұның қазақ тіліндегі қатаң дыбыстан басталатын (**-тар**) варианттары жоқ. *Аллар бірле ұрушма* — Алыптармен (батырлармен) ұрыспа.

Орхон-енисей жазбаларында ұшырасатын **-т** көптік жалғауы мұнда бір ғана сөз құрамында кездеседі (*тігін — тігіт*). М. Қашқари, сонымен бірге, *ерен* сөзінің құрамындағы **ен** элементін де көптік қосымшасы деп түсіндіреді. Бірақ ол мынандай ескерту де жасайды: «...бірақ бұл тұлға аз ұшырасады және қағидаға қайшы. Өйткені көптік қосымшасы **-лар//лер**». (I, 71). Бұған қарағанда, Қашқаридың өзі де **ан, ен** элементтерінің көптік жалғауы екендігіне күмән келтіретін тәрізді.

«Диванда» зат есім жасайтын жұрнақтар егжей-тегжейлі баяндалады деп айтуға болады. «Диван» авторы қай жұрнақтың қандай түбірге (есімге, не етістікке) жалғанып, зат есім жасайтындығын да көрсетіп отырған. Сонымен қатар, бірсыпыра жұрнақтардың екі түрлі қызметі де ескеріліп, қандай жағдайда қай сөз тобына ұштасатыны да әңгімеленіп отырады.

Есімдерден зат есім жасайтын жұрнақтар: **-чы// -чі:** *отачы* (тәуіп), *емчи* (емші, дәрігер). Бұл жұрнақ осы тәрзідес кәсіп иесін білдіретін сөздер жасаудың өнімді тәсілі.

-лық, -лығ, -лік, -луғ, -луқ, -лүк: *сарығлық* (сарылық), *қағуңлық* (қауындық, қауын еккен жер) т. б. Бұл аффикс жайлы «Диван» авторы былай деп жазады: «Біріншіден, етістіктен жасалған масдар мәнді есім есебінде қолданылады. Сондықтан, биіктік, ұлықтық мәніндегі *ұлғұлқ* сөзі мықты болды мағынасындағы *ұлғазты* етістігінен жасалған... Екіншіден, бір мақсатпен даярланған нәрсенің аты болады: *сыруқлұқ йығач* (сырықтық ағаш). Үшіншіден, нәрсенің өсетін, өнетін жайын, мекенін білдіреді: *қабағлық* (қауақ өсетін жер). Төртіншіден, бұл айтылғандардан бұтіндей басқа таза есім мағынасында қолданылады: *бағырлық* (күс атауы). Бесіншіден, масдар қызметінде келеді: *түрүқлүқ* (арықтық)». (I, 463). Бұл арада автордың **-лық** аффиксімен келетін сөздердің негізгі мағыналық тобын қамтығандығы байқалады.

-даш//деш: *йердеш* (жерлес), *қарындаш* (қарындас): М. Қашқари бұл аффиксті біргелікті, жақындықты білдіретін сөздер жасайды деп түсіндіреді. (I, 386). Этимологиялық жағынан бұл аффикс есімнен етістік жасайтын **-да** (**-ла**-ның варианты) мен қимыл есім тұлғасы **ш** (немесе **с**) қосындысы болуы да ықтимал. Сонымен қатар, «Диван» авторы арнайы атап түсіндірмесе де, қазіргі грамматикалық қағидалар бойынша зат есім есебінде түсінілетін сөздер құрамында мына төмендегідей жұрнақтар ұшырасады:

-ут// -үт: *өгүт* (үгіт-насихат). **-чақ// -чек:** *бағырчақ* (есекке салатын ер); **-дын// -дін:** *айдын* (ай жарығы). Қазақ тіліндегі айдын сөзі де осы негіздес болса керек деп ойлауға болады. **-дақ// -дек:** *бағырдақ* (әйелдер көкірегіне тұтатын нәрсе). **-дуқ// -дүк:** *бурундуқ* (мұрындық). **-суқ// -сүк:** *бағурсуқ* (ішек). **-мақ// -мек:** *ічмек* (қозы терісінен жасалған тон, ішік), **-сақ// -сек:** *толарсақ, -ғақ// -гек:* *сыдырғақ* (тұяқ); **-дуруқ// -дүрүк:** *бойумдуруқ* (мойын-тұрық); **-чуқ// -чүк:** *йанчуқ*, (амиан); **-чың// -чің:** *балықчың* — балықшы (күс аты); **-чылық// чілік:** *муйанчылық* (делдалдық).

Етістіктерден зат есім жасайтын жұрнақтар. «Диван» авторы етістіктен зат есім жасайтын қосымшалардың санын 12 деп көрсетеді. (I, 50). Олар мыналар: **-ге// -ке:** *білге* (білгір), *өге* (ақылды адам); **-ма// -ме:** *кесме* (кекіл шашты көзге түспес үшін, қысқартып кесу); **-ут// -үт:** *качут* (қашқан кісі, қашушы кісі); **-ч (-еч, -үч):** *көмеч* (көмеш, нан); **-ш, (-ыш, -йш, -уш, -үш):** *біліш* (біліс, таныс), *чығыш* (пайда, кіріс), *уруш* (ұрыс, соғыс), *тоқуш* (тоқыма, тоқылған зат); **-ғ (-ығ, -уғ):** *арығ* (таза), *йайлағ* (жайлау), *қуруғ* (кұрық); **-ғу (-гү):** *урғу* (ұрғы, ұратын зат), *бығу* (пышақ); **-ғақ (-гек, -қақ, -кек):** *тарғақ* (тарак), *орғақ* (орак); **-к (-ек, -ік, -үк):** *кесек* (кесек, бір заттың бір бөлігі); *ешүк* (есік); **-м (-ым, -ім):** *бычым* (тілім, бір тілім), *сүз-*

ме (сүзбе); -н (-ын, -ін, -ун, -үн): ақын (ағын), йығын (үйінді); -ғыл: тарғыл — тарғыл (түстің аты).

М. Қашқари етістіктен зат есім жасайды деп көрсетіп отырған осы қосымшалардың біразы тек қана зат есім жасап қоймайды: -ғу, -ш, -ме қосымшалары арқылы жасалған сөздер таза зат есімнен гөрі кимыл есім мәніне жақын, ал -ғыл, -ғ тұлғалары сын есім де, зат есім де жасайды. Автор арнайы сөз етпеген, бірақ зат есімдердің құрамында ұшырасатын мынадай да қосымшалар бар: -ғуч// -ғач: бычғуч (қайшы), қысғач (қысқаш); -йук// -йүк: өгрейүк (әдет, салт); -сақ// -сек: туғсақ (тұл, жесір әйел); -сығ// -сүг: күн батсығ (күн батыс); -чу// -чү: арынчу (күнә, қате); -мыш// -міш: йеміш (жеміс); -ман// -мен: сөкмен (батыр). Соңғы тұлғалар да таза зат есімнен гөрі, кимыл есім мәнін үстеуге әлдеқайда бейім.

М. Қашқари зат есімдерге қосылып, экспрессивтік мән беретін қосымшалардың да кейбіреуін атап кетеді. Қашқари, мысалы: «-қы — жақындық, туыстық мәнін беретін есімдерге қосылып, жақсы көретіндігін, еркелегендігін аңғартатын қосымша (атақы — атажаным, аташым; анақы — анажаным, анашым)» (III, 230). «қыя — құрамында ғ, қ дыбыстары бар жуан, қатаң айтылатын сөздерде қолданылатын кішірейткіш мәнді қосымша (оғулқыя — құлыным, қызқыя — қызым), кие — құрамында к, г дыбыстары бар, жіңішке, ұян айтылатын сөздерде қолданылатын кішірейткіш қосымша», — дейді (III, 185).

Сын есім тұлғалары.

Автор сын есім тұлғаларының бәріне бірдей тоқтала бермеген. Сын есімге тән тұлғалардың ішінен М. Қашқаридың жеке-леп алып қарастыратыны — сын есімнің интенсификация формалары (күшейтпелі шырай тұлғалары). М. Қашқаридың түсіндіруінше, сын есімнің күшейтпелі түрі мынадай жолдармен жасалады: бір буынды сөздердің соңғы дыбысы п, м дыбыстарының біріне ауысады: «Көп — көк (түрік тайпасы тілінде), көм — көк (оғыз тілінде). Сарығ сөзінің күшейтпелі түрін сап-сарығ сипатында айтады... Сондай-ақ бос жер, ашық жер мағынасындағы йазы сөзінің күшейтпелі түрі йап-йазы». (I, 117). Бұл айтылғандардан шығатын екінші мәселе көп буынды сөздердің алғашқы буыны ғана қайталануы. Қайталанған уақытта буынның соңғы дыбысы дауыссыз болса, п, м дыбыстарының біріне ауысады, егер дауысты болса п дыбысы үстіне буын барып қосылады. М. Қашқаридың айтуынша, күшейтпелі мәнді сын есімдер арнаулы сөздердің сын есімдермен тіркесіп келуі арқылы да жасалады: «тес — күшейтпе мән беретін қосымша (оғызша). Оғыздар домалақ нәрсе туралы күшейтіп айтқысы келсе тес тегірме дейді, бұл — доп-домалақ деген». (I, 316). «Тум — мал, хайуандардың реңін айқындауда толық мән беру үшін қолданылатын сөз: Тум қарат (өте, тым қара ат)». «Чім — бір нәрсенің ылғалдылығын, немесе пісіп жетілмегендігін асырып айтуда қолданылатын сөз: Чім

йік ет (тым жас ет)». «Сум — өте, тіпті, жүдә: Сум сүчүк нең (өте тәтті нәрсе)». (I, 325).

«Диванда» салыстырмалы шырай қосымшасы деп **-рақ** тұлғасы көрсетілген. Бірақ осыдан басқа бұл қосымша туралы өзге мәлімет жоқ. Дегенмен оған қарап салыстырмалы шырай қосымшасы XI ғасырдағы түркі тілдерінде қолданылмаған екен деп тұжырымдай салуға болмайды. Ол қосымша V—VIII ғасыр жазбалары тілінде де мол қолданылғаны мәлім.

Есімдерден сын есім жасайтын қосымшалар ішінен «Диван» авторы **-лығ (-ліг, -луғ, -лүг)** аффиксіне ғана арнайы тоқталған. Ол туралы автордың пайымдаулары (сын есім жасау ыңғайында) мыналарға саяды: 1) заттың неге, не мақсатқа арналғандығын аңғартады: *төшеглік барчын* (төсекке дайындалған жібек мата) 2) іс иесінің қасиетін, сапасын білдіреді; *бедүк қарынлығ ер* — үлкен қарынды (қарны бар) кісі, *білеклік ер* — білекті, күшті (білек, күш иесі) адам. 3) болған істің кімге, неге қатыстылығын білдіреді: *сарығлығ ер* — сары ауруына ұшыраған адам.

М. Қашқари заманындағы түркі тілдерінде **-лық** және **-лығ** (қатаңға, ұяңға аяқталған варианттар) аффикстер арасында семантикалық дифференсация болған дейтін тұжырым тюркологтар арасында жиі айтылып жүр. Солай болса да, «Диван» материалдарына қарағанда, нағыз толық жіктеліс (**-лық** тек қана зат есім, **-лығ** тек қана сын есім жасайтын) әлі болмағанға ұқсайды. Мысалы: *тарығлығ* — астық қоймасы (зат есім), *төшеглік барчын* — төсекке дайындалған мата (сын есім). М. Қашқаридың өзі де бұл аффикстің **к** және **ғ** дыбыстарына аяқталған варианттарының айырмашылығы бар деп айтқанмен, бірақ ол айырмашылықтың көбінесе бір ғана сөз табының ішіндегі семантикалық топтармен шектелетіндігі байқалады (I, 166, 167).

Есімдерден сын есім жасайтын аффикстің бірі — **-чыл, -чіл**. «Бір нәрсе үстіндегі әрекеттің ұзақ, көп болғандығын білдіру үшін сөзге **-чыл** қосылады. Сондықтан: *тупчыл йер* (дауылды, желді жер) тіркесіндегі жел мәніндегі *тупчы* сөзіне **-чыл** қосылып *желкел* мәнін беретін сын есімге айналған. Ұзақ ауырған кісіні *ігчил* деу де осы қағидаға жатады. Алайда, бұл жай онша таралмаған». (III, 65). Сөйтіп, бұл қосымша арқылы жасалған сын есімдер онша көп емес.

Сонымен қатар, «Диван» тілінде есімдерден сын есім жасайтын қосымшалар қатарына мына аффикстерді жатқызуға болады: **-ын (-ін, -ун, -үн)**: *теркін су* — тоқтау су, балшықты су. *Теркін су* — топталған, жиналған әскер. Сөйтсе де бұл аффиксті есімдерден сын есім жасайтын емес, қимыл есім (немесе есімше) тұлғаларынан сын есім жасайтын аффикс деп қарау орынды. Олай болатыны, келтіріліп отырған мысалдардың өзі, басқаларын былай қойғанда, түбір етістік+қимыл есім тұлғасы+сын есім жұрнағы (*тер+к+ін*) болып келеді де, таза есім түбірге

жалғануы кездеспейді. **-қы (-кі): қатқы кіші** — қатты адам, ешкімге бойсұнбайтын адам. *Тұрқы нең* — тырысқан, бүріскен нәрсе. Кейде бұл аффикс жатыс жалғауының (**-да**) үстіне де жалғанатыны байқалады: *Иазыдақы сүвлін өзегелі, ездегі тақағу ычғынма* (Жазықтағы қырғауылды аулағалы жүріп, үйдегі тауықты ұмытпа).

Етістіктен сын есім жасайтын аффикстерден **-ығ (-ық, -іг, -ік, -ук, -үк)** жұрнағына М. Қашқари арнайы түсіндірме берген: ... *пышығ ет* (піскен ет) мағынасындағы *пышығ* есімшесі де *пышты* етістігінен жасалған» (III, 344). Сонымен бірге автор етістік түбірлерден **-ық (-ығ)** қосымшасы арқылы есім жасалатынын да айтады. Бұған қарағанда М. Қашқари осы қосымша арқылы жасалған қимыл есім (есімше) тұлғаларының сын есім қызметінде (мәнінде) қолданыла алатынын ескерді ме деп ойлауға болады. «Диванда» осы мәнді тағы да мынадай аффикстер ұшырасады: **-ға, -ге: йорыға ат** (жорға ат); **-ыр, -ір: ағыр нең** (ауыр нәрсе); **-нчығ, -нчіг: барсынчығ нең** (бүлінген нәрсе); **-ынчу, -інчу: атынчу нең** (лақтырылған нәрсе); **-йук, -йүк: булғайуқ сув** (лайланған су).

Сан есімдер.

М. Қашқари сан есім түрлерінің ішінен тек қана реттік сан есімнің жасалу тәсіліне тоқталады. Алайда, «Диванда» сан есімдердің бұлардан басқа топтары да кездеседі.

Есеттік сан есімдерден мына сөздер бар: *бір, ікі, іккі* (екі), *үч* (үш), *төрт* (төрт), *беш* (бес), *жетті* (жетті қат көк) — *жеті* (жеті қабат аспан), *секіз* (сегіз), *он* (он), *йігірме* — *йігірмі* (жиырма), *оттуз* (отыз), [*Оттуз* (отыз) сан есімі кейде үш мәнінде де айтылады деп ескертеді автор]. (I, 159), *қырқ* (қырық), *еллік* (елу), *сексен* — *секіз он* (сексен), *тоқсон* — *тоқыз он* (тоқсан), *мың түмен* (түмен, мың, миллион).

Болжалды сан мәнінде мына сөздер ұшырасады: *өкүш, өкіл, телім* — көптік мәнін беретін синонимдер де *өкүм* — бір буда, бір топ деген ұғымды білдіретін сөз.

Жинақтау сан есімдері өз алдына бір топ ретінде көрінбейді. Алайда, *бір* есеттік сан есіміне **-ін** (сірә, құралдық септік жалғауы болса керек) қосымшасы жалғанып, жинақтық санның мәнін беретін реттер ұшырасады: *Бірін-бірі мың болур* (бір-біреуден мың болар). Сондай-ақ *ікі* — *іккі* (екі) есеттік саны осы тұлғасында жинақтық санның мәнінде жұмсалады: Олар *іккі бір-біріг булушды* (Олар екеуі бір-біріне болысты). Осы сан есімге **-гү** қосымшасы жалғанып, жинақтық санға айналады: *іккігү* (екеу).

«Дивандағы» реттік сан есімдер **-нч** қосымшасы арқылы жасалған: *үчүнч* (үшінші) *төртүнч* (төртінші), *бешінч* (бесінші), *онунч* (оныншы), *йігірнч* (жиырманшы), *ікінч* (екінші), *ікінч нең* (екінші нәрсе).

«Диван» материалдарында қазіргі түркі тілдерінде қолданылатын сан есімнің басқа топтары кездеспейді.

Есімдіктер.

«Диван» тіліндегі әрқилы фонетикалық сипатта ұшырасатын сөздер — есімдіктер. «Дивандағы» есімдіктердің осы ерекшелігі кейінгі түркі тілдерінде есімдік тұлғаларының әрқилы қалыптасуына негіз болған болу керек.

Фонетикалық әр түрлілік, әсіресе, жіктеу есімдіктерінен байқалады. «Диванда» мынадай жіктеу есімдіктері кездеседі. I жақ: *мен/бен, біз*. II жақ: *сен, сін, са* (III, 225), *сіз*. III жақ: *ол, олар*. Мұнда айрықша назар аударатын II жақ тұлғасы. М. Қашқари II жақ жекеше тұлғасы деп *сен* мен бірге *са* тұлғасын да көрсетеді. Ол былай деп жазады: «*Са — «сен»* мағынасындағы сөз: *Са айурман* (саған айтамын). Бұл сөздің соңындағы әліп *н* орнына алмасқан, немесе *сеңе* сөзінен *н* түсіп қалған». (III, 225). Бұл сөздің өзгеше тұлғалануы Қашқари айтқан жағдайлардың салдары ма, әлде сол кезгі түркі тайпаларының бірінің тілінде нақ осылай дыбысталды ма ол жағын кесіп айту қиын. Бірақ Қашқари келтірген мысалға қарағанда, екінші жағдай (*сеңе* құрамынан *н* түсіп қалуы) ықтимал тәрізді. Дегенмен, мынадай бір ерекшелікті де ескеру қажет: «Диван» тілінде I жақ жіктеу есімдігі *ма* (немесе *ме*) түрінде ұшыраспайды. Ал, екінші жақ жіктеу есімдігі *са* — осы түбір десек, Қашқари келтірген мысалда (*са айурман* — саған айтамын) септік жалғауын (барыс) қабылдамаған болып шығады. «Диваннан» үш ғасырға жуық кейін жазылған «Кодекс Куманикуста» жіктеу есімдіктерінің I—II жағы *ма, са* түрінде де ұшырасады.

Жіктеу есімдіктерінің II жақ *сіз* сөзі жәйлі «Диван» авторы былай деп жазады: «*Сіз* — үлкендерді құрмет тұтқанда *сен* мағынасында айтылатын сөз (чығылша). Дұрысында мұның мағынасы *сіздер* деу. Кішілерге *сен* делінеді». (III, 136). Бұған қарағанда, сол заманғы түркі тілдерінің кейбірінде *сіз* есімдігі әрі сыпайы, әрі көптік, құрметтілік мәнді беретін сөз есебінде қолданылса керек.

Осы екі мән де соңғы з арқылы берілген. Бұл сөздің көптік мәні біздің тілімізде жіктік жалғаудың I жағында (*-мыз*) ғана сақталса керек.

Жіктеу есімдіктерінің септелу ыңғайы да көңіл аударарлық. Жіктеу есімдіктерінің жекеше тұлғалары ілік септікте *менің, сенің, оның* болып айтылып, ілік жалғауы *-ың* түрінде жалғанса, көпше тұлғалары *бізнің, сізнің*, яғни ілік жалғауы *-ның* түрінде жалғанады. Бірақ, *біз* есімдігінің ілік септікте *бізің (-ің)* сипатында тұлғалануы да кездеседі. Соған қарағанда, *сіз* есімдігінің ілік тұлғасы *сізің* түрінде қолданылуы да ықтимал. Сондай-ақ, табыс септік жалғауы жекешеді *-і* түрінде жалғанса, көпшеде *-ні*

түрінде жалғанған (мен + і, біз + ні). Барыс жалғауы жекешеле -е, -нар (-ғар), -ға түрінде (мен + е, а + нар, ан + ға) жалғанса, көпше тұлғаларға -ге (біз + ге, сіз + ге) болып жалғанған. Шығыс жалғауының ашық, қысаң дауыстыларымен келетін варианттары алмасып та қолданылып отырады (менден, мендің).

III жақта айтылатын ол есімдігінің басқы о дыбысы септелген уақытта а-ға айналады да, соңғы л дыбысы н-ға айналады: аның.

Жіктеу есімдіктерінің қолданылуында тағы да мынадай ерекшелік кездеседі: есім сөздерден, шартты райдан жасалған баяндауыш қызметіндегі негізгі сөзден соң II, III жақтың жіктік есімдіктері (сен, ол) айтылады. Нақ бұл қолданыстағы жіктік есімдіктері өзінің тура мәнінде емес, жалғау қызметін атқарып тұрған тәрізді. Ол мұнда ол (ол мұнда), мұны тілемесе сен (мұны тілемессің). Бірақ, сөз болып отырған есімдіктер осындай құрылымдағы сөйлемдердің бәрінде бірдей ұшыраса бермейтіні байқалады.

Сілтеу есімдіктерінен кездесетіндері — бу (соңғы л дыбысы айтылмайды), ал өздік есімдігі: өз, бұлардың екеуі де септеледі.

Сұрау есімдіктері сан жағынан мол және жиі қолданылған. Сонымен қатар, сұрау есімдіктерінің біразының бірнеше дублеттік тұлғалары да бар. «Диванда» кездесетін сұрау есімдіктері мыналар: кім — бұ кім? не — не тер сен? (не дейсін). Нү — нү тер сен? (не дейсін). Осы сұрау есімдігін түсіндіре келіп, М. Қашқари былай деп жазады: «Бұл сөздің негізі — негу. Осы сөзден эліп, г әріптері (-гү буыны) түсірілген. (III, 233). Нече — нече йармақ бердің? (қанша ақша бердің). Сонымен қатар, бұл сөз қандай мағынасында да қолданылады» (III, 239). Бұл сөздің синонимі қач сұрау есімдігі — қач қата айдым (неше мәртә айттым). Качан — қачан келдің? (қашан келдің). Қаны//қайу — қану кіші (қай кісі). Қаны, қаныкі, қайуда, қанда, қайда — қанды ердің — қайда едің? Ұғылым қаны (ұлым көні). Қанда ерің қанықы (қазір қайда екен?). Қаны сұрау есімдігі туралы «негізінде қайда сөзінің й әрпі н дыбысына өзгерген, дұрысы қайда сөзі», — деп жазады Қашқари. (I, 296). Не керек, нерек, нелек — бу сеңе нерек (бұл саған не керек). Не керек тіркесінің құрамындағы екі сөздің бірігіп, қысқаруынан барып нерек сұрау есімдігі қалыптасса керек. Нетек (қазақ тілінде нетіп сөзі де осымен ұялас болуы мүмкін) — нетек сен (сен неттің, қайттің), нечүк — нечүк бардың (не үшін бардың). Қазақ тіліндегі нешік сұрау есімдігі осының семантикалық өзгеріске түскен варианты болуы мүмкін. Қазақ тілінде нешік қалай, не болды мағынасында жұмсалады.

Жалпылауыш есімдіктер қызметінде бірен-саран сөздер кездеседі. Олардың кейбіреуі біздің тілімізде де бар. Қамуғ — барлығы, баршасы: Өч, кек қамуғ кішінің йалынуқ үзе алым біл (өш, кек. — барлығы адамға жалаңаш қарыз тәрізді). Тегме —

теге кіші өз болмас (Кез келген адам өзіндікі емес). *Барча* — етім *барча емрішти* (Бүкіл денем қышыды).

Үстеулер. «Диван» тіліндегі үстеу жасайтын біраз affикстер қазіргі түркі тілдерінде де, соның ішінде қазақ тілінде де ұшырасады. Алайда, мынадай бір-екі жағдайды ескеру керек: ең алдымен, ол заманғы түркі тілдерінде үстеу жасайтын affикстер мен үстеу сөздер сан жағынан аз да, екіншіден, үстеу жасайтын affикстердің біразы біздің тілімізде фонетикалық өзгеріске ұшыраған. Солай бола тұрса да, қазіргі тілдің құрамындағы affикстерді ескерткіш тілімен салыстыру олардың генезисін айқындауға үлкен жәрдем беретінінде сөз жоқ. «Диван» тілінде үстеу жасайтын актив affикстің бірі **-ла// -ле:** *бір тілкү терісін ікіле соймас* (бір тұлкінің терісін екеулеп соймас). *Түнле келдім* (түнде келдім). *Түнле йүрүп, күнүз севнүр* (түнде жүріп, күндіз көңіл көтерер). Бұл affикстің, сірә, алтай тілдері тарихында белгілі **-ла// -ле** affиксімен байланысты болуы әбден ықтимал. *Бірле* шылауының құрамындағы **-ла** да осы affикс сияқты. Екінші жағынан, бұл affикстің қазіргі түркі тілдерінде кейбір фонетикалық өзгерістерге ұшырауы ықтимал. Соны ескерсек, қазіргі қазақ тіліндегі *ерте, түнде* тәрізді үстеулер құрамындағы де жатыс жалғауы ма, әлде басқа ма — ол жағын әлі де зерттей түсу қажет.

«Диванда» үстеу жасау қызметінде біршама жиі қолданылатын **-лайу, -лейу** қосымшасының құрамында да осы **-ла** affиксі бар сияқты. Бірақ бұл affикс **-лайу, -лейу** affикстерінен басқа қызметте, басқа мәнде жұмсалады: **-лайу** құрамындағы **-ла** — есім түбірге қосылып, етістік жасайтын affикс. Ал соңғы **йу** ескі түркілік көсемше тұлғасы болса керек. М. Қашқари осы affикспен келген мына тәрізді сөздерді береді: *Ұлышыб ерен бөрлейу* (Ұлысып ерлер бөрідейін). *Арсланлайу көкредім* (Арыстаңдайын ақырдым). Қазақ фольклоры тілінде жиі ұшырасатын **дайын, дейін** сөз болып отырған қосымшаның өзгерілген тұлғасы деп қарауға толық негіз бар. Соңғы **н**, сірә, кейін жамалған элемент болуы мүмкін. **-ча, -че** affиксі көбінесе етістіктің есімше тұлғаларына жалғанып, үстеу қызметінде жұмсалатын сөздер жасайды: *Түнле бұлт өртенсе, евлуқ уры келдүрміше болур, таңда бұлт өртенсе өзге йағы кірміше болур* (Түнде аспан қызарса, әйел ұл туғандай болар, таңда аспан қызарса, үйге жау кіргендей болар). Бұл үстеулер қазіргі қазақ тіліндегі *барғанша, келгенше, көргенше* тәрізді сөздермен тұлғалас, мәндес екендігінде дау жоқ. **-ча** affиксі біздің тілімізде **-ша** түрінде орныққан, үстеу жасаудың өнімді тәсілдерінің бірі. «Диванда» **-ча** affиксі есім түбірге жалғанып қолданылуы да кездеседі: *Озақы білге анча аймыс* (Бұрынғы біліктілер осылайша айтқан). Қазақ тілінде *меніңше, өзінше* тәрізді есімдіктерге жалғану арқылы жасалған үстеулер бар.

-ың (-ің, -ун, -үн) affиксі арқылы да үстеулер жасалады:

Менің ышым езгүлүгін етілген ол — Менің ісім езгілікпен (жақсылықпен) біткен (болған). Бұл аффиксті ескі құралдық септік қосымшасы деп қарастыруға негіз бар тәрізді.

-тег (-тек): *чегүке тег сү* (шегірткедей әскер). **-сығ:** *бу ер ол белсіг* (бұл кісі ана бек тәрізді). Бұл екі тұлғада (**-тег, -сығ**) келген үстеулердің басқалардан бір айырмашылығы — бұлар, көбінесе, есім сөздерге қатысты айтылады. Қазіргі қазақ тілінде этимологиялық жағынан осылармен ұялас тұлғада айтылатын кей сөздердің есім құрамында орнығуы да сол ерекшелікпен байланысты болуы мүмкін.

«Диван» тілінде де барыс, жатыс, шығыс тұлғалы біраз сөздер үстеулер құрамына ауысып, солардың қызметінде қолданылуы жиі кездеседі.

Етістіктер

«Диван» авторының егжей-тегжейлі баяндаған сөз табының бірі — етістіктер. Етістіктің жасалу тәсілдері мен функциялық түрлері т. б. арнайы түсіндіріліп, олардың қолданылу ерекшелігі сөз болады. Дегенмен, мынаны да ескеру қажет: М. Қашқари морфологиялық тұлғалардың сырын көбінесе сөз құрамына байланысты әңгімелейді. («Диванның» өзі ең алдымен лексикографиялық еңбек — сөздік қой). Соның салдарынан грамматикалық тұлғалардың тура мәні мен қызметі олардың индивидуалдық қолданысынан көп ретте ажыратылып, бөлініп берілмейді. Бұл жайттың Қашқари келтірген қағидаларға да ішінара қатысы бар.

Етістіктің рай тұлғалары. Ашық райдың өткен шағы етістікке **-ды** (-ді, **-ты, -ті**), **-дук** (-дүк), **-мыш** (-міш) қосымшаларының жалғануы арқылы жасалады. **-ды** қосымшасы, біздің қазіргі тіліміздегідей, жедел өткен шақ жасайды. Қашқари бұл тұлғаны былай түсіндіреді: «Өткен шақ тұлғасы барлық етістіктерден **-ды** қосылу арқылы жасалады, бұл (қағида) еш уақыт өзгермейді, өткен шақ жасаушы **-ды** қосымшасы **п, т, ч, к** тәрізді қатаң әріптермен қосылғанда (осындай дыбыстарға біткен сөздерге жалғанғанда) **т (ы)**-ға алмасады. Сондықтан *тапты, тұтты, алды*. «Мұндай етістіктерде (соңғы дыбысы **т** болған етістіктерде) өткен шақ қосымшасы **-д** етістіктің соңғы дыбысы **т** мен үндесіп, **т**-ға айналады» (II, 41, 336). М. Қашқаридың бұл түсінігі жедел өткен шақ қосымшасының алғашқы фонетикалық сипаты жайында хабар береді.

Тюркологияда жедел өткен шақ тұлғасы ең әуелі ұян д дыбысынан емес, қатаң т дыбысынан басталған дейтін пікір бар. Бұл пікір, көбіне, орхон-енисей жазбаларында **-ты** (*алты, келті*) вариантының көп қолданылуына негізделсе керек. Бұл ретте М. Қашқаридың мына ескертпесі де көңіл аударарлық: «*Барды* етістігіндегі **-д** өткен шақ қосымшасы, ал **-ы** өзгелікті (III жақты) білдіреді. Тындаушы, сөйлеуші жақтардағы **-ы**-ның түсіп қалуы соны көрсетеді: *бардың, бардым* дегендегідей» (II, 53).

Сонда, егер Қашқаридың осы түсінігін ескерсек, II, I жақ қосымшалары құрамындағы **ы** протезалық дыбыс (екі дауыссыз арасын жалғастырушы ретінде айтылған) болады да, III жақтағы **-ы** (**бар+д+ы**) жақтық көрсеткіш болады.

М. Қашқаридың алдыңғы пікірін (өткен шақ қосымшасы о баста -т емес, -д) дәлелдейтіндей мына тәрізді фактілер кездеседі: *тікді* (тікті), *чекді* (байлады), *чөкді* (тізе бүкті, шөкті), *төкді* (төкті), *бүкді* (бөгеді, тоқтатты), *сықды* (сықты), *соқды* (майдалады) т. б. Бұл мысалдарда түбірдің соңғы дыбысы қатаң болуына карамай, жедел өткен шақ қосымшасы **-ды** түрінде жалғанған. Алайда, осылармен қабат, мынадай да фактілер баршылық: *сөкті* (сөкті, киімді сөкті), *тұруқты* (жиналды, топталды), т. б. Сүйтіп, Махмуд Қашқари түсіндіруінде қазіргі біздің тілімізде жедел өткен шақ жасайтын **-ды** қосымшасының алғашқы сипаты мен құрамы едәуір басқаша ұғынылуға тиіс болады.

-ды тұлғалы етістіктердің жақ бойынша өзгеруі мына тәріздес берілген: I жақ *бердім, бердіміз*, II жақ *бардың, бардыңыз*, жекеше III жақтың арнаулы қосымшасы жоқ (егер М. Қашқаридың осыдан бұрын айтылған түсініктемесін ескермесек: үйткені автордың өзі де сол айтқанын кітаптың басқа жерлерінде қолдана бермеген). Көпше III жақ **-лар** көптік жалғауымен жазылған: *бігішділер* (бітісті, келісімге келді), *ұқұштылар* (түсіністі, бір-бірін түсінді) т. б.

Өткен шақ мәнін беретін екінші бір қосымша **-дук, -дүк**. Бұл тұлға «Диванда» бойлай түсіндірілген: «Оғыздар және қыпшақтардың бір тобы сувориндар... жуан, әрі қатаң айтылатын сөздерге **-дук, ...** жіңішке айтылатын сөздерге **-дүк** жалғайды. Бұлар (осы тұлғалар) көптікке, жекелікке қарай ажыратылмайды. Сондықтан... *йа құрдуқ* (ол үй салды) деп айтады. Мен үй салдым деу үшін де *Мен йа құрдуқ* тұлғасын қолданады... *Ол аны урдуқ* (Ол оны ұрды) ... (II, 64, 65). Сөйтіп, **-дук** тұлғасының өткен шақтық басқа формалардан басты ерекшелігі — оның жақ қосымшаларын қабылдамайтындығы, жақ, сан бойынша өзгермейтіндігі. Жекеше де, көпше де, сол сияқты бірінші я екінші, үшінші жақта да бір ғана сипатта **-дук (-дүк)** түрінде айтылып, қолданылатын болған.

М. Қашқари **-ды** және **-дук** тұлғаларын бір ғана мәнде қолданылатын тұлғалар есебінде түсіндіреді. Оның үстіне белгілі бір тіл құрамында бұл екі тұлға жарыспалы да қолданылмаса керек. Бір ғана **-ды** тұлғасын М. Қашқари яғма, тухси, чығыл, арғу, ұйғыр тілдеріне тән деп көрсетсе, **-дук** тұлғасын оғыздар мен суворин тілдеріне тән деп қарайды. Бұл ретте назар аударарлық бір пікір, М. Қашқаридың айтуына қарағанда, бұл екі тұлға этимологиялық жағынан да бір-бірімен байланысты. Қашқари бұл екі тұлғаны бір ғана қосымшаның екі топ тілдер құрамында айтылатын варианттары ретінде түсіндіреді. Қазіргі қазақ

тілінде Қашқари шығысқа қарай орналасқан түркі тайпалары тілдеріне тән деп айтатын **-ды** қосымшасы қолданылады да, **-дук** қосымшасы **қалдық** тәрізді (**-дук-тың** масдар мәні) бірен-саран сөздер құрамында ғана ұшырасады.

-мыш (-міш) тұлғасы іс-әрекеттің өткен уақытта болғанын білдіреді. Бірақ мұнда сөйлеушінің өзі көрмегендігі (істің болған-болмағандығы анық еместігі) байқалады. «*Ол бармыш — Ол барған екен, бірақ мен өзім барғанын жөрген жоқпын*» (II, 63). **-мыш** тұлғасы өзінің грамматикалық мәні мен қызметі жағынан қазақ тіліндегі **-ған** тұлғасына синоним болса керек, бірақ екеуінің арасына абсолют теңдік белгісін қоюға болмайды. Оған басты себеп — істің болу, болмауына субъектінің қатысу дәрежесін әр қайсысының әр түрлі білдіруі. **-мыш** тұлғасы қолданылған жерде субъектінің іс-әрекетке қатысы жоқ, ол үшінші жақтан есітеді, ал **-ған** қолданылған жерде субъекті істің болу, болмауын анық біледі. Сондықтан ескі түркі тілдеріндегі **-мыш** қызметі жағынан **-ған** тұлғасына сәйкес деп тұжырымдағанда, осы бір ерекшелікті есте ұстаған жөн.

Ашық райдың ауыспалы келер шағы **-р (-ар, -ер, -ур, -үр, -ыр, -ір), -йур (-йүр), -мас (-мес), -маз (-мез)** қосымшаларының етістік түбірлерге жалғануы арқылы жасалған. М. Қашқаридың түсіндіруінше, **-р** тұлғасы келер шақ жасаудың аса көп таралған тәсілі болып табылады. *Ол йукарур турур* (Ол жоғары тұрады). *Иашым менің саврулур* (Менің көзімнен жас саулайды). **-Иур (-йүр)** *Іглер йеме саврыйур* (аурулар да сауығады).

Қашқари келер шақ етістіктің болымсыздық тұлғасы деп көрсететін **-мас, -мес, -эрине, жүрделі** қосымша. **-Ма** — етістіктің болымсыздық мән туғызатын қосымшасы, ал **-с** — соның үстіне жамалған басқа қосымша: *Йылан кендү эгрісін білмес* (жылан өзінің иректігін білмес). Бір көңіл аударарлық факт — осы қосымшаның соңғы элементінің (**с**) кейде з түрінде де ұшырасуы: *пушмазман* (мазасызданбаймын). **с**-ның з түрінде де келуін дауысты дыбыстардың әсерінен деп қарауға негіз жоқ. Мәселе тек қайсысы алғашқы: әуелі з болып, содан кейін оның қатаң варианты қалыптасты ма, әлде тіпті керісінше ме — бұл әлі дәлелдей түсуді қажет етеді.

«Диван» тілінде **-мас** тұлғасы келер шақтың болымсыздық түрін жасайтын актив қосымша есебінде берілген: *Ол бармас, олар бармаслар* т. б.

М. Қашқари **-р** арқылы жасалатын келер шақ тұлғасының оғыздар тілінде басқаша тұлғаланатынын айтады. Оғыздар, М. Қашқаридың айтуынша, келер шақ мәнін беретін **-р**-ді түсіріп қолданады: *мен туран* (мен тұрарман емес), *мен баран* (мен барырман емес). Сонымен қатар, кейде сөздің негізгі құрамында р дыбысы болмаған жағдайда, келер шақ қосымшасы **-р** түсірілмей айтылатын фактілер де кездеседі: *Мен күлерен* (мен күлемін). Алайда, Қашқаридың өзі келтірген фактілерден көрініп

тұрғанындай, оғыздар тіліндегі келер шақ тұлғасының ерекшелігі тек **-р** аффиксінің түсіп қалуы ғана емес, жақтық қосымшаның басқы дыбысының да түсіп қалуы деуге болады. Алдыңғы мысалдарды қайта талдап көрейік: *Мен бар (ыр//м) ан, тұр (ар//м) ан, күлер (м)ен*. Алдыңғы екі етістік құрамында әрі келер шақ қосымшасы, әрі жақтық жалғаудың (**-мен**) басқы дыбысы түсіп қалған (**м**), соңғы етістік құрамында келер шақ қосымшасы айтылған, бірақ жалғаудың басқы дыбысы (**-м**) түсіп қалған. Бұған қарағанда, о заманғы оғыздар тілінде келер шақ тұлғалы етістіктер құрамында жіктік жалғаудың редукцияланған тұлғасын қолдану белгілі дәрежеде заңдылық есебінде қалыптасқаны байқалады.

Бұл айтылған тұлғалардың бәрі де, Қашқаридың өз түсіндіруінше, келер шақ мәнін беретіндер. Алайда, контекст құрамында қолданылу ерекшелігіне қарай бұлардың қайсысы болса да сөз айтылған моментте болып жатқан іс-әрекетті де білдіре алатын тәсілдер. Сондықтан зерттеушілердің бірсыпырасы бұларды ауыспалы шақ (бірде келер шақ, бірде осы шақ мәнінде) тұлғалары деп қарайды. Мысалы, *Сені күтер ол* сөйлемінің құрамындағы **-р** тұлғалы етістік келер шақты білдірсе, *Узну келіп бақарман* (ояна келіп бағамын) сөйлемінің құрамындағы **-р** тұлғалы етістік сөйленген моменттегі іс-әрекетті білдіреді. Оның бер жағында, **-р** тұлғалы етістіктер күрделі етістіктер құрамында қолданылып, өткен шақты білдіретін күрделі тұлғаның бір компоненті болып та ұшырасады: *Кече туруп йорыр ердім* (Түнде тұрып жүріп едім).

Тек жана таза келер шақ мәнінде қолданылатын қосымша **-ғай (-гей, -қай, -кей)** кейде соңғы **-й** дыбысынсыз да қолданылуы ұшырасады. Бұл қосымшамен келген етістіктер болжалды уақытты да, сөйленгеннен кейін көп ұзамай болуға тиісті істі де білдіруі мүмкін. *Ол йа құрғай* (Ол үй салса етті). *Ол меңе келгей* (Ол маған келгей еді) т. б. Бұл тұлғаның бір ерекшелігі I—II жақтарда жақ жалғауынсыз қолданылады, сөйлемнің қай жақта айтылғандығы оның құрамындағы жіктеу өсімдіктерінен белгілі болады. Қазақ тілінде қолданылатын осындай тұлға келер шақ мәніне қоса субъективтік модальдық мәнерді де білдіреді (*Мен барғаймын* — тілек, сенімсіздік). Соңғы модальдық мән, сірә, XI ғасырдағы түркі тілдеріндегі осы қосымшаның болжалды уақыт, мезгіл мәнінен келіп шықса керек. Қазақ тіліндегі бұл қосымшаның екінші бір ерекшелігі — дара қолданылғанда жіктік жалғауларын қабылдайды.

Қ а л а у, б ұ й ы р қ р а й л а р ы «Диван» тілінде кейде тұлғалық тұрғыдан бір-бірінен ерекшеленбейді. Морфологиялық тұлғаның мәні контекстке қарай ажыратылып, я қалау рай мәнінде, я бұйрық рай мәнінде ұғынылады. Сондай тұлғаның бірі — **-(а) йын, -(е) йін**. Бұл тұлға жекеше I жақта өзгеріссіз осы күйінде қолданылады: *чық ет көрейін* (шұрқ ет, көрейін). Көпше

I жақта **-алым, -елім** — жақ жалғауын қабылдайды: *келгіл ойналым* (келіндер, ойналық). Бұл қосымшаның «Дивандағы» қолданысы қазақ тіліндегіден көп өзгеше емес. Қазақ тілінде де жекеше I жақта жақ жалғауынсыз айтылады. Ал көпше I жақта ғана көптік қосымшасы **-қ** айтылады (барайық). Бірақ бұл ретте де жақ жалғауынсыз қолданылады. Жекеше тұлғасындағы **-н** мен көпше тұлғасындағы **-қ** — сандық қосымшалар: *айтай(ы)-н, айтай(ы)-к*. Қайта «Диван» тілінде көпше тұлғасында жақ жалғауын қабылдаған: **ойна-лы-м**. Бұлардың қазақ тіліндегі мән-мағынасы да осыған ойысады.

Таза бұйрық мәні екінші жақта айтылатыны мәлім. Осыны ескергендіктен де болар М. Қашқари бұйрық райдың I жағы дейтін мәселеге арнайы тоқталмайды да, бұйрық райдың II жағы мен оның жасалу тәсілдерін айрықша сөз етеді. М. Қашқаридың айтуынша, бұйрық райдың II жағы екі түрлі тәсілмен беріледі. Бірінші тәсіл — бұйрық мәнді болып ұғынылатын етістіктің негізгі түбір тұлғасы арқылы. Дегенмен, осы тәсіл о заманғы түркі тілдерінің бәріне бірдей тән болмай, етістік негіздің қосымшасыз бұйрық мәнін беруі контекст құрамына, ерекшелігіне байланысты, соған бағынышты болса керек. Дегенмен М. Қашқари түріктердің (мүмкін түркі тайпаларының) біразы II жақта бұйрық мәнін беру үшін **-ғыл (-қыл, -кіл, -гіл)** қосымшасын қолданатындығын айтады: *теңріге йүкүн — йүкүнгіл* (тәңріге жүгін), *серін — серінгіл* (шыда), *теңріге тапын — теңріге тапынғыл* (тәңріге табын) (II, 193). Етістіктің түбіріне (негіз күйіне) **чу** шылауы қосылып та жұмсалған: *келчу* (келші, қалайда кел), *бармачу* (бармашы, қалайда барма). М. Қашқаридың түсіндіруінде бұл шылау «бұйрық мәнін күшейту үшін қолданылған» (II, 225). Сөйтсе де, келтірілген мысалдарға қарағанда, **чу** шылауы тиянақтылық, өтініш, жалыныш мәнін береді. Сөйтіп, бұл тұлғаны қатаң бұйрық мәнінің жұмсаруының грамматикалық тәсілі деп қарауға болады.

Бұйрық райдың II жағының берілуінде сол заманғы түркі тілдері арасында едәуір айырмашылық болған. М. Қашқаридың айтуынша, оғыздар мен қыпшақтар тілдерінде көпше II жақ *бағың* түрінде, яғни етістіктің түбіріне **-ың** қосымшасы жалғану арқылы жасалған. Ал, II жақтық **-ыңыз** қосымшасы бұл тілдерде құрметтеудің, сыпайы қатынасты көрсетудің тәсілі ретінде ғана айтылған. Қашқари **-ыңыз** қосымшасы жақтық жалғау (**-ың**) үстінде көптік жалғау (**-ыз**) қосылуынан жасалған дейді. (II, 51). Сонымен қатар, алдыңғы **-ың** қосымшасы да контекст ішінде құрметтілікті, сыпайылықты білдіру тәсілі ретінде де қолданылған. Сөйтіп, XI ғасырдағы түркі тілдерінде көптік мән мен сыпайылық мән көп ыңғайда бір ғана тұлғалар арқылы берілгенін байқауға болады. Алайда, қазіргі біздің тіліміздегі таза көптік мән беретін **-ындар** күрделі қосымшасының осы мәнде қалыптаса бастауы да сол заманнан басталса керек.

«Диванда» II жақ көпшелік қосымшасының бірі ретінде **-ың-лар** көрсетілген: *барыңлар*. **-ыңдар** таза көптік мәнде қалыптасуға байланысты, **-ыңыз** қосымшасы тек II жақтық сыпайылықты, құрметтеуді білдіретін тәсіл ретінде ғана орныққан деп қарауға толық негіз бар.

Б ұ й р ы қ р а й д ы ң III жағы **-сун, -сүн** қосымшаларының етістік түбірге жалғануы арқылы жасалған: *Ол бармасун — барсун. Ол келмесүн — келсүн* (Ол бармасын — барсын, Ол келмесін — келсін).

Ш а р т т ы р а й т ұ л ғ а с ы **-са, -се** түрінде ұшырасады. Сөйтіп, бұдан ескі түркілік **-сар** тұлғасының қысқарып, шағындалып үлгерген вариантын көреміз: *Келсе ума түшүргіл* (Келсе, қонақ түсір). **-са** тұлғасының қолданылуында мынадай ерекшелік бар: I жақта айтылған **-са** тұлғалы етістікке жақ жалғауы көбінесе **-м** түрінде жалғанады: *Абан қолсам* (егер қолқаласам). Егер осы етістік II жақта айтылған болса, онда жақ жалғауы толық (әлде постпозициялық қолданыстағы жіктеу есімдігі деу дұрыс па) түрінде келеді: *Сен қачан барса сен* (Сен қашан барсан).

Көсемшелер. **-а, -е**: *Етіл сувы ақа туруп* (Еділ суы ағып жатады). *Тама-тама көл болур* (тама-тама көл болар). **-у, -ү (-йу, -йү)**: *Сараңлықын йығлайу алтун* (сарандықтан жылай отыра алтын жияды). Қолданыс ерекшелігі жағынан болсын, грамматикалық мәні жағынан болсын бұл тұлғалар өз ара варианттар болып табылады. Олардың қайсысы да күрделі етістіктердің құрамында келіп, сөз айтылған моменттегі болып жатқан іс-әрекетті, қимылды білдіреді, немесе күрделі синтаксистік топ құрамында басыңқы компонентте айтылған іс-әрекетпен бір мезгілдес іс-әрекетті білдіреді. Сірә, ашық және қысаң дауыстылармен келуі тілдердің әр түрлі тайпалық ерекшелігіне байланысты болса керек.

-б (-ыб, -іб, -уб, -үб): *Мені көрүб йесі ағды* (Мені көріп есі шықты). *Ол ерні уруб мүңретті* (Ол кісіні ұрып мөңіретті). **-бан (-ыбан, -ібен, -убан, -үбен)**: *барчын кезібен* (жібек киініп). Бұл тұлғалардың қазіргі біздің тілімізде сақталған варианты да **(-п)** кездеседі. *Бардың нелік аймадың, кіру көрүп қаймадың* (Бардың, неге айтпадың, кейінгілерді көріп неге қайыспадың). *Кече туруп йорыр едім, қара, қызыл бөрі көрдүм* (Түнде тұрып жүріп едім, қара, қызыл бөрі көрдім). Осы тұлғалардың болымсыздық қосымшасымен бірігіп, күрделеніп кеткен түрі де қолданылған. Ондай тұлғалы етістіктер, әрине, болымсыздық мәнін берген: *Бор болмазып сірке болма* (Боза болмай жатып, сірке суы болма). *Йақын йағуқ көрмезіб ненні көзүр* (Жақын-жуық өзінді көрмей, дүниенді көрер). Осы тұлғалардың қайсысы да генезистік жағынан да, қолданылуы, мәні жағынан да бір ғана тұлғаның әр түрлі (мүмкін тайпалық) варианттары. **-бан (-ыбан, -пан)** тұлғасы V—VIII ғасыр ескерткіштері тілінде де көп қолданыла-

тын тұлға екені мәлім. Көсемшелердің бұл түрі күрделі синтаксистік топ құрамында басыңқыда айтылған іс-әрекеттен бұрын, соның алдында болған қимыл, істі білдіреді, ал күрделі етістік компоненті болып жұмсалғанда өткен шақтық мән береді.

-ғалы (-қалы, -келі, -гелі): *Ол барғалы қалды* (Ол бара жаздап қалды). *Иазықдақы сүвлін өзergелі евдекі тақағу ычғынма* (Жазықтағы қырғауылды аулағалы жүріп, үйдегі тауықты ұмытпа). **-ғалы** көсемшесінің бұл қолданысынан біздің тіліміздегіден өзгешелік табу қиын, мұнда да желер шақ мақсат мәнінде айтылған.

-ғынча, -гінче: *Тікмегінче өпмес, тілемігінче болмас* (Тікпегенше өпбес, тілемегенше болмас). Бұл тұлға көбінесе үстеу қызметінде қолданылады.

Есімшелер. Есімше тұлғалары «Диван» тілінде сан жағынан едәуір. Солардың біразының мәні мен қызметі, қолданылу ерекшелігі жайында «Диван» авторы ретті жерінде түсініктеме беріп отырады. Алайда, «Диван» тілінде ұшырасатын есімше тұлғалары түркі тілдерінің кейінгі даму барысында қаз қалпында, сол күйінше қалды деуге болмайтыны белгілі. Есімше категориясы—қашанда етістік пен есім сөздер тобын жалғастырушы, оларды бір-біріне ұштастырушы категория. Сондықтан, Қашқари заманында түркі тілдерінде есімше тұлғаларында жұмсалған бірсыпыра сөздер тілдің кейінгі даму барысында есім сөз топтарына ауысуы кездесе, кейбір есімше тұлғаларының мәні көмескіленіп, қолданудан шыққандығын, тек бірен-саран сөздер құрамында ғана сақталғандығын көруге болады. **-асы, -есі:** *бу йа курасы оғур тегул* (Бұл үй құратын уақыт емес). *Бу йа құрду оғур ермес* (Бұл үй құратын уақыт емес). **-ғу, -гү:** *Бу турғу йер ермес* (Бұл тұратын жер емес). М. Қашқари бұл екі аффиксті мағыналық жағынан бір-бірімен параллель аффикстер ретінде түсіндіреді. Ол былай деп жазады: «Мезгіл есімдері, мекен есімдері және құрал атын білдіретін есімдер жуан айтылатын, құрамында к дыбысы бар сөздерге **-ғу**, жіңішке айтылатын сөздерге **-гү** қосымшасын қосу арқылы жасалады. Бұл ереже чығыл, яғма, тухси, арғу, ұйғыр және Чинға қарай орналасқан барлық тайпа тілдеріне тән. Оғыздар мен қыпшақ, беженек, булғар тілдерінде мұндай сөздер етістіктің бұйрық түріне **-асы** қосымшасын қосу арқылы жасалады». (II, 71). Сонымен, оғыз, қыпшақ, булғар тілдерінде **-асы** қосымшасы қолданылған да, шығысқа қарай орналасқан тайпа тілдерінде **-ғу** қосымшасы қолданылған. Осы орайда бір ескере кететін жай: қазіргі қазақ тілінде осы екеуінің де ізі кездеседі: *ұрғы, ұңғы* сөздерінің құрамынан ескі **-ғу** қосымшасының өзгерген түрін көрсек, *аласы, бересі* сөздерінің құрамынан ескі **-асы** қосымшасының ізін байқауға болады. Бұл қосымшалар арқылы жасалған сөздердің көпшілігі қазақ тілінде зат есім, сын есім т. б. есім сөз таптары құрамынан жиі ұшырасады.

-(ы)ғсақ, -(і)гсек: *Ол кіші ол бізге келісек* (Оның бізге

келгісі бар). *Ол ет тоғырағсақ ол* (Оның етті турағысы бар). Бұл қосымша «Диванда» былай түсіндірілген: «Істеуші істі істеуді ойлағанын, орындағысы келгенін білдіруші етістік түрі *суғарығсақ* тәрізді болады. *Ол ат суғарығсақ ерді* (Ол атты суғарғысы бар. Ол атты суғару ойы бар)» (II, 298). Бұл қосымшаның құранды өкпені аңғару қиын емес: **-(ы)ғ+сақ**. Соңғы элемент **(-сақ)** есім сөздерге де жалғанып, осыған жақын мағына беретіні ескертіледі (II, 60). **-(ы)ғсық, (і)гсік**: *Ол сеңе оғрағсық ерді* (Оның саған барғысы бар еді). *Ол ет тоғрағсық ерді* (Оның етті шын турағысы келіп еді). *Ол сеңе оғрағсық ерді* (Оның саған шынында да келуі керек еді). Қашқари бұл тұлғаның оғыз, қыпшақ тілдеріне тән екенін айтады. (III, 329). Бұл да алдыңғы тұлға сияқты, модальдық мән береді, бірақ екеуінің мәні екі басқа. **-(ы)ғсы, -(і)гсі**: *тебретігсі ерді* (ол қозғалғысы келді). Бұл — алдыңғылардың қысқарған, ықшамдалған түрі. Соңғы дыбыс түсіп қалған **-(ы)шсақ, -(і)шсек**: *ол аны сувдың кеңрүшсек ерді* (Ол ананы судан өткізгісі келді). Мұның да алдыңғы тұлғалармен мәндес, солармен синонимдес екені мысалдардан көрініп тұр. Алайда, Қашқари соңғы тұлға тілде (әрине, сөйлеу тілінде болса керек) сирек қолданылады деп ескертеді (II, 299). Сөйтіп, әңгіме болып отырған 4 тұлға тек синоним ғана емес, сонымен бірге генезистік жағынан да бір-біріне тығыз байланысты тұлғалар. Бұлардың қайсысы да құранды, шамамен екі түрлі компоненттен тұрады. Модальдық мәнді туғызушы, бүкіл сөзге модальдық әр беруші компонент **-сақ** немесе **-сық** (қысқарған, ықшамдалған түрі **-сы**). Ол және етістік түбірге жалғанатын аффикс емес, қайта есім түбірге, немесе есім болып ұғынылатын түбірге ғана жалғана алатын қосымша. Осыдан бұрын ескертілгендей, Қашқари бұл аффикстің есім түбірге қосылып қолданылатындығын айтады. Анығында есімше тұлғасы **-(ы)ғ, -(ы)ш**. Бұлардың әрқайсысы етістік түбірге жалғанып, кимыл есімін жасаған тұлғалар. Ал, кимыл есімдері бірде етістік мәнінде, бірде зат есім мәнінде ұғынылатыны белгілі. Қашқаридың өзі де мұндай тұлғаларды бірде масдар, бірде есімдер деп түсіндіреді. Алайда, бұлардың **-сақ (-сық)** аффиксімен бірігіп келген түрі, «Диван» авторының айтуына қарағанда, сөйлемнің предикатив мүшесінің қызметінде жиі қолданылған. Мұндай қолданыс, әрине, бұл тұлғалардың кимыл есім мәнінде екенін танытады. Предикатив қызметінде қолданылуының бір ерекшелігі — жақ жалғауларын қабылдамауы. Олар көбіне көмекші етістіктермен бір тіркесте келеді де, жақ жалғаулары соңғысына жалғанады, немесе дара қолданылса, жақ қосымшалары орнында жіктеу есімдіктерінің қажетті жағы айтылады. Бұл да аффикстің соңғы компоненті **-сақ** қосымшасының етістікке тән еместігін көрсететін факт.

Бір-біріне мәндес, синонимдес қолданылатын аффикстердің бірі **-(ы)ғлы, -(ы)ғлық, (-і)лік, (-і)лі**: *Ол ет тоғрағлы ол* (оның ет турайтын ойы бар). *Ол ат күзетілік ол* (Оның ат күзететін ойы

бар). Бұлар да құранды аффикстер, алдыңғы компоненті **-(ы)ғ**, **-(і)г** қимыл есімі де, соңғысы **-лық** немесе **-лы** әдетте есім түбірге жалғанатын аффикстер. М. Қашқари **-лы** аффиксін масдарға жалғанған сын есім қосымшасы деп түсіндіреді (II,62). Бірақ, қолданылу ерекшелігіне қарағанда, мұндай сөздер құрамында **-лық** немесе **-лы** аффикстерінен гөрі **-ғ** тұлғасының, есімше тұлғасының мәні басым болғанға ұқсайды. Бұлардың қимыл есім, немесе есімше қызметінде жиі қолданылуын тек солай деп қана түсінуге болады. **-лы** аффиксі **-лық**-тың қысқарған, ықшамдалған түрі, қазіргі біздің тіліміздегі сын есім жасайтын актив қосымша екеніне дау жоқ.

Осы айтылған қосымшалармен мәндес, орайлас **-ғулук**, **-гүлүк** аффиксінің құрамынан да **-лық** аффиксінің фонетикалық вариантын (**-лук**, **-лүк**) көруге болады. Бұл да — қимыл есім тұлғасы (**-ғу**, **-гү**) мен **-лүк** аффиксінің бірігуі арқылы жасалғандар. Қосымша алдыңғы компонент ыңғайынан осыдан бұрын айтылған **-ғу** тұлғасымен ұялас: *Ол евеге барғулук ерді* (Оның үйге барғысы келді). *Ол мұнда тұрғулук ерді* (Оның мұнда тұрғысы келді). Осымен ұялас қосымшаның бірі **-ғучы** (**-кучы**, **-гүчі**, **-күчі**): *келгүчі ер* (келуші кісі), *тапынғучы* (табынушы) т. б. Бұның соңғы компоненті **-чы** — есімдерге қосылып, іс иесін, кәсіп иесін білдіретін аффикс. М. Қашқари былай түсіндіреді: «**-чы** — істеушіні, іс иесін білдіретін қосымша. Бұндағы **ы** өткен шақ қосымшасындағы **ы** емес, істің кімге қатыстылығын, сынды білдіретін қосымша: *етчі* (қасап), *етмекчі* (наубай)». (II, 54). Сонымен, қимыл есімге жалғанған **-чы** қимылдың, процестің иесі барлығын, соны орындаушыны білдіретін аффикс. Біздің тіліміздегі барушы, жазушы, келуші тұлғалары осы айтылып отырған ежелгі түркілік тұлғамен байланыстылығында дау жоқ.

М. Қашқари көрсететін **-дачы**, **-дечі** қосымшасы да мағынасы жағынан **-ғучы** қосымшасымен астасып жатады: *күзеттечі* (күзетші, күзеттегі кісі), *саттачы* (сатушы, сататын кісі), *бітігетчі* (жазғызушы кісі, жаздыратын кісі) т. б.

V—VIII ғасыр жазбалары тілінде осыған ұқсас қосымша қолданылғандығы мәлім. Сыртқы пішіні жағынан бір-біріне соншалық ұқсас болғанмен, екеуінің грамматикалық мәні жағынан айырма байқалады: V—VIII ғасыр жазбалары тіліндегі **-тачы** (**-дачы**) жіктік жалғауларын қабылдап, келер шақ мәнінде ашық райлы етістік болып қолданылады: *олтечісен* (өлесін, жоқ боласын). Қашқари көрсететін **-дачы** тұлғасының **-т**-дан басталатын варианты да бар, бірақ ол тек қана қимыл есімі мәнінде ұшырасады, шақты білдіреді. М. Қашқари мұны **-ғучы** қосымшасының түрікмен тіліндегі синонимі ретінде түсіндіреді (II, 342).

-ғалыр (**-қалыр**, **-гелір**): *Мен барғалырман* (мен бармақшымын, баруға жиналудамын). Бұл аффикс істеушінің белгілі бір істі, әрекетті орындауға жиналғандығын, мақсат еткенін білдіру мәнінде қолданылған. Мұндай тұлғалы сөздер жақ қосымшала-

рын кабылдап, көбіне предикат қызметінде жұмсалатыны байқалады.

-ма, -ме: *Өрме сач* (өрілген шаш, өрме шаш), *өкме тупрақ* (үйме топырақ). Қазақ тілінде **-ма** қосымшасы қимыл есімі, зат есім мәнінде ғана кездеседі. **-дук, -дүк:** *булмадуқ неңе севінмен* (табылмаған нәрсеге қуанба). **-мыш, -міш:** *құрмыш йа* (тартылған садақ); **-р (-ар, -ер, -ур, -үр, -ыр, -ір):** *Қайнар өкүз кечіксіз болмас* (Ағыны қатты өзен кешпесіз болмас). **-мас, -мес (-ма + с, -ме + с):** *пушмас ер* (қайғыға мойымайтын кісі, сабырлы кісі). **-дук, -мыш, -мас** тұлғалары есімше мәнінен гөрі ашық райлы етістік қызметінде жиі ұшырасады, жақ көрсеткіштерін жасайды. Бұлардың ішіне **-дук**, осыдан бұрын айтылғандай, жақ жалғаулары бойынша өзгермейді. Қашқаридың көрсетуінше, бұл қосымша оғыз, қыпшақ тілдерінде өткен шақ мәнін беретін қосымша. Өткен шақ тұлғасы **-мыш** есімше мәнінде біздің тілімізде жеке сөздер құрамында сақталған (тұрмыс, болмыс, оймыш) т. б. **-р, -мас** тұлғалары Қашқари айтқан мәні мен қызметінде біздің тілімізде де қолданылатыны белгілі.

«Диван» тілінде кездесетін есімше тұлғаларының ішінде көңіл аударарлық бір тұлға **-ған, -ген** аффиксі. Қазақ тіліндегі **-ған** — бұрынғы өткен шақ мәнін беретін тұлға, сонымен қатар, есімше қызметінде де жарыса қолданылады. Қашқари бұл тұлғаны былай түсіндіреді: «Іс пен әрекеттің көп қайталанғандығын, созылыңқы екендігін білдіретін есімшелер. Бұндай есімшелердің жасалуы барлық тайпаларда және әрбір тармақтарда бірыңғай болып, бұйрық тұлғасынан жасалады. Бұйрық тұлғасының соңында қатаң қ бар сөздерге **-ған**, жұмсақ сөздерге **-ген** жалғанады. Сондықтан көп мөрта қайталанған іс-әрекетті білдіруші есімше *барған* «бар» бұйрық райынан, *тұрған* «тұр» бұйрық райынан жасалған» (I,57). Қазақ тіліндегі **-ған** тұлғасынан, әрине, істің дүркінділігі де, созылыңқылығы да әсте байқалмайды. Мұндай мән **-аған, -еген** қосымшаларынан көрінеді. **-(ы)нды, -(і)нді:** *көмінді нең* (көмілген нәрсе), *сүзүнді су* (сүзілген, тазартылған су). Қосымша, әрине, құранды болу керек. Аффикстің алдыңғы компоненті **н** өздік етістік тұлғасы деп шамалауға болады. Ал **ды** элементін жедел өткен шақ тұлғасы деп қарауға болатын тәрізді. Олай болуының себебі: ең алдымен, жедел өткен шақ тұлғасы **(-ды** қимыл есімі) **-ынды** құрамындағы **ды** элементімен грамматикалық мән білдіру ыңғайында бірыңғай, бірдей. Екінші жағынан, жедел өткен шақ тұлғасы болатын **-ды** аффиксті сөздердің субстантивтенуі, сонымен қатар, есімше мәніне ие болуы орта ғасырлық жазбалар тілінде ұшырасып отыратын құбылыс. Нақ осы тұлғада **(-ынды)** қалыптасып жеткен сөздер қазақ тілінде де бар. Үйінді, жуынды, туынды, сарқынды, калынды тәрізді сөздер нақ осы тұлғада орныққаны даусыз. Бірақ, қазақ тілінде мұндай тұлғалы сөздер заттанған, зат есім мәніне ие болғандар. **-мақ, -мек:** *Аның келмекі йақды* (Оның келуі жа-

қын). *Ол аны көрмекін күседі* (Ол ананы көрмекші болды). -мақ тұлғасы қазақ тілінде көбінесе ашық рай және қимыл есім мәнінде жиі қолданылатыны белгілі.

Осы шолудан байқалып отырғанындай, орта ғасырлық түркі тілдерінде есімше, зат есім, сын есім категориялары морфологиялық жасалу тәсілдері жағынан бір-бірімен астасып жатады, бірі екіншісіне ауысып отырады. Кейде көптеген тұлғалардың қай категорияға жататындығын контекст құрамындағы қолданысынан ғана ажыратуға болады. Бірсыпыра тұлғалар аталып отырған категориялардың барлығында да қолданылған, әр қайсысының жасалу тәсілі болған. Мұның бәрі етістік түбірден есімдер мен есімшелер жасалу тәсілдері әлі өз ара айқын жіктеліп бітпегендігін көрсетеді.

Етістер. М. Қашқари етіс түрлерінің жасалу тәсілдерін оқшау алып қарамайды, қайта олардың жасалу жолдары мен ерекшеліктерін етістіктердің салт-сабақтылық мәндерімен байланысты, солардың бір-біріне өз ара ауысу тәсілдерімен ұштастыра әңгімелейді. Бұл — бір жағынан, «Диван» авторының түркі тілдеріндегі етістік категориясын жан-жақты зерттегенін дәлелдесе, екінші жағынан, түркі тілдеріндегі етіс тұлғалары мен салт-сабақтылық мәндердің жасалуы қашанда бір-бірінен туындап жататын заңдылықтар екенін көрсететін факт.

Өздік етіс қосымшасы -н(-ын, -ін, -ун, -үн): *Урағут безенді* (Әйел безенді әшекейленді), *Ер севунды* (Кісі сүйінді), *Ол өзіне йеміш терінді* (Ол өзіне жеміс терді), т. б. Өздік етістіктің тағы бір қосымшасы: -л (-ыл, -іл, -ул, -үл): *Ер керілді* (кісі керілді), *Будун йығылды* (Халық жиылды). Бұл қосымшалар өздік етіс жасаумен қатар, салт, сабақтылық мәндерін беруші тәсіл ретінде де қаралған: «Сабақты етістік -н қосылу арқылы өздік етіске (салт етістікке) айналады» (III, 122). Сонымен қоса, -л аффиксі сабақты етістікті салт етістікке айналдырушы тәсіл ретінде де түсіндіріледі. Ырықсыз етіс жасайтын қосымшалар мына төмендегідей:

-л(-ыл, -іл, -ул, -үл): *Топық йуылды* (доп домалатылды), *Ев безелді* (үй безелді), *йармақ берілді* (оған ақша берілді) т. б. «Диванда» ырықсыз етіс жасайтын -л аффиксінің мәні мен қызметі былай түсіндірілген: «л әрпі (қосымшасы) үш түрлі қызметте қолданылады: біріншіден, екі әріпті (буынды) етістіктен үш әріпті (буынды) етістік жасалады; л әрпі ырықсыз етіс қызметін атқарады. Сондықтан: *ер урулды* (адам ұрылды)... Екіншіден, салт етістіктен ырықсыз етіс жасайды: *ол йерге барылды* (ол жерге, мекенге барылды) ...Үшіншіден, бұлардан басқа, дербес мәнді етістіктер жасайды: *өлүк тірілді* (өлік тірілді). *Сүт соғулды* (сүт сауылды), *Суғ сүзүлді* (су сүзілді, тундырылды)». (II, 160—161). -л аффиксінің Қашқари көрсеткен осы ерекшеліктері қазақ тіліне де тән. -н(-ын, -ін, -ун, -үн): *Таш ытлынды*

(Тас ытқытылды, тері тілінді), *Оруқ узлунды* (арқан үзілді), *Ев безенді* (үй безенді), т. б.

«Диван» тілінде **-ык(-ік), -ук, -үк), -сук, -сүк** аффикстері де ырықсыз етіс мәнінде қолданылуы кездеседі. Бұл қосымша жайлы «Диван» авторы былай деп жазады: «**-к(-ык), -к(-ік)** әріпті (қосымшалы) етістіктер екі түрлі: біріншісі, екі әріпті (буынды) етістіктерге **-к, -к** жалғанып, күтілмеген, ойында жоқ істің ықпалына, әсеріне ұшырағанын, жеңілгенін аңғартады. *Ер йағыңа басықты* (Кісіні дұшпаны жеңді, оның көңілі басылды), *Ер усукты* (кісі сусады, шөлдеді). **К** әріпті (қосымшалы) етістіктерге мысал: *Тон кірікті* — Тонды (киімді) кір басты (кірледі)... Бұл етістіктің екінші бір түрлері мұндай мән-мағына берместен, өздерінің тура мәнінде қолданылады: *Ер евге ашукты* (Кісі үйге асықты), *Ер ышы жулукті* (Кісінің шаруасы нашарлады, төмендеді)» (II, 192). **-сык** аффиксін Қашқари **-ык** аффиксінің варианты ретінде түсіндіреді: «Бұл ыңғайда қ әрпі көбінесе с-мен қосылып қолданылады: *Ер арсықты* (Кісі алданды), *Ер суйсуқты* (Кісінің малы ұрланды)» (1,58). Екеуінің қолданылу жөні де, үстейтін мән-мәнері де бірдей, айырмашылық тек дыбыстық құрамдарында ғана. Бұл аффикстердің екінші бір қызметі — есімше мәнінде қолданылу екенін де ескертеді Қашқари. Қашқаридың бұл ескертпесіне сүйенсек, XI ғасырдағы түркі тілдерінде етіс пен есімше формалары бір-бірімен астасып жатқан деп қарауға тура келеді. Қазақ тілінде есімшелер мен етістердің мұндай астасуы әсте ұшыраспайды.

Ортақ етіс **-ы(ш), -і(ш), -уш, -үш** аффиксі арқылы жасалады: *Игітлер ышқа қынышды* (Жігіттер іске қуанысты). М. Қашқари **-ш** аффиксінің екі түрлі мағыналық реңкін (оттенек) айтады. Олар, автордың айтуынша, мыналар: а) істі орындауға көмектесу, болысу, бірлесу және ә) айтысу, ерегісу, жарысу. Автор алдыңғы реңкті білдіретін **-ш** аффиксті етістіктер *меңе* (жіктеу есімдігінің барыс тұлғасы) сөзімен тіркеседі, ал соңғы реңкті білдіретін сондай етістіктер *бірле* шылауымен тіркесіп жұмсалады деп түсіндіреді (II, 127—128). Алайда, сол ережелерді дәлелдеуге берілген мысалдар құрамын байкастырғанда, ол тәсілдердің кейде бір-біріне ауысып, бірінің орнына екіншісінің айтыла беретіндігі де байқалады.

Өзгелік етіс бірнеше тұлғалар арқылы жасалған:

-т(-ыт, -іт): *Ол оны тілетті* (Ол оны қайыршы қылды, тілентті). *Ол меңе біткі оқытты* (Ол маған кітап оқытты). *Ол аңар ет тоғратты* (Ол оған ет туратты). **-т** аффиксі, сонымен қатар, салт етістіктерді сабақтыға айналдырудың тәсілі ретінде де баяндалады, (II, 297, 371—376). **-ур:** *Оны сувдан кечурді* (Оған су кешкізді, оны судан өткізді), *Ол оны евден көчурді* (Ол оны үйден көшірді). Бұл да етіс жасаумен бірге, сабақты етістік жасаудың да тәсілі делінеді. Сонымен қатар, М. Қашқари **-р** аффиксті етістіктердің барлығы бірдей етіс мәнін бермейді, кей-

бірі ашық райлы етістік мәнінде (дербес мәнде) қолданылады дейді. Соңғы ерекшеліктің дәлелі ретінде мынадай мысалдар келтірілген: *Оның бойнын қазырды* (оның мойнын қайырды), *Қап құдурды* (қап босады), (II, 191). *Қазыр* етістігі біздің тілімізде кейбір фонетикалық өзгеріспен (з—й) жеткен. Қазақ тілінде бұл сөз түбір етістік деп қаралады. Егер Қашқаридың жоғарғы ескертпесіне сүйенсек, онда осы тұлғалас біраз етістіктерлі тарихи тұрғыдан түбір мен қосымшадан жасалған туынды сөз деп қарауға тура келеді.

-тур (**-түр**, **-дүр**, **-дүр**): *Теңрі оғұл туғтурды* (тәңрі ұл туғызды). *Сув іштүрді* (су ішкізді). Бұл да сабақты етістік жасаудың бір тәсілі болған. Алайда, Қашқари келтіретін біраз мысалдар біздің тілімізде **-тыр** (ескі түрі **-тур**) аффиксімен емес, **-ғыз** аффиксімен айтылады. Бұл ауысу, сірә, аталған аффикстердің синонимдес қолданылуынан барып шықса керек. **-ғур** (**-гүр**, **-қур**, **-күр**): *Ер йағ ергүрді* (Кісі май еріттірді), *Ер атын тұрғурды* (Кісі атын тұрғызды). М. Қашқари бұл аффикспен келетін етістіктердің екі түрін айтады. Бірінші түрі — өзгелік етіс мәні: істің істелуі басқа бір субъект арқылы болғанын аңғарту. Екінші түрі етіс мәнін де, сабақтылық мәнін де бермейді, істің орындалғанын, не орындалатынын білдіреді. Бұл топтың өзі, М. Қашқаридың айтуынша, екі басқа. Бірсыпыра етістіктер істің істелу ниетін, соған ыңғайланғандығын білдіреді: *Ашыч ташғурды* (қазан тасуға жақындады, таси жаздады). Бірсыпырасы мұндай мән туғызбай, тура мағынасында жұмсалады: *Теңрі мені құтғарды* (Тәңрі мені құтқарды), *Ер қағурды* (Кісінің күлкіден ішегі қатты) (II, 233). Қашқари соңғы екі топтың екеуін де салт етістіктер деп түсіндіреді. Қазақ тілінде өзгелік етіс жасайтын **-ғыз** аффиксі **-ғур**-дың өзгеріске түскен варианты (**р—з**) екені айқын. Сонымен бірге, қазақ тіліндегі құтқар, өткер, көмкер сөздері құрамындағы **-қар**, **-кер** элементтерінің осымен байланысы жоқ па екен деген ой туады. **-уз**, **-үз**: *Ер сув тамузды* (кісі су тамызды). Бұл аффикс те салт етістікті сабақтыға айналдырудың тәсілі болған. Алайда, Қашқари кез келген етістік құрамындағы **з**-ны осы аффикс деп түсінуден сақпандырады. Ол (М. Қашқари) *Табузғуқ табузды* сөйлеміндегі *табуз* (*ды*) сөзінің құрамындағы **з** аффикс емес, сөздің соңғы дыбысы дейді.

Оғыз тілінде өзгелік етіс **-дуз//дүз** аффикстері арқылы да жасалған: *Ол меңе ыш білдүзді* (Ол маған іс білдірді), *Ол тавар алдузды* (оның малы тартып алынды).

Етістік жасайтын жұрнақтар.

Есім түбірден етістік жасайтын жұрнақтардың біразы «Диванда» арнайы көрсетіліп отырған. **-(а)р**, **-(е)р**: *Тон қызарды* (Киім қызарды, қызыл түске боялды), *Тон қарарды* (Киім қарай-

ды). Қашқаридың бұл аффикстің генезисі жәйлі түсінігі көңіл аударарды: «Тон қызарды... Мұның негізі *қызыл ерді*. Л мен е түсіп қалған. Сөйтіп, түбір етістікке айналған» (II, 190). Сонда **-р(-ар, -ер)** аффиксінің арғы негізі **-ер** (біздің тілімізде **е**) көмекші етістігі де, ол сөз тіркесі құрамында редукцияланудың нәтижесінде жұрнаққа айналған болып шығады. Алайда, Қашқари келтіретін *тон қарарды* сөйлемі құрамындағы *қарарды* етістігі қазақ тілінде қарайды пішінінде дыбысталады. Бұл да, дыбыс ауысу құбылысымен байланысты тәрізді (**р—з—й**). **-Аз, -ез**: *Ол меңе көзезді* (ол бір нәрсені маған бола сақтады), *ол мені көзезді* (ол мені күтті). Қашқари бұл аффиксті *көз етті* тіркесімен байланыстырады (II, 91). Бірақ нақ олай деп қарауға дәлелдер жеткіліксіз. **-т(-ат, -ет, -ут, -үт, -ыт, -іт)**: *Ер терітті* (Кісі терледі). Бұл да есім мен **ет** көмекші етістігі тіркесінің құрамында **ет** етістігінің редукцияланған түрі деп түсіндіріледі (II, 350). **-а, -е**: *Иашын йашынады* (жасын жасынады). *Қысрақ қулынады* (бие құлынады), *Қысрақ йелнеді* (бие желіндеді). Бұл жұрнақтың еріндік, қысаң варианттары да кездеседі: *ер байуды* (Кісі байыды), *урағут йенді* (әйел босанды). **-ла, -ле**: *Булыт қарлады* (бұлттан қар жауды), *Ол оруқны қулачлады* (Ол арқанды құлаштады), *Ол аны қылычлады* (Ол оны қылыштады), *Ол қапуғ кірітледі* (Ол есікті құлыптады).

Қашқаридың айтуына қарағанда, **-ла** аффиксі есімдерден етістік жасаудың аса өнімді тәсілдерінің бірі болса керек. **-сы, -сі**: *Сүчин сусыды* (Шарап суланды, шараптың суы көбейді). *Үзүм ачығысыды* (Жүзім ашыды, ашып кетті). Қазақ тілінде де осыған ұқсас аффикс кездеседі және ол екі түрлі мағынада ұғынылады: *Кұм сусыды* (Ол кісімсіді). Алдыңғы сөз құрамындағы (*сусы*) **-сы** аффиксі семантикалық сапасы жағынан Қашқари айтып отырған жұрнақ деп қарастыруға мүмкіндік бар. Ол бұл аффиксті бір күйден екінші күйге, бір сападан екінші сапаға өтуді білдіреді деп түсіндіреді (I, 279). **-да (-де, -та, -те)**: *Бег аны оқтатты* (Бек оған оқ атқызды). *Ол йағыны алдады* (Ол жауды алдады). **-ды, -ді**: *Аучы кейікні аңдыды* (аңшы киікті аңдыды). **-ғар, (-гер, -қар, -кер)**: *Ол ат сувғарды* (ол ат суғарды), *Ер башы газғарды* (Кісінің басы тазарды, шашы түсіп қалды, жалтырланды). **-са, -се**: басқа аффикстерден өзгеше, әрі есім түбірге, әрі етістік түбірге жалғанып, қалау мәнді сөздер жасаған. М. Қашқари бұл аффикс туралы былай деп жазады: «**са** қосымшасы екі, үш буынды есім және етістіктерге жалғанып, әзірше істелінбеген, бірақ оны орындауға ықыласы, ниеті бар екенін аңғарту үшін қолданылады». (I, 276—277). Одан әрі бұл қосымшаның көп буынды сөздерге де қолданыла алатындығы айтылады: *Ер етседі* (кісі ет жегісі келді), *Ер қағұнсады* (кісі қауын жегісі келді), *Ол қуш учурсады* (Ол құс ұшыруды ойлады). Қазақ тілінде бұл қосымшаның екі түрлі көрінісі бар: *Кісі сусады*, *Оның айтқысы келді*. Осы сөйлемдердегі *сусады*, *айтқысы* етістіктерінің құрамындағы

-са, -сы қосымшалары бір ғана қосымшаның екі түрлі варианты деп есептеуге әбден болатын тәрізді.

Ал мына аффикстер етістік түбірге жалғанып, істі істеуге ниеті болмаса да, істі орындағандық түр көрсету, яғни көлгірсу мәнін беретін етістіктің модалдық тобын жасаған: **-(ы)мсын, //-імсін, -умсын, -үмсін**: *Ол ат суғарымсынды* (ол ат суғарған болды, сондай түр жасады), *Ол аны қачрумсынды* (Ол ананы қуған болды, солай боп көрінді). **-(у)н, -(ү)н**: *Ол ат суғарунды* (Ол ат суғарған болды). **-сір**: *Ер күлсірді* (Кісі күлімсіреді).

Демеуліктер. «Диванда» септеулік демеуліктердің біразына түсінік берілген, ал енді біразы контекст құрамында ұшырасады.

Бірле демеулігі *бірле, біле* түрінде екі вариантта берілген. Варианттардың пайда болуы р дыбысының редукциялануына байланысты. *Бірле* бірелікті, мезгілдестікті білдіріп, шылау қызметімен қатар, жалғаулық қызметінде де келеді, атау, ілік, кейде жатыс септіктегі сөздерді меңгереді: *Қанығ қан біле йумас* (Қанды қанмен жумас), *Ол менің бірле білішді* (Ол менімен танысты). *Таңда біле көрсе мені* (Таңмен бірге көрсе мені).

Үчүн — «себепті білдіретін сөз» (I, 105). Атау мен ілік септіктегі сөздерді меңгереді: *Сенің үчүн келдім* (Сен үшін келдім).

Үзе демеулігі атау септіктегі сөздерді ғана меңгереді. Іс-әрекет бағытталған затты, іс-әрекет болатын орын-мекенді көрсетеді: *Тағар ешпек үзе артылды* (Қап есекке артылды), *Сартның азуқы арығ болса, йол үзе йер* (Саудагердің азығы адал, таза болса, жол үстінде де жер).

Ара — нәрсенің ортасы, арасы: *Кіші ара кірдім* (кісілер арасына кірдім). Қолданысы жағынан бұл демеуліктің қазіргі қазақ тіліндегіден айырмашылығы байқалмайды. Бірақ, тек қана атау тұлғасындағы сөздермен байланысады.

Отру (қарсы, қарсысында) атау, барыс тұлғалы сөздермен тіркесіп, іс-әрекет бағытталған затты көрсетеді: *Ол меңе отру келді* (Ол маған қарсы жолықты).

Таба қазақ тіліндегі таман демеулігінің мәнінде жұмсалған. Қашқари мұны барыс септік орнына қолданылатын сөз деп түсіндіреді. (III, 235). Ол атау, ілік тұлғалы сөздермен қолданылады: *Менің таба келді* (Маған таман келді). Кейде барыс септіктің ескі тұлғасы **-ру** қосымшасын қабылдайды: *Ол менің табару келді*.

Узу ілік жалғаулы сөзбен тіркеседі: *Мен аның узу бардым* (Мен онан соң келдім), *Мен сенің узу бардум* (Мен сенен соң бардым).

Баса шығыс септікті меңгереді: *Мен андан баса келдім* (Мен оның ізін баса келдім).

Соң баса демеуінің синонимі ретінде қолданылғанмен, ілік жалғауын меңгереді: *Сен менің соңда кел* (Сен менің соңымнан кел).

Қат атау тұлғалы сөзбен тіркеседі. Қашқари бұл сөзді оғыз тіліне тән деп көрсетеді. (I, 311). *Бег қатында* (бектің қасында).

Бурун шығыс жалғаулы сөзбен тіркеседі. *Ол менден бурун барды* (Ол менен бұрын барды).

Кіб сияқты, сықылды сөздерінің мәнін береді, ілік тұлғалы сөзбен тіркеседі: *Бу ер аның кібі* (бұл кісі анаған ұқсас).

Іңіре, іңінде қазақ тіліндегі іші(нде) көмекші есімі. «Диванда» атау тұлғалы сөздермен тіркеседі: *Ол йанчық іңре йармақ қарбанды* (ол қалтасының ішінен ақша қарады).

Ж а л ғ а у л ы қ т а р. «Диванда» салаластырушы жалғаулықтардың мынадай түрлері кездеседі:

Азу: *Үзүм йегіл азу қағын йегіл* (Үзім же немесе қауын же).

Тақы, дақы қазақ тілінде *тағы* түрінде айтылады: *Аны біліп тақы барды* (Оны біліп тағы бардым).

Йеме: *Йалқса йеме йағ езгү, күйсе йеме күн езгү* (Жалықтырса да май игі, күйдірсе де күн игі).

Аб: *Аб бу, аб ол* (ол да емес, бұл да емес).

Сабақтастар құрамында айтылатын жалғаулықтар (сөздер) мыналар: **абан:** *Абан сен барсаң* (егер сен барсаң). **Қалы:** *Бу сен бу ышығ қалы қылдың* (сен бұл істі қандай қылдың), *Сен қалы барсы сен* (сен егер барсаң).

«Диван» авторы күшейткіш демеулерін де көрсетіп, олардың қолданылу ерекшеліктерін төмендегіше түсіндіреді. **Чу, чү** бұйрық рай тұлғасына қосылып, жалыныштылық мән туғызады: *келчу* (келші). **Оқ, өк** айтылған істің қалайда орындалу қажеттігін білдіреді: *барғыл-оқ* (қалайда бар). **-мат, -мет:** талғаулық, жіктеулік мән береді: *Күчі аның кевілдімет* (оның күші кеміді-ақ). **Үш** өзі қатысты сөздің алдында келіп, нақтылау мәнін береді: *Уш келдүүғүм бу* (Келгенім осы ғана). **-ла, -ле** етістіктің жіктелген тұлғаларымен келіп, анықтау, нақтау мәнін береді: *Ол бардыла* (ол қалайда барды).

Сұраулық шылау **-му, -мү, -мы, -мі:** *Бу атму* (Бұл ат па?), *Есенмүсен* (Есенбісің?).

М. Қашқари еңбегінің сөздік қоры жайлы

Осыған дейін де айтылғандай, «Диван»— XI ғасырдағы түркі тілдері лексикасының жиынтығы, соны топтастырып берген еңбек. Бүгінгі түркі халықтарының қайсысы да өз тілінің сол заманғы көрінісін «Диван» тілінен ұшырата алады. Сондықтан да бұл еңбектің лексикасын зерттеу, ең алдымен, бүгінгі бізге белгілі түркі тілдерінің тарихи-салыстырмалы лексикологиясын зерттеумен тығыз байланысты. Бұл жерде оның лексикалық құрамына жалпы шолу, оның кейбір басты-басты ерекшеліктерімен ғана таныстыру мақсат етілді.

М. Қашқаридың жеке сөздерді түсіндіру тәсіліне қарап, мы-

на бір жайды байқауға болады: түсіндіріліп отырған сөз сол заманғы түркі тілдерінің барлығына бірдей ортақ болса, онда әлгі сөздің қай тілге тән екендігі турасында сөз болып жатпайды. Сондай сөздерді шамалап қарағанда, «Диван» лексикасының ең көбі, қомақтысы сол жалпы түркілік лексика болып шығады. Егер түсіндіріліп отырған сөз сол заманғы түркі тілдерінің барлығына бірдей болмай, тек бір ғана халық тілінің ерекшелігі, көрінісі болса, онда оның қай халыққа тәндігі айтылып, ескертіліп отырады. Мысалы: *Оғла* — жас жігіт (арғуша), *етті* — *теңрі менің ышым етті* (тәңрі менің ісімді ондады, жөндеді); *ол йүкү-нүч етті* — ол намаз оқыды (оғызша). Бір нәрсе істесе оғыздар *етті* дейді, түркілер *қылды* дейді, *Андағ* (сондай, солай). *Андағ айдым* — солай дедім (чығылша).

Улыч — балаларды сүйіп, еркелеткенде айтылатын сөз: *улычым* — ұлым, қарағым (қарлукша). Кейбір сөздер түркі халықтарының бәріне емес, екі-үшеуіне ғана тән болып, сол екі-үш тілде ғана қолданылатыны болады. Қашқари ондай сөздердің де түркі тайпаларының қайсыларына тән екенін айтып отырады. Мысалы: *урға* — биік ағаш (оғызша). Арғу тілінде де осылай айтылады. *Бенек* — дән, ұрық (арғу, соған жақын тайпалар тілінде).

Қашқаридың бұл ескертпелерінен сол заманғы түркі тілдеріне ортақ лексиканы, сондай-ақ әрбір жеке тілге ғана тән сөздердің ұзын-ырғасын байқаумен қатар, сөздік қор жағынан бір-біріне жақын, ыңғайлас тілдер тобын да анықтауға мүмкіндік бар. Жоғарыда келтірілген мысалдың біріне қайта назар аударып көрейік. *Бенек* (дән, ұрық) сөзі арғу және соған жақын тайпалар тілінде айтылады. Қашқаридың осы ескертпесін былай түсіну керек болады: сол заманғы түркі халықтары ішінде арғулармен ыңғайлас, соларға жақын сөйлейтін басқа да тайпалар болған, олар түркі халықтарының ішінде бірыңғай (тілдік жағынан) болып келеді. Немесе мына бір ескертпеге көңіл қойсақ: *бушақ* — *бушақ ер* (тыз етпе, ашуланшақ адам, мазасыз адам) оғыздармен басқа да соған жақындардың сөзі. Әдетте түсіндіріліп отырған сөз тек қана оғыз тіліне тән болса, Қашқари оғызша деп жазып отырады. Ал, мына жерде тек оғыз тайпасының тілі емес, соның айналасына топталған басқа да тайпалар тілдері де еске алынып отыр.

Қашқари сөздігіндегі мұндай материалдар XI ғасырдағы түркі тайпалары тілдерін топтастырып, олардың әр қайсысына тән белгілерді айқындауда зерттеушілерге үлкен жәрдем болары дәлелдеуді қажет етпейді.

Қашқари сөздігі жайлы сөз қозғалғанда оның ішіндегі «оғызша», «қыпшақша» т. б. тәрізді ескертпелерге қарап, «оғызша» деп белгі қойылған сөздер тек қана қазіргі түрікмен тіліне қатысты, ал «қыпшақша» деп ескертілген сөздер қазақ, қарақалпақ тілдеріне ғана қатысты деп қарап, солай есептейтін пікір-байым-

даулар Қашқари сөздігі жайлы жазылып, жарияланған зерттеулерде шаң беріп қалады. Мұндай байлам-пікір иелері Қашқари сөздігі тарихи еңбек екендігін, оның жазылған уақыты мен осы заман арасында талай ғасырлар жатқандығын ескермейді. Әрине, бүгінгі түрікмендер бір кезгі оғыздардың заңды жалғасы екендігі, немесе бүгінгі қазақтар тарихи тұрғыдан қыпшақтармен ұласатындығы, соның салдарынан бүгінгі түрікмен тілі бір заманы оғыз тілінің, ал қазақ тілі бір уақыттағы қыпшақ тілінің негізгі заңдылықтарын бойларында сақтағандығы ешбір дау көтермейтін мәселе. Алайда, мына нәрсені ескеру керек: замандар бойы бір-бірімен қанаттас, көршілес отырған, бір-бірімен араласып жатқан тайпалар қазіргі түркі халықтарының қайсысында да өз іздерін қалдырды. Соның салдарынан бір кезгі оғыз тайпасы тілінің элементтері қыпшақ тобындағы тілдерде ұшырасса, ескі қыпшақ тілінің элементтері қазіргі оғыз тобындағы тілдер құрамынан кездесіп қалуы да ықтимал. Қашқари сөздігінде «оғызша» деп көрсетілген біраз сөздер әдетте қыпшақ тобына жатады деп есептелетін қазақ тілінде сол тұлға, сол мағынасында сақталғандығын көруге болады.

Бір-екі мысал келтірейік: *алма* — алма (оғызша), *іңір* — кеш, көз байланған шақ. Оғыздар мұны *ымыр* дейді. Осы айтылып отырған сөздердің қайсысы да қазақ тілінде бар (*ымыр+т*). Кейде басқа бір тілге тән деп көрсетілген сөздер де қазақ тілінде ұшырасады: *түнек* — зындан, қапас (Барсаған тұрғындарының тілдерінде). Сөйтіп, Қашқари сөздігінде берілген ескертпелерді сол күйінде бұлжымайтын нәрсе деп түсінуге болмайды. Ол заманда Қашқари айтқандай болғанмен, кейінгі ұзақ даму жолында ондай сөздердің көпшілігі-ақ ауыс-күйіске түсуі, бір тілден екінші тілге орын өзгертуі әбден мүмкін нәрсе. Оның бер жағында, сөздіктің өте көп бөлігі жалпы түркілік қор есебінде, ешбір ескертпесіз берілгені тағы бар.

«Диванның» сөздік қорын жалпылай алып, шамамен үш түрлі топқа бөліп жіктеуге болатын тәрізді. Сөздердің едәуір бөлігінің біздің тілімізге кейбір фонетикалық, морфологиялық өзгерістер арқылы жеткені байқалады. Қазақ тіліндегі баламаларымен салыстырғанда байқалатын фонетикалық, не морфологиялық ондай айырмашылықтар түркі тілдерінің дамуы тұрғысынан барлағанда түсінуге болатын өзгерістер, тілдің даму барысында орын алған процестермен ұштасып жататын жайлар.

Сонымен қатар, едәуір сөздер тобы (алдыңғы топпен салыстырғанда сәл аздау) ешбір фонетикалық, не грамматикалық айырмашылықсыз қазіргі қазақ тілінде кездеседі. Бұған Қашқари сөздігімен таныс кісі күмән келтірмейді.

Үшінші бір топ сөздер қазіргі қазақ тілінде нақ сол күйде, сол мән мен сол тұлғада әсте ұшыраспайды. Алайда, «Диван» авторының түсініктемелеріне сүйене отырып, қазақ тілі фактілерімен салыстырып қараса, олардың біздің тіліміздегі едәуір сөз-

дерге, кейде сөз тіркестеріне ұйытқы болғанын байқауға болады. Мұндай фактілер тіліміздегі жекеленген сөздердің тарихи құрамын ғана түсіндіріп қоймайды, сонымен қатар байырғы түбірлердің буын құрамы жайлы да ойлана түсуге себепкер болатыны сөзсіз. Солардың кейбіріне жеке-жеке тоқталған жөн.

Ай — айту: *Андағ айдым* (солай айттым). Қазақ тіліндегі *айт* (*у*) етістігі екі бөлікке: *ай-т* ажырайды. Алдыңғы бөлігі түбір де, сонғысын кейіннен түбірмен бірігіп кеткен қосымша деп шамалауға болатын тәрізді. Қазақ тіліндегі *айқай* сөзі мен *айт* етістігін салыстырсақ, екеуіне ортақ түбір *ай*, ал *т*, *қай* қосымшалар екені дау туғызбайды.

Қашқари *ту сөзін түк, қыл, шаш* деп түсіндіреді. Сонда қазақ тіліндегі *түк, түбіт* сөздері түбірлес сөздер, екеуіне ортақ түбір *ту* болып шығады. Қазіргі қазақ тіліндегі *түгін қоймайды, түгін қалдырмады* тұрақты тіркестерінің құрамындағы да осы *түк* сөзі екені айқын. ХІ ғасыр сөздігінде *тү* (*түк*) сөзі шаш; қыл мәнінде қолданылғанын ескерсек, қазақ тіліндегі *шашын жұлды, түгін қалдырмады* тіркестері тарихи жағынан синонимдік параллельдер екенін байқауға болады.

«Диванда» *ыш түкеді* тәрізді сөйлемдер кездеседі. Баяндауыш қызметіндегі *түке* (*di*) етістігі біздің тілімізде *түгел* сөзінің құрамында ғана сақталған. Сөйтіп, *түгел* сөзі байырғы (мағынасы көмескіленген) түбір (*түге//түке*, екі дауысты арасындағы қатан к дыбысының ұяндануы) мен қосымшадан (-л) құралған болып шығады. Сөз соңындағы *л* кейбір сын есімдер құрамындағы (қызыл, жасыл) ұшырасатын қосымша. Сонымен, қосымша арқылы есімге айналып кеткен сөзден қазақ тілі арнаулы аффикс арқылы туынды етістік жасайды (түгелде). Түгел сөзі, осы айтылғандарды ескерсек, *түгесу* етістігімен түбірлес болып шығады (*түге-л, түге-с*).

Біздің қазіргі тілімізде бір нәрсені кесу үшін арнайы істелген құралдық затты *пышақ* дейміз. Алайда осы сөздің түбірі осы мәнде біздің тілімізде басқа ыңғайда ұшыраспайды. «Диванда» *бычды* (кесті), *бычылды* (кесілді), *бычма* (орылған жер), *бычғу* (пышақ) сөздері кездеседі. Ал, *пісу, піскен* мәнінде *бышды, бышығ* сөздері ұшырасады. Сөйтіп, ХІ ғасырдағы түркі тілдерінде *ш, ч* дыбыстары фонема есебінде сөз мағынасын айқындаған да, екі түрлі сөз жасаған: бірінде кесу мәнін (*ч* фонемасымен келгенде), бірінде пісу (*ш* фонемасымен) мәнін бергенге ұқсайды. Алдыңғы *быч* түбірі біздің тілімізде тек қана пышақ есімінің құрамында сақталған, Кесіп айту қиын, әрине, бірақ *пышырлатты* етістігі де осы түбірден тараған деп ойлауға болады. Сонымен қатар, «Диванда» *кес* сөзі де кездеседі. Алайда осы сөздің мынадай бір өзгелігін көрсету орынды — *кесек*, саз балшықтан жасалып, кептірілген кесек: *кес* — әрбір заттың бөлігі. Бірақ тағы да: *кесек* — әр нәрсенің бөлігі, *кесді* — кесті, бір нәрсені кесті. Түркі тілдері тарихында бір ғана түбірдің әрі есім, әрі

етістік мәнінде қолданылуы (бейтарап түбірлер, немесе синкретикалық түбірлер) болғаны да мәлім. Мына фактіні соның көріністерінің бірі деп қарауға болатын тәрізді. Пышақ мәнінде сонымен синонимдес *кездік* сөзі де қазақ тілінде қолданылады. «Диванда» *кезірді* — сойды, қойды сойды; *кезірілді* — кесілді, *кезрішді* — кесісті, сойысты етістіктері кездеседі. Қосымшаларының жалғану тәртібіне қарап, бұлардың барлығына ортақ түбір — *кез* деп жорамалдауға болар еді. Алайда, араб алфавитінің ерекшелігіне байланысты түбірдің соңғы дыбысын аффрикат деп (дз) қарауға келеді. Олай болса, қазақ тілінің ерекшелігіне байланысты аффрикат дыбыс жалаң дыбысқа (д-ның түсіп қалуы) айналған деу шындыққа жақын. Сөйтіп, *кездік* сөзі де *кез* (*кедз*) етістік түбірінен *-дук* (қазіргі тіліміздегі есім жасайтын *-лық* қосымшасы емес) қосымшасы арқылы жасалған кимыл есімі болып шығады. Бұлармен синонимдес *сойу* етістігі де «Диванда» ұшырасады. Алайда ол *сылып алу* (теріні сылып алу), кейде киімді шешіп алу секілді мағынаны білдіреді. Мына мысалдарды қараңыз: *Ер қойуғ сойды* (Кісі қой терісін сылып алды); *Сойулды* (шешіп алынды).

Бір ғана түбірдің әрі есім, әрі етістік мәнінде (синкретикалық) қолданылуы «Диванда» берілген *қары* сөзінен де байқалады: *Қары күз балдуқа қорқмас* (Кәрі өгіз балтадан қорықпас), *Арсылан қарыса сыңған өтін күдездүр* (Арыстан қартайса тышқан інін күзетер). Алдыңғы сөйлем құрамындағы *қары* қазіргі біздің тіліміздегідей сын есім мәнінде де, соңғы сөйлемде етістік мәнінде. Етістік болғанда да оның кимыл есім тұлғасы емес, түбір тұлғасы екені көрініп тұр. *Қары + са* сөзіндегі соңғы *-са* шартты рай қосымшасы екені белгілі. Осы түбірге етіс жұрнақтары да қосылып жұмсалған: *Өдлук қарытмышқа бодуғ талықмас* (заман қартайтқанда бояну айып болмас).

Қазақ тіліндегі *кісі арыды* (жүдеді) дегендегі *ары* етістігі «Диванда» *ар* түрінде ұшыраса, күнадан арылды сөйлемі құрамындағы *арыл* етістігі *ары* түрінде берілген. Мысалы: *Алымлықығ көру армады* (алымшыны көруден арымады). Осы түбірдің етіс түрі *арғұртты* (шаршатты), *арғұртурды* (шаршаттырды) түрінде тұлғаланған. Сөйтіп, қазақ тіліндегі *ары* түбір мен қосымшадан не басқа бір элементтен құралса керек. *Арыды нең* — нәрсе, зат тазаланды; *Ер арынды* — кісі тазаланды, арылды. *Арын* сөзінің құрамындағы *-ын* етіс қосымшасы екені, бастапқы түбір *ары* екені алдыңғы мысалдан көрініп тұр. Сырттай (дыбыстық құрамы жағынан) ұқсас осы екі түбірден ескі түркі тілінде *арығ* (таза, былғанбаған), *арық* (арық, жүдеу, шаршаған) есімдері жасалған. Қазақ тілінде жүдеу мәніндегі *арық* сөзі ғана сақталған да, таза мәніндегі *арығ* есім сөзі жоқ. Бұл, сірә, қазақ тілінде *ғ* дыбысына сөз аяқталмау заңдылығына байланысты болса керек.

«Диванда» *қай* — етістік түбір, осы түбірден өрбіген *қайтар*, *қайтыш* туынды етістіктері кездеседі. М. Қашқаридың түсіндіруі

бойынша, *қай* етістігінің екі түрлі мәні бар: біріншіден, қайту, бұрылу мәні береді, екіншіден, біреуге, (жолдасына, жақынына) қол ұшын беру, қайрылу, көңіл білдіру мәні береді. Мысалы: *Кері қайды* (кері қайрылды); *Қадаш теміш қаймадуқ, қазын теміш қаймыш* (Жолдас десе қайрылмады, қол ұшын бермеді, көңіл білдірмеді, ескермеді); *Қайын десе қайрылды* (көңіл білдірді, қол ұшын берді). Алдыңғы сөйлем құрамында *қай* етістігі өзінің тура мәнінде жұмсалған, ал екінші сөйлемде келтірінді мәнде қолданылған. Осы түбірден тараған *қайыш* етістігін мынадай мысал арқылы түсіндіреді: *Олар іккі бір-бірге қайышды* (Олар бір-біріне көңіл білдірісті, қол ұшын берісті). *Олар іккі қайтыш-да* (Олар екеуі қайтты, бірінен соң бірі қайтты). Мұндағы **-ш** — ортақ етіс қосымшасы. Осы түбірден тараған *қайтурды* етістігі былай түсіндірілген: *Ол аңар қайтурды* (ол оған қол ұшын берді, көмектесті). «Диванның» бұл материалдарына қарағанда, қазақ тілінде түбір етістік саналатын *қайт* мағынасы көмескіленген түбір (*қай*) мен қосымшадан (**-т**) құралғанын көруге болады. Ал, осы түбірден тараған *қайтар* етістігінің құрамында екі түрлі қосымша (**-т** және **-ар**) барлығы айқын. Соңғы қосымшаның жалғануы, сірә, бастапқы түбірдің мағынасы көмескіленіп, қосымшасымен бірігіп (**-т**) түбір есебінде ұғынылуымен байланысты болса керек. Қазақ тілінде, сондай-ақ ескі түркі тілінде де ұшырасып қалатын осы түбірден тараған *қайыра* (қай-ыр-а,) *қайыр* (қай-ыр), *қайырыл* (қай-ыр-ыл) тәрізді сөздердің құрамы осыны дәлелдейді. Бұдан барлығына ортақ түбір *қай* екенін көруге болады.

Қай етістігінің екінші мағынасы, жоғарыда айтылғандай, қол ұшын беру, көңіл білдіру деп көрсетілген. Егер қазақ тілі материалдарын осы жағынан барлап қарасак; *қайт* етістігінің бір кезгі синонимін табуға болады. *Қабырғасы қайысты* тұрақты тіркесі құрамындағы *қайысты* сөзі бір кезгі *қай* етістігінің екінші мағынасын бойына сақтаған, сонымен ұялас деп есептеуге әбден болады. Қазақ тілінде, сонымен қатар, *туғанына қайрылмады* деп те айтылады. Мұндағы *қайрылу* етістігі әсте мойнын бұрмады, кері бұрылмады дейтін мәнді бермесе керек. Бұл етістіктің осы мәні *қайрым* қимыл есімінде түгелдей сақталған.

Сонымен, «Диван» материалы бойынша қазіргі қазақ тіліндегі *қайт*, *қайыр*, *қайыс*, *қайтыш* сөздерінің бәріне ортақ түбір — *қай*. сол түбірдің әр түрлі қосымшаларымен күрделенуінен барып жоғарыда көрсетілген сөздер қалыптасқан.

Қазіргі қазақ тілінде *қарашық* (көздің қарашығы), *қарағым* сөздері бары мәлім. Жәй көздің өзіне екеуіне ортақ түбір *қара* екені дау туғызбайды. Алайда, *қарағым* «қара» сын есімінің тәуелденген түрі деп ойлауға болмайды. Соңғы **-ым** тәуелдік қосымшасы десек, сөздің негізі *қарақ* екені айқындалады. «Диванда» *қарақ* көздің қарашығы, қара көз мәнінде түсіндірілген: *Қара қарақ* (көздің қарасы, қарашығы); *Оғрағым кендү йырақ*,

булнады мені қарақ — Барар жерім жырақ, арбады мені қарақ (қара көз қыз). *Қарақ* туынды етістіктен жасалған қимыл есім тұлғасы (-к) болуы керек. Үйткені, «Диванда» *қарар* (қарайту) етістігі де бар, бұл әрине туынды сөз. Осы етістіктің қимыл есім тұлғасы *қарарығ* редукцияның нәтижесінде *қарағ//қараққа* айналса керек. Осыларды ескерсек, қазіргі қазақ тіліндегі *қарашық, қарағым* сөздері тек қана түбірлес емес, тарихи жағынан келгенде, бір-біріне синоним, мәндес, мағыналас сөздер болып шығады. Ал, бір кезгі *қарар* туынды етістігінің фонетикалық өзгеріске түскен түрі *қарай* (мұнда мынадай дыбыс ауысулары болса керек: -р(з)й). Бұл түркі тілдері тарихында әдетте кездесіп отыратын құбылыс). Сөйтіп, *қарай* етістігінің құрамындағы аффикс ай емес -р(-ыр, -ір).

Морфологиялық жағынан *қарай* сөзі кемір, семір етістіктерімен тұлғалас екенін көруге болады.

Ал — ала болды, алаяқ болды, алдамшы болды, дұшпан болды. Қазақ тіліндегі *алдау* етістігінің бастапқы түбірі, олай болса, -ал, -да — аффикс, байырғы түбір мен аффиксінің бірігуі арқылы жасалған туынды сөз. Қазақ тіліндегі *ала көңіл, ала ауыз* болды, *ала қол* тіркестері құрамындағы *ала* сөзі де осы түбірден тараған болуы керек. Сол сияқты, *алалық* (жасады), *алалама* етістіктерінің де алғашқы түбірі *ала* емес, *ал*.

Бақ — бақыру: *Оғлан бақ сығтады* (Бала бақырып жылады). Қазақ тіліндегі *бақыр(у)* етістігі *бақ* және -ыр аффиксінен құралған болып шығады. Бұл түбір таза, алғашқы жүйінде тек қана еліктеуіш сөз ретінде кездеседі: *бақ-бақ етті*.

Даң — даңғырлау: шулап дыбыс шығару. Қазақ тіліндегі *даңғырлау* етістігі, олай болса, туынды. Таза күйінде *даң-дүң* қос сөзі құрамында ғана ұшырасады. Жамбыл жырларында кездесетін «...көзімнің алдын даң қылды»,— сөйлеміндегі *даң* да осы. Сол сияқты *даңғаза, даңқ* есімдерінің арғы түбірі де осы деп қарауға әбден мүмкін сияқты.

Күр (әлде көр): *Кім күр болса, күйез болар* — Кім көркем, көрікті болса, сол өр (бойкүйез) болар. Егер Қашқаридың осы түсінігін еске алсақ, қазақ тіліндегі *көрікті, көркем* сөздерінің түбірі *көр* етістігі деп айту дәлелді болмай шығады. Сондықтан біздің тілімізде сақталмаған түбірден жасалған *көрік, көрікті, көркем* сияқты туынды (тарихи жағынан) сөздер бар деуге болады.

Сонымен қатар, осы мәтел құрамындағы *күйез* сөзі де назар аударарды. Бұл түбір біріккен сөз құрамында (бойкүйез) ғана кездеседі. Бір кезгі мағынасы, Қашқари түсінігін еске алсақ, қазіргі біздің тіліміздегі мәнінен сәл басқарақ. Дегенмен, *бой-күйез* сөзінің экспрессивтік мәндерін ескеріп, екеуінің арасында қандай да болмасын бір семантикалық байланыс барын аңғаруға болады.

Қазақ тіліндегі *қа, қап, қапшық* сөзі де түбір мен қосымша-

дан құралған деп қарауға болады; *қа-п, қа-п-шық*. Соңғы сөз екінші дәрежелі түбір екені күман туғызбайды.

Қош — қошқар. Қазақ тіліндегі *қошқар, қошақан* сөздерінің арғы түбірі — *қош*. Сонда мұны *қош-қош* одағайымен бірдей деп қарауға болар ма екен? Бір кезде проф. Жұбанов *қошқар* сөзінің туынды, екі түбірден жасалғандығын айта келіп, былай деп жазған болатын: «...в более древних образованиях, превратившихся лексически и морфологически в единое слово *қошқар* и *айғыр*, определения *қар* и *ғар*, должествующие означать «са-мец», напротив следует за определениями *қош* (овца) и *ай* (лошадь)» (Қ. Жұбанов. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер, 1963, 71-б.)

Сөйтіп, проф. Қ. Жұбановтың пікірі де аталмыш сөздің бастапқы түбірі *қош* дегенге ойысады. Бұл пікір Қашқари фактісімен астасып, қабысып жатыр.

Қақ сөзі оңтүстік қазақтарының тілінде кездеседі. Оңтүстікте как деп тілініп, күнге жайылып кептірілген қауынды айтады. Қашқари сөздігінде бұл сөз қақталған дейтін мағынаны береді. Сонда оңтүстік қазақтары тіліндегі *қақ* пен әдеби тілдегі *қақ* та, *қақталған* (*ет*) сөздері бір түбірден тараған болып шығады.

Қыз — «Диванда» сын есім, қызғаншақ мәнінде қолданылған. Қазақ тіліндегі *қызғаншақ* сын есімі сонда *қыз-ған-шақ* құрама бөліктеріне ажырайтын болады. Алғашқы, байырғы түбір — *қыз*, ал *-ған* — сөз тудырушы аффикс, *-шақ* та қазіргі тілімізде аффикс деп қаралады. Бірақ, бұл құлыншақ сөзінің құрамындағы кішірейткіш мәнін беретін *-шақ* аффиксі емес. «Диван» тілінде *-сағ* қосымшасы кездеседі. Шамасы, бұл аффикс *сусақ* сөзінің құрамындағы *-сақ* элементімен мәндес. *Қызғаншақ* сөзінің құрамындағы *-шақ* соның фонетикалық варианты болу керек (*с — ш*). Ал, осы сөзбен қазақ тіліндегі *қызба* сөзі түбірлес пе дейміз. Бұл екі сөздің арасында семантикалық байланыс та бар сияқты.

Өз — *йығач өзі* (ағаштың өзегі). Сөйтіп, қазақ тіліндегі *өзек* сөзі *өз* түбірі мен *-ек* қосымшасынан құралған болып шығады.

Боғ — қоржын. Қазақ тіліндегі *боқша* (керегенің басына іліп қоятын, ыдыс салуға арналған қоржын қалта, кейде шүберектен істелген оқушы баланың сөмкесін де осылай атау кездеседі), *оқшантай* сөздері осымен түбірлес екені айқын. Соңғыда (оқшантай) байырғы түбірдің бас дыбысы (*б*) түсіп қалса керек.

Қазақ тілінде *таң болды* сөз тіркесі, *таңқалу* етістігі бар. Алайда, *таң* жеке, дербес қолданылмайды. Қашқари сөздігінде бұл түбір дербес қолданылатын сөз ретінде кездеседі.

Қашқари сөздігінде, сонымен бірге, *тон оғул, тон қыз* тіркестерін кездестіруге болады. Автор оларды *тұңғыш ұл, тұңғыш қыз* деп түсіндіреді. Бұған қарағанда, қазақ тіліндегі *тұңғыш* сөзі түбір мен қосымшадан (*тұң + ғыш*) құралған деп қарауға толық негіз бар. Екінші жағынан, *тұңғыш* сөзі *тың* (тың жер, тың кісі) сөзімен түбірлес деп те ойлауға болар өді. Ескі түркілік еріндік-

тердің (сөз соңындағы) қазақ тілінде езулік қысандарға айналуы мәлім жай.

Тоз — шаң. Қазақ тілінде бұл сөз *тозаң* (тоз+аң) түрінде ғана ұшырасады. Бұл сөздің о бастағы түрі *тоз-тоз* қос сөзінде сақталған деп қарауға болады.

Қазіргі қазақ тіліндегі *түзу*, *тізе*, *тығын*, *тоған* сөздері де тарихи тұрғыдан туынды сөздер болып табылады. «Диванда» бұл сөздер *түз*, *тіз*, *тығ* түрінде берілген. Сонда *тізе* сөзінің құрамындағы **-е**, *түзу* сөзінің құрамындағы **-у**, *тығын* сөзінің құрамындағы **-ын**, *тоған* сөзінің құрамындағы **-ан** сөз жасайтын қосымшалар болып шығады.

Біздің тіліміздегі шыбық сөзі «Диванда» *чып* түрінде жазылған. Сонда бұдан байырғы түбірдің (**чып+ық**) соңғы дыбысы қосымшаның басқы дыбысының ықпалымен ұяндағанын көруге болады.

Қазақ тіліндегі *жарамсақтану* етістігі (немесе *жарамсақ* сын есімі) «Диванда» *йарану* түрінде берілген. *Қылну білсе қызыл кизер, йарану білсе йашыл кизер* (Қылымси білсе қызыл киер, жарамсақтана білсе жасыл киер). Сонда жарамсақ сөзінің бастапқы түбірі *жара* (*йара*) деп қарауға тура келеді. **-н** өздік етіс қосымшасы, ал **-у** көсемше тұлғасы екені мәлім. Қазақ тіліндегі осы сөздің баламасы күрделілеу. Мұнда әуелі жаңағы айтылған түбір, одан соң етіс қосымшасының кейінгі ықпалмен өзгерген түрі (**н — м**), сонан соң **-сақ** қосымшасы бар. **-сақ** «Диванда» икемділікті, тілекті білдіретін қосымша. Қазақ тілінде *сусақ* (су құмар) тәрізді бірен-саран сөздер құрамында ғана кездеседі.

«Диван» тілі фактілерінің кейбірі қазақ тіліндегі қос сөздердің мағынасыз сыңарларының мәнін, кейбір тұрақты тіркестер компоненттерін түсінуге мүмкіндік береді. Айталық, қазақ тіліндегі *жылап-сықтау* қос сөзінің соңғы сыңары «Диванда» дербес қолданылып, жылау мәнін берген (*сығта*). Немесе, *Бұл дүниеден баз кешті* сөйлемі құрамындағы *баз кешті* тұрақты тіркесін алайық. *Баз* сөзі қазақ тілінде дербес айтылмайды да, қолданылмайды да. «Диванда» *баз* — жат, жат елдік деп түсіндіріледі. Қазақ тіліндегі *баз кешу* тұрақты тіркесінің мәні мен «Диван» түсіндірмесінің арасында байланыс бары айқын. Бұл дүниеден *баз кешу*, айналып келгенде, бұл дүниеге жат болу, жатпын деп санау екені айқын.

«Диван» тілінің фактілері мұндай тарихи салыстырма ізденістерге көп материал бере алады.

IV тарау

КӨНЕ ҚЫПШАҚ ТІЛІНДЕ ЖАЗЫЛҒАН ЕСКЕРТКІШТЕРДІҢ ТІЛІ

Көне қыпшақ тілінің негізгі ескерткіштері, жоғарыда аталып өткендей, XIII—XIV ғасырларда жазылған. Олардың ең бастысы «Кодекс Куманикус» болғандықтан, төменде келтірілген грамматикалық очерк те негізінде, осы ескерткіш бойынша жазылды. Кейбір грамматикалық категориялар мамлюк қыпшақтарының тілінде жазылған ескерткіштермен салыстырмалы түрде берілді. Келтірілуге тиісті материалдардың ретіне қарай армян колониясының тілінде жазылған нұсқалардан да мысалдар алынды.

ФОНЕТИКА

Дауысты дыбыстар.

Көне қыпшақ тілінде 8 дауысты дыбыс бар. Олар әдетте қолданылып жүрген кесте бойынша былай жіктеледі.

Ерін қатысына қарай	Езу дыбыстары		Ерін дыбыстары	
Жасалу жолдарына қарай Жасалу орнына қарай	ашық	қысаң	ашық	қысаң
жуан	а	ы	о	у
жіңішке	е	і	ө	ү

Сонымен бірге көне қыпшақ тілінде екі жартылай дауысты дыбысы (**й, у**) бар. Бұл екеуі жуан дауыстылармен де, жіңішке дауысты дыбыстармен де тіркесе береді. Қазақ тілінің алфавиті жалаң дауысты **у** мен жартылай дауысты **у-ды** екі түрлі таңбамен ажыратып береді: **ұ, у**. Көне түркі тілдері туралы жазылған еңбектерде **ұ** таңбасы өз алдына жеке бөлінбейді. **Ұ** мен **у-ды** белгілеу үшін кейде бір-ақ таңба, кейде **у** әрпімен қатар диакри-

тикалық белгісі бар таңба қолданылады. Техникалық себептерге байланысты біз у таңбасын өзгеріссіз осы қалпында алып отырмыз. Ол жұмсалып тұрған орнына қарай әрі дауысты, әрі жартылай дауысты екі дыбыстың графикалық белгісі есебінде жұмсалады. Қазақ тіліндегі ұ таңбасын қолданбай отырған себебіміз — қыпшақ тіліндегі дауысты нағыз қазіргі қазақ тіліндегідей ұ ма, жоқ азды-көпті өзгешелігі бар басқа дыбыс па — бұл екі арасы анықталған емес. Сондықтан біз күні бүгінге дейін тюркологияда қолданылып келе жатқан дәстүрді сақтауды жөн көрдік.

«Кодекстің» түпнұсқасын түзуші авторлардың жіберген қателеріне байланысты бірқатар сөздердің құрамындағы а, е, ы, у дыбыстары жазылмай түсіп қалған: *йеңрмен* (йеңермен деудің орнына, — «жеңермін»), *ирық* (йарық деудің орнына «жарық»), *йарлға* (*йарылға* немесе *йарлыға* деудің орнына — «жарылқа»), *булқы* (*балықы* деудің орнына — «балықшы»), *иғла* (*йығла* деудің орнына — «жыла»). Олардың түсіп қалу себебін неміс ғалымы фон Габэн дыбыстардың дауысты болғандығынан деп түсіндіреді (орыс тілінде оны «полугласные» немесе «вокальные согласные» деп атайды. Немісше — «вокалиш консонантен»). Анығында бұл — орфографиялық қателіктердің салдары. Олай дейтін себебіміз — түбір мен қосымшаның түйіскен жерінде қатарынан үш түрлі дауыссыз қолдану (*нрм, рлғ, лқч*) — қыпшақ тіліне тән қасиет емес.

Созылыңқы дауыстылар. Екі дауысты дыбыстың қатар келіп, қосарлана айтылуын кейбір зерттеушілер «алғашқы созылыңқы» («первичная долгота») дауысты дыбыстардың қатарына жатқызады. Мысалы, *тоодақ* (ерін), *аай* (ай) *қыын* (қиындық, азап), *йаа* (жай, жақ).

Кейбір дауыссыз дыбыстардың әрқилы өзгерістерге ұшырауынан пайда болған дауыстыларды «кейінгі созылыңқы» («вторичная долгота») деп жүр: *ігіне* — *ине* (ине), *сувса* — *суса* (суса), ескі түркі тілдерінде *йығыл* — «Кодексте» *йыл* (жиыл), көне *йығыт* формасының орнына — *йыт* (қу, қуып жіберу), *мүгуз* — *мүйүз* — *мүз*: (*мүйіз*), *егір* — *ійір* (ійір, ійіру), *қоуш* (қуыс) — *қу, қуух* (кебек) — қу. Яғни, созылыңқы *и, й, у, ү* дыбыстары *г, в, ғ, у* дыбыстары мен олардың айналасында тұрған жай дауыстылардың (*ігі, ығ, ег, ув, оу* және *үг*) өзгеруінен, дәлірек айтқанда, олардың түсіп қалуынан барып пайда болған.

Араб алфавитімен жазылған еңбектерде созылыңқы дыбыстар айқынырақ берілген: *аағ* (ау), *оот* (от), *еер* (ер). *а, е* дыбыстары жалаң айтылатын болса, арабша алиф бір-ақ рет жазылған да, созылыңқы айтылатын болса, екі рет қатар таңбаланған.

Басқа түркі тілдерінде бір дауысты дыбыс қолданылатын жерде «Кодексте» екі дауысты дыбыс жазылған. М. Қашқари сөздігіндегі *йут* мұнда *йот* (жұт, жұту) түрікмен тілінде *йувыт*.

М. Қашқарида *толу*, «Кодексте» *толу* — якут тілінде *тоул* (толы). Мұндағы **о** (**ө**) мен **у** және **о** (**ә**) мен **в** дыбыстарының қосындысын (**оу**, **ов**) кейбір мамандар (мысалы, В. В. Радлов, фон Габэн) жайылыңқы дауыс («растяжение»), яғни созылыңқы айтылатын **у** дыбысы деп санайды.

Ау (**еу**) қосарлы дыбыстары сияқты, **ов**, **өв**, **оу**, **өу** қосындылары да созылыңқы **у** дыбысының орнына жүреді: *күтөвчиге* (күтушіге, малшыға), *күйөв* (күйеу), *йабовлы* (жабулы), *тарлов* (жыртылған жер).

В. В. Радлов «Кодекс» тілінде созылыңқы **і** дыбысының айтылуы мүмкін деп жорамалдайды да, *кйім* (киім), *йййтлік* (жігіттік), *тййін* (тиын, аң), *тййішли* (тиісті), *тййіре* (дейін) сөздеріндегі *ййі* тізбегінің орнына созылыңқы **і** дыбысын қояды. Бірақ бұл — әлі де болса мұқият зерттей түсуді қажет етеді.

Дифтонгтар мен **қос дауыстылар**. Артикуляциялық ерекшелігі жағынан **й**, **у**, **в** дыбыстары өзіне ұқсас айтылатын дыбыстармен қатар келгенде, көбінесе, дифтонгтар мен «қос дауыстылар» қатарын құрайды: *бей-бей* (биле), *ый-ыйармен* (жіберермін), *зйян-зиан* (зиян), *чөуре-чөуре* (дөңгелек), *жовап-жоап* (жауап), *хув-ху* (қу, қуу): *хувармен-худым-хуала* (қуармын, қудым, қуала). Мұндағы **йй** (**й**), **ый** (**й**), **ий** (**й**), **өу** (**ү**), **ов** (**о**), **ув** (**у**) жұптарының бір сыңары шын мәнінде жартылай дауысты дыбыстарға айналып кеткен. Осыдан барып әрбір жұп қосақтаса жүрсе де, бір ғана дыбыстың ролін ортақтаса атқарып тұр.

Ең бұрынғы ескі түркі тілдерінің өзінде де **ай**, **ой** сияқты дыбыстардың қосындысы нағыз дифтонг болып танылмаған. Дегенмен де фон Габэн қыпшақ тіліндегі **ай** (ай), **той** (той) сөздеріндегі **ай**, **ой** тіркестерін «алғашқы дифтонг» деп атайды «Кейінгі дифтонгтар» мен «қос дауыстылар» көп жерде **ғ**, **г** және **у** дыбыстарының не мүлдем айтылмай түсіп қалуынан, не олардың айтылу (дыбысталу) күшінің әлдеқалай «әлсіреуінен» барып пайда болады: *ағар-аар* (оған), *сеу-сөв* (сүй), *сууса-совса* (суса). Мұндағы *аа*, *өв*, *ов* жұптары — кейбір тюркологтардың айтуынша, «кейінгі дифтонгтар»: *аа* қосары **ғ** дыбысының айтылмай түсіп қалуы арқылы жасалып тұр да, *ов* пен *өв* жұптары **у** дыбысының айтылу әсерінің әлсіреуімен байланысты болып тұр.

«Кодекс» тіліндегі қос дауыстылар (орысша «двугласные») қатарына В. В. Радлов мынадай тіркестерді жатқызады: *ау*, мысалы, *тауқ* (тауық), *чулғау* (шұлғау), *балауз* (балауыз); *еу*, мысалы, *еуге* (үйге), *сеудің* (сүйдің); *ай*, мысалы, *айл* (айыл), *айныр* (айныр), *қайтарғыл* (қайтарғыл); *өй*, мысалы, *сейрек* (сирек), *өйгі* (игі); *ой*, мысалы, *қой* (қой), *бой* (бой); *өй*, мысалы, *өйгүнч* (мадақтау); *уй*, мысалы, *қуйруқ* (құйрық). Дәлірек айтқанда, қосдауыстылар деп *ау*, *еу*, *ай*, *ой* және *өй* тіркестерін, оның өзінде де белгілі бір сөздерге байланысты ғана айтуға болады, үйткені мұның ішінде дифтонгоид болатын дыбыстар да жүр: *ба-*

лаууз, еуге, сеудің, сйрек, ійгі — бұлар толық дауыстылар мен жартылай дауыстылардың негізінде пайда болған дифтонгоидтар.

Дауысты дыбыстардың өз ара алмасуы:

а, е//о, ө. Езулік **а, е** дыбыстары **в, ғ, қ** дыбыстарымен қатар келіп, оның алдында тұрғанда, көбінесе еріндік **о, ө** дыбыстарымен алмасып отырады: бұрынғы түркі тілдеріндегі *чевүр* (шыр-көбелек айналу), *ақтар* (аудар, төңкер), *азрағу* (асырау) сөздері «Кодексте» *чөвүр* — *чөүр*, *овдары*, *асров* болып, **е//ө, а//о** дыбыстары өз ара алмасқан. Бір ғана «Кодекстің» өзінде *сев-сөв-сөү* (сүй) формалары жарыса жүреді. Қырым түріктерінің тіліндегі *авуч* (уыс) сөзі мұнда *оуч* болып, **а**-ның орнына қолданылып тұр. Мұндай жағдайлар өте сирек болса да, кездесіп қалып отырады.

-и//і: **-ил/іл** дегеннің орнына — **«іл»**.

о//у. Қазіргі қыпшақ тілдері **о** мен **у** дыбыстарының қолданылуына қарай негізінен екі топқа бөлінеді. Татар мен башқұрт тілдері **у** дыбысын қолданады да, басқа қыпшақ тілдері **о**-мен сөйлейді. Көне қыпшақ тілі де — **о** дыбысын қолданатын тіл. Дегенмен, **о**-ның орнына **у** кездесетін мысалдар әрегідік болса да ұшырасып қалады: *соңра//суңрасында* (соңра, соңрасында), *болл//бул* (бол), *йоқ//йуқ* (жоқ).

у//о. Енді бірде, керісінше, **у**-дың орнына **о** жұмсалатын да орындар бар. Бірақ, олар өте сирек: *булақ//болақ* (бұлақ), *сучул//сочул* (шешін), *урушу//оршу* (ұрыс, соғыс), *йум//йомуқ*, *йөмдар* (жи, жинал), *хатун//қатон* (ханша), *өлдур//өлдөрүр* (өлтір, өлтiрер).

Буын үндестігі. Дауысты дыбыстардың жуанды-жіңішкелі төрт жұп болып келуі қыпшақ тілінде буын үндестігінің барынша қатаң сақталатындығын көрсетеді. Әрбір жеке сөз не бірыңғай жуан, не бірыңғай жіңішке айтылады. Соған орай қосымшалар да түбір сөздегі дауысты дыбыстың ыңғайына қарап не біркелкі жуан, не біркелкі жіңішке болып жалғанады. Жуан дауысты сөздерге мысал: *ағын* (жоғары көтерілу) — *ағынғыч* (басқыш, ағаштан жасалған), *арт-қан* (артқан), *йық-ты* (жықты), *йалбар-сынлар* (олар жалбарынсын), *бо-ғай* (болғай). Жіңішке дауысты сөздер: *көк-ке* (көкке), *елікле-ді-лер* (олар еліктеді), *біз-ге* (бізге), *ет-кен-лер-ге* (еткендерге), *көнү-лүк-че* (әділет жолымен), *көр-ун-мес-ні* (көрінбесті).

Әдетте екі топтағы **а, ы, о, у, (к, ғ)** мен **е, і, ө, ү (к, г)** дыбыстары өз ара тіркеспейді. Бұл орайда көне қыпшақ тілін зерттеушілер тарапынан, не сол тілде жазушы мен сол тілде жазылған еңбекті көшірушілер тарапынан жіберілген қателер барын да ескерген жөн, көбінесе ондай қателер екі түрлі себептен болады: бірінші жағдайда, қолжазбаны не жазып, не көшіріп отырған адам қыпшақ тілінің өзіндік дыбыс жүйесін жете түсінбейді де, екінші жағдайда, түсініп біле тұрса да, сол тілдің дыбыстарын

баска тілдің жазуымен дәл өрнектеудің сәтті жолын таба бермейді. Түркі тілдеріне тән үндестік заңы — бұл тілді жетік білмейтін шетел зерттеушілері үшін күңгірт нәрсе. Оның үстіне қыпшақ тілінің материалдарын олар бөгде тілге бейімделген жазу нұсқасымен беруге мәжбүр. Қыпшақтар — қару қайрап шығарғанмен, жазу ойлап шығармаған халық. Жазба бетіндегі алуан түрлі графикалық қателер, міне, осыдан келіп шығады. Түбір сөздің жуан айтылып тұрғанына қарамай кейбір қосымшалардың жіңішке тұлғада жалғанып жүретіні де содан. Мысалы: *құрт-лей* (күрттай), *бузов-лей* (бұзаулай), *йов-лейін* (майланайын), *қыш-ле* (қыста), *йай-ле* (жайла, жаз жайла), *той-ге* (тойға). Графикалық жағынан жуанды-жіңішкелі болып келетін буындар түбір сөз құрамында да кездеседі: *қаре* (қара), *чақ-чех* (шақ), *учмақ-үчмақ* (жұмақ), *барча-барче* (барша), *йазуқ-йезуқ* (жазық), *йар* (қаламау), *йарсов* (жиіркенішті), *йер-йіренчі* (жиіркену, жиіркенішті), *йол-йөл* (жол).

Ерін үндестігі. Түбір сөздегі ерін дауыстылары өзінен соңғы бірінші буынға әсіресе қатты әсер етеді, кейде екінші буынға да ықпалы болады, ал үшінші буынға әсері сирек білінеді. Ерін үндестігінің таралу шегі осы үшінші буында бітеді. Ол ашық буыннан гөрі тұйық буында көбірек сақталады. Ерін үндестігінің жасалу схемасы: *ө* дыбысынан соң *у* дыбысы қолданылады: *қор-қут* (қорқыт), *қол-туқ* (қолтық), *бол-дум* (болдым), *тоң-уз* (доңыз), *тоқ-луқ* (тоқтық), *йол-ғур-мен* (жолығармын); *ө* дыбысынан соң *ү* айтылады: *төр-рү-лер-мен* (төрелігін айтармын), *кө-рүн-үр-мен* (көрінермін), *кө-чүр-ді* (көшірді), *тө-зүм-лүк* (төзімділік); *у*-дан соң *у* айтылады: *у-нут-мақ* (ұмытпақ), *у-ну-тур-мен* (ұмытармын), *у-нут-тум* (ұмыттым), *йу-лу-дум* (жұлдым), *бу-рун* (бұрын); *ү*-ден соң *ү* айтылады: *күч-лү* (күшті), *үс-түн-де* (үстінде), *түр-лү* (түрлі), *тұл-кү* (түлкі).

В. В. Радлов *о* (*ө*)-ден соң *а* (*е*), *у* (*ү*)-ден соң *а* (*е*) қолданылу схемасын да осы топқа жатқызады: *қор-лар-мен* (қорлармын), *соң-ра* (соңра), *өк-төм* (өктем), *ө-ге-че* (өзгеше), *құт-қардачы* (құтқарушы), *чү-пе-рек* (шүберек). Бірақ мұндағы *езу* дыбыстары *а*, *е* түбір сөздегі ерін дыбыстарының ықпалына қарай, *қорлормен*, *соңро*, *өктем*, *өзгөше*, *құтқардачу*, *чүпүрек* болып айтылуға тиісті болғанмен, іс жүзінде олай болмай отыр. Демек, бұл тәрізді мысалдар ерін үндестігіне бағынбау фактісін танытады.

Дауысты дыбыстар «Кодекс Куманикустың» бірінші (итальяндықтар жазған) бөлімінде ерін үндестігіне бағынбай, еркінше жазылған: *ат-лу* (атты), *арық-суз* (таза емес, арылмаған), *уйу-хы* (ұйқы), *ачыл-уп* (ашылып), *бол-дың* (болдың), *өл-ім* (өлім), *улу-лық* (ұлылық). Түбір сөздің құрамындағы дауыстыларға қарай ерін үндестігі бойынша *атлы*, *арықсыз*, *уйуху*, *ачылып*, *болдуң*, *өлүм*, *улулуқ* болып келуге тиісті еді.

Дауысты дыбыстарға байланысты қыпшақ тілі үндестік за-

ның барынша қатаң сақталатын ескерткіші — «Кодекстің» екінші (немістер жазған) бөлімі. Мысалы: *көр-үң-із* (көріңіз), *қой-ул-мыш* (қойылар), *көр-үн* (көрін), *бул-уш* (болыс, болысу), *чөк-үп* (шөгіп, тізесін бүгіп). Түбірдегі езулік дыбыстардың ілгерінді ықпалы келесі жалғанатын жұрнақтың дауысты дыбысын өз әуеніне бейімдеп түрлендіріп тұр. Бірақ ол ықпал қосымшаның тек бірінші буынымен ғана шектеледі де, одан әрі әсер етпейді.

«Кодекстің» екінші бөлімін жазғандар бірінші бөлімдегі кейбір сөздерді осындай дауыстылар үндестігіне қарай бейімдеп, ішінара болса да, әр жерге түзетулер енгізіп отырған. Мысалы, *ешітүм* (есіттім) сөзі *ешітім* болып, түбірдегі езулік е-нің ықпалымен ү дыбысы і-ге түзетілген.

Қосымшада қолданылатын кейбір ерін дауыстылары түбірдің ыңғайына қарай езулік дыбыстарға айналады: ескі түркі тілдеріндегі *бычқу* сөзі «Кодексте» *бычқы* (ара, құралдың аты), *қараңғу* сөзі *қараңғы* (қараңғы), *уйуху* сөзі *уйухы* (ұйқы) болып, -ку жұрнағы -қы-ға, -ғу жұрнағы -ғы-ға, -ху жұрнағы -хы-ға ауысқан. Осы типтес екі түрлі варианттың кейде қатар қолданылуы да кездеседі: *бішүр* — *бішір* (пісір).

Соңғы келтірілген мысалдың о бастағы түбірі — *пыш*. Осыған орай фон Габэн ш (сол сияқты й, ч) дыбысымен қатар келген дауысты дыбыстар куман қыпшақтарының тілінде жіңішке айтылады деп жазады. Осыған керісінше, кейбір жіңішке дауыстылардың орнына жуан дыбыстардың таңбасы қойылатыны да бар: *менулукке* (мәңгілікке), *сөунғайсен* (сүйінгейсің), *кунде* (күнде) *оврет-үрет* ескі түркі тілдерінде *өгрет-өргет* — (үйрет), *овдүр* (ескі түркі тілдерінде *өгтір* «ант бер, уәде бер»). Осындағы ү дыбысының орнына у (менулукке), е-нің орнына а (сөунғайсен), ө-нің орнына о (оврет, овдүр) жазылып тұрған себебі — олардың к, г, ғ, ң дыбыстарымен қатар келіп тұрғандығынан деп жазады фон Габэн. Шынында бұл да — орфографиялық қате. Мынадай мысалдар да осылардың қатарына жатады: *еріксіндачи* (билеуші, еркінсінуші, еркін билеуші), *сойүш* (сүйю, сүйіспеншілік), *қуч* (күш), *қөнуш* (қоныс). Мұнда е-нің орнына а, ө-нің орнына о, ү-нің орнына у, о-ның орнына ө жазылған. Енді бірде ы-ның орнына а, і-нің орнына е жазылып та келе береді, *қарчыға-қарчаға* (қаршыға), *беріл-берел* (беріл), *тірілік-тірелік* (тірлік).

Осының бәрі көне қыпшақ тіліне тән фонетикалық құбылыс емес, яғни көне қыпшақ тіліндегі үндестік заңының сақталмай айтылатын орындары емес, қыпшақ сөздерін жазу мен таңбалауға (графикаға) байланысты жіберілген жаңсақтықтар.

Қыстырылма дыбыстар. Шет тілдерден қыпшақ тіліне енген кейбір сөздердің құрамында «қыстырылма» (эпентеттік) дауыстылар кездеседі. Мысалы, араб тіліндегі *сабр* сөзі «Кодекс» тілінде *сабыр*, *сабор* (сабыр) болып айтылады. «Қыстырылма» дауыстылар шендесіп келген екі дауыссыз дыбыстың арасына

қойылады: *жаныуар* (жануар), *міһір* (махаббат, мейір). Парсышасымен салыстырыңыз: *джанвар*, *мехр*.

«Қыстырылма» дыбыстар бірен-саран болса да, қолтума сөздердің құрамында да кездеседі: *дегелім* (дегіміз келеді, айтқымыз келеді), *йығыр* (ійіске) сияқты мысалдардағы *г*, *ғ* — «қыстырылма» («хиатус») дыбыстар. Шынында, бұл сөздердің түбірі *де* мен *йы*, ал *елім* мен *ыр* — қосымша (басқа тілдердегі *бар-алым*, *кел-елім* формасы мен қазақ тіліндегі *сып-ыр*, *жыт-ыр* да сондай сөздер). Мұндай дыбысталулар, әрине, өте сирек кездеседі.

Дауысты дыбыстардың түбір сөз құрамындағы жұмсалатын орны.

а және **е** дыбыстары сөздің барлық позициясында келе береді: *ат* (ат), *ана* (ана), *ата* (ата), *хан* (хан), *сан* (сан), *бала* (бала); *ел* (ел), *кел* (кел), *йел* (жел), *керек* (керек), *чечек* (шешек, гүл шешегі), *ерте* (ерте), *йізне* (жезде).

о дыбысы тек басқы буында ғана қолданылады: *оймақ* (оймақ), *от* (от), *оңал* (оңал), *орта* (орта), *орман* (орман), *қой* (қой). Келесі буындарда **о** басқа дауысты дыбыстармен алмасып отырады: *о//а*: *оқшаш* (ұқсас), *оғлақ* (лақ), *отачы* (оташы); *о//у* — *оғул* (ұл), *оғру* (ұры), *орун* (орын), *олтур* (отыр); *о//ы* — *оғры* (ұры).

ө дыбысы да **о** дыбысы сияқты сөздің тек басқы буынында ғана кездеседі: *өз* (өз), *төретечі* (жаратушы), *көк* (көк, аспан), *көңүлүк* (әділдік), *көр* (көр). *ө//е* — *өктем* (өктем), *өтмек* (өтпек, нан), *өлше* (өлше), *өлбеклік* (жақсылық), *өпке* (өкпе), кейінгі буында **ө/ү** және ішінара **ө/і** алмасуы ұшырасады: *ө//ү* — *төрүле* (төрелік айту), *өктүн* (өкпеле), *өрүмшік* (өрмекші), *өлу* (өлі), *өлүм* (өлім), *өтүн* (өтін). Өте сирек: *ө//і* — *көгіс* (көкірек). Оның *көгүс* деген формасы да бар. *ө//ө* формуласы болмайтын себебі — **ө** дыбысы бірінші буыннан басқа жерлерде кездеспейді.

у дыбысы сөздің басқы буынынан гөрі кейінгі буындарында жиірек айтылады: *унут* (ұмыт), *ун* (ұн), *уруқ* (ұрық), *улу* (ұлы, ұлу), *қутул* (құтыл), *қут* (құт), *услу* (ақылды), *узун* (ұзын). **у** дыбысы, демек, сөздің басында да, ортасында да және соңында да келе береді.

ү дыбысы туралы да осыны айтуға болады: *үр* (үр), *үч* (үш), *үгрен* (үйрен), *үзеңгі* (үзенгі), *үстүңгү* (үстіңгі), *үскүлі* (кендір), *үзүк* (үзік), *үшу* (үсі), *үлүш* (үлес), *үгү* (үкі), *үксүн* (еске түсір).

ы дыбысы сөздің басында: *ынан* (илан), *ыт* (ытқып кет), *ысыр* (отты үрле), *ышан* (сен, сену); сөздің ортасында: *қыз* (қыз), *тырнақ* (тырнақ), *қыш* (қыш), *қызыл* (қызыл), *сығырчық* (кішкене бір торғай); сөздің соңында: *ыссы* (ыссы), *чымғы* (байқап көр), *сары* (сары), *сасы* (сасы), *сады* (ақылсыз), *сыбуртқы* (сыпыртқы) түрінде келе береді.

і дыбысы да сөздің барлық позициясын қамтиды: *ілкі* (ілкі, әдепкі), *інек* (сиыр), *іне* (ине), *інчке* (жіңішке), *ілін* (ілін),

іскіне (кескір, тескіш), *бір* (бір), *кіші* (кісі), *чипчік* (шымшык), *кенді* (өзі).

Дауысты дыбыстардың түбір сөз құрамында кездесу мөлшері (яғни сапалық емес, сандық салыстырмасы) бірдей емес. Позиция таңдамай, сөздің барлық шенінде жиі кездесетін актив дыбыстар **а, е, ы** және **і** бар да, басқа орындардан гөрі сөздің белгілі позициясында (мысалы, орта шенінде) ғана әлдеқайда көбірек қолданылатын **у** мен **ү** дыбыстары бар. Сондай-ақ сөздің белгілі бір таңдамалы позициясынан басқа жерде қолданылмайтын пассив дыбыстар бар. Олар — **о** мен **ө**.

Қорыта келгенде, қыпшақ тілінде 8 толық дауысты, 2 жартылай дауысты дыбыс бар. Толық дауысты дыбыстар айтылу ерекшелігі жағынан «созылық дауысты дыбыстар» және «жалаң дауысты дыбыстар» болып екіге бөлінеді. Созылық дауысты дыбыстар сөздің фонетикалық құрамына әсер еткенмен, оның лексикалық мағынасын өзгерте алмайды. Дифтонгоид дыбыстар да солай. Ылғи жұптаса жүріп кейбір дауыстылар «қос дыбыс» құрайды. Бірақ олардың да сөз мағынасын өзгертуге қабілеті жетпейді. Олардың тіркесі — тек қана механикалық тіркес. Дауысты дыбыстар бірі мен бірі алмасып та отырады. Оның өзі екі түрлі себепке негізделген. Бірі — тарихи себеп те, екіншісі үндестік заңымен байланысты. Үндестік заңы буын үндестігі және ерін үндестігі болып бөлінеді. Қыпшақ тілінің өзіндік ерекшеліктеріне байланысты кейбір дауысты дыбыстар өз ролінде емес, қосымша — қыстырылма дыбыстардың орнына қолданылады. Түбір сөз құрамындағы жұмсалатын орнына қарай дауысты дыбыстар «актив дауыстылар» және «пассив дауыстылар» болып жіктелетінін жоғарыда айттық.

Шетел тюркологтарының кейбірі қыпшақ тіліндегі дауысты дыбыстардың саны сегізден гөрі көбірек болар деген көзқараста. Мысалы, фон Габэн 8 дыбыстың үстіне тағы екі дыбысты қосады. Оның бірі **е** дыбысынан гөрі қысаңдау, **і** дыбысынан гөрі ашықтау *ешіт* (есіт), *бер* (бер), *бей* (би) деген сөздердің құрамында айтылатын бір дыбыс көрінеді. Фон Габэннің ойынша, бұл сөздердің бұдан басқа да *ишіт*, *бир*, *бий* варианттарының болу себебі осыған байланысты болса керек. Екінші дыбыс деп Фон Габэн **а** мен **е** дыбыстарының арасында «айтылады» дейтін бір белгісіз дыбысты меңзейді. Автор бұл жерде европалық «кейбір зерттеушілердің шамалауы бойынша» деп көрсетеді. Ол дыбыс шамасы мынадай қосымшалардың құрамында келетін көрінеді: жатыс жалғауы — **-да**, шығыс жалғауы — **-дан**, барыс жалғауы — **-ға**, болымсыз етіс жалғауы — **-маз**, шырайлардың жұрнақтары **-лай**, **-лайын**. Мысалы, *құртлай* (құрттай, құрт сияқты), *бузовлай* (бұзаудай), *йавлайын* (майдай). Сол сияқты, кейбір сөздердің соңғы буынындағы **а** дыбысы: *қара* (қара, түс), *қышлар* (қыстар), *жайлар* (жайлар).

Ал Омелян Притцак езу дауыссыздарының қатарында **а** мен

о дыбыстарының арасынан шығатын бір дыбыс бар деп ойлайды. Ол, әдетте, араб жазуындағы дамма мен алиф таңбалары арқылы беріледі де, *қал* (қал), *йағұрт* (сүзбе, құрт) сөздерінің құрамында кездеседі деп көрсетеді автор. Сонда, қыпшақ тілінде жиыны 11 дауысты дыбыс бар болып шығады.

Қыпшақ тілінде 8 дауысты дыбыс бар дегенде біз, алдымен В. В. Радловтың тұжырымдауына сүйендік. Екіншіден, қыпшақ тілі фонетикасын зерттеу барысы мынадай ойға келтіреді:

1) Қыпшақ тілі — **е** дыбысымен айтылатын тіл. Бірақ оның **и** дыбысымен айтылатын белгілі бір диалектісі болған сияқты. Бір сөздің әрі *ешіт*, әрі *ишіт* болып құбыла беретін себебі — осы формалардың әртүрлі ортада айтылып, әртүрлі диалектіде қолданылғандығынан. Осы іспеттес сөздердің көне қыпшақ тілінде әрқилы айтылуы қазіргі қыпшақ тілдерінің өз ара бөлініп, дербес тіл болып қалыптасуына жол ашқан тәрізді. Мысалы, қазақ, қарақалпақ тілдерінде *есіт*, *бер*, *сен*, *жер*, *керек*, *бел* болып **е** дыбысымен айтылатын сөздер татар, башқұр тілдерінде *ишіт*, *бир*, *син*, *жир*, *кирәк*, *бил* болып **и** дыбысымен айтылады.

2) Фон Габэннің кейбір жалғау (**-да**, **-дан**, **-ға**), жұрнақтарға (**-маз**, **-лай**, **-лайын**) байланысты **а** мен **е**-нің арасында айтылатын дыбыс деп отырғаны — бұл дыбыстар дәл осы жағдайда өзіне екпін түспей тұрғандықтан әдеттегі **а**-дан гөрі тездеу айтылып, көмескілеу естіледі. Яғни, **а** бұл позицияда (екпін түспейтін жағдайда) өзінің ашық бояулы қалпын сәл де болса бәсеңдетіп алады.

3) Қазіргі түркі тілдерінде **а/о** алмасуы — заңды нәрсе. Мысалы, қазақ тілінде *ат*, өзбек тілінде *от*. Қыпшақ тілінде *йағұрт*, Стамбул түріктерінің тілінде *йоғұрт*, **а** мен **о** дыбыстарының осы алмасу ерекшелігі қыпшақ тілінде (не соның бір говорында) орын ала бастаған болу керек.

Осы айтылып отырған үш жағдайдың үшеуінде де мәселе жаңа бір дауысты дыбыс туралы болып отырған жоқ, қыпшақ тіліндегі 8 дауысты дыбыстың қатарына жататын **е** мен **и** және **а** мен **о** дыбыстарына байланысты болып отыр. Сондықтан біз қыпшақ тілінде 11 емес, 8 дауысты дыбыс бар деп есептейміз. Демек, қыпшақ тілінде **а** дыбысы мен **е** дыбысының және **а** дыбысы мен **о** дыбысының аралық мөлшерінде айтылатын қандай да бір қосалқы фонемалар жоқ сияқты.

Дауыссыз дыбыстар.

Қыпшақ тілінде 22 толық дауыссыз дыбыс бар. Жоғарыда көрсетілген екі жартылай дауысты (**у** мен **й** дыбыстары) да өз алдына тұрып буын құрай алмайтын болғандықтан, осы арада қарастырылады. Дауыссыз дыбыстардың өз ара топтастырылу кестесі мынадай (200-беттегі кесте):

Дауыссыз дыбыстардың түбір сөз құрамындағы жұмсалы орны.

Жасалу жолына қарай	Дауыс қатысына қарай	Ерін дауыссыздары	Тіс пен ерін дауыссыздары	Тіс дауыссыздары	Тіл ұшы дауыссыздары	Тіл алды дауыссыздары	Тіл ортасы дауыссыздары	Тіл арты дауыссыздары	Көмей дауыссыздары	
Шұғыл (жабысқы)	Үнсіз	қатан	п		т			к	қ	
		ұяң	б		д			г		
		аффрикат	қатан				ч			һ
			ұяң							
Ызың (жуысқы)	Үнді	қатан		ф	с		ш		х	
		ұяң		в	з		ж		ғ	
		ауыз жолды	у			л	р, й			
		мұрын жолды	м			н			ң	

б дыбысы сөз басында жиі айтылады: *балауз* (балауыз), *балчуқ* (балшық), *баш* (бас), *башмақ* (башмақ), *білеу* (білеу). Сөз ортасында да солай: *чыбуқ* (шыбық), *елбек* (тегін), *абушқа* (қарт), *сабанчы* (жер айдаушы, егінші). Әлдеқалай **п** дыбысының орнына жүрмесе, **б** дыбысы сөз соңында айтылмайды (**п** дыбысын қара). Көне замандарда жазылған ескерткіштегі **б** дыбысы қыпшақ тілінде **м** дыбысымен алмасып отырады: *мен* (бен дегеннің орнына), *мунуң* (*бунуң* дегеннің орнына). Басқа тілдерден ауысқан сөздерде де солай: *мамуқ*, *мамық* — парсыша *банбуқ* (мақта).

в дыбысы — көне қыпшақ тілінде кейінірек пайда болған («вторичный согласный») дыбыс. Сөз ортасы мен сөз соңында ол **ғ** мен **г** дыбыстарының айтылмай түсіп қалуынан (яғни сол дыбыстардың түгелдей қысқарып, біржолата жойылып кетуінен) не болмаса басқа бір дыбыстардың (мысалы, **б**) позициялық өзгерістерге ұшырауынан барып пайда болған. Сөз басында өте сирек ұшырасады: *вурчық* (ұршық), шақыру одағайы — *вай!* (эй!). Сөз соңында: *сев*, *сөв* (сүй), *чов* (шү), *йабов* (жабу, аттың жабуы). Сөз ортасында: *сөвек* (сүйек), *сөвүнч*, *сөвнч* (сүйініш). Алғашқы сөз кәдімгі *ур* (ұр) деген сөздің негізінде пайда болған. Кейінгі сөздердің әуел бастағы түбірі: *себ*, *сабаш*, *чав*, *сүңүк* (*сүгүк*), *йапығ*. Демек, **в** дыбысы — бір кездегі **б**, **г**, **ғ** дыбыстары-

ның өзгере келе барып қалыптасқан варианты. Ол й, у дыбыстарымен алмасып та, қатар да қолданылады: *сөв//сөй* (сүй), *сөвүнч//сөүнч*. Шетел ғалымдары, мысалы, Фон Габэн «Кодекс Куманикус» материалдарын транскрипциялағанда осы в дыбысын беру үшін екі түрлі таңба қолданған. в дыбысы өзі қоршауында тұрған дыбыстардың сарынына қарай, шамасы, әнтек өзгерістерге түсіп отыруы мүмкін. Кірме сөздердің құрамындағы в кейде айнымай жазылады да, кейде басқа қолтума дыбыстармен алмасып келеді: *аваз* (парсыша, әуез, дыбыс, үн), *авал* (арабша, әуел, әуелі). Сонымен бірге *дивар* (парсыша) емес *диуар* (қабырға, үйдің қабырғасы), *човалдуз* (парсыша) емес *чуалдыз* (тебен ине), *савда* (арабша) емес *сауда* (меланхолик, қазақтың «саудайы» деген сөзі осыдан шыққан), *моровват* (парсыша) емес *муруат* (ізгілік), *давлат* (арабша) емес *даулат* (дәулет), *дағва* (арабша) емес *даууа* (дау, қазақтың «дау-дағба» деген екі сөзі де осы бір сөзден шыққан).

Ғ дыбысы сөздің тек ортасында ғана келеді: *ағаш* (ағаш), *ағыр* (ауыр), *тоғуш* (шығыс, күншығыс), *садаға* (садаға, садақа), *алғыш* (алғыс), *ұлғай* (ұлғай), *қорға* (қорға), *йамғур* (жаңбыр). Сөз басында ғ дыбысы тұрса — ол өзге тілден енген сөздер болғаны: *ғам* (арабша қам), *ғарып* (арабша ғаріп, жолаушы, кезбе), *ғафта* (парсыша апта).

Сөз соңында ғ — өте сирек қолданылады: *тағ* (тау), *татығ* (тәттісі), *бағ* (парсы сөзі, бақ), *ағ* (ау), *сағ* (сау), *йағ* (жау, жауу), *уяғ* (ұяу). Ғ-ның басқа дыбыстармен алмасуы, негізінен алғанда мынадай: ғ//й, ғ//в, ғ//у, ғ//х. Мысалы, ескі түркі тілдеріндегі *азрағу*, *азрағы* (асыранды) формасынан — *асров*, *бузағу* тұлғасынан — *бузау*, *бузов* (бұзау), *оғуша* сөзінен — *охша*, *овша* (ұқса), *атағ* формасынан — *атов* (арал), *адығ* сөзінен *айу* (аю), *арығ* тұлғасынан *аров*, *арув* (арылған, таза), *сатығчы*-дан *сатухчы* (сатушы) деген сөздер пайда болған. Мынадай сөздердің құрамындағы в дыбысы о баста (өте ескі түркі тілдерінде) ғ дыбысы арқылы берілетін болған: *йул-ув* (өтем, қазақтың «жылу берді» деген сөз орамын салыстыр), *қутқар-ув-са* (құтқаруды аңсау), *таб-ув-са* (табуды аңсау), *йаб-ов* (жабу), *йул-ов-чы* (сақал алушы, мұның *йул-уғ-на* деген формасы да бар), *бул-ов* (қару), *сат-ов* (сату), *тат-ов* (дәм). Ескі түркі тілдерінде: *йул-уғ*, *қутқар-уғ*, *таб-уғ*, *йаб-уғ*, *йул-уғ*, *бул-ағ*, *сат-ығ*, *тат-ығ*. Сол сияқты *бағ//бав* (бау), *йағ//йав* (май), *татығ//татов* (тәтті), *оғлан//овлу* (ұлған, бала). Ғ-ның в-ға айналуына мысал: *йаров* (қару-жарақ), *йағлав*, *йавлав* (таба, орысша «сковорода»), *асров* (асырау), *бошов* (босау, бостандық), *қоңров* (қоңырау), *бойов* (бояу), *арув* (таза). Бұлардың негізгі түбірі — *йара*, *йавла*, *асра*, *боша*, *қоңра*, *бойа*, *ары* етістіктері. Ескі түркі тілдерінде бұлардың *йарағ*, *йағланғ*, *қоңрағ*, *бойағ*, *арығ* болып айтылатын түрлерін кездестіруге болады. В. В. Радлов куман тілінде ғ, в және у дыбыстарының өз ара алмасу процесі (ғ//в//у) аяқталып

біткен еді деп жазады. Яғни, бұл — ескі түркі тілдерінде ғ қолданылатын жерде қыпшақ тілінде у жұмсалады деген сөз. ғ-ның у-ға айналуына мысал: *чулға-у* (шұлғау), *қада-у* (шеге), *ойау* (ояу). Ескі жазбаларда — *чулға-ғ, қада-ғ, оду-ғ*.

ғ дыбысының мүлде дыбысталмайтын, яғни орнында із қалдырмай түсіп қалатын кездері де болады: ескі түркі тілдеріндегі *йығын* (жиын) сөзі «Кодексте» *йыйн, огул* сөзі *оул* (ұл), *ағар* (оған) формасы *аар, арығ* сөзі *ары* (таза, күнадан арылған) болып айтылады. Мұнан басқа да ғ-ның түсіріліп айтылатын жерлері көп: *алы-чы* (алушы, сатып алушы), *қошы-чы* (қосықшы, өлең айтушы). Салыстырыңыз: М. Қашқарида *алығ-са* (алуды қала), ескі түркі жазбаларында *қошуғ* (өлең, жыр). ғ-ның түсіп қалатынына мысал: *арын* (ары, таза бол) етістік түбірінен — *арығ* емес, *ары* (таза); *ачы* (ашы) түбірінен — *ачығ* емес, *ачы* (ашы); *бойа* (боя) түбірінен — *бойағчы* емес, *бойачы* (бояушы); *қуру* (күрғау) түбірінен — *қуруғ* емес, *қуру* (күрғақ); *сасы* (сасы, сасу) түбірінен — *сасығ* емес, *сасы* (сасық) формалары келіп шыққан.

Осы айтылғандардың барлығын мынадай схемамен көрсетуге болады (ғ-ның айналасындағы дыбыстар оның сөз құрамындағы қоршауын білдіреді): ескі тілдердегі *аға* дыбыстарының тізбегі қыпшақ тілінде *аа* болып өзгереді; *ағы, ағ* қосындылары *ай* тізбегіне айналады. Сол ізбен *ағы, ағ* дыбыстарының тізбегі *ау-ав, ағу* тізбегі *ау-ов, оғу* тізбегі *уу-у, ығы, ғы* тізбегі *ый, ағ* қосындысы *ов, оғ* қосындысы — *ов-оу-ув-у, ғ* дыбысы *в* немесе *ов, ығ* дыбыстары *ув-у, уғ* дыбыстары *оу* болып келе береді. ғ дыбысы айтылмай кейде жұтылып та кетеді. Ондайда ғ-ның орнында ешқандай із қалмайды.

Ішінара кездесетін *қ//ғ* мысалдары да бар (*қ* дыбысын қараңыз). ғ дыбысы тек қана жуан дауысты дыбыстармен, *г* дыбысы үнемі жіңішке дауысты дыбыстармен ғана қатар айтылады да, сөздің басында және соңында (бірлі-жарым болмаса) кездеспейді. Сөздің ортасында: *ейгі* (игі), *емгек* (енбек, бейнет), *егеу* (егеу), *егір* (ійір), *ігіне* (ине). *г* дыбысының басқа дыбыстармен алмасуы: *г//й, г//в, г//х, г//у, г//к*. Мысалы, ескі жазбаларда *күдегу* (күйеу), *өгіз* (өзен), *өкүз* (өгіз) «Кодексте» *күйөв, охүз, өгүз*. *г*-мен *й* кейде қатар қолданылады: *бег//бей* (би, бек). Кейбір ескі түбірлерден, мысалы, *күт* (күт), *тінт* (тінт, тінті), *біле* (біле), *біті* (жазу), сөздерінен мынадай сөздер жасалған: *күтөв* (күту), *тінт-өв-чі* (күтуші), *біле-у* (білеу), *біті-в* (жазу). Мұндағы *в* мен *у*-дың орнына ескі нұсқалар тілінде *г* келеді (мысалы, *бітіг* — жазу, кітап).

г дыбысы да *ғ* сияқты мынадай схемамен алмасады: *ег* орнына — *ей-у*; *егу* орнына — *ов*; *іг* орнына — *ів-в*; *үг* орнына — *үв*. Кейбір мысалдар құрамында *г* мүлдем айтылмай түсіп те қалады: ескі жазба нұсқаларда *черіг* (шеру, әскер), *тіріг* не *тірүг* (тірі), *пішіг* (пісі), *өлүг* (өлі), *бітіг* (жазу), *йүлүг* (жұлынған),

«Кодексте» *чері, тірі* не *тірө, біші, өлу, біті* не *бітү, йүлүчі* (сакал алушы). Сөз түбірлері — *черіг, тір, біш, өл, біт, йүлү*.

г-ден тек бөгде тілден енген сөздер ғана басталады. Мысалы: *гүл* (парсыша, гүл), *гүлаф йағы* (оливка майы), *гүлаф сууы* (гүл суы, сынап).

д дыбысының көп қолданылатын орны — сөз ортасы: *тоодақ* (ерін), *одун* (отын, қада ағаш), *йулдуз* (жұлдыз), *йурдуқ* (жұдырық), *кіндік* (кіндік), *алда* (алда, өтірік айт), *адам* (адам), *қадау* (қадау ағаш), *емді* (енді, қазір), *ердем* (білім), *ердемлі* (білімді). Соның өзінде д дыбысы осылар сияқты санаулы ғана түбір сөздердің құрамында кездеседі. Өте сирек болса да, кейде м дыбысымен алмасып айтылады: *йудруқ/йумруқ* (жұдырық). д дыбысынан басталатын сөздер көбіне энклитика (өз екпіннен айрылып, басқа бір екпін түсетін сөзге телініп, жапсарлас айтылу) есебінде қолданылады: *дағын* (тағын), *дағы* (тағы), *де* (де), *дегрі* (дейін), *дейін* (дейін), *деул, девол* (түгіл). Осындағы де көбіне-көп деп формасында келеді де, өзінен бұрынғы сөздің шылауына ілігіп тұрады. *Дегрі, деул* тұлғалары шылау ретінде жұмсалады (постпозициялық қызмет атқарады). Сөз соңында д дыбысы қолданылмайды.

Ескі түркі сөздерінің т келетін орындарында «Кодексте» д айтылатын орындары да бар: *те* дегеннің орнына *де* (де, айт) *тағы-дағы* (тағы), *тағын-дағын* (тағын), *тегрі-дегрі* (дейін), *кентү-кенді* (өз, өзі), *тегіл-дегіл* (дейін), *түлей-дүлей* (дүлей адам), *отун-одун* (отын).

Ескі түркі тілдеріндегі д қыпшақ тілінде й дыбысына айналған: *адақ-айақ* (аяқ), *күдегү-күйегү-күйевү* (күйеуі). Қыпшақ тілінде д дыбысының орнына й қолдану тұрақты фонетикалық заңдылыққа айналғандықтан, ол бөтен тілден енген сөздерді де қамтитын болған: парсыша *бадам* — қыпшақша *байам* (жеміс аты, орысша «миндаль»), парсыша *кетхода* — қыпшақша *кетхойа* (староста).

д дыбысынап басталатын сөздердің көбі — бөгде тілдерден енгендер: араб тілінен — *даава, дав* (дау), *давлат* (дәулет), *дүние* (дүние); парсы тілінен — *дару* (дәру, дару), *дарчын* (ағаштың бір түрі), *дерзі* (тігінші), *дост* (дос, дост), *дидар* (дидар), *диуар* (үйдің қабырғасы), *дуат* (дәуіт), *дуруст* (дұрыс), *дела* (сусар), *драз* (ұзақ, ұзақ).

Бөгде тілдерден енген сөздердің соңында айтылатын д дыбысы қыпшақ тілінде кейде айтылмай түсіп қалады: *сербен* — парсыша *сербенд* (сәлде).

ж дыбысы өте сирек, онда да сөз басында ғана ұшырасады: *жылтырын* (әйнек, шыны), *жылтыра* (жылтыра, жылтырау), *жыл* (жыл), *жеміш* (жеміс). Көне түркі тілдерінде бұл сөздер й дыбысынан басталады: *йылтыра, йыл, йеміш, йылтырын*. «Кодекс Куманикус» ескерткішінде й дыбысы әртүрлі латын әріптері арқылы беріледі: у, і, j. Осы келтіріліп отырған мысалдарда ол

бөтен әріппен — латын тіліндегі **г** әрпімен жазылған. Басқа тілдерден енген сөздердегі **ж** дыбысын таңбалау үшін «Кодекс» жазбасын құрастырушылар әр алуан қосымша жазу (диакритикалық) белгілері бар **г** әрпін қолданған. Мысалы, *жаһаллық* (ақылсыздық), *жоап* (жауап), *жыныс* (жыныс) — араб тілінен; *жан* (жан), *жаныуар* (жануар), *жаһан* (жаһан), *жигар* (бауыр), *жомарт*, *жомарт* (жомарт), *жулаһақ* (тоқымашы), *жыфт* (жұп) — парсы тілінен. Қолжазбада *жылтыра*, *жыл*, *жылтырын*, *жеміш* сөздері де осы ізбен — қосымша белгілері бар латынның **г** әрпімен — жазылған. Әрине, олардың **й**-мен берілген варианттары да бар: *йыл*, *йеміш* (*йылтырын*, *йылтыра* түрлері жоқ). Аз да болса, осы сияқты бірлі-жарым мысалдарға қарағанда, ескі түркі тілдеріндегі **й** дыбысы қыпшақтар заманында **ж** дыбысына ауыса бастаған болу керек. Дәл осы жерде ескерте кетейік. М. Қашқари былай деп жазады: «**й**-мен басталатын зәт есім мен етістік сөздердің бас дыбысын оғыздар мен қыпшақтар **ж**-ға айналдырып айтады: *йінчү — жінжү* (інжу), *йүғду — жүғду* (шұда), *йігі — жігі* (қараңғы түн). Кейбір ескі деректерге сүйене отырып, осы пікірді академик Н. Т. Сауранбаев та айтқан болатын. Тағы да бір мысал келтірейік: *жыхов* (шіркеу) сөзінің негізгі формасы — ескі түркі тілдеріндегі *ыдуқ ев* (дін үйі); одан барып әрқилы түркі тілдеріндегі *ыйыух өв*, *йег ув*, *йіг ев*, *йых өв*, *жых өв* варианттары жасалған. Бұдан біз әрине, «Кодекс» пен армян қыпшақтарының тіліндегі *жыхов* (жыхөв) сөздерінің басқы позициясындағы **ж** дыбысы о баста **й** болып айтылған деген қорытындыға келе аламыз. Дегенмен осы екі дыбыстың (**ж** мен **й**-дің) ең көп қолданылатын түрі — **й** дыбысы: *йүгүр* (жүгір), *йүгүн* (жүгін), *йүрек* (жүрек), *йүр* (жүр), *йүз* (жүз), *йумшақ* (жұмсақ), *йүк* (жүк). Немістің көрнекті ғалымы Анна-Мария Фон Габэн **й** дыбысын **ж** дыбысымен алмастырып айтатын ерекшелік көне қыпшақ тілі мен қазіргі қазақ тіліне тән қасиет, олар өз ара өте ұқсас тілдер деп жазады.

з дыбысы шеттен енген сөздердің ғана басқы шенінде кездеседі. Араб тілінен: *замана* (заман, замана), *зафран* (шафран), *зейтін* (олива); парсы тілінен: *зернек* (мышьяк), *зиан* (зиян), *зынжыр* (шынжыр), *занғар* (орысша «ярь — медянка»), *змурут* (орысша «изумруд»), *зындан* (зындан). Қолтума сөздердің орта шенінде де, соңғы позициясында да бұл дыбыс айтыла береді: *аз* (аз), *көз* (көз), *йүз* (жүз, бет-әлпет), *чыз* (жаз, жазу), *тез* (тез), *тізгін* (тізгін), *йазық* (жазық, күнә), *йізне* (жезде). з басқа дыбыстардың ішінде өте сирек болса да тек с дыбысымен ғана алмасып келеді: *асығ*, *асов*//*азығ*, *азых* (пайда), *қыс* (қыс, қысу)//*қысармен* (қысармын).

й дыбысы сөздің барлық позициясында кездеседі. Басында: *йалған* (жалған), *йалғыз* (жалғыз), *йеңге* (жеңге), *йез* (жез), *йет* (жет); ортасында: *қайың* (қайын), *айақ* (аяқ), *қайра* (қайыра), *қайт* (қайт), *қайсы* (қайсы); аяғында: *ай* (ай), *чырай* (шы-

рай), *бай* (бай), *бий* (би), *қой* (қой), *кй* (ки). Ескі түркі тілдерімен салыстырсақ ол — д дыбысының тарихи ізбасары іспетті: *хадғу-қайғы* (қайғы), *ыд-ый* (ытқытып жіберу). Айтылу жағынан орайлас келетін **ы**, **і** дыбыстарымен жалғасқанда **й** олармен қосылып, бірігіп кетеді: *бей-і-міз* — *бей-міз* (биіміз). Басқаша айтқанда, **й** дыбысымен іргелес келген **ы**, **і** дыбыстары кейде онымен барынша жымдасып, жұтылып кетіп отырады.

к дыбысы сөздің барлық позициясында келе береді. Сөз басында: *кең* (кең), *кеңеш* (кеңес), *кендір* (кендір), *керек* (керек); сөз ортасында: *секір* (секір), *бекін* (бекін), *өктем* (өктем), *екі* (екі), *ексік* (кемшілік); сөз соңында: *тік* (тік, тігу), *төк* (төк), *тек* (тек), *йүк* (жүк), *йек* (жек көру), *көк* (көк аспан). Сондай-ақ ол сөзде тек жіңішке дауысты дыбыстарға ғана байланысты болып келеді.

к-нің алмасып келетін дыбыстары: *секіз//сегіз* (сегіз), *өкпе//өпхе* (өкпе), *түлкү//тұлхи* (түлкі). **к//г**-ге қарағанда **к//х** алмасуы өте сирек.

к-ның айтылмай түсіп қалатын жері — сөз басы (өте сирек): *күгүрчін-үгерчін* (көгершін).

қ дыбысы қолдануда позиция таңдамайды: *қалың* (қалын), *қаршы* (қарсы), *қарғыш* (қарғыс), *қалып* (қалып), *йақут* (жақұт), *йақшы* (жақсы), *сақал* (сақал), *бақ* (бақ, қара), *сағақ* (сағақ), *балық* (балық). Ол тек қана жуан айтылатын дауысты дыбыстармен бірге келеді.

к-ның айтылмай түсіп қалатын жері (сөз басында) өте сирек: *қуртқа* — *урутқа* (кәрі әйел).

Армян колониясының тілінде жазылған документтерде **к**-ның орнына ылғи **х** берілген: *хашух* (қасық), *тохуз* (тоғыз), *хазан* (қазан), *хадар* (қадар, қадырынша), *хайнана* (қайын ана), *хайсы* (қайсы), *хал* (қал), *ханлы* (қанды), *хардаш* (туысқан, қарындас), *харшы* (қарсы), *хатын* (бәйбіше). Шет тілдерден енген сөздерде де осылай: *хабах* (қабак), *хала* (қала), *халы* (кәлі кілем), *хардж* (қаржы).

л дыбысы сөздің тек инлаут (орта) және ауслаут (соңғы) позицияларында ғана ұшырайды. Ол сөз басында қолданылмайды. Бөгде тілдерден ауысқан бірлі-жарым сөздер ғана **л** дыбысынан басталады: парсы тілінен *лак* — *реңкі лак* (лак реңкті, лак түсет), *леңер* (якорь), *лимон* (лимон); араб тілінен *лақап* (лақап), *лайық* (лайық), *лаал* (лағыл); грек тілінен *лақан* (ілеген, шылапшын), *лимен* (гавань, порт, пристань).

Шетел ғалымдары (мысалы, Анна-Мария Фон Габэн) және революцияға дейінгі кейбір орыс ғалымдары да (мысалы, В. В. Радлов) жуан айтылатын сөздердің құрамында келетін **л** дыбысын өз алдына бір фонема, ал жіңішке айтылатын дауысты дыбыстармен қатар келетін **л** екінші фонема деп түсінеді де, **л** және **І** әріптерімен таңбалайды. Біз **л** дыбысын қандай дыбыстармен бірге келсе де бір фонема есебінде қарап, оны бір-ақ таң-

бамен, л әрпімен беріп отырмыз. Расында, *ал* деген сөз бен *гүл* деген сөздің құрамындағы *л*-дың дыбысталу ерекшелігі бірдей емес сықылды. Алайда, кейбір дыбыстардың белгілі бір дыбыстар жүйесіндегі айтылу реңктерін (нюанстарын) дәл айқындау үшін эксперименттік фонетика әдісі бойынша тәжірибелер мен зерттеу жұмыстарын жүргізу қажет. Әзірше біз осы күнге дейін қазақ тіл білімінде қолданылып келген практика негізіне сүйеніп отырмыз.

м дыбысы сөздің барлық шенінде кездеседі: *маңлай* (маңдай), *мамұх* (мақта), *мен* (мен), *мін* (мін, міну), *чырма* (шырма), *чоқмар* (шоқпар), *күмүш* (күміс); *кім* (кім), *көм* (көм), *қум* (құм), *қам* (бақсы).

н дыбысы да сөздің барлық позициясында келе береді. Дегенмен, **н** сөз басында (анлаут позициясында) сирек кездеседі, онда да көбіне сұрау есімдіктері құрамында айтылады: *не* (не), *нек* (неге), *нече* (неше), *нечік* (нешік), *неме* (неменеге), *ноқта* (ноқта). Сөздің басқа позицияларында **н** жиі ұшырайды: *сақлан* (сақтан), *бойын* (мойын), *бічен* (пішен), *міндің* (міндің), *кендір* (кендір), *чанақ* (шанақ), *екінді* (екінді). Сөздің инлаут (орта) позициясында ол кейде **ң** дыбысымен алмасып қатар қолданылады: *сүнү//сүңү* (сүңгі).

ң дыбысын бөтен тілдерден ауысып келген сөздердің басқы позициясынан жиі ұшыратуға болады: араб тілінен — *наал* (нәл, таға), *наамат* (қайырым), *нааматлы* (қайырымды), *нақыт* (ақша), *нақыш* (нақыш), *нақышла* (нақышта), *нафас* (леп), *нөкте* (нүкте), *ноума* (бақыт), *нур* (нұр); парсы тілінен — *нақ* (нәк — жеміс аты), *нақара* (нағара — музыкалық аспаптың бір түрі), *нам* (нәм, адамның аты), *нараңғы* (апельсин), *нардан* (анар), *насих* (киімнің бір түрі), *нәзік* (нәзік), *нышан* (нышан), *нышанлағыл* (белгілегін), *нохут* (бұршақ, ас бұршағы), *ніл* (ніл — бояудың бір түрі).

ң дыбысы сөз басында кездеспейді де, көбінесе сөз соңында келеді: *таң* (тан), *соң* (соң), *ең* (ең), *йең* (жең), *аң* (аң, ес, ақыл). Сөз ортасында сирек ұшырасады: *меңгү* (мәңгі), *ердеңлік* (қол тимеген тың нәрсе), *қоңрау* (қоңрау), *еңсе* (еңсе).

Кей-кейде **ғ** дыбысымен ауысып та келеді: *аңар//ағар* (оған), ескі жазбалардағы *йалыңуз* — «Кодексте» *йалғыз*, *йалғуз*. Демек көне **ң** дыбысы жаңа **ғ** дыбысымен алмасады. Сөз ішінде мынадай дыбыстармен ғана тізбек құрады: түбірде **нл**, **нр**, **нм**, **нс**, **нн**, түбір мен қосымша арасында **нд**.

п дыбысы сөздің басқы шенінде сирек кездеседі: *піш* (сыбыс, дыбыс, қазақтың «піш-піш сөзі көп» деген сөз орамын салыстырыңыз). Бөгде тілден енген сөздердің бас позициясында айнымай келеді: *пайғамбар* (пайғамбар), *пістак* (пісте, күнбағардың дәні); *палаң* (жолбарыс), *паншанбе* (бейсембі), *парғал* (циркуль), *пороза* (перуза, асыл тастың аты), *пеша* (кәсіп), *пешман* (пұшайман, өкініш), *пиала* (пияла, кесе), *піл* (піл), *піл тіші* (піл сүйегі).

Сөз ортасында **п** түрінде де, **б** дыбысымен алмасып та айтыла береді: *чүпрек* (шүберек), *інек//йібек* (жібек), *йапар//йабадыр* (жабады). Қатар тұрған екі дауысты дыбыстың арасына келгенде қатаң **п** дыбысы көбінесе ұяң дыбыс есебінде, яғни **б** дыбысы ретінде айтылуға бейім тұрады.

Сөздің соңғы позициясында **п** дыбысы әрдайым өз тұлғасын сақтайды. Дегенмен, ішінара болса да, оның **б** дыбысымен алмасып келетін жерлері бар: *тап-ып* (түбірі тап) деген сөзден *тауб* формасы жасалған. Кейде ол **б** (**в**) дыбысының орнына да жүреді: о бастағы *ебчі* (эйел) деген сөзден «Кодексте» *епчі* формасы пайда болған. (Сөздің көне түбірі, әрине, *еб, ев*).

р дыбысы сөз басында болмаса, орын талғмайды: *қара* (кара түс), *қарчыға* (қаршыға), *қарма* (қарма, қарману), *қорғашын* (қорғасын), *қыр* (қыр, қырып салу), *қар* (қар), *бар* (бар, бару), *кер* (кер, керу). Бірлі-жарым сөздерде ғана басқы позицияда келеді: *рыс* (ырыс), *рымшылық* (ырымшылдық). Бөгде тілден ауысқан сөздердің бастапқы позициясында сиректеу болса да, ұшыраса береді: *раһым* (арабша, *рақым*), *ребе* (арабша, *өсім, үстеме*), *райған* (парсыша, *тегін*), *рауанд* (парсыша, *ревень*), *ризиана* (парсыша, *укроп*), *раң* (парсыша, *рең, реңк*), *рустан* (парсыша, *егінші*), *руси* (орысша, *русь, орыс*). **р** дыбысының кейде айтылмай түсіп қалатын жерлері де болады: *берк//бек* (берік). Ескі түркі тілдерінде *қуртул* — қыпшақ ескерткіштерінде *қутул* (құтыл, жоқ бол).

с дыбысының келмейтін жері жоқ: ол сөздің басында да, ортасында да және соңында да жиі ұшырайды. Аздаған сөздердің құрамында ғана ол **з** дыбысымен алмасып келеді: *қыс//қызармен* (қысармын), *асығ, асов//азық, азық* (пайда, түсім). Мысалы: *саз* (саз, батпақ), *сауаш* (соғыс, соқтығыс, сабасу), *саусар* (сусар), *сақал* (сақал), *кесеу* (кесек, бір кесек), *қысқа* (қысқа), *кес* (кес), *қыс* (қыс, қыстау), *күс* (күс, күсу, ұнатпау, жақтырмау), *ес* (ес, ақыл), *есіне* (есіне).

т дыбысы да позиция тандамайды: *таш* (тас), *табан* (табан), *тамақ* (тамақ), *тап* (тап), *ташла* (таста), *татлы* (тәтті), *атов* (арал), *ата* (ата), *ат* (ат), *ет* (ет), *етік* (етік), *от* (от).

Сөз басы мен сөз ортасында **т** дыбысы негізінен өз тұлғасын сақтайды. Арагідік қана **д** дыбысымен алмасып отырады: *тағы//дағы* (тағы).

т дыбысының айтылмай түсіп қалатын реттері өте сирек: *артқары* (*артқары* деген сөздің орнына).

ф дыбысы басқа тілден енген сөздердің құрамында кездеседі. Араб тілінен енген сөздерде: *алфоқаж* (ғалым), *зафран* (орысша шафран), *қаранфыл* (қалампыр), *қатифа* (барқыт), *сараф* (сарапшы), *сафар* (сапар), *таф* (музыкалық аспаптын аты), *тафарик* (парық), *тафарыч* (сауық), *тафш* (бас тарту), *тесниф* (кітап жазу), *фалан* (пәлен, пәлен-түген), *физулы* (саршұнақ); парсы тілінен енген сөздерде: *ғафта* (апта), *жыфт* (тепе-тең, жұп), *қан-*

фор (орысша «камфара»), *фриште* (періште), *шафталы* (шабдалы), *шынғарф* (орысша «киноварь»); араб-парсы тілдеріне ортақ сөздер: *садаф* (сәдеп), *суф* (матаның бір түрі), *сыфра* (сыпыра), *тафтар* (дәптер), *франг* (Европа), *франги* (европалық).

Қолтума сөздерден **ф** қолданылатын бірлі-жарым мысалдар кездеседі, бірақ оның өзі де қатеден солай жазылып қалмады ма екен деген күман тудырады. Мысалы, «Кодексте» кездесетін *ексік//ефсік* (кемшілік) сөзі осындай.

х дыбысы қыпшақ тілінде тек қана мынадай дыбыстардың орнына жүреді: **қ, ғ, г**. Ескі түркі тілдеріндегі *ыдуқ ев* (дін үйі), *ақ* (ақ, ағу), *оқ* (оқ), *оғуша* (ұқса), *йаруқ* (жарық), *өгүз* (өзен) сөздері. «Кодексте» *йіх ов, ах-ар* (ағар), *охчы* (оқ жасаушы), *охша, йарух, охуз* түрінде ұшырасады. Енді бір жерде *йақшы//йахшы* (жақсы), *йоқ//йох* (жоқ), *йарық//йарух* (жарық), *овша//охша* (ұқса), *өпке//өпхе* (өкпе) болып та қолданылады. Армян колониясының тілінде жұмсалатын **х** дыбысы туралы жоғарыда **қ** дыбысымен байланысты айтылды.

Бөгде тілден енген сөздер **х** дыбысынан басталып айтыла береді: араб тілінен: *хаза* (ерекше), *хакім* (дәрігер), *хақ* (ақысы, құны), *халал* (адал), *хаммал* (һамбал, жүкші), *халқа* (алқа), *харам* (арам), *хор* (қор болу), *хасыр* (қамыстан тоқыған төсеніш), *хоқим* (әкім, сот), *хормат* (құрмет), *хор* (қор болу, әлсіреу); парсы тілінен — *хош* (қош, қош иісті); армян тілінен — *хач* (діни жазықтыларды керіп тастап азаптайтын, жазалайтын құрал).

ч дыбысы сөздің басында да, ортасында да және аяғында да келе береді: *чақыр* (шақыр), *чанақ* (шанақ), *қучақ* (күшақ), *ач* (аш, аш адам), *ечкі* (ешкі).

ш дыбысы сөз басынан гөрі сөз ортасы мен сөз соңында әлдеқайда жиі айтылады: *таш* (тас), *аш* (ас), *аша* (аса, же), *тіш* (ұрғашы), *тешік* (тесік). Сөз басында **ш** кездесетін мысалдардың небәрі мынау-ақ: *шол* (сол), *шық* (көп, жық-жық, жық толы), *шірачы* (малай), *шіріш* (шырыш, желім), *шіш* (ісу), *шиша* (шиша, шөлмек), *шішік* (ісік), *шүлүк* (сүлік). Араб-парсы тілдерінен енген сөздер анлаут позициясындағы **ш** дыбысын сақтап тұрады: араб тілінен *шағы* (құрал), *шайтан* (шайтан), *шариат* (шариат, шарифат), *шейр* (шайыр), *шүкір* (шүкір), *шығыт* (зар); парсы тілінен *шаар* (шәрі, шаһар), *шалқан* (шалқан), *шекер* (шекер), *шынғарф* (киноварь), *шірікіш* (манна), *шанба: қыйар шанба* (қорица).

һ дыбысы да — өзі қатысып тұрған сөздің бөгде тілден екендігінің айғағы. Мысалы: *һайбат* (әйбет, жақсы), *һауа* (ауа), *жуһут* (жөйт, еврей), *һерсек* (құштарлық) — бұлар араб тілінен ауысқан сөздер. Енді бір топ сөздер — *міһір* (мейір), *моһор* (мөр), *жаһан* (жаһан), *һам* (һәм), *һар* (әр), *һеркіз* (ешқашан), *һеч* (*еш*) — парсы тілінен енгендер. Бөгде сөздердің құрамындағы **һ** дыбысы айтылмай кейде түсіп қалады: *анус* (*һануз* емес,

парсыша «тағы да»), қарабар (қаһарбар емес, парсыша, «янтарь»), шаар (шаһар емес, парсыша «қала»), амаша (һамаша емес, парсыша, «әрқашан», «әмісе»). Осындай екі түрлі форма қатар да қолданылады: ерсек//һерсек (құмарлық), азиз//һазиз (әзиз, ғазиз). Сонымен бірге бөгде тілдерде айтылатын һ дыбысы қыпшақ тіліне келгенде ғ дыбысымен алмасып та жұмсалады: парсыша һафта — «Кодексте» ғафта (апта), парсыша қаһал (жалқау) — «Кодексте» қағал.

Метатеза. Бір сөз құрамындағы белгілі бір дыбыстардың өз ара орын ауыстырып келуі көне қыпшақ тілінде де ұшырайды: бағла//балға (байла), кейде йамғур енді бірде йағмур (жаңбыр), йарлыға//йарылға (жарылқа), оқша//ошқа (ұқса), теңрінің//теңірінің (тәңірдің), йурмақ//йумруқ (жұдырық). Сонда метатезаға ұшырайтын дыбыстар: ғл//лғ, ғм//мғ, лы//ыл, қш//шқ, һрі//һірі, мр//рм болып шығады. Метатеза құбылысына ұшырайтын дыбыстардың тобы екі құрамды да, үш құрамды да бола береді. Үш құрамды дыбыстардың тобында екі дауыссыз дыбыс та, бір дауысты дыбыс та кездеседі. Екі құрамды дыбыстардың тобы көбінесе екі дауыссыз дыбыстардан тұрады. Бірді-екілі сөздің құрамында ол бір дауысты, бір дауыссыз болып келетін екі түрлі дыбыстан да жасала береді.

Қосарлы дауыссыздар. Сөз құрамының қай жерінде болса да, әсіресе дауысты дыбыстар арасында, кейбір дауыссыздар әрдайым қайталанып отырады. Фон Габэн осында белгілі бір заңдылық бар деп қарайды. Бірақ көне қыпшақ тілі ескерткіштерінде дауыссыз дыбыстар қайталануының бәрі бірдей орынды шыға бермейді, орынсыз, кейде күмәнді жері де бар. Бір тектес екі дыбыс орынды қайталанып қатар айтылып тұр деп біз мынаны есептейміз: қатты (қатты), аллында (алдында), ханны (ханды), жанны (жанды), қаттында (қатарында). Сөз түбірі — қат, ал, хан, жан және қат. **-ты** — сын есім жұрнағы, **-лы, -ты** — тәуелдік жалғауы, ал **-ны** — табыс жалғауы. Орынсыз жері: айтталым (айтайын), амманша (әмісе, әрдайым), хошиш (хош), йемішиің (жемісің), көргүззүр (көргізер), йашшыррысен (жасырасын), йашшынмазсен (жасырынбассың), суңырассында (сөңрасында), сасыр (сасыр), сассы (сасы), сөвмеккінден (сүюінен), ілліндірді (іліндірді). Мұндағы **тт, шш, зз, сс, кк, лл** дыбыстарының өз ара қатар келуі орынсыз болатын себебі: сөз түбірі — айт (ең бастапқы негізі — ай), қалау рай жұрнағы — алым (талым емес, салыстырыңыз: бар — баралым — барайын). Демек, бір **т** артық жазылған. Екінші тұлға — һамишә деген парсы сөзінің варианты. Мұнда бір **ш**-ның басы артық. Келесі мысалда да бір ғана **ш**-мен жазылатын хош (парсыша) сөзінде **ш** екі рет келген: йеміш — түбірі, ің — тәуелдік жалғау (II жақ жекеше). Қалған сөздер: көр (түбір), гүз (ырықсыз етіс), -үр (келер шақ); йаш (түбір), -ыр (бұйрық рай); йаш-ын (өздік етіс); соңра (туынды түбір), -сы (тәуелдік жалғау); сас (өлі түбір), -ы (бұйрық рай);

сөзмек (туынды түбір), *-i* (тәуелдік жалғау); *il* (түбір), *-in* (өздік етіс).

Барлық түркі тілдері сияқты, «Кодекс» тілінде де дауыссыз дыбыстар қат-қабат қатар келгенде (әсіресе ұяңдар мен қатаң дыбыстар іргелес орналасқанда және дауыссыз дыбыстарға біткен түбірге қосымша жалғанғанда), олардың жымдасқан жерінен өзгерістер туады. Мысалы, *йалбар//йарбар* (жалбарын), *аташ* (*аттас, атташ* дегеннің орнына), *сақол* (оң жақ, *сағ* қол дегеннің орнына), *чақучы* (шағушы, шағым жасаушы, *чақғучы* дегеннің орнына), *йараты* (жаратты, *йаратты* дегеннің орнына), *төркул* (төрткіл, *төрткул* дегеннің орнына), *сүру* (сүйір, *сүври* дегеннің орнына), *түпкүр//түкүр* (түкір), *қазған//қазан* (пайда табу, түсім өндіру). Қабаттаса келген екі дыбыстың (**тт, ғк, қғ, вр, тк, пк, зғ**) мұндай жағдайда біреуі айтылмай түсіп қалған да (**т, ғ, в, п**) немесе екі дыбыс өз ара алмасып келген: *л//р*. Бұл *л//р* дыбыстарының өз ара алмаса беретін заңдылығы — жалпы түркі тілдеріне тән қасиет.

Қорыта келгенде, қыпшақ тіліндегі дауыссыз дыбыстарды *к о л т у м а* дыбыстар және *а у ы с ы п* келген дыбыстар деп екі топқа бөлуге болады. Соңғы топқа **ф** мен **һ** дыбысы жатады, басқалары бірінші топқа кіреді.

Тарихи жасалу тегіне көз жіберсек кейбір дыбыстар (мысалы, **в, у, д, й, ж**) «екінші қатардағы» («вторичные») дауыссыздар, яғни жасалу тегі жағынан бұрынғы бір ескі дыбыстар негізінде пайда болған дауыссыздар болып танылады. Мысалы, ескі жазу нұсқаларында **ғ, г** — қыпшақ тілінде **в, у, й**; немесе, орхон-енисей ескерткіштерінде **т** қыпшақ тілінде **д**, ескі тілдердегі **д** мұнда **й**, сол сияқты көне **й** мұнда **ж** болып өзгерген: *сағ-сау//сав* (сау), *тегін-дейін* (дейін), *күдегү-күйеуі* (күйеу), *йылтырын-жылтырын* (шыны). Ескі жазбаларда *бен, барыб* формалары қыпшақ нұсқаларында *мен, барып*. Демек, қыпшақ тіліндегі **м** мен **п** дыбыстары бұрынғы тілдерде қолданылған **б** дыбысының орнында жұмсалып тұр.

Қолданылу ерекшелігіне қарай орын таңдайтын дыбыстар бар да, орын таңдамайтын дыбыстар бар. Соңғы топқа **й, к, қ, м, с, т, ч** дыбыстары жатады. Орын таңдайтын дыбыстардың жиі қолданылатын жері, сирек қолданылатын жері және, тіпті, қолданылмайтын жері де болады. Сөз басында жиі қолданылатын дыбыс **б**; сирек қолданылатындар — **в, д, ж, п, р, ш**; қолданылмайтындар — **г, з, л, ң**. Сөз ортасында жиі айтылатын дыбыстар — **ғ, г, д, з, л, н, р, ш**; сирек айтылатын дыбыс — **ң**; айтылмайтын дыбыс — **ж**. Сөз соңында жиі кездесетін дыбыстар — **з, л, н, н, р, ш**; сирек ұшырайтын дыбыс — **ғ**; кездеспейтін дыбыстар — **г, д, ж**.

Дауыссыз дыбыстардың өз ара тигізетін әсеріне байланысты мынаны айтуға болады: ең көп алмасатын дыбыстар — **ғ, г, в, й, у, х, к, қ; х//к, ғ, г; к//х, ғ; к//г, х; һ//х, ғ; в//й, у**. Сирек


алмасатын дыбыстар — б//п, д//м, н//ң, ң//ғ. Бұлардың тарихи тұрғыдан (яғни диахрондық заңдылық негізінде) алмасуы бар да (ғ, г//в, й, у; в//й, у; ң//ғ), өз ара қатар келгенде әрқайсысының дыбысталу ерекшеліктеріне қарай немесе ауызекі сөйлеу тілінің заңдылықтарына байланысты (яғни тілдің синхрондық заңдылығына орай) алмасуы бар (ғ, г//х; х//қ).

Буын және оның құрамы. Түркі тілдеріне тән буынның үш түрі қыпшақ тілінде де кездеседі. Мысалы: а) ашық буын — *де* (де, айт), *а-ла* (ала), *ы-дыш* (ыдыс), *е-кі* (екі), *ба-ла* (ба-ла), *алғыш-лы* (алғысты), *ал-да* (алда); ә) тұйық буын — *ақ* (ақ) *ай-аз* (аяз), *ол* (ол), *ой-мақ* (оймақ), *ал-мақ* (алмақ), *ек-сіт* (азайт), *ел-чі* (елші), *ем* (ем); б) бітеу буын — *ен-дір* (ендір), *йы-лан* (жылан), *йе-міш* (жеміс), *йа-ман* (жаман), *кер-тек* (шын), *қай-ғыр* (қайғыр), *қан* (қан), *қай-тур-мен* (қайтармын). Демек, ашық буын бір дыбыстан да (**а, ы, е**), екі дыбыстан да (**де, ла, кі, лы, да**) құрала береді. Ол бірінші буында да (**де, а, ы, е, ба**), екінші буында да (**ла, кі, лы, да**) тұра береді. Жалаң дыбыстан тұратын ашық буын сөздің бас шенінде келетін болса, екі дыбыстан құралған ашық буын позиция таңдамайды. Ашық буынның екі түрі де кейде бір сөз құрамында тұрып өзіне тиесілі қызметін атқара береді (**а-ла, е-кі**).

Тұйық буын екі дыбыстан құралады да, сөздің бас позициясында да, соңғы позициясында да кездеседі, кейде тіпті екі буынды бір сөздің өзі тек қана тұйық буыннан құралады: *ай-аз*. Өз алдына жеке сөз болып та келеді: *ет* (ет), *ер* (ер), *ек* (ек).

Бітеу буын үш дыбыстан тұрады. Жеке сөз ретінде де, сөздің әрқилы бөлшегі түрінде де кез келген позицияда кездесе береді. Екі бітеу буын қосылып, кейде бір бүтін сөз де жасайды: *кер-тек, қай-тур*.

Жалғау-жұрнақсыз жеке тұрған түбір сөз (морфема) қыпшақ тілінде буын құрамы жағынан үш түрлі: бір буынды, екі буынды және үш буынды. Әр буындағы сөздер ашық, тұйық және бітеу буын да болып келе береді:



Демек, бір буынды сөз кем дегенде бір, көп дегенде үш дыбыстан құралса, екі буынды сөз кем дегенде төрт, көп дегенде алты дыбыстан, ал үш буынды сөз одан да көп (6—8) дыбыстардан құралады.

МОРФОЛОГИЯ

Сөз тұлғалары.

Түбір сөз туралы мәселе осы еңбектің «лексика» тарауында, әсіресе «жалпылама лексика» бөлімінде, ал туынды сөздер туралы «зат есім тудыратын жұрнақтар» бөлімінде әңгіме болады.

Әдетте оқулықтардың морфология бөлімінде қарастырылатын қысқарған сөздер туралы мәселеге біз тоқталмаймыз, үйткені қыпшақ тілінде ондай сөз жоқ (шынында, қысқарған сөздер — сөздің табиғи тұлғасы емес, қолдан жасалған шартты түрі. Сондықтан оны бұл тақырыпқа жатқызудың өзі жасанды).

Сөз тұлғаларының өзге түрлері (біріккен сөз, қос сөз, күрделі сөз) қыпшақ тілінің ескерткіштерінде өте сирек кездеседі.

Қосымшалар (яғни жалғаулар мен жұрнақтар) әрбір сөз таптарына байланысты айтылады.

Біріккен сөздер. Біріккен сөздердің құрамына енген сөздер (олар екі түрлі компоненттен тұрады) грамматикалық сипаттамасына қарай (осыдан барып оның лексикалық мағынасын ажырату қиын емес) мынадай болып келеді:

а) Екі зат есімнің өз ара қосылуынан пайда болады: Мысалы, *балавуз* (балауыз), яғни: *бал* (бал) — *авуз* (ауыз); *йыхөв* (шіркеу), яғни: *йых* (жексенбі) — *өв* (үй), демек, жексенбі күндері баратын үй; *күлтебег* (бір байлам нәрсе, бір бау), яғни: *күлте* (бума) — *бағ* (бау, байлайтын, байланған зат); *сусығыр* (бұйвол, яғни: *су* (су) — *сығыр* (сиыр)). Мұндай біріккен сөздердің семантикалық конструкциясы: «анықтаушы сөз — анықталушы сөз».

ә) Сын есім мен зат есімнен: *ачыташ* (ашудас) яғни: *ачы* (ашы) — *таш* (тас); *алабоға* (алабұға), яғни: *ала* (ала) — *боға* (бұқа); *алабота* (алабота) — *ала* (ала) — *бота* (бұта); *қарайағыз* (қарақошқыл) яғни: *қара* (қара) — *йағыз* (қошқыл); *қарақуш* (қарақұс) яғни: *қара* (қара) — *қуш* (құс).

б) Есімдік пен есім: *бүгүн* (бүгін) — *бу* (бұ) — *күн* (күн), осы сөздің *букун* формасы да бар: *түнеукүн* (түнеу күні) — *түне* (сонау) — *күн* (күн).

Қос сөздер. Қыпшақ тілінде қос сөздің екі түрі бар: а) Қайталама қос сөздер: *күнде-күнде* (күнде-күнде), *йөп-йөп* (бірте-бірте). ә) Еселеме қос сөздер: *ап-ақ* (аппақ), *көм-көк* (көкпенбек), *қап-қара* (қап-қара), *чөп-чөвре* (дөп-дөнгелек), *йам-йашыл* (жап-жасыл).

Күрделі сөздер. Изофет конструкциясында тұрған есім сөздері бір ғана нәрсенің атауын білдіреді де, бір мағынадағы бір сөз есебінде қолданылады, бірақ ол грамматикалық құрамы жағынан екі сөзден тұрады: *көне сувы* (сынап), *філ тіші* (піл сүйегі), *сабан йері* (егістік), *қой сүрүкі* (тері, қой терісінен сүріп, етік тігу үшін дайындалған материал), *йез тақтасы* (есеп тақтасы, сауда адамдарының есеп жазып отыратын жезден жасалған «қойын кітапшасы» немесе «кіріс-шығыс журналы»), *теңіз йелі* (теңіз желі, теңізден тұратын жел), *күн тоғушы* (күн шығыс), *күн батышы* (күн батыс), *бітік тілі* (жазу тілі, «жазба тіл»), *тоға тілі* (тоғаның тілі), *султан қатуны* (сұлтанның әйелі, сұлтан лауазымды әйел).

Атау тұлғасында тұрып, «анықтаушы-анықталушы» конструкциясымен келетін сөздер де үлкен мағыналық бірлікте жұмсалады: *сабат күн* (сенбі, яғни «суббота күн» деген сөз), *руси кетан* (орыс елінде шығарылатын полотнның аты), *зейтін ағаш* (оливка), *сабан темір* (соқа), *санар тақта* («есеп кітапшасы»), *франгі суф* (Европа елінде өндірілетін жүн), *татар тіл* (татар тілі).

«Объект-субъект» формасы да осындай мағына береді: *сақал йулушы* (сақал жүлушы, яғни сақал алушы, шаштараз).

«Объекті-предикат» құрылысы: *сабан сүр* (жер жырт), *ат тақ* (ат тақ), *терек тік* (ағаш отырғыз).

Екі компоненті де толық мағыналы тіркестер: *сабур ет* (сабыр ет), *сау бол* (сау бал), *тек тур* (тек, тыныш тұр). Мұндай орамдар сөйлемдегі қызметіне қарай күрделі етістік болып саналады.

Сөз таптары

Зат есім.

Жалпы есімдер туралы бұл жерде арнаулы мысалдар келтіріп жатпасақ та болады.

Жалқы есімдер. Қыпшақ тілінде жазылып бізге жеткен ескерткіштердегі жалқы есімдер, негізінен, адам аттары, ел мен жер және аспан әлеміне байланысты планета атаулары.

Адам аттары ескерткіш жазылған ортаға және мазмұнына қарай әрқилы өзгеріп отырады. Мысалы; «Кодекс Куманикус» жазбасында әулнелер мен пайғамбарлар аттары жиі кездесетін болса, половец документтерінде кәдімгі адамдардың аттары мол ұшырайды. Екеуінде де бірдей кездесетін жалқы есімдер — христиан діні мен сол дінді тұтынушы адамдардың аттары. Сирия мен Египет аймағында жазылған еңбектерде түркі халықтарына тән атаулар ғана кездеседі және олар қыпшақ тілінің грамматикалық құрылысына сай келеді. Мұнда бөтен тілдердің әсері жоқ. Мысалы, «Кодексте»: *Аарон* (ең жоғарғы дәрежелі священник), *Адам* (Адам ата), *Амбросиус* (әулиенің аты), *Дауд* (Дәуіт пай-

ғамбар), *Елизавет, Емануел, Франас, Габриел* (Жәбірейіл), *Грегор* (әулиенің аты), *Һава* (Хауа ана), *Һеродес* (король Херодос, князь Хередес), *Исраһел, Израил, Иеронимус* (әулиенің аты), *Иессе* (Иусус Христос, Иса пайғамбар), *Йаһан, Йоһаннес* (апостол), *Иудас* (апостол), *Йүсүп* (Жүсіп), *Қайһас* (ең жоғарғы дәрежелі священник адам), *Лукас* (інжіл жазушы Лукас), *Мариа, Паулус* (апостол), *Петрус* (апостол), *Понт Пилат, Саломон* (Сүлеймен пайғамбар), *Сион, Стеффан* (дін жолында ауыр азап шеккен бишара адам).

Армян колониясының тілінде күнбатыс халықтарының тілінен ауысқан адам аттары өте мол: *Аврам, Андрий, Андушко, Иван, Микита, Назарко*. Жалпы алғанда, армян колониясының аты-жөні (өзінің және әкесінің аты) үш түрлі жолмен жасалатын сияқты: а) қыпшақ тіліне тән сөздер, ә) бөгде тілден енген сөздер, б) осы екеуі қосылып, аралас құралған сөздер. Мысалы, *Есенбай, Цецех* (қазақша «шешек», яғни «гүл» деген сөз), *Иолбей хас Хатун оғлы, Тураш, Турач, Тамғачы, Айызбей, Гагос Хутлубей оғлы, Якимылиаш оғлы, Яқуб Чаплич оғлы, Дірадур Симон оғлы, Иолбей Бргош оғлы*. Аралас келген сөздердің ішінде қыпшақ сөзі көбінесе әкенің аты болып келеді. Ертерек жасаған кісілердің өз аты христианша, әкесінің аты қыпшақша болып келеді де, кейінірек жасаған кісілердің өз аты да, әкесінің аты да христианша болып кетеді. Бұл — армян колониясы тарихының өзгешеліктеріне байланысты қалыптасқан заңдылық.

Жоғарыда айтылғандай, қыпшақтардың өз тілінде жасалған адам аттары араб авторларының еңбектерінде көп ұшырайды. Олар мүмкіндігінше өздеріне (араб оқушыларына) беймәлім сөздерді ғана жазуға тырысқан. Қыпшақ тіліне араб тілінен ауысқан сөздер (бұл жерде адам аттары) оларды жалпы қызықтырмаған. Мамлюк қыпшақтарының тіліндегі адам аттарына байланысты жалқы есімдер: *Лачын* (лашын), *Тоған* (сұңқар) *Сұңқорча* (сұңқарша), *Қылыч* (кылыш), *Санжар* (санжар), *Алтын* (Алтын), *Күміш* (Күміс), *Есен* (Есен), *Байбарс* (Байбарыс), *Айбарс* (Айбарыс), *Айдоғмыш* (Айтуған), *Бектемір* (Бектемір), *Ақтай* (Ақтай), *Темірхан* (Темірхан), *Алтунташ* (Алтынтас). Бірлі-жарым кісі аттары қыпшақ тіліне араб-парсы тілінен ауысқан: *Саллар* (қолбасшы), *Сепһсалар* (жоғарғы қолбасшы), *Маһжан* (ай-жаһан), *Маһалты* (ай-алты), *Мервари* не *Мерварид* (Меруерт), *Закариа, һасан Махмет оғлы*.

Ел мен жер атаулары: *Шам, Мысыр, Астехан, Бергония, Бергамеска, Бетлем, Жонбан, Иеросолим* не *Иерусалем, Ливан, Орленс, Остуме, Ахкерман, Ықрайна, Иараслов* не *Иаруслов, Каменец* не *Гаменец, Манкерман, Луцка, Долушка* т. б.

Қыпшақ тілінде бұдан басқа да *қыпчақ* (қыпшақ), *татар* (татар), *түрк* (түрік), *түркмен* (түрікмен), *қарлуқ* (қарлық), *оғуз* (оғыз) сияқты халық аттары мен *арық тақ* (шолпан жұлдызы) тәрізді аспан әлеміне байланысты біраз атау сөздер бар.

Көптік жалғауы. Көптік жалғауы қыпшақ тілінде дыбыс үндестігіне бағынбайды. Сондықтан оның басқы дыбысы түбір сөздегі дыбыстың ыңғайына қарай түрленіп отырмайды. Буын үндестігіне қарай ол **-лар//лер** болып жалғанады. Мысалы, *ары-лар* (әулиелер), *қой-лар* (қойлар), *ағач-лар* (ағаштар), *а-лар* (олар, аналар), *біз-лер* (біздер), *кім-лер* (кімдер), *чақ-лар* (шақтар), *ешітің-лер* (есітіндер), *келсін-лер* (олар келсін), *ырлар-лар* (олар жырлайды), *білмес-лер* (білмейтіндер), *сорду-лар* (олар сұрады), *ешіткей-лер* (олар есіткей), *келсе-лер* (олар келсе).

Тәуелдік жалғауы. Тәуелдік жалғаудың бірнеше фонетикалық варианттары бар. Олар буын үндестігі мен дыбыс үндестігіне байланысты өзгеріп отырады. Тәуелдік жалғауының әдетте жиі қолданылатын негізгі түрі бар да, сондай-ақ оқта-текте ғана қолданылатын қосалқы түрі бар. Негізгілер: I жақты **-ым//ім, -м, -ымыз//іміз**; II жақта **-ын//ін, -ң, -ыңыз//іңіз, -ңыз//ңіз**; III жақта **-ы//і, -сы//сі, -лар//лер**. Қосымша түрлері: а) ерін үндестігіне қарай жасалған варианттары: I жақта **-ум//үм, -муз//мүз**, II жақта **-уң//үң, -уңуз//үңүз**, III жақта **-у//ү, -су//сү**; ә) кейбір дауыссыз дыбыстардың әлдеқандай себеппен алмасып келуі арқылы жасалған варианттар: II жақта **-ығ//іг, -ғ//г, -ың//ін, -үн//ұн, -ығыз//ігіз, -ғыз//гіз, -уңуз//үңүз**. Демек, мұнда негізгі варианттағы **-ң** дыбысы қосымша варианттағы **-ғ, -г, -н** дыбыстарымен алмасады: **-ң//ғ, -ң//г, -ң//н**. Сөйтіп, тәуелдік жалғауының ең көп варианты II жақта қолданылады да, ең аз варианты III жақтың көпше түрінде жұмсалады. Сонда оларды мынадай кесте арқылы көрсетуге болады. (216-беттегі кесте).

Мысалдар келтіріп өтейік: *йан-ың-да* (жанында), *үст-үм-е* (үстіме), *сенің қат-ын-да-кім бар?* (сенің жаныңда кім бар?), *сенің йазуқың* (сенің жазығың), *қул-у-ны* (қолын), *йаш-ым-ны* (көз жасымды), *жан-ы-ны* (жанын), *бой-уң-ны* (бойыңды), *қан-ың* (қанын), *іч-інде* (ішінде), *йеміш-ің* (жемісің), *менүм қын-ым* (менің қиналуым), *атым, атың, аты, атымыз, атыңыз, атлары*.

Септік жалғаулары

Қыпшақ тілінде 7 септік бар. Атау септігінен басқалары арнаулы жалғаулар арқылы жасалады. Дыбыс үндестігіне қарай әр жалғаудың бірнеше (көбінесе екі түрлі) фонетикалық варианттары болады. Әрбір фонетикалық варианттың өзіне ғана тән орнын айқындау қиын, өйткені, айталық, қатаң дауыссыз дыбысқа аяқталған сөзден соң, әдетте, қатаң дауыссыз дыбыстан басталатын жалғау жалғануға тиісті десек, іс жүзінде бұдан ауа жайылу фактыларын кездестіреміз: *тіргізмек-ге* (тірілтуге), *сөумек-дін* (сүюден), *от-дан* (оттан). Мұндағы **-ге, -дін, -дан** жалғауларының **-ке, -тін және -тан** варианттары да бар. Сөйте тұра бұл жерде (осы сияқты мысалдардың саны аз емес) қатаң дыбыстан кейінгі қосымшалар ұян дыбыстан басталған. Өз ара салысты-

Жақтар	Жекеше		Көпше	
	Жілі	Сирек	Жілі	Сирек
Дауысты дыбыстан соң	-м	—	-мыз//міз	-муз//мүз
Дауыссыз дыбыстан соң	-ым//ім	-ум//үм	-ымыз//іміз	-умуз//үмүз
Дауысты дыбыстан соң	-ң	-ғ//ғ	-ңыз//ңіз	-ғыз//ғіз -ғуз//ғүз
Дауыссыз дыбыстан соң	-ың/-ің	-ығ//іг -уң//үң, -ың//ің -уң//үң	-ыңыз/-іңіз	-ығыз/-ігіз -уңыз//үңіз
Дауысты дыбыстан соң	-сы//сі	-су//сү		
Дауыссыз дыбыстан соң	-ы//і	-у//ү		

рып қарағанда септік жалғауларының ұяң дауыссыз дыбыстан басталатын варианттары қатаң дауыссыз дыбыстан басталатын варианттарынан жиірек жұмсалатынын көреміз. Септік жалғаулары буын үндестігін қатаң сақтайды. Әр жалғаудың дауысты дыбыс ынғайына қарай жуан және жіңішке айтылатын екі варианты болады.

Атау септігі. Атау септігінің арнайы грамматикалық көрсеткіші жоқ. Материалдық дүние мен рухани өмірде болатын алуан түрлі құбылыстар мен заттың атаулары өздерінің бастапқы тұлғасында, осы атау септігінде тұрады: *кіші* (кісі), *тағ* (тау), *йыл* (жыл), *баш* (бас).

Ілік септігі дауыс қатынасы (**-ның//нің**) мен ерін үндестігіне қарай (**-нун//нүн**) өзгеріп отырғанымен, өзі жалғанатын түбір сөздің соңғы дыбысының әуеніне бағынбайды. Мысалы, *бала-ның* (баланың), *сөз-нің* (сөздің), *ат-ның* (аттың), *өлім-нің* (өлімнің). Демек, **-ның//нің** түбір сөз дауыстыға бітсе де, дауыссызға бітсе де бәрібір өзгеріссіз жалғана береді. Ал, оның **-ың//ің** ва-

риайты тек қана дауыссыздардан кейін жалғанады: *көзіміз-ін* (көзіміздің), *тамұқ-уң* (тамұқтың). Енді бірде осы екі вариант қатар қолданылады: *хан-ның//хан-ың* (ханның).

Қыпшақ тілдеріне (ескісіне де, жаңасына да) немесе «солтүстік» тілдеріне тән басты ерекшеліктердің бірі — септік жалғауларының дауыссыз дыбыстан басталуы. Дауысты дыбыстан басталатын жалғауларды әдетте біз «оңтүстік» (оғыз) тілдеріне тән элемент деп санаймыз. «Кодекс» тілінде «оңтүстік тілдердің элементі» болып танылатын *-ың//-ің* (үндесу заңына қарай *-уң// -үң*) варианты өте сирек ұшырайды. Дауыссыз дыбыстарға біткен түбірден соң *-ың// -ің* жалғану бірыңғай тұрақты заңдылық болмай, оның орнына көбіне-ақ *-ның// -нің* варианттың жалғанатын себебі де осыдан. Оңтүстік орыс далаларын, Қырым мен Кавказ етегін жайлаған қыпшақтардың ішінде оғыз тілдеріне тән кейбір элементтерді қолданатын бір диалект өмір сүрген болу керек. Не болмаса әйгілі оғыз-қыпшақ бірлестігінен (тегі бір халықтардың тікелей аралас отырып, бір өмір сүрген заманынан) бері ілесіп келе жатқан нендей бір қалдықтардың әлі де болса жойылмай, қосарлана қолданылып жүруі мүмкін. Қалай болғанда да көне қыпшақ тілінде «оңтүстік» тілдеріне барып саятын болмашы бір тарихи сүрлеудің ізі бар екендігін байқаймыз. Мұның өзі тек осы ілік жалғауына немесе «Кодекске» ғана байланысты емес, өзге грамматикалық формалар мен басқа да түрліше нұсқалардан аңғарылады.

Ілік септігі изофет конструкциясында мынадай басты-басты мағыналар беру үшін жұмсалады: а) зат иесін көрсетеді: *Хатун-ларның дачы* (ханымдардың тажы), ә) қимыл-әрекеттің іс иесіне қатынасын білдіреді: *Аның сөзлемегені білік тур* (Оның сөйлемегені — білімділік); б) бір нәрсе мен екінші нәрсенің арасындағы қарым-қатынасты білдіреді: *биенің қулуны* (биенің құлыны), *көкнің көркі* (көктің көркі); в) сын есім шырайларының мағынасын береді: *ханың ханы* (ханның ханы). Изофеттік құрылыс бұдан басқа да толып жатқан (мезгілдік, мекендік, кәсіптік т. б.) мағыналарға ие: *жуһут йері* (жуһут — еврей жері), *таң саруында* (таң сарғайған кезде), *қылыч остасы* (қылыш ұстасы). Соның бәрін жинақтай келгенде, ілік септігі бір нәрсе мен екінші нәрсенің өз ара байланысын, олардың қарым-қатынас жағдайын білдіру үшін қолданылады.

Барыс септік жалғауы *-қа// -ке, -ға// -ге* түрінде жалғанады: *ат-қа* (ат-қа), *білім-ге* (білімге). Тәуелдік жалғауынан кейін барыс септігі *-а// -е* болып келеді: *балам-а, балаң-а, баласын-а, балаларым-а, балаларың-а, балаларын-а*. Үшінші жақ тәуелдік жалғауынан кейін барыс жалғауы түбірмен *-н* дәнекері арқылы байланысады. Тәуелдік жалғауының I—II жақтағы көпше түрінен кейін *-а// -е* жалғауы емес, *-ға// -ге* жалғанады: *балаларымызға, балаларыңызға*. Сол сияқты: *баламызға, балаңызға*.

а//е кейде тәуелдік жалғауынсыз-ақ түбір сөзге тікелей жал-

ғана береді. Ондай реттерде негізгі форма **-қа//ке, -ға//ге**-лермен кейде жарыса жүреді: *бармақ-қа//бармағ-а* (баруға), *ат-а атланып* (атқа аттанып), *туснах хоймағ-а* (аманат беруге)). Енді бірде, осыған керісінше, негізгі жалғаулар **а** айтылуға тиісті деген орында қолданылады: *войтның алнын-ға* (войттың алдына), *кет-хойаларның алнын-ға* (старшиналардың алдына).

Барыс септік жалғауы буын үндестігі мен дыбыс үндестігіне қарай икемделіп, қатаң мен ұяң дыбыстарынан басталатын болып екі варианттан тұрады. Жай септіктің негізгі жалғауы **-а//е-нің** орнына өте сирек жұмсалады. Тәуелді септіктің көрсеткіші **-а//е** де негізгі жалғаудың орнына барынша кем қолданылады. Жай септік жүйесінде **-а//е-нің** келуі «оңтүстік» оғыз группасындағы тілдерге тән, не сол тілдердің әсерінен туған құбылыс.

Ерте кезден белгілі **-ра//ре, -ры//рі** және кейбір сөздермен кірігін кеткен **-қа//ке, -ға//ге** формалары *ташқары* (тысқары), *сонра* (соңра), *йоғары* (жоғары), *башқа* (басқа), *өзге* (өзге) сықылды сөздердің құрамында кездескенмен, қыпшақ тілінде жалғаулық қызмет атқармайды.

Барыс септігі іс пен әрекеттің бағыт-бағдарын көрсетеді. а) қимыл-әрекеттің жүзеге асатын орнын: *Қара улусқа йайламен* (қара ұлысқа жайыламын), *Йолға йүрүрмен* (жолға жүрермін); ә) қимылдың объектісін: *Ағачқа бітідім* (ағашқа жаздым), *Күтөвчиге фриште айты* (күтушіге періште айтты), *йалбарурмен Мариам хатунға* (жалбарынармын Мариям әулиеге); б) сын есім шырайларының мағынасын береді: *Атаңа теңдеш туеуи турур* (атаңа теңдес туар); в) орындалар амалдың уақытын білдіреді: *Меңүлүкке не түгенmez?* (мәңгілікке не таусылмайды?) не болмаса: *Меңілуке қованалым дидеріңе* (мәңгілікке қуанамын дидарына); г) іс-әрекеттің мақсатын білдіреді: *Көреүзмеге саға келдім* (көрісуге саған келдім), *келдік ол ханға теймеге* (келдік ол ханға құрмет тұтуға), *Бізні тіргізмекге өлді* (бізді тірілту үшін өлді). Табыс септігі бұдан басқа да әр алуан мағына беру үшін жұмсалады: *Тейішли едік таиш болмаға* (тиісті едік жоқ болмауға), *Өтүнчке берүмен* (өтінішке беремін), *Аве кімге алтарыны теңрі туттурып тур?* (қай әулиеге алтарды тәңрі ұстатып тұр?).

Барыс септігін меңгеретін сөздер көбінесе: а) **көре, дейін** шылаулары: *Атыңа көре бу жаһаның теңізіне батмаз йулдузны тувурдың* (атыңа қарай бұ жаһанның теңізіне батпайтын жұлдызды тудырдың); ә) жалаң және күрделі етістіктер; б) кейбір есім сөздері; в) есім мен етістік сөздерінің тіркесі: *Теңрінің ішіне осал болдым* (тәңрінің ісіне осал болдым), *Медет болғул* (медет болғыл).

Табыс септігінің жалғауы буын үндестігі болмаса, дыбыс үндестігіне мойын сұнбайды: **-ны//ні, -ну//нү**. Бұл — жай септікте. Тәуелдік септікте **-ын//ін, -н**. Мысалы, *кіші-ні* (кісіні), *ана-ны* (ананы, шешені), *төресі-н ет* (төрелігін айт), *таныхы-н қойғай* (қуәсін әкел), *тізі-н чөкүп йүгүнді* (тізесінен бүгіп жүгінді). **-ны**

мен -н формаларының алмасып қолданылатын орындары өте сирек: *оң қолы-н/оң қолы-ны* (оң қолын) — жай септік жалғауы тәуелдік септік жалғауының орнында тұр. Ал мұндай ерекшелік — оғыз тілдері үшін заңды құбылыс: *кітабы-ны* (кітабын деудің орнына). Осы тәрізді азын-аулақ сөздерге «оңтүстік қосымшалары» жалғанады: *сөзін-і* (сөзін).

Табыс септігі қимыл-әрекеттің тікелей бағытталған объектісін көрсетеді: *назуқны айт* (жазықты айт), *таразудек бір башыны ендіріп,, бірін көтүрді* (таразыдай бір басын төмен түсіріп, бірін көтерді), *сағынған бей теңріні* (ойнаған бей тәңріні), *учмақ йолын бізге ачтың* (жұмақ жолын бізге аштың), *талашман сөзін ешітіңлер* (дау айтар кісінің сөзін есітіндер).

Бағзы бір уақыттарда атау тұлғасында тұрған сөздер табыс септігінің жалғауынсыз-ақ оған тән мағынаны береді, яғни табыс септігі кейбір реттерде өз жалғауын ашық қабылдамай, тұлғаланбай тұрады. Ондай жағдайда а) табыс септігінің өзі күрделі тіркес құрамында келеді: *Мен тіл білмен* (мен тіл білмеймін); ә) үш жақтың жекеше тәуелдік формасында тұрады: *Менім буйруқым кім етір?* (менің бұйрығымды кім орындайды?); б) грамматикалық белгісіздік категориясын көрсетеді: *Бізге теңрі беріп һормат, сәунч, егілік* (бізге тәңрі берер құрмет, сүйініш, игілік).

Табыс септігін меңгеретіндер — *айт, ал, ач* (аш, ашу), *төле, тап, көтүр* (көтер) сияқты белгілі бір айла-әрекеттің іске асуын талап етіп тұратын сабақты етістік формалары.

Жатыс септік жалғауының жуан-жінішке және қатаң-ұяң болып бөлінетін төрт түрлі фонетикалық варианты бар: -та//,-те,-да//,-де. Жай септікте де, тәуелді септікте де осы жалғаулар жұмсалады. Айырма тек мынада: тәуелді септікте түбір мен қосымшаның арасына -н дыбысы дәнекер болып тұрады: *артын-да* (артында), *йанын-да* (жанында), *қатын-да* (қатарында), *баласын-да* (баласында), *үчүнчi күн-де келді ол кіші* (үшінші күнде келді ол кісі).

Кейбір сөздердің құрамындағы -та//,-да тұлғасының (күнде-күнде, түбінде) жалғаулық қызметі әлсіреп бірте-бірте жұрнаққа айналып кеткен.

Жатыс септігі қимыл мен қозғалыстың мекен-жайын, кеңістіктегі орнын білдіру үшін жұмсалады: *теңізде йүрүрмен* (теңізде жүгермін), *көлде қышла* (көлде қыста); амал-әрекеттің жасалар уақытын меңзейді: *кім егі көңүл, егі ерк күнде тутса, ол болушсун бізге* (кім игі көңіл, игі ерік күнде тұтса, ол болыссын бізге).

Жатыс септігін меңгеретін етістіктер мекендік ұғым беретін сөздерге қатысы бар формалардан тұрады: *қойул* (қойыл), *йат* (жат), *тур* (тұр), *қышла* (қыста), *йүр* (жүр).

Шығыс септік жалғауы: -тан//,-тен, -дан//,-ден, -дын//,-дін. Мысалы, *Менім йаман сөзүм-ден йазық еттім* (мен жаман сөзімнен

жазықты болдым), *Сәумек-дін есірдің* (сүюден, махаббаттан, жынды болдың, есірдің), *Бурун алай айтылды пайғамбардан* (бұрын солай айтып еді пайғамбар), *көп-тен өлді* (көптен өлді), *от-дан кечіріп сынады* (оттан өткізіп сынады), *йол-дан барырлар иді* (жолдан олар баратын еді), *менім йазуқым-дан йарлығасын* (менің жазығымнан құтқарсын), *йоғар-тын келген* (жоғарыдан келген), *теңрі-дін* (тәңіріден).

Жай септікте де, тәуелді септікте де осы жалғаулар қолданылады. Тәуелді септікте түбір мен қосымшаның арасына **-н** дәнекері қойылады (III жақ жекеше түрінде).

Ашық дауысты **-тан//**-дан варианттарына қараған қысаң дауысты **-тын//**-тін варианты сирек ұшырайды. Ертеректе жазылған ескерткіштердің тілінде өте жиі ұшырайтын болғандықтан, **-тын** тұлғасының қолданылу аясы орта ғасыр дәуіріне дейін бірте-бірте тарыла бастаған ба деп те ойлауға болады. «Кодекс» тілінде шығыс жалғауымен кірігіп кеткен түбір де кездеседі: *көп-тен, себетен*.

Шығыс септігі мынадай мағыналар берді: а) іс-әрекеттің пайда болатын, өріс алатын көзі (объект) мен кеңістік орны: *Нечік теңрі үгеренір йазуқлы кішіден?* (қалай тәңрі үйренер жазықты кісіден?); ә) іс-әрекеттің орындалу салдарын көрсетеді: *Йазуқлы емен көргенімден, ешітгенімден, тутғанымдан, артуқ йегенімден, артуқ ічгенімден* (жазықты емен көргенімнен, есіткенімнен, тұтқанымнан, артық жегенімнен, артық ішкенімнен); б) уақыт мөлшерін көрсетеді: *ол келгенден бері* (ол келгеннен бері), *андан Елизавет айтмыш* (сонда Елизавет айтыпты); в) сын есім шырайларының мағынасын береді: *барчадан күчлү, барчадан татлы* (баршадан күшті, баршадан тәтті).

Шығыс септігін менгеретіндер: а) есім сөздері: *артуқ* (артық), *бейік* (биік); ә) етістіктер: *чық* (шық), *қач* (қаш), *өт* (өт), *қорқ* (қорық), мысалы, *Кім қорқар йек тушмандан?* (кім қорқар жексұрын дұшпаннан?); б) есім мен етістік тіркесі: *білік алды* (білім алды), *йарық болса еді* (жарық болса еді); в) шылаулар: *башқа* (басқа), *соңра* (соңра), *ары* (ары), *бері* (бері), *бурун* (бұрын), *кері* (кері), *утру* (қарсы), *исре* (бергі), *бисре* (арғы).

Көмектес септік екі түрлі жолмен беріледі: жалғау арқылы және жеке (шылау) сөздер арқылы. Көмектестің жалғауы екі түрлі: **-ла//**-ле, **-ын//**-ін. Мұның екеуі де сирек қолданылады: *йай-ын* (жазын), *ансыз-ын* (абайсызда), *көңүл-ін* (көңілден), *қур-ла* (рет, бір рет), *овур-ла* (білгізбей, байқатпай, ұрлап), *йаңы-ла* (жаңадай).

Көмектес септік көбінесе **біле, білен** шылау сөздерімен ілік-тесіп келеді: *егі көңүл біле* (игі көңілмен), *йазуқы біле* (жазығымен), *теңрінің болушмақы біле* (тәңірінің болысуымен), *сені білен* (сенімен).

Көмектес септіктің мағыналары: а) әрекетті іске асырудың құралы: *тілің біле айтмаға керек* (тіліңмен айту керек); ә) әре-

кетті іске асырудың жолы, амалы: *Көңүл біле сабырлық етүр* (көңілмен сабырлық етер); б) кеңістік ұғымды білдіру: *Ол йол біле барсақ* (ол жолмен барсақ); в) бірлестік ұғымда: *Ханың біле бардық* (ханыңмен бірге бардық).

Бұл келтірілген мысалдарды қорыта келіп, қыпшақ тіліндегі септік жалғауларының мынадай кестесін жасауға болады.

қ/т	Септіктердің аттары	Жай септік		Тәуелді септік	
		жіл	сирек	жіл	сирек
1	атау	—	—	—	—
2	ілік	-ның// -нің	-ың// -ің -нуң// -нүң	-ның// -нің	-нуң// -нүң
3	барыс	-қа// -ке -ға// -ге	-а// -е	-а// -е	-қа// -ке
4	табыс	-ны// -ні	—	-н	-ны// -ні
5	жатыс	-та// -те -да// -де	—	-та// -те -да// -де	—
6	шығыс	-тан// -тен -дан// -ден	-дың// -дің	-тан// -тен -дан// -ден	—
7	көмектес	-біле// білен	-ын// -ін -ла// -ле бірле// бірлен	біле// білен	-ла// -ле бірле// бірлен

Есім сөздерінің септелу үлгісі бойынша бірер мысал келтіріп өтейік.

Атау	ат (ат)	көк (көк)	ата (ата)	кече (кеше)	балам (балам)
Ілік	атның	көкнің	атаның	кечениң	баламның
Барыс	атқа	көкке	атаға	кечеге	балама
Табыс	атны	көкні	атаны	кечені	баламны
Жатыс	атта	көкте	атадан	кеchedен	баламда
Шығыс	атдан	көкден	атадан	кеchedен	баламдан
Көмектес	ат біле	көк біле	ата біле	кече біле	балам біле

Көптеген түркі тілдері сияқты қыпшақ тілінде де есімдер мен есімдіктердің септелу үлгісі бірдей емес. Есім сөздері септелгенде түбір сөз бастан-аяқ өзгермей септеледі де, есімдіктер септелгенде түбір сөздің тұлғасы өзгеріп отырады. Мысалы, есімдік сөздері мынадай үлгімен септеледі .

А. мен (мен)	сен (сен)	ол (ол)	анлар (олар)
І. менің, менім	сенің, сеніг	аның, анығ	анларның, аныларны
менүм			
Б. маа, мана, маға, манға	саға, саһа, саңа, санға, саа, са	аңар, ағар, аға, аңа, аңғар, аңар	анларға
Т. мені, менімні	сені	аны, аныңны	анларны

Ж. менде	сенде	анда	анларда
Ш. менден	сенден	андан	анлардан
К. мені біле	сенің біле	аның біле аның біле	анлар біле
А. біз (біз)	сіз (сіз)	алар (олар)	бул (бұл)
І. Бізім, бізін, бізің, бізнің, бізнім	сізің, сізнің	аларның, аларның	муның, мунуң муңар, муңа, мунғар, мунғар
Б. бізге	сізге	аларға	бунғар, мунғар
Т. бізні	сізні	аларны	муны
Ж. бізде	сізде	аларда	мунда
Ш. бізден, біздің	сізден	алардан	мундан
К. бізің біле, бізін біле	сізін біле сізің біле	алар біле	муны біле

Есімдіктер септелгенде септік жалғауының фонетикалық құрамында мынадай өзгерістер пайда болады: Ілік септік жалғауына жаңа варианттар қосылады: **-ім// -үм, -ығ// -іг, -нығ// -ніг, -ын// -ін, -ын// -ін, -үң, -нім**; Барыста **-ғар, -ар** қосылып **-а// -е** варианты активтенеді. Табыс жалғауы **менім-ні, аның-ны** болып, ілік жалғауының үстіне қосымша жалғанады. Көмектес септігінің мағынасын беру үшін **біле** шылауы ілік пен табыс формасын талап етеді: **мені біле, сенің біле, аның біле** т. б.

Келтірілген мысалдарға сүйеніп мынадай қорытынды шығаруға болады: түбір сөздің соңғы дыбыс әуеніне қарай барыс, жатыс және шығыс септік жалғауларының бастапқы дыбыстары **-н// -т// -д** болып ауысып отырады; ілік пен табыс септік жалғауларының бастапқы дыбысы мұндай өзгерістерге ұшырамай **н** дыбысы күйінде қалып қояды; септелу жүйесі жағынан қыпшақ тілі «солтүстік (қыпшақ) тілдердің» типіне жатады да, бірақ онда азын-аулақ болса да оңтүстік тілдерінің элементтері кездеседі (**-ын// -ін, -ны// -ні, -а// -е**); ескі тілдерде көбірек қолданылатын кейбір формалар мұнда қалыптасып кеткен (рубимент) тұлға есебінде ғана кездеседі (**-ын// -ін, -тын// -тін**).

Жіктік жалғауы. Жіктеу есімдігінің I—II жақ жекеше және көпше түрі жіктік жалғауының ролін атқарады. III жақтың жекеше түрі көбінесе жалғаусыз айтылады. I—II жақтың жіктік жалғаулары буын үндестігіне бағынбайды: түбірге тек бір ғана түрде — жіңішке түрінде (бастапқы қалпында) жалғанады. Мысалы, **йазуқлы-мен** (жазықтымын), **йазуқлы-сен** (жазықтысын), **йазуқлы** не **йазуқлы-ол** (жазықты). Жіктік жалғауының фонетикалық варианттарын мына кестеден көруге болады (223-бетте).

Зат есімнің жұрнақтары. Жалпы түркі тілдерінде, соның ішінде қыпшақ тілінде де, сөз тудыру, сөз жасау амалдары грамматикалық құрылыс жүйесінде үлкен қызмет атқарады. Әсіресе көне жазу ескерткіштерін зерттеуде олардың маңызы зор, ұйт-

жақтар	жекеше	көпше	мысалдар
I	-мен	-біз	баламен, балабіз, кішімен (кішімін), кішібіз (кішіміз).
II	-сен	-сіз	баласен, баласіз, кішісен, кішісіз.
III	-ол (өте сирек)	-олар -лер	бала, балалар, кіші, кішілер.

кені ертеде жазылып қалған материалдардың ішінен жаңа сөз жасаудың басқа жолдарын (мысалы, қос сөз, біріккен сөз) айқындау түбір мен қосымшаларды саралап ажыратып беруден әлдеқайда өнімсіз де қиын.

Қыпшақ тіліндегі жұрнақтарды біз екі түрлі жолмен — а) негізгі түбірді туынды түбірмен салыстыру, ә) туынды түбірдің негізгі элементін көрсететіндей сөз табылмаса, оны басқа түркі тілдерінен, әрине, ертеректе өмір сүрген ескі тілдерден іздеу жолымен анықтаймыз. Осындай, негізгі түбір емес туынды түбір болып келетін, бірақ негізгі түбірі өз алдына жеке тұрып қолданылмайтын туынды түбірді әдетте «өлі түбір» деп атайды. Мысалы, **-гү** жұрнағы жалғанған **үтүр** сөзі қыпшақ тілінің жазба нұсқаларында жоқ. Ертеректе жазылған ескерткіштерге қарап біз оның **үт** (тесік) деген есім сөзінен **үтүр** (тес, тесу) деген етістік жасалғанын білеміз. Сонда **-гү** етістікке жалғанып есім жасайтын және **үтүргү** (тескіш) деген зат атауын білдіретін жұрнақ болып шығады. Сол сияқты **қаурқына** (қуырдақ), **сусун** (сусын) сөздерінің **-қы**, **-н** жұрнақтары жалғанатын **қаур**, **сусу** түбірі қыпшақ тілінде жеке-дара қолданылып тұрған жоқ. Оны біз М. Қашқари еңбегінен кездестіреміз: **қаврул** («қуырыл», түбірі **қавр**), **сүвбы** (суса). Шағатай тілінде **беген** (қуан) деген түбір етістік бар. Қыпшақ тіліндегі **бейенч** (қуаныш) деген сөздің соңғы дыбысын (**ч**) біз жұрнақ деп қараймыз. Бір ескерте кететін нәрсе: **өтүнч** (өтініш), **тынч** (тыныш), **бейенч** (қуаныш) тәрізді сөздердің негізгі түбірі **өт**, **ты**, **бей** де, туынды түбірі **өтүн**, **тын**, **бейен** (**-үн**, **-н**, **-ен**, **-н** жұрнағы арқылы жасалған өздік етіс). Фон Габэн бұл мәселеге басқаша қарайды: сөз түбірі **өту**, **ты**, **бейе**, ал сөз жасаушы жұрнақ **нч** деп есептейді. Көне не өлі түбірлердің қатарына сонымен бірге, **йар** (**йара-жара**), **йар** (**йарқын-жарық**), **оз** (**озав-өткен шак**), **йы** (**йын-жиын**), **өвд** (**өвдү-мадақ**) сияқты сөздер жатады. Олар қыпшақ тілінің өз материалдарында емес, басқа түркі тілдерінің жазу ескерткіштерінде кездеседі: **йар-лығ** (жарайтын нәрсе), **йару** (жарқын), **озағу** (озғын, өткен), **йығ** (жи), **өгту** (мадақтаулы). Сонымен, қыпшақ тілінде өз алдына жеке тұрып лексика-семантикалық қызмет атқаратын түбірді «тірі түбір» деп, тек қана қосымшалар

жетегінде жүретін түбірді «өлі түбір» деп атаймыз. Кейбір тірі түбірлердің қыпшақ тілінде бар бола тұрып, оның жазылып қалған материалдарында кездеспеуі де мүмкін. Сондықтан әдеттегі норматив грамматиканың ізімен айтып отырған біздің бұл пікірімізді барынша шартты түрде түсіну керек.

Қосымшалардың сапалық қасиетін, олардың өнімді не өнімсіз жұрнақ екендігін ажырату тірі тілдерге қатысты алып қарағанда қиын көрінбегенмен, өлі тілдердің материалдарына қарап олай айтуға болмайды. Бұл жерде тек жиі қолданылатын және сирек кездесетін жұрнақтар деген тұрғыда ғана сөз етуге болады. Есім сөздерге жалғанып есім тудыратын жұрнақтардың ішінен бірінші топқа **-ча, -чақ, -к**, екінші топқа **-туқ, -ге** сияқтыларды жатқызамыз. Етістік сөзге жалғанып, есім тудыратын жұрнақтарды **-ш, -ғун, -ғу, -м, -ма, -мақ, -н, -үм, -ғыч, -қан, -қы, -мыш** деп бір топқа, **-а, -ав, -дық, -ем, -ман, -қак, -ғы** деп екінші топқа бөлуге болады.

Зат есім категориясына байланысты қосымшалар жалғау және жұрнақ болып екіге бөлінетін болса, жалғау түрлерінің саны мен сапасын анықтау қиынға түспейді. Ал енді жұрнақтардың жайына келсек, жағдай олай емес: ең алдымен, жұрнақтар саны жағынан жалғаулардан гөрі әлдеқайда көп болуға тиісті. Бірақ соның бәрі жазылып қалды ма? Бізге мәлім ескерткіштерде олардың қамтылмай қалғаны қанша? Екіншіден, зерттеу объектісіне іліккен жұрнақтардың өзі де сан салалы, көп қырлы. Морфологиялық түріне қарап, кейбір жұрнақтарды түбір сөзден айырып алу тек тарихи-салыстырмалы әдістің ғана қолынан келеді. Тарихи-салыстырмалы әдіс бойынша арнаулы зерттеу жұмыстарын жүргізбей тұрып, ондай жұрнақтардың басын ашып алу мүмкін емес. Мысалы, қазіргі түркі тілдері мен кейбір көне тілдерде *айт* (айт) сөзі негізгі түбір болып есептеледі. Шын мәнінде ол екі түрлі тұлғадан құралған: **ай** (негізгі түбір) және **-т** (қосымша). М. Қашқари еңбегінде негізгі түбір жеке айтылады: *Тегүр менің савымны — білгеліге ай: тынур қалы ататса қысырақ сені тай* (Жеткіз менің сөзімді — біліктіге айт; тай ат болса, қысырақ тыным табады). Абдуллах ат-Турки еңбегіндегі *айығ* (айыққан, сау) сөзі Абу Хайян грамматикасында *айыл* түрінде кездеседі. Демек, сөздің негізгі түбірі *ай* (**-ығ-**, **-ыл** — қосымшалар: бірі — жұрнақ, бірі — жалғау). О бастағы түбір мен жұрнақ ғасырлар бойы бірігіп қолданыла келе, бір-бірінен ажырамастай болып бір сөз ретінде қалыптасып кеткен.

Зат есім тудыратын жұрнақтар жөнінде сөз еткенде, біз тек басты-басты тұлғаларға назар аударамыз да, жұрнақ атаулының барлығын адақтап айтып шығуды міндет етіп қоймаймыз.

Есім сөздеріне жалғанып зат есім тудыратын жұрнақтарды, шартты түрде болса да, табиғи ерекшелігі жағынан үш топқа бөлеміз: бірінші топқа жататын

жұрнақтар өзі жалғанған түбірдің лексикалық мағынасын өзгертіп жібергенмен, туынды түбір сөздің негізгі түбірмен байланысы әнтек байқалып тұрады. Оған **-тук**, **-ге**, **-а**, **-ма**, **-ғур** жұрнақтары жатады. Екінші топтағы жұрнақтар өзі жалғанған сөздің мағынасына үлкен өзгеріс әкеледі де, ол негізгі түбірдің мағынасынан алшақтап кетеді, бөтен мағынаға көшеді. **-ы**, **-ав**, міне, осындай жұрнақтардың қатарына жатады. Үшінші топтағы қосымшалар осы айтылған екі топтағы жұрнақтардың екі түрлі қызметін бірдей атқарады. Олар **-ча**, **-қ**, **-чақ**.

-ча// -че жұрнағы бір нәрсені екінші бір нәрсеге теңеп айту үшін немесе кішірейтіп көрсету үшін, әр нәрсенің өзіндік ерекшелігін сөз де болса әлсірете түсу үшін жұмсалады. Мысалы, *ала* (ала) — *алача* (алаша, алаша ат), *ақ* (ақ) — *ақча* (ақша), *бұрғы* (бұрғы) — *бұрғыча* (кішкене бұрғы). Мұндағы **-ча**-ның қызметі барлық сөзде бірдей емес: *алача* мен *ақча* өзі тектес *ала* мен *ақ* сөздері сияқты түсті білдіріп тұрған жоқ, сол түске байланысты пайда болған екінші бір заттың атын білдіріп тұр: бұл жердегі әңгіме ат пен ақша туралы болып отыр. Кейінгі мысалдың құрамындағы **-ча** тек қана кішірейткіш мағынаға ие: ол жалғанған бастапқы сөздің лексикалық мағынасы мүлдем өзгеріп кеткен жоқ.

-қ// -к, **-ақ// -ек** жұрнағы, негізінен алғанда, кішірейткіш ұғым береді. Бірақ, кейде ол дәл осындай мағына тудыра отырып, өзі жалғанған сөзді басқа бір нәрсенің атына айналдырып жібереді, демек, алғашқы сөздің лексикалық мағынасын сақтай отырып, екінші бір жаңа сөз тудырады. Мысалы, *тікен*, *тіген* (тікен) — *тікенек*, *тігенек* (тікенек) деген сөздегі **-ек** кішірейту мағынасын беріп тұр. *Оғл* (толық түбірі *оғул*) — *оғлақ* (лақ), *йаңа* (жақ, бағдар) — *йаңақ* (жақ, жақ сүйек) дегенде **-ақ**, **-қ** формалары арқылы жаңа бір зат есім, екінші бір заттың атауы, жасалып тұр.

-чақ// -чек, **-чық// -чік** жұрнағы көне тұлғалы **ч + ақ**, **ч + ық** деген екі жұрнақтан құралған. Бұл жұрнақ жалғанған түбірге үш түрлі мағына үстейді: а) кішірейту мағынасы; ә) сөз мағынасын кішірейте отырып, бөтен ұғым беретін жаңа сөз (зат атауы) жасау, б) кәсіпті көрсетеді. Мысалы, бірінші мағынада: *балта* — *балтачық* (кішкене балта), *совун* (ескі түбірі *соған*) — *совунчақ* (жуашық), *чапчақ* (күп, бөшке) — *чапчачық* (күпшек, кішкене бөшке), *сығыр* (өгіз) — *сығырчық* (өгізше); екінші мағынада: *іч* (*іш*) — *іччек* (ішек); үшінші мағынада: *өрүм* (өрім) — *Өрүмчік* (өрмекші).

-тук// -түк, **-дук// -дүк** жұрнағы өзі жалғанып жасалған сөздің түбір сөз мағынасына байланысты екендігін көрсетеді. *қол* (қол) — *қолтук* (қолтық), *овул* (негізгі түбірі *оғул* — бала) — *овулдук* (жас бала).

-ге// -гі жұрнағы өзі жалғану арқылы жаңа пайда болған сөз мағынасының түбір сөз мағынасына қандай қатынасы бар екен-

дігін анықтайды: *tіз* (тізе) — *tізге* (тізе бау, тізені байлайтын жіп), *tіз* (тізе) — *tізгі* (тізенің шұқыры).

-**а//е** жұрнағының қызметі де сондай: *йулуғн*, (күн, өтем, төлем) — *йулуғна* (жылу, жылу жинау, жылу айту), *тейр* (дөңгелек) — *тейре* (айнала).

-**ма//ме** жұрнағы солай: *чөвүр* (айнала) — *чөвүрме* (төңірек).

-**ма//ме** жұрнағы кейбір түбір есімдіктерге жалғанып, зат есім жасайды: *не?* (не?) — *неме* (бір нәрсе, зат, іс), *қай?* (қайсы?) — *қайма* (қайсы бір нәрсе).

-**ы//і** жұрнағы адамдардың өз ара қоғамдық қарым-қатынасын білдіреді: *қонш* (толық түрі *қоныш* — қоныс) — *қоншы* (қонсы).

-**ағу//ев** (арғы тегі — *ағу*) және **-ағу//егү** жұрнағы құрал-сайманның атын көрсетеді: *қашра* — *қашрав* (қырғыш), *қашр* — *қашрағу* (қырғыш).

-**ғұр//гүр** жұрнағы бір нәрсеге икемділік пен қабілет, әдет пен әуестенушілік мағынасын береді: *боғуз* (тамақ) — *боғузғур* (тамақсау, мешкей).

Ендігі бір жұрнақ **-сы//сі** туралы мынаны айтуға болады: *авур* (арғы түбірі *ағыр* — құрмет) сөзінен туынды түбір жасайтын **-сы** (*авурсы* — құрмет) жұрнағын Фон Габэн зат есім жұрнағы деп таниды. Біздің ойымызша, ол *сый* деген жеке сөз болуға тиіс, үйткені «Кодексте» **ы** мен **й** дыбыстары бір-ақ түрлі таңбамен, яғни **і**-мен беріледі. Бұл жұрнақ басқа сөз құрамында кездеспейді. Сонда бұл «сый-құрмет» деген мағынада жұмсалатын қос сөз болып есептеледі.

Етістік түбірге жалғанып есім тудыратын жұрнақтар.

Етістік түбірге жалғанатын есім жұрнақтары буын үндестігіне бой ұсынғанмен, дыбыс үндестігіне көбіне бағына бермейді. Қатаң дыбыстан гөрі ұяң дыбыстан басталатын жұрнақтар молырақ ұшырайды. Кейбір формалардың кейде бір, кейде бірнеше фонетикалық вариантта болып келетіні де түбір мен қосымшаның осындай ара қатынасынан туады.

Есім жұрнақтары жалғанған етістіктердің о бастағы лексикалық мағынасы қаншама көмескіленіп, өзіндік бояу-реңін жойып алса да, ол жаңадан жасалған сөздің тұлғасынан аңғарылып тұрады. Кейбір жаңа сөздер мүлдем басқа мағынаға да ауысып кетеді. Мысалы, **ш** жұрнағы дауысты дыбысқа біткен түбірге жалғанады, дауыссыз дыбысқа біткен сөзден соң **-ыш//іш**, **-уш//уш** болып түрленіп, қимыл процесінің атын білдіреді: *олтур-уш* (отырыс), *ур-уш* (ұрыс): *Бійнің олтурушы менім кібі* (бидің отырысы менің отырысым сияқты), *уруш урдум* (ұрыс қылдым).

ш жұрнағы жалғанған сөз қимыл процесінің атын білдіретін болса да, кейде ол заттық ұғымға да ие болады. Демек, **ш** жұрнағы кейде нақты зат атын да білдіреді. *Йеміш йедім* (жеміс же-

дім). Түбір сөз бұл арада өзінің алғашқы мәнінен әлдеқайда алшақтап кеткен.

Зат есім тудыратын жұрнақтарды беретін мағынасына қарай былайша топтастырып қарауға болады.

1) Қимыл мен әрекеттің нәтижесін білдіретін жұрнақтар:

-а//е: *йар* (ескі түбірі *йарлығ* «жараулы») — *йара* (жара), *кес* (кес) — *кесе* (кесе, бір кесе қауын, кесек).

-ав//ев (ескі түрі *ағу*): *оз* (көне тегі озақы — озағу, озу) — *озав* (өтіп кеткен шақ, озған шақ).

-ғак, -гек, -қак, -нек: *қ* — *ру* (құрға) — *қ* — *руғақ* (құрғақшылық).

-ғу//гү: *қорқ*//*қорқ* — *қорқғу* (қорқыныш), *йар* (жарлық ету) — *йарғу* (жарғы, жарлық), *чақ* (шағу, шағым ету) — *чақғушы* (шағым етуші).

-ғун//гүн, -ғын/-гін, -қын//кін, -қун//күн: *тут*, *тұт* (ұста) — *тутғун* (тұтқын), *тут-тутқун* (тұтқын), *йу* (жу) — *йуқун* (жүгінген яғни тәубаға келген адам); *уч* (ұш) — *ушқун* (ұшқын), *йар* (ескі түбірі *йару* «жарық») — *йарқын* (жарық беретін зат).

-дық//дік: *болма* (түбірі *бол*) — *болмадықда* (болмаған бір нәрседе).

-ем: *йел* (негізгі формасы *йелек* — желгіш) — *йелемші* (арғымақ).

-қ//х: *йары!* (жарық ет!) — *йарық* (жарық).

-ку//кү: *көр* (көр) — *көркү* (көрік).

-л: *сойурға* (есірке) — *сойурғал* (мейірім).

-м: *йара* (жара) — *йарамсақ* (жарайтын нәрсе).

-ма//ме: *қырых* (қырық) — *қырыхма* (қырқылған мал, мысалы, қой).

-мақ//мек: *алыштур* (алыстыр) — *алыштурмақ* (вексель, айырбас дүние), *йарат* (жарат) — *йаратмақ* (жаратылыс), *өп* (өп) — *өпмек* (сүйіспеншілік), *теш* (тес) — *тешмек* (тесік), *тік* (тік) — *тікмек* (тігіс), *көр* (көр) — *көрмек* (көзқарас, назар).

-ман//мен: *йас* (жаз, жазып салу) — *йасман* (жазық жер).

-н, -ын//ін, -ун//үн: *сусу* (Қашқарида *суссы* — «суса») — *сусун* (сусын), *тұт* (ескі түбірі *тұт* — «түтету») — *түтүн* (түтін), *йы* (ескі түбірі *йығ* — «жи») — *йыын* (жиын).

-ч: *бейен* (шағатайша *беген*, «қуан») — *бейенч* (қуаныш), *өтүн* (өтін) — *өтүнч* (заем, қарыз), *тын* (тын, тыну) — *тынч* (тыныш).

-ү: *бүкр* (бүкірей) — *бүкрү* (бүкір адам), *өвд* (арғы тегі өгту «мадақта») — *өвдү* (мадақ, мадақтау).

-үм: *төз* (төз) — *төзүмлү* (төзімді), *өр* (өр) — *өрүмшік* (өрмекші).

-хы//хі, -ху//хү: *уйу* (ұйы) — *уйухы* (ұйқы), *уйу*, *уйуху* (ұйқы).

-ш, -ыш//іш: *бат* (бат) — *батыш* (батыс), *күн батышы* (күн батыс).

2) Зат атауын білдіретін жұрнақтар:

-ав//ев: *бур* (бұр) — *бурав* (бұрғы).

-ғыч//гич, -ғуч//гүч, -куч//күч: *ағын* (жоғары көтеріл) — *ағын-ғыч*, *ағынғуч* (басқыш, саты), *ач* (аш) — *ачқуч* (ашқыш, кілт).

-ғу//гү: *үтүр* (түбірі *үт* — «тесік», *үтүр* — «тес») — *үтүргү* (тескіш).

-қан//кен: *өр* (өр) — *өркен* (жіп, арқан).

-қы//кі: *қаур* (Қашқарида *қаврул* — «қуырыл») — *қаурқы* (қуырдақтың бір түрі), *быч*, *буч* (кес) — *бықы* (ара), *сібүрт* (түбірі *сіпір* — «сыпыр») — *сібүрткі* (сыпыртқы).

-ма//ме: *йар* (жар) — *йарма* (жарма ағаш, жарылған ағаш).

-ман//мен: *тегір* (басқа тілдерде тегерік — «дөңгелек», *тегір* — «дөңгелен») — *тегірмен* (дирмен, тиірмен).

-мыш//міш: *қой* (қой) — *қоймыш* (тік тұрған, тік қойылған нәрсе).

3) Іс-әрекеттің иесін (субъектіні) білдіретін жұрнақтар:

-қақ//кек: *бас* (бас) — *басқақ* (басқақ — алым-салық жинаушы).

-қан//кен, -ған//ген: *йарат* (жарат) — *йаратқан* (жаратқан), *ынан* (илан) — *ынанғанлар* (иланғандар, яғни дінге сенушілер), *ынанма* (иланба) — *ынанмағанлар* (иланбағандар).

-ман//мен: *талаш* (талас) — *талашман* (таласушы кісі, дау-кес, таласқа түсуші).

4) Іс-әрекетті іске асырудың амалын көрсететін жұрнақтар:

-ғы//гі: *тіргіз* (тірілт) — *тіргізгіші* (тірілтуші), *сөвүндір* (сүйіндір) — *сөвүндіргіші* (сүйіндіруші).

Қимыл иелерінің ара қатынасын көрсететін **-ш**, **-ыш//іш**, **-ұш//үш**, құрал-саймандардың атын жасайтын **-қу//кү**, **-қы//кі** т. б. тәрізді өте сирек ұшырайтын, кейде тіпті бір-ақ түбірдің бойынан кездесетін, етістіктерден есім жасайтын аталғандардан басқа да жұрнақтар бар.

Көмекші есімдер қыпшақ тілінде *ал* (ал), *ара* (ара), *арт* (арт), *баш* (бас), *бір* (бір), *ич* (іш), *кіб* (кебі), *қат* (жан), *соң* (соң), *үст* (үст), *йан* (жан), *орун* (орын) сөздерімен байланысты: *алында//аллында* (алдында), *арасында* (арасында), *артунша* (артынша), *башқа* (басқа), *біреу* («қалай», сөз түбірі *бір-е-гү*, яғни «біреуі»), *ішінде* (ішінде), *аның кібі* немесе *кібік* (ескі тілдерде *кіп* — «үлгі»), *қатында* (қатарында), *суңрасында* (соңында), *атқары* (толық түбірі *артқары* «артқа»), *алтында* (төменде), *артында* (артында), *йанында* (жанында), *үстүнде* (үстінде), *хойду орнуна* (орнына қойды).

Көмекші есімдер көбінесе тәуелдік жалғауында тұрып (морфологиялық ерекшелігі), есім сөздердің мағынасын үстеп, толықтырып, айқындап, нақтылап отырады (семантикалық ерекшелігі)

және сөйлемнің жеке-дара мүшесі болмай, басқа сөздермен ілік-тес келеді (синтаксистік ерекшелігі).

Синтаксистік қызметі жағынан алып қарағанда зат есім сөйлемде бастауыш, толықтауыш қызметін атқарады, сөйлемнің баяндауыш пен анықтауыш мүшесі де бола алады. Лексикалық мағынасы мекендік және мезгілдік ұғым беретін зат есімдер кейде пысықтауыш қызметінде де жүреді.

Сын есім

Лексикалық мағынасы заттың (я бір нәрсенің) сын-сипаты мен қасиет-сапасын білдіретін жеке сөздер жалаң сын есім болады: *аз* (аз), *көп* (көп), *бүтүн* (бүтін), *қатты* (қатты), *йұмышақ* (жұмсақ), *ачы* (ащы), *ақ* (ақ), *қара* (қара), *көк* (көк), *сары* (сары), *ала* (ала), *торы* (торы), *кіші* (кіші), *бійік* (биік), *йаман* (жаман), *терең* (терең), *оң* (оң), *сол* (сол). Осы сықылды заттың түсі мен сапасын айқындап тұратын жалаң сын есімдер әрқилы қосымшалар арқылы түрленіп те отырады.

Күрделі сын есімдер көбінесе көмекші сөздер мен жалаң сын есімдердің тіркесі арқылы жасалады да, сын есімнің асырмалы (немесе үдетпелі) шырайын жасайды (ол жөнінде төменіректе әңгіме болады). Сын есімдерден жасалған қос сөздер де күрделі сын есімдер қатарына жатады: *түрлі-түрлі* (түрлі-түрлі), *йақшы-йаман* (жақсы-жаман), *аз-көп* (аз-көп).

Сын есімнің шырайлары. Сын есімнің шырайлары төрт түрлі. Жай шырай жалаң сын есім күйінде қолданылады да, ол басқа түрлі шырайлар формасының жасалуына негіз болады.

Өзіне тиісті морфологиялық көрсеткіші болмаған соң, салыстырмалы шырай синтаксистік жолмен де жасала береді: *ханларның ханы* (хандардың ханы), *тауларның тауы* (таулардың тауы).

-рақ// -рек жұрнағы салыстырмалы шырай жасайды: *йақшы-рақ* (жақсырақ), *ерте-рек* (ертерек), *сенден кіші-рек* (сенен кішірек), *андан ұлу-рақ* (одан үлкенірек), *менден йазучы-рақ* (менен жақсырақ жазады), *бізден оқучы-рақ* (бізден жақсырақ оқиды), *йаман-рақ* (жаманырақ), *аз-рақ* (азырақ). Салыстырмалы шырай формасы кішірейткіш жұрнағынан кейін де келе береді: *йақшы-ча-рақ* (жақсышарақ), *йаман-ча-рақ* (жаманшарақ). Екі жұрнақ қосындысы **ша + рақ** сын есім шырайының салыстыру мәнін күшейте, жандандыра түсу үшін жұмсалады. **-рақ// -рек** қосымшасы сын есімнің асырмалы шырайын жасауға да қатысады.

Салыстырмалы шырай тәуелдік жалғауының III жақ жекеше формасында тұрған сан есімдердің түбіріне **-сы/-сі** жұрнағы жалғану арқылы да жасалады: *бірісі* (біреуі), *үшісі* (үшіншісі), *дөртісі* (төртіншісі), *йармысы* (жармысы, жартысы).

Күшейтпелі шырай жай шырайдағы түбірдің басқы буынын қайталап келу арқылы жасалады. Қайталанған буындарға **п, м** дәнекері кірігіп, алғашқы түбірмен жарыса тағы бір түбір құрайды да, бұл екі түбір өз ара жұптас қос сөз есебінде жұмсалады: *ап-ақ* (аппак), *қып-қызыл* (қып-қызыл), *қап-қара*, (қап-қара), *йам-йашыл* (жап-жасыл), *көм-көк* (көкпеңбек). Бір **п**-ның орнына екі **п** айтылып та күшейтпелі шырай жасалады: *апп-ақ*, түбірі *ап-па-ақ* (аппак). Күшейтпелі шырай әсіресе бір нәрсеңің түр-түсі мен бояу-кескінін білдіретін сөздерден көп жасалады.

Күшейткіш үстеулер *ең, ен не ем* (ен), *астру, асру не астры* (өте), *неч не еч* (еш) басқа сөздердің алдында тұрып сын есімнің асырмалы шырайын жасайды: *астры йарық* (өте жарық), *ернің йүзүн неч көрмеген* (ердің жүзін еш көрмеген), *табанындан төбесіне тегрі неч бүтүн йох еді* (табанынан төбесіне дейін еш бүтін жері жоқ еді), *ең төбенгісі* (ең төменгісі), *ең артық* (ең артық), *ең ексік* (ең кемістігі молы). Асырмалы шырайдың мағынасын одан әрі үдете, үстемелей түсу үшін осы форманың үстіне III жақтағы тәуелдік жалғауының жекеше түрі мен салыстырмалы шырайдың көрсеткіші **-рақ// -рек** қосылады: *ең артық-ы-рақ* (ең артығырақ), *ең ексік-і-рек* (ең бір кемістігі молдау нәрсе), *ең улусы-рақ* (ең үлкенірегі), *ең қара-сы-рақ* (ең қарарағы), *ең сарысырақ* (ең сарырағы). Кейде *ең артықрақ, ең ескірек* болып, тәуелдік жалғауынсыз айтыла береді.

Бұл келтірілген мысалдарға қарағанда сын есім шырайларының алғашқы түрі жай шырай мен салыстырмалы шырай жалаң да, соңғы екі түрі (күшейтпелі шырай мен асырмалы шырай) күрделі сын есім болып есептеледі. Оның біріншісі (күшейтпелі шырай) — қос сөз тіркесі де, екіншісі (асырмалы шырай) — жай сөз тіркесі.

Сын есімнің жұрнақтары. Өлі түбірге жалғанып сын есім тудырған өлі жұрнақтар мыналар: **-н, -ун// -үн, -ку, -к, -ы// -і, -ты// -ті:** *үлке-н* (үлкен), *бүт-үн* (бүтін), *ексі-к* (кемістік), *йақш-ы* (йақшы), *қат-ты* (қатты). Бұл іспеттес сөздер әдетте жалаң түбір есептеледі. Шынында, *үлке-й, бүт-кіл, ексі-т, йақш-ар, қат-ай* сөздерінің түбірі — *үлке, бүт, ексі, йақш* және *қат*.

1) Есім сөздеріне жалғанатын жұрнақтар. Бірлі-жарым сөздердің құрамында ғана кездесетін, яғни сирек қолданылатын жұрнақтар:

-з: *екі* (екі) — *екіз* (егіз).

-ыл// -іл: *қыз* (өлі түбір) — *қызыл* (қызыл), *йаш* (өмір) — *йашыл* (жас, жасыл түс, шикі, піспеген, жетілмеген).

-рых// -ріх: *іч* (іш) — *ічріх* (ішкі).

ү: сүр (ескі түрі *сүвіру, сүвріт*) — *сүру* (сүйір, өткір).

Жіі қолданылатын жұрнақтар:

-ағай// -егей: *солағай* (солақай).

-ғы// -гі, -қы// -кі: қатымдағы (қасымдағы), базардағы (базардағы), алдағыны урдум (алдағыны ұрдым), алдыкі (алдыңғы), алдыларкі (алдыңғы жақтардағы), алдымкі (алдымдағы), алдыңкі (алдыңдағы), алдығымызкі (алдымыздағы), алдыңызкі (алдыңыздағы), алырманқы (алатын), алырбізкі (алатынымыз).

-ғына// -гіне: анчағына (сонша ғана), ханғынам (хангөнем), бейгінем (бейгөнем), атқына (ат қана), ечеккіне (есек қана), қатырларғына (қашырлар ғана), бұғына (бұл ғана), аларғына (олар ғана).

-лы// -лі, -лу// -лү: балдан татлы теңрі сөзі (балдан тәтті тәңрі сөзі), көркің тур һайбатлы (көркін сенің әйбат), вай, сен йазуқлы кіші! (уай, сен жазықты кісі!), түрлі-түрлі (түрлі-түрлі).

-сыз// -сіз, -суз// -сүз: тәңір ішісіз (тәңір ісінсіз), еч йамансыз (еш жамансыз), арық (таза, күнадан арылған) — арықсуз (таза емес, арылмаған).

-сыл// -сіл, -сул// -сүл: йоқ (жоқ) — йоқсыл (жоқ-жітік), йоқ (жоқ) — йоқсул (жоқ-жұтан).

-ачык// -ечік, -чык// -чік, -чуқ// -чүк: азачық (өте аз), атчуқ (кішкентай ат), қолчуқ (кішкентай қол), ечекчүк (кішкентай есек), итчуқ (кішкентай ит), арсланчуқ (кішкентай арыстан), қылыччуқ (кішкентай қылыш).

-ча// -че: абдалча (құдайшыл, діншіл), теліче («ақылсыз», салыстырыңыз: «телі-тентек»). Бұл жұрнақтың **-чак// -чек** варианты да бар.

-чуқаз: атчуқаз (кішкентай ат), қолчуқаз (кішкентай қол), итчуқаз (кішкентай ит).

Келтірілген мысалдар мынаны көрсетеді: есім сөздеріне жалғанып сын есім тудыратын жұрнақтар, біріншіден, түбір сөздің сындық қасиетін айқындай, нақтылай түседі, екіншіден, оның ерекше бір қасиетін, белгісін айрықша бөліп атайды, үшіншіден, кішірейткіш мағына үстемелейді. Сын есім жұрнақтарының соңғы мағынасы салыстырмалы шырай жасайтын жұрнақтардың морфологиялық қызметіне ұқсайды.

2) Етістік түбірге жалғанып сын есім жасайтын жұрнақтар. Сирек кездесетіндері:

-а// -е: қарғаш (түбірі — қарға) — қарғаша (қарғағыш):

-ға// -ге: қысға (қысқа).

-з: із (ізетті). Фон Габэн **-з** жұрнағын көне тұлғалардың қатарына жатқызады да, көрүнмес (көрінбес), сөвмесен (сүй-мессін) сөздерінің құрамындағы **з** формасын осы жұрнақпен тамырлас деп қарайды. Мысалы: күн тувмаздан бурун (күн шықпастан бұрын), батмаз йулдуз (батпайтын жұлдыз), алмазлық (алуға болмайтын), көрүнур-көрүнмесні йаратды (көрінетінді де, көрінбейтінді де жаратты).

-ы// -і: айр (түбірі — айыр) — айры (айыр, екі айыр), егір (ескі түрі — ег-ій) — егірі (ійір, қисық).

-л: *түге* (тауыс, түгес) — *түкел* (түгел).

-нелі: *бер* (бер) — *бернелі* (қарыздар, беруші).

Жіі жұмсалатын жұрнақтар: -ак//-ек: *қорқақ* (қорқақ).

-ғақ//-гек, -қақ//-кек: *батқақ* (батқақ), *қачқақ* (қашқақ)
тайғақ (тайғақ).

-ық//-ік, -уқ//-үк: *есірік* (есірік, мас), *ачық* (ашық), *сынық*,
сынұқ (сынық), *сойуқ* (сойылған), *йыртық* (жыртық), *ойуқ*
(ойық), *қарышық* (қарылған, араластырылған), *күйүк* (күйік).

-к//-к: *йолу* (түбірі — *йол*, — жол) — *йолуқ* (жолыққан), *айры*
(түбірі — *айыр* «екі аша, айыр») — *айрық* (айырылған), *йымырық*
(жымырайған), *кертік* (кертік), *кетік* (кетік), *йары* (жарық
ет) — *йарық* (жарық).

-чаң//-чен: *унут* (ұмыт) — *унутчаң* (ұмытшақ) *йуван* (жұ-
бан) — *йуванчаң* (жұбанғыш).

-чы//-чі: *қызғанчы* (сараң), *йырын* (түбірі — *йыр*, *йар*: *йар-
сов*) — *йырынчы* (жырынды). Мұндағы жұрнақ құрамын Фон
Габэн -нчы//-нчі деп таниды.

-чығ//-чіг: *йарсынчығ* (жырынды, жиіркенішті).

-ған//-ген, -қан//-кен: *бірік-бірікген* (біріккен), *аш бішүрген*
ев (ас пісіретін үй, ас үй), *йүрген йолларың* (жүрген жолдарын),
туған овлуна (туған ұлына), *йазухлу турмен көргенімден*, *ешітге-
німден*, *тутғанымдан*, *артуқ йегенімден*, *артуқ ичгенімден* (жа-
зықтымын көргенімнен, естігенімнен, тұтқанымнан, артық жеге-
німнен, артық ішкенімнен), *унут-унутқан* (ұмытқан).

-мыш//-міш: *бішміш* (піскен), *йазуқламыш* (жазықты), *йіт-
ленмішлер* («зым-зия жоқ болып, жоғалып кетушілер», сөз түбірі
йіт «жоқ болып кету», қазақша өлді-жітті).

Етістік категориясының аорист формасы да сын есім қызметін
атқарады: *санар тақта* (есеп тақтасы), *сөвер кіші* (сүйетін кісі),
севүнур кіші (сүйінетін кісі), *тувурур ата* (туғызатын ата),
келір айнада (келесі жұма күні). Жұрнақтары: -ар//-ер, -ур//-үр,
-ыр//-ір, -р.

Ол субстантивтеніп келсе, сөйлемнің басқа түрлі мүшелері де
бола алады.

Сын есімдердің негізгі грамматикалық қызметі — сөйлемде
анықтауыш мүше болу: *йақшы кіші* (жақсы кісі), *йазуқлы азам*
(жазықты азамат). Сын есім тұлғасында тұрған сөздер субстан-
тивтеніп келсе, зат есім мағынасын береді: *йарлы* (жарлы, жоқ-
жітік адам), *йарлылар* (жарлы адамдар). Осыдан барып сын
есімдер сөйлемнің басқа да мүшелері бола алады (толықтауыш,
пысықтауыш). Жіктік жалғауын тікелей қабылдау арқылы баян-
дауыш қызметін атқарады: *ақдыр* (ол — ақ), *қызылду* (ол —
қызыл), не *қарадыр бу* (қара бұл). Жұмсалы орнына қарай сын
есім үстеу орнына да қолданылады: *йақшы білірсен* (жақсы
білерсің).

Сан есім

Түркі тілдерінде қолданылып жүрген классификациялық жүйе бойынша қыпшақ тіліндегі сан есімдер былай жіктеледі.

1) **Есептік сандар.** Есептік сан есім сөздері түбір күйінде жұмсалады. а) бірлік сандар: *бір (бір); екі, еккі, икі, иккі, йеки* (екі); *үч, үш* (үш); *төрт, дөрт* (төрт), *беш, биш, бійш, бейш* (бес); *алты* (алты); *йеті, йеді, йедді, йетті* (жеті); *сегіз, секіз, секкіз* (сегіз); *тоғуз, тоқуз, тоққуз, тақуз* (тоғыз); ә) ондық сандар: *он* (он); *йігірмі, йегірді, ігірмі* (жиырма); *отуз* (отыз); *қырқ* (қырық); *еллі* (елу); *алтмыш, алмыш, алтымыш* (алпыс); *йетmiş, йетіmiş* (жетпіс); *сексан* (сексен); *тоқсан* (тоқсан); б) жүздік сандар: *йүз* (жүз); в) мыңдық сандар: *мің, мін, бін* (мың). Мысалы: *Бір кез бір алғышлы кіші йолға барды* (бір кезде бір әулие кісі жолға шықты). *Таразыдек бір башыны ендіріп, бірін көтүрді* (Таразы сияқты бір басын төмен түсіріп, бір басын көтерді), *Бір сөзбіле барчасын йерге урды* (Бір сөзбен бәрін отырғызып кетті).

Есептік сан есімдердің кейде бір емес, бірнеше фонетикалық варианттарда қолданылу себебі ауызекі сөйлеу тілінің өзіндік ерекшеліктері мен диалектілік айырмашылықтарына байланысты. Жалпы алып қарағанда, бұл формалардың қай-қайсысы да көптеген түркі тілдерінен кездесе береді. Мысалы, *йеки, бейш, йегірмі* сөздерінде қолданылатын й дыбысы — өз алдына дербес айтылып тұрған фонема емес, дифтонгоид. *Дөрт, бін* варианттары т||д, м||б дыбыстарының өз ара алмаса беретін заңдылығы негізінде туған, олар осы күнгі оғыз тілдерінде жұмсалады. Кейбір дауыссыз дыбыстардың қосарланып келуі (**к, д, т, қ**) қазіргі қыпшақ тілдеріне де жат құбылыс емес. Мысалы, қарақалпақ тілінде *еккі, секкіз, жетті, тоққуз* болып айтыла береді. е||и дыбыстарының алмасуы да солай: қазақ тіліндегі *бес, екі* татар, башқұр тілдерінде *биш, икі* т. б.

Есептік сандар әр түрлі сөз тіркестері мен біріккен сөз жасауға да қатысады: *бір йолы* (бір жолы), *бір қат* (бір қабат), *еккі қат* (екі қабат), *екі күн* (екі күн), *төрткүл* (төртбұрыш). Есепті сандар әралуан қосымшалармен тіркесе жүріп, о бастағы мағынасынан алшақтап, басқа сөз таптарына да ауысып кетеді. Мысалы, *егіз* (егіз), *екінду* (екінді) сөздерінің о бастағы түбірі *екі болған*. Сол сияқты *бірге чөпле* (бірге байлас), *біріккен* (біріккен), *тенге біріктірдің* сөздерінің алғашқы мағынасы **бір** деген есептік саннан шыққан. *Бірле* деген шылау сөзі де осы түбірден пайда болса керек.

2) **Реттік сандар** есептік сандарға **-нчы// -нчі, -ынчы// -інчі, -унчы// -үнчі** жұрнақтары жалғану арқылы жасалады: *бірінчі* (бірінші), *екінчі* (екінші), *үчүнчі* (үшінші), *төртүнчі* (төртінші), *секізінчі* (сегізінші). О. Притцак бұл жұрнақтарды **-жы// -жі** болып айтылады деп жазады: *бірінжі, үчінжі* т. б. Шынында мұны **-чы// -чі** деп оқыған дұрыс. Мысалы, *Ол йулдуз екінчі көрунді*

(ол жұлдыз екінші рет қайта көрінді), *үчүнчі үлүш* (үшінші үлес), *төртінчі үлүш* (төртінші үлес).

3) **Жинақтық сандарды** жасайтын жұрнақтардың ең жиі қолданылатын түрлері **-ов// -өв, -ар// -ер, -шар// -шер:** *үчөв* (үшеу), *учер* (үшеу), *алтышар* (алтау). Мысалы: *сиз үчөвге* (сиз үшеу-іңізге). Жинақтық сандар кейде түбірге **-лық// -лік, -лук// -лүк** жалғану арқылы да жасалады: *үчлүк* (үштік), *төртлік* (төрттік). Мысалы, *үчлүк сенсен* (үштік нәрсе сенсін), *үчлік бірлікіне* (үштік біріккен жерге). Өте сирек болса да жинақтық сандар **-та// -те** жұрнағы арқылы да жасалады: *үчте* (үштік), *екіте* (екілік), *алтыта* (алтылық).

Кейбір сандардың тәуелдік формада жұмсалуды арқылы да жинақтық сандар жасала береді: *бірісі, бірсі, екісі*. Мысалы, *келір бірісі айнада* (келесі жұмада келеді), *бірсі күн* (бірсі күні), *мақтармен, өвермен екісі бірдір* («мақтармын», «өвермін» деген сөздердің екеуі бір сөз).

4) **Болжалды сандар**, біріншіден, түбір сөзге **-ар// -ер** жұрнағы жалғану арқылы жасалса, екіншіден, есептік сан есімдердің басқа сөздермен (көбінесе сілтеу есімдігі мен шылау) тіркесіп келуі арқылы жасалады: *бірер* (бірер), *бір анча* (бір қатар), *бір аз* (біраз), *бір кез* (бір кез). Мұндай жағдайда *бір* сөзі белгісіздік мағына беру үшін жұмсалады.

5) **Бөлшекті сандардың** мағынасын беретін сөздер: *йарым, йарум* (жарым), *бучуқ, манас* (бөлік). Мысалы, *түн бучуқы* (түн жарымы, түннің екінші жартысы). Бөлшекті сөздер кейбір сөз тіркестері арқылы да жасалады. Мысалы, *төртүнчі үлүш* (төртінші үлес) деген сөз тіркесі *бүтүн үлүш* (бүтін үлес)-тің төрттен бір бөлігін көрсетіп тұр. *Бір учы, йай йайлар, бір учы қыш қышлар* (жұмбақ: бір ұшы жаз жайлайды, бір ұшы қыс қыстайды, ол — сырық). Мұндай тіркестердің құрамында белгілі бір нәрсенің бөлшегін көрсететін сөздер қолданылады (*төртүнчі, учы* т. б.).

Латын, араб жазуымен жазылған ескерткіштерге карағанда армян жазуымен жазылған ескерткіштердің тілінде сан есім сөздерінің қолданылуына байланысты бір айырма бар. Армян алфавитінің әрбір әрпі бір санды білдіреді. Армян колониясының тілінде жазылған ескерткіштерде осыған орай есептік сандар армян әріптерінің атымен аталған. Мысалы, *айб* (бір), *пен* (екі), *кил* (үш), *та* (төрт), *ечь* (бес), *за* (алты), *е* (жеті), *ыт* (сегіз), *то* (тоғыз), *же* (он), *ини* (жиырма), *люн* (отыз), *хе* (қырық), *дца* (елу), *кен* (алпыс), *но* (жетпіс), *қо* (сексен), *ғад* (тоқсан), *дже* (жүз). Дәл осындай сан есім сөздерін әріптер арқылы таңбалау араб тілінде де бар. Мысалы, *әліп* (бір), *би* (екі), *жем* (үш), *дал* (төрт) т. т., яғни **а** — бір, **б** — екі, **ж** — үш т. т. Бірақ араб жазуымен жазылған ескерткіштерде бұл әдіс қолданылмаған. Ондағы сан есімдер жоғарыда келтірілгендей қыпшақ сөздері арқылы берілген.

Есімдік

Көне қыпшақ тілінде есімдіктердің төмендегідей 7 түрі кездеседі:

1) **Жіктеу есімдіктері.** Қыпшақ тіліндегі жіктеу есімдіктері саны және тұлғалық өзгешеліктері жағынан қазіргі түркі тілдеріндегі жіктеу есімдіктері сияқты болып келеді. Оны мына кестеден көруге болады.

Жақтар	Жекеше	Көпше I түрі	Көпше II түрі
I жақ	<i>мен, бен</i>	<i>біз</i>	<i>біздер</i>
II жақ	<i>сен</i>	<i>сіз</i>	<i>сіздер</i>
III жақ	<i>ол</i>	<i>олар, анлар</i>	

Абу Хайян еңбегінде *міз* (біз) деген жалғыз форма кездеседі. Сары ұйғыр тілінде күні бүгінге дейін I жақтың көпше түрі *мыс, мыз* болып айтылады. Қыпшақ тілінде I жақтың жекеше *бен* формасы өте сирек ұшырайды.

2) **Сілтеу есімдіктері:** *бу* (бұ), *булар* (бұлар), *ол* (ол), *алар* (олар), *анлар* (олар), *ош* (осы), *ош ол* (осы ол), *тігі* (сол), *ол шол* (сол). Соңғы *ол шол* сілтеу есімдігі армян колониясының тілінде жазылған ескерткіштерден кездеседі: *Би сорду кі о шол кімнің арабасыдыр?* (Би сұрады: сол кімнің арбасы еді?). *Ошол* сөзі *ош* пен *ол* не болмаса, *о* мен *шол* тұлғалары қосылып жасалған дербес мағыналы сөз болуы мүмкін. *Ол* есімдігі *а* (*ан*) тұлғасында тұрып та айтыла береді: *алар, алай. Түне* деген сілтеу есімдігі тек қана *түнекүн* деген тіркесте қолданылады.

Сілтеу есімдіктерінің ішінде *алай* (солай), *алай* — *оқ* (дәл солай), *булай* (бұлай), *түнекүн* (түнекүні) сияқты формалар негізгі мағынасынан ажырап, үстеу сөздерінің қатарына өтіп кеткен.

3) **Сұрау есімдіктерінің** негізгі түрлері: *кімі?* (кім?), *не?* (не?) деген сөздер. Осындағы *не* түбірінен *неге?* (неге?), *нече?* (неше?), *нечүк?* (нешік?), *нечік?* (нешік?), *нек?* (неге?), *не үшін?* *ненічүн?* (қалай?) деген формалар пайда болған. *Қай?* деген ескі формадан *қайын?* (несін?), *қайсы?* (қайсы?), *қайда?* (қайда?), *қайма?* (қайсысы болса да, бәрі, әрбірі), *қачан?* (қашан?) бұл сөздің бастапқы тұлғасынан *қайчан?* деген сұрау есімдіктері жасалған, мұндағы *неге?* *қайда?* формалары септеу мағынасында емес, осы тұлғада қалыптасып кеткен сұрау сөздер есебінде қолданылып тұр. *Неге?* деген сұрау барыс жалғауында тұрған сөз сияқты қимыл-әрекеттің бағытын көрсету үшін қойылмайды, себебін білдіру үшін айтылады. *Қайда?* деген сөзге берілетін жауап іс-әрекеттің мекенін емес, бағытын білдіреді. Бұлар сұрау есімдігінен гөрі

үстеудің қызметін атқаруға бейім. Бірақ бір ескеретін жайт: армян колониясының тілінде *неге?* сөзі *қай жаққа?* (орысша «куда?») деген сұраулықтың орнына, яғни өзінің о бастағы қызметінде жұмсалады. Мысалы: *Барды Гүрег кі неге йіберіп еділер* (Барды Гүрег жіберген жағына). Бұл жерде әрине, славян тілдерінің әсері, олардың сөйлем құраудағы синтаксистік ерекшелігі, байқалады. Дегенмен осы мысалдағы *неге?* сөзі орыс тіліндегі бағыт-бағдарды білдіретін «куда?» мағынасын айнытпай аударып беріп тұр: «Гүрег пошел, куда его послали».

Сонымен, сұрау есімдіктерінің барлық басқа түрлері *кім?, не?, қай?* деген үш түрлі түбірден өрбіген болып шығады.

4) **Өздік есімдіктері:** *өзі (өзі), кенсі (өзі), кенді (өзі), кенті (өзі), кендөзі (өзі)*. Соңғы *кендөзі* сөзі *кенді* және *өзі* деген екі өздік есімдігінің бірігуінен жасалған. Бұлардың ішінде (*өзін* есімдігін қоспағанда) ең көп кездесетіні — *кенсі*, ең сирек *ұшырайтыны* — *кенті*. Армян колониясының тілінде жазылған документтерді зерттеуші Т. И. Грунин *кенді* есімдігі субстантивтеніп келгенде III жақтың тәуелдік жалғауын қабылдамайды деп көрсетеді: *кендінің пайы* (өзінің үлесі, пайы), *кенді кішісі* (өз кісісі), *кенсі өлүмү біле өлдү* (өз өлімімен өлді). I жақта: *кендім, кенсіміз* (II жақта айтылмайды). Ал III жақта *кендісінің* болып тұлғалануға тиісті сөз *кендінің* болып қолданылып тұр. Сонда бұл сөз тек I жақта ғана тәуелдік жалғауын қабылдайтын болып табылады.

Өздік есімдіктер кейде біріккен сөз (*кендөзі*), кейде қос сөз, енді бірде сөз тіркесі болып та қолданыла береді: *өз кенсі* (өз-өзі), *өз-өзінден*. Сонымен бірге өздік есімдіктер әр алуан формада тұрып, түрленіп келіп те айтыла береді: *өзүм* (өзім), *өзден* (өз басына өзі қожа, басы бос), *өзге* (өзге), *өзгече, өзгелер* (өзгелер). Мысалы, *өзге кіші* (өзге кісі), *чохрах өз-өзінден ахатуруп* (бұлақ өз-өзінен ағады), *кенсі йазуқы* (өз жазығы), *өзге сағытлар* (өзге қару-жарақтар).

5) **Белгісіздік есімдіктері.** Кейбір сұрау есімдіктері өзінің негізгі мағынасынан ажырап, белгісіздік есімдіктерінің қызметін атқарады. Олардың басты-бастылары *кім* (кім) мен *не* (не). Осы түбірлерден *кімсе* (біреу, әйтеуір бір адам), *нема* (бір зат, бір нәрсе) деген сөздер жасалады. Белгісіздік есімдіктерінің басқа түрлері — *фалан* (пәлен), *бір* (белгісіз бір нәрсе), *тегме, тійме* (әркім, әрбіреу), *һер* (әр). Мысалы, *Араларыңызда кімсе бар еділер?* (Араларыңызда біреу бар ма еді?), *Йохтыр һалы неман кі төлегеймен* (Төлейтін нәрсем жоқ болып тұр), *Бір кіші келді андан* (Сонда бір кісі келді), *Һер күні алғышлы болсун* (Әр күні алғысты болсын). Соңғы мысалдағы *һер* белгісіздік есімдігі жалпылау есімдігінің қызметін де атқарады. Мұндағы *фалан, һар* сөздері араб-парсы тілдерінен ауысқан.

6) **Болымсыздық есімдіктері** үш түрлі жолмен жасалады: а) *һеч, еч* (еш) сөзі мен есімдіктердің тіркесіп келуі арқылы;

ә) *йоқ* (жок), *деуіл* (түгіл) сөздері мен есімдіктердің тіркесі арқылы; б) *һергіз*, *һеркіз* (еш уақытта) сөзі қолданылу арқылы. Бірінші форма етістіктің болымсыз түрімен де тіркесіп жұмсалады: *һеч түгенмез* (еш таусылмас), *ер йүзіні һеч көрмеген* (ердің жүзін еш көрмеген), *һеч бүтүн йох еді* (еш бүтін жері жоқ еді), *еч болмачы неме* (еш болмайтын нәрсе), *еч йазықсыз* (еш жазықсыз), *һеч неме* (еш нәрсе), *нема йох йерде* (еш нәрсе жоқ жерде).

Шын мәнінде, *йоқ* (жок), *деуіл* (түгіл) сияқты сөздер кез келген сөзбен тіркесіп оған болымсыздық мағына береді. Болымсыздық есімдіктердің өз көрсеткіші *һеч*, *һергіз* сөздері — парсы тілінен ауысқан элементтер.

7) Жалпылау есімдіктерінің қатарына *барча* (барша), *бары* (бәрі), *түгел* (түгел), *һәр* (әр) деген сөздер жатады. Мысалы, *Төледі кенді пайын барын* (Төледі өз пайының бәрі), *Выразумит еттік барчаны* (Баршасын талқылап бітірдік), *түгел кетхойлар* (барлық старшиналар), *һәр кез унытмаса* (Әр кезде, барлық уақытта ұмытпаса).

Есімдіктердің морфологиялық өзгерістерге ұшырауы. Кейбір есімдіктер септелгенде морфологиялық өзгерістерге ұшырайды. Барыс септігінде мен түбірі *ма*, сен түбірі *са* болып өзгереді. Бу сілтеу есімдігі атаудан басқа барлық септіктерде *му*, *мун*, *мүн*, тағы бірде *мон* формасына ауысады. Ол есімдігі (жіктік, сілтеу) *а*, *ан*, *аң* түрінде септеледі. Оны мына кестеден көруге болады.


А та у	<i>мен</i>	<i>сен</i>	<i>бу</i>	<i>ол</i>
І лі к	<i>мен</i>	<i>сен</i>	<i>му, мо</i>	<i>а</i>
Б а р ы с	<i>ма</i>	<i>са</i>	<i>му</i>	<i>аң</i>
Т а б ы с	<i>мен</i>	<i>сен</i>	<i>муң</i>	<i>а</i>
Ж а т ы с	<i>мен</i>	<i>сен</i>	<i>мун, мон</i>	<i>ан</i>
Ш ы ғ ы с	<i>мен</i>	<i>сен</i>	<i>мун</i>	<i>ан</i>
К ө м е к т е с	<i>мен</i>	<i>сен</i>	<i>мун</i>	<i>а</i>

Басқа формалар: *мунча* (мұнша), *монча ғанл* (мұнша ғана), *анча* (онша), *анчақ* (онша), *анча ғына* (сонша ғана), *анды* (осылай), *алай* (осылай).

Бу, ол есімдіктері көптік жалғауын қабылдаған кезде де өзгеріп отырады: *бу//мун, ол//а, ан, аң*. Мысалы:

А та у	<i>булар, мунлар</i>	<i>алар, аңлар</i>
І лі к	<i>бу, мун</i>	<i>ан</i>
Б а р ы с	<i>бу</i>	<i>ан</i>
Т а б ы с	<i>бу</i>	<i>ан</i>
Ж а т ы с	<i>бу</i>	<i>ан</i>
Ш ы ғ ы с	<i>бу</i>	<i>ан</i>
К ө м е к т е с	<i>бу</i>	<i>ан</i>

Қай сұрау есімдігі былайша тұлғаланып келеді:



Қыпшақ тілінде соңғы сөз (*қайчан*) *қачан* болып, қысқарған формада жұмсалады. Көнерек түркі тілдерінде көбінесе, *қайчан* қолданылады. Осы *қай* сұрау есімдігінің негізгі түбірін Фон Габэн *қа* деп көрсетеді. Есімдіктің басқа түрлері әр алуан қосымшаларды қабылдау барысында өз тұлғаларын өзгертпей, байырғы қалпын сақтап тұрады.

Есімдіктердің мағынасы. Қыпшақ тіліндегі есімдіктер мағынасы жақтан түркі тілдеріндегі есімдіктер тәрізді. Тек қана *кім?* және *не?* сұрау есімдіктерінің аздаған өзгешеліктері бар. Бұл екеуі де, алдымен, әдеттегі өз функциясын атқарады: *Кім сасыр?* (Кім сасиды?), *Кім унутғай мунча йігілікті?* (Кім ұмытады мұнша игілікті?), *Мұныңдай таңыш кім көрді?* (Мұндай тамашаны кім көріпті?), *Кімнің тур?* (Ол кімдікі), *Меңүлүкке не түгенmez?* (мәңгілікке не таусылмайды?), *Не артуқ, не ексік?* (Не артық, не кем?). Сонымен бірге олар белгісіздік есімдігінің орнына да жүреді: *Аве қыз елбеклігінден кім тілесе алыр райған* (Науана, берекелі молшылығыңнан кім тілесе де тегін алар), *Теңірің сөвмекінден башқа не кім йол бар?* (Тәңірдің сүйгенінен басқа қандай жол бар?), *Һазухын айтмаса кім — есе болмағай ары* (Жазығын айтпаса, кім болса да пәк болмайды). *Кім* сөзі қосарланып айтылу арқылы көптік мағынаны білдіреді: *Кім-кім егі көңүл біле ешітмесе* (Кім де кім игі көңілмен есітпесе), *Бу йолуңа кім-кім кірер, Иосусыңа мағат йетер* (Кім де кім осы жолға кірсе, онда ол хабар Иисуска сөзсіз жетеді), *Аңар кімлер кім ынанғай теңріні көрүп қованғай* (Оған кім де кім сенсе, солар тәңріні көріп қуанады), *Онда не уйат болғай саңа?* (Онда қалай ұят болады саған), *Не кім йол бар?* (Қандай жол бар?).

Кім есімдігі сөз бен сөзді, сөйлем мен сөйлемді байланыстырып тұру қызметін де атқарады. Оның дәнекерлік қызметі орыс тіліндегі «который», «что», «тот» деген сөздердің қызметімен сәйкес келеді. Сондықтан ол кейде субстантивтеніп бастауыш не толықтауыш, сөз ыңғайына қарай баяндауыш және сөз мағынасын күшейте түсу үшін қолданылатын қосалқы сөз ролінде де жүре береді, яғни *кім* сөзі құрмалас сөйлем жүйесінде субъектив, объектив және предикат топтарын өз ара байланыстыру үшін жұмсалады: Мысалы: *Айтты күтөвциге кім қойлар күтер* (Қойларды күтетін күтушіге айтты). Мұнда *кім* сөзі субъектіні (қой-

ларды күтетін) көрсетіп тұр, яғни орысша «сказал пастуху, который ухаживал за овцами» деген сөйлемдегі «который» сөзінің орнына қолданылып тұр. *Ол көрклі кіші кім сен көрдің* (Ол сен көрген көрікті кісі) дегендегі *кім* объектіні көрсету үшін қолданылып тұр: «тот красивый человек, которого ты видел». *Атамыз кім көктесен* (Сен біздің көктегі атамызсың). Орысшасы: «Ты — наш небесный отец т. е. Ты — наш духовный отец, Ты — наш отец, который находится на небе». Мұндағы *кім* бастауышты баяндауышпен байланыстырып, өзі сол күрделі баяндауыштың құрамына еніп, предикаттық қызмет аткарып тұр.

Сонымен бірге *кім* басыңқы мен бағыныңқы сөйлемдер арасын байланыстыру қызметін де атқарады: *Яқшы білірсен кім ол жаһанда йашымазсен* (Жақсы білгейсің — ол жаһанда жасырына алмассың). Орысша аударғанда: «Хорошо знай, что ты на том свете не можешь скрываться». Енді бір жерде ол тек сұрау есімдіктерінің сұраулық мағынасын айқындап, күшейте түсу үшін ғана жұмсалады. Бірақ ондай жағдайда *кім* сұрау есімдіктерінің бірінің ықпалына еріп қабаттаса айтылады: *Нечік кім ешіттік?* (Неге есіттік екен?), *Хачда қачан кім асылды?* (Кресте қашан асылып еді?).

Етістік

Қыпшақ тіліндегі туынды етістіктер жалпы түркі тілдеріне тән әдіспен, яғни морфологиялық және синтаксистік тәсілдер арқылы пайда болады және олардың көпшілігі есім мен етістік түбірлерге тиісті жұрнақтар жалғану арқылы жасалады. Үстеу, еліктеуіш сөздер мен одағай түбірден жасалатын да бірлі-жарым етістіктер кездеседі.

1) Есімдерден етістік жасайтын жұрнақтар түбір сөздің ыңғайына қарай әрдайым жуанды-жіңішкелі болып жалғанады және дауысты дыбыстан да, дауыссыз дыбыстан да бастала береді. Демек, түбір мен қосымшаның тіркесу ерекшеліктері мен дыбыс әуеніне байланысты бір жұрнақтың бір я бірнеше фонетикалық варианты болады. Олардың ішінде жеті-сегізге дейін варианттары барлары да кездеседі. Жұрнақтардың көбі бір буынды, асып кеткенде екі буынды болады да, басым көпшілігі 1—2, кейбір варианттары 3—4 дыбыстан тұрады. Осыған орай есім сөздерге жалғанып етістік тудыратын жұрнақтар құрамында жоғарыда көрсетілген буын түрлерінің бәрі де кездесе береді (қыпшақ тіліндегі қосымшалардың басқа түрлері туралы да осыны айтуға болады).

Төменде қарастырылатын жұрнақтар — негізінен алғанда, тірі түбірге жалғанатындары. Жеке тұрып кездеспейтін бірді-екілі түбір сөздердің басқа түркі тілдерінде кездесетін түрлері еске алынып отырылды. Санаулы ғана сөздердің туынды түбір

болып келуі де мүмкін, мысалы, *йелкүлдейдір* (желкілдейді) сөзінің түбірі — *йелкүл* (*де+й+дір* — қосымша). Оның қыпшақ тілінде көп кездесетін *йел* (жел) сөзінен жасалуы да ықтимал. Олай болғанда жаңа сөз жасаушы формант *де* емес, *күл* болады да, *де* негізгі түбірге емес, туынды түбірге жалғанатын жұрнақ болып шығады, *күл* формасы басқа жерде кездеспейді, бірақ соған қарап оны өлі жұрнақ деп кесіп айту қиын. Жұрнақтарды төмендегідей екі топқа бөліп қараймыз:

а) Дауысты дыбыстан ғана тұратын не содан басталатын жұрнақтар.

-а// -е: *йаш* (жас) — *йаша* (жаса), *охи* (көне түбірі *оғуш*) — *охша* (ұқса), *қобс* (түбірі *қобуз*) — *қобса* (қобызда ойна), *йарлығ* (жарлық) — *йарлыға* (жарылқа, яғни рұқсат ет), *көз* (көз) — *көзе* (көзде).

-ай// -ей: *ук* (үлкен) — *улай* (үлкей).

-ы// -і: *айн* (ескі түбірі *адын*) — *айны* (айны), *бей* (би) — *бейі* (биле) немесе *бий* — *бийі*, *берк* (берік) — *беркі* (берік бол).

-ыш// -іш: *айақ* (аяқ) — *айағыш* (аяктас). Бұл жұрнақ, негізінде, ортақ етіске тән, бірақ ол осы жерде зат есім түбіріне тікелей келіп жалғанып тұр (қазақша аудармасын салыстырыңыз).

-уш// -үш: *тан* (тан) — *таңуш* (таңдан).

-о// -ө: *көп* (көп) — *көбө* (көбей).

ә) Дауыссыз дыбыстан басталатын жұрнақтар.

-ға// -ге: *йыр* (жыр) — *йырға* (жырла) немесе *ыр* — *ырға*, *күй* (күй) — *күйге* (күйле, күт, күйін түсір).

-да// -де: *ал* (құлық, өтірік) — *алда* (алда), *із* (із) — *ізде* (ізде), *йелкүл* (желкіл) — *йелкүлде* (желкілде). Бұл жұрнақ -ла// -ле-нің фонетикалық варианты. Орхон-енисей жазу ескерткіштерінен бастап ол тек *із*, *ал*, *үн* сөздерімен ғана тіркеседі де, басқа уақыттың бәрінде де -ла// -ле формантымен алмасып келеді. Осы сияқты басқа сөздермен, яғни әрі бір буынды, әрі ұян з дыбысына аяқталатын басқа түбірлердің өзімен де -да// -де емес, -ла// -ле формасы тіркеседі: *сөз* — *сөзле*, *тез* — *тезле* т. т.

-ла// -ле: *ерік* (и) — *ерікле* (иле), *ес* (ес) — *есле* (еске ал), *хор* (кор) — *хорла* (қорла), *хормат* (құрмет) — *хорматла* (құрметте), *ховат* (қуат) — *ховатла* (қуатта), *йай* (жаз) — *йайла* (жайла), *қыш* — *қышла* (қыста), *балуқ* (балық) — *балуқла* (балық аула). Есім сөздеріне болсын, етістік түбірлерге болсын ең көп жалғанатын өнімді жұрнақтардың бірі — осы -ла// -ле.

-қ// -к: мұның дауысты дыбыстан басталатын да варианттары бар: -уқ// -үк немесе -ық// -ік: *чын* (шын) — *чынық* (шынық), *йол* (жол) — *йолуқ* немесе *йолух* (жолық), *бір* (бір) — *бірік* (бірік).

-пі: *йел* (жел) — *йелпі* (желпі).

-р, -ыр// -ір: *қайғы* (қайғы) — *қайғыр* (қайғыр), *ес* (ес) — *есір* (есір).

-ра//ре, -ыра//іре: қон (еліктеуіш сөз) — *қоңра* (қоңғырла), осыдан барып: *қоңқағу* — *қоңров* (қоңрау), *маң* — *маңра* (манра), *мұң* — *мұңра* (мөңре), *қаты* (қатты) — *қатыра* (қатты бол), *мүлк* (мүлік) — *мүлкре* (мүлікті мұраға ал), *балуқ* (балық) — *балуқра* (балық аула), *йылт* (жылт) — *йылтыра* (жылтыра). К. Гренбек *балуқра* деген сөздегі **-ра** жұрнағы қате жазылған, ол **-ла** жұрнағы болуға тиісті деп ойлайды. Шынында бұл сөздің *балуқла* деген формасы да бар. Бірақ **-ра** басқа да сөздердің құрамында кездесетін болған соң, бұл жерде қолданылып тұрған оның өзі емес деу қиын.

-рға//рге, -ырға//ірге: *ачы* (ашы) — *ачырға* (ашырқа), *ес* (ес) — *есірге* (есірге, яғни еске ал).

-са//се, -сы//сі, -су//сү: *ерік* (ерік) — *еріксі* (еркінсі), *йап* (жапсар) — *йапса* (жапсарла), *бій* — *бійсі* (жек көр), *йөп* (жөн, басқа тілдерде *йөб* (жақсы) — *йөпсі* (жөнсі), *кебен* (қорқыныш) — *кебенсі* (қорққаны), *үп* (көне түрі *әг, өк*, қазақша *ой*) — *үпсү* (ойлан). Бұл жұрнақтың **-са//се** формасы да бар, бірақ ол бір-ақ сөздің құрамында кездеседі, онда **-сы//сі** тұлғасымен жарыса қолданылады: *йөпсі* — *йөпсе*. **-сы//сі** көбінесе басқа жұрнақтармен (әсіресе өздік етіс формасы **н-мен**) қосылып күрделі тұлғада жұмсалады: *еріксің, бійсің, йөпсің, йөпсең, үпсүң*.

-сыра//сіре: *уйухы* (ұйқы) — *уйухысыра* (ұйқысыра). Бұл жұрнақтың көне түрі, Ф. Габәннің айтуына қарағанда, **сы** — *сын, сыну, сындыру* етістігінің түбірі. Ол **-ра** формасымен қосылып, күрделеніп тұр. Егер осы көзқарасты дұрыс деп қабылдасақ, онда біз мұны жоғарыда аталған **-сы//сі** жұрнағы туралы да айтуымыз керек.

2) Етістіктерден туынды түбір жасайтын жұрнақтар. Етістіктің әр алуан формаларын, яғни етіс, жақ, рай, шақ категориясы мен есімше, көсемше тұлғаларын, етістіктің болымсыз түрін жасайтын жұрнақтар осы туынды түбір етістік жасайтын қосымшалардың қатарына жатады. Демек, бұлар — етістік категорияларын жасау арқылы туынды түбір жасайтын жұрнақтар. Осыдан бөтен тағы бір топ жұрнақтар бар. Олар ешқандай етістік категориясын жасамайды, тек қана туынды түбір етістік тұлғасын тудырады. Бұл екі топтағы жұрнақтардың өз ара айырмашылығы мынада: бірінші топтағы (етістік категориясын жасайтын) жұрнақтар қандай жағдайда болса да, үш жақтың бірін білдіреді, ал екінші топтағы (етістік категориясын жасамайтын) жұрнақтар жақтық ұғым бермейді, етістіктің негізгі түбірі сияқты тек қана бұйрық райдың I жақтық жекеше тұлғасының мағынасын ғана береді. Демек, екінші топтағы жұрнақтар өзі жалғанған түбірге ешқандай категориялық (жақтық, шақтық т. б.) үстеме мағына қоспай, тек оның өзіндік мағынасын айқындап, айшықтай түседі.

Ол секілді жұрнақтардың қатарына, негізінен, мына төмендегілер жатады:

-з, -ыз// -із: *ет* (жет) — *етіз* (жетіс).

-ы// -і: *ыд* (жібер) — *ыды* (жібере бер), немесе *ит* — *іті*, *йт* — *йіті* (қазақ тіліндегі «ытқып кетті» деген сөздің түбірі «ыт» — осы мағыналас).

-ла// -ле, -та// -те: *хув* (қу) — *хувала* (қуала), *йул* (жұл) — *йулмала* (жұлмала), *қыс* (қыс) — *қыста* (қыста). Мұның -да// -де варианты болуы да ықтимал. Жұрнақтың -ла// -ле формасы көбінесе істің бір емес, бірнеше рет, дүркін-дүркін қайталанып отыратын сипатын көрсету үшін қолданылады, ол үшін -ла// -ле түбір етістікпен тікелей емес, кейбір дыбыстарды, мысалы, а, е, араға салып, дәнекер арқылы қабысады. Мысалы, *хувалармен* (қуалармын), *хуваладым* (қуаладым) формасы мен *хувармен* (қуармын), *хувдым* (қудым) сөздерінің мағыналарын өз ара салыстырып қарасақ, соңғы екі сөз іс-әрекеттің бір-ақ рет орындалғандығын, ал алдыңғы екі форма сол әрекеттің бір емес, бірнеше рет қайталанып келгендігін білдіріп тұр. Сол сияқты, етістіктің -ар, -дым тұлғалары (басқа форманттар тәрізді) түбірге тура жалғанса, -ла// -ле, олай емес, араға а дыбысын кіріктіріп тұр (екінші мысалда дәнекер -ма: *йул-ма-ла*).

-р, -ар// -ер, -ур// -үр, -ыр// -ір: *қыз* (қыз) — *қызар* (қызар), *біш* (піс) — *бішүр* (пісір), немесе *біш-бішір*, *йаш-йашыр* (жасыр), *чық* (шық) — *чығар* (шығар). Осындай форма шақ категориясына да тән.

-к// -к, -ық// -ік: *йул* (жұл) — *йулқ* (жұлық), *кеч* (жасыр) — *кечик* (жасырын, жасырын түрде бол), *кір* (кір) — *кірік* (кірік). Мұның -уқ// -үк варианты болуы да мүмкін.

-увса// -үвсе: *таб* (тап) — *табувса* (табуды аңса), *құтқар* (құтқар) — *құтқарувса* (құтқаруды аңса), *көр* (көр) — *көрүвсе* (көруді аңса).

-ш, -аш// -еш, -уш// -үш, -ыш// -іш: *тей* (түбірі *тег*, қазақша, «ти, тиіс») — *тейіш* (тиіс, жет), *аз* (аз) — *азаш* (адас, аз), *бол* (бол) — *болуш* (болыс). Осындай форма етіс категориясына да тән.

-шур// -шүр: *йап* (жап) — *йапшур* (жапсыр).

Көмекші етістіктер. Негізгі етістіктер мен олардың қызметін атқарып тұрған басқа да сөздерге қосылып, етістіктер тіркесін күрделендіріп тұратын көмекші сөздер көп емес. Ең негізгілері мыналар:

е//и түбірлі көмекші етістікті және оның тұлғалық түрлері мен тіркесу жолдарын көрсететін мысалдар келтірейік: *Барча теңрілік ус ерүр, барча һақыл білік турур* (Барша тәңрілік — ақыл, барша ақыл — білім); *керек еді* (керек еді), *қайда еген* (қайда екен) *йоқ есе* (жоқ болса), *мен йаманлы, сен айыпсыз егеч* (мен жаман, сен айыпсыз болсаң да), *аңлар едім* (андар едім), *ол айтыр иді* (ол айтар еді), *ештітім еді* (есіттім), *өлүмлүк болдуқ еді* (өлетін болдық), *аңламыш едім* (андаған едім), *аңлағай едім* (андағай едім), *бергей идік* (бергей едік), *аламыш болғай едім* (андаған болғай едім), *аңласам еді* (андасам еді), *болса еді*

(болса еді), *аңладым есе* (аңдасам), *ешіттік ерсе* (есітсем), *болды есе* (болса), *аңлар егеч* (аңдаса да), *түшүргей егеч* (түсіргенде). Бұл сөз әрқашан әр түрлі формада келеді де, өзінің негізгі тұлғасында (**е, и**) қолданылмайды, әрдайым етістік аффикстерімен түрленіп отырады (*ерүр, еді, еген, есе, егеч, едім, иді, идік, ерсе* т. т.).

Ет тұлғасы да осы **е** көмекші етістігінің негізінде жасалған: *етер* (етер), *егсе* (егсе), *өтир* (етер), *егмесе* (егпесе), *азат ет* (азат ет), *қабуыл ет* (қабыл ет), *йара ет* (жара ет), *етіл* (етіл). Ет формасы субстантивтеніп те келеді: *еткенлер* (еткендер), яғни іс-әрекетті жүзеге асырған субъектілер.

Бол көмекші етістігінің тұлғалық түрлері: *бол, болған, болмағай, болғай, болсун, болдум, болғыл, болмағыл, болса, болмаса, болғанда, болман, болсам, болмачы, болушсун, болушмағай, болушмақ, болушмақы біле*.

Тур көмекші етістігі: *турур, турду, турмақ, тек тур* (тек тұр), *уяах тур* (ұяу тұр), *утру тур* (қарсы тұр), *келмек турур* (келер), *аха турур* (ағар), *сунадырмен* (сынамын), *олтуруп турдық* (отырдық), *бурулуп турған* (бұрылып тұрған), *сусап туруп* (сусап тұрып), *болуп турур* (болып тұрады), *олтуруп турур* (отырып тұрар), *ачылып тур* (ашылып тұр), *іліп тір* (іліп тұр), *біліп тірсен* (біліп тұрсын), *күйүп туруптырмен* (күйіп тұрып тұрмын, яғни күйіп тұрмын). Бұл сөз III жақтың жекеше жіктік жалғауы-*тур// -түр, -тыр// -тір* және *-дур// -дүр, -дыр// -дір* болып та қолданылады. Көп кездесетіні **т** дыбысымен айтылатын варианты (*-тур// -түр* т. б.). Болжалды келер шақ жасайтын тұлға да осы сөзбен байланысты.

Жеке тұрғанда ешқандай мағына бермейтін көмекші етістіктер есім сөздерімен тіркесіп келгенде, оларды күрделі етістікке айналдырады: *ус ерүр* (ақыл болар). Көмекші етістіктер, демек, белгілі дәрежеде сөз тудыру қызметін де атқарады.

Өз алдына жеке тұрып қолданыла беретін дербес мағыналы бір топ етістіктер де көмекші етістік қызметін атқара береді. Мысалы **де** етістігі көсемшенің *деп, дей* формасында келіп күрделі сөз құрамында көмекші етістік бола алады: *деп тірсен* (деп тұрсын), *йаратты дей* (жаратты деп), *овлы деп* (ұлы деп), *болғай деп* (болғай деп), *деп төреді* (деп жаратылды), *теңрі деп* (тәңрі деп).

Ал көмекші етістігі: *сөвүнч алып* (сүйініп), *тыя алман* (тия алман), *бара алмазбыз* (бара алмаспыз), *ете алмаз* (ете алмас), *көре алмадум* (көре алмадым).

Йүр көмекші етістігі: *йүрүп оздың* (жүріп оздың), *йүрүп йүгүрүп* (жүгіріп жүріп), *бара йүрлер* (барып жүреді олар).

Айт: *айта білдің* (айта білдің).

Башла: *башлап йеткір* (бастап жеткіз).

Негізгі етістіктер мен көмекші етістіктердің тіркесінен етістік негізді күрделі етістік жасалады:

күйүп туруп тырмын (күйүп тұрмын), *аңламыш болғай едім* (аңдаған болғай едім), *болдуқ еді* (болғанбыз). Жалаң етістік болсын, күрделі етістік болсын есім сөзімен тіркесіп, бір ғана мағынаны білдіреді де, ол есім негізді күрделі етістік деп аталады: *ус ерүр* (ақыл), *өлүмлік болдуқ еді* (өлетін болдық). Бұл — күрделі тіркестің тұлғалық (формальдық) жағы. Мағыналық жағынан олар етістік мағыналы тіркестер болып қала береді.

Етістіктің болымсыз түрі түбір сөзге *-ма// -ме, -мы// -мі* аффиксі жалғану арқылы жасалады: *бол* (бол) — *болма* (болма), *ер* (түбірі — *е* көмекші етістігі) — *ерме* (болма), *ары* (ары) — *арыма* (арыма), *йул* (жұл) — *йулма* (жұлма), *бар* (бар) — *барма* (барма).

Етіс категориясы.

Қазіргі түркі тілдерінің көпшілігіндегі сияқты көне қыпшақ тілінде де етістің төрт түрі кездеседі. Олардың әрқайсысының арнаулы жұрнақтары және оның кейбірінің бірнешедеген фонетикалық варианттары бар. Олар мыналар:

а) Өздік етіс *-н, -ын// -ін, -ун// -үн*.

ә) Бірықсыз етіс *-л, -ыл// -іл, -ул// -үл*.

б) Ортақ етіс *-ш, -ыш// -іш, -уш// -үш*.

в) Өзгелік етіс *-т, -тыр// -тір, -тур// -түр, -дар// -дер, -дыр// -дір, -дур// -дүр, -қыр// -кір, -ғуз// -гүз, -ыр// -ір, -ур// -үр, -зыр// -зір*.

Мысалдар.

Өздік етіс: *бошан* (босан), *бүрлен* (бүрлен), *чичеклен* (шешек ат), *чулған* (шұлған, шүберекке оран), *ілін* (ілін), *йашын* (жасырын) т. б.

Бірықсыз етіс: *бурул* (бұрыл), *бүгүл* (бүгіл), *чайқал* (шайқал), *ачыл* (ашыл), *етіл* (етіл), *йарал* (жарал).

Ортақ етіс: *болуш* (болыс), *булғаш* (былғас), *буруш* (бұрыс), *ішіш* (ішіс), *йараш* (жарас), *басқарыш* (талқыла), *беріш* (беріс), *келтіріш* (келтіріс) т. б.

Өзгелік етіс: *бошат* (босат), *есірт* (есірт), *бішүттүр* (пісір), *арттыр* (арттыр), *біріктір* (біріктір), *йуқтур* (жұқтыр), *келүттүр* (келтір), *елгендір* (қорқыт), *ендүр* (төмен түсір), *ағындыр* (жоғары көтер), *жеткір* (жеткіз), *йіпкір* (құсқыз), *көндір* (көндір), *көргүз* (көргіз), *олтурғуз* (отырғыз), *йашыр* (жасыр), *ічір* (ішір), *бішүр* (пісір), *күйдүр* (күйдір), *тамзыр* (тамдыр, тамыздық), *емзір* (емдір, еміздір) т. б.

Грамматикалық мағынасы жағынан алып қарағанда **н** мен **л** аффикстері өз ара сәйкес келетін секілді: Мысалы, *берін* дегенде де, *беріл* дегенде де іс-әрекет ІІ жақтың өзіне қарай бағытталып тұр. Алайда, біз оқулықтарда айтылып жүрген әдеттегі ережеге сүйеніп, бұл екі түрлі аффиксті екі түрлі етістің көрсеткіші ретінде келтіріп отырмыз.

Есімше. Есімше етістік түбірге мынадай жұрнақтар жалғану арқылы жасалады: **-р, -ар// -ер, -ур// -үр, -ыр// -ір; -қан// -кен, -ған// -ген; -ан// -ен; -чы// -чі; -мыш// -міш; -дачы// -дечі; -ачак// -ечек; -з; -асы// -есі.**

-ар// -ер жұрнағы болжалды келер шақ мағынасын беру үшін жұмсалады: *бойар* (бояр), *болушур* (болысар), *абрар* (қорғар), *чығарур* (шығарар), *еңселер* (желкелер), *ачар* (ашар), *ағынур* (жоғары көтерілер), *айаныр* (аянар). Бұл жұрнақтың фонетикалық варианттары бірінің орнына бірі жүріп, ауыс-күйіс қолданыла береді: *алур* немесе *алыр* (алар), *берур* немесе *берір* (берер) т. б. Бұлардың ішінде көбірек кездесетін варианттары **-ар, -ур** да, сирегірек ұшырасатыны **-ыр**. Есімше тұлғасындағы болжалды келер шақ аффиксінің мағыналық басты бір ерекшелігі мынада: ол қимыл әрекеттің орындалу процесін жалпылай баяндайды: *Ат ағынар* (ат аунайды), *төве чөкер* (түйе шөгеді).

-қан// -кен аффиксі өткен шақ мағынасында қолданылады: *біріккен* (біріккен), *унутқан* (ұмытқан), *йүрген йолларын* (жүрген жолдарын), *туған овлуна* (туған ұлына), *аш бішүрген ев* (ас пісірген үй, ас үй).

-ан// -ен жұрнағы **-қан// -кен** формасының бір түрі. Ол **-қ, -к** дыбыстарының айтылмай түсіп қалуы арқылы жасалған: *баран* (барған). Қыпшақ тілінде өте сирек кездеседі. Бұл жұрнақ — оғуз тілдеріне тән элемент.

-чы// -чі амал-әрекетті жүзеге асыратын субъектіні көрсетеді: *оқычы* (оқушы), *тоқычы* (тоқушы), немесе *тоқырчы*. Бұл да сирек ұшырайды. Шақтық мағынасы жоқ.

-мыш// -міш — түбірге өткен шақ мағынасын үстейтін өнімді жұрнақ: *бішміш* (піскен), *йазуқламыш* (жазық қылған), *келміш* (келген), *йарашмыш* (жарасқан), *йашынмыш* (жасырынған), *йітленміш* (жоқ болып кеткен), *көкке ағынмыш атаның оңында олтуруп* (көкке көтерілген жаратушының алдында отырып), *хачқа керілміш* (креске керілген). Кейбір шетелдік зерттеушілер бұл форманы тұйық рай жасайтын тұлға деп те жүр, мысалы, *кетмішмен* (кететін адаммын). Дегенмен бұл жұрнақтың өткен шақ мағынасында қолданылу аясы мол: *Йарлыларға аңдан бахмыш* (жарлыларға сонда қарады), *андан Елизавет айтмыш көп егілік маа тейміш овлум бейні танымыш* (сонда Елизавет айтты: көп игілік маған тиді, ұлым биді, яғни жаратушыны, таныды), *утру бейніп табунмыш* (қарсы барып, сүйіп табынды).

-дачы// -дечі жұрнағы бірнеше сөзге ғана жалғанып, субъектіні білдіреді, бірақ шақтық мағына бермейді мысалы: *йеңдечи* (жеңуші), *еріксіндечи* (еркіндеуші).

-ачак// -ечек келер шақ мағынасында жұмсалды, өзі сирек ұшырайды: *бу олтурачақ, йир дур* (Бұ — отыратын жер).

Есімшенің келер шақ болымсыз түрі **-з** жұрнағы арқылы беріледі: *болмаз* (болмас), *алмаз* (алмас), *йетмез* (жетпес).

-асы//есі жұрнағы сенімді келер шақ мағынасында жұмсалады: *келесі* (келесі), *барасы* (барасы).

Кейбір зерттеушілер *айлады чақ* (айтқан шақта) деген тіркесті синтаксистік тәсілмен жасалған есімше деп қарайды. Бірақ мұндай мысалдар бірен-саран болмаса кездеспейді.

Сонымен, есімше тұлғасын жасайтын өнімді жұрнақтар: **-р, -ар//ер, -ур//үр, -ыр//ір, -қан//кен, -ған//ген, -мыш//міш; Ө н і м с і з ж ұ р н а қ т а р : -ан//ен, -чы//чі, дачы//дечи, -аचाқ//ечек, -асы//есі.**

Есімшелер сөйлемде негізінен анықтауыш мүше болады: *санар тақта* (санақ тақтасы), *сөвер кіші* (сүйетін кісі), *келір айнада* (келер жұмада), *ус өвретміш теңрі* (ақыл үйреткен тәңрі), *көрген кіші* (көрген кісі), *келдечи йыл* (келер жыл), *олтурачақ йир* (отыратын жер). Есімшелер кейде субстантивтеніп те келеді: *айтқанлар* (айтқандар). Есім сөздері сияқты олар тәуелдік, септік тұлғаларында да келе береді: *көргенім, есіткенім, йегенім* (көргенім, есіткенім, жегенім). Жалпы түркі тілдеріндегі есімше категориясына тән қасиеттер қыпшақ тіліндегі есімшелерге де тән. Қыпшақ тіліндегі есімшелердің мағыналық ерекшелігі мынада ғана: іс пен қимылдың орындалатын уақыт мерзімін, оның ұзақтық шамасын (мөлшерін) білдіреді: *не қыйнарсен өз незік бойуңны?* (неге қинайсың өзіңнің незік тәңіңді?), *біз оқурбыз ары Стефандан* (біз оқырмыз Стефан әулиеден). Қимыл мен әрекеттің келешекте болатынын, субъектінің шешім-ұйғарымын білдіреді: *ол қутулур* (ол құтылар), *қурулта қурур* (құрылтай құрар), *йарғу йарармен* (жарғы, яғни бұйрық, шығарармын).

Көсемше. Қыпшақ тілінде етістік түбірден көсемше жасайтын арнаулы жұрнақтар бар. Оларды жалғанатын сөздерінің аз-көптігіне қарай екіге бөлуге болады. Актив түрде қолданылатын қосымшалар **-п, -ып//іп, -уп//үп; -а//е; -ғынча//гінче, -қынча//кінче** де, пассив қолданылатындары: **-ғач//геч, -қач//кеч; -ғалы//гелі, -қалы//келі**. Бұлардың ішінде **-ып//іп** варианты мамлюк қыпшақтарының тілінде кейде **-йып//йіп, -йуп//йүп** түрінде, **-а//е** варианты **-йа//йе** түрінде жалғанған бірді-екілі сөздер кездесіп қалады.

Бірінші топтағы жұрнақтар бұрынғы өткен шақ мағынасында жұмсалады: *келіп* (келіп), *кейініп* (киініп), *бөгейіп* (бөгіп, яғни мойынсұнып), *тізін чөкүп йүгүнді* (тізесін бүгіп жүгінді), *йетті отда чынығып тұрған* (жеті отта шынығып тұрған), *емгеніп терлеп қыналып* (еңбектеніп, терлеп, қиналып).

-а//е, -й форманттары ауыспалы осы шақ мағынасын береді: *айта алман* (айта алман), *арымай* (арымай), *келе турур* (келіп тұр), *көре дүрір* (көріп тұр), *ішлеріні айта білдің* (істерің туралы айта білдің), *ача бер* (аша бер). Бұл жұрнақ көбінесе іс-әрекеттің әдетте болып тұратын дағдылы құбылыс екендігін көрсетеді: *ит үредір* (ит үреді) немесе *үгредір, қой маңрайдыр* (қой маңрайды), *сиыр мұңрейдір* (сиыр мөңрейді), *йылқы кішінейдір*

(жылқы кісінейді), *тавоқ чақырадыр* (тауық шақырады), *бөрі улуйдыр* (бөрі ұлиды), *кіші ынчқайдыр* (кісі ынқылдайды), *кіші йолсуз бара білмес* (кісі жолсыз бара білмес). -а//е жұрнағы кейбір сөздермен бірігіп үстеу жасайды: *көре* (карай), *қайра* (қайыра) т. б.

-**ғынча//гінче, -қынча//кінче** аффиксі мерзімді келер шақ мағынасында жұмсалады: *кенсі йазуқын айтқынча* (өз жазығын айтқанша).

-**қач//кеч, -қалы//келі** жұрнақтары да осы мағынада қолданылады: *Бій йетішкеч мен йетіштүм* (би жетіскен соң, мен жетістім), *келгелі бері көрмедүм* (Келгелі бері көрмедім). Соңғы форманың сенімді келер шақ мағынасында жұмсалуды да мүмкін.

Қимыл есімдері (басқаша айтқанда етістіктің тұйық рай формасы) түбір сөзге -**мақ//мек** жұрнағы жалғану арқылы жасалады: *ағрымақ* немесе *ағырмақ* (ауру), *ачырғамақ* (ашырықану), *алдамақ* (алдау), *йарашмақ* (жарасу), *йашырмық* (жасыру). Кейде бұл жұрнақ мақсатты келер шақ мағынасын да білдіреді:

Мені көрмеке аз қалды (мені көрмекке аз қалды). *Тейішлі едік тас болмаға* (Құрып кетуге тиісті едік), *Кергі көңілбіле өз йазуқын айтмаға* (Шын көңілмен өз жазығын айтпаққа керек). Жұрнақ соңындағы қ дыбысы армян колониясының тілінде х дыбысымен алмасып айтылады. Мақсатты келер шақ формасында жұмсалғанда ол дыбыс кейде айтылмай (жазылмай) түсіп қалып та отырады.

Етістіктің рай категориясы, басқа түркі тілдеріндегі сияқты қыпшақ тіліндегі етістіктің рай категориясы төрт түрлі болып келеді. Олардың (басқа түркі тілдері мен қыпшақ тілінің) арасында рай категориясына байланысты ешқандай мағыналық айырмашылық жоқ. Сондықтан біз олардың тұлғалық көрсеткіштерін ғана атап көрсетеміз.

а) А ш ы қ р а й туралы шақ категориясына байланысты айтылады.

Жақ	Жекеше		Көпше	
	Жіні	Сирек	Жіні	Сирек
I	-йын// -йін -айын// -ейін	-айым// -ейім -йым// -йім -лым// -лім	-лық// -лік -луқ// -лүк	-алым// -елім -алы// -елі
II	-ғыл// -гіл -қыл// -кіл	-ғын// -гін -қын// -қін -йыл// -йін	-ың// -ің -ңыз// -ңіз -ыңыз// -іңіз	-ыңсыз// -ңсіз -ын// -ін, -ыңлар// -іңлер
III	-сын// -сін	-сун// -сүн	-сынлар// -сінлер	-сунлар// -сүнлер

ә) Б ұ й ы р ы қ р а й д ы ң ж ұ р н а қ т а р ы н м ы н а к е с т е д е н к ө р у - г е б о л а д ы .

Мысалдар: *барайын, келейін, барайым, келейім, баралық, келелік, баралым, келелім, барғыл, келгіл, барғын, келгін, барсын, келсін, барсындар, келсіндер, айтқыл, айтқын, айтсын, айтсындар, ешітіңдер.*

б) Ш а р т т ы р а й д ы ң к ө р с е т к і ш і **-са//се, -сар//сер:** *айтса, барсам, берсең, келсек, өтсеңіз, өтселер, қалсар* (қалса).

в) Қ а л а у р а й д ы ң т ұ л ғ а с ы н к ө р с е т е т і н ж ұ р н а қ т а р **-ғай//гей, -қай//кей:** *ешіткеймен, ешіткейсен, ешіткей, ешіткейбіз, ешіткейлер.* Аналитикалық тәсілмен жасалған қалау рай: *ешіткей едің, кешке ешіткей еді, кешке ешіткей едік, кешке ешіткей едіңіз, кешке ешіткейлер еді* (кешке — одағай сөз, ол қалау райдың мағынасын үстемелеп күшейте түсу үшін қолданылып тұр).

Етістіктің шақ категориясы. Етістіктің шақтары ашық рай негізінде жасалады да, шақтық мағына жоғарыда көрсетілген етістік категорияларының (есімше, көсемше) жұрнақтары арқылы беріледі.

О с ы ш а қ т ы ң е к і т ү р і д е (н а қ о с ы ш а қ , а у ы с п а л ы о с ы ш а қ) к ө с е м ш е н і ң **-ып//іп, -а//е, -й** жұрнақтары арқылы беріледі. Ауыспалы осы шақтың мағынасын беру үшін сирек те болса **-адыр//едір, -ыдыр//ідір** және **-айор//ейор, -йор//йөр, -йыр//йір** формалары қолданылады. Бұлар о бастағы *йүрер* (жүрер) тұлғасынан қысқарып барып қалыптасқан: *келейүрер — келйүр — келйөр* (келер).

Ө т к е н ш а қ т ы ң б і р т ү р і (ж е д е л ө т к е н ш а қ) **-ды//ді** жұрнағы мен жіктік жалғауларының тіркесі арқылы беріледі де, екінші түрі (бұрынғы өткен шақ) есімшенің **-ған//ген, -қан//кен, -мыш//міш,** көсемшенің **-ып//іп** жұрнақтарының қатысымен жасалады.

К е л е р ш а қ т ы ң б е с т ү р і б а р : 1) а у ы с п а л ы к е л е р ш а қ к ө с е м ш е н і ң **-а//е, -й,** 2) б о л ж а л д ы к е л е р ш а қ к ө с е м ш е н і ң **-р, -ар//ер,** 3) с е н і м д і к е л е р ш а қ е с і м ш е н і ң **-ғалы//гелі, -қалы//келі, -ачақ//ечек,** 4) м а қ с а т т ы к е л е р ш а қ к ө с е м ш е н і ң **-мақ//мек, -ғалы//гелі** және 5) м е р з і м д і к е л е р ш а қ к ө с е м ш е н і ң **-ғач//геч, -ғалы//гелі, -қалы//келі, -гынча//гінче, -қач//кеч, -қынча//кінче** қосымшалары арқылы беріледі. Сонда, шақ категориясының тұлғалы көрінісі мынадай кестеден айқынырақ білінеді. (249-беттегі таблица).

Етістіктің жақ категориясы басқа түрлі категориялармен (есімше, көсемше, шақ) тығыз байланысты болғандықтан, жіктік жалғауларын біз солармен бірге қараймыз.

Ж е д е л ө т к е н ш а қ т ұ л ғ а с ы н д а т ұ р ғ а н е т і с т і к ү ш ж а қ қ а б ы л а й ж і к т е л е д і . (250-беттегі таблица).

Мысалдар: *ешіттім* (есіттім), *ешіттің, ешітті, ешіттік, ешіттіңіз, ешіттілер.*

Шақтар	Мағыналары	Форманттары	Категориялары
Осы шақ 1	ауыспалы осы шақ	-а//е, -й, -р, -ар//ер, -ур//үр, -ыр//ір, -адыр//едір,	көсемше, көсемше мен жіктік жалғауы
2	нақ осы шақ	-ыдыр//ідір, -айор//ейөр, -йор//юөр, -йыр//йір: -а//е, -й	
Өткен шақ 1	бұрын өткен шақ	-ған//ген, -мыш//міш	есімше
шақ 2	жедел өткен шақ	-ып//іп	көсемше
Келер шақ 1	ауыспалы келер шақ	-а//е, -й	көсемше
2	болжалды келер шақ	-р, -ар//ер	көсемше
3	сенімді келер шақ	-ғалы//гелі, -қалы//келі, -асы//есі, -ақақ//екек.	есімше
4	мақсатты келер шақ	-ғалы//гелі, -қалы//келі, -мақ//мек	есімше, қимыл есімдері
5	мерзімді келер шақ	-ғалы//гелі, -ғач//геч, -ғынча//гінче, -қалы//келі, -қач//кеч, -қынча//кінче	есімше

Кейбір жұрнақтар бір емес, бірнеше мағына беріп, әр түрлі шақта қолданылады:

-а//е, -й	ауыспалы осы шақ нақ осы шақ ауыспалы келер шақ	көсемше
-ғалы//гелі -қалы//келі	сенімді келер шақ мақсатты келер шақ мерзімді келер шақ	есімше
-р, -ар//ер -ур//үр -ыр//ір	ауыспалы осы шақ болжалды келер шақ	көсемше

Бірінші жақтың х фонемасымен айтылатын варианты армян колониясының тіліне тән: атландым (аттандым), атландың, атланды, атландых, атландыңыз, атландылар. Екінші жақтағы

Жақ	Жеке ше	Көпше
I	-тум//түм, -тым//тім, -дум// //дүм, дым//дім	-туқ//түк, -тық//тік, -дых//діх, -дуқ//дүк, -дық//дік, -дығ//діг,
II	-туң//түң, -тың//тің, дуң//дүң, -дың//дің, -дығ//діг	-тыңыз//тіңіз, -дыңыз//діңіз, -дығыз//дігіз
III	-ту//тү, -ты//ті, -ду//дү, -ды//ді	-ты//ті, -тылар//тілер, -ды//ді, -дылар//ділер

-дығ//діг, -дығыз//дігіз варианттары — мамлюк қыпшақтарының тілінен байқалатын құбылыс: *чыздым, чыздығ* (жаздық), *чыздың, чыздығыз* (жаздыңыз). Осындағы **ң** дыбысы мамлюк қыпшақтарының ішінде **н**-мен алмасып та айтылады: *-дун//дүн; -дын//дін* — *чизын* (жаз, жазың), *чизмадын* (жазбадын).

Басқа шақтарға қарағанда жедел өткен шақта жіктік жалғаулары көмекші етістікке емес, негізгі етістікке жалғанады: *ешіттүм еді, ешіттүң еді, ешітту еді, ешіттүк еді, ешіттүңүз еді, ешіттүлер еді*. Көмекші етістік әдетте жалғаусыз тұрады.

Бұрынғы өткен шақ тұлғасында тұрған етістіктің жіктелу үлгісі:

Жақ	Жеке ше	Көпше
I	-мен	-біз
II	-сен	-сіз
III	—	-лер

Мысалы: *ешіткенмен, ешіткенсен, ешіткен, ешіткенбіз, ешіткенсіз, ешіткенлер* (түбірі *ешіткен, есіткен*).

Көсемшенің **-ып//іп** формасынан кейін келетін көмекші етістік жіктеліп нақ осы шақ жасайды.

Жақ	Жеке ше	Көпше
I	-мен	-біз
II	-сен	-сіз
III	-тыр//тір, -тур//түр, -дыр//дір, -дур//дүр	-тур

Мысалы: *келіп турмен, келіп тұрсен, келіп тур, келіп турбіз, келіп тұрсыз, келіп тұр.*

Ауыспалы осы шақтың формасында тұрған етістіктің жіктелу үлгісі де осындай.

Болжалды келер шақ тұлғасында тұрған жалаң етістіктің жіктелу үлгісі.

Жақ	Жекеше	Көпше
I	-мен	-біз
II	-сен	-сіз
III	-ол (өте сирек)	-лер

Болжалды келер шақ формасында тұрған негізгі түбір етістікке жіктік жалғаулары тікелей жалғанады: *ешітурмен, ешітурсен, ешітур* (жіктік жалғауы жоқ), *ешітурбіз, ешітурсіз, ешітурлер*. Үшінші жақтың жекеше түріндегі жіктік жалғауы өте сирек болса да, бірлі-жарым мысалдар құрамында кездесіп қалады: *сөвермен, сөверсен, сөверол*.

Болжалды келер шақ тұлғасында тұрған күрделі етістіктің жіктелу үлгісі:

Жақ	Жекеше	Көпше
I	-едім	-едүк
II	-едің	-едіңіз
III	-еді	-еді

Болжалды келер шақ формасында тұрған туынды түбір етістік пен *е* көмекші етістігі тіркесіп, көмекші етістікке жіктік жалғауы жалғанады. III жақтың көптік жалғауы негізгі етістікке жалғанады. II жақтың көптік жалғауы I жақтың жіктік жалғауынан кейін үстеліп жалғанады да, I жақтың көптік тұлғасы түбірдің өзіне қосылады: *ешітур едім, ешітур едің, ешітур еді, ешітур едүк, ешітур едіңіз, ешітурлер еді*.

Қыпшақ тіліндегі болжалды келер шақтың жалаң түрі орыс тіліндегі «совершенный вид» деген грамматикалық сипатқа, күрделі түрі «несовершенный вид» деген сипатқа сәйкес келетін тәрізді. Қазіргі қазақ тілі грамматикаларында бұл категориялар «аяқталған сипат» және «созылыңқы сипат» деп аталып жүр.

Келер шақтың басқа түрлерінің жіктелуіне келсек, ауыспалы келер шақ осы шақ сияқты да, мақсатты келер шақ жедел өткен шақ немесе қимыл есімдері сияқты. Олардың арнаулы жіктік жалғаулары болмайды.

Жедел өткен шақ тұлғасында тұрып жіктелген негізгі етістік пен шартты рай тұлғасында тұрған е көмекші етістігінің тіркесі шартты райдың күрделі формасын жасайды: *ешіттім есе, ешіт-тің есе, ешітті есе, ешіттім ерсе, ешіттің ерсе, ешітті ерсе, ешіттік ерсе, ешіттің ерсе, ешіттілер ерсе.*

Шартты рай тұлғасынан кейін жалғанатын жіктік жалғаулары мынадай (мамлюк қыпшақтарының тілінде):

Жақ	Жекеше	Көпше
I	-м	-қ//-к
II	-ң	-ңыз//-ңыз, -ғыз//-ғыз
III	—	—

Мысалы: *ешітсем, ешітсең, ешітсе, ешітсек, ешітсеңіз, ешітсе, ешітселер* (соңғы форма өте сирек кездеседі).

Қалау рай тұлғасындағы жалаң етістіктің жіктелу үлгісі.

Жақ	Жекеше	Көпше
I	-мен	-біз
II	-сен	-сіз
III		-лер

Жіктік жалғаулары қалау райдағы туынды түбір етістікке тікелей жалғанады: *ешіткеймен, ешіткейсен, ешіткей, ешіткейбіз, ешіткейсіз, ешіткейлер.*

Қалау рай тұлғасындағы күрделі етістіктің жіктелу үлгісі.

Жақ	Жекеше	Көпше
I	-кей едім	-кей едік
II	-кей едің	-кей едіңіз
III	-кей еді	-кей еді.

Негізгі етістік қалау рай тұлғасынан айнамай сол күйінде қалады да, жіктік жалғаулары көмекші етістікке жалғанады: *ешіткей едім, ешіткей едің, ешіткей еді, ешіткей едік, ешіткей едіңіз, ешіткей еді* (соңғы сөз *еділер* болуға тиісті еді, бірақ «Кодексте» *ешіткей еді* болып жазылған). Етістік құрамы бұдан әрі күрделене түскенмен осы ізбен жіктеледі: *Кешке ешітміш болғай*

едім. Кешке ешітміш болғай еді. Кешке ешітміш болғай едік. Кешке ешітміш болғай едіңіз. Кешке ешітміш болғай еділер. Мысалдағы *кешке* сөзі — қалау рай мағынасын үстемелеп, күшейте түсу үшін қолданылып тұрған шылау.

Үстеу

Үстеу, шығу тегі жағынан алып қарағанда, басқа сөз таптарынан келіп шыққан грамматикалық категория. Сөздер мен сөз тіркестері өзінің ұзақ тарихи қолданылу процесінде алғашқы мән-ерекшеліктерін жойып, бірте-бірте «көнереді» де, үстеулерге келіп қосылады. Өзінің тура мағынасынан ажырап, абстракцияланып кеткен қосымшалар да кіріккен түбірлерімен бір бүтін тұлға болып, үстеу категориясына өтіп отырады. Сондықтан да олардың сөйлемдер мен сөз тіркестерінің құрамындағы орны да, тұлғасы да тиянақты, берік болады. Әрине, өзінің о бастағы лексика-семантикалық қасиетімен үстеу сөз табына жататын сөздер де жоқ емес. Бірақ оларды белгілі сөздер тіркесінде, белгілі бір сөздердің қоршауында тұрғанда ғана ажыратуға болады.

Осы айтылғандардан-ақ үстеулердің жаңадан жасалмайтынын, ұйткені олардың өзіндік тұлғалық көрсеткіші болмайтынын, басқа сөз таптарының құрамында тұрып тұлғаланған сөздер сол грамматикалық дайын тұлғасымен үстеуге айналатынын байқауға болады. Сондықтан да үстеу сөздер морфологиялық көрсеткіштеріне қарап емес, мағыналық ерекшеліктеріне қарай жіктеледі. Үстеулер мағынасына қарай өз ішінен бірнешеге бөлінеді.

1) Мезгіл үстеулерінің негізгі түбірден тұратындары *авал* (әуел), *таң* (тан), *кече* (кеш), *ақшам* (ақшам) сияқты лексикалық мағынасы уақыт мерзімін білдіретін сөздер болып келеді.

Туынды түбір үстеулер мынадай тұлғаларда тұрады:
-ы//і: *һалы* (қазір — араб тіліндегі жай-күйді білдіретін *һал* сөзінен алынған), *авалы* (әуелі, түбірі — арабтың *авал* деген сөзі).

-ык//ік: *ілік* (ілкі, әуелгі).

-ды//ді: *енді*, *емді* (енді).

-ла//ле: *түнле* (түнделете), *таңла* (таңдата), *бірле* (бірлеп).

-лук//лүк: *түслик* (түсте, түстік, түстелете).

-ду//дү: *екіндү* (екінді).

-н, -ын//ін, -ун//үн: *екін* (екіншілей), *йайын* (жазын), *ансызын* (аңсызда), *күзүн* (күзін), *бурун* (бұрын).

Мұндай өлі аффикстердің фонетикалық бірнеше варианттары болуы мүмкін. Мысалы -ы//і, —у//ү; -ык//ік—уқ//үк; -ды//ді—ду//дү; -лук//лүк—лык//лік; -тук//түк,—тық//тік; -дук//дүк—дык//дік т. т.

Септік жалғауларымен бірігіп кеткен кейбір түбір сөздер де

мезгіл үстеулерінің мағынасын бере алады: *қанда* (қайда), *таңда* (таңда), *келгенден* (келгеннен), *кінде* (екінді), *соңра* (соңра), *соңырасында* (соңырасында), *анда* (сонда), *бій тұрғанда* *турармен* (би тұрғанда мен де тұрармын), *біредде* (бір кезде), *андан* (содан), *көптен* (көптен).

Есімшенің *-ғач// -геч*, *-қаш// -кеш*, *-ғынча// -гінче*, *-қынча// -кінче*, *-ғанча// -генче*, *-қанча// -кенче*, *-ғалы// -гелі*, *-қалы// -келі* формасында тұрған сөздер де мезгіл үстеулерінің қызметін атқарады: *алғач* (алған соң), *ол келгелі* (ол келгелі), *айтқынча* (айтқанша), *сен сөзгенче* (сен сүйгенше), *сен тілегенче* (сен тілегенше), *мен қарақчы сен көк ханы егеч мен йаманлы сен айыпсыз егеч елтір сен хачымны* (мен — қарақшы, сен — тәңрі болған соң, мен — жаман, сен — айыпсыз болған соң, алып кет, кресімді, яғни жуып кет менің күнәмді).

-ча// -че өнімді жұрнағы жалғанған сөздер: *Нечік йара йақшы болмаз ічінден темері чықмайынча алай йазуқлы жан сав болмаз арынмаз йазуқы чықмайынча* (ішінен өзегі шықпайынша жараның жақсы болмайтыны сияқты жазығын жумай тұрып жан да сау болмас, таза болмас).

Мезгіл үстеулерінің мағынасын беретін біріккен сөздер: *күндүз* (күндіз), *букүн* (бүгін), *түнекүн* (түнеугүні); кос сөздер: *күнде-күнде* (күнде-күнде); сөз тіркестері: *бір неше күн* (бір неше күн), *бір йолы* (бір жолы).

2) Мекен үстеулерінің тобын құрайтын сөздердің барлығы дерлік септік жалғауларының өнімді және өнімсіз формаларымен кірігіп, бір тұлғаға айналып кеткендер. Жатыс септігінде: *қанда* (қайда), *мунда* (мұнда), *бушанда* (бұл уақытта), *анда* (анада). Барыс септігінде: *қару* (қайда), *аңғару* (оған), *атқару* (артқа), *ілгеру* (ілгеру), *йоғары*, *йоқары* (жоғары), *ічкері* (ішкері), *чыхары* (тысқары), *ташқары* (тысқары), *ашаға* (төмен).

3) Мөлшер үстеулеріне жататын негізгі түбір: *тек* (тек), *аз* (аз), *көп* (көп), *тағ* (тақ), *жуфт* (жұп), *бучуқ* (бөлік) сияқты сөздер. Туынды түбір мөлшер үстеулері: *йалғыз* (түбірі — *йал*, жалғыз), *тақар* (түбірі — *тақ*, жалғыз), *артық* (түбірі — *арт*, артық), *йана* (түбірі — *йан*, және) тәрізділер.

Мынадай жұрнақтармен бірігіп қалыптасқан сөздер де мөлшер үстеулерінің қатарына жатады:

-ар// -ер: *біред* (біред). *-ғына// -гіне*: *анчағына* (сонша ғана), *бейгіне* (би ғана), *хаңғына* (хан ғана), *чандырғына* (шандыр ғана).

-рак// -рек: *азрақ* (азырақ), *йақшырақ* (жақсырақ), *қаттырақ* (қаттырақ), *чаклайрақ* (шақтау).

-ча// -че: *анча* (сонша).

-чы// -чі: *болмачы* (болмашы).

-чак// -чек: *анчак* (сонша).

Сөз тіркестері: *бір анча* (бір қатары), *біраз* (біраз).

Мамлюк қыпшақтарының тілінде мынадай тіркестер бар: *бір марта* (бір рет), *іккі марта* (екі рет), *үч марта* (үш рет), *төрт марта* (төрт рет), *бірле* (бір-бірлеп), *іккіле* (екі-екілеп), *үчле* (үш-үштеп), *дөртле* (төрт-төртеп), *ікі хисса* (екі бөлек), *үч хисса* (үш бөлек), *төрт хисса* (төрт бөлек), *бір қабат* (бір рет), *іккі қабат* (екі рет), *үч қабат* (үш рет), *төрт қабат* (төрт рет), *бір қат* (бір қатар), *іккі қат* (екі қатар).

4) Бейне үстеулеріне мынадай сөздер тән:

Септік тұлғасында тұрған сөздер: *бірден* (бірден), *біргесіне* (біргесіне), *башқа* (басқа).

Көсемше тұлғасында келетін сөздер: **а//е:** *ача* (аша), *ерте* (ерте), *чевре* (дөңгелене), *көре* (қарай), *өте* (өте), *қайра* (қайыра), *түйіре* (тигізе), *тойдыра* (тойдыра), *тувра* (тура), *йавдура* (жаудыра), *йенле* (жеңілдете). **-п, -ып//іп:** *беркелеп* (беріктеп), *інчкелеп* (жіңішкелеп), *кертілеп* (шындап), *қатырап* (қалтырап), *теркелеп* (тездеп), *ағырлап* (күрметтеп). **-й:** *бузовлей* (бұзау сияқты болып), *күгүрчінлей* (көгершін сияқты болып), *күшмлей* (күміс сияқты болып), *өтмеклей* (нан сияқты болып), *куртлей* (құрт сияқты болып), *сөзлей* (сөз сияқты болып), *тілей* (тілей), *ачмай* (ашпай), *йұқтурмай* (жұқтырмай), *төзмей* (төзбей), *ермей* (болмай).

Әрқилы жұрнақтармен тұлғаланып тұрған сөздер: **-ы//і:** *айры* (айрықша), *овдары* (шалкасынан), *қаршы* (қарсы), *қайры* (қайра), *йақшы* (жақсы), осман түріктерінің тілінде *йақыш* (жағатын, жақсы нәрсе), *йашыры* (жасырын). Мекен үстеулерінің қатарына еніп кеткен (барыс септігінің рудимент формасы арқылы жасалған) сөздердің соңындағы **-ы//і** көрсеткішін де осы топқа жатқызуға болады: *ташқары* (тысқары), *йоқары* (жоғары) т. т.

-у//ү: *утру* (қарсы): *утру кел* (қарсы кел), *утру бейін* (қарсы биле), *утру йолух* (қарсы жолық).

-н, -ын//ін, -ун//үн: *армайн* (арымай), *білмейн* (білмей), *йетмейін* (жетпей), *йамғурлейін* (жанбыр сияқты болып), *йавлейін* (май сияқты болып), *ақрын* (ақрын), *арқун* (ақрын), *оврун* (жасырын).

-ан//ен: төбен (төмен).

-ла//ле: *курла* (рет), *овурла* (жасырын, ұрлықы), *йаңына* (жаңадан).

-лай//лей: *алай* (солай), *булай* (былай).

-лайса//лейсе: *алайса* (солайша). *Бұла* — *лайча* деген форманың мамлюк қыпшақтарының тілінде қолданылатын бір диалектілік варианты.

-сыз//сіз: *ансызын* (ансыздан).

-дай//дей: *Мунындай таңыш кім көрді?* (Мұндай таң-тамашаны кім көрген?)

-ча//че: *терче* (тездеп), *аргынча йүрүрмен* (артын ала жүрермін), *келіңіз терче менім артунча* (келіңіз тездеп менің артым-

ша), *өзгече* (өзгеше), *бігулер айтқанча* (кітаптардың айтуы бойынша), *азам йолунча* (адамның жолы бойынша), *бітік тілінче* (кітаптың тілінше), *татарча* (татарша), *тілегенче* (тілегенше), *анча кім* (осылайша).

Үстеу сөздердің құрамында өте сирек кездесетін тұлғалар. -к: *нек* (қалайша), -еу: *бігеу* (қалайша, түбірі — *бірегу*), *қықан: ортақықан* (орталай).

Қос сөздер: *Күле-күле келді* (күле-күле келді), *йылай-йылай кетті* (жылай-жылай кетті), *күнде-күнде* (күнде-күнде).
Күрделі үстеулер: *не түрлү* (осылайша).

5) Күшейту үстеулерінің қатарына *астру*, *астры*, *асру* (өте, тым); *ең*, *ен*, *ем* (ең), *іңен* (өте), *һеч*, *еи* (еш) сөздері мен тіркесе алатын сөздер жатады: *ен бурун*, *ем бурун* (ең бұрын), *көркі іңен тур найбатлы* (көркі ең әйбат, ең жақсы), *йегіт дағы астры көркілі кіші* (жігіт тағы өте көрікті кісі), *астры йаман сасыр* (өте жаман сасыр), *астру улы йазуқлу турмен* (өте үлкен жазықтымын), *астру қара* (тым қара), *астру татлы* (өте тәтті), *асру тілермен* (көп тілермін), *асру сөзлермен* (көп сөйлермін), *ең төбенгісі* (ең төменгісі), *һеч түгенмез* (еш төгесілмес), *ер йүзіні һеч көрмеген* (ердің жүзін ешбір көрмеген).

Қос сөзді күшейткіш үстеулер: *көс-көнү* (әп-әділ), *чөп-чөвре* (дөп-дөңгелек).

6) Мақсат үстеулері. Барыс септігінде тұрып қалыптасып кеткен сөздер мақсат үстеулерінің мағынасын береді. Барыс септік жалғаулары ондай жағдайда көбінесе қимыл етістіктерімен тіркесіп келеді: *Келдік ол ханға тейзмее* (келдік ол ханға құрметтеуге), *Бізні тіргізмекге өлді* (бізді тірілту үшін өлді), *тілермен сізге бір аз теңері сөз айтмаға* (тілермін сізге біраз тәңірінің сөзін айтуға). Сондай-ақ мақсат үстеулері қимыл есімдерінің үшін шылауымен тіркесіп келуі арқылы да жасалады: *қорқутмақ үшін* (қорқыту үшін).

7) Себеп-салдар үстеулері. Шығыс септігінде тұрып қалыптасып кеткен сөздер іс-әрекеттің орындалу себебін білдіріп, себеп-салдар үстеулерін жасайды: *Менім йаман сөзімден йазық еттім* (мен жаман сөзімнен жазықты болдым), *Сөмекдін есірдің* (еркелеткеннен есірдің, яғни жынды болдың).

Ретіне қарай шартты рай тұлғасында тұрған сөз де іс-әрекеттің орындалу себебін көрсете алады: *Бій тұрса турармен* (би тұрса мен де тұрармын), *Бій тұрдыса құлы турмушдыр*, *бій тұрмаса құлы тұрмас* (Қожайын тұрса құлы да тұрады, кожайын тұрмаса құлы да тұрмайды).

Түбір мен шылаулардың тіркесінен де себеп үстеулері жасалады: *ол бөрчдан утру* (ол борышты болғандықтан).

8) Топтау үстеулеріне мына төмендегі аффикстер арқылы жасалған сан есімдер жатады:

-ав// -ев, -ов// -өв: *бірев* (біреу), *иккев* (екеу), *учев* (үшеу), *дөртев* (төртеу), *үчөв* (үшеу).

-лы//лі: *бірлі* (бірлі), *иккілі* (екілі, екеуі бар), *үчлі* (үшті, үшеуі бар), *дөртлі* (төртті, төртеуі бар).

-лық//лік: *бірлік* (бірлік, бір топтап), *иккілік* (екілік, екі топтап), *үчлік* (үштік, үш топтап), *дөртлік* (төрттік, төрт топтап).

-ар//ер: *біреп* (біреп), *үчер* (үш топ), *дөртер* (төрт топ), *бешер* (бес топ), *тағар* не *тегер* (тақ-тақтан).

-шар//шер: *әкішер* (екі топ), *алты шер* (алты топ), *йедішер* (жеті топ). Дауысты дыбыстарға аяқталған сөзден соң **-шар//шер** варианты, дауыссыз дыбыстан кейін **-ар//ер** варианты жалғанады. Демек, бұл екеуі бір жұрнақтың екі түрлі фонетикалық варианттары болып саналады.

-та: *бірта* (бір данадан), *икіта* (екі данадан), *үчта* (үш данадан), *дөртта* (төрт данадан). Қыпшақ тілінің ескерткіштерінде бұл жұрнақтың жіңішке варианты кездеспейді.

Сан есімнен жасалған қос сөздер: *бітта-бітта* (бір-бірлеп), *біреп-біреп* (бір-бірлеп), *үчер-үчер* (үшеу-үшеулеп), *бешер-бешер* (бесеу-бесеулеп).

Шылау сөздер

Қыпшақ тіліндегі шылау сөздерді де қазақ грамматикаларының ізімен төмендегідей үш топқа бөліп қарауға болады:

1) Септеуліктер. Септеулік шылауларды қай септікте тұрған сөздерді меңгеретін қабілетіне қарай былайша жіктеп қарастыруға болады. Атау септігімен тіркесіп келетін шылаулар: *үчүн* (үшін): *не үчүн?* (не үшін?), *адам йазухы үчүн* (адам жазығы үшін), *біз азамлар үчүн, дағын бізім оңымыз үчүн* (біз адамдар үшін, тағы біздің оң ісіміз үшін), *кенсі жаны үчүн* (өз жаны үшін). *Үчүн* шылауын Фон Габэн *үч//уч* (үш, бір нәрсенің ұшы) деген түбірдің негізінде пайда болған дейді. Ал А. Н. Кононов оның теңін *үш* (себеп) деген көне түбірге апарып тірейді.

ашыра (көмек, жәрдем, арқылы): *Барышдых йахшы кішілер ашыра* (Біз бардық жақсы кісілер жәрдемімен).

біле//білен, бірле//бірлен (қазақ тіліндегі көмектес септігінің орнына жүретін шылау сөз): *еркі біле* (еркімен), *көңлүңүз біле* (көңліңізбен), *бой біле* (боймен), *таш біле ташлап өлдүрділер* (таспен ұрып өлтірді), *йол біле бар* (жолмен бар), *толмач біле йазухун айтмаға* (тілмаш арқылы жазығын айтуға), *Христус біле* (Христоспен), *не біле?* (немен?).

қурла — бір нәрсенің сан мөлшеріне байланысты сөздің мағынасын тиянақтап тұратын шылау сөз: *мің қурла* (мың құралпы мыңға тарта).

қылы — негізгі сөз арқылы айтылып тұрған оның белгілі бір қасиет-сапаны айшықтай, бекемдей түсетін сөз: *жаның андан тынды толу қылы* (жаның сонда тынды, толды), *йақшы қылы* (жақсы), *орта қылы* (орта).

анды шылауы «осындай, осы тәрізді» деген мағына береді: *Барму анды қын нечік менім қыным?* (Бар ма осындай қинаушылық, менің қиналғанымдай?), *Теңері маңа берсін анды көңұл кім мен терче дағы йақшы тіл үренгеймен* (Тәңірі маған берсін осындай көңіл, сонда мен тілді әрі тез, әрі жақсы үйреніп шығамын), *Ол толмач анды борчлудур ол йазухны йашырма нечік ата* (Ол тілмаш сондай борышты, енді ол жазықты жасыра алмайды жаратушы сияқты).

дек шылауы қазақ тіліндегі сияқты сөзінің мағынасын білдіреді: *таразу дек* (таразы сияқты). Бұл сөздің көне формасы **-дағ//дег** кейбір түркі тілдеріндегі (соның ішінде қыпшақ тілі де бар) **-дай//дей** жұрнағының жасалуына негіз болған сияқты.

өзе қазақ тіліндегі арқылы септеулігінің орнына жүреді: *күсенч өзе* (мақсат арқылы), *йулунғарлар хач өзе* (крест арқылы құтылғандар, яғни креске табыну арқылы күнәдан пәк болғандар).

Ілік септігін меңгеретін шылау сөздер. **Үчүн** септеулігі ілік септігіндегі жіктеу есімдіктерін ғана меңгереді: *аның үчүн* (оның үшін), *менім үчүн* (менің үшін), *бізім үчүн* (бізін үшін).

біле шылауы да сол сияқты: *менім біле* (менімен), *сенің біле* (сеніңмен), *аның біле* немесе *анығ білен* (оныңмен), *бізім біле* (бізңмен).

кібі//кібік (сияқты, тәрізді, сықылды, секілді): *тоңуз кібі* (доңыз сияқты), *севгіз сенің қарындашың сенің кібі* (өзің сияқты өз туысқандарыңды сүй), *оның кібі* (соның сияқты), *муның кібі* (мұның сияқты), *муның кібік сөзлер* (мұның сияқты сөздер).

Барыс септігін меңгеретін шылау сөздер: **дегрі//дейрі** (дейін): *Иеросолімға дегрі барды* (Иерусалимге дейін барды), *көпке дейірі* (көпке дейін), *табанындан тебесіне дегрі* (Табанынан төбесіне дейін).

дегін//дейін//дйін (дейін): *батышдағы кірівге дейін* (батыстағы кіруге дейін, яғни батыстағы күн ұясына кіретін жерге дейін, күнбатысқа дейін); *Төзгейсен Аксентге дейін* (Төзгейсін Аксентке күніне дейін). Мамлюк қыпшақтарының тілінде **дегінче** формасы да жұмсалады. Шылаудың ескі түбірі, А. Н. Кононовтың айтуына қарағанда, **тег** (ти, жет) деген етістік болып саналады. Салыстырыңыз: қыпшақ тілінде *тегді* (тиді, жетті), *тейдін* (жеттің), *тейішкіл* (жет).

дыра//діра (дейін): *алты һафтаға дыра* (алты аптаға дейін).

утру//урту (қарсы): *Ол душманларына утру барды* (Ол дұшпандарына қарсы барды), *Аңа утру йолух* (оған қарсы жолық).

көре (қарай): *атыңа көре* (атына қарай), *рахымыңа көре* (рақымыңа қарай), *теңрінің йарыхлығына көре* (тәңірінің нұрлы жүзділігіне қарай), *аның көп холтхасына көре* (оның көп қолқасына қарай).

анча//енче, ғанча//генче (дейін): *Ілов йармарқына анча*

(Львов жәрменкесіне дейін), үч күн генче (үш күнге дейін), *ысватый Петрге анча* (әулие Петр күніне дейін), *йехнаш күнге анча* (дүйсенбі күнге дейін). Бұл септеулік армян колониясының тілінде кездеседі.

Шығыс септігін меңгеретін шылау сөздері: **ары** (әрі): *емдіден ары* (қазірден кейін, бұдан былай). **бері** (бері): *Ол келгенден бері* (Ол келгеннен бері), **улам** (арқылы): *Андан улам бар барча болған турур* (Соның жәрдемімен дүниедегі бар, барша нәрсе жаралған), *Ары тындан улам ердең ана Мариамдан тен кіші болуп турур* — Әулие атаның жәрдемімен Мариам анадан тән алып (яғни жаратылып), кісі (адам) болды. *Бүгүлерден улам ол сөзлеп турур* (Пайғамбарлардың жәрдемімен ол сөйлеп тұр), *Ары тын еркінден улам ары қыз Мариамдан бой йаратуп кенсіне* (Әулие әке күшінің жәрдемімен әулие қыз Мариамнан туып...).

соңра (соң): *Андан соңра бір келепен кіші келді* (Одан соң бір алапас кісі келді).

бурун (бұрын): *Күн тувмаздан бурун* (Күн шықпастан бұрын), *Барча заманлардан бурун* (Барша замандардан бұрын);

башка (басқа): *Кім ансызын келсе біздім йыхөвге улы күнден башқа* (кім андаусызда келсе біздің шіркеуге Ұлы күннен басқа күндері...), *Теңірінің сөзмекінден башқа не кім йол бар?* (Тәңірдің сүйгенінен басқа не жол бар?), *Барчамыз да андан башқа тейшлі едік тас болмаға* (Баршамыз да одан басқа жоқ болып кетуге тиісті едік).

утру: *Ол борчдан утру* (Ол борышты болғандықтан). Септеуліктің мұндай мағынада қолданылуын армян колониясының тілінде кездестіруге болады.

Ешқандай септікті меңгермей-ақ, тек қатыстық мағына беретін деп (деп, түбірі — *де*) деген шылау сөз бар: *Еркли Христусны өвелі қыз анадан деп төреді* (Әулне анадан жаралды деп күдіретті Христосты сүйейік), *Теңрі сені сойурғады овлума бол деп анасы* (Тәңрі сені жарылқады ұлыма ана бол деп), *йалбарыңыз дағы бір бейміз Иесус Христусға теңрінің йалғуз туған овлу деп* (Жалбарыныңыз тағы биіміз Иисус Христосқа тәңірінің жалғыз туған ұлы деп).

Осы аталған септеуліктерді үстемелейтін мағыналары жағынан, шартты түрде болса да, мынадай бес түрге бөлуге болады:

а) Мезгіл-мекен мағынасын беретіндер: *дегрі, дегін, дыра, утру, анча, ары, бері, бурын, соңра.*

ә) Амал-әрекет мағынасын беру үшін жұмсалатын септеуліктер: *ашыра, біле, қурла, қылы, аңды, өзе, көре, улам.*

б) Мақсат мағыналы септеуліктер: *үчүн.*

в) Қатыстық мағынаны білдіретін септеуліктер: *деп.*

г) Тенеу-талғау мағыналы септеуліктер: *дек, кібі, башқа.*

2) Ж а л ғ а у л ы қ т а р. Қыпшақ тілінде бір ғана дағын (қазақша *тағын*) жалғаулығының өзі үш түрлі фонетикалық түл-

ғада қолданылады: *дағын//дағы//да*. Бірінші вариантына мысал: *Ачтың көкні дағын ендердің құтқардачымыз Иесусны* (Көкті аштың да төмен түсіндің құтқарушымыз Иесусты), *Бурулуп тұрған йыланны басып йанчты дағын өлтүрді* (Бұрылып тұрған жыланды басып жанышты да өлтірді). *Қолдарың, авзың дағын сағынчың* (Қолдарың, аузың және ойың).

дағы (тағы) формасына мысал: *Бізім йазуқумуз бошатма дағы барча йамандан арытма* (Біздің жазығымызды кешірма және барша жаманнан арылтпа), *Жуһутлар аны тұттылар дағы бағладылар дағы йаңақына бойуна урдылар* (Еврейлер оны ұстап алды да, байлап тастап жағына, мойнына ұрды), *Қорхса дағы сағышласа* (қорықса және ойласа...), *Ары дағы алғышлы ары Пертус Паулусға дағы барча арыларға* (Әулие, оның үстіне алғысты әулие Пертус, Паулуске және барша әулиелерге...), *чүпреке чулғанмыш дағы біченлікке қойулмыш* (шүберекке оралып, пішендікке қойылған).

да//де (қазақша да осылай) формасына мысал: *Танығыз да көруңіз* (таныңыз да көріңіз), *Ол сөзні айтты да жанын теңері еліне берді* (Ол сөзді айтты да, жанын тәңірдің қолына берді), *Мен чөпледіме де йана аңар бердім* (Мен жинап алдым да, қайтадан оған бердім). Бұл жалғаулықтардың т дыбысымен айтылатын варианттары бар. Бірақ олар өте сирек ұшырайды.

баса (және): *Баса үчүнчи күнде өлүмден қопты* (Және үшінші күні өліп жатқан жерінен түрегеледі).

һам (эм): *Кертегі күндей йарых тур һам ісі* (үйі, үйшігі күндей жарық эм ыссы). *Сөзлегені һам көңүлдегі сағынчы* (сөйлегені эм көңілдегі ойы), *Бахтлы жаның андан тынды толу қылы һам сөвүнді* (Бақытты жаның сонда тынды, толды эм сүйінді).

йа//йе (я, және): *Сөверсен теңірні йе сөвмессен?* (Сүйесің бе сен тәңірді я сүймейсің бе?), *айтып йе беріңіз* (Айтып және беріңіз), *Не возница еді йа аты не еді?* (Ат айдаушы кім еді және оның аты кім еді?).

біле//білен: *не біле?* (немен?), *бой біле* (боймен), *еркі біле* (еркімен), *көңлуңүз біле* (көңліңізбен).

егер, егір (егер): *Егір сенің көңлүң айтса севермен ынанмағыл* (егер сенің көңлүң айтса «сүйермін», оған сенбе), *Аның үчүн йақшы кеңешіңіз көңліңіз біле егір дағы барысы йазуқуңуз айтыңыз йашырмаңыз* (Оның үшін жақсы кеңесіңіз көңліңізбен, сонан кейін бар істеген күнәңізді айтыңыз, жасырмаңыз). Бұл сөздің армян колониясының тілінде *егар* деген варианты да бар: *егар тутунур есең* (егер уәделі сөз берсен...).

чүнки (сондықтан): *чүнки неме біле йох* (Ештеңе жоқ болғандықтан). **ки** (деп): *Взнат етті ки борчлумен* (Айтты «мен борыштымын» деп), *Сказат етті Нурсесге ки толов етгей* (Айтты Нурсеске «төлесей» деп).

хайсы ки: *Ол оғлан хайсы ки аты Қырқор дыр* (Ол баланың аты Қырқор), *Айтты ки хайсы ки зложоны күн дүр ки Задық ант*

ічерсер (Айтты бұл келісілген күн — Задық ант қабылдайтын күн) .

зера (үйткені): *Ғалы болман жувап бермеге зера кійөвүм йагып тыр* (Халім жоқ жауап беруге, үйткені күйеуім жатып қалды, ауырып қалды).

чүнки, ки, хайси ки, зера тұлғалары армян колониясының тілінде айтылады. Ал *һам, егер, ки* тұлғалары иран тілдерінен ауысқан.

Мағыналық жағынан алып қарағанда жоғарыда көрсетілген шылаулардың басым көпшілігі ыңғайластық жалғаулықтары да (**дағын//дағы, да//де, басы, һам, йа//йе, біле**), қалғандары себептік (*зера*), салдарлық (*чүнки, хайсыки, ки*) және шарттық жалғаулықтары болып келеді.

3) Д е м е у л і к т е р. Демеуліктер мағынасына қарай өз ішінен бірнешеге бөлінеді. а) Сұраулық демеуліктер: **ма//ме, му//мү, мы//мі: барму?** (бар ма?), **білірмесен?** (білесің бе?), *Уйуймы дыр ойовмы дыр?* (ұйқыда ма, ояу ма?), *Керек йаров барму?* (Керек-жарақ бар ма?), *Тувраму арқырымү?* (тура ма, қыйсық па?), *йібекму?* (жібек пе?), *тілермесен?* (тілейсің бе?), *анчамы көп?* (сонша көп пе?), *кіремі?* (кіре ме?).

ә) Тежеу мағынасын беретін демеуліктер: **ғына//гіне: анча ғына** (сонша ғана), *чандырғына* (шандырғана), *бейгінем* (би ғанам, би ганәм).

тек: тек тур (тек қана тұр).

б) Қарсылықты мағына беретін демеуліктер. девұл: *Таңда девұл бірісі күн* (Ертең емес бірсі күні), *Тым урухларың муқтач девұл бу дүниенің өтмекіне* (Әулие тұқымдарың мұқтаж емес бұл дүниенің тамағына, дәлірек айтқанда, бұл дүниенің панына).

в) Модальдық мағына беретін демеуліктер: *егеч* (екеш, түбірі е көмекші етістігі): *Көну егеч оғлуң өлді* (Әділдік екеш ұлыс да өлді ғой), *Көтүрді қыз қыз егеч Емануелні* (қыз екеш қыз да көтерді Емануелді).

оқ//ох: аар оқ сіндің (оған сіңіп кеттің), *анлар ох* (олар), *анларны ох* (оларды), *анда ох* (сонда, сол кезде), *алай ох* (солай). **Нек?** (неге?) деген сөз құрамындағы **к** дыбысын Фон Габэн осы **оқ//ох** демеулігінің элементі деп қарайды.

Одағай

Қыпшақ тілінің жазба ескерткіштерінде кездесетін одағайлар өте аз. Олар **е!, уай!, о!** сияқты болып келеді де, бір дыбыстан да, бірнеше дыбыстан да, құрала береді, құрылымы жағынан негізгі түбір болып келеді. Мағыналық жағынан алып қарағанда, олар көңіл күйі одағайлары болып саналады. Мысалы, *Е, татлы бейгінем!* (Е, тәтті би ғанам!), *Уай, сен йазулы кіші!* (Ай, сен жазықты кісі!), *О, сіз барыңыз!* (О, сіз барыңыз!).

Одағай сөздерінің басқа түрлері қыпшақ тілінің ескерткіштерінде кездеспейді.

Лексика

Қыпшақ тілі лексикасының құрамы. Қыпшақ тілінің негізгі сөздік қоры жалпы түркі тілдеріне ортақ сөздерден тұрады. Ескі, орта және жаңа түркі дәуірінің тіл фактыларына қарап, бұған көз жеткізу қиын емес.

Қыпшақ тілінің негізгі сөздік қоры, бірінші жағынан, ерте кездегі, X—XI ғасырларға дейінгі, өзінен бұрын жасаған түркі халықтар тілінде жазылып қалған ескерткіштердің лексикасымен де, екінші жағынан, Орта ғасырда жазылған түркі тілдеріндегі жазбалар тілімен де өз ара үйлес келеді. Үшінші жағынан, көне қыпшақ тіліне тән сөздер қазіргі қыпшақ тілдерінде мол сақталған. Рас, туыстас тілдердегі көптеген сөздердің мағынасы жағынан ешбір айырмашылығы болмағанымен, фонетикалық құрылымы жағынан әдәуір өзгерістерге ұшырағандары да болады. Оның үстіне, көне қыпшақ тілінің кейбір элементтері қазіргі қыпшақ тілдерінің бірінде кездеспегенімен, көп жағдайда, екінші бірінде кездесіп отырды. Қыпшақ тілдерінің лексикалық байлығын тарихи тұрғыдан зерттегенде мәселенің бұл жағы есте болғаны жөн.

Қандай да бір тіл болмасын, жалпы туыс тілдер мен жақын туыс тілдерге ортақ болып келетін екі түрлі сөздік қор жинайды. Сонымен бірге ол тілде ешқандай басқа тілдерде кездеспейтін, тек өзіне ғана тән сөздер тобы да болады. Ондай сөздердің арғы шығу тегі тарихи жағынан көмескіленіп, білінбей кетеді немесе сол тілдің өз амал-тәсілі негізінде жасалған жаңа сөздер болады. Ондай сөздер белгілі бір тарихи себептердің ықпалымен басқа туысқан тілдерден қол үзіп қалады. Мысалы, «Түркі — араб сөздігінде» ескі тілдерде де, жаңа тілдерде де кездеспейтін мынадай бір топ сөздер бар: *абру* (ақымақ), *ай* (кескір), *алығ* (қорқақ), *кермен* (қала), *кей* (жақсы), *керүм* (уақыт), *кеңез* (жеңіл), *кірен су* (ауыз су), *көр* (кілем) т. т.

Көне түркі тілдерімен ортақ сөздер

Көне түркі тілдерінде жазылған нұсқалардың тіл ерекшеліктері алуан түрлі. Қазіргі түркі тілдерінің қай тобына болсын тән грамматикалық ерекшеліктер осы көне дүние куәларының бойынан табылады. Ондағы қыпшақ тіліне тән көптеген сөздерді өз алдына саралап бөліп алу қиын емес. Сонымен бірге қыпшақ тілінде оңтүстік не оғыз тілдерінің элементтері де кездесетіні туралы осыған дейін де айтылды. Мысалы, армян колониясының тілінде *бен* (мен), *гөз* (көз), *гөгерт* (көгерт), *гитир* (келтір), *гүнеш* (күнес), *дөртүнчі* (төртінші) сияқты оңтүстік тілдерінен (анатолій түріктері, гагауз, көне азербайжан, қырым түріктері) енген сөздер мен формалар бар.

Көне қыпшақ тілінің ескі түркі тілімен лексикалық байланысын сөз еткенде мына бір жайтты байқаймыз: қыпшақ тілі көне түркі тілдерінен сөз қабылдағанда оңтүстік (оғыз) тілдеріне қатысты сөздер мен формаларды емес, солтүстік (қыпшақ) тілдеріне тән сөздер мен сөз тұлғаларын алған, немесе осы екі топтағы тілдерге ортақ негізді ұстанған. Сондықтан да олар қыпшақ тілінің негізгі сөздік қорына жатады. Төмендегі мысалдарда әуелі ескі түркі жазбаларынан, сонан соң, (жақша ішіндегі қазақша аудармадан кейін) қыпшақ нұсқаларынан алынған сөздер келтірілді: аб (ау) — *аб, абуч* (уыс) — *овуч, ач* (аш) — *ач, ачығ* (ащы) — *ачув, адақ, аяқ* (аяқ) — *айақ, адруқ* (бөтен) — *айрық, адығ* (аю) — *айу, адым* (адым) — *адым, адыр* (айыр) — *айыр* т. б.

Орхон-енісей мен қыпшақ ескерткіштерінде бірдей қолданылатын сөздер көп: *бай* (бай), *балық* (балық), *бақ* (бак, қара), *бар* (бар), *бар* (бару), *барча* (барша), *барс* (барыс), *бас* (басу), *баш* (бас), *башла* (баста), *бат* (бату) т. б.

Басқа тілдерден ауысқан сөздер

Қыпшақ тіліндегі қолтума емес сөздердің басым көпшілігі араб-парсы тілдерінен ауысқан. Сондай-ақ Батыс Европа (славян) халықтары тілінен ауысқан сөздер де бар және олар сан жағынан грек, монғол және армян тілдерінің элементтеріне қарағанда әлдеқайда мол. Монғол тілінен ауысқан сөздер өте аз және оның өзі ертеректе еніп, барынша сіңісіп кеткен сөздер. Мұндай сөздердің кейде монғол не түркі сөзі екенін ажыратудың өзі де қиын.

Қыпшақ тілінің сөздік құрамына енген кірме сөздер бірсыпыра өзгерістерге ұшырап отырған. Ол өзгерістер сөздердің семантикалық та, фонетикалық та жағын қамтиды. Соның өзінде сөздің фонетикалық өзгерістерге ұшырауы басым.

Басқа тілден ауысқан сөздердің фонетикалық ерекшеліктері. Басқа тілдерден ауысқан сөздердің ішінде өз тұлғасын өзгертпей, сол бұрынғы ана тіліндегі калпында қалуы некен-саяқ кездеседі.

Бөтен тілден енген сөздер әдетте өз тұлғасын екі түрлі жағдайға байланысты өзгертеді: 1) кірме сөздердің морфологиялық тұлғасында қыпшақ тілінде айтылмайтын дыбыстар болса, олар өздері енген тілдің қолтума дыбыстарымен алмасады. Мысалы, араб тіліндегі эмфатикалық дыбыстардың орнына қыпшақ тілінің әдеттегі с, з, т дыбыстары қолданылады. Басқаша айтқанда, белгілі бір дыбыстар (нақтылы бір тілдің негізгі ерекшелігі болып саналатын дыбыстар) бөтен тілге ауысқанда ана тіліндегі өз табиғатына тән қасиетін жойып алады.

2) Жаңа тілдегі кейбір дыбыстардың позициялық қолдану

ерекшелігіне қарай кірме сөздердің құрылысына тиісті өзгерістер енеді: жаңадан қолтума дыбыстар қосылады, не түбірдің кейбір дыбыстары қысқарып кетеді. Бұл өзгеріс кейбір дыбыстар құрамының сол өздері енген тілде айтуға ыңғайлы болуы үшін жасалады. Мысалы, араб тіліндегі **и** дыбысы қыпшақ тілінде **ы** не **і** дыбысымен ауысып отырады: *мих//мық* (мық, шеге), *нил//ніл* (ніл), *фил//піл* (піл); **у** дыбысы жіңішке айтылатын сөздерде **ү**-мен алмасады: *дуниа//дүние* (дүние); **а//ө**: *көр — көр* (көр, соқыр), **а//е**: *назок — нәзік* (нәзік); **х//қ**: *хам — қам* (қам, шикі), *хожа — қожа* (қожа), *хорма — құрма* (құрма). Кірме сөздердің фонетикалық өзгерістерге ұшырауында қыпшақ тілінің басты бір ерекшелігі — үндестік заңы үлкен роль атқарады. Дыбыс үндестігі **ғ** мен **қ** дыбыстарының әуеніне қарай болады да, буын үндестігі дауысты дыбыстардың сипатынан шығады. Қыпшақ тілінің өзіндік дыбыстары **ы** мен **і** қатар келген дауыссыз дыбыстар арасына сыналап кіріп, оларды өз ара дәнекерлеп отырады.

Бөгде тілдерге тән кейбір дыбыстар түсіріліп те айтылады. Мысалы, **һ**: *һанус* емес *анус* (тағы, және); **ғ**: *ғайп* емес *айп* (айып), *ғамал* емес *амал* (амал); **д** дыбысы сөз соңында қатаң **т** дыбысымен алмасады: *азад* емес *азат* (азат), *дарахт* емес *дарақ* (терек). Әрине, бұл барлық басқа тілден енген сөздер үшін бұл жымайтын заң емес, бірлі-жарым сөздердің бұл айтылғандарға керісінше қолданылуы да мүмкін, мысалы, *ғафта* (*апта* емес).

Кірме сөздер фонетикалық жағынан екі түрлі жағдайда өзгермейді: 1) дауысты дыбыстар мен дауыссыз дыбыстардың өз ара тіркесіп келу ерекшелігі екі тілде де бірдей болса, онда сөздің ана тілінде қалыптасқан формасы бұзылмайды: *зиан — зиан* (зиян).

2) Кірме сөздер өздері келіп сінген тілдің фонетикалық заңдылығына бағынбай байырғы тұлғалары сақталып жазылса да өзгеріссіз қалады: *ғафта* (*апта*).

Бөгде сөздер екінші тілде барынша қалыптасып кеткенше, біршама уақыт қолтума сөздермен қатар жүріп, жарыса қолданылатыны да бар. Мысалы, «Кодекстен» былай жазылған сөздерді кездестіреміз (бірінші араб сөздері, екінші қыпшақ сөздері): *ақыл — ус* (ақыл), *ашқара — тиана* (әшкере), *албет — мағат* (әлбетте), *анус — дағын* (тағы), *бақыл — ысарлы*, (бақыл), *жануар — тынлы* (жануар), *ғарып — йат* (ғаріп).

Кірме сөздердің лексика-семантикалық топтарын «Кодекс Куманикус» тіліндегі араб-парсы тілдерінен енген сөздердің негізінде, шартты түрде болса да, мынадай топтарға жіктеуге болар еді: сауда-саттық ісіне байланысты сөздер, асыл тастар мен қазба байлықтар, дәрі-дәрмек жасалатын өсімдіктер мен гүлдер, жеміс-жидек аттары, діни наным-сенімдер мен уақыт мерзімін білдіретін сөздер, құрылыс және оның материалдарының аттары, бояу және оның түстері, жазу-сызу құралдары, шаруашылық бұйымдары, мата мен киім түрлеріне т. б. байланысты сөздер т. т.

Араб тілінен ауысқан сөздерге бірер мысал: *азиз* (әзіз), *айып* (айып), *ақыл* (ақыл), *албет* (әлбетте), *алмас* (алмас), *алмурт* (алмұрт) т. т.

Парсы тілінен ауысқан сөздерге мысал: *ама-са* (әмісе), *ануз* (және), *ауаз* (әуез), *аурыз* (дәретхана), *ашқара* (әшкере), *бағ* (бақ), *бадам* (бадам), *бадбақт* (бетбак), *базар* (базар), *базарған* (саудагер), *бақлы* (таза), *бақча* (бақша), *бақыт* (бақыт), *банд* (байлам), *баһа* (баға), *бе* (айва), *бейуда* (анар) т. б.

Араб-парсы тілдеріне ортақ сөздер: *бостан* (бақша), *дуат* (дәуіт, сия сауыт), *журум* (шарап), *жуһут* (еврей, жойт), *жынжыбыл* (инбирь), *занғар* (ярь — медянка), *змурт* (изумруд) т. т.

Грек тілінен ауысқан сөздер: *папаз* (христианин), *тимеан* (фимиа), *лимен* (порт), *кереб* (кеме), *қондрок* (мастика), *терме* (әулие үйі), *трапез* (ас столы), *қатарға* (корабль). Италиян тілінен *фортуна* (бақ), еврей тілінен *амен* (аумиын, әумийн) деген сияқты сөздер ауысқан.

Моңғол тілінен: *ердемлі* (білімді), *амрақ* (дос), *орда* (орда), *нөгер* (нөкер), *буза* (боза), *ацқы* (аға), *асығ* (пайда), *чайан* (шаян).

Орыс тілінен: *печ* (пеш), *изба* (жер төле), *салам* (сабан), *самала* (смола), *оус* (сұлы), *рус* (орыс), *фанар* (панар), *дворянин* (дворянин), *стол* (стол) т. т. Батыс Европа елдерінің тілінен ауысқан сөздер, әсіресе, армян колониясының тілінде мол қолданылады. Мұның екі түрлі себебі бар сияқты. Біріншіден, армян колониясы украина жерінде болсын, поляк жерінде болсын армяндармен бірге жергілікті тұрғын халықпен, күнделікті өмірінде жиі алым-берім жасап аралас-құралас отырған. Ауызекі сөйлеу тіліне, оның үстіне қарапайым халық тіліне аралас немесе көрші отырған ұлт тілінен ауысқан сөздердің мол болуы заңды да. Екіншіден, армян колониясындағы қыпшақ документтері көп реттерде үш тілде — армян, қыпшақ және поляк тілдерінде жасалған. Оны жазушының өзі де қыпшақ емес, армян болған. Іс қағаздарының тілінде қалыптасып кеткен, не күн сайын айтылып жүрген көптеген сөздер мен сөз тіркестері, атаулар мен сөз оралымдары қыпшақ тіліне аударылмай сол күйі (бөтен тілде қолданылатын күйі) жазыла салған болу керек.

Армян тілінен ауысқан сөздер: *апеча* (монах), *аракел* (апостол), *хиншанті* (бейсенбі), *артар* (тура, әділ), *астиджан* (қатар), *ашагерд* (шәкірт), *ашхархаген* (дүनियाуі), *аведаран* (інжіл) т. т.

Поляк тілінен ауысқан сөздер: *албо* (немесе), *алс* (бірақ), *ани* (жоқ), *апелеция* (апелляция), *бугурмистр* (бургомистр) т. т.

Украин тілінен ауысқан сөздер: *бочка* (бөш-

ке, кеспек), *причина* (себеп), *прихода* (жиылыс), *рика* (өзен), *рицер* (рыцарь) т. т.

Бір тілден екінші тілге өте сирек ауысатын етістік сөздерін қолданғанда қыпшақтар, қазіргі түркі халықтары сияқты, тұйық рай формасын алып, оларды *ет, ал, бол* сияқты көмекші етістіктермен тіркестіреді. Ондай жағдайда түбірдегі жіңішкелік белгісі түсіп қалады: *ударит ет* (ұр), *ухода ет* (келіс), *уживлат ет* (пайдалан), *оплата ет* (төле), *терпит ет* (шыда) т. т.

Бұл іспеттес тіркестер қыпшақ тіліндегі *ойат ет* (ұялт) деген конструкцияның ізімен жасалған.

Қыпшақ тілі лексикасының мағыналық топтары.

Ертеректе жазылып қалған ескерткіштердің тілінде қыпшақ тілінің барлық лексика-грамматикалық ерекшеліктері қамтылып, барша элементтері кездеседі деу қиын. Біз әңгіме етіп отырған халық тілінің сөйлеу нормасына негізделген жазбаларда сөздер тура мағынасында келтіріліп, олардың ауыспалы мағынасына көңіл аударылмаған. Бұл өзі бір жағынан заңды да. Үйткені сөздердің ауыспалы мағынасы көркем әдебиет тілінде жиі қолданылады да, басқа әдебиеттерде (оқу құралдары, сөздіктер, грамматикалар) тура мағынасында алынады. Тура (конкретті) мағынасында қолданылып тұрған сөздердің мағыналық ара қатынасын айқындауда олардың омоним, антоним және синоним сөздер қатарында жұмсалатынын айтуға болады.

Көп мағыналы сөздер. Тіл-тілде біраз сөздердің бір емес, бірнеше мағынада қолданылатынын білеміз. Бұл қыпшақ тіліне де тән құбылыс. Бірақ ондай көп мағыналы сөздердің саны онша көп емес. Мысалы, *от* деген сөздің «өсімдік», өсімдіктерден жасалатын «дәрі-дәрмек» және «опа» (помада) деген мағыналары бар. Бірінші мағына *от* сөзінің, әрине, тура мағынасы да, қалған екеуі (*дәрі, опа*) сол бірінші мағынасының негізінде дамыған қосымша мағыналары. Сол сияқты «құрғақ, құрғаған» деген ұғым беретін *қуру* сөзінің «құрылық» (материк) деген үстеме мағынасы бар. *Авлақ* сөзінің «аң аулау» және «аң аулайтын жер, аймақ» деген екі мағынасы бар. Қыпшақ сөздері бір мағыналы да, көп мағыналы да болып қолданыла береді дейтініміз осыдан. Көп мағыналы сөздердің мағыналары өз ара тығыз байланысты болып келеді.

Омоним сөздердің жалпы саны көп емес. Төменде келтіретін мысалдар қыпшақ тіліндегі омонимдердің жайынан хабарлар егеді: *қуру* (құрғақ)—*құру* (безгек), *қаш* (қас)—*қаш* (асыл тас)—*қаш* (таудың ұшар басы), *қойун* (қойын)—*қойун* (қой), *қулан* (құлан)—*қулан* (тартпа), *қур* (құр, босқа)—*қур* (зиян, текке), *қурған* (қорған)—*қурған* (мола)—*қорған* (малқора), *қурт* (бөрі)—*қурт* (құрт, жәндік), *сағын* (ойла)—*сағын*

(жасырын), *сач* (шаш) — *сач* (шаш, шашу), *сор* (сор) — *сор* (сұра), *түгме* (түйме) — *түгме* (қу адам), *үч* (үш) — *уч* (ұтылыс) — *уч* (бір нәрсенің үші, шеті), *чақ* (шақ, шағып алу) — *чақ* (мұның шағу, арыз айту), *авлақ* (хауыз, әуіз) — *авлақ* (лақ) — *авлақ* (аң аулау) — *авлақ* (құмнан күйдіріп істелген тостақ).

Қыпшақ тілдегі омоним сөздердің бір түрі — о м о г р а ф т а р (немесе омограмдар). Бір я бірнеше сөздер бір түрлі жазылады да, әр түрлі оқылады. Бұл құбылыс әсіресе араб алфавитімен жазылған ескерткіштердің тіліне тән. Мысалы, *йыл* (жыл), *йел* (жел) онда *ил* болып екі-ақ әріппен яғни бір-ақ сөзбен беріледі. Оның себебі араб жазуының өзіндік ерекшелігінде жатыр: дауысты дыбыстарды (мысалы, *ы*, *е*) білдіретін таңбалар (харекелер, мысалы, бұл жерде кәсра — *ы*, фәтха — *е*) көбіне қойылмай жазылады. Осыдан барып, *йыл*, *йел* сөздері *ил* болып жазылады да, олар өз ара омографтар болып табылады. Шын мәнінде олар жазылу жағынан ғана болмаса, мағыналық жағынан алып қарағанда омонимдер қатарына жатпайды. Дәл осы сөз (яғни *ил*) ретіне қарай *йал* (жал), *іл* (іл), *йол* (жол), *йул* (жұл) болып та оқыла береді. Сол сияқты *ик* формасы *үйүк* (үйік, төбе), *йүк* (жүк) болып оқылса, *ат* — *ат* (ат), *ет* (ет), *ут* (ұт), *өт* (өт) болып айтылып, әрқилы мағына тудырады. Көне жазу мұраларын оқып игеруде мұндай ерекшеліктерді ескерген жөн.

А н т о н и м с ө з д е р. Әртүрлі тұлғада тұрып, мағыналық жағынан қарама-қарсы ұғымда қолданылатын сөздер қыпшақ тілінің ескерткіштерінде өте мол кездеседі. Олар кейде әдейі сұрыпталып, өз алдына топталып та берілген: *татлы* — *ачы* (тәтті, ащы), *йарық* — *қаранғу* (жарық, қаранғы), *тақ* — *жіфт* (тақ, жұп), *қатты* — *йымышақ* (қатты, жұмсақ), *ыссы* — *савоқ* (ыссы, суық), *өлү* — *тірі* (өлі, тірі), *сейрек* — *сық* (сирек, жиі), *қам* — *біті* (қам, піскен), *чийіг* — *біші* (шикі, пісі), *көтүрүлміш* — *ендүрміш* (көтерілген, төмен түскен), *узун* — *қысқа* (ұзын, қысқа), *йаңы* — *ескі* (жаңа, ескі), *семіз* — *арығ* (семіз, арық), *інчке* — *йоған* (жіңішке, жуан), *оң* — *сол* (оң, сол) т. б.

С и н о н и м с ө з д е р. Біріне бірі синоним болатын, яғни синонимдік қатар болып табылатын көптеген сөздер қыпшақ тілінің ескерткіштерінде (сөздіктерде) көбінесе атап көрсетіліп отырған. Мысалы, *шаа* (шаһар) — *кент* (шаһар, кент), *нақт* — *ақша* (ақша), *қалай* — *аққорғашын* (қалайы), *қары* — *аршун* (қары, аршын), *тең* — *йүк* (тең, жүк), *ус* — *ақыл* (ақыл) т. б.

Құрамы жағынан алып қарағанда синонимдік қатарлар екі сөзден де, не одан көп сөзден жасала береді. Мысалы, *көк*, *салам*, *саман* (шөп-шалам), *көп үгүш*, *телім*, *йол* (көп) т. б. Олар қолтума сөзден де, кірме сөзден де құрала береді. Мысалы, *ашкере*, *туйана* сөздерінің бірі (*ашкере*) парсы тілінен алынған да, екіншісі (*туйана*) түркі тектес қолтума сөзден жасалған. Ол екеуі бірігіп, «ашкере» деген мағына беретін синонимдік қатар түзеп тұр.

Мағыналық жағынан да қыпшақ тіліндегі синоним сөздері әр

алуан болып келеді. Басты-басты топтарға бөліп қарайтын болсақ, олар мынадай мағына беру үшін жұмсалады:

а) эмоциялық мәні бар синоним сөздер: *үн, саз* (үн, саз), *татлы, чевүк* (тәтті), *тоғру, көну* (тура, әділ), *ыймыш, сасымыш* (жидіген, сасыған), *ачы, қырақ, ағу* (ащы) т. б.

ә) әлеуметтік мәні бар синоним сөздер: *йарлы, йоқшыл* (жарлы-жақыбай), *артул, көп* (артық, көп), *тегме, барча* (барша көпшілік), *тірілмек, йаш* (тірі адамдар), *сатуқ, сатмақ* (сатылатын нәрсе) т. б.

б) логикалық мәні бар синоним сөздер: *ус, ақыл* (ақыл-парасат), *бойа, рең* (боюу, рең), *йазармен, чызармен* (жазармын, сызармын), *тейгіл, тутқыл* (ұстап тұр) т. б.

Қыпшақ тілі лексикасының стильдік топтары

Әдетте тілдің стильдік топтарына жатқызылатын «арханзмдер», «неологизмдер» не болмаса «кеңсе сөздері», «экспрессивтік сөздер» деген лексикалық топтар туралы пікір айту тірі тіл материалдары бойынша ғана мүмкін сияқты. Сондықтан қыпшақ тілі лексикасының стильдік топтары дегенде біз «жалпылама лексика», «диалектизмдер» және «профессионалдық лексика» салалары жөнінде ғана айтып отырмыз.

Жалпылама лексика— тіл байлығының көрсеткіші. Ол сөздің мағыналық жағы мен стильдік жағын да, негізгі сөздік қор мен сөздік құрамды да қамтиды. Профессионалдық лексика да оған жат дүние емес. Сөйтіп жалпы лексика —«лексикаға» не тән болса, соның барлығын бойына жинаған үлкен арна, мол тарау. Сондықтан оны мағыналық жағынан болсын, стильдік жағынан болсын жеке алып топ-топқа бөліп қарауға болады. Қыпшақ тілі лексикасын мынадай салаларға ажыратамыз:

Адамның дене мүшелеріне байланысты анатомиялық атаулар: *баш* (бас), *боғун, буун* (буын), *сач* (шаш), *тебе* (төбе), *маңлай* (мандай), *қаш* (қас), *кірпік* (кірпік), *кулақ* (күлақ), *көз* (көз).

Сезім мүшелеріне байланысты сөздер: *көрмек* (көру), *ешітмек* (естімек), *татмақ* (тату), *ыйламақ* (ііскеу), *тутмақ* (ұстау).

Адамның атақ-лауызымы мен әлеуметтік қызметін білдіретін сөздер: *қан* (хан), *солтан* (сұлтан), *бек* (бек), *бей* (би), *чері башы* (қол басы), *азам* (адам), *кіші* (кісі), *елші* (елші), *йарғучы* (бұйрық шығарып отырушы) т. т.

Үйге керекті жиһаз-жабдықтардың аттары: *қу-жыра* (шкаф), *чырақ* (шырақ), *көврүт, кібріт* (күкірт), *көвүз* (кілем), *чөмлек* (құм, горшок), *төвгүч* (түйгіш), *келі* (келі), *елек* (елек).

Төсек-орын атаулары: *төшек* (төсек), *йастуқ* (жастық), *чарчав* (шаршау), *йоурған* (жуырқан) т. т.

Киім-кешек және соған қатысты нәрселердің атаулары: *тері тон* (тері тон), *чекмен* (шекпен), *опрақ* (киім), *туyme* (түйме), *йең* (жең), *тікмек* (тігіс), *көвлек* (көйлек), *көнчек* (шалбар), *қур*, *белғаб* (күр, белбеу) т. т.

Мата және мата тоқылатын заттардың аты: *велес* (мақта матасы), *чуз* (жұққа жібек мата), *інек* (жібек), *ласт* (жібек жасайтын шикі зат), *йүн* (жүн), *франгі суф* (европа қойының жүні), *ысқарлат* (сукноның бір түрі) т. б.

Түр-түс пен бояу аттары: *реңгі лак* (лак түстес), *ақ* (ақ), *қара* (қара), *қызыл* (қызыл), *қырмызы* (қырмызы), *көк* (көк) т. б.

Жерасты байлықтарының аттары: *темір* (темір), *алтун* (алтын), *күміш* (күміс), *бағыр* (бақыр), *аққорғашын* (қалайы), *қорғашын* (қорғасын), *йез* (жез), *көмүр* (көмір), *қазма* (қазба), *кіреч* (кіріш, известь), *йылтрын* (шыны).

Тұрғын үйлермен елді мекендердің аттары: *қалаа*, *ғала* (қала), *сарай* (сарай), *ев* (үй), *кебіт*, *түген* (қазақша «дүкен», орысша «кибитка» сөздері осыдан алынған), *қонақшылық* (қонақ бөлме), *алачуқ* (лашық), *отлуқ* (от жағатын бөлме).

Діни наным-сенімдерге байланысты сөздер: *теңрі* (тәңрі), *оған*, *йаратқан* (жаратқан), *төретечі* (жаратушы), *йарлығын* (жарылқаушы), *пайғамбар*, *йалавач* (елші, пайғамбар — құдайдың жердегі елшісі), *феріште* (періште) т. б.

Астрономиялық атаулар: *ай* (ай), *күн*, *қуяш* (күн), *күнес* (күннің жарығы), *айдын* (айдың жарығы), *йаңы ай* (жаңа ай), *ай толун* (толық ай), *йұлдуз* (жұлдыз), *үлкер* (үркер) т. б.

Мезгіл-уақытты білдіретін сөздер: *ерте* (ерте), *кече* (түн), *саат*, *оқт* (сағат, уақыт), *аш оқты* (ас уақыты), *түш* (түс), *ақшам* (ақшам) т. т.

Күн аттары: *һафта*, *йеті* (жеті), 1) *тушанбе* (дүйсенбі), 2) *сешанбе* (сейсенбі), 3) *чааршанбе* (сәрсенбі), 4) *паншамбе* (бейсенбі), 5) *айна* (жұма), 6) *сабат күн* (сенбі), 7) *йешанбе* (жексенбі).

Ай аттары: *ай* (ай), *ай башы* (ай басы), 1) *сафар ай* (сапар ай — январь), 2) *сөвүнч ай* (сүйінш ай — февраль), 3) *ілкі йаз ай* (ілкі жаз ай — март), 4) *тоб ай* (тоба қылатын ай — апрель), 5) *соңу йаз ай* (соңы жаз ай — май), 6) *күз ай* (июнь), 7) *орта күз ай* (орта күз ай — июль), 8) *соңу күз ай* (соңы күз ай — август), 9) *қыш ай* (қыс ай — сентябрь), 10) *орта қыш ай* (орта қыс ай — октябрь), 11) *қурбан байрам ай* (құрбан шалатын мейрам айы — ноябрь), 12) *азуқ ай* (азық ай — декабрь).

Жыл аттары: 1) *сычқан йылы* (тышқан жылы), 2) *сығыр йылы* (сиыр жылы), 3) *парс йылы*, немесе *қаблан йылы*, немесе *сылан йылы* (барыс жылы немесе қаблан жылы, немесе сылан

жылы), 4) *тавышған йылы* (қоян жылы), 5) *балығ йылы* (ұлу жылы), 6) *йылан йылы* (жылан жылы), 7) *ат йылы* (жылқы жылы), 8) *қойун йылы* (қой жылы), 9) *пічін йылы* (мешін жылы), 10) *тақуқ йылы* (тауық жылы), 11) *ит йылы* (ит жылы), 12) *доңғыз йылы* (доңыз жылы).

Мал аттары: *ат* (ат), *қысырақ* (қысырақ), *қатыр* (қашыр), *тішіқатыр* (ұрғашы қашыр), *өгүз* (өгіз), *сығыр* (ірі қара), *бұзау* (бұзау) т. т.

Аң аттары: *қойан* (қоян), *түлкі* (түлкі), *тейін* (тиын).

Хайуан аттары: *арсылан* (арыстан), *қыстрақ* (леопард), *тонуз* (доңыз), *кейік тонуз* (жабайы шошқа), *тіші тоңуз* (ұрғашы шошқа), *піл* (піл), *сазаған* (аждаһа), *ырс* (сілеусін), *айу* (аю) т. т.

Жәндік аттары: *құрт* (құрт), *йылан* (жылан), *чыбын* (шыбын), *бит* (бит), *бүрче* (бүрге), *сурұчыбын* (маса), *қандала* (қандала).

Құс атаулары: *чыпчық* (шымшық), *қарақуш* (қаракүс), *балабан* (қыран, орысша «балобан»), *қарчыға* (қаршыға), *қырғый* (қырғи) т. т.

Осы ізбен табиғат пен қоғамдық өмір құбылыстарын, нақты заттар мен абстракциялық ұғымдарды білдіретін сөздердің тобын әлі де жүйе-жүйеге бөліп келтіре беруге болды.

Профессионалдық лексикаға (кәсіби сөздерге) жататын сөздер қыпшақ тілінде онша көп емес. Оның бірсыпырасын жоғарыда келтірілген жалпылама лексика мысалдарының ішінен де кездестіруге болады. Бұл кәсіби сөздер мен жалпылама лексика арасында қандай да болса бір ішкі байланыс бар екендігін көрсетеді. Ол байланыс жеке сөздердің о бастағы лексикалық мағынасында тұрып-ақ әралуан стильдік мәнерге ие екендігінде, стильдік қабілет біраз сөздің тумысымен біте қайнап, бірге жаралғандығында.

Кәсіби сөздер: кәсіп иесін білдіретін сөздер: *бітікші* (жазу жазатын адам), *алтунчы* (ювелир), *темірші* (темір ұстасы), *қылыч остасы* (қылыш ұстасы), *ейерші* (ерші, ер жасаушы), *отачы* (оташы, сынық салушы), *сықрық* (курьер), *йалчы* (түйме жасаушы), *черші* (ұсақ-түйек сауданың адамы), *бөркіші* (бөрік тігуші), *қасап* (қасап), *бычақы* (пышақ ұстасы), *диуар остасы* (тас қалаушы), *нақшалаған* (суретші), *бағлаған* (тоқушы), *етмекші* (нан жабушы), *һаммал* (амбал, жүк тасушы), *құллуқы* (күл), *йақы* (жақ жасайтын ұста).

Ұсталар пайдаланатын құрал-саймандар аттары: *орс* (төс), *қақуш* (балға), *қысқач* (қысқаш), *егев* (егеу), *күре* (көріктің пеші), *күрүк* (көрік), *керкі* (керкі), *балта* (балта), *бурав* (тескіш), *бычқы* (ара) т. т.

Музыкалық аспаптардың аттары: *таф* (тамбурин), *суруна* (сырнай), *нақара* (тимпан, бубен), *бурғу* (труба), *бурғуца* (кішкене труба), *сыбызғу* (сыбызғы).

Сауда саласына қатысты жұмыспен байланысты сөздер: *сараф* (сарапшы, кассир), *таразу* (таразы), *ташлар* (кірлер, таразының тастары), *бітік тафтар* (есеп дәптері) т. б.

Егін шаруашылығына байланысты сөздер: *екер* (егілетін нәрселер), *урлуқ* (ұрық, тұқым), *брінч* (күріш), *ашлық* (астық), *бодай*, *буғдай* (бидай), *арпа* (арпа), *тутурған* (күріш), *дары* (тары), *нохут* (бұршақ) т. т.

Бау-бақшаға байланысты сөздер: *бақча* (бақша), *бағ*, *борла* (бақ), *қабаб* (жүзім бұтағы), *раванд* (орысша «ревень»), *қоун* (қауын), *садаф* (орысша «рута», ащы шөптің бір түрі) т. т.

Жеміс-жидек атаулары: *қоз* (жаңғақ), *армут*, *кәртме* (груша), *алма* (алма), *нардан* (гранат), *бе* (айва), *чатлауқ* (орман жаңғағы), *шафталу* (шабдалы), *ерік* (өрік) т. т.

Тағам аттары: *шекер* (шекер), *бал* (бал), *бурч* (бұрыш) *қамыр* (қамыр), *кірде* (пирог), *қабурқына* (қуырылған ет) т. т.

Әскери-соғыс ісіне қатысты сөздер: *чері* (әскер), *санчыш* (соғыс), *алам* (жалау), *тоу* (ту), *қасал*, *қосақ* (қарауыл), *сағыт* (қару), *сырдақ* (сырмақ теріден сырып тігілген әскери киім) т. б.

Ертұрман аттары: *қамчы* (қамшы), *сағыт* (әбзел), *наал* (нәл, таға), *ейер йабоғы*, *ейер йабочы* (аткөрпе, көншік), *ноқта* (ноқта) т. т.

Диалектизмдер. Көне жазу нұсқаларының тілінен диалектизмге тән элементтерді әдеттегі жай сөзден айырып алу оңайға түспейді. Бірнеше сөздердің қатар келіп бір мағынада жұмсала беруі мүмкін. Сонда олар өз ара синонимдік қатар түзе ме, немесе олардың семантикалық қолданылу әдісінде бірінен бірінің диалектілік айырмасы бар ма, оны ажыратып жату қиын. Ал енді қолжазбада сондай сөздердің біреуі «мынау диалектілік ерекшеліктер қатарына жатады» деп көрсетілсе, онда мәселе, әрине, басқаша. Мысалы, «Түркше-арабша сөздікте» *қырық* (ашы), *манас* (бөлік), *ауғас* (сия сауыт), *елір* (қашыр), *қур* (босқа), *өрүк* (өтірік), *тайға* (таға), *час* (тұман) сөздері «диалектизмдер» деп көрсетілген. Олар әдеттегі *ачы* (ашы), *бучуқ* (бөлік), *девіт* (дәуіт), *қатыр* (қашыр), *зиан* (зиян), *өтрүк* (өтірік), *туман* (тұман) сөздерімен қатар қолданылады да, солармен бір мағынада жұмсалады. Сол сияқты, *бек* сөзі—«бек» «әмір» деген мағынада жұмсалса, әдеттегі сөз. Ал «күшті», «берік» деген мағынада қолданылса — диалектизм. Қыпшақ тілінің ескерткіштерінде «диалект» деп бөліп көрсетілген басқа сөздер кездеспейтіндіктен, біз қыпшақ тіліндегі диалектизмдердің лексикалық топтары туралы осы мысалдармен ғана шектелеміз.

Қыпшақ тіліндегі диалектизмдердің фонетикалық ерекшеліктері жөнінде мынаны айтуға болады. Бір сөз бірнеше вариантта кездеседі, яғни кейбір дыбыстар өз ара алмасып келеді. Дыбыс-

тардың мұндай алмасу ерекшеліктерін екі топқа бөліп қараған жөн. Бірінші топқа жататын дыбыстардың алмасуы жалпы түркі тілдеріндегі фонетикалық өзгерістердің тарихи бағыты мен белгілі кезеңін көрсетеді, яғни мұндай дыбыстардың алмасуы қыпшақ тілінде ди а х р о н и к а л ы қ өзгерістерге әкеліп соғады. Мысалы, орхон-енисей жазбаларында сақталған 3-д-й дыбыстарының алмасуы қыпшақ тілінде толық аяқталып біткен. Сондықтан да ол й дыбысымен айтылатын тілдердің қатарына жатады. Ал, т-д дыбыстарының алмасуы мұнда толық сақталды десек те, т дыбысымен айту, яғни «таза қыпшақ ерекшелігі», мұнда әлдеқайда басым. Енді бір дыбыстардың, атап айтқанда, ғ-в (у) дыбыстарының алмасуы не ғ дыбысының түсіп қалу тарихы тек осы қыпшақ тілінен ғана басталады. Одан бұрынғы нұсқаларда бұл ерекшелік жоқ. ч-ш дыбыстарының алмасу жолы да дәл осылай. Демек, т-д, ғ-в (у), ч-ш т. б. тарихи фонетикалық құбылыс.

Диалектілік ерекшеліктер дегеніміздің өзі осындай тарихи құбылыстарға негізделеді. Мысалы, т дыбысымен айтылатын вариант қазіргі қыпшақ тілдеріне тән өзгешелік болса, д дыбысымен айтылатын вариант — осы күнгі оғыз тілдеріне тән өзгешелік. Сол тәрізді түркі тілдерінің шығыс тобына жататын тілдер ғ дыбысымен сөйлесе, қазіргі қыпшақ тілдері ол сөздерді в (у) дыбысымен айтады. Қыпшақ тілінде е мен и дыбыстарының алмасуы жиі ұшырайды. Осы күнгі татар мен башқұрт тілдері и дыбысын қолданатын жерде басқа қыпшақ тілдері е дыбысын қолданады. Өз ара алмасып келетін у(ү) мен ы(і) дыбыстарының бірінші түрі көбінесе ескерткіштердің тілінде ұшырайды да, кейінгі варианты жаңа тілдерден табылады. Белгілі бір дыбыстардың алмасуында тарихи құбылыс пен диалектілік ерекшеліктер астасып жатады. Алмасу негізінде пайда болған екі варианттың біреуі бізге белгісіз бір диалекті құрамында жүреді де, кейіннен сол диалектінің базасында құрылған жаңа тілдің басты ерекшеліктерінің қатарына жатады. Екінші вариант не тарихи құбылыс есебінде қалып қояды, не болмаса екінші диалектінің құрамында екінші бір жаңа тілдің өзіндік сипаттамаларына барып саяды. Осы алуандас дыбыстардың алмасуын И. А. Батманов орхон-енисей жазбаларының материалдары бойынша «диалектілік ерекшеліктер» деп қарайды.

Екінші топқа жататын ерекшеліктер — синхрондық құбылыс. Олар тек қыпшақ тілінің өз ішінде ғана кездеседі.

